

# «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Ұжымдық монография

НҰР-СҰЛТАН  
2019

# «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Ұжымдық монография

НҰР-СҰЛТАН  
2019

**ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5Қаз)  
М 36**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Кітапханасының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

Ғылыми редакциясын басқарған  
Ә. М. Рахымжанов

Редакторлық алқа:

Б. М. Қайыпова, тарих ғылымдарының кандидаты;  
Ғ. Т. Телебаев, философия ғылымдарының докторы, профессор  
Г. М. Атабаева, өнертану ғылымдарының магистрі

**Авторлар:**

Кіріспе – Ә. М. Рахымжанов

I тарау: 1.1 – Ғ.Т. Телебаев, Р.Ж. Әбділдина, С.М. Сыздықов; 1.2. – Д.А. Жакупбекова;

1.3. – А.И. Оразбаева; 1.4. – Г.Ж. Сарсенбаева, Б.М. Аташ

II тарау: 2.1. – А.Ш. Алимжанова, Т.Х. Ғабитов; 2.2. – Ғ.Қ. Құрманғалиева, Г.И. Нүсіпова;

2.3. – К.И. Молтобарова; 2.4. – С.М. Аралбай, Б.Д. Қоқымбаева

III тарау: 3.1. – Ұ.Қ. Шубаева, Р.А. Жаңабаева; 3.2. – М.М. Манасова, С.К. Кенжебаева;

3.3. – Т.У. Садықов, Р.К. Садыкова; 3.4. – Ж.И. Ибрагимов; 3.5. – Б.М. Қайыпова, Г.М. Атабаева;

3.6. – С.Х. Барлыбаева; 3.7. – Л.М. Иватова, Ә.С. Қайдарова

IV тарау: 4.1. – Т.Қ. Бұрбаев; 4.2. – Ж.О. Жилбаев, Ж.Ж. Наурызбай, Е.В. Паевская;

4.3. – Г.Б. Нұрадин; С.Ж. Сапарғалиев; 4.4. – А.Б. Шабденова; Г.Т. Алимжанова

Пікір жазғандар:

Р.А. Нұртазина, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор;

К.С. Исинова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**М 36 «Мәңгілік Ел» идеясы: кеше, бүгін, ертең. Ұжымдық монография / Ғыл.**  
ред. басқар. Ә. М. Рахымжанов, Б. М. Қайыпова, редакторлық алқа: Ғ. Т. Телебаев, Г. М. Атабаева. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасы, 2019. – 430 б.

**ISBN 978-601-7824-44-0**

Бұл монографияның негізін 26 қазанда Назарбаев орталығында өткен «Мәңгілік Ел идеясы: тарихы мен болашағы» атты республикалық ғылыми конференцияның баяндамалары құрайды. Конференцияға жетпістен астам баяндама келіп түсті, олардың жиырма үші іріктеліп, толықтырылып, ұжымдық монография ретінде шығарылып отыр.

Монографияның тарауларында «Мәңгілік Ел» идеясының шығу тарихы, оның түркі философиясында көрініс табуы, ұлттық идея ретінде қалыптасуы және оның басты құндылықтарына зерттеу жүргізіледі. Әсіресе, «зайырлы мемлекет», «Астана», «қазақ мәдениеті», «мәдени құндылықтар» жеке-жеке талданады. Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» идеясының контекстінде Қазақстанның экономикалық дамуы, құқықтық жүйе, мәдениет, саясат салалары қарастырылады. Өз кезегінде ақпараттық және этнопедагогикалық мәселелер тұрғысынан осы идеяның маңыздылығы анықталады.

Монография жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ, осы тақырыпқа қызығушылық танытқан орталық және жергілікті басқару органдарының өкілдеріне арналған.

**ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5Қаз)**

**ISBN 978-601-7824-44-0**

©Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасының Кітапханасы, 2019



Қазақстан-2050  
**МӘҢГІЛІК ЕЛ**

## КІРІСПЕ

Әр қоғамның ұлттық идеясы, ұлттың бірігуі жайлы өз түсінігі бар. Мұратсыз ұлттың ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Ұлттық идея халықты біріктіретін, бір мақсатқа жұмылдыратын, тұтастыққа негізделген, қоғам дамуында шешуші рөлге ие қозғаушы күшке айналады, ал онда қоғам дамуының бүгіні, ертеңгі болашағы көрініс табады.

Ұлттық идея халық үшін барлық тарихи кезеңдерде маңызды рухани күш болғаны белгілі. Оның қажеттігін, онсыз ұлт нағыз ұлт болып қалыптаса алмайтынын кезінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай сынды Алаш көсемдері айтып, оны ту етіп көтерген болатын. Бұл тұрғыда тәуелсіздік таңы атысымен ұлттық идея мәселесі белсенді қолға алынды. Қоғамда «Мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея қандай болуы тиіс?» деген түрлі пікірлер ортаға салынды. Ұсынылған ұсыныстар бір-бірінен айрықша, жалпыұлттық нұсқадан бастап радикалды нұсқаға дейін құбылып, ерекше сипатқа ие болды. Ең ізерлісі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың ұсыныстары болды. Осы тұрғыда Елбасының теориялық еңбектері мен алқалы жиындарда, форумдарда сөйлеген сөздеріне зер сала қарағанда, оның

идеологиялық салмағы мен мазмұны ел бірлігі мен ынтымағы, ұлттық тәуелсіздік пен қоғамдық келісім мұраттарына саяды.

Айталық, 2001 жылдың қаңтарында Елбасы Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшелерін қабылдап, ұлттық идея мәселесі аясында терең әңгімелер өрбітті. Кездесу барысында Елбасы Н. Ә. Назарбаев қазақ халқының мемлекетті құратын ұлт ретінде халықтардың теңдігіне жауаптылығы, қазақ халқының өз ойын еркін білдіру, Қазақстан халықтарының діни ұмтылыстарының ұқсастығы, заңды құрметтеу, кәсіпкерлікті дамыту сияқты бес ұстанымға сүйенетін, достық, теңдік және Қазақстан халықтарының теңқұқылығы негіз болатын өз ойындағы қазақстандық ұлттық идеяны қалыптастырды.

2005 жылы Елбасы ұлттық идея ретінде тәуелсіздік және азаматтардың игілігін қалыптастыру сияқты негізгі ұғымдарды ұсынды.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев халықтың өткен тарихын елдің бүгіні мен келешегінің темірқазығы екеніне үнемі назар аударып келеді. Өйткені тарихи зердеде болашақтың бағдарын айқындайтын үлкен мүмкіншіліктер бар.

«Мәңгілік Ел» идеясы еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі туралы сан ғасырдан бергі арманының іске асырылған, халқымыздың жасампаздығы мен қазіргі заманғы Қазақстанның жаңа символына айналған салтанатты қақпа түрінде қалыптасты. Ел тәуелсіздігінің 20 жылындығында ашылған «Мәңгілік Ел» Салтанат қақпасын Елбасы біздің еңбегіміздің, табыстарымыздың, болашақтың белгісі есебінде тұрғызылғандығын атап өтті.

2013 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиында Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясын тәуелсіздігіміздің тұғыры ретінде айқындады.

Салтанатты шарада сөйлеген сөзінде Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаев: «1991 жылдың 16 желтоқсанында әлем ұлттары шоқжұлдызында жаңа жұлдыз – Қазақстан Республикасы жанды. Осы күні біз өзіміздің Қазақстан жолын бастадық. Біз ұлы миссияны жүзеге асырдық – тәуелсіздіктің көшбастаушылары болдық. ...Біз Мәңгілік ел болудың бірегей қадамын жасадық. Дүйім дүниеге тәуелсіздігімізді жария еттік. Бұл – ата-бабаларымыздың арманы ақиқатқа айналып, азаттыққа қолымыз жеткен аса қасиетті күн. Бұл – ұрпақтарымыз ұлы елдің ұланы, азат елдің ақиығы атануына жол ашылған қастерлі күн. Бұл – тілімізді жаңғыртып, дінімізді қайтарған, тарихымызды түгендеп, тағдырымызды таңдаған ұлы күн», – деп ұлттық идеяның негізін қалады.

Ал 2014 жылы болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін бастама – «Мәңгілік Ел» идеясын жариялап, межелеп берді.

Елбасы Ұлы дала төсін дүбірлеткен ер бабалардың асыл мұратын іске асырып, заманауи іргелі мемлекет құрып қана қоймай, мыңжылдықтарда да мызғымайтын «Мәңгілік Ел» құрудың тарихи бағдарын ұсынды. Елбасының: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі. Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және елордасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен

тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық», – деген сөздері ата-бабалардың ғасырлар бойғы барша мұрат-мақсатымен қабысып, қол жеткізілген арманның көкжиегін көрсетіп тұр.

Осылайша, ұлттық идея арқылы Елбасы біздің қоғамымызды жұмылдырып, Қазақстанды Еуразияның орталығы етіп, әлемдік қауымдастық санасында біз өзіміздің туған жерімізде өмір сүрдік, өмір сүріп отырмыз және алдағы уақытта да гүлдене береміз деген ұғымды нығайтты.

Халық арасында үлкен қолдауға ие болған «Мәңгілік Ел» идеясының құжаттық формасы 2016 жылдың 26 сәуірінде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі түрінде қабылданды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев: ««Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – қазақстандықтардың біртектілігі мен бірлігінің ауқымды да бірегей генетикалық бағдарламасы. Біздің рухани құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымыздың негізгі форматын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуі тиіс. Онда экономика мен саясаттың, мораль мен діннің мәселелері, Қазақстанның жаһандық әлемдегі орны жөніндегі көзқарастарымыз бір арнаға тоғыстырылған.



Патриоттық акті біріншіден, халқымыз қалыптастырған және өз жан-жүйесінен өткерген басты жалпыұлттық құндылықтар, екіншіден, мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың Қазақстанның тағдыры мен оны дамыту, өркендету жолындағы өзара жауапкершілігінің өзегі. Біз жаңа белестерге қарай ілгері басқан қадамымыздың дұрыстығын компаспен тексергендей, Патриоттық акт арқылы анықтайтын боламыз», – деп аталған құжаттың маңыздылығына ерекше тоқталды.

Бұл құжатта Қазақстан халқының тарихи тағдыры мен жалпы мүдделері, біздің елімізді дамытудың базалық құндылықтары көрінетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті мызғымас тұғыры, жеті принциптері ұсынылған.

Осыдан бірнеше ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – «Мәңгілік Ел» деп қалдырған өсиеті бүгінгі күні өзінің өміршең идея екенін көрсетіп отыр. Сондықтан «Мәңгілік Ел» идеясы – уақытпен шектелмеген ұғым. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашанда жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – ел бірлігі мен берекесі.

Қазақстандықтар тұрақтылықты бағалай білгеннің арқасында бүгінгі табыстарға жетіп отыр. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз.

«Мәңгілік Ел» – Елбасы Н. Ә. Назарбаев бастаған барлық қазақстандықтардың бірегей миссиясына саяды. Бұл идея халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманына ғана емес, Қазақстанның тәуелсіз жылдарындағы

дамуының нақты нәтижелеріне негізделеді. Елбасы халықтың өткен тарихын елдің бүгінгі мен келешегінің темірқазығы екеніне үнемі назар аударып келеді. Өйткені тарихи зердеде болашақтың бағдарын айқындайтын үлкен мүмкіншіліктер бар.

«Мәңгілік Ел» идеясы атауымен ғана емес, алдымен мән-мағынасымен маңызды. Байыбына барсақ, «Мәңгілік Ел» ұғымы түсінігімізді, талғамымызды, тоқтамды ұштауда, өзара ұштастырып үйлестіруде, ақыл-парасат пен интеллект мәдениетінің мерейін үстем етуде, әлеуметтік-гуманитарлық амалды әрекеттердің ықпалын арттыруда, адамның рухани әлемінің алдыңғы шебі мен алаңын кеңейтуде, рухани өнімде кісілікке тұрақтауда, тұлғалық құндылықтарды сабақтауда мағынасын аша бермек, толықтырмақ. Мәңгілік сөзі бұрын байырғыға тұрақтау, тұрақты әлемге ұмтылу деген түсінік деңгейінде қабылданды. Енді ол адамзат тарихындағы жаңа дәуір, талабы таңдаулы әрі жүйелі әлемі. Бүгінде мәңгілік идеясы біздің тартымды өмір үшін талпыныстарымыздың өрісі әрі өлшемін, төзімділіктегі тепе-теңдіктің тұрағы мен тірегін, жарастықты жалғастырудың, жетілдірудің шептерін сипаттайды, елеулі оқиғаларды сараптайды, тәнтілікпен табысқанға тұрақтауға, қызыққанды үнемі, үдете құрақтауға жұмылдырады.

Халықтық идеяның жаңғыруы, жаңа қоғамдық және әлемдік іргелі өзгерістерге бейімделуі – өмірдің әр саласы мен ағымының бір-біріне үйлес үрдістеріне, үндес қауымдастықтың белсенділігіне, азаматтардың қызығуына, жалпы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігіне қатысты екенін ел азаматтары алға тартуда. Бұл табанды бастаулар терең түп-тамырға, жоғары беделге жетелейді. Жетістіктің өзектілігі алда қомақтана бермек. Мұның өзі бүгінгі ұрпақты сынайтын тарихи кезең, жалпы ұлтқа берілген өсімтал мүмкіндік, көз

алдымызда болып жатқан үлкен өзгерістерге демеулік, сол бетбұрысты ұғатын, ұғындыратын кез. Тек қуаты толысқан сақа кісілер мен кәсіби топтар дамудың инновациялық үлгісін, әрі өзара түсіністік пен бәсекелес қабілетті арттыруда, шығармашылық пен кәсіби еңбек ортасын, оның беделін көтеретін іс-шараларды біртіндеп реттеп, қатарын көбейтіп жатқанын зерттеушілер тізіп беруде.

«Мәңгілік Ел» идеясы – теңдессіз, халқының ортақ мүддесі, ұрпақтардың болашағы үшін қоғамдық күшті жұмылдыратын бірлескен бастамалар әрі олардың тиімділігін арттыратын тетіктерді іске қоспақ патриоттыққа толы ұлттық идея. «Мәңгілік Ел» ұстанымы сенімді серіктестікке, іскерлік байланысқа сүйенеді, оларға тұрақты серпін беру жағын нақтылауды бетке ұстайды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан мемлекетінің негізін құрайтын ұлттың ділімен, тілімен, мәдениетімен әлемді таныстыру, қазақ елін өзінің ұлттық рухымен табыстыру, ұлттық құндылықтарды, ұлттық тұлғаларды іргелі бастамалардың негізіне, тірегіне айналдыру жүйесімен құнды.

«Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде қабылдау бүгінгі Қазақстан дамуының ішкі қажеттілігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтау идеясынан туындап отырғаны сөзсіз. Бұл идея тәуелсіз мемлекет алдында тұрған басты сұраққа жауап беріп, ұлттың болашақтағы дамуына жағымды әсер етуі тиіс. Қазақстан халқының алдында таяу жылдарға арналған бірқатар стратегиялық міндеттер тұр: «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына өту, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасын орындау, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру.

Міне, бүгінгі таңда кемел келешектің көкжиегін белгілеген осындай кемеңгер бастамалар, Нұрсұлтан Әбішұлының мызғымас мемлекеттің жарқын үлгісі – «Мәңгілік Ел» құрудағы өлшеусіз тарихи еңбегі халықтың шынайы құрметі мен шексіз сеніміне ие болып отыр.

Аталған идеяның ел алдындағы ұзақ мерзімге белгіленген стратегиялық мақсаттарды шешудегі орны мен ролін анықтау мақсатында жалпыұлттық және жалпы өркениеттік деңгейде де зерттеулер жүргізу қажет.

Осы тұрғыда көпшілік оқырмандарға ұсынылып отырған бұл монографияның негізгі мақсаты – «Мәңгілік Ел» идеясының теориялық негіздерін анықтау, әлеуметтік алғышарттарын айғақтау, қалыптасу кезеңдерін тарихи сабақтастықта қарастыра отырып, бүгінде тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеясына айналуын зерделеу болып табылады.

Монографияның тарауларында «Мәңгілік Ел» идеясының шығу тарихы, оның түркі философиясында көрініс табуының тарихи сабақтастығы зерделенеді. Осы идеяның ұлттық идея ретінде қалыптасуы алғы шарттары сараланады. Елбасы Н. Ә. Назарбаев айқындаған «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары ғылыми пайымдаулармен негізделе отырып зерттеледі. Құндылықтардың арасында, әсіресе, «зайырлы мемлекет», «Астана», «қазақ мәдениеті», «мәдени құндылықтар» ұғымдары жеке-жеке талданады. Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» идеясының контекстінде де Қазақстанның экономикалық дамуы, құқықтық жүйе, мәдени саясат, дін және этнос, патриоттық тәрбие мәселелері қарастырылған. Өз кезегінде ақпараттық және этнопедагогикалық зерттеулер тұрғысынан осы идеяның маңыздылығы анықталады. Сондықтан бұл монография, бір жағынан, еліміздегі этносаралық қатынастар, конфессияаралық

толеранттылық мәселелерін назарда ұстайтын мемлекеттік органдардың қызметкерлері, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен аймақтардағы этномәдени бірлестіктердің өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ осы тақырыпқа қызығушылық танытқан орталық және жергілікті басқару органдарының өкілдеріне көмектесетін танымдық-әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – қазіргі қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және Қазақстанды ортақ Отан еткен ұлыстардың ұлттық идеяларына негізделген жасампаз идеология. Өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы басты мұратымыз.

Алдына межелі мақсаттар қоя білетін, ертеңіне сеніммен қарайтын, ділі мен дініне берік, жастары алғыр, рухы биік, жақсылыққа жаны құштар халық қана тарихта «Мәңгілік Ел» болып қалатыны анық.

**Ә. М. РАХЫМЖАНОВ,**

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Кітапханасының директоры,  
саяси ғылымдарының докторы, профессор*

## I ТАРАУ

# «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қоғамымызда «мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы тиіс?» деген пікірталастың жүріп жатқандығын аңғаруға болады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», – деген еді.

Қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» идеясының қайдан бастау алатынын, қандай тарихи алғышарттарының бар екендігін және идеяның негіздері қай уақытта, кімдерден бастау алатыны туралы біраз жазылған. Сонымен қатар, бұл идеяның тамыры терең тарихымыздың бір кезеңінде мемлекеттік идеология ретінде уақыт тезінен, сынынан өткендігін, сөйтіп осы уақытқа дейін ел санасында

тарихи сабақтастықты жалғастырып келе жатқандығы есепке алынуы қажет.

Әдетте, «идея» (грек тілінде «ідея» – «түсінік, елес, бейне») – теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықташы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин. XVIII ғасырдағы немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі И. Канттың тілімен айтсақ, «Адам білімінің қайсыбірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады» [1, 124-б.]. Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақты бере алады.

Жалпы «Мәңгілік Ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұрғаны анық. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Түйұқұқ ескерткіштерінде) саяси акт – «манифестін» әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы, екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата заң іргетасының қалануы.

Оқырманға мүмкін «манифест» сөзі тосын көрінуі мүмкін. Бірақ та манифесті әлдебір саяси оқиғаға байланысты, халыққа салтанатты жолдау нысанындағы жоғарғы биліктің актісі деп қарастырсақ (мысалы, Елбасының Жолдауында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп, қабылдауды тапсыруы секілді), Түркі қағанатының билеушілері де елді біріктіріп, тәуелсіздік жолындағы күресінде жеңіске жеткендіктен өз елін «Мәңгілік Ел» деп жариялауы бұл түсінікке қайшы келмей, қайта әлеуметтік-саяси мағынасын толығырақ беріп тұрғаны байқалады.

*Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен интеграциялық үдерістерін нығайту жолында көптеген идеялық және практикалық іс-шаралардың ұйтқысы болып, көптеген маңызды істерді жүзеге асырғаны мәлім. Ал, «Мәңгілік Ел» идеясы барлық түркілердің бір тарихи кезең – VII ғасырда, бір шаңырақ астында тұрғанда қабылданған және жарияланған идея болатын. Ендеше тарих сынынан өткен бұл идея бүкіл Түркі дүниесі үшін ортақ және осы идея төңірегіне бірігу қазіргі жаһандану заманындағы түркі тектес халықтардың мұраты болары анық.*

Жоғарыда аталғандай, «Мәңгі Ел» идеясы ежелгі түркілердің өз заманында туған үш тұғырдан, яғни үш негізден тұрады. Бұл үш негіз бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшіл идеяларымен сабақтасады. Бұлардың бәрінің бастауында орта ғасыр дәуіріндегі түркілердің өркениеті тұр.

Түркілік дүниетанымдық дәстүрде «Мәңгілік Ел» идеясы негізгі идеялардың бірі болып табылады. Ең алдымен, бұл идеяда түркілердің ерекше қасиеттерінің арқасында ұзақ, «мәңгі» өмір сүретін, халық үшін барынша тиімді жағдай жасалған, іргесі берік, бірлігі мықты кемелденген қоғам туралы түсініктері қамтылған.

Сан ғасырлар бойы түркілер «Мәңгі Ел», «Өтүкен», «Жерұйық», «Ізгі (қайырымды) қала» сынды түрлі атауларға ие болған кемел қоғамға ұмтылып келді. Кемеліне жетіп, дамыған қоғамның негізгі шарттары ретінде дана билеуші, әділетті заң, халықтар арасындағы ынтымақтастық қатынастар, тиімді географиялық жағдайлар сияқты сипаттар белгіленген.

Ең алдымен, «Мәңгі ел» ұғымының түркі дүниетанымында пайда болуына тоқталайық. Тарихи деректерге



сүйенсек, алғаш рет «Мәңгі ел» сөздері түркі халықтарының ортақ мәдени, рухани мұрасы болып табылатын Орхон-Енисей жазбаша ескерткіштерінде кездеседі. Оғыздарды, қидандарды, татабыларды, табғаштарды (қытайларды), қырғыздарды, қарлұқтарды, түргештерді, соғдыларды бағындырып, ұлы көшпенді империяның дәстүрін жалғай білген Шығыс Түрік қағанаты әскерінің біртуар түркі қолбасшысы Күлтегінге (685–731) арналып, бітік таста былай жазылған: «Ötügen Yış olursar beŋgı el tuta olurtaçısın» («Өтүкен Йыш отырса мәңгі ел тұта отырушы едің») [2, 8-т.].

«Мәңгі Ел» идеясының контексіндегі түркілердің елордасы Өтүкеннің мәні – оның түркілердің байланыс құрған (сауда жасаған, соғысқан, қағандарын жерлеуге баратын) жерлерінің орталығы болуында еді. Бұл – мемлекет басқарылатын, барлық маңызды саяси шешімдер қабылданатын ең маңызды орталық болды.

Жалпы түркі дүниетанымында мәңгі ел болу үшін мықты мемлекет құру керек деген идея басым. Мұндай мемлекет жан-жағындағы көрші мемлекеттерді өзіне бағындыруы тиіс немесе олармен достық қарым-қатынас орнатуы керек. Осындай мемлекетте ел басқаратын Қаған, қол бастайтын қолбасшы, ержүрек жауынгерлері мен тұрақты астанасы, билік жүргізетін жері болуы заңдылық. Ең бастысы, мұндай мемлекетті Тәңір қолдау керек.

«Тәңір» категориясының өзі түркі философиясының негізгі ұғым екендігіне еш күмән жоқ, әрі ол мәтіндермен жазылған оқуға болатын барлық дерлік ескерткіштерде кездеседі. Ең алдымен, ежелгі түркілер Тәңірді «өздерінің», яғни түркілердің қамқоршысы ретінде қабылдап, түркілер мен Тәңірдің өзара қатынасы ерекше деп түсінді. Сондықтан, қиын жағдайда Тәңір түркілерге үнемі көмектесіп отырды: «...öze Túrúk Tenrisi Túrúk İduq Jeri subı anča temis Túrúk budun yog bolmazun tejin budun

bolčun tejin aqanım Elteris qayanıy ǵǵım Elbilge qatunıy Teñiri tǵpesinte tutup júǵırǵı kǵtǵrmıs erinč...» (үсті Түрік Тәңірі, Түрік Ұйық Жері, Суы сонда айтты Түрік бүтін (халқы) жоқ болмасын дейін, бүтін (халық) болсын дейін, әкем Елтеріс қағанды, өгей (шешем) Елбилге қатынды Тәңір төбеге тұтып, жоғарыға көтерді» [2, 10–11-т.].

Түркілер Тәңірмен арадағы ерекше байланысына сенетін болғандықтан, олар бұл термин арқылы ұлы күшке тікелей жақындығын байқатты. Қағандардың өздерінің шығу тегі мен олардың билігінің, жалпы саяси биліктің қайнар көзі секілді екі мағынада көрініс тапты.

Түркі қағандары өз түп-тегін Тәңірдің өзінен жалғастырып келгені белгілі. Әсіресе, бұл Күлтегінге арналған ескерткіште айтылған мынадай сөздерден айқын көрінеді: «Teñiriteg Teñiride bolmuš Tǵrǵk Bilge qayan» (Тәңірітек Тәңіріде болған Түрік Білге қаған) [2, 1-т.].

Күлтегіннің (684–731) тегі – ашиналық. Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның туған інісі. Күлтегіннің 7 жасында әкесі Құтлық (680–692 жылдары билік құрған) қайтыс болады. Қаған тағына оның інісі Қапаған (692–716) отырады. Күлтегін мен Білге Қапағанның інісі Бөгүні (716) тақтан тайдырып, қағандық билікті Білге қолына (716–734) алады.

Күлтегін батырдың басына қойылған ескерткіштегі ғұмырнамасында, «Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды» деп жазды.

Әкесі Құтлық (Елтеріс) қаған Екінші Шығыс Түрік қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтерсе, соңында қалған екі баласы: үлкені – Білге қаған ел бастап, кішісі – Күлтегін сол елдің тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін жан аямай күрескен батыр, қолбасшы болған.

Күлтегін 731 жылы 47 жасында, байырғы түріктердің күнтізбесі бойынша қой жылы, 9 айдың 17 күні (Григориан

күнтізбесі бойынша 12 айдың 9 жұлдызы) қайтыс болады. Білге қаған Күлтегінге арнап киелі орын құрылысын салу үшін Тан империясынан шеберлер жіберуді өтінеді. Қытайдан келген алты шебер кешен құрылысын Күлтегіннің жылдық асына дейін сәтті аяқтап шығады.

Күлтегіннің асына көрші елдерден көптеген өкілдер келеді. Аталғандардың ішінде Қидан татабылардан – Удар-сеңүн, Тибеттен – Бөлен, батыстан – соғдылар, берчекерлер, Бұхарадан Нең-сеңүн, Оғул тархан, Он-оқтан – Макырач мөріші, Түргештен – Оғыз Білге мөріші, Қырғыздан тардұш Инанчу чорлар қатысқан.

Күлтегінге арналған кешен Орталық Моңғолия, Архангай аймағы, Хашат өлкесінде, яғни Орхон өзенінің шығыс жағалауында, Цайдам атты кішкене көлдің батысындағы Қарақорым қалашығының солтүстігінен 45 шақырым қашықтықта орналасқан.

Білге қаған кешені Күлтегін ескерткішінің оң жағында 500 метр жерде орналасқан. Ал, Тоныкөк ескерткіші Орталық Моңғолия, Төв аймағының Баян зүрх өлкесі, Баян Цогт тауының солтүстік етегінде, Ұлан-Батордан 60 шақырым жерде орналасқан.

Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде «Өтүкен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең» деп айтылған. Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ бетінде қайталанған. «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Түйұқық ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген, яғни «ел де ел болды».

Ескерткіште «мәңгі ел» Өтүкенде, яғни түркі мемлекетінің бас ордасымен бірге айтылған. «Қаған», «қан», «хан» атауларының бір-бірімен тығыз байланысты екеніне кәсіби мамандар ерекше көңіл бөледі. В. Бангтың пікірінше, «йетікан» (жұлдыз атауы) сөзіндегі «кан» және «мәңгілік елдің» сақталуын Түркі қағанатының астанасы

«Өтүкенмен байланыстырған Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштеріндегі («Өтүкен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең») сөздің соңғы буыны «кен» – «кан» да осы [3, 40-б.].

«Қан» сөзі батыс ғұндарда да болғанын Атилланың Арықан (Арығ қан – таза, пәк патшайым) есімді әйелі болғанынан байқауға болады [4, II, 173-б.; 5, 221-б.; 6, 97-б.].

Атақты ақ ғұн әміршілерінің бірі Византия деректерінде (V ғ. екінші жартысы) Күн хан деп көрсетіледі және «хан» сөзінің ғұндар дәуірінің өзінде «ел» терминімен қатар қолданылғаны мәлім болып отыр [5, 322-б.]. Асылында түрікше екені белгілі және кей жер атауларында кездесетін (мысалы, Ханбалық, Хазар астанасы) [6, 452-б.] бұл термин түріктер исламды қабылдаған соң да қолданыстан түскен жоқ. Сөздің кең географиялық аймақта әртүрлі мағынада қолданылғаны мәлім.

Белгілі бір дәрежеде «мәңгі» сөзі мен «ел» атауының мән-мағынасында да сәйкестік бар. Мысалы, қазақта ескіден қалған, қазірде айтылып жүрген «Ел болайын десең...» деген аталы сөз бар. Бұл сөзді тереңінен ойлап қарасақ, «тұрақты» немесе «мәңгіге» ел-жұрт болайын десең деген түсінікті аңғаруға болады.

Мысалы, Күлтегінмен замандас үш қағанның ақылшысы, кей жорықтарда қолбасшы да болған Түйұқық бітіктасында «ел де ел болды» деген тіркесінде «ел» сөзінің қайталануы елдің мәңгілік болуын мегзейді.

Шыңғыс хан құрған империя да «мәңгі ел» атауын алды деген шындыққа жақын көзқарастар бар. Шынында да Шыңғыс хан құрған империяның негізін түбі бір түркі және моңғол ру-тайпалары құрғаны мәлім. Шыңғыс хан мемлекетінің астанасы етіп VIII ғасырдың басында Шығыс Түрік қағанатын «Мәңгі ел» деп жариялаған Күлтегін кесенесінің маңайындағы

Қарақорымды (1220–1264) таңдауы да кездейсоқ емес. Бұл өңірді ертеде ғұндар, кейіннен түркілер мекендеген. 1206 жылы осы Қарақорымда өткен құрылтайда Шыңғыс хан ежелгі түркілердің «Мәңгі ел» мемлекетін қалпына келтіру мақсатын көздеуі қисынға келеді. Кей ғалымдардың «моңғол» этнос атауы емес, ол «мәңгі ел» сөзінен пайда болды деген тұжырымының жаны бар. Осы сөздер қазіргі моңғол (ойрат) тілінде де сақталып, «Мөнх – мәңгі болу» делінген [7, 216-б.].

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дананың бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар бұл жерде «Мәңгі ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Л. Н. Гумилев өзінің Орхон-Енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда руникалық жазулар эпитафиялық емес, елге үндеу, яғни манифестік сипатта «Ұлы дала бұл ескерткіштерде Қытаймен бірге емес, өзімен-өзі болуды манифест түрінде жариялады» деп жаңа бір пікірді білдірген болатын [8, 337-б.]. «Үш жазудың мәтіндері де түркілердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзінде ештеңемен бүркемелемей халықты сендіргісі келеді. Ендеше жазу – үндеу, ондағы берілген материал таңдап алынған. Мұндай жанрдың болуының өзі сөздің түркі қоғамында нақты күш

екендігін көрсетеді. Олай болса, дамыған қоғам және қоғамдық пікір де бар» [8, 331-б.].

Түркі философиялық дәстүрінде «Мәңгілік Ел» идеясы тек кемел мемлекетті ғана білдірмейді, оны біршама кең дүниетаным тұрғысында, Өмір мен Өлімнің текетіресі ретінде ұғынылатын «Мәңгі өмір» формасында түсінген дұрыс.

Түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт Ата X ғасырдың басында Сырдария бойындағы оғыз-қыпшақ тайпасында дүниеге келген. Оның тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш – «Қорқыт Ата кітабы» («Китаби дәдәм Корқуд»). Аңыздарда Қорқыт образы желмая мініп, ел-жұрты бақытты ғұмыр кешу үшін жерұйық іздеп, бар өмірін ажалмен күресуге жұмсаған адам бейнесінде көрсетіледі. Халықты өз жыр-күйлерімен тамсантқан Қорқыт баба өмірінің ақырында ынтымағы қашқан елінің бөліне бастағанына күйініп, мәңгі өмірді іздеу үшін шартарапты шарлап кетеді. Ақырында «жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың» деген аян естіп, туған жері – Сыр өңіріне оралады. Мәңгі өмір тек Отанда ғана болуы мүмкін деген ойға келеді.

Қорқыт «мәңгі өмір» ұғымын терең түсініп, «өмір-өлім» диалектикасын ашып көрсету арқылы «Мәңгі ел» идеясына өз үлесін қосты. «Қорқыт Ата кітабында» ол былай делінген: «Өмір дегенің – керуен, бір жерге қонса, ертеңіне көшіп кетеді», «Өмір деген тұрақсыз. Адам бұл дүниеге келеді де, кетеді. Өмірдің ақыры – ажал» [9, 21, 84-б.].

Аңызға сенсек, Қорқыт Ата өз өмірінің көп жылын өлімнен қашып құтылмақ болып өткізген екен. Бірақ өлімнен қашпақ жоқ болып шықты, себебі қайда барса да, ол көр қазып жатқан адамдарды кездестіріп отырды. Өлім біздің күнделікті өмірімізге «енгізіліп» қойғандай, ол оның бір бөлігі, одан қашып құтылмайсың, осыдан

халық арасында «қайда барсаң – Қорқыттың көрі» деген сөз қалған. Өлімді екі жолмен ғана жеңуге болады. Біріншіден, өз Отаныңа оралып, сені білетін, сені ұмытпайтын туған жерде өмір сүріп, өмірден өту, мәңгі өлмеу деген осы. Екіншіден, мәңгі өлместік – шығармашылықта, Қорқыт Ата ең бірінші қобызды ойлап тауып, бірінші болып бұл аспаппен күй тартты, бұл оның есімін мәңгі өшпес етті.

Әрі кемел қоғам, әрі адамның өшпес өмірі ретіндегі «Мәңгілік Ел» идеясы түркі халықтарының арасында кеңінен таралған болатын. Кемел мекен Жерұйықтың болатының және адамның ұмытылмас іс-әрекеттері ретіндегі өшпес өмір идеяларының бір көрінісін «Орал-Батыр» атты башқұрт эпосынан табамыз.

Эпостың бас кейіпкері Орал батыр, Қорқыт Ата сияқты, Өлімді жеңудің амалы ретінде Жанды бұлақты іздейді. Ол «Өлімге қарсы Жанды бұлақ барын, Өлімді тауып алып, ұстап, көзін құртып, бұлақтағы суды алып, мәңгі өмір сүруге болатынын...» біліп қояды [10, 2640 т.].

Бұлақты іздеп жүріп, батыр Жерұйыққа керемет ұқсайтын бір елге тап болады. «Қайғы мен қасіретсіз, мұңның не екенін білмей, шаттық пен еркіндікте өмір сүреді, ...Самрау құсқа бағынады. Онда қан ішілмейтін, ет желінбейтін, Өлімге жол жоқ бір ел бар. Жақсылыққа жақсылық қайыру – [осы елдің] дәстүрі» [12, 550–560 т.].

Бірақ сапарының соңында, жауды жеңіп, көптеген адамды құтқарып, өз халқына жаңа мекен тауып, оны жайластырады. Орал батыр бір ақсақалды кездестіреді де, оның өшпес Өмір мен Өлім туралы көзқарасы өзгереді. Ақсақал айтады: «Менің өмірдегі түйгенім басқаларға үлгі боларлық. Бұл дүниеде мәңгі өмір сүруді, әлем сияқты мәңгі тұруды қалап, өлімге бағынышты, тәуелді болмауды көксеп, Жанды бұлақта су татпаңдар, өздеріңді азапқа душар етпеңдер...» [10, 4040 т.]. Өлім, өмір сияқты,

міндетті табиғи үдеріс – ескірген, қартайғанға (ағаш, жануар немесе адамдар болсын) кетпек керек, ал жаңа нәрсе – келу керек.

Бұл эпоста мәңгі өмір түркі философиялық дәстүрінің аясында игі іс-әрекет ретінде қабылданады. «Бұл дүниеде [тек] әлемге сұлулық сыйлайтын нәрсе ғана қалады. Біздің бағымыздың сәнін келтіретін ол – игілік, себебі «ол барлық істердің асқағы, ол адамдар мен сенің өзің үшін мәңгі өмірдің көзіне айналады» [10, 4070 т.].

Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негізін салып берген түркілердің әйгілі ойшылы, философы Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) болды.

Әл-Фарабидің көзқарастарынан басты үш бағытты айқын аңғаруға болады. Ол дүниенің мәңгілігін, танымның болмысқа тәуелділігін мойындады, сонымен қатар, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын ақыл-парасаттан, адамның жан дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен іздеді. Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің, яғни ортағасырлық түркі және мұсылмандық дәуір тұрғысынан зерделеген жөн. Алайда, ол жоғарыда аталған түсініктерді философиялық тұрғыдан алға қарай дамытты.

Ғалымның көзқарасы бойынша «болмыстың мақсаты – адамның ақылға қонымды қызметі». Әлеуметтік тұрғыда Фараби ақылдылықты бақытқа қол жеткізуге ұмтылыс деп түсінеді. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында философ бақытқа жетудің басты шарттарын көрсетеді. Бұл, ең алдымен, қала тұрғындары арасындағы қарым-қатынастар: «Тұрғындары шынайы бақытқа кенелу үшін атқарылатын істердегі өзара көмек көрсетуді мақсат тұтып бірігетін қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа



қолжеткізу мақсатында бір-біріне көмек көрсететін қоғамды қайырымды қоғам деп атауға болады» [11, 305-б.].

Ізгі қаланың, мықты мемлекеттің («мәңгілік ел» болатын) екінші негізгі қасиеті – «шын билеуші». Философтың көзқарасында, бойына «он екі туа біткен қасиеттерді» біріктірген адам ғана билеуші болуы мүмкін. Оның қатарында физикалық жетілу, адамгершілік, тазалық және рухани байлық та бар. Билеушінің «мүшелері сау» яғни денсаулығы мықты, есте сақтау қабілеті жақсы, «өте терең ақыл-ой иесі» және өз ойын анық баяндай білетін, «оқыту мен танымға деген талпынысы жоғары», шындықты сүйіп, өтірікті жек көретін, «адал, бірақ қыңыр емес» болуы шарт [12, 317–319-б.].

Бұл тұрғыда әл-Фарабидің пікіріне үңілсек, кісінің адамгершілік қасиеттерін жіктей білу аса маңызды, сол себепті біз оны барынша толымды етіп келтіруді жөн көріп отырмыз. «Кемел» адамгершілік қасиеттер және олардың жетіспеушілігі мен тым артық болуына байланысты. Есерлік / ессіздік (шектен тыс батылдық) – жүректілік (қауіпті істерде көрсетілген ұстамды батылдық және мұндай істерден бас тарту) – қорқақтық (батылсыздық) [12, 17-б.].

Ысырапшылдық (бейберекеттік пен үнемділіктің жетіспеушілігі) – жомарттық, құнттылық – сараңдық (тым үнемшілдік және қаржыны жеткіліксіз жұмсау). Осы үш жақтылықты қарастыру барысында қызық «аударылым» орын алады. Ысырапшылдықты бейберекеттік ретінде, ал «кемел» қасиет ретінде жомарттықпен салыстырғанда сараңдықты қарастырған кезде ғана бұлар кемшілік ретінде ұғынылады. Ал «кемел» қасиет ретінде құнттылықты таңдау олардың орындарын ауыстырады, яғни сараңдық бейберекеттікке (құнттылыққа), ал ысырапшылдық – кемшілікке айналады.

Дүниеқоңыздық, қомағайлық (ләззат алудағы шектен шығушылық) – ұстамдылық (ләззат әкелетін нәрселерді ынсапты пайдалану: тағамдарды, әйелдерді) – рахаттану сезімінің болмауы (ләззаттанудағы кемшілік) [12, 18-б.].

Сайқымазақтық (әзілдің тым көп болуы) – тапқырлық (әзілді орынды пайдалану) – әзіл-оспақтың болмауы (әзілдің жетіспеуі). Сонымен бірге бұл жағдайда Фараби әзілдің тым көп болуы сияқты өнегелік кемшілікке айтарлықтай ұстамды көзқарас білдіреді: «Адам өз өмірінде демалуы тиіс, ал демалыс үнемі ондағы шектен шығушылық ұнамды немесе (кем дегенде) ауыртпалықсыз болатындай ғана. Әзіл, көп болса да, ұнамды немесе (кем дегенде) ауыртпалықсыз болатындардың қатарында [12, 18-б.].

Жалған өзін дәріптеушілік (өзіне шын мәнінде тән емес игі қасиеттерге, қайырымды әрекеттерге иемін деп санау) – өз-өзіне қатысты шыншылдық (шын мәнінде өзіне тән игі қасиеттерді, қайырымды әрекеттерді атап көрсету) – жасанды қылық (адам өзіне тән нәрседен басқа қасиеттердің бәріне иемін деп атап көрсетеді).

Жағынушылық (мұндағы асыра сілтеушілік) – достық қатынас (бір адамның басқалармен қарым-қатынас құруындағы ұстамдылығының арқасында қалыптасады, сонымен бірге ол сөйлесуден немесе әрекеттерінен ләззаттанады) – тәкаппарлық (мұндағы кемшілік), ешкімді жақтырмаушылық (басқаға қатысты оны ренжітетін әрекеттер жасайды).

«Кемел» өнегелік қасиеттерге қолжеткізу жолдары туралы ойларын ортаға сала отырып, Фараби әткеншек бейнесін пайдаланады. Әдетте, адамдар «бір шектен екінші шекке ұрынып жатады», олар біресе өнегелі қасиеттің шектен тыс деңгейін таңдаса, енді бірде оның жетіспеушілігін байқатады. Жағдайдың күрделене түсу

себебі – екі шекке де қолжеткізудің оңайлығы. Ал үй-лесімге, «алтын ортаға» қолжеткізу тіпті оңай емес. Тек ұзақмерзімді тәжірибе, күнделікті еңбек ету, байыптылық пен қайраттылық, оңтайлы рахаттануға ұмтылу ғана адамның бойындағы «кемел» адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына алып келеді.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен Шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің жағдайына сәйкес «Мәңгі ел» идеясының саяси-философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгі ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында ғалым мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдерін ашады. Сондықтан бұлардың бәрі қазіргі таңда түркі тілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс.

Фараби өз трактаттарында қоғамдық-саяси мәселе бойынша халық билігі мен демократия жайлы айтады. Мәдениетсіз қалалардың барлық түріне қарама-қарсы қайырымды қалаға ең жақыны ұжымды қала дейді. Бұл қаланың тұрғындары барлық іс-қимылда тең құқылы, бұл жерде бағыныштылар мен билік етушілер жоқ. Ал қаланың басшылары құрметке иеленгендер ғана бола алады. Фараби бостандық пен тең құқылыққа ықыласпен қарайды, бірақ басшысыз, оның өкіметінсіз жалпыға

ортақ бақытқа жету мүмкін емес деп есептейді. Әл-Фараби заманында түркі жұртының қала-мемлекеттері басым болды. Сондықтан әл-Фарабидің «қала» түсінігін «мемлекет» түсінігімен сәйкес қарастыру орынды.

Өзінің «қайырымды» және «қайырымсыз» қалалардың әртүрлі мінездемелерімен классификацияларында әл-Фараби қоғамның жетілдірілген әлеуметтік құрылымын қайта жасады. Ол қала-мемлекеттің қоғамдық өмірінің толық мінездемесін береді.

Әл-Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі-сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Мемлекеттің сыртқы міндетіне қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастыру жүктеледі.

Ал, мемлекеттің ішкі міндеті өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек, яғни әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, оны адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы, бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру болып табылады. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн (1020–1075) өзінің әйгілі «Құтты білік» дастанында мықты мемлекеттік тіректері туралы концепцияны ұсынады.

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда өркениетті ел болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. «Құтты білік» («Құтадғу білігі») – әлем өркениеті тарихынан мәңгілік орын алған түркі тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Орта ғасырларда ирандықтар «Тұран шаһнамасы», туған жұрты – түркілер «Хандардың әдеп-қағидалары», машындықтар «Мемлекеттің дәстүрі», бүкіл Шығыс әлемі «Өмір

зейнеті», «Падишаларға насихат» деп таныған түркі зиялылары «Құтты білік» деп атап, бұл кітапты ұлылықтың негізі деп білген.

Ж. Баласағұн «Құтты білікті» 1069–1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Ж. Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған.

Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Ж. Баласағұн дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әмірші патшаның өзінен бастайды.

Ж. Баласағұн – саяси-әлеуметтік ойда мемлекеттегі басқару істерінің заңмен реттелуі мәселесін кешенді көтерген ғұламалардың бірі. Дастанның басты идеясы – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы.

«Құтты білік» дастанында әл-Фарабидің дәстүрін жалғастыра отырып, ол мемлекеттің табысты жұмыс істеуі үшін, маңызды әрі құнды төрт қағидаттарын

анықтайды: «Біріншісі – әділдік, екіншісі – бақыт, үшіншісі – ақыл-ой, төртіншісі – игілік және олардың әрқайсысына түрікше атау берілген. Әділдікке Күнтолды-элик есімі берілген, бұл – билеуші, бақыт – Айтолды, бұл – уәзір, ақылдың аты Өгдүлміш, бұл – уәзірдің ұлы, игілікке – Оғдұрмыш, бұл – уәзірдің ағасы» [13, 6-б.].

Күнтоғды (елік, билеуші) мемлекеттің негізі саналатын – билік, әділеттілік, ержүректілік, ерік, айбын, заңды бейнелейді. Қуатты, әділетті билік, ержүрек және айбынды жауынгерлер, билеушінің саяси ерігі және заңды бұлжытпай орындау – түркі мемлекеттерінде әрдайым ең жоғары құндылық болған.

Айтолды – уәзір (дана кеңесші) – шыншылдықты, білімді, шешендікті, сондай-ақ, дана басқарудың халыққа беретін байлығын, берекесін, бақытын бейнелейді.

Өгдүлміш – уәзірдің ұлы – данышпандық, білімпаздық, ақыл сияқты қасиеттермен теңдестіріледі. Дана билеуші мен білімге ұмтылатын халық – ата-бабамыздың заманында да, қазір де «Мәңгі елдің» міндетті шарты.

Одғұрмыш – дәруіш – «қанағат» ұғымын қамтитын талғамсыздық, безушілік, разылық сияқты қасиеттермен сипатталады. Саяси иерархияда – бұл діни қызметкерлер, рухани ұстаздар, Баласағұни олардың мемлекет өміріндегі міндеті – халықты адамгершілікке тәрбиелеу деп білді [14, 11, 56-б.].

*«Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан (кемел азаматтан – кемел елге).*

Шығармада елдегі, қоғамдағы ішкі тәртіпті халық мүддесіне, заңдылыққа негіздеп құру идеясы айқын

көрініс береді. Осы идеялар негізінде бүгінгі Қазақстан өзінің алдына қойған стратегиялық, конституциялық міндеттері, яғни «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қағиданы ойдағыдай шеше алады. Өйткені, әрбір этностың өзіндік төл саяси ойы, саяси міндеті мен саяси санасы болады. Мемлекеттік саяси құрылыста осы рухани фактор іске қосылса, билік пен халық арасында жарасымды қатынастар қалыптасады. Билік пен халық мемлекеттік, елдің тағдырлық міндеттерін шешкенде екеуіне ортақ саяси құндылықтарды пайдаланса, басқару жүйесінің жұмысы тиімді бола түседі, халықтың мемлекетшілдігі күшейеді. Себебі, Конституцияда көрсетілгендей, «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» болып табылады [15, 5-б.].

Ж. Баласағұн мемлекеттің қуаттылығы адамдардың үш түрін, үш тобын дұрыс іріктей, тәрбиелей білуде деп есептейді. Біріншісі – елін қорғаушы, «құрыш жүрек кісілер». Олар қару-жарақтарымен елін қорғап, пайда әкеледі. Мемлекет қорғанысы күшті болуы шарт. Екіншісі – ғалымдар, даналар, елшілер. Олар мемлекетті басқарудың дұрыс жолдарын бағамдап, билікке өз ақыл-кеңестерін айтады. Үшіншісі – хатшы, зерек, іскер адамдар. Олар ел қазынасын, шаруашылығын ұйымдастырады. Осы үш топты дұрыс ұйымдастыра білген мемлекет басшысы табысты билік құрады.

Ал, мемлекеттегі әлеуметтік топтар – қорғаушылар, кеңесшілер, басшылар, халық пен хан әділ заңның төңірегінде топтасып, оларды орындап қызмет етіп, өмір сүруінен жақсылық табамыз деген өзекті шындықты ұсынады. Заң түзелсе жамандықтар азайып, жақсылықтар көбейеді. Ал, заңның бұзылуы істің бұзылуына әкеледі.

Осы бұзылулар мемлекеттің әлсіреп, жойылуына себеп болады деген терең ойды ұлы бабамыз XI ғасырда жан-жақты дәлелдеп береді.

Өз қамын және туыстарының қамын ойлаған басшы байлыққа құмартады. Осындай ессіз басшыға ерген билік оңбайды. Сондықтан атақ, байлық, билік иелерінің заңды бұзбай, керісінше, заңның нығаюын, олардың мүлтіксіз орындалуын қадағалауы парыз. Заңды бұзбақ түгіл, тіптен оны бұрмалаудан безген жөн. Себебі, өз құлқынын ойлаған бұзықтар заңды бұрмалап, оны өз пайдасына жаратқысы келеді. «Түзу заңмен жүрген ел түзеледі, оның жері көгереді» делінген Ж. Баласағұн еңбегінде.

Түзу заңмен жүрсең басшы ретінде жақсылық жасай аласың. Билікті дұрыс құрудың бірінші шарасы – заңды дұрыс жасай білу және оны дұрыс қолданудың барлық мүмкіндіктерін қарастыру. Ж. Баласағұнның бұл ойларынан «заңның жалпыға бірдей міндеттілігі» принципін сол кездің өзінде-ақ күн тәртібіне қойғандығы байқалады. Әділ заңмен басқарылса, қара халық та билеушінің соңынан ереді. Баласағұн халықты үш әлеуметтік топқа бөле отыра байлардың, орташалардың, кедейлердің ерекшеліктерін атап көрсетеді. Халықтың күштісі, белдісі – байлар, одан кейінгі топ – орташалар. Мемлекет тірегі, міне, осы орта топ. Сондықтан орта топтың көбеюіне, баюына мемлекет үнемі қамқорлық етуі қажет. Ал, кедейлерге сүйеу керек, қамқорлық керек. Сонда билік көмегімен кедейлер орташаға өтеді. Орта топ байыса – еліңнің байығаны деген ойды айшықтайды. «Құтты билік» мемлекеттік билікті заңмен реттеудің нақты қолданбалы жолдарын көрсетіп береді. Оның осы тұрғыдағы пікірлері мен ұсыныстарының маңызы мен құндылығы қазірде төмендеген жоқ. Орта топтың көбеюі, оның өндіруші күшінің еселенуі, баюы адамзат тарихында мемлекеттің жалпы нығаюына әкелетіндігін дәлелдеп отыр.



Ж. Баласағұн еңбегіндегі елдегі заңдардың бүкіл халыққа қызмет етуі және орта топтың мемлекеттің әлеуметтік тірегіне айналуы туралы идеялары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін өте маңызды. Бұл бағыт – қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде жариялап отырған Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың да ұстанып отырған саясаты.

Ұлы ойшыл адамзаттың дамуы үшін қажетті құбылыстың мәнін аша отырып оған жетудің жолдарын да бағамдайды. Олар – биліктің әділдігі, заңның үстемдігі, дана басшының саясатын халықтың қолдауы, білім мен өнерді меңгеру. Ж. Баласағұнның айтқан пікірлерінде ешқандай утопизм жоқ. Керісінше, бәйіттері – нақты қолданбалық мәні бар прагматистік қағидалар. Әлемдік саяси тарихта жоғарыда айтылған ойларды іске асырған мемлекеттер өркениетті дамудың даңғыл жолына түскен елдердің қатарына қосылуы, ал біздің мемлекет үшін, нақты айтқанда, «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Мәңгілік Ел» мұратын жүзеге асыру болып табылады.

Тиісті әлеуметтік-мәдени контексті ескере отырып, қазақтың дала данышпаны атанған Асан қайғы да осыған жақын көзқарасты ұстанады. Дала философы өзінің арманы, жұмақ орнына теңеген Жиделібайсын жерін былайша сипаттайды: «Уақыт тоқтап қалды және кеңістікте шек жоқ, онда адамзат өмір сүрді, көздері ашық, жандары таза болған кезде, адамдар таулар мен күнді, құстардың самғауы мен жылқы тұяғының дүбірін тамашалады. Барлығы жас және әдемі болды, қартаю мен ауруды білмеді, бейнеттеніп еңбек етпеді».

Адамдар қызғанышсыз, дүниеге құмартпай жомарт өмір сүреді. Жер беті берекелі дастарқанға ұқсайтын еді. Жиделібайсын – бұл адамзаттың алтын ғасыры.

Кейбір деректерде Асан қайғы – Жиделібайсын, яғни «молшылық жерді», енді бір деректерде «Жерұйық» – «ыңғайлы, жайлы жерді», яғни адамдар қайғы-мұңды білмейтін, қамқорлықта, берекелі өмір сүретін жерді іздеген дала ойшылы.

Осы ұғымдардың айырмашылығына қарамастан, «Жерұйық» жиі «Жиделібайсын» ұғымының синонимі болып табылады. Бұл жерде, аңыздарға сәйкес, Асан қайғы мал шаруашылығына ыңғайлы, шөбі шүйгін, суы мол жерді, өз еңбегімен айналысып, өсіп-өркендейтін берекелі өлкені іздеген. Сондықтан ол мал шаруашылығын жүргізу үшін қолайлы бай шабындықтарды, суы толқыған өзендерді, ауа райы қолайлы, мал азығы мен адамдарға жететіндей, табиғат құбылыстарынан зардап шекпейтін, қолайлы жерді армандады. «Асан қайғы ұзақ жүріп, бәрі бақытты елді, жері құнарлы, суы мол өзендерді, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жерді іздеді» [16, 31-б.].

Бір нұсқасында Асан қайғы қазақ даласының батысы мен шығысында, солтүстігі мен оңтүстігінде болғанмен де берекелі жерді таппады. Енді бір нұсқасында өзі армандаған сондай жерді табады. Жиделібайсынға барған Асан өз туыстарына «Атқа мініп қырқыспай, төбелессіз жүруге болатын көшпенді жерді тапқанын, онда малдың ұрланбайтынын және қасқырлар жемейтінін, үй-күйсіз болмайтынын және сол жылы жерде өмір сүретіндерін» айтады [16, 90-б.].

Асан қайғының берекелі жерді іздеу идеясына нақты әлеуметтік-тарихи мән-жайлардың ықпал еткенін атап өту қажет. XV ғасыр – Алтын Орда мен Ақ Орданың ыдырау кезеңі. Халық ауыз әдебиетінде берекелі жерді іздеу сынды ертегілік мотивтер тарихтағы қазақ халқының мемлекеттілігінің қалыптасуы, бірігуі сияқты нақты тарихи оқиғалармен ұштасып жатыр.

«Өзгерістер дәуірінде» Асан қайғы ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер нәтижесінде пайда болған Алтын Орданың ыдырауымен байланысты мәселелерді өткір сезінді. Сондықтан ойшыл мемлекеттің тұрақты даму идеясын алдыңғы орынға қояды, өз халқы үшін қолайлы өмір сүру орнын іздеумен айналысады. Асан қайғы бұл жерді адамдардың бақытқа келетін тең құқылы орны болса деп армандайды. Асан қайғы өзін қазақ халқының мүддесін білдіруші, шын мәнінде, қазақ мемлекеттілігінің, яғни Қазақ хандығының басты идеологы ретінде танытты.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, оның кемел келешегі туралы ойларды, әділ, дамыған мемлекет туралы толғауларды қазақтың тағы бір ұлы ойшылы Бұқар жыраудан көре аламыз. Ол қазақ елінің сақталуы мен тұрақтылығы туралы көп толғайды. Жырау баба қазақ жеріне жоңғар шабуылы кезінде, Абылай хан бастаған қазақтар өз жерлерін ерлікпен қорғап, жаудан азат еткен тұста, қазақ мемлекетінің болу-болмау мәселесі өткір тұрған кезеңде өмір сүрген. Қазақ халқы үшін осы тағдырлы мәселені шешуде адам бойында патриотизм, ата-бабаларымызға, өзінің ұлттық дәстүрлеріне деген құрмет, тағзым қасиеттерін тәрбиелеу қажеттігіне ерекше назар аударды. Оның қазақ батырларының ерлігі жырланған толғауларында ел қорғаған батырларымыздың қаһармандығы мен жауынгерлік рухы жоғары бағаланған. Жыр-толғауларда билеушінің, ел басқарған басшысының ерекше рөлі мен жауапкершілігін атап өтеді.

Қазақ халқының ұлы ханы Абылайдың кеңесшісі бола отырып, жырау оның жүргізген саясатын бағалап, қазақ халқы үшін, ең алдымен, оның мемлекеттілігін нығайтуда жасаған істерін мақтанышпен жырлайды. Абылай ханды барлық қазақ жерлерін біріктіріп, қазақтың үш жүзінің басын қосқандығы үшін жоғары құрметтейді.

Бұқар жыраудың пікірінше, Абылай хан – қазақ арасында биік беделге ие болған абырой-атаққа лайықты басқарушы, өйткені ол қазақ мемлекетінің шекарасын нығайтты, оны қауіпсіз етті, қазақ жерлерін жаулардан қорғады. Ақын Абылай ханның қазақ мемлекетінің қуатын нығайта түскенін, қазақтар оның басшылығымен өмір сүріп, өзінің өмірі мен әл-ауқатына алаңдамайтынын да жырға қосты. Қазақ ойшылының пікірінше, өз халқына тыныштық пен игілік әкелген дәл осындай адам аса көрнекті тұлға атағына лайықты.

Бұқар жырау Абылай ханның кеңесшісі ретінде өзінің философиялық ой-пікірлерінде соғыс және бейбітшілік туралы маңызды мәселеге баса назар аударды. «Сабалақ» поэмасында ең көрнекті мемлекет қайраткері – өз халқына үздіксіз соғыс әкелген адам емес, адамдарға бейбітшілік пен тыныш өмір сыйлаған адам деп айтады. Сондықтан данышпан ақын, өмір бойы ұлы ханның қасында бола отырып, оған көрші елдермен соғыспай, ортақ тіл табысуды ұсынды. Даулы мәселелерді бейбіт жолмен, келісім арқылы шешуге шақырды. Өзінің ой-пікірлері мен кеңестерінде ол өзінің үлкен көршілерімен, яғни Қытай және Ресеймен қарым-қатынаста бейбіт саясат жүргізу қажеттігін ерекше атап көрсетті. Оның көзқарасы бойынша даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу қазақ халқы мен оның мемлекетінің барынша тұрақты өмір сүруіне мүмкіндік береді деп сенді.

Осылайша, қазақ ойшылы қазақ мемлекетінің сыртқы саясатының басты принципі – оның шекарасын нығайту, тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету деп санады. Бұқар жырау шығармаларының негізгі ойы – көршілермен бейбіт өмір сүру идеясы, яғни ел ішіндегі бейбітшілік пен бірлікті қамтамасыз ету болып табылады. Ақын Абылай ханның атағын жырлаған кезде, ханның басты еңбегін, яғни өз халқына қауіпсіздікті,

тыныш өмір мен елдің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз еткенін сөз етті.

Бір жағынан қазақ елінің Ресейге қосылып, тәуелсіздігін жоғалтуы, екінші жағынан әлемдік мәдени үдеріске тартылуы, зайырлы білімнің таралуы қазақ халқының дүниетанымдық бағдарларын қайта қарауды талап етті. Мұны біз қазақтың ұлы ағартушыларының шығармашылығынан көреміз.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының экономикалық және мәдени өрлеуінің түбегейлі жолы – жалпы әлемдік мәдениетке қосылу деп санады. Ол ұлттық шектеулер мен кедергілерге, тар ұлттық шеңбердегі тыйымдарға қарсы шықты.

Қазақ ғалымының шығармашылығында даму идеялары, қоғамдық прогресс идеялары маңызды орын алады. Даму идеясын түсіну орыс және еуропалық ойдың жоғары жетістігі болып табылғаны белгілі. Бұл ретте қазақ ағартушысы даму, прогресс туралы жалпы түрде ғана емес, қоғамдық-тарихи ілгерілеудің негізгі өлшемдері мен басты көздерін негіздеуге тырысты.

Ш. Уәлихановтың ойынша, қазақ даласындағы қоғамдық құбылыстар саласындағы прогрестің басты таралу себептері халық өмірінің әлеуметтік, экономикалық және тұрмыстық аспектілерін дамыту болып табылады. Ағартушы прогрестің, дамудың маңыздылығын атап қана қоймай, оны зерттеудің бағыты ретінде қарастырады. Прогреске не ықпал ететінін түсіну үшін, оның пікірінше, халықтың тарихын, оның өмірінің экономикалық және әлеуметтік жағдайларын зерделеу қажет және тек осы зерттеулердің негізінде ғана халықтың прогреске және дамуына ықпал ететін қандай да бір реформаларды ұсыну қажет. «Қоғамдық әл-ауқатты мақсат тұтатын кез келген реформа – тек қана қоғамдық қажеттіліктер мен қаражат мөлшерін анықтаған кезде ғана

болжалды мақсатқа қол жеткізе алады» деп жазды ғалым [17, 78-б.].

Қазақ ойшылы қоғамдық ілгерілеу, ең алдымен, халықтың материалдық тұрмысын арттыру, адамдардың экономикалық жағдайын жақсарту екенін айтты.

Мемлекет пен қоғамның өркендеуіне және табысты өмір сүруіне деген көзқарас қазақтың басқа да ұлы ғұламалары мен ақындары Абай Құнанбайұлы мен оның шәкірті Шәкәрімнің бойында біршама өзгеше көрініс табады. Егер түркі және қазақ дәстүрлерінде жоғарыда көрсетілгендей, мемлекеттің тұрақтылығын сақтау, халықтың өркендеуі мен тұрмыс-тіршілігін сақтау шарттары туралы мәселені шешу кезінде оның сыртқы және ішкі саясатын жүргізіп отырған билеушінің рөліне, саяси-экономикалық қайта құрулар ортасын жетілдіруге баса назар аударса, Абай мен Шәкәрім ілгері дамыған мемлекет пен қоғамның өзекті мәселелерін шешуде адам тәрбиесіне, оның адамгершілік, рухани қасиеттерін жетілдіруге ерекше көңіл бөлді.

Жалпы алғанда түркі мәдениеті тарихында екі бағыт, екі рухани-теориялық қозғалыс қалыптасты. Бірінші өкілдер «идеалды» мемлекетті, «Ізгі қаланы», «Мәңгі Ел» қалыптастыру міндетін шеше отырып, мемлекеттің дәстүрлеріне, мүдделеріне артықшылық берді. Билеушінің рөлін тым асқақтатып жіберді. Бұл мемлекет алдында бас ию доктринасына және жеке адамның мүдделерін ұмытуға әкеп соқтырды.

Екінші бағыт өкілдері ортаны жетілдіру, тіпті қоғамның күрделі өзгеруі тұрақты, өзін-өзі қамтамасыз ететін мемлекет – кемел қоғам құру мәселесін шешпейтініне назар аударды. Олардың көзқарасы бойынша, бұл міндетті жеке, нақты адамды рухани-адамгершілік тұрғысынан жетілдіру, біртұтас адам тұлғасын қалыптастыру арқылы ғана шешуге болатынын айтты.

Абай өзінің шығармашылығында бұл мәселе туралы толғана отырып, лайықты адамды, шынайы адам өмірін қалыптастырудың жалпыға ортақ шарты, қоғамның өркендеуі мен дамуының негізі білім беру, ағарту, еңбек болып табылады деген қорытындыға келеді. Ақынның пайымдауынша, білім, ғылым, ілім – тәрбиелі адамды қалыптастырудың басты шарттарының бірі. Тек осылардың негізінде ғана адам өмірлік сынақтарға төтеп беріп, оларға барабар шешімдер қабылдай алады. Сондықтан ақынның өлеңдері мен ой-пікірлерінде ағарту мен ғылым-білім идеясына көп орын бөлінген:

*Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта  
Ерінбей оқып көруге [18, 69–70-б.].*

енді бір өлеңінде:

*Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпсіз сөзге ерме.  
Сізге айтамын, хауімім – бұл.  
Өзің үшін үйренсең,  
Жамандықтан жиренсең,  
Ашыларсың жылма-жыл.  
Біреу үшін үйренсең,  
Біреу білмес, сен білсең,  
Білгеніңнің бәрі – тұл [18, 64–65-б.].*

Ұлы ақынның пікірінше, шынайы әділ және қолайлы қоғам мен мемлекет құру үшін әрбір қазаққа жаңа дүниетаным, жаңа әлемдік көзқарас қалыптастыру қажет. Ескі дүниетанымды, яғни өз әрекетінің мақсатын сырттан іздеу адамға лайықты өмір сүруге кедергі болады.

Ұлы ақынның сөзімен айтсақ, егер қазақтар оқыған халықтар деңгейінде өмір сүргісі келсе, олармен бәсекеге төтеп бергісі келсе, олар өзін түбірімен өзгертіп,

өзінің өмір салтын қайта қарап, жаңа дүниетанымдық бағдарларды қалыптастыруы тиіс. Абай, демек, адамның жаңа болмысын, яғни еңбекқор, белсенді, білімді, өмірде тек өз күші мен біліміне үміт артатын жаңа адамның бейнесін ұсынады. Еңбекқорлық, ағартушылық, жақсылық борышы – өсіп-өркендеген, дамыған қоғам мен мемлекет құратын адамның негізгі адамгершілік қағидалары.

Тек ағартушылық, білім, еңбек, белсенділік, ұмтылу, ақыл, мейірімділік қана қазақтарды адамгершілік дағдарыстан шығаруға қабілетті екенін ақын өзінің барлық өлеңдеріне арқау еткен.

Абайдың ойлары мен идеялары өз заманының ең алдыңғы қатарлы өкілдерінің, оның ізбасарлары, шәкірттері, қазақ зиялыларының ең үздік бөлігі Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығында одан әрі үндестік тауып, дами түседі.

Шәкәрімнің пікірінше, адам өмірінің мәні – адамның рухани өзін-өзі жетілдіруі болып табылады. Адам өмірінің шынайы мәні, оның денесімен емес, мәңгілік жанымен байланысты жоғары нәрсе болып табылады. Өзінің атақты «Үш анық» туындысында өмірдің мәні, адамның мақсаты туралы мәселе адам жанының зерттелуімен байланыстырады. «Өлгеннен кейін жан жоқ және өмір жоқ деп айтатындарға таң қаламын» деп жазады [19, 76-б.].

Егер билік, байлық – шектеулі, дене, адам өмірінің уақытша атрибуттары болса, онда білім, еңбек, махаббат, мейірімділік – мәңгілік атрибуттар. Сондықтан шынайы, нағыз адам қайткенде де, бұл дүниеде де, о дүниеде де таза жанның атрибуттарын беретін шынайы өмірге қанағаттануға ұмтылуы тиіс. Мейірбан, адал, арлы адам өзін жер бетінде де, болашақ өмірде де қанағаттанғанын сезінеді, себебі олар ең биік құндылыққа



ие. Ал билікті және байлықты көздеген, адамдарды өз мақсаттарына жетуде қыспаққа алып пайдаланған, өз қарсыластарын жойған, адамдар екі дүниеде де жазаланып, олардың әрекеттері үшін жер бетіндегі ұрпақтары ұялатын болады. Олар өз жазасын өзге әлемде алады.

Осыдан адам өмірінің, тіршілігінің мәні, Шәкәрімнің пікірінше, адал болмысқа, шынайы мағынаға ие болу, оған негізделген барлық нәрселерді жүзеге асыру болып табылады. Ал мұның бәрі одан еңбекті, махаббатты, шығармашылық белсенділікті және т. б. талап етеді.

Шәкәрімді «Жақсы адам кім? Кімді лайықты адам деп атауға болады?» деген сұрақтар толғандырады.

Өзінің болмысына, яғни ақыл-ойына, еңбекқорлығына, әділдігіне, мейірімділігіне сай адам лайықты адам болып табылады, Демек, өзінің мақсатын Құдайдың жаратушысы ретінде, адам өмірінің мәніне сай іске асыратын адам жақсы адам болып саналады. Шынайы адам – бұл өз ақыл-ойын, білімін дамытқан, адал еңбегімен өмір сүретін, сүйе алатын, жанашырлық танытатын адам. Шәкәрім осы қасиеттерді жүзеге асыратындарды, сол арқылы өзінің шынайы адамдық мақсатына жететіндерді лайықты жандар деп атап, ал керісінше, ақылсыз, ұры, пайдакүнем, жүрексіз, өзінің шынайы болмысын жүзеге асырудан бас тартқан адамдарды осы атаққа лайықсыз деп санайды. Осылайша, «жақсы өмір үшін адал еңбек, арлы ақыл, шынайы жүрек негіз болуы тиіс».

Шәкәрімнің пайымдауынша, адамгершілік адам жанымен ішінара байланысты. Адамгершілік пен ар-ождан, қайырымдылық, абырой, борыш категориялары адам жанының екі дүниедегі атрибуттары болып табылады.

Осылайша, Шәкәрім өзінің шығармашылығында қоғам мен мемлекеттің табысты даму мәселесін шешу – жеке адамның рухани ұмтылыстарын адамгершілік тұрғыдан жетілдіруде деп санайды. Сонымен бірге рухани құлдырауға, өз халқының өміріндегі шынайы құндылықтардың жоғалғанына қынжылады.

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында Қазақстан патшалық әкімшіліктің озбырлығымен, экономикалық және саяси бейтараптандырумен қатар, жергілікті халыққа шовинистік қарым-қатынасына тән патшаның ұлттық саясатының қорқынышты күйін бастан кешірді. Қазақ халқы, патшалық Ресейдің барлық бұратана адамдары ретінде экономикалық, саяси жағынан қатты зардап шегіп, дамыған халықтармен салыстырғанда өзінің білім деңгейі бойынша айтарлықтай артта қалды.

Осы тарихи жағдайда қазақ мәдениеті, философиялық және қоғамдық ой қайраткерлерінің жаңа буыны қалыптасты. Олар мемлекет пен қоғам дамуының басты шарты ретінде қазақ халқының еркіндігі мен ұлттық тәуелсіздігі идеясын ұсынды.

Егер ағартушылар қазақ қоғамының дамуындағы ауыр жағдайдан шығуын ағартушылық, білім беру, ғылымнан іздесе, қазақ халқының көрнекті қайраткерлерінің жаңа ұрпағы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов ағартушылық идеясын, ілгерілеу идеясын, рухани даму идеясын қолдай отырып, қазақ қоғамының көптеген төзімсіз қайшылықтары қазақ халқының еркіндігі мен тәуелсіздігін, ұлттық автономиясын алу нәтижесінде ғана шешілуі мүмкін деп есептеді.

Олардың пікірінше, қазақ халқының артта қалуы оның тәуелділігімен, отарлық жағдайымен, ұлттық тежелу мен кемітілуімен байланысты. Сондықтан, қазақ

зиялыларының жаңа толқынын ұсынған еркіндік пен тәуелсіздік идеясы олардың барлық қызметі мен шығармашылығының негізі болып табылады.

«Алаш» жаңа саяси қозғалысының қайраткерлері қазақ қоғамы үшін осы өзекті мәселелердің шешімін қазақ халқының саяси еркіндік пен тәуелсіздікке, ұлттық автономияға жетуімен байланыстырды. Олар еркіндік пен тәуелсіздіктің сыйлық ретінде жайдан-жай келмейтінін, еркіндік пен автономия алу қазақ халқының өз қолында, күш-жігерінде екенін жақсы түсінді. Сондықтан олардың саяси қызметі мен бүкіл шығармашылығының басты мақсаты халықты ояту, олардың еңбектерін, сайып келгенде, бостандық пен ұлттық тәуелсіздік идеясын насихаттауға арналған.

А. Байтұрсынұлы мен оның пікірлестері ұлттық бостандық пен тәуелсіздік мәселесін халықтың өзі ғана шеше алатынын, бұл мақсатқа қол жеткізу тек қазақ халқының күшімен жүзеге асырылуы мүмкін екенін түсінді. Сондықтан да өздерінің басты міндеті халықтың қазіргі әділетсіз жағдайға көзін ашу, оның белсенділігін көтеру, ұлттық санасын дамыту деп санады. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің басты идеясы мен қызметінің мәнін – Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңі өте нақты сипаттаған. Ақын қазақ халқының ауыр экономикалық жағдайын, олардың саяси алауыздығын, ұлттық тежелуін, бостандықтың болмауын қатаң айтты. Бұл ақын жанының айқайы еді. М. Дулатұлы қазақтарды белсенділікке, өзінің әділетсіз жағдайы туралы ойлануға, өз құқықтары үшін күресте бостандыққа қол жеткізген, дамыған, озық халықтар сияқты бостандыққа ие болуға шақырды.

*Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,*

*Кеттік қой отқа күйіп, өрттен қашпай.*

*Әр халық алға кетіп жатса дағы,*

*Біздің жұрт шегінеді қадам баспай... [20, 86-б.].*

Жас алашшылдар өлеңдерінің, романдарының, мақалаларының, публицистикалық очерктерінің басты идеясы – ұлттық еркіндік, қазақ халқының тәуелсіздік идеясы. «Алаш» саяси қозғалысының қайраткерлері халықтың әділдік, бақыт, игілік, тұрақты дамуға тек өзінің егемен мемлекетін алу арқылы өз күш-жігерімен қол жеткізетіндігіне сенімді болды. Олар қазақтардың еркін, әділ, өркендеген мемлекеті туралы асыл армандарын өздері жариялаған Алаш автономиясына енгізді, өкінішке орай, күрделі жағдайларға байланысты ұзаққа созылмады.

Біздің ата-бабаларымыздың, түркі халқының аса көрнекті ұлдарының әділ қоғам, тұрақты және дербес мемлекет, «Мәңгілік Ел» туралы ойлары мен армандары баға жетпес және ерекше мәнге ие. Тәуелсіз, егемен Қазақстанның қазіргі жағдайында қазақ мемлекетінің алдында қазақ халқының тұрақты даму жолдарын іздеу, өсіп-өркендеуі мәселесі жаңа тарих толқынында және жаңа өте жоғары деңгейде тұр. Көріп отырғанымыздай, елдің тұрақты дамуы тек халықтың өзіне ғана емес, оның тілегі мен рухани қасиеттеріне, мемлекетте жүргізіліп жатқан ішкі саясатқа ғана емес, сондай-ақ сыртқы саясатқа, көршілермен қарым-қатынасқа, халықаралық аренадағы біздің мемлекетіміздің беделіне байланысты. Бұл тұрғыда Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері біздің мемлекетіміздің халықаралық мәртебесін нығайту үшін көп еңбек сіңірген Елбасының еңбегі ұшан-теңіз. Мемлекеттің табысты дамуы үшін оны құрудың қарапайым декларациясы жеткіліксіз болды. Қазақстанның КСРО-дағы шектеулі егемендік шарттарынан гөрі, шын мәнінде еркін және тәуелсіз мемлекет болу қажет еді. Өзінің егемендігін алып, ішкі және сыртқы саясатын жасау, экономиканы дамыту, басқа әлемдік мемлекеттермен тең

дербес мемлекет болу үшін Қарулы Күштерді құру міндеті тұрды.

Бұл әлеуметтік-тарихи тұрғыда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясы қазіргі Қазақстанның тұрақты дамуы туралы мәселені шешу тәсілі болып табылады [21], ол үшін Елбасының көзқарасы бойынша келесі маңызды шарттар қажет:

1. Мемлекет өзін-өзі қамтамасыз ететін, тұрақты, «мәңгілік» болу үшін оның экономикасы дамыған болуы тиіс. Экономикасы нашар дамыған мемлекет үздік технологияларды шығара алмайды. Өз өндірісінің болмауы оның әрқашан осал тұсына айналмақ. Сондықтан тұрақтылыққа қол жеткізу үшін экономикалық жағынан дамыған, әлемнің алдыңғы қатарлы отыз елінің қатарына кіруі тиіс.

*2. Қазақ мемлекеті мәңгілік өмір сүруі үшін, тұрақты болуы үшін, табиғи ресурстарға бай Ұлы даланы, саны жағынан аз халық тұратын үлкен аумақты қорғай алуы үшін Отанға деген ең үлкен сүйіспеншілік қажет. Мемлекеттің еркіндігі, дербестігі мен тәуелсіздігі – халықтың өз қолында. Қазақстандықтар елді, оның тәуелсіздігін қорғауы тиіс. Сондықтан қазақстандықтардың отаншылдығы, туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілігі – Қазақстан Республикасының табысты дамуы мен өмір сүруінің қажетті шарты.*

3. Қазақстан сыртқы саясатты шебер жүргізіп, бейбітсүйгіш мемлекет ретінде көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі болуға және халықаралық ынтымақтастыққа ұмтылуы тиіс. Қазақстан өзінің бейбітсүйгіш сыртқы саясатын дәлелдеу мақсатында ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Біздің еліміз Орталық Азия өңірінде инвестицияларды тарту бойынша көш-

басшы болып табылады. Инвестицияларды кеңінен тартудағы мақсат – экономикамызда көптеген мемлекеттердің мүдделері шоғырланып, елдің өмір сүруінің маңызды кепілі болмақ. Біздің міндетіміз кез келген қиын жағдайларда көршілермен бейбіт қарым-қатынасты сақтап, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге ұмтылу.

4. Тәуелсіздікті сақтап, халқымыздың тұрақты дамуы үшін біз өз тарихымызға, мәдениетімізге адал болуымыз керек. Адам жаны абстракт емес, патриоттық – бұл ұлы рухани құндылық. Ол автоматты түрде дамымайды. Отаншылдық, өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктің негізі – біздің қазақ эпостары, жырларымыз, қазақ халқының ұлы рухани мәдениеті, Қазақ тарихы, Қазақстан ғылымы. Президенттің бағдарламалық мақаласында атап өтілгендей, қазіргі заманғы қазақстандықтың рухани дамуына үлкен назар аудару қажет, әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстанды, оның жерін сүйетін елжанды азаматты қалыптастыруға бағытталған. Ал бұл істер халықтың рухани мәдениетін игеру негізінде ғана мүмкін. Адам жанын тек рухани мәдениет қана қалыптастырады [22].

Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Оны Елбасы 2015 жылы Қазақстан халқына Жолдауында айқын көрсетіп берді: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры».

## Әдебиеттер

1. Кант И. Сочинения в 6 томах. Т. 4. – М., 1963.
2. Bitig.org / Орхон жазба ескерткіштері. Күлтегін бітіктасы. III қапталы.
3. Laszlo F. Kagan ve ailesi. // Türk Hukuk Tarihi Dergisi, I. – Ankara, 1944.
4. Moravcsik Gy. Byzantinoturcica. I–II. – Berlin, 1958.
5. Eberhard W. Birkaceski Turk unvani hakkında. Belleten, no. 35. – Ankara, 1945.
6. Minorsky V. Hudud'ul-Alem. The Religion of the World, a persian Geography, GMNS, XI. – London, 1937.
7. Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік. – Улан-батор, 1977.
8. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993.
9. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.
10. Башкирский народный эпос. – М., 1977. – С. 265–372. (мақала авторының сөзбе-сөз аудармасы).
11. Abu Nasr al-Farabi. The Book of Mind. – Almaty, Abai Club Intl., 2014. – 112 p.
12. Аль-Фараби. О взглядах жителей добродетельного города / Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Философские трактаты. – Алма-Ата, 1970. – 430 с.
13. Баласагунский Юсуф. Благодатное знание. – М., 1983. – 562 с.
14. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана, 2012. Т. 89. Аңыздық жырлар. – 2012. – 432 б.
15. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана: Елорда, 2009. – 56 б.
16. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К. Жарикбаев, С. Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
17. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе / Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 461 с.
18. Абай Кунанбаев. Собрание сочинений в одном томе. – М., 1954. – 416 с.
19. Кудайбердиев Ш. Три истины. – Алматы: Казахстан, 1991. – 80 с.
20. Дулатов М. Избранное. – Алматы, 1991. – 302 с.
21. Патриотический акт – Мәңгілік Ел / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [https:// www.kazpravda.kz/news/politika/patrioticheskii-akt--mangilik-el-polnii-tekst/](https://www.kazpravda.kz/news/politika/patrioticheskii-akt--mangilik-el-polnii-tekst/).
22. Назарбаев Н. А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya).

## 1.2. «ЕЛ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ НОМАДИЗМ

Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасының негізгі бағыты – тәуелсіздік және азаттықты даланың мәңгілік құндылықтары ретінде айқындауы. Халқымыздың бірлігін ойлаған Елбасы болашақ бірлескен ұлттың, яғни «Мәңгілік Елдің» құрастыруын экзистенциалдық, рухани байлықтарды нығайту арқылы көздеп отыр.

*Бұл зерттеуде «ел» ұғымының әлеуметтік-философиялық аспектілері отырықшы және көшпенді қоғамдардың өзгешелігі арқылы қарастырылған. Көшпенділерге тән рулық қатынастардың мағынасы басқа, өзгеше әлеуметтік тұрмыс ретінде, әрі оның алғашқы қауымдық бірлестіктен ерекшелігі көрсетілген.*

Бұл тұжырым бойынша «ел» ұғымының философиялық түп нұсқасына назар аудару қажет. Көне грек тілінде елді, ру-тайпаны «genos» деп атаған. Миф пен логос, хора мен агора, феминдік және маскулиндік, көшпенді және седентарлық қос ұғымдармен қатар генос және полис жалғасып келеді. Номадизмді анықтау ретінде «ру» – «genos» ұғымға назар аударудың себебі ондағы сингулярлық және көптіктің қабысқандығы.

Классикалық метафизикада бұл мәселе әлеуметтіктің пайда болуы, құрылымы арқылы маңыздалған болатын. Сонымен қатар қазіргі әлеуметтік онтология



философиялық дискурстың өзін әлеуметтік конструкт ретінде қарастыруда. Бұл пікірдің дәлелі ретінде Б. Ғ. Нұржановтың мәдениетке деген ерекше көзқарасына тоқтап кету қажет. Платон дәстүрі бойынша мәдениет туралы пікірді философия қалыптастырып отырған. Бұл мәселе тікелей көшпелі әлеуметтілікке қатысы бар. Мәдениет, өркениет ұғымдарының мағынасын қалыптастырушылар кім деген заңды сұрақ туады.

Б. Ғ. Нұржановтың ойынша философия отырықшылықтың нәтижесі ретінде әрі оның институты ретінде пайда болады. Ол – Сократтың ерекше азаматтық және оған сәйкес келетін субъектісін қалыптастыруға арналған бағдарлама. Философия – әлемге деген ерекше көзқарас. Сондай-ақ философияның сол әлемді құрастыратын ерекше қабілеті бар. Бұл жерде оның дискурсивтік мәні анықталады.

Философия полисте қалыптасқан болса, даналық кең далаға шексіз тараған [1, 30-б.]. Полистің бастапқы, айырықша «зиялылары» бас қосатын орталығы «агора» деп аталса, қарапайым халық мекендеген жер «хора» деп аталған. Философтар өздерінің кеңістіктерін белгілеп, шектеуге тырысқан. Мысалы, Платон, Аристотель атақты Академия, Ликей сияқты білім ордасын ашып, философияға өзгеше орын бөлген.

Сол себептен философиялық дискурс пен даналықтың айырмашылығы анықталады. Даналық өзіне орын таңдамайды, даланы, ашық кеңістікті кезіп жүреді. Ол басқаны, айырмашылықты қалайды. Дана адам даналыққа ұмтылмайды, ал философ даналықты көрермен ретінде сырттай бақылап отырады. «Театр, теория» сөздеріне үңіліп қарасақ, олардың тамырлары көру деген мағнаны білдіреді.

Номадизмнің седентарлықтан ерекше өзіндік коды бар. Дала даналарын нағыз көшпенділер деп айтсақ

болады. Олардың ой өрісі кеңістік пен уақыт арқылы шектелмеген. Көз алдымызға бірден Қорқыттың бейнесі келеді. Ол «дүниедегі бар нәрсені білген», «халықтың ақылшысы, ата-бабалар салтын, ру құрылысын сақтаушысы» [2, 134-б.], ел атасы, түркі тілдес халықтарға ортақ тұлға болған.

Е.Д. Тұрсыновтың пікірінше, Қорқыт – «хандардың, бектердің, бүкіл халықтың дана ақылшысы, алыстағыны болжағыш, көреген, жорыққа аттанатын батырларға өсиет айтатын кісі» [2, 159-б.]. Көп халықтарда әскери рәсімдерді атқаратын, жауға қарсы «киелі» күштерін жұмсаған кісілер болғаны анық. Ал Қорқыттың сөзіне құлақ түрсек, оған қазіргі философияның тілімен айтқанда «күнделікті» өмір деген сипаттама келеді.

Оғызнаманың үзіндісінде қағанның жанында «ақ сақалды, ақ шашты» қария бақсы болатын [2, 161-б.]. Бұл қария қағанның ақылшысы, саясат және соғыс мәселелеріне белсенді түрде араласып жүрген. Қалмақтар, қырғыздар жырларында «әскери магия өнерінің» иелері туралы айтылады. Е.Д. Тұрсыновтың зерттеуінде Қорқыттың әлеуметтік орнын қалайша сипаттауға болады деген сұрақ көшпелі әлеуметтіліктің ерекшелігін анықтауды қажет етеді.

Ал номадизмнің киелі бастамаларына келетін болсақ, оның өзінде тұтастықтың тұжырымы жатыр. Көне заманда адам өзінің ішкі рухани өмірін ішкі және сыртқы әлемге бөлген болатын. Сол әлемдерді кезіп отыратын. Қазіргі ойшылдардың айтуынша ол виртуалды шындыққа жатады және ондағы уақыт пен кеңістік біртұтас ағымға айналады.

Қорқыт – дала перзенті, оның өзгешелігін абыз, бақсы, шаман, ақын деген батыс ұғымдары аша алмайды. Қоғамда әр адамның орны бар деген түсініктің өзі батыс ойшылы Платоннан тараған. «Номадтар» ұғымы

виртуалды шындықты көздейді. Осы тұрғыда Қорқыт қана емес, жалпы бақсылардың әрекеттерін қарастыру жөн болар. Қорқыттың аңызға айналғаны оның ажалмен күрескенін метафора тұрғысынан қарастырсақ, грек ойшылдарының арасында бұл мәселеге көңіл бөлгендердің бірі Сократ болатын.

Болжау, көрегендік қасиет Пифагорға да тән болған. Есімін Пифияға арнап ұқсатып қойған. Ал Сократтан кейінгі ойшылдар бұл мәселеден бас тартып, Б. Ғ. Нұржанов айтқандай, философиялық сұрақтарды ақыл, білім арқылы тексеріп, бақсылықты білімсіздікке теңестіреді. Сонымен қатар сөздің киелі мәні өзгереді. Агораның арқасында сөз коммуникацияның құралына айналады.

Әрине, болжау ғылыми әдіске жатпайды. Ғылымдар арасында философия ғылымының беделі биік саналады. Сонымен қатар полис, отырықшылдық фонетикалық жазуды ойлап тапқан. Жазу арқылы бұйрық, заң, салық іске асады. Көшпенділерді полис тұрғындарымен салыстырғанда, Б.Ғ. Нұржанов мысал ретінде Сократ пен Платонның әдістерін келтіреді. Сократ сұрақ қояды, Платон үйретеді, Сократ агорада ел арасында жүріп, көпшілікті әңгімеге тартады, Платон академиясын ашып, утопиясын жазады. Сондықтан, батыс философияның әдістері мен ұғымдарын полистік тұрмыстың құбылысы ретінде қарастыру қажет.

Гректерді «episteme» және «doxa», шынайы және жалған білім арақатынасы қызықтырады. Оның нәтижесінде ойлаудың өзі бинарлық оппозицияны, диалектикалық әдістемені құрастырады. Оған софистика қосылады. Қарама-қарсылық полистік саясатқа тән, яғни қала тұрғындары өздерін басқаларға қарсы қояды. Аристотельдің ілімінде полиске қарсы келетін орман – грек тілінде «гиле» деп аталады. Оны Аристотель бастапқы материя мағынасында қолданған. Полис

орманның күшімен күресіп, өзінің кеңістігіне күштеп қосып алуға тырысады. Сондықтан, көшпелі әлеуметтілік кең мағыналы ұғым, даламен қатар орман кеңістігін де қамтиды. Әйгілі көне түрік тайпалары Алтай, Сібір өңірінен шыққан болатын.

Бүгінгі күні орман мен дала көпшілікті жер байлығымен қызықтыратын болса, көшпелі әлеуметтілікті яғни номадизмді анықтау мен ойластыру қазіргі батыс философиясының негіздерін қайтадан қарастырудан, яғни деконструкциядан басталады. «Деконструкция» ұғымы алғашқыда Ж. Деррида ұсынған Гуссерльдің «Abbau» және Хайдеггердің «Destruction» аудармасы болатын [3]. Философиялық стратегия бойынша деконструкция – метафизикалық ойлауға деген сыни пікір. Метафизикадан шығу деген сөз одан бас тарту емес, оның мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

Деконструкция метафизиканы бинарлық оппозиция ретінде сынға алады. Қос ұғымдар арасында міндетті түрде теңсіздік орнатылады, сол себептен бір ұғым екінші ұғымға қарағанда басымды, репрессивті болады. Ал метафизикалық ұғымдарға жататын бар болу, сәйкес келу, сөйлеу, сана ұғымдары жатады. Оларға қарама-қарсы келетін ұғымдарға жоқ болу, айырмашылық, жазу тән. Бұл тізімді маскулиндік – феминдік, седентарлық – көшпенді, полистік – ру-тайпалық, сингулярлық – көпшілік ұғымдарымен жалғастыруға болады.

Бұл тұрғыда О. С. Мантуровтың «XX ғасырда әлеуметтік ілімдегі құрылым мәселесі» деген диссертациялық зерттеуін келтіруге болады. Автордың негізгі ойы әлеуметтілікті құрастыру жеке мен бүтін, субъект пен объект саласынан виртуалды және өзекті салаға ауыстыру туралы болған [4].

Автордың ойынша, классикалық ғылым бойынша құрылым орталықтан және шеттен тұрады. Классикалық

емес ғылым құрылымды жоққа шығарады немесе бірнеше «кіндігінің», түп тамыры бар екендігін мәлімдейді. Нәтижесінде құрылым процесс ретінде, ашық, виртуалды әрі орталыққа тәуелсіз деген түйін пайда болады. Осы тұрғыда анықталған құрылым көшпенді әлеуметтіктің мағынасын түсіндіреді деп ойлаймыз.

Номадизмді зерттеу тарихына келетін болсақ, оны үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңде этнографиялық әдістеменің басымдылығы байқалады. Екінші кезең формациялық әдіспен байланысты болған. Үшінші кезеңде Ж. Делез, Ф. Гваттари ұсынған постструктурализм әдісі номадизмнің өзгешелігін, оның «пайдасыз» екендігін айқындап, жалпы әлеуметтіліктің шекарасын кеңейткен болатын.

Номадизмнің генеалогиясын, шығу тегін экономика ұғымы арқылы, нақты «пайда» ұғымы арқылы бейнелеу мүмкін емес. Сондықтан мемлекет, таптық қоғам сияқты отырықшылдық көзқарасқа тән ұғымдар көшпенді қоғамның мәнін аша алмайды. Формациялық әдіс көшпелі әлеуметтіліктің тұжырымын күрделендіріп, көптеген пікірталасқа айналдырды. Мысалы, көп жылдар бойы «әскери демократия», «бастапқы феодализм» туралы жазылған болатын.

М. Веберден бастау алған батыс және батыс емес әлемді бір-біріне қарсы қойып қарастыру, сонымен қатар модернизмді ұғыну номадизм туралы ілімнің қалыптасуына көп әсерін тигізді деп ойлаймыз. Бұл тұрғыда Ж. Делез және Ф. Гваттаридің тарихтан «қудаланған» көшпенділерге бет бұрғаны маңызды оқиға деп есептейміз. Олар «Мың плато. Капитализм және шизофрения» еңбегінде Батыс пен Шығыстың өзгешелігі туралы анықтайды [5].

Сонымен, алғашқы номадизмнің дискурсын жазған Ж. Делез бен Ф. Гваттари «ризома» ұғымы арқылы

көшпелі әлеуметтілікті бейнелейді. Ол номадизмнің пайдасыздығын, шексіздігін, тұрақсыздығын көрсетеді. Көшпенділер кеңістікпен өзгеше қарым-қатынас құрған. Сонымен қатар олардың шығармаларында мемлекет машинасына альтернативтік болып келетін «соғыс машинасы».

Номадизмді бейнелеу Т.Х. Керимовтің «Әлеуметтік гетерология» [6] және «Шешілместіктер» [7] еңбектерінде ұсынылған әлеуметтік философияның гетерология атты ілімі арқылы мүмкін. Гетерология «Басқа» туралы ілім ретінде мәдени және тарихи релятивизм арқылы көшпенділерді тарих ғылымының төріне көпшілік ұғымы арқылы орнықтырады.

Шешілместіктер – философиялық дискурстің өзіндік түйіндері. Ол – кезінде философияның назарынан тыс қалған сұрақтар. Оларды логика, лингвистика, семиотика әдістері арқылы анықтау мүмкін емес. Бүгінгі кезде адамдардың өмірлері айырмашылықтардан тұрады. Адамдардың ойлары, тұрмыстары, әдеттері бір-біріне ұқсамайды. Рухани салада мәдени-әлеуметтік парадигманың ауысуы байқалады. Қоғамның құрылымы да өзгерген. Сондықтан философиялық дискурстың негізгі сұрағы әлеуметтіліктің табиғаты туралы болмақ.

Батыс философиясында қалыптасқан метафизикалық әдістер мен жүйелер қазіргі замандағы қоғамның тұрмысына сай бола алмайды. Бүгінгі қоғам басынан күрделі өзгерістерді өткізіп отыр. Олардың көрінісі ретінде неотрайбализм атты бағыт байқалады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар өзгеруде. Ол заңды процесс деп ойлаймыз. Әлеуметтік философия қоғамдағы өзгерістерді айқындап талдау үшін өзінің әдістемесі туралы сұрақ қояды.

Бұл мәселе философиялық көзқарастың ерекшелігін ескеріп отырады. Философияның бүгінгісі туралы әңгіме

заңды түрде туындайды. Сонымен қатар болмыс туралы қалайша ойлауға болады деген сұрақ қойылады. Батыс метафизикасы болмыстан тыс трансценденталдық бастамға сілтейді. Метафизикадан бас тартатын болсақ, қоғамның пайда болуын, дамуын, тұрмысын бейнелейтін әдіс пен ұғым қандай болмақ? Т. Х. Керимовтің ойынша, ол гетерология ілімі және айырмашылықтар ұғымы болуы мүмкін.

Әлеуметтік ілім қалыптасқан кезде оның өкілдері нақты ғылымдардың әдістемесін пайдаланған болатын. Сонымен қатар метафизиканың ықпалымен әлеуметтілік сыртқы архетипке бағынышты болған. Әлеуметтіліктің идеалы бірлікте, тұтастықта болғандықтан ол адамдардың арасын біріктіретін феноменді қажет еткен.

Номадизм көшпелі әлеуметтілік ретінде классикалық объектілерге жатпайды. Сондықтан оны гетерология әдісі арқылы қарастыру жөн деп ойлаймыз. Гетерология тұрғысында әлеуметтілік субстанционалдыққа, ортақ түрге, болмысқа жатпайды. Әлеуметтілік – ол «бірлескен болмыс» [4, 111-б.]. Гетерология айырмашылықтар туралы ғылым ретінде номадизм тұрақтылыққа, отырықшылдыққа жатпайтындығын, оның бөлек, басқаша екендігін анықтауға жол ашады. Көптік ұғымы көшпенді әлеуметтіліктің сегментарлық принципін, негізгі ерекшелігін көрсетеді. Көшпенді қоғамға оның сегментарлыққа сәйкес келетін дискретті сингулярлығы жатады.

Рулық қоғамды Ж.-Л. Нанси ұсынған сингулярлық ұғым арқылы анықтауға болады [8]. Ж.-Л. Нансидің ілімінде «бірлестік, ұжым» ұғымдарының «басқалармен бірігу» деген мағынасына ерекше назар аударылады. Ұжымдық өзіндік сана сингулярлықтардың қосындысынан тұрмайды, өйткені ұжымның өзі жеке сингулярлық деп саналады. Осы тұрғыда болмыс жалпыға ие болу емес, басқа мағынаны білдіреді.

Бұл әдіс көшпенділікпен тұрақтылықты қарама-қарсы қоюдан бас тартып, тарихи процесті бірлескен болмыс арқылы көрсетуге бейімделген. Гетерология айырмашылықтар туралы ілім ретінде ұқсастық, үйлесімдік арқылы емес, керісінше, басқаға мүмкіндік бере отырып, модерн, өзгерту, ағарту парадигмасынан бас тартуда. Отырықшыл мәдениетін философия арқылы тануға ұқсастық ұғымы арқылы қажет болса, номадизм өзгешелік, процессуалдық ұғымдар арқылы анықталады. Классикалық субстанционалдық ілім арқылы қалыптасып жатқан, өзгеріс жолындағы әлемді танып-білуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан тұрақсыз көшпенді ру-тайпалық қоғамды зерттеу үшін классикалық емес ұғымдармен әдістерді іздестіру қажет. Көшпенді қоғамды анықтайтын «социема», «со-бытие» ұғымдары болуы мүмкін.

Туысқандықтың процессуалдығы түркі тілде қалыптасқан ұғымдар арқылы бейнелеуге болады. «Ру», «ұлыс», «тайпа», «жұрт», «тұқым», «тек», «сүйек» ұғымдарының астарында белгілі әрекеттер жатыр. Рулық өмірдің ішкі болмысында матримониалдық туысқандық принциптер және гендерлік саясаттар жатыр. Сол арқылы көшпенді қоғамның гетерогендігі сақталады. Көшпенділердің саяси одақтастығы территориалдық, бюрократиялық басқару жүйелерден тыс дамуын гетерогендік арқылы түсіндіруге болады. Күнделікті өмірде белгілі болатын «шежірелік» көзқарас рулық өзгешеліктерді ежелден қалыптасқан намыс және құдалық заңдылықтары арқылы сақталып отыр.

*Мысалы, Қазақ хандығының тарихындағы намысқа тірелген оқиғаларды келтіруге болады. Сонымен қатар ру, тайпалар арасындағы қатынастар жеке тұлғалардың қасиеттеріне, әрекеттеріне, өмірлеріне тәуелді болғаны мәлім. Сондықтан ел басқарған азаматтар өздерінің қандастарының*



*жағдайларын ойлап, олардың пікірлеріне назар аударып, санасқан болатын.*

XV ғасырда Алтын Орданың қол астынан Қазақ хандығын құрастырған тайпалардың көшіп кеткені белгілі.

Көне түркі тайпалардың матримониалдық саясаты туралы алғашқы ғылыми тұрғыда жазған О. Сүлейменов болатын. Өзінің «Аз и Я» атты еңбегінде тарихи-лингвистикалық талдау арқылы көшпенділердің туыстық қатынастарының саяси-әлеуметтік өмірге деген әсерін анықтап талдау жасаған. «Тарихи мәліметтердің бір-ақ қайнар көзі – тіл. Ол – өткен дәуірлердің ең сенімді, шежірелердің «өз көзқарасынан» мүлде ада. Құжат тіл – уақыт мүддесінен тыс: идеологиялық толқуларға бағынбайды, нағыз дәл дерек» [9, 139-б.].

Олай болса, ежелгі түркілердің тарихын тіл арқылы зерттеуге болады. «Неке» атты тарауында «626 жылы Византия арабтарға қарсы хазарлармен одақтық шарт жасады» [9, 133-б.] деп жазады. Бірнеше ғасыр бойы Византияның саясатында барлық мәселе көшпелі түркілердің қатысуымен шешілетін болған. Мысалы, Византияның императорлары хазар ханшаларымен некелесу арқылы араб басқыншылығынан қорған табады, тіпті сарай сақшысына хазар жасақтарынан гвардия құрады. «Әулет пен әулет өкілдерінің өзара некелесу дәстүрі түркі халықтарында ежелден бар. Үйсін ханы (гуньмо) Қытай императорының (III ғасыр) қызына үйленгені мәлім. Мұндай дәрежеге кез келген түркі әміршісі жете бермейді. Жоғарғы билікті армандаған Сыби-хан 630 жылы қытай императорына құда түседі» [9, 134-б.].

Осылайша құдалық арқылы ел арасында туысқандық байланыс, одақтастық пайда болады. Мысалға О. Сүлейменов Тұран қыздарының атқарған міндеттері туралы ескертеді. Грузин патшасы Дәуіт IV қыпшақ еліне құда

түсіп, Артық ханның қызына қолқа салады. Бұл оқиғалардың астарында әйел жұрты орыс тілінде «торкин» яғни төркін деген мағынасы арқылы сіңіп, «төркілер» деген тайпаға айналады.

Жалпы орыс тарихында Даламен жасалған әулеттік некелер туралы көптеген деректер бар. Қыпшақтар өздерінің славян «құдаларына» болысып, олардың сыртқы жауларына қарсы шыққаны мәлім [9, 138-б.]. Сонымен қатар, 1125 жылы Дидгори жерінде араб-сельджук әскеріне қарсы тұрып, Артық хан күйеу баласын аман алып қалады.

Тарихтың бастамасы әрі көзі – тілде. «Игорь жорығы туралы сөзді» талдаған О. Сүлейменов түркі сөздерін славян тілімен араласып, сіңген деп дәлелдейді. Орыс, украин, болгар, сербохорват тілдерінде «брак» деген сөзі үйлену деген мағынаны білдіреді. Көне орыс тілінде «брак» сөзі «одақ» деген мағынаны берген. О. Сүлейменов осы сөздің шыққан тегін қыпшақ тіліндегі «бір, бірлік» сөзінен тараған деп қорытындылайды.

Славяндар көптеген түркі елдермен қатар өмір сүрген, сондықтан оларға тілмен қатар даланың салттары да таныс болған. Дала дәстүрі бойынша нағашы жұрт жағынан туыстық аса баянды болып саналған. Ол қазақ тілінде шеше жағынан «жиен, нағашы, бөле, төркін» атты ұғымдары арқылы белгілі. О. Сүлейменовтің ойынша, даланың құда болу рәсімдері мен заңдары – матриархаттық кезеңнің белгілері. Бұл дәстүрді өз пайдасына жұмсаған орыс князьдары ақыры Туграханнның түбіне жетті.

«Аз и Я» зерттеуіндегі көтерілген мәселе отырықшы мәдениетке қарағанда Дала мәдениетінің ерекшелігі мен өзгешелігі туралы болған. Әсіресе, ондағы туыстықты бекітетін некелік дәстүрге айналған құдалықтың амалдары мен әрекеттері маңызды. Біз оған соншалықты мән беріп отырғанымыз, осы дәстүрдің арқасында жалпы

көшпелі әлеуметтілік болмыс қалыптасты деген ойдамыз. Сондықтан «ру, тайпа, ел» деген ұғымдарға алғашқы қауымға, көне заманға тән «одақтастық» деген мағына үйлеспейді және оның мәнін ашпайды.

Көшпелі тұрмыс тұрақты әрі қалалық мәдениетке қарағанда артықшылықтары басымырақ деп ойлаймыз. Оның негізгі артықшылығы «ел» деген ұғымда, сонымен қатар елдік, немесе рулық, туысқандық қатынастарда жатыр. О. Сүлейменов зерттеген көне орыс жазбаларында көшпенді қыпшақ тайпалары туыс, жақын бауырларын қорғап жүргендігін баяндайды.

Негізінде классикалық қоғамтану ғылымы бойынша «ру» деген ұғым алғашқы қауымдық қоғамды бейнелейтін ұғымға айналған. Сонымен қатар «әлеуметтік бөлініс басталмаған және өндіріс күштері дамымаған» деген мағынаны білдірмек. Ру қоғамның бастамасы болғандығы, ата-анасы жағынан туыстықты білдіретін топтар деген пікір этнографиялық әрі антропологиялық зерттеулер арқылы пайда болған. Ол зерттеулер атақты Л. Морган, Дж. Ф. Мак-Леннан, И. Я. Бахофен, Э. Б. Тэйлор және т.б. ойшылдардың еңбектері арқылы жарыққа шыққан. Олардың түп негізінде Аристотельдің теориялық үлгісі байқалады. Бұл үлгі бойынша мемлекет жеке әулеттерден құрылады [10].

Аристотельдің ілімі біріншіден әлемнің субстанционалдық бейнесін білдіреді. Екіншіден жеке полисті, жеке қала мемлекетті бейнелейді. Ондағы адамның орны предикативті қасиеттер арқылы белгіленген. Яғни адамгершілік, қайырымдылық ұғымдары адамның қоғамдық өмірге бейімделгенін анықтайды. Қоғам жалпы ұғым болғандықтан адамнан бұрын пайда болады және адамды өзіне бағындырады.

Аристотельдің бір сөзінде адам полистік, саяси жануар деп айтылған. Ол дегеніміз адамның бойына дарыған

этикалық ізгіліктер арқылы полистік, мемлекеттік өмірге лайық болып жаралған. Дала өмірінің заң тәртіптері бөлек, басқаша деген сөз болу керек. Қала тұрғындары белгілі тәрбиеден өткен, жетілген азаматтар. Олардың алдында бақытқа, дәулетке жету мақсаттары қойылған. Керісінше, дала тұрғындары – жетілмеген, мақсаты анықталмаған халықтар. Оларды ағарту, тәрбиелеу арқылы жетілдіруге болады.

Яғни халықтар арасындағы қатынастар жөнінде ағартушылық бағдарламасы көне грек философиясынан тараған. Ал оның әсері кейін эволюционизм, географиялық детерминизм, этнография және мәдени антропология сияқты ілімдерден байқалады. Кең тараған формациялық ілім бойынша қоғамның дамуы ең төмен сатыдан басталып өндіріс күштері дамыған сайын жоғары сатыға көтеріледі. Сондықтан мемлекет рулық қоғамға қарағанда жетілген қоғамның белгісі болып саналады. Әрине, бұл пікір көшпелі елдің шынайы мәнін әрі ерекшеліктерін көрсете алмайды.

Көшпелі мәдениеттің тарихын зерттеушілер рулық қоғамға келгенде бір қарама-қайшылыққа тіреледі. Көне көшпенділер рулық қатынастарын сақтай отырып, тарихта ең ірі мемлекеттерді құрастырады. Сонымен қатар хандар мен қағандардың биліктеріне бағынған тайпалардың арасында зорлық пен теңсіздіктің болмағаны мәлім. Рулық қоғам туралы абстракциялық ойлаудың нәтижесінде көшпелі әлеуметтіліктің ерекшелігін түсінуге кедергі болды.

Мысал ретінде М. Ковалевскийдің «Рулық тұрмыстың қазіргісі, таяудағысы мен ертедегісі» атты монографиясына тоқталып кетейік [11]. Бұл шығарма – Ресей империясының жан-жақтан қосылған халықтардың алғашқы этнографиялық және қоғамтану зерттеулерінің бірі. Олардың ішінде көшпелі қазақ, қырғыз, якут, қалмақ

тайпалары, сонымен қатар таулы аймақтардың тумалары енгізілген. Автордың ойынша рулық құрылыс «адамзаттық қоғамның дамуындағы өтпелі кезеңге жатады» [11, 106-б.].

Бұл пікір эмпирикалық бақылаумен қарама-қайшы келетін жағдайлары байқалады. Аталған қазақ, қырғыз елдерінің рулық құрамдары қандық, тамырлық негіздермен қатар саяси одақтардың түріне жатады. Сонымен қатар М. Ковалевскийдің байқауы бойынша көшпелі елдер арасында туыстық сезім, бір-біріне деген қамқорлығы, ынтымақтастығы кең тараған.

Рулық өмірдің негізгі белгісі ретінде таңба, экзогамды неке және елдің намысын жақтайтын кек дәстүрі болып табылады. Автордың ойынша таңба малға қойылатын белгіден тараған. Ал экзогамия жеті атаға дейін некелесуге тыйым салынған заң болып табылады.

М. Ковалевскийдің байқағаны, қалмақтардың рулық құрамы әскери одақтарға ұқсайды. Қырғыздар мен қалмақтардың тайпалары балқар, черкес тайпаларымен этникалық тұрғыда ұқсамай тұрса да, олардың рулық және тайпалық құрамдары ұқсастығын білдіреді. Ал рулық өмірдің маңызды ерекшелігі оның некелік дәстүрінде. Бұл пікір жеке құқық ретінде ғана емес, жалпы көшпелі әлеуметтіліктің ерекшелігін білдіретін жағдай.

Ұқсас ойларды Ш. Уәлиханов өзінің көптеген еңбектерінде жазып кеткен болатын. Оның ойынша рулық одақтардың саяси мағынасы толқу кезеңінде байқалады. Сол кезде бытыраңқы тайпалар өздерін қорғау үшін күш біріктіреді. Осылайша Сарайшықта Ноғай ордасы, Ташкентте Моғол ұлысы, Жетісу өңірінде Қазақ ордасы, Астрахань, Қазан, Қырым хандықтары пайда болған.

Оның келтірген қырғыз-қайсақ аңыздары көшпенділердің белсенді саяси өмірлерін баяндайды. Қажет болған жағдайда олар одақ құрып немесе бұрынғы

дипломатиялық байланыстарын үзуден бас тартпаған. Ш. Уәлиханов өз еңбектерінде қазақтардың шежіресіне көп мән берген. Бір жағынан ол патша өкіметінің ағартушылық саясатын жүргізген, ал екінші жағынан өз елін ғылыми тұрғыда зерттеген. Қазақтардың шежіресін қағазға түсіріп, даланың сот реформасы туралы, мұсылмандық туралы, бақсы-шамандық туралы, халық ауыз әдебиетін, ежелгі әскери қару-жарақ туралы жазған болатын.

Бұл зерттеулердің арасында «Қырғыздардың шежіресі» атты мақаласы ерекше орын алады деп ойлаймыз [12]. Халық ауыз әдебиетінде оның барлық тарихы жатыр деп жазған. Шежіре елдің өмірін қамтиды, сонымен қатар оның өмірін құрастырады. Яғни шежіре өткен заманға арналғанымен, болашаққа ұмтылыс деп айтуға болады.

Тарих бүгінгі күнмен шектелмейді, ол – біріккен болмыстың түрі, қоғамның, тұтастықтың белгісі. Оны «событие» деп атаудың ерекше мәні бар. Онда жетілген батыс өркениетінің қолы жетпеген теңдіктің, туыстықтың белгісі бар. Батыс социалистері үшін утопия болып көрінген қоғам көшпелі рулық қатынастар арқылы байқалады.

Сонымен қатар ағарту кезеңінің басты ұраны болған азаттық ұғымы Ш. Уәлихановтың зерттеуі бойынша қазақтарға таныс болған. Жан-жақтан Ресей, Қытай өкіметтерінен қысымшылық көрген ел Дала сахарасын мекендегені белгілі. Қала тұрғындарымен салыстырған кезде, даланың басты заңы жеке тұлғаның еркіндігі мен азаттығы бірден көзге түседі. «Қазақ» деген аттың өзі еркін адам деген мағынаны білдіреді деп жазады Ш. Уәлиханов [12, 207-б.].

Қазіргі кезде қоғамтану ғылымдар арасында эволюциялық ілімді жаңарту түрлері кездеседі. Олардың ішінде

Д. М. Бондаренко, Л. Е. Гринин, А. В. Коротаев ресейлік ғалымдардың «Әлеуметтік эволюцияның баламалары» атты еңбегінде мемлекеттің пайда болуы туралы пікірлер ерекше орын алады. Авторлар ұсынған пікір бойынша мемлекет саяси-әлеуметтік ұйымның жалғыз түрі емес. Сонымен қатар алғашқы қауымдық құрылыс мемлекеттің пайда болуымен шектелмейді, оның басқа түрлері болуы мүмкін [13]. Мысалы, мемлекет қоғамның, жалпы әлеуметтіліктің ең жоғары сатысы деген ойға олар күмән салуда. Мемлекетке дейінгі ұжымдар одан да күрделі және тиімді болуы мүмкін.

Осыған ұқсас ойлар Ф. Ницшенің «Генеалогия морали» еңбегінде байқалады. Көне мемлекеттің зорлық арқылы орнатылғандығы туралы, тирания, өз бетімен жүрген халыққа әкімшілікті қара күшпен орнатқандығы туралы баяндалады [14, 103-б.].

Рулық қоғамда қалыптасқан ата-бабалардың алдындағы «парыз» ұғымы кейін мемлекеттің алдындағы парызға айналады деген пікір бар. Ф. Ницшенің ойынша мемлекет дайын идеалды модель ретінде пайда болады. Бұл көзқарас тарихтың дамуын эволюциялық жолдан басқа жолға сілтегенімен бірдей. Бұл тұрғыда капиталистік қоғамның қалыптасу барысындағы ішкі драмасын суреттеген Ф. Ницше кейінгі ұрпақтың алдында дамыған өркениеттің «жабайы» елдерге көрсеткен зорлық-зомбылықтарын ақтаудың амалы деп білуге болады.

Біздің ойымызша елдік, туысқандық одақтың арқасында көшпелі халықтар капиталистік қоғамның деспотиясы мен зомбылығынан аман қалып, өзіндік рухани, мәдени ерекшелігін сақтап қалған. Сонымен қатар, көшпелі әскери және саяси одақтастық бюрократиялық, жергілікті институттардың басқару амалының жүйесіз қалыпсуын көздеген. Олардың күнделікті тұрмыстары генеалогиялық көзқарасқа, рулық өзгешеліктерге,

туысқандықтың матримониалдық стратегиясына негізделген болатын.

Туысқандық одағының маңыздылығы туралы функционализм атты бағыттың өкілі Рэдклифф-Браун жазған болатын. Оның ойынша әлеуметтік қатынастардың қалыптасуында экономикадан, шаруашылықтан тыс құрылымдық бастамасы болған [15]. Туысқандар арасындағы құқықтар мен міндеттер әлеуметтік нормалар ретінде шаруашылыққа тәуелсіз және әлеуметтілікті айқындайды.

Рэдклифф-Браунның ойынша Көне Грек жерінде рулар мен тайпалар өздерінің құқықтарын полиске, мемлекетке табыс еткен. Көшпенділер тұрмысына келетін болсақ бұл жағдайды елестету қиын. Көптеген зерттеулерде ру-тайпалық қоғам дағдарысқа ұшырап, соның салдарынан таптық кезеңге жол ашылды деген пікір кең тарағаны анық. Рэдклифф-Браун бұл пікірді сынға алып, керісінше, полистік жүйенің арқасында рулық, туысқандық қатынастар жойылды деген өзгеше пікірді ұсынған болатын.

Қалалық мәдениет прогрессивті өзгерістерді енгізді деген пікірге күмән келеді. «Сондағы полистік мәдениеттің пайда болу себебі мен ішкі механизмі қалайша қалыптасқан?» деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа біз жақын қатынастар арқылы туындағын деп жауап бере аламыз. Рулық қатынастар феминдік бастамаға негізделген, ал полистік жүйе маскулиндік модель арқылы құрастырылады.

Сондықтан қалалық мемлекет пайда болған кезде, рулық, туысқандық қатынастар міндетті түрде өзгереді. Онда теңсіздік пен үстемдік пайда болады. Бұрынғы рулық өзгешелікке тыйым салынады, өйткені мемлекет бұрынғы байланыстарды үзіп, сәйкесінше, біртектілікке ұмтылады.



Көне мемлекет пен патшалық билік институтының алғашқы қалпы туралы Л. Мамфорд өз ілімінде баяндайды [16]. Автордың назарына алғашқы қауымдық кезеңдегі «бастапқы ауылдық мәдениет» түседі. Ол «бірлік, коммуникация, кооперация» ұғымдары арқылы сипатталған себепте және өзіндік рәсімдер бірлігінің арқасында өзін-өзі билеу еркі болғандықтан ру-тайпалық қоғамға теңістіруге болады деп ойлаймыз. Ал алғашқы қауымның орнына мүлдем басқаша ұйым келеді. Ол әлеуметтілікті вертикалды кеңістікке бағыттайды. Адамдардың амалдарын, өмірлік күш-қуатын отбасынан, елден қоғамға, мемлекетке аударып жіберді.

Жаңа әлеуметтік ұйымның, яғни әлеуметтік машинаның пайда болуын Л. Мамфорд «мутация» ұғымы арқылы сипаттайды. Рулық қоғамда ұжымдастық сендіру арқылы қалыптасқан болса, мутацияның салдарынан жазалау мен мәжбүрлеу пайда болды. Л. Мамфорд атаған мутация жыныстық қатынастар арасында болған өзгерістердің бір түрі деген болжамды ұсынып отырмыз. Атақты Эдиптің кешені тек әке мен бала арасында емес, сонымен қатар ата-ана арасындағы қарым-қатынастың бір түрі болуы мүмкін.

Бұл әлеуметтік машина белгілі білім саласының, бюрократиялық әкімшіліктің дамуын талап етеді. Сонымен қатар биліктің жаңа түрі күмәнсіз әрі сөзсіз, мүлтіксіз бағынуды мұқтаж етеді. Сондықтан ол тіпті зорлықтан, террордан бас тартпаған кездері де болған. Л. Мамфордтың айтуынша бұрынғы отбасымен, ру-тайпамен, елмен туа біткен бірлікті үзіп, одан мықты патшалық, мемлекеттік ынтымақтастықты орнату үшін жаңадан діни рәсімдер мен дәстүрлерді орнату қажет болды. Кезінде бұл мәселе көптеген француз ағартушыларына, жалпы әлеуметтік философияға ойтүрткі болған.

Рулық қоғамның өзгеру мәселесіне қызығушылық қазіргі әлеуметтану ғылымының бағытының бірі деп айталамыз. Туысқандық феноменге көп көңіл бөлген ойшылдың бірі П. Бурдьё болатын. «Практикалық мағына» атты еңбегінде ол туысқандық ұғым шындықты қалыптастырады деп жазған [17]. Сонымен қатар рулық байланыстарды бейнелейтін генеалогия этнология ғылымының зерттеу объектісі болып табылады.

Бұрынғы француз колонияларын этнография тұрғысында зерттей отырып П. Бурдьё капиталистік қатынастардың дәстүрлі қоғамдарды бұзып, оларды дағдарысқа ұшыратқанын талдайды. Тек өзінің пайдасын ойлайтын капиталистік экономикалық қатынастар, әсіресе, несие, ақшалы келісім шарттар туысқандар арасында мүмкін емес. Бұл жерде Аристотельдің «Саясат» атты еңбегін еске алатын болсақ, онда ол мемлекеттің басты мақсатын дәулетті жинастыру деп жазған [10].

Туысқандық қатынастар жүйесі капиталистік қатынастарға кедергі болып отырғаны анық. Сол себептен көшпелі елдердің шаруашылықтары капиталистік экономикадан бас тартқаны болар. Олар кезінде грек, рим елдері сияқты өздерінің туысқандығынан айырылмаған. Бұл пікір П. Бурдьенің мұсылман этикасын қарастырған кезде сый тарту туралы ілімді қолданғаны анық. Егер Аристотель үшін иелену байлық, дәулет үшін қажет болса, мұсылмандарға байлық жақындарымен бөлісу үшін қажет болған. Капиталистік қоғамға дейінгі мәжбүрлік символдық тұрғыдағы парыздың түрі болған. Ал шарифат заңы бойынша өсім алушылыққа тыйым салынған.

Сонымен қатар Э. Гидденс туысқандық қатынастардың өзгеруі мәселесін зерттеген болатын. «Қоғамның құрылымы: құрылымдық теориясының очеркі» атты шығармасында эволюциялық ілімнің адамзат тарихы үшін «тар» екендігі туралы мәлімдеген болатын [18].

Э. Гидденс үшін мемлекеттің пайда болуы дәстүрлі қоғам және қазіргі батыс әлем арасындағы алшақтықтың белгісі. Әлеуметтанудың мақсаты осы алшақтықтың себептерін тауып түсіну деп жазған. Біздің зерттеуге Э. Гидденстің трайбалистік қоғамдағы туысқандық және ондағы дәстүрлер туралы пікірі өте маңызды болып көрінді.

Алғашқыда жеке тұлғалар бірлестігі туысқандық сезім арқылы қалыптасқан. Дәстүр арқылы олар табиғаттың сыры мен мәңгілік құндылықтарды танып білген. Ру-тайпалық қоғамдар сегментарлық жүйеге бөлінген.

Ру мен мемлекеттің арасындағы күрделі айырмашылық қоғамдарды үш түрлі жіктеу арқылы анықтайды. Ру-тайпалық қоғамға әлеуметтік және жүйелік интеграция тән. Ал таптық қоғамда олар бір-бірінен шектелген. Трайбалистік қоғамдардың тіршіліктері көп уақытқа созылғанымен әлемдік жүйелерді қалыптастырмаған.

Ал, керісінше, капиталистік қоғамдар қысқа мерзім аралығында әлемдік жүйелерді құрастырып үлгерді. Әрине, көшпелі халықтардың тарихына келетін болсақ, Батыс пен Шығысты біріктіріп, алғашқы әлемдік жүйені солар жасап кеткен. Бұл жерде Э. Гидденс өзінің пессимистік көзқарасын дәлелдеуге бет бұрған. Капиталистік қоғамға келетін болсақ, ол Аристотельдің бағдарламасына сәйкес келетін секілді. Басты мақсат байлықты көбейту болса, ол шынымен тап қазіргі заманда орындалып жатыр деп айта аламыз. Таптық қоғамда экономика мен мемлекеттік құрылыс бірігіп тұтасып кетеді.

Алғашқы батыс көзқарастан тыс рулық қоғамды, көшпелі әлеуметтілікті зерттеген Ибн Халдун болатын. Оның атақты еңбегі «Мукаддима» өзінің маңызын жоғалтпай отыр [19]. Ибн Халдун мемлекетті зерттегенімен, көшпенді арабтардың салт-дәстүрлерін жоғары бағалаған. Араб тайпаларының тағдырында күрделі

өзгерістер болған. Ашық кеңістіктен өмір жолын бастап, қалалық өмірге дейін жеткен көшпенді араб тайпаларының тарихы ғалымды ерекше қызықтырған болар.

Араб философиясын зерттеуші А.В. Смирновтың ойынша араб тілінің ерекшеліктерін ескеру қажет. «Тіл – ол тек ойымызды жеткізетін құрал емес. Тіл – ол ойдың кеңістігі. Ойлаудың өзі тілмен тікелей байланысты» [20, 55-б.]. Ал араб тілінің маңызды сипаттамасы әлемді «процессуалдық» тұрғыда бейнелеуінде. Оған қарағанда орыс, еуропа тілдері әлемнің субстанционалдық бейнесімен байланысты. Субстанционалдық көзқарас бойынша әлем жеке заттардан тұратын болса, процессуалды көзқарас әлемді амал, әрекет, интенция арқылы бейнелейді.

Туысқандық, рулық қатынастарға келгенде Ибн Халдун оған өзгеше ұғым ойлап тапқан. Ол «асабийя» яғни «бірлік, ынтымақтастық» мағынаны білдіретін ұғым. Асабийя рудың, тайпаның, елдің, қоғамның жеке бөлшегі ретінде емес, тұтастықтың амалы деп айқындайды. Асабийяның арқасында көпшілік ашық кеңістікте, дала тұрмысында аман қалып, өмірін жалғастыра білген. Сахара жерінің тұрғындары міндетті түрде ел басшыларына сөзсіз бағынған.

Ибн Халдун болашақ капиталистік қоғамның мәселелерін алдын-ала болжаған сияқты. Жеке меншік дамыған сайын адамдар арасындағы тікелей байланыс жойылып, аралары ашылып кетеді. Бұл жағдай адамның рухани өміріне әсер еткен. Осы мәселе ХХ ғасырдың философиясына экзистенциалдық дағдарыс атты күрделі тақырыпқа айналды.

Грек және араб көзқарастарын салыстыратын болсақ, олардың айырмашылықтарын субстанционалды және процессуалды көзқарас арқылы, сонымен қатар әлеуметтік тұрмыс арқылы байқауға болады.

Аристотельдің ой-жүйесі заттардың мәніне үңілген болса, арабтар әлемді процестер жиынтығы деп бейнелеген.

Бұл ерекшелік Ибн Халдун мен батыс ойшылдарының арасындағы туысқандыққа, жалпы тарих пен әлеуметтілікке деген көзқарастарының айырмашылығын айқындайды. Батыс философиясында қалыптасқан эволюционистік, формациялық, функционалдық дәстүрлердің арқасында рулық қоғам жалпы қоғамның даму кезеңі деген сипаттамаға ие болған. Сонымен қатар ру, тайпа қоғамның құрамындағы оның бастапқы бөлшегі ретінде қарастырылады. Ал Ибн Халдунның іліміне келетін болсақ ру, тайпа тұрмысын жалпы адамзат тарихымен, дәстүрімен, адамның ішкі жан дүниесімен жалғастырған. Мемлекетке апаратын жол ашық кеңістіктен басталады. Шектеулі кеңістікте адамдардың тұрмысы жақсарған сайын, олардың адамгершілік қасиеттері әлсірейді.

Байлық пен дәулет адамды азғырады. Сондықтан олар мемлекеттің күшімен ғана ынтымақтастыққа қол жеткізеді. Асабийяның орнына тәуелділік пайда болады. Осылайша рулық қоғамның «асабийя» ұғымы арқылы деңгейін көтерген Ибн Халдун болашақта этногенез, географиялық детерминизм сияқты ілімдерге жол салды деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде көпшілікке танымал Л. Н. Гумилевтің пассионарлық туралы ілімінде [21], рулық өмірдің деструктивті аспектілерін, яғни рулық намыс, кек сияқты ертеде қалыптасқан дәстүрлер туралы Р. Жирардың [22] ілімінде кездесетін сұрақтар мен тақырыптар алғашқыда Ибн Халдунның еңбектерінде қойылды деп айта аламыз.

Көшпенділердің тарихын зерттеушілердің арасында Л. Н. Гумилевтің орны ерекше. Тарихтың даму жолдарына, оның ішкі заңдылықтарына мән беріп, эволюциялық, формациялық көзқарастарды сынға алған. Ғалымның ойынша, әлеуметтілік пен этногенез – тәуелсіз өмір сүретін

феномендер. Бұл формациялық әдістен шығудың амалы болар. Оның пікірінше техниканың дамуы мен әлеуметтік саланың географиялық ортамен байланысы жоқ. Яғни, басында айтылғандай, көшпелі әлеуметтілік тек дала емес, сонымен қатар орман жерінде пайда болған. Батыс метафизикалық көзқарастан тыс этногенез ілімі арқылы отырқышылдық пен көшпелі әлеуметтіліктің мәнін, әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін айқындауға болады.

Көшпелі қоғамды седентарлық қоғаммен нақты тарихи деректермен салыстыратын болсақ, И. В. Ерофееваның «1675–1821 жылдар аралығындағы қазақ хандарының эпистолярлық мұрасы» атты зерттеуіне тоқталып кету қажет [23]. Қазақ хандарының жазған хаттары арқылы рулық қоғамның орыс, қытай, парсы өркениеттерімен салыстырып айырмашылықтарын көруге болады.

Автордың ойынша қазақ хандарының Ресей патшаларына жазған хаттары арқылы даланың саяси мәдениеті көрсетіледі. Мысалы, біріншіден, қазақ хандары шежіреге көп мән берген. Екіншіден, дала саясаты бойынша жалпы мемлекет, азаматтық туралы басқаша пікірде болған. Ресей мемлекетінің заңы бойынша қазақ даласы толығымен орыс патшалығының меншігіне айналып, қазақ елі салық төлеп, әскери міндетін атқаруға тартылған. Ал қазақ хандары болса, Ресей патшасы қазақтарды сыртқы жаудан қорғап, тұрмыс-тіршілігін ойластырады деп үміттенген.

Көшпелі елдің хандары жерді, халықты билеп отырды деуге болмайтын да шығар. Өйткені көшпелі ел қоныстарын жағдайына қарай ауыстырып отырған. Әскери әкімшіліктің өзі тұрақсыз, жалпы айтқанда ханның билігі «әлсіз» болған. И. В. Ерофеева жазғандай, «көшпелі қоғамда басқару және мәжбүрлеу институттары болмағандықтан (тұрақты әскер, әкімшілік, полиция, түрме және т.б.) биліктің өзі жоғары басқарушының

қолына уақытша, қайтымды, тұрақсыз келіп кетіп отыратын жағдайға айналған» [23, 55-б.].

Абылай хан Орынбор губернаторына арналған хатында «Біздің Дала сіздердің Ресей сияқты шектелмеген, кең, онда кез келген адам көшіп жүреді» деп жазады [23, 55-б.]. Әкімшілік аппараттың жоқтығынан кең далаға билік генеалогиялық жүйе, яғни шежіре арқылы орнатылған. Шежіренің үстемдігі туысқандық қатынастарды мойындау деген сөз. Ал халықты шын мәнінде өзінің тұлғалық қасиеттерімен, даналығымен, елдің, жұрттың ақсақалдары және батырлары басқарып отырған. Оларға хандар сүйенген. Еуропа мемлекеттеріне қарағанда көшпенділер келісім шарттарды өзгеше қабылдаған.

*Түйін ретінде біріншіден, көшпелі қоғамды зерттеуде «ел» ұғымы маңызды әрі мағыналы деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясында қазіргі заманға сай номадизмді айқындайтын ғылыми-әдістемелік шешім анықталған.*

Әлеуметтік философиялық әдебиетті талдау нәтижесінде рулық қатынастардың көшпелі әлеуметтіліктің негізі деген қорытынды шығаруға болады.

Қазіргі философиялық дискурс көшпелі әлеуметтілікке, сонымен қатар «Ел» атты феноменге ерекше көңіл аударып отыр. Сол себептен қазақ елінің рухани-жыты мәңгілік өшпес мұраға айналып, келешек ұрпаққа жетеді деп сенеміз.

## **Әдебиеттер**

1. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология в новом ключе: Учеб. пособие для ун-тов. – Алматы, 2011. – 372 с.

2. Турсунов Е. Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы, 2001. – 168 с.
3. Современный философский словарь. – М., Б., Ек. – Одиссея, 1996. – 608 с.
4. Мантуров О. С. Проблема структуры общества в социальной теории XX века: автореф. дис. канд. филос. наук: 09.00.11 / О.С. Мантуров; Урал. федер. ун-т им. первого Президента России Б. Н. Ельцина. – Екатеринбург, 2012. – 25 с.
5. Делез Ж. Гваттари Ф. Тысяча плато. Капитализм и шизофрения / Ж. Делез, Ф. Гваттари. – Екатеринбург, 2010. – 896 с.
6. Керимов Т.Х. Социальная гетерология. – Екатеринбург, 1999. – 170 с.
7. Керимов Т. Х. Неразрешимости. – М., 2007. – 218 с.
8. Нанси Ж.-Л. Бытие единичное множественное: пер. с фр. В. В. Фурс, ред. Т. В. Щитцова. – Мн.: Логвинов, 2004. – 272 с.
9. Сулейменов О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. – Алматы, 1975. – 298 с.
10. Аристотель. Политика / Аристотель; [пер. с др.греч. С. М. Роговин]. – М., 2010. – 592 с.
11. Ковалевский М. М. Родовой быт в настоящем, недавнем и отдаленном прошлом (отрывки) / Антология русской классической социологии: Тексты / Сост. и коммент. Д. С. Клементьева, Л. Н. Панковой. – М., 1995. – 240 с.
12. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. Т. 1. – Алматы, 1961. – 777 с.
13. Бондаренко Д. М., Гринин Л. Е., Коротаев А. В. Альтернативы социальной эволюции / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [https://www.socionauki.ru/book/files/early\\_state\\_ru/15-36.Pdf](https://www.socionauki.ru/book/files/early_state_ru/15-36.Pdf).
14. Ницше Ф. Генеалогия морали. Пер. с нем. В. А. Вейншток; ред. В. В. Битнер. – СПб., 2016. – 224 с.
15. Рэдклифф-Браун А. Р. Структура и функции примитивного общества / Пер. с англ. – М., 2001. – 304 с.
16. Мамфорд Л. Миф машины. Техника и развитие человечества / Пер. с англ. Т. Азаркович, Б. Скуратов; ред. Е. Пучкова, Н. Хотинский. – М., 2001. – 408 с.
17. Бурдьё П. Социальное пространство / Пер. с фр., ред. Н. А. Шматко. – СПб., М., 2005. – 576 с.
18. Гидденс Э. Устройство общества: очерк теории структуризации / Э. Гидденс. – М., 2003. – 528 с.
19. Ибн Халдун «Ал-Мукаддима». Арабо-мусульманская философия: Антология / Ред. А.В. Смирнов. – М., 2013. – 267 с.
20. Смирнов А. В. История арабо-мусульманской философии: Учебник / Ред. А. В. Смирнов. – М., 2013. – 255 с.
21. Гумилев Л. Н. Этногенез и биосфера Земли. – Л., 1990. – 528 с.
22. Жирар Р. Насилие и сакральное / Пер с фр. – М., 2000. – 400 с.
23. Ерофеева И. В. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 годов. Том I. – Алматы, 2014. – 696 с.



### 1.3. ҰЛТЫМЫЗ БЕН ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ ҰЛАҒАТЫ

Түр-түсі мың құбылып, өң-пішіні танымастай өзгеріске ұшыраған жаһанда жаңа дем біткен бірегей де біріктіруші идея, идеология не қоғамдық идеал атаулыға мұқтаждық, бүгінде тек қазақстандықтар емес, өзге де алдыңғы қатарлы мемлекеттер санатындағы ұлт пен ұлыстар үшін көкейтесті мәселеге ұласып, барған сайын үдей түсуде. Оған куә тарихи өлшем тұрғысынан егемендігін енді иемденіп, буыны әлі қатая қоймаған, елім деп еміренген бала мінез бізді былай қойғанда, өзгеге төзімділік танытамын деп өзегіне жабысқан жала жолдастан үркі бастаған қария қарт Еуропа елдерінің жандауысы: «...Сегодня мир находится в очень нестабильной ситуации, которая по-видимому еще не скоро разрешится, тем не менее с определенностью можно сказать, что мы являемся свидетелями «грандиозной схватки глобализма и национализма, вернее сказать, правил игры на мировой арене, навязанной «золотым миллиардом» и поднимающимся с колен самосознанием стран «второго» и «третьего» мира» [1].

Қай елдің болмасын өтпелі де өліара, бұлыңғыр да тағдырлы тұсында туындап, ел мен ердің санасын жаулап, басын жұмылдыра рухын көтерер ұлттық идея не идеология, заманауи әлем құрылымында әрбір жеке адам мен азаматтың, мәдениет пен өркениеттің, қоғам мен

мемлекеттің өз болмысы мен төл табиғатын сақтап қалудың бірден-бір жасампаздық құралына айналып отыр деуге тұрарлық: «Мировой опыт показывает, что национальная идея возникает там и тогда, где и когда перед страной встают задачи консолидации всех ее сил: политических, экономических, культурных, духовных, народных во всех позитивных формах их проявлений, для выполнения задачи гигантской сложности – осуществления принципиально нового этапа в ее развитии» [2, 52-б.].

Десек те, осы уақытқа дейін әлемдік не отандық ойда аталмыш ұғым өлшемдері, олардың арақатынасына байланысты тоқетер де бірауызды байлам жоқтың қасы. Айталық, сөзге тиек түсініктерге тиесілі азды-көпті айтылған пікір-тұжырымдардың бірі, ұлттық идеяны қай халық не қоғамның болмасын ертеңі бен бүгінін сабақтастыра отырып, болашақтағы сара жолына меңзер, жалпыға ортақ асыл арман мен мұратқа жетелер, жамағатты біріктіруші, ұйытқы рух бітірер қағидат ретінде қабылдаса, екіншілері, оны керісінше, тарих атаулыға еш қатынассыз, түкке тұрмас алдамшы ұран, басқарушы билік тарапынан қолданылар саяси манипуляциялау құралы, жасанды тетік ретінде бағалап жатады. Оған қоса, аталмыш категорияларға қатысты қолданылар – идея мен идеология, дәстүр мен құндылықтар, діл мен дін, ұлтшылдық пен патриотизм түсініктері және олардың өзара ара салмағына байланысты шатастырулар да жетерлік. Мәселен, өзегі ортақ «халық, ел, ұлт, намыс, бірлік, тірлік, болашақ» ұғымдарын қоздырар жұмбақ кілтін саясаттану шеңберіндегі «ұлттық құрылыс», «этномәдени ұлтшылдық» тұжырымдарымен сабақтастырушы отандық ғалымдарымыз: «Определение национальной идеи лежит в русле концепции, которая получила в современной политологии название «национальное строительство» (nation-building). Смысл этой концепции состоит

в строительстве, или формировании, единой нации из полиэтнического по своему составу общества. Национальная идея в концепции национального строительства направлена на формирование идентичности людей с единой нацией, которая должна превышать их этническую идентичность» деп пайымдаса, экономист сарапшылардың пікірінше, «Национальная идея отвечает текущим ожиданиям общества. Подчеркну важность понятия «текущим». Национальная идея является ответом на конкретные и осязаемые вызовы текущего момента. Она не связана с «тысячелетней» историей, культурой и предпосылками – она вполне конкретна и актуальна для текущего времени и является реакцией на него» [3], [4].

*Қалай болғанда, ұлттық идея не идеология атаулының негізгі дені айналып келгенде, ықылым заманнан адам баласын мазалаған «өзім» мен «өзге» арақатынасын ажырату дүниетанымынан бастау ала отырып, ментальды ұлттық сана-сезім деңгейінде, алдымен өзін-өзі түйсіну танымы барысында туындар басымдықтар мен көзқарастарды, құндылықтарды жүйелеу аясына келіп саяды.*

Бірі ұлттық не діни, басқасы жалпы адамзаттық не азаматтық, кейде тіпті жеке тұлғалық құндылықтарды көздеген, оның жаһандық тарихта хатталған айшықты үлгілері болып табылар. Жапон ұлтының – «кодо» («Император жолы»), Францияның – «еркіндік, теңдік, ағайындық», Швейцарияның «еркін адамдар одағы», АҚШ-тың «self-made man» (өзін-өзі жасаушы), ресейлік «самодержавие, православие, народность» т.б. осы мемлекеттердің әрқайсының тарихтағы рөлі мен миссиясын айқындай түсуімен қатар, олардың өзіне тән қайталанбас ерекшеліктерін мойындатары анық: «Национальная идея конкретизируется целым рядом вопросов, характеризующих ее содержание. Среди них вопросы

о «начале» исторической судьбы народа, вопрос о важных исторических победах, о поражениях, оставивших исторический шрам, о точках развилки истории и сделанном историческом выборе, об историческом будущем и целях существования, о специфическом месте на карте мира, среди соседей, в мировой культуре и мировом разделении труда, об основаниях и чертах народного характера и проч.» [5].

Әрине, қарастырып отырған ұғымдар шеңберінде аталмыш феномен алғышарттары мен себеп-салдары, мақсат-міндеті мен мүмкіншіліктері, кеңістік пен уақыт өлшемдері, ғылыми-әдістемелік негіздері жайында қозғалар сөз, таратылар ой жеткілікті. Мысалы, тек ұлттық идея мәнін ашып, анықтамасын айқындауға қатысты қолданылар ұстанымдар қатарындағы саяси, геосаяси, діни, философиялық, көркем-публицистикалық, басқарушы (управленческий) ғылыми дискуссияларды атап өтуге болар еді. Дегенмен, белгіленген мақала тақырыбына сай, ендігі зейінімізді «Мәңгілік Ел» идеясына аударар болсақ, алдымен көзге шалынар төмендегідей мәселелерді аттап өту мүмкін емес.

Біріншіден, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы ресми жариялануынан бастап, әртүрлі ақпарат көздерінде жарық көрген материалдар мазмұнынан байқалар жәйт, Елбасының аталмыш тұжырым императивтерін, «Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» [6], – деп астын сыза айқындап беруіне қарамастан, осы тақырыпты сан алуан сала тұрғысынан талқылаушы қаламгерлер арасында оның идеялық не идеологиялық статусы, тарихи бастауы, ұлттық не этникалық негіздері жайындағы пікірталас, дау-дамайлар әлі де жалғасуда.

Әрине, бұл үрдіс бір жағынан, ел тағдырына деген қоғамдық ой қызығушылығының артуы мен азаматтық

сана-сезім белсенділігінің айқын көрсеткіші көрінгенмен, күнделікті өмірімізде орынды-орынсыз пайдаланылар идеологемалар көп жағдайда идея, идеология, идеал дифиниция арақатынасының ілімдік-әдістемелік астарына қайшы келіп жататыны бар. Сол себепті, өзегі мен өрімі ортақ болғанымен, аталмыш категориялар өзара жеке-дара, ажырата қарастыруды талап етеді. Іліми тұрғыдан, «Потребность в национальной идее вырастает прежде всего из необходимости мобилизовать общие усилия вокруг некоей цели. Поэтому национальной идеей должно стать некое понятие, адекватное и похожим образом воспринимаемое большинством населения страны, независимо от языка, вероисповедания, образа жизни, образования и культурного уровня. ...Национальная идея не может быть монопольным порождением интеллектуального сообщества или властных институтов» [7, 145-б.].

Айталық, осы саладағы майталман мамандардың пікірінше, «революция», «реформа», «капитализм», «коммунизм», «соғыс» түсініктері секілді «Идея – это мыслительный образ существующих в мире вещей и процессов, форм и способов, перспектив и целей человеческой деятельности» деп бағаланса, идеология көп жағдайда жаратылысы құбылмалы, субъективті болып келеді, «Идеология – это система теоретических взглядов на логику социального развития, содержание, формы, перспективы и цели деятельности граждан, социальных групп и общества в целом» [8].

Аталмыш ұғымдардың өзара ұқсастығы мен айырмашылығына тоқтала кетсек, отандық белгілі оқымыстымыз Д. Кшибековтің пайымдауынша, «Сходство в том, что они относятся к сфере духовности. Различие заключается в том, что национальная идея ближе к интуиции, чувству, ощущению, а идеология к абстрактному

мышлению, относится к теории. Национальная идея отражает мир, а идеология обобщенно, анализируя прошлое, предсказывает будущее» [9, 277-б.].

Ал енді, түбірлі мақсат саналар қоғамдық идеал болса, «Общественный идеал есть система основных (устойчивых, существенных, постоянных) философско-этических принципов, которым в своей жизнедеятельности следует большинство членов общества, находящегося на конкретном этапе своего исторического развития» [8]. Қалай дегенмен, қарастырылып отырған үш тағанға бірдей тиесілі – сезімталдық, жанкештілік, ортақтық, саналылық, құндылық, әмбебептық, жасампаздық, тарихилық, сабақтастық және т.б. сипаттамалары негізінде жасалар қорытынды: бөгденің күштеу, қысымынсыз еркін де табиғи түрде идея туындап, соңынан осы идея шеңберінде белгілі бір идеология өріле бастайды. Күрделі де көзге көрінбес осындай ішінара үдерістер нәтижесінде уақыт өте келе қоғамның барлық ұлты мен ұлысының, діні мен ділінің, табы мен тобының мақсат-мүддесін қанағаттандырады да тұрақты, мәнді де мазмұнды идеалды құндылық орнығады, «Во всех случаях ценность воспринимается как универсальная, общемировая, а миссия народа состоит в том, чтобы нести эту ценность всему миру. Это придает народу смысл существования, превалирующий над текущими проблемами, важность в масштабах мира. Мы важны постольку, поскольку мы носители этой ценности, и ради этого существуем» [10]. Сонымен, идея қаламгері – халық, идеология қайраткері – зияткерлі-шығармашылық қауым, идеал сақшысы – мемлекет.

Екіншіден, осы тұста кәсіби мамандығыма тікелей қатынастылығына орай тағы бір басын шалар мәселе – «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи бастауларына байланысты қоғамдық ойда кейде кездесіп жатар қисынсыз

көзқарастар жөнінде. Түп тамыры сонау көк түркілер заманынан таралып, бертін келе Қорқыт Ата, әл-Фараби, Асан қайғы бабаларымыздың ішкі дүниесін тебіrentкен ой-толғаныстар феноменологиясын тереңдете ғылыми негіздеу әрі олардың кейінгі қилы замандардағы жаңғырығы – ел іргесінің бүтіндігі мен тұтастығын сақтау мақсатында туындаған «Тұтас түркі елі», «Біртұтас Түркістан», «Еуразия одағы», «Қазақ елі», «Ұлы дала», «Мәңгілік Ел» идеяларымен өзара сабақтастығын сомдай зерттеу өз алдына бөлек дүние.

Кешегі қазақтың ежелгі мекені Ұлы дала, қазіргі Мәңгілік Ел – Қазақстан шетсіз де шексіз. Алтайдан Каспийге дейін созыла сұлап, батысы Сібір ойпаты, шығысы Тянь-Шань тауларының теріскейін ала көсіліп жатқан осынау Ұлы даланың жері де ұлы, тылсым терең тарихы да ұлы, өскелең ұрпаққа деген ұлағаты да ұлы. Түп тамыры түркіден тарайтын ортақ Дала өркениетінің ұлан-ғайыр кеңістігінде ежелден бастап-ақ гүлдене қанат жайған бұл мәдени үрдіс Қазақстанның қазіргі шекарасымен ғана шектелмесе керек.

Өмір мен өлімнің өзегін жалғап, қуаласаң сағымдай созыла жеткізбей діңкеңді құртатын уақыт, кеңістік атты шексіз ұғымдардың парқы мен нарқын айыра білген ата-бабаларымыз қандай дана десеңізші! Ол даналықтың ізім-қайым жоғалуы мүмкін бе?! Жоқ! Еуразияның Ұлы даласында қым-қиғаш із тастап, оны арлы да берлі тынымсыз шарлаған, үш мың жыл бойы көші-қон күн кешкен көшпенділер сол өмір, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігіне орай төлтума өнер мен мәдениет қалыптастырған. Олардың көне тарихы бірде аттың жалында, жойқын қақтығыстар барысында қалыптасса, енді бірде түйенің қомында, мамыражай тірлік жағдайында өмірге келген. Оның қай-қайсысы болса да, сол көшпенділердің соңғы тұяғы, ұштығы көз алдында тұрған ХХІ ғасырдың

басына дейін жеткен қазақ халқының тарихына өшпес белгі қалдырған.

*Қазақ хандығы мен бүгінгі қазақ мемлекеттігінің кіндігін жалғап жатқан нағыз құбылыс не десеңіз, ол – көне көмбелер, жазба жәдігерлер, «Алтын адам» және Жалаулыдан табылған қолөнерінің асқан үлгілері, көк түркінің оймақ жазуы, Күлтегін-Білге, Бумын және Істемі қағандардың Алтайдан Қарақорымнан Каспийге дейінгі қым-қиғаш соғыстары, Қорқыттың күйік күйлері, Аристотельдің шығыс шәкірті атанған Фарабидің («Ұстаз ас-сани») туындалары, Қашғаридің «Түркі сөздігі», Баласағұнның «Құтты білігі», Ясауидің сопылық ілімі, Жошы мен Алашаханның көркем мазарлары, Асан қайғының ақылгөйлігі, Қазтуған мен Ақтамбердінің жорық жырлары, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің өздері, Сырым батырдың сөздері, Махамбеттің отты өлеңдері, тарихымызды танытамыз, ұлтымыздың ұлылығын ұрпаққа ұлағат етеміз деп жүріп, кеңестік саясаттың құрбаны болған арыстарымыз Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Санжар Асфендияров, Мұхамеджан Тынышпаев, Ермұхан Бекмахановтардың «қалың қазақ» пен «қара баланың қамы» үшін елім деп етегі толып еңіреп жүріп атқарған саяси еңбектері.*

Бұл тізімді әрі де соза беруге болады.

Алдыңғы арыстарымыздың асыл өнегесін жалғастыру үшін алтын көпірлік қызмет атқаруға коммунистік өктемдік тұсында да ақиқатты ашып айтқан ақберен кемеңгерлеріміз табылмай қалған жоқ. Мұхтар, Қаныш, Әлкей сияқты ағаларымыздың әрқайсысы бір-бір академия арқалайтын жүкті ғасыр соқпағынан сүрінбей алып шықты десек, тіпті де асыра сілтегендігіміз емес. Есімдердің әр әрпі алтынмен жазуға тұрарлық сондай асылдарымыздың арқасында тарихымыздың тамыры



суалған жоқ деп білген ләзім. Ықылым заманнан бері қай елдің елдігін, халықтың халықтығын танытатын белгілерінің бірі – хан болсын, қара болсын, маңдайына біткен тума дарынды перзенттерін бағалай алуы, қадірлей де қастерлей білуі. Олай болса, төл өркениетіміз бен қазақи мәдениетіміздің әлемдік деңгейде әйгіленіп, шоқтығын көтерген биік тұлғалы көсем-шешендеріміз, ғұлама-ғалым, ақын-жазушыларымызға деген борышымыз ұшан-теңіз.

Дей келе, үшіншіден, белгіленген тақырып аясында әңгімемізді бейресмиді былай қойғанда, ресми сарапшылар тарапынан білдіріліп жататын төмендегідей: «...Для разработки национальной идеи Казахстана не нужно копаться в истории и «обосновывать» национальную идею интеллектуальными размышлениями» [4] деген пікірлерге қатысты жалғастырсақ...

Жеке басым, ұлттық идеяға қатысты белгілі Израиль зерттеуші Пинхас Полонскийдің мына пікіріне толық қосыламын: «Национальная идея не может быть новоделом, она должна расти из сути страны, истории ее духа... Народу нужно иметь длинную историю, не 20 лет независимости, а 1000 лет. Чем длиннее история, тем больше чувство внутренней ответственности человека перед историей своей страны»[10]. Әрине, «бір ұлт – бір ұлттық идея» деген қағидат жоқ, әр тарихи кезеңге өзекті өзіндік ұлттық идея тән, себебі тағы да сол оқымысты айтпақшы «Объединиться на базе прошлого» – это важно, но недостаточно. Нужно задавать вопрос, что у нас общего в будущем». Дегенмен, ұлттық идеяның ұлт тарихы мен оның руханиятымен тығыз үндестігін ескермеу ағаттық.

Қазақтың жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жоралы жұрт қалпы мен салтын сақтап қалғаны – оның еркіндік сүйгіш ерік жігерінің, асқақ рухының арқасы. Осы

жолда арғы-бергі замандарда орын алған ел мен жер үшін жан пида шайқастардың, бас көтерулердің, қозғалыс көтерілістердің күш-қуаты. Сондықтан да қазақтың кең даласының қай түкпіріндегі де төбешікті қақ жарсаңыз асты тұнған тарих. Ұлт тарихы. Халық тарихы. Шын мәнінде ширек ғасырдай уақыттың ішінде кең көлемді құрылымдық өзгерістерді бастан кешірген Қазақстанның тәуелсіздігі жәй ғана саяси немесе экономикалық жетістік емес, орасан зор рухани және мәдени жетістік. Ол – қазақ халқының, өз кезегінде Қазақстан екінші Отанына айналған басқа да халықтар мен ұлттардың сан ғасырлық этнополитогенезінің тарихи әрі табиғи нәтижесі.

Замана, дәуірлер лебі, дала өркениетінің табиғат пен айнала орта, экожүйе, аң стилі, таңба белгілік қарым-қатынастар, Жер ана мен Көк тәңірі тәрізді рәміздік маңызы үлкен дала иедологиясын қалыптастырғаны ақиқат. Көшпелі қазақ халқының поэтикалық мәдениеті, өлең жыр өнері, ұшқыр ой, суырып салма сөз барымтасы, түн қатып жүріп түс қашқан жорық жырлары, елім деп еңіреп өткен ерлерінен айрылғандағы жоқтаулары, несін айтасыз осының баршасы қазақ елінің батыс пен шығысты отырықшылық өркениеттерінен мүлдем бөлек әлеуметтік саяси, шаруашылық экономикалық және рухани мәдени дәстүр шеңберінде дамығандығын дәлелдейді. Олай болса, бүгінгі «Мәңгілік Ел» идеясы полиэтникалық, поликонфессиялық қоғам жағдайындағы ұлттық бірлік пен жалпыхалықтық ұмтылыстың негізгі тұжырымдамасы болып табылады.

Мұндай тұжырымдаманың негізгі мүддесі ұлтаралық келісім, саяси және әлеуметтік тұрақтылық, жеке адам, қоғам және мемлекет арасындағы үйлесімді қарым-қатынас. Тәуелсіз Қазақстанда толеранттылық саяси мәдениеттің нормасы ғана емес, жалпы

мемлекеттік саясаттың өзекті қағидаты болғандығы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы кеңістігінде Қазақстанда тұңғыш рет айрықша қоғамдық институт ретінде құрылған, Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде түрлі этностық топтар мен діни конфессиялардың мүдделерін тоғыстыратын табысты үндесу алаңына айналғандығы даусыз. Сонымен қатар, Қазақстан өркениеттераралық келісімдердің белсенді жақтаушысына айналып, мұсылман әлемі мен Батыстың арасындағы диалогтың дамуына жан-жақты жағдай жасауда.

Қозғалып отырған тақырып төңірегіндегі шиеленісті де күрделі келесі мәселе – «Мәңгілік Ел» идеясына қатысты заманауи қоғамда орын алып отырған ұлттық және азаматтық ұстанымдар жөнінде: «...В Казахстане на сегодня налицо два подхода и две формы национальной идеи, которые можно обозначить как казахская (титульная) и гражданская (общенациональная). Взаимоотношение этих подходов по многим вопросам, как было сказано, является противоречивым» [4].

Жалпы, жаңадан қалыптасу үдерісіндегі идеология шеңберінде әртүрлі мамандық иелері тұжырымдарының бір-бірінен ерекшеленуі де заңды құбылыс. Айталық, жеке де заманауи адам санасы тұрғысынан саралар жас саясаткердің: «...Главная национальная идея любого государства в первую очередь должна быть нацелена не на общество, а на человека, не на коллектив, а на индивиду. То есть идеология должна, прежде всего, строиться на гуманистической концепции уважения к человеку» [11] – деп, одан отандық тарихшының кеңірек ауқымда талдаған: «Национальная идея должна быть сугубо практичной, чтобы на ее основе можно было разработать стратегии, тактики и практические механизмы функционирования Казахстана на уровне как государства, социума, так и отдельной личности. Это должна быть идея,

которую государство и каждый человек не просто принимают, но и каждодневно осуществляют» [11] ойының оқшаулануы түсінікті де. Дей келе, ілімдік-әдіснамалық тұрғыдан ескерілер кезекті қағидат – жаһандану заманына тиесілі кез келген мультимәдениетті қоғам жағдайында ұлттық идея атаулының тек этникалық мүддемен шектеле алмауына орай, оның саяси, экономикалық, әлеуметтік, заңдық қағидаттар негізінде біртіндеп мемлекеттік идеяға интеграциялану табиғатын ескергеніміз абзал: «...Национальная идея имеет внутреннее и внешнее измерение: первое представляет собой особое представление о своей стране, а второе – идею, направленную на окружающий мир. Только всемирная значимость идеи поднимает нацию до мирового масштаба» [7, 146-б.].

*Қалай болғанда, біз үшін «Мәңгілік Ел» идеясы алдымен ұлттық мемлекеттілікпен, оның ажырамас рәміздері ретіндегі қазақтың ұлттық қалпы мен салт-салтанатының жалпыхалықтық құндылықтармен астасу қажеттілігі айтпаса да түсінікті.*

Тек, бұл тұста басын ажыратар мәселе, ағымдағы заман, қоғам, уақыт талабына сай икемделу үдерісінен туындаған тағы бір жаңа – ұлттық-мемлекеттік идеология танымын қабылдау қажеттілігі: «...В странах постсоветского пространства этнонациональные идеи и этнонациональные идеологии, базирующиеся на архаичной матрице этничности и осуществляющие по сути ее инструментальную (мобилизационную) и мотивационную функции, уже исчерпали себя. На настоящем этапе именно национально-государственная идеология выступает средством реализации национального идеала, средством достижения экономических и политических идей, критерием их оценки с точки зрения соответствия или несоответствия действительным

и долгосрочным национальным (этнонациональным) интересам» [12, 47-б.].

Өз заманында ағылшын ойшылы Генри Болингброк «Тарих дегеніміз – мысалдар көмегімен бізді үйретер философия» деп баға берген екен. Десе дегендей, кешегі ХХ ғасырда толеранттылық – құрметтеуді, мәдениеттер алуан түрлілігін қабылдау мен дұрыс түсіне және түсіндіре білу адамға тән жеке ерекшелікті негіздеу аясында кеңінен қолданыла бастаса, ХХІ ғасырда тек қазақ халқы, Қазақстан мемлекеті үшін емес, жаһанда бүкіл адамзат атаулыға тиесілі құндылықтардың біріне айналып отырған «төзімділік» ұғымы белсенді адами идеология негізінде түрлі ұлттар мен ұлыстар, әлеуметтік топтар, өзгеше ұлттық мәдени, діни әрі әлеуметтік орталар арасындағы ықпалдастық пен өзара құрметке негізделген түсініктік теоремасына айналып, бүгінгі уақытта ол әр халықтың қастерлі құндылықтарын бағалай білу, өз ерекшелігінді басқаларға таңбау, адам құқығы мен бостандығы, плюрализм, басқа ой-пікірге, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті деген кең ұғымға ұласып отыр.

Отан тарихындағы әлеуметтік-мәдени толеранттылық тәжірбиесінің айқын көріністері ретінде, Қазақстанның жаңа және қазіргі заман кезеңдеріндегі діни дәстүрлер үйлесімділігі, тіл және этносаралық түсіністік мысалдары, жаһандану жағдайындағы заманауи қазақстандық қоғамындағы еуразиялық толеранттылық тәжірбиелерін ойланбастан атүсті теріп шығуға болар еді. Одан қалды, қазақ елінің сонау жоңғар шапқыншылығынан бастап, Ресей патшалығының бодандығы, КСРО дәуіріндегі ұжымдастыру, репрессия, депортация, ашаршылық, соғыс, көтерілістер тұсындағы шыдамдылық тәжірибесі, діни дәстүрлер көпқырлығы

мен сәйкессіздігі аспектісіндегі толеранттылық пен үйлесімділік мысалдары, тіл мен мәдениет контексіндегі этносаралық түсіністік, сондай-ақ, жаһандану барысындағы толеранттылықтың қазақстандық үлгісі әлі де болса өз ізденушісін таппаған, тың да тылсым әлем.

Тауы – тарих, тасы – шежіре қазақ даласында тарыдай шашылып жатқан материалдық және мәдениет үлгілерінің әрбірі Рим империясының коллизейінен, Мысырдың перғауын пирамидалары сызу-жазбаларынан еш кем соқпайды. Бірақ, олар ә дегеннен-ақ тарыла салмайды. Қасиеті – тереңде, құпиясы – тұңғыықта. Зерттеп қана қою аз. Зерделей білу керек.

«Алдаспанды қақ айыруға болатын шығар, бірақ рухты қақ айыра алмайсың» деген екен В. Гюго. Сол айтпақшы, дүниежүзіне саяси және экономикалық жетістіктері арқылы түгел мәлім болған Қазақстан тек мұнайға ғана емес, тауарихы, түп тарихы, тілі мен ділі, мәдениеті мен әдебиетіне де аса бай. Сол себепті де, ұлттық идея – «Мәңгілік Ел» деңгейіндегі алға ұмтылған кесімді шара. Мұның өзі біз үшін егемендік пен тәуелсіздік ұғымдарының басты өлшемі – ел-жұртымызға, халқымызға, қарға тамырлы қазаққа ілкіден тән азат және асқақ рух екендігін көрсетеді. Ал мұндай рух дәуірлер мен ғасырлар бойы шарықтай түсіп шыңдалған Қазақстан алдында тұрған және тұрмақ нақты және беймаза сұрақтардың баршасына жауап бере аларына еш күмән жоқ. Тәуелсіз Қазақстан үшін ең негізгі және басты мақсаттардың бірі – жас ұрпақтың бойы мен ойына отансүйгіштік рух егу. Өйткені, рух жоқ жерде идея, идеология, идеал түгіл, оның жасампазы ұлт та жоқ, халық та жоқ!

Еуразия атты қарт материк талай аласапыран оқиғаларды басынан өткізсе де, осы апайтөс құрлықтың дәл кіндік ортасындағы ұшы-қиыры жоқ Ұлы даланы «үстінде көк аспан, астында қара жер жаралғаннан бері»

мекен етіп келе жатқан халқымыз әр кезде де «бостандық, еркіндік, азаттық» ұғымдарымен ұлықтанып келеді. Дегенмен, бас-аяғы бес жарым ғасыр ішінде қазақ халық ретінде, Қазақстан мемлекет ретінде небір тар жол, тайғақ кешуден өтті. Керей мен Жәнібек, Хақназар мен Тәуке хандар тұсында азуы алты қарыс көршілерінен еш қаймықпай, қалыспай, терезесін тең ұстап, ел мен жұрт үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатты. XVIII–XIX ғасырларда ағайын арасы алшақтап, көз ала болса да, көңіл құла болмаған алмағайып кезеңдердің өзінде жер бетінен жойылған жоқ. Бостандығы босқындыққа айналса да, бодандығы қыл бұғаудай қылдырса да, көкейін қара бұлт басып, қасіреті шаш етектен асып, жатса түсінен, тұрса есінен еркіндік пен егемендік идеясы кеткен жоқ. Іргесе отырып, сіресе жүріп, іргелі елдігі мен ерлігін, жоралы жұрттығын, қабырғалы қалпын, салиқалы салтын сақтап қалды. Ол да болса қазаққа ілкіден тән сол баяғы ұлттық мемлекеттілікке деген ұлы махаббаттың, еркіндік сүйгіш ерік-жігердің, тәуелсіздікке деген арманын дүниедегі бар асылына балаған асқақ рухтың арқасы.

*Бүгінде міне, Қазақстан әлемнің төрт бұрышына түгел мәшһүр, ұлттық мемлекеттілікке тән барлық қадір-қасиеті мен рәміздерін қамтамасыз еткен мемлекет. Саяси егемендігіміздің іргетасы экономикалық жетістіктермен бекітілуде. Әлеумет әлденуде. Керуен жүріп, көш түзелуде. Ұлтаралық татулық пен халықтар достығы саяси тұрақтылығымыздың мәуелі мәйегіне айналып отыр. Тіліміз бен діліміз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз жанданып, жаңарып жатыр. Егемендігіміз баянды, тәуелсіздігіміз табанды болған, сөйтіп алдымызға ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламалар қойып, жүзеге асыру жолында күні-түні еңбектеніп жатқан, ұлтымыздың рухани қуатын, қайыспайтын қара нардай қайратын, арыс*

*алдаспандай сенім мен жігерін желдің жүзіне суарып, шыңдап жатқан осынау кезеңі - сол Ұлттық мемлекеттілік идеясының ғасырлар бойғы рухани күресінің заңды жемісі де, тарих алдындағы жеңісі де!*

Жетістік – кеңесе білген жерде, бірлік пен тірлік бар жерде. Тек солай болғанда ғана Елбасы өз атап көрсеткен жалпыұлттық идея қазақтың ұлттық шаңырағы – Қазақстан құт пен берекенің, ынтымақ пен ырыстың ошағына айналмақ! Сондықтан да, жасампаз «Мәңгілік Ел» қоғамдық идеалын қалыптастыруда қай-қайсымыз қолдан келер қайраткерліктен қапы қалмайық, ағайын!

Мәңгілік еліміздің осы бір тарихи даму тұсындағы негізгі міндет – сол ата-бабаларымыздан қалған өркениеттік және мәдени жауһар-жәдігерлерімізді қазіргі заманға сай одан әрі дамытып, жас ұрпақтың санасына сіңдіру, оны әлемдік мәдениеттің жаңашыл үрдістерімен үнемі толықтырып, жаңартып отыру. Ілім мен білімнің, мәдениет пен әдебиеттің, өнердің қайсы бір саласы, қандай да бір түрі болмасын, қашанда ел игілігіне кіршіксіз қызмет ететін, оны марқайтатын, көркейтетін, айналып келгенде ұлттық мемлекеттіліктің көсегесін көгертетін іргетасы іспетті идеологиялық факторлар. Соны білу, түсіну және түйсіну – бүгінгі бағытымыз, ертеңгі бағдарымыз. Олай болса, ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен егеменді Мәңгі Елін бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор несібе деп қабылдайық! Қанымыз бен жанымызға тән тарихи және рухани мұраларымызды қасықтап жинап, жинақтап, көзіміздің қарашығындай сақтап, асылымыздай ардақтап, ақыл-таразысына тартып, ғылыми жағынан бекемдеп, өткеннің дұрысы – өнеге, бұрысы – сабақ екенін дұрыс аңғарсақ – ұлтымыз бен ұлттық мемлекеттігіміздің үлкен Ұлағатына деген ұлы құрметіміздің айғағы сол болар!



## Әдебиеттер

1. Пархоменко И. Н. Национальная идея и современность / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://e-notabene.ru/fr/article\\_135.html](http://e-notabene.ru/fr/article_135.html).
2. Косиченко А.Г. Национальная идея как фактор консолидации казахстанского общества // Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи: материалы научно-теоретической конференции, посвященной 60-летию доктора философских наук, профессора, зав. отд. Института философии и политологии МОН РК А. Г. Косиченко. – Алматы, 2008. – С. 49–57.
3. Кадыржанов Р. К. Национальная идея и национальная политика в современном Казахстане / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://kisi.kz/ru/categories/politicheskaya-modernizaciya/posts/nacional-naya-ideya-i-nacional-naya-politika-v-sovremen>.
4. Кусаинов А. Национальная идея для Казахстана: лаконичная, простая, понятная и эмоциональная / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://russianskz.info/economy/3821-nacionalnaya-ideya-dlya-kazahstana-lakonichnaya-prostaya-ponyatnaya-i-emocionalnaya.html>.
5. Национальная политическая энциклопедия // [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://politike.ru/termin/nacionalnaja-ideja.html>.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar).
7. Орлов И. Б. Национальная идея России как механизм духовной мобилизации и цивилизационной идентичности // Россия в мире: гуманитарное, политическое и экономическое измерение: материалы Всеросс. науч. конф., 19 марта 2010 г. – М., 2010. – 832 с.
8. Подолец В.В. Российская идея. От термодинамики, синергетики и диалектики к острой социальной проблеме / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://xn--d1achachb4aiwx.xn--p1ai/?page\\_id=74](http://xn--d1achachb4aiwx.xn--p1ai/?page_id=74).
9. Кшибеков Д. Национальная идея и идеология. – Алматы, 2007. – 280 с.
10. Конспект лекций Пинхаса Полонского о национальной идее / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://reinvent.platfor.ma/pinkhas-polonskii/>.
11. В поисках национальной идеи Казахстана // Central Asia monitor. – 2018. – 3 октября.
12. Аллахвердиев К. Национальная идея и национальная идеология в контексте устойчивости этнокультурной идентичности // Центральная Азия и Кавказ, 2015. – Том 18. – № 3–5. – С. 46–47.

## 1.4. ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ МЕН САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басынан тарихи сахнаға қайта түлеп шыққан еліміз әлемдік саяси кеңістікте өзінің орнын айшықтап, «Мәңгілік Ел» идеясын нысанаға алып, өркендеп келе жатыр.

Кеңестік империядан тәуелсіздік алған мемлекеттер қашанда оны сақтап қалу және тәуелсіздіктің тұғырын одан әрі нығайта түсу стратегиясын қолға алып келеді. Қазақстан да тәуелсіздіктің баянды болуын, тұғырлы және айнымастай болатын мемлекеттілік дербестікті ұстап тұруды өзінің болашақтағы даму бағдары ретінде қабылдаған ел.

Ол жай ғана тұрақты түрде егемендікті сақтап қалу емес, әлемдік өркениеттік қауымдастық аясына енумен, елдің өркендеуі мен дамуымен, халықтың әл-ауқатын одан әрі арттырумен келіп сабақтасуы тиіс. Осыған орай, Н. Ә. Назарбаев ел дамуының «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» сынды бірнеше стратегиялық бағдарларын ұсынған еді. Соның бірі – «Мәңгілік Ел» идеясы. Осы орайда, біз алдымен, «Мәңгілік Ел» идеясының теориялық жақтарына тұжырымды талдаулар жасаймыз, одан соң тәжірибелік қырларына, яғни, саяси-әлеуметтік өмірдегі нақты көріністері мен жүзеге асу жағдайларын саралаймыз, одан соң перспективті бағдарлар құрып, өз жобамызды ұсынатын боламыз.

«Мәңгілік Ел» идеясының тұжырымдық негіздерін саралауда, біз, алдымен оның тарихи көріністеріне тоқталып өтуіміз керек. «Мәңгілік Ел» семантикалық-логикалық жағынан екі ұғымнан тұрады – «Мәңгілік» және «Ел».

«Мәңгілік» негізінен алғанда жалпылама кең ұғым, ол ғылыми айналымда және тұрмыстық өмірде қолданыс тауып жүрген түсінік. Ол сонымен қатар, философиялық ұғым, жылпылама категория, концепт болып табылады. Сондықтан, алдымен, сөздіктерге жүгінейік.

Қазақ Совет энциклопедиясында былайша анықтама берілген: «Дүниенің, болмыстың, материяның уақыт бойынша шексіз өмір сүруін білдіретін философиялық категория. Діни ілімдер мен идеялистік философияда – құдіреттің, құдайдың, «абсолюттің», «абсолютті идеяның, рухтың», «асболютті ақылдың», «әлемдік гармонияның» шексіздік сипатын дәріптейтін ұғым» [1, 552-б.]. Философияда мәңгілік онтологиялық мағынада қолданылатын түсінік – мәңгі атомдар, мәңгі жан, мәңгілік от, мәңгілік ақыл т.б.

Ал тұжырым ретінде, мәңгілік бастауы болғанмен, ешқашан аяқталмайтын үдеріс, шексіздік пен шетсіздік, тұңғыық және үнемі үздіксіз бар болу, таза абсолюттілік, өміршеңдік т.б. мағыналарды білдіреді. Мәселен, кеңістік пен уақыт – мәңгі: басталмаған, аяқталмайтын, шексіз, шетсіз, абсолютті т.б. Қарама-қарсы ұғымы – өткіншілік, яғни, уақытша ғана бар болу, кейіннен, әлемнен мүлде, із-түссіз жоғалу. Дегенмен, кейбір құбылыстардың мәңгілігі үздікті болуы да ықтимал. Яғни, уақытша жоғалып, реті келгенде қайтадан бар болып, өзінің болмысын әрі қарай жалғастыра береді.

Бұл жағдайды былайша түсіндіріп беруімізге болады. И. Пригожин мен И. Стенгерс «Хаостан түзілген тәртіп» деген еңбегінде бұл құрылымдарды егжей-тегжейлі

түсіндіріп, оны әдіснама ретінде әлемнің, қоғамның, жеке адамның дамуына қолдануға да болатындығын көрсетіп берді. Мәселен, тепе-теңдіктен, тәртіптен алшақ күйлердегі өте әлсіз, болмашы, елеусіз түрткілер немесе флуктуациялар қалыптасқан жүйені қирататын алып толқындарға дейін өздігінен күшейе алуға қабілетті, бұл сапалы, күрт, төңкерістік жолмен жаңа өзгерістердің тууына жарық төгеді.

Ескі жүйеге әсер еткен жүйесіздік, яғни, флуктуациялардың лебі тек жүйені қиратып қана қоймайды, жаңа жүйені туғызуы да, тіпті хаос кейпінде қалуы да мүмкін. Осы қиратудың шегі бифуркация нүктесі болып табылады. Мәселен, ХХ ғасырдағы Ресейдегі патшалық режимге қарсы тепе-теңсіздік, бейберекетсіздік күштер бастапқыда тым әлсіз болды.

Марксизм идеясымен қаруланған В. И. Ленин тек өзі және азғантай жақтастырымен ғана бірге болады, бұл әлсіз флуктуациялар болса, кейіннен ол ұлғайып, патша үкіметін құлатуға дейін алып келді – флуктуациялар комбинациясы күшті болып, бұрын орын алған ұйымдасу шыдай алмай қирады. 1917 жылы қазанда бифуркация нүктесі пайда болады, диссипативті құрылым орнына келді, демек, тәртіп болу үшін бұрынғыдан да, күшті қуат керек еді. Шындығында, 70 жылға созылған Кеңес үкіметі ұзаққа созылған хаос па, әлде орнаған тәртіп пе деген күрделі сауал туындайды. Ал хаос жаңа тәртіпті керек етеді, бірақ қанша уақыт екендігі белгісіз.

Шындығында, КСРО ыдырады, ол мәңгі бола алмады, бірақ оның субъектілерінің ешқайсысы жоғалған жоқ, керісінше, тәуелсіздік алып, көркейе түсті. Бұл жерде, мәселен, КСРО мәңгілік емес, Қазақ халқы мәңгілік болуы тиіс екендігіне көз жеткізе аламыз.

Мәңгілікті көркемдік түрде, мистерияда шеңбер түрінде де бейнелейді. Яғни, үдеріс, даму басталған

нүктесіне қайта оралғанмен, шеңбер бойымен шексіз жүре береді, аяқталып немесе тұйықталып қалмайды. Халқымыздағы киіз үйдің шаңырағы бір қырынан күннің рәмізі болса, екінші жағынан осы тұйықталмайтын мәңгіліктің рәміздік белгісі болып табылады.

Яғни, мәңгіліктің предикаты – уақыт ағымымен бірге ілесіп жүру, ешқашан да жойылмайтындық, өзінің өмір сүру мүмкіндіктерін сарықпайтындық, сапасы – өміршеңдік, қандай да жағдай болмасын бейімделушілік, болмысы жөнінен тұрақтылық, өз болмысынан ауытқымайтындық т.б.

Мәселен, қытай философиясындағы Дао – мәңгі өмір сүретін, шексіз, атаусыз, шетсіз заңдылық. Бірақ философияда абсолютті мәңгі нәрсе немесе құбылыс болмайды. Демек, мәңгілік шартты атауды білдіргендіктен, позитивизм, постмодернизм ағымдарында бұл философиялық мәселе болып табылмайды, себебі, оның өзі мәңгі шешілмейтін мәселе.

Ал теологияда Құдай мәңгі, ол пайда болмаған және ешқашан да жойылмайды, тіпті бірнеше әлемдерді жаратып, оны реті келгенде жойып жіберсе де, өзі мәңгі тұрақты, себебі, ол дамымайды, өзгермейді, өзінің болмысын мәңгі сақтайтын, өзімен-өзі, өз себебі өзінде болатын субстанция, барлығының негізгі түп мәні болып табылады. Сондай-ақ, құдайдың эквиваленттері тәңірі, брахма, дхарма, абсолютті рух түрінде әр дінде әртүрлі құбылыс ретінде көрініс табады.

Сонымен қатар, «анимизм, реинкорнация» ұғымдарында адамның жаны, рухы мәңгі өмір сүреді деген сенім бекітілген. Өлім тек тәннің ғана жоғалуы, рухтың өлімі емес.

Сондықтан да, қазіргі адамзат танымында мәңгілікке рәміздік, шарттылық, формалдық мағына тән. Олай болса, мәңгілікке әлеуметтік танымда үш түрлі көзқарас

тән: біріншісі – эмоционалдық (романтикалық, утопиялық, идеал), екіншісі – рационалдық (абсолют, мәңгілік т.б.), үшіншісі – бейтарап (мәңгілік шартты атау).

Демек, мәңгілік ұзақтығы мен негізгі шынайы мағынасы бойынша екі арнада қолданылады: біріншісі, таза абсолютті мәңгілік, екіншісі, ұзақ уақыт, өміршеңдік, мызғымайтындық т.б. мағыналарды көрсетеді. Мәселен, географиядағы «Мәңгі тоң», физикадағы «Мәңгі қозғалтқыш», биологиядағы «Мәңгі жасыл өсімдіктер», саясаттағы «Мәңгілік бітім» – 1686 жылы 6 мамырда Ресей мен Польша арасындағы Мәскеу қаласында қол қойылған келісімшарт. Тұрмыс философиясындағы Ф. Ницшенің «Мәңгілік қайта оралу» түсінігі.

Әлемдік мистерияда, оккультизмдерде де мәңгіліктің өзіндік бағдарлары бар. Мәселен, кейбір көне халықтық дүниетанымдарда жылан – мәңгіліктің рәміздік белгісі. Себебі, ол сыртқы қабығын тастап, түлеп, қайта-қайта жаңарып, мәңгі өмір сүреді деген түсінік қалыптасқан. Түркі халықтарындағы жыланды қастерлейтін ұғым осымен байланысты болса керек.

Ал саясаттану-әлеуметтану тұрғысынан мәңгілік осындай рәміздік, аллегориялық, образды, яғни, жартылай көркемдік, жартылай саяси мағыналарды білдіреді. Қазақстанның «Мәңгілік Ел» идеясын таңдап алуының өзіндік тарихи тамырлары да жоқ емес, бұл мұрат – көне, тіпті арғы түркілік архетип те болып табылады.

Біздің ата-бабаларымыз ішінара ұстанған Зорастризм сенімінде де ізгілік рухы – Ахура Мазда мен зұлымдық рухы – Анхра Майньюдің күресі мәңгі. «Гильгамеш» дастанында да мәңгілік өмір идеалы бар. Тәңіршілдік сеніміндегі орталық түсінік Тәңірі де мәңгі өмір сүретін тұтас көк аспанды құрайтын таза абсолют түрінде көрініс табады.

Туымыздың аспан түсті көк болуы да саналы-бейсаналы түрде мәңгіліктің рәміздік бейнесін паш етеді.

Себебі, бұл көк түс – тәңіршілдіктегі көк аспанмен ассоциацияланады және архетип ретінде санамызда көмескіленген күйде аңсаулар туғызады, интуитивті түрде жылы қабылданады.

Кейбір ғалымдар «моңғол» сөзін «мәңгі» және «ел» деген сөздерден біріккен деп те дәйектегісі келеді. Сонымен, Шыңғыс хан мен оның әскері біздің ата-бабаларамыз, генетикалық жағынан туыс, сондықтан да, бүгінгі «Мәңгі Ел» атауының тарихи-семантикалық мағынасы бар, бұл да архетип деген пікірді ұсынып жүр.

Шындығында, арғы түркі, түркі қазақ халқының тарихына көз жіберсек, бүгінгі біздің болуымыз мүмкін емес тәрізді болып көрінеді. Әлемді дүр сілкінткен Ғұн империясы әлсірегеннен кейін, Қытайға бағынышты болып, оған салық төлеген кездері де болған. Ақырында ауызбіршіліктің жоқтығынан бұл империя ыдырады. Бірақ 100–200 жылдан соң оның ұрпақтары түркі қағанаты болып қайта құрылды, руникалық жазуларда айтылғандай, түркі халқы қайтадан ел болып, V–VII ғасырларда әлемдік тарих сахнасынан өзіндік айшықты орнын иеленді. Дегенмен, кейіннен, олар тағы да бірнеше хандықтарға ыдыраған еді.

Одан соң, Оңтүстігінде араб шапқыншылығының пәрменін сезінген түркі халықтары олардан да бірлесіп қорғана бастады. Араб қолбасшысы Кутейб ибн Муслим VIII ғасырдың басында Орта Азияға жорық жасап, түркі тайпаларын бағындырғысы келді, сөйтіп, ислам дінін оларға таратуды мақсат етті. Бірнеше жыл бойы түркілер исламды толықтай қабылдаған жоқ, Кутейба мешітке келгендерге екі дирхам ақша беруді ұйғарды. Сонымен тарихта оңтүстіктегі түркілер ислам дініне қабылдағандай болды.

Алайда, Оңтүстік Сібір түркілері тағы бірлесе келе, мемлекеттіліктерін нығайтып, Шыңғыс хан бастаған әйгілі жорық тарих сахнасында мәңгілікке сақталып қалды.

Әрине, олар оңтүстіктегі Алтай таулары мен Сарыарқа төріндегі түркі тайпаларын бағындырды.

Алтын Орда мемлекеті ыдырап, Жәнібек пен Керей Қазақ хандығын құрды. 18 ғасырдың орта шенінде қазақтар тағы да тағдыр тәлкегіне түсті, халқының тағдырының алдында болу мен болмау талғауы да тұрды. 1731 жылдан бастап, Ресейге бодандыққа түскен халық тағы да ел боламыз ба, жоқ па деген сауалға тап болды. XX ғасыр басында 1917 жылға дейін тағы да қазақ болып қаламыз ба, әлде бұл халық жер бетінен жойылып, әрбір ұлтқа бөлек-бөлек сіңіп жоғала ма деген мәселе алаңдатты.

1932–1933 жылдардағы аштық пен 1937 жылдардағы репрессия қазақ халқына өте ауыр соққы болып тиді. Халқымыздың көпшілігі сол кезде қазақ мемлекеттілігі жойылды, енді ешқандай да үміт жоқ деп шет елдерге бас сауғалап кетті. Одан да аман қалдық, елдігімізде де сақтап қалдық. Кеңестік империалистік интернационализм соғыссыз-ақ қазақ халқын және басқа да ұлттарды жер бетінен жойып, тұтас СССР халқын құруға ұмтылды. Қазақтардың рухы өшті, халық ретінде өздерінің кім екендіктерін ұмытты деп түсінген Мәскеу 1986 жылы мемлекет басшысы ретінде Г. Колбинді сайлаған сәтте, ұйқыдағы ұлттық рух қайта оянды. Одан соң 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Ендеше, қараңыз, түркі қазақ халқының алдында тарихта халқымыздың болуы мен болмауын таразылайтын бірнеше оқиғалар болды және соның әрқайсысында да «енді Қазақ ел болудан қалдық» деген пікірде болғандығымыз да рас: ғұндардың қытайға салық төлеп мемлекеттілігінен айрылуы, түркі қағанатының ыдырауы, араб шапқыншылығы кезіндегі бұрынғы ділі мен діні, жазуы мен мәдениет ерекшеліктерінен айрылуы, Шыңғыс хан жорығы кезіндегі Орта Азия қыпшақтарының тарих бетінен жойылуға шақ қалуы, Ресей



отаршылдығы кезіндегі үмітсіз болашақ, Кеңестер Одағы кезіндегі ашаршылық пен қуғын-сүргіннің тарих сахнасынан қазақтар құрған мемлекеттің жойылатындығы туралы күмәнсіз болжамдар, 1986 жылға дейінгі саяси-әлеуметтік, мәдени-психологиялық мәңгүрттіктің есебінен біз, өзімізді жоққа балауымыз т.б.

Тарих қазақ халқын қатты сынға ұшыратты, бірақ, нақты біз, әлі бармыз. Осыдан «Мәңгілік Ел» идеясының теориясы ғана емес, нақты тәжірибелік көрсеткіштері анық көрінеді. Жер бетінен жоңғарлар сияқты жойылуы тиіс халық, бүгінге дейін сақталып келеді.

Бұдан шығатын қортынды, қазіргі замандағы кейбір «қазақ халқы жойылады, енді ел болмаймыз» деген пессимистік сарындағы ой-пікірлерге нақты жауап алынады.

*«Мәңгілік» ұғымы тұжырым ретінде сапасы жағынан өміршеңдік, қандай да жағдай болмасын бейімделушілік, болмысы жағынан тұрақтылық, өз болмысынан ауытқымайтындық, сынақтарға төтеп берушілік, төзімділік секілді қасиеттерге ие болады.*

Қазақстан ұлттық идея ретінде қабылдап отырған «Мәңгілік Ел» ұстанымы жоғарыда атап өткендей, тура абсолютті мағынада қолданылмайды. Себебі, шындығында да таза абсолютті мәңгі ешнәрсе болмайды. Тіпті, Ай, Күн, жұлдыздар т.б. галактикалар да мәңгі емес. Сондықтан, біздің «Мәңгілік Ел» идеямыз эмоционалдық реңкке ие болады, көркемдік таным шындығын бейнелейді. Әрине, ол құр утопия, схоластика, орындалмайтын арман, спекуляциялық сөз ойнату т.б. емес. Мәселен, Т. Мордың «Утопия аралы», Т. Кампанелланың «Күн қаласы» т.б. утопия [2, 102-б.], орындалу мүмкіндігінен гөрі іске аспау мүмкіндігі басым. Ал позитивтік-постмодернистік тұрғыдан алғанда, «мәңгілік» ешқашан шешімін таппайтын метафизикалық ұғым, оны философиялық

пайымдау алаңынан алып тастау да керек. Ал көркемді таным мен поэтикалық дүниеге көзқарас тұрғысынан алғанда, ол – сезімдік шынайылық.

Қазақтардың дүниетанымында рационалдылықпен қатар, эмоционалды, эстетикалық, этикалық ақиқаттар қатар жүріп отырады. Бір қария екі баладан «Дүниеде не тәтті?» деп сұраған екен, сол сәтте, бірінші бала «Қант тәтті», – десе, екіншісі «Ананың сүті», – деп жауап берген екен. Міне, нақ осындай, абсолютті түрді мәңгі ешнәрсе болмайтындығына қарамастан, «Мәңгілік Ел» біздің Отанымызға арналған эстетикалық-көркемдік, этикалық-өмірлік ақиқатымыз.

Түркі халықтары қайта-қайта ыдырап, кейде бөлініп, циклды түрде адамзат тарихында бірнеше рет империялар мен іргелі хандықтар құрғандығы тарихтан белгілі: Ғұн империясы, Сақтар даласы, Түркі қағанаты, Дәшті-Қыпшақ, Қарлұқ хандығы, Түркеш хандығы, Қарахан хандығы, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан хандығы, Астрахань хандығы, Қазан хандығы, Қырым хандығы, Осман империясы, Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Қазақ хандығы, Хиуа хандығы т.б.

Бұлардың барлығы да сол заман үшін өркениетті, дамыған, әскери қуаты да мықты мемлекеттер болған. Бұлардың құлдырауына көп жағдайда ішкі алауыздық себепкер болған. Ендеше, аналогиялық түрде, бүгінгі Қазақ елінің де алып, қуатты, саяси сахнада өзіндік орны айшықталған, дамыған мемлекет болуына заманауи мүмкіндіктер мен тарихи алғышарттар бар және қорлары мен тәжірибесі де діл тұрғысынан алғанда қамтамасыз етілген деген сөз. Бұл да «Мәңгілік Ел» болу идеясының жүзеге асуының тарихи шарттарының бірі болмақ.

Бірақ «Мәңгілік Ел» саяси-әлеуметтік тұжырым тұрғысынан алғанда, жай ғана сақталған, бар болып тұрған мемлекет дегенді білдірмейді, өркениетті,

зайырлы, құқықты, демократиялық, әлемнің озық елдері қатарынан көрінетін деген мағыналарды жамайды. Мәселен, Африкадағы алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінде өмір сүріп жатқан ұсақ тайпалық одақтар бар, олар да мәңгі (ұзақ уақыт) сақталуы ықтимал. Бірақ біздің мәңгіліктегі таңдау жолымыз, әрине, мұндай бағыт емес.

*«Мәңгілік Ел» өзімен-өзі оқшау тұжырым емес, ол мемлекеттік рәміздермен өрілуі, барыс титулымен көмкерілуі, «Ұлы дала елі» ұғымын қамтуы тиіс.*

Мәселен, туымыздың көк түсі, ол Тәңіршілдік сенімінің архетипі болуымен қатар, көк аспан, яғни, аспан – шексіз кеңістік, ал шексіздік мәңгіліктің атрибуты, уақыт пен кеңістік бойынша шексіздік, аяқталмайтындық, таусылмайтындық, тіреліп қалмайтындық, кері оралмайтындық сияқты сапалар мәңгіліктің шексіздігін айқындап береді, яғни, сол мәңгілікті бірегейлендіреді. Сол аспанда түркілік мифологем самұрық құс самғап жүреді. Ал туымызда оның орнынан қыран бүркіт бейнеленген. Самұрық – қазір «Бәйтерек» монументінен көрініс тапқан архетип.

Барыс титулы да – Қазақстандық таңдау. Түркі халықтарының тотемі Көк бөрі болғандығы тарихи дүниетанымымыздан аян. Себебі, бөрі – өміршең, алғыр, қу, айлакер, өжет, қайсар, шыдамды хайуан. Түркі халықтары осы көк бөрілік рухты бойына сіңіріп, жауынгер халық болған. Қазіргі Қазақстанда, барыс тотем емес, титул. Барыста да еркіндік пен өміршеңдік бар.

«Ұлы Дала» ұғымы да – эстетикалық категория. Дала – еркіндік, шексіздік, кеңдік, риясыздық, самғау, асқақтық, тыныштық, игерілмейтіндік, тылсым, үнсіздік т.б. арқылы адамға ерекше әсер беретін рухани байлық. Дала жай ғана географиялық кеңістік емес, ол – туған жер, ол – тұнған эстетика, ол – сол жерді мекен еткен

халыққа өмір сүруге қолайлы ландшафт, ол – қалаға қарсы қойылатын, яғни, өркениетке қарсы ұғым – мәдениет т.б. Дала да әртүрлі болады, біздің кредо – «Ұлы дала».

Осы тұста дала философиясы туралы ой туындата аламыз. Бұл жерде «жоқ іздеген» немесе алыс сапарға атпен шыққан, мал баққан қазақ бейнесінің де қайталамалы тұрмыс қалпын нысанаға аламыз. Қазақ даласының көпшілік жерлері шөл және шөлейт аймақтарға жатқызылады, орман, тоғай өте сиректеу кездеседі. Ашық мүлгіген дала кеңістігімен бетпе-бет келген түркі-қазақ ұлдары ұшы-қиыры жоқ, назар аударарлық объектілер көзге түсе бермейтін салқындау-қаталдау шексіздікпен кезігеді. Бұл жағдаятта ойын бөлетін немесе алаңдата-тын, қауіп-қатерді аяқ астынан күтетін кедергілер болмайды. Мәселен, орман-тоғайлы жерлердегі алаңдаулардан ой ұзақ уақыт бір объектіге шоғырландырылмайды, ондағы зиянды қауіп-қатерлі тосыннан кездесіп қалуы ықтимал хайуандардан бастап, кіші тіршілік иелеріне дейінгінің барлығы ойды бөліп, адамға үнемі алаңдаушылық сезімде болуды, айналаны әрбір сәт сайын жіті қадағалап отыруды қажет етеді.

Бұл жағдай көлденеңінен құрылған шексіздік арқылы қалыптасатын ой-толғамды туғызса, тігінен құрылған кеңістіктегі шексіз аспан әлеміне күндіз көз салу – ой тұңғиығына жетелеп, танымның руханияттық қуатының да шексіздігін бейнелеп береді. Себебі, Көк Тәңіріне табынған халқымыздың оңашада аспанға да жиі-жиі қарайламауы мүмкін емес.

Қазақ сахарасының шексіз даласы мен оны ұзақ уақыт бойы кезу (сапарлар, мал іздеу т.б.) адамды асқақ армандарға, терең парасатты ойларға қарай жетелейді. Бұл да өз кезегінде философиялық пайымдауларды туғызуға алып келетіндігі сөзсіз, оған алыстан байқалатын, жеткізбейтін мөлдіреген сағымның әсемдігі қосылып, «жеңіл

медитациялық» күйге дейін алып барады да, «Дала және Мен» құрылымының бірлігін жасап шығарады.

«Ұлы дала» ұғымындағы Ұлы – кеңдік, қастерлілік, тайсалмайтындық пен даналық. Күлтегін жазуында да «Түріктің қасиетті жері» деген жолдар бар. Осындағы «қасиетті» деген сөзге назар аударсақ, Ұлы даланың тарихи мағынасы ашыла түседі. М. Жұмабаев та осындай пікірді эмоционалдық-поэтикалық тұрғыдан қуаттайды:

*Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы,*

*Бір жағы – күн, бір жағы – түн баласы.*

*Арғы жағы – көк көзді жын ұясы,*

*Бергі жағы – Түріктің сар даласы [3, 48-б.].*

Саяси тұрғыдан Ұлы даланың белгілі бір нақты айқындалған шекарасы жоқ, ол – түркі халықтары мекен еткен тарихи геофизикалық шартты кеңістік. Мәселен, Қырым хандығы құрылған Қырым түбегі де Ұлы дала, Сібір хандығы болған Сібір жері, ғұндардың мекені болған Алтай таулары, Ұлы Қытай қорғанына дейінгі шығыс, олар да Ұлы дала жерлері, ол оңтүстікте Үндістан мен Пәкістан, Иранға дейінгі жерлерді де қамтиды.

Демек, Ұлы дала – кең аумақты алып жатқан, жалпы түркі халықтары өзінің мыңдаған жылдық тарихының өн бойында тіршілік еткен атамекені. Басқа түркі халықтары өз жерлерін бұлай атамағандықтан, бұл атауды қазір Қазақстан еншілеп отыр. Демек, мәңгілік ел болудың тұрағы – Қазақстандағы Ұлы дала немесе Ұлы даланың Қазақстаны болмақ.

Сондықтан, еліміз ұстанып отырған «Мәңгілік Ел» стратегиясы – шарттары мен бағдарлары уақыт өзгере келе ұмтылатын, бір кездерде жоққа шығарылатын концепциялармен емес, барынша мәңгілік және тұрақты тұғырнамаға айналатын негіздер.

XXI ғасырда Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына ену стратегиясына сәйкес, алдымен, өзіне «Мәңгілік Ел»

идеясы, «Ұлы Дала Елі» сынды жаңа рухани-идеялық мұраттар жасап алды. Бұл бір қырынан утопия болғанмен, қазіргі жаһандану заманында аса қажетті идеал. Оның ішкі саяси мағынасы – болашаққа сенім, оптимистік көңіл-күй, қайсарлық рух беретін, өмірге деген шабыт туызатын халықтың көңіл-күй келбетін шабыттандыратын оңды нормалар болып табылады. Ал сыртқы саясаттағы мәні, әлемдік саяси сахнада өзгелер үшін мемлекеттің өзіне сенімділігін паш етеді, тарихтағы түркі халықтарының әлемге әйгіленген келбетімен психологиялық ассоциация туғызады, әлемдік өркениеттік дамуға батыл қадам басқандығынан хабардар етеді, айбарлы рухы мен жігерін жариялайды т.б. Себебі, жаһандану – дүниежүзінің қай сала болмасын қатаң бәсекелестік алаңын туғызатын мемлекет аралық социодарвинистік қағида.

Сондықтан бұл бәсекелестік екі арнада құрылады. Біріншісі, саяси-идеологиялық, рухани-мәдени болса, екіншісі, материалдық-экономикалық, іс-тәжірибелік. Демек, осы «Мәңгілік Ел» идеясы бәсекелестіктің бірінші арнасында болса, дамыған 30 елдің қатарына ену екінші арнасына сәйкестенеді.

Жалпы алғанда, рухани мәдениет пен руханилық, моральдық ұстанымдар идеологиялық-ақпараттық қатерлердің зардаптарын жоюға, алдын алуға және болашақта ұлттық идеяны насихаттауға, қоғамымыздың қондырмасының нығая түсуіне, мемлекеттік мұраттарды, «Мәңгілік Ел» мен «Ұлы дала елі» идеяларының ішкі мағынасын көпшілікке түсіндіруде, халықтың оптимистік көңіл-күйін орнатуға, «Қазақстан-2050» Стратегиясының жүзеге асуының идеялық-рухани жақтарына ықпалдасуға, Елбасының жыл сайынғы Жолдауын халыққа түсіндіруге, ел ішіндегі ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға, қоғамымыздағы моральдық құлдырауларға

алаңдап, оны оңтайландыруға т.б. белгілі бір деңгейде септігін тигізетін және сыртқы саясатта да Қазақстанды әлемге танытуда, жаһанданған әлемде еліміздің өзіндік мәртебесін айғақтауға, беделін көтермелеуге тікелей байланысты қоғамның рухани болмысы, қондырманың өзі болып табылады. Сондықтан да, табиғаты жағынан мемлекеттік қолдауға үнемі зәру болатын бұл саланы көтермелеу қажет.

Бұның барлығы түптеп келгенде, ұлттық идеямызды күшейте отырып, тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтып, өзгелерге Қазақстан мемлекетін сөзсіз мойындатуға қарай жетелейді. Оның басты кредосы – еліміздің әлемдік саяси аренадағы беделін одан әрі арттыра түсу.

Дүниежүзілік саяси арена – барынша күрделі, парасатты, ең маңызды ахуалдардың бірі әрі барлық мемлекеттердің сыртқы саясатының нәтижелері мен перспективті жоспарларынан құралады, әрі «саяси ойын» алаңы болып табылады. Бірнеше жыл бойы тәуелсіз елдермен салыстырып, Қазақстанның тек ширек ғасырлық тәуелсіздігін есепке алсақ, бұл ойынға түсу және жеңілістерге ұшырамаудың қаншылықты зор, әрі күрделі мәселе екендігі айқындала түседі.

Саяси аренадағы бедел сан қырлы жолдармен және қоғамның әрбір саласындағы жетістіктер мен артықшылықтар бойынша жинақталады. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстанның дүниежүзіндегі беделі бірте-бірте артып келеді.

## Әдебиеттер

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1975. – 645 б.
3. Мор, Т. Утопия / Т. Мор // Антология мировой философии. В 4 т. Т. 2. – М., 1970. – 403 с.
4. Жұмабаев М. Орал / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://bilim-all.kz/olen/1281-Oral>.

## II ТАРАУ

### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ РУХАНИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КОНТЕКСІНДЕ

#### 2.1. ҚАЗАҚСТАН РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Біз ұлттық идеяны ақыл таразысынан өткізіп, халықтың басым бөлігі қабылдаған ұлттық құндылықтар жүйесі деп түсінеміз. Ұлттық идея Қазақстанда жүріп жатқан мәдени мұраларды жаңғырту үрдісі мен әлемдік өркениет ықпалымен туындаған жаһандану процесінің арақатынасында қарастырылуы тиіс. Соңғы процестің объективтік негіздеріне өркениеттің ақпараттық толқынының қарқындауы, Кеңес Одағы тарқағаннан кейін батыстандыру мен америкаландырудың жаңа пәрменге ие болуы, бұқаралық мәдениет үлгілерінің жаңа тәуелсіз елдерде барынша таралуы, этникалықтан өркениеттіліктің басымдылыққа ие болуы жатады. Қазақстанда ұлттық идеяның қалыптасуына үш суперөркениеттердің (православтық, мұсылмандық және конфуцийлік) тоғысуында орналасуы, мәдени-әлеуметтік транзиттік, тоталитарлық және атеистік сана қалдықтары, номадтық діл архетиптері ықпал етеді. Басқа да ТМД елдерінде сияқты, Қазақстанда ұлттық идеяны іздеу амбивалентті құбылыс болып табылады. Қазіргі өркениеттік және ұлттық-рухани құндылықтарға қарай бетбұрыс әлемдегі елу озық елдердің қатарына қосылуға септігін тигізе алады.



Қазіргі кездегі өркениет қоршаған ортаны, әлеуметтік сипаттағы тұрмыстық жағдайды қайтарымсыз түрде өзгертуде. Осы тұрғыда мәдениет көбінесе қоғамдық жаңару бастауы, шығармашылық өмірді қалыптастыру факторы ретінде көрініс табады. Мәдениетті адамның өзін-өзі жүзеге асыру құралы ретінде қарастыру арқылы, ондағы тарих пен адамға айтарлықтай әсер ететін импульстерді анықтай аламыз. Әлемге жетудің эвристикалық құралы идеология, экономика немесе саясат емес, мәдениет болып табылады. Жер жүзінде өзіндік мәдениет нұсқасын қалыптастырмаған халық жоқ. Өзін-өзі сезіну, өзіндік сананы түсіну мәдениетке әу бастан-ақ тән, ол адам болмысының өлшемсіздігі мен тереңдігін білдіреді.

Қазіргі кезде ойлау жүйесінің шеңбері ұлғайып, ауқымдалып, ғылымды, қоғамды және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жетуге мүмкіншілік бар. Оның басты бағыты – зерттейтін объектісі осы заманнан шығып, өткенді, қазіргіні, келешекті жүйелі түрде ақыл-ой өрісінен, елегінен өткізіп, сол арқылы өз бойындағы жаңа типті ойлау мәнерін, өрнегін таразылау, сақтау және жаңарту. Осы мақсатта мына мәселелер зәрулік танытады: қоғамдық келісім және демократиялық даму, адам және қоғам, нарық және ғылым байланыстары. Ерекше бөліп қарайтын мәселе – азаматтық қоғам қалыптасуындағы қазақ идеясының орны. Қазіргі зерттеулерде «Қазақстан – жалпы біздің үйіміз» деген қоғамдық ой негізі орын алуда. Дегенмен, бұл идея өткен қоғамдағы ұрандарға ұқсас, негізінен саяси мәнге ие болып тұрған сияқты.

Шығыс халықтары ұлттық идеяларының құндылығы мәселесін қарастыруда бірінші тұғырнамаға баяғыдан белгілі еуроцентризм жатады. Егер классикалық еуроцентризм тек жалғыз Батыс өркениеттілігі бар, басқалары «аборигендік», «жабайылық», «варварлық» деңгейден шыққан жоқ және Шығыс мәдениеттерінің болашағы

жылдам вестернизацияға енумен айқындалады деген пікірлер төңірегінде өрбісе, онда қазіргі жаһанданып келе жатқан және мозайкалы өркениеттерде аталған ұстаным, әрине, мимикрияға ұшырайды:

1. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен тілі қазіргі өркениет талаптарына икемді емес.

2. Постмодерндік номадология тұрғысынан көшпенділерде кеңістікпен байланыс және «тамырланған» мәдениет жоқ (ризома), олар тек «соғыс машинасын» ойлап тапқан (осыдан орыс тілді басылымдарда жиі кездесетін «моджахеды» тіркесі қалған).

3. Номадалық мәдени артефактыларға экзотикалық сипат берумен әуестену (әсіресе, американ үндістерінде кездесетін «потлач», «сый экономикасы», «тотемистік» көріністер, т.б.). Бұл, әсіресе, қазақтың төл мәдениетін орыс тілінде зерттеушілердің арасында кең тараған. Осы құбылыс тек Қазақстанға тән нәрсе. Егер сіз, мысалы, Францияға барып, француз тілін білмей, сол француз мәдениетін зерттеймін десеңіз, күлкіге қаласыз. Бізде бәрі мүмкін.

4. Қазақтың мәдени үрдістерін әлемдік өркениеттілік үлгілерінен бөліп көрсету.

5. Батыстық мәдени калька – ұғымдарды тарихи тұлғаларға жапсыра беру: «Абай – маргинал», «Асан қайғы – алғашқы утопист», «Ғұмар Қараш – экзистенциалист», «Ш. Уәлиханов – атеист», т.б.

Осындай ұстанымдар негізінде жүргізілген зерттеулерде қазақтың ұлттық идеясы әбден ырықсыз «піштіріліп», ойдан шығарылған, ештеңеге ұқсамайтын «фантомға», квази-құрылымға айналып кетеді.

6. Герменевтика, компаративистика, диахрония мен синхрония сияқты әдістерді негізсіз қолдану. Бірнеше деректер келтірейік, «культура» латын тілінен «жер өңдеу», ал «мәдениет» араб тілінен «қала» деп аударылды, екеуі де көшпелілерде болған жоқ, сондықтан олар

мәдениеттен тыс, «Заратуштра» деген (Жаратушы дегенге ұқсас) Қорқыт есімін «қор» (банк) және «құт» (бақыт) деп түсіндіруге болады немесе әлдекім жазғандай, «отырықшы халықтар фемиоцентристер, ал қазақ мәдениеті патерналистік және фаллоцентристік».

Қазақтың ұлттық идеясына қатысты батысшылдық ұстанымдарымен қатар әсірелеуші исламдық тұғырнама туралы да айтып өткен жөн. Әрине, біз бұл жерде исламның қазақ мәдениеті үшін құндылығына, өркениеттік функциясына күмән келтіріп отырғанымыз жоқ. Алайда, діннің өзіндік құндылықтары мен діни қайраткерлердің пікірін ажырата білген дұрыс. Айталық, логика пәнінен дәріс оқитын ұстаздың қателіктері логиканың өзін төмендетпейді.

Тарихтан Орта ғасырларда христиандық теологияның Еуропада білімнің барлық түрлерін өз қолжаулығына айналдырғаны белгілі. Сол себептен секуляризация қозғалысы Батыс Еуропада ой еркіндігіне де жеткізе алды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, әрине, діни қайта өркендеу басталғанын және осының оң құбылыс екендігін бәріміз білеміз. Атеистік және тоталитарлық санадан арылу өте маңызды үдеріске жатады. Бірақ басқа мұсылман елдеріне діни білім алуға барған жастар көбінесе сол біліммен қатар бөтен өркениеттік сананың ықпалына да енді, төлтума мәдени құндылықтарға деген оларда нигилистік көзқарастар қалыптасты.

X–XI ғасырларда Орталық Азияда ислам ренессансының шарықтау шегіне жеткенін «көзқамандардан» басқалардың бәрі аңғара алады. Алайда моңғол шапқыншылығынан басталып, түркілердің өзара этникалық тартыстарымен жалғасқан бұл үрдістер, Ш. Уәлихановтың сөздерімен айтқанда, бұрын білім ордаларына, обсерваторияларға, т.б. бай өлкеде кертартпа билеушілер мен дінбасыларына, «зындандар» мен «кенеханаларға» толы

иеліктермен аяқталды. Бұл тарихи санадан айырылудың айқын көрінісіне жатады.

Рәмізі белсенді «Фауст адамы» болған, Батыс өз экспансиясын, артта қалған халықтарды отарлау саясатынан басқа, сол кезде әрекет етіп тұрған Шығыс Азиялық (Жапония, Қытай), Оңтүстік Азиялық (Үндістан) және жетекші елі Осман империясы болған исламдық және православиялық (Ресей) өркениеттерінде үстемдік жүргізуге бағыттады. Тек қана ХХ ғасырда Батыспен қатар әлемдік мәселелерді шешуге қатысқан КСРО, Қытай, Үндістан, ислам елдері тарихи сахнаға шықты. Бекерден-бекер С. Хантингтон қазіргі сегіз суперөркениеттер туралы айтып тұрған жоқ. Әлем көпқырлы, көпжақты бола бастады. Бірақ осы кезден вестернизацияның қарқыны бәсеңсіді деп айту да қиын. Кеңес Одағы ыдырап кеткеннен кейін АҚШ батыстандыруды жүзеге асырушыға айналды және ол жаһандану үрдістері тұрғысында болып жатты.

«Қашан екі немесе одан да көп өркениеттер бір-біріне әсер еткенде, олардың қуаттылығы әртүрлі болып келеді. Агрессияшыл өркениет экспансия объектісінің өзіне тең емес екендігін сезінеді» деп тұжырымдайды А. Тойнби [1]. Батыс өркениеті өзінің басқа мәдениеттерге қарсы бағытталған қиратушы әрекетін «туземдіктерді» (бір мағынасында «нағыз адам емес») мәдениетпен өркениетке жеткіземіз дегенді желеу етеді.

Түркі халықтарының вестернизацияға берген жауабы өнеге тұтарлық. Қазақ халқымен тағдырлас Түркияда жүргізілген батыстандыру процесінің кейбір ерекшеліктеріне тоқтайық. Православтық-христиандық өркениеттің біршама бөлігін өзіне бағындырғанымен, Батыспен текетіресте османдықтар қауқарсыз болып шықты. Осман империясы әскері 1683 жылы Вена түбінде жеңілгеннен кейін, әлемде Батысқа қарсы тұра алатын күш қалмағандай болды. Венаны қоршаудан соң қорғанысқа көшкен,

түріктер өз жауы Батыс Еуропадан қару сұрауға мәжбүр болды және батыстық кейбір құндылықтарға жол ашты.

Мемлекеттік қызметке енді грек ұлтының өкілдері алына бастады, оларды батыспен дипломатиялық қарым-қатынасқа дайындады, бірақ қаншама олар оттомандық тәрбие алғанымен, ойларының түбінде өз Отанының азаттығы тұрды. Осман әскері еуропалық үлгіде қайта құрыла бастады, бұл міндетті түрде батыспен танысқан офицерлердің арасында реформалық қозғалыс тудырды. Танзимат пен жас түрікшілдер қозғалысы дәстүрлі османдық қоғамды шайқалтып жіберді.

Абдул-Хамид сұлтан ұсынған, османдық әскери машинаны аздап батыстандыру бағдарламасы өзін ақтамады, ол тасқын бөгетін ашқандай болды. Батыстандыру толқыны артынан бүкіл Оттоман империясын либералды ойлы әскери офицермен қаптатып жіберді. Бұл істі соңына дейін жеткізген Кемал Ататүрік қазір Түркияны өркениетті елдер қатарына қосты. Осыдан батыстандыру тек қоғамның бір саласын ғана қамтымай, оны тұтас өзгертуді өзіне мақсат етіп қояды деген қорытынды шығаруға болады. Технологиялық басымдылық оның құндылықтарын дамушы елдерге күшпен тануға мүмкіндік береді. Себебі дамушы елдердің элитасы мен мамандары батыс технологиясымен бірге батыстық ойлау тәсілін де қабылдайды.

Дін мен саясат мұсылман елдерінде тығыз қабаттасып кеткен. Кемал Ататүрік бұл мәселеде де көрегендік танытты. Мұсылмандық мемлекеттің басшысы болып, оларға ислам бөлініп кеткен, бір үлкен сектаның басшысы халиф немесе сол халифтен өкілеттілік алған, жиі ретте басқаруда тиесілі орнын алады. Алайда, өткен ғасырларда бұл инвестирураның көбінесе тек формальды болғанын, және де қашан халиф күшінен айырылғанда, ол өзінен мықтыларға қарсы келмегенін де, атап өткен

дұрыс, бірақ бағдадтық Аббасидтердің құлдырауынан Ұлы Осман империясының пайда болуына дейінгі дейінгі кезеңде, мұсылмандық елдерде кез келген үлкен революцияға және жаңа мұсылман мемлекеттің құрылуына бар жерде дерлік жаңа діни схизма жолбасшы болады және оны заңды бекітті.

Түркиядағы «Танзимат» және Ресейдегі милләтшілдік пен жәдидшілдік идеялары ықпалымен дамыған діни реформистік ағым исламға түбегейлі өзгерістер енгізді және ол кейін Кемал Ататүрік реформаларында іске асты. Жәдидшілдік атауын қазақ тіліне «жаңару, елдікті сақтау үшін жаңа бағытты ұстау» деп аударуға болады. Бұл бағыт қазақ топырағында жаңа мағынадағы «мұсылманшыл қазақты» қалыптастыруға ұмтылды. Қазақстанда да «Түрікшілдік бағыт» (М. Шоқай, М. Жұмабаев, Т. Рысқұлов, М. Ходжаев) қалыптасты. Бұл бағыттың өкілдері түркілік өркениет тұтастығы тұрғысында қазақ адамын қалыптастыруға шақырды. Бұл типтің басты ерекшеліктеріне тарихи сананы түркілік тұтастық идеясы негізінде жаңғырту, тәңіршілдік, батыс пен шығыстан даралану, қазақ халқы түріктің қара шаңырағының иегері деп мойындау жатады.

Алайда бұрынғы Кеңес Одағында түркі халықтары Түркиядағы сияқты Ататүрік жолына түсуге мүмкіндіктері болмады. Социалистік қоғамдағы трансформациялар негіздері мен батыстандыру деңгейі Қазақстанда түгіл Ресейдің өзінде жеткіліксіз қарастырылған. Көпшілік еңбектер капиталистік қоғам және социалистік жүйелердегі жатсыну мәселесіне және ұжымшылдық қағидасын қайта қарауға арналған. Қазақстан философтарының едәуірі социалистік қоғамдағы әлеуметтік мәдениетті бұрынғы маркстік методология тұрғысынан сынаумен шектеледі.

Сол себепті қазақтың Кеңес Одағы кезіндегі батыстандыру формалары мен төлтумалықтың арақатынасын

тікелей қарастырудан бұрын тоталитарлық қоғамның әлеуметтену негіздеріне қысқаша тоқталып өтейік. Біріншіден, адамзат тарихындағы барлық қоғамдарды қауымдасу негіздері бойынша екі түрге (ынтымақтастықтың келісімді тәртібі және күш көрсетуге сүйенетін тәртіп) бөлуге болады. Егер біріншісін – тұлға орталықтық қоғам десек, екіншісі – жүйе орталықтық әлеуметтік құрылымға жатады. Екіншісіне жасандылық тән, сондықтан оны «құрылыс» (үлгі бойынша жасалған) деп атайды. Осы жүйе орталықтық әлеуметтік қауымдасудың қисынды шегіне жеткен түрін тоталитаризм деп атайды.

«Еуропашылдық» белгілі мөлшерде ұзақ уақыт бойы мақтан, жетістік болды. Ол кездегі ұлт зиялыларының ішінен тым батысшыл болып, материализм, марксизмдерді де қостап кеткендері кездесіп отырды, әсіресе, дінге, төл дәстүрге байланысты үстірт пікір айту да орын алды. Оның сол кездегі арғыдан келе жатқан әлеуетін, шын мағынасын ажырату керек еді. Жалпы, сол кездегі ұлт элитасы еуропалықтардың өздеріне ұқсап кетіп, экстраверттік мінез танытып (яғни, мына дүние мәселелеріне беріліп), саясатшыл, ұлтшыл болды.

Көптеген батыс ойшылдары әлемнің тұтастануын батыс қоғамының жеңісі ретінде қабылдайды. Мысалы, заманымыздың белгілі ойшылы К. Поппер еркін демократияның елдері, батыстың ашық қоғамы жеңді дейді. Тоталитарлық қоғамдар бар болғанын ешқашан, ешкімнен жасырмаған, орасан зор ішкі күштердің әсерінен құлады. Алдымен өзінің қалдықтарының астына бірыңғай Кеңес империясының темір жұдырыған көміп, өте топтасқан және мызғымастай болған шығыс еуропалық диктатура жойылды.

XX ғасырдың ішінде батыс-шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды. Батыстың өзі күрделі эволюция үстінде еді. Батыс-шығыс руханиятының даналығын

тани бастады, ғалымдары буддизм, үнді философиясын зерттеп, батыс суфизмді өзіне «ашты». Өз философиясын байытты. Жоғарыда айтылған К. Юнг дүниеге көзқарас батыс рационализмінен терең болу керек екенін мойындады және материализм, дінсіздік, техноцизмді, беймәдени «демократиялық» болмыстың («көпшілік мәдениеті») зиянын өздері өздеріне әшкереледі. Әрине, ойшылдардың Бұл тұжырымдары нақты саясатқа қазірге дейін үлкен әсер ете алмай отыр. Дінді, этиканы мойындау, әлемдік интеграцияны рухани жағынан толықтырып, шынайы «жүректер интеграциясына» айналдыру, әрбір ұлттық қайталанбас келбетін сыйлау, «жанын» түсінуге тырысу, сол арқылы шынайы бауырмалдыққа жету – міне батыс пен шығыс ойшылдарының, жалпы прогрессивтік ниеттегі адамдардың келген қорытындысы. Қандай халық болмасын, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде этикаға, руханиятқа бет бұрмаса, адамды түземесе, Жер бетіне үлкен қасірет жақын екені енді анық сезіледі.

Осының барлығын ескере отырып біз мынаны айтуымыз керек: «американдану», «еуропалану» да біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес көшпенділікті аңсау да орынсыз. Біз екі бұрынғы рухани элитаның екі буынының да тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. Жаппай вестернизация, рухани азу ықпалы күрт өскен жағдайда (өкінішке орай, бізде батыстың биік мәдениетін, философиясын емес, азғындық жағын насихаттау басым), оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған болады. Сөйтіп қана зиялылары, басшылары ұлтты дағдарыстан алып шыға алады.

Ендеше, ХХІ ғасыр ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда шығармашыл ізденіс (мүмкін техногендік батыс өркениетіне альтернатива ретінде рухани сипаттағы «еуразиялық» өркениет құру идеясы – егер де оны біз дұрыс



түсіндіріп, айқындай алсақ) біздің бүкіл аймақтық мәдени, әлеумет, саяси трансформация процестеріне үлкен өзгеріс, ілгері басу, гүлдену алып келер.

*Рухани кеңістікті құрайтын ұлттық идеяның элементтері көп. Солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар бұл ұлттық философия мен әдебиет, мәдениет пен оның түрлері, рухани қазынаның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырдың айналасында өрбиді, дамып отырады.*

Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғақтап отыр, оған көптеген мысалдар келтіруге болады.

«Қазір батыс елдері үлкен дағдарыста» деп мойындайды кейбір батыс ойшылдары. Қазіргі кезде бала туу деңгейі ең аз жиырма ұлттың он сегізі – еуропалықтар. Еуропадағы бала туудың орташа деңгейі соңғы кездері 1,4 адамға дейін түсіп кетті. Ал халықтың тым болмаса, қазіргі санын сақтап қалу үшін бұл деңгейдің шамасы 2,1 болу керек. Бұл турасындағы болжамдар да өте көңілсіз. 2000 жыл мен 2050 жылдар аралығында Жер бетіндегі халықтың саны 3,5 миллиардқа өсетін көрінеді. Алайда бұл өсім тек Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің есебінен болады. Осы жүзжылдықта Құдай көрген бейнеті мен қиындығының өтеуіне қытайлықтарға, мұсылмандар мен латын америкалықтарға қарасатын шығар. Сонымен қатар әлемнің билеушісі болу мүмкіндігі де осы халықтарға туып тұрған секілді. Ал 100 миллион еуропалық жер бетінен өзінен-өзі жоғалып кетеді. 1960 жылы еуропалық нәсілділер әлем халқының ширегін құраса, 2000 жылы алтыдан бірін, ал 2050 жылдарға таман бұлар бар болғаны оннан бірін құрайды. Батыс кеміп барады. Өйткені, батыстың халқы өздерін көбейтуді тоқтатып, шапшаң азайып барады. Дәл осы секілді

көрініс Америка Құрама Штаттарынан да байқалады. Бұған қоса, 1969 жылы Ричард Никсон президенттік ант қабылдағанда, АҚШ-та 9 миллион иммигрант болған. Ал Барак Обама билік басына келген тұста мұндай американдықтардың саны 40 миллионға артқан.

Американың бұлайша «өзге» Америкаға айналуына белгілі бір әлеуметтік факторлар әсер етті. Бірінші фактор – күйеуі тұрмыстық қажеттіліктерді тауып, асыраушы қызметін атқаратын, әйел үй шаруасы және бала тәрбиесімен айналысатын дәстүрлі отбасылардың бұзылуы. Қазір мұндай отбасылар келмеске кетті. Бұл шаңырақтан индустриалды қоғам еркекті суырып алып, фабрика, зауыттарға жіберсе, постиндустриалды қоғам жоғары жалақы төлейтін офистер мен фирмалардан жақсы жұмыс тауып беріп, әйелдерді шығарып алды. АҚШ-тағы әйелдердің жалақысы әжептәуір өсіп, есесіне, еркектердің еңбекақысы айтарлықтай төмендеді. Әйелдер экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізіп, отбасы олар үшін өзінің мүмкіндігін жүзеге асыратын орын болудан қалды. Жас американдық қыз-келіншектер отбасынсыз-ақ өмір сүріп, дербестік пен тәуелсіздікке қол жеткізе алатынын түсініп, күйеуге тиюге асықпайтын болды. 1970 жылы 20 мен 24 жас аралығындағы әйелдердің тек 36 пайызы ғана күйеуге тимеген болатын. 2013 жылы осы жас аралығындағы әйелдердің 68 пайызы ешқашан үйленбегендердің санатына жатқан. Ал 20 мен 25 жас аралығындағы «өмір бойы күйеуге шықпауға бел байлағандардың» пайыздық көрсеткіші 10 пайыздан 35 пайызға дейін өскен. Сондай-ақ 2010 жылдың санағынан байқағанымыздай, Америка тарихында алғаш рет әрбір төрт үйдің біреуінде ғана толық (әке, шеше, бала) отбасы тұратын болса, жалғыз басты американдықтар ел халқының 26 пайызын құрайды екен. Яғни, бұл неке «сәннен» қалды деген сөз. Америка әйелдерінің

көпшілігі, Еуропа әйелдері секілді үй шаруашылығы мен ана болу бақытына қарағанда, қызметтік өсуді «қуаныш» көреді.

Екінші фактор – әлеуметтік қозғаушы күш ретіндегі «ерікті ұрпақтың» дүниеге келуі. Американың соғыстан кейінгі, яғни сол кезде құрылып жатқан «берекелі қоғамның» ұрпағы АҚШ тарихында тұңғыш рет жоғары білім алуға кең мүмкіндік алды. Бұл ұрпақ дәстүрлі отбасыдан университет аудиторияларына көшіп алды. Сөйтіп, әке-шешесінің қайырымды қамқорлығымен емес, бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде теледидар мен «жылтырақ» баспасөздің «тәрбиесімен» өсті. Ақырында бұл ұрпақ Американың дәстүрлі құндылықтарынан елеулі айырмасы бар құндылықтарды бойға сіңірді. Жаңа ұрпақ санасындағы басты нәрсе – Американы ұлы держава қылған діни қағидаттар емес, «осы жерде және қазір» ләззат алуды қалайтын эгоистік гедонизм бола бастады. Руханияттың орнын – қызмет пен ақша, отбасының орнын – шектеусіз төсек қатынасы мен «ерікті» өмір сүру, Жаратушы берген қасиетті өмірдің орнын – есірткі мен өз еркімен өлімге мойынсұну басты. Мұның бәрі сол кезде жүріп жатқан «мәдени төңкерістің» аясында жүзеге асып жатты» [2].

Кесімділік пен аяқталғандыққа шешім шығармай-ақ, қазіргі мәдениеттің мынадай қиындықтарын атап өтейік:

- руханилық пен материалдықтың арасындағы ажыратылу;
- эскапистік және дүниетанымдық ұстанымдардың араласып кетуі;
- нонконформизм, конформизм мен девианттық қылықтың өрістеуі;
- рационалдықты шектеу, тылсым сана қабаттарымен манипуляциялар жүргізу, жалғыздық, үрей, шарасыздық сенімдерінің өрістеуі;

– стандартты қарапайымдалған тіршілік ету баламаларын жасанды ұсыну.

Төлтума мәдени типтің ділін айқындау үшін шығыстық, батыстық және қазақи дүниетанымдар мен дүниелік қатынастардың ерекшеліктерін кестелік тәсілмен келтірейік:

Шығыстық тип	Батыстық тип	Қазақи тип
Микрокосм	Макрокосм	Жарық дүние
Виртуалдық	Рационалдық	Адамгершілік
Интротсубъект	Субъект-объект	Субъект-объект
Біртұтас дүние	Өзгермелі дүние	Адамдандырылатын
Психология	Технология	Экология
Мистика	Ғылым	Этика
Тұйық қоғам	Ашық қоғам	Сұхбаттастық қоғам
Өзін тану	Табиғатты тану	Адам болу
Тағдыр	Белсенділік	Қарым-қатынас
Идеализм	Материализм	Синкретизм
Поэзия	Проза	Эпос
Егіншілік	Урбанистік	Қауымдық

Әрине, бұл типтік белгілерді сол күйінде эмпирикадан іздеу қателік болар. Идеалды тип белгілі бір нәрселік саланың идеалдық көрінісін жалпылау жолында емес, ал сол саладағы мәнді ой тұрғысынан мұрат дәрежесіне көтеру арқылы қалыптастырылады. Тағы бір ескеретін нәрсе: бұл кестені еуразиялық мәдени типтің болашақ әлеуетін көрсету мақсатында келтірдік, ал мүмкіндіктің шындыққа айналуы диалектикалық процесс.

Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалының артуы болашақ даму стратегиясын таңдау мәселесін жаңа қырымен қояды. Зерттеушілер осы мәселе бойынша қазір тек Ресей мен Қытайдың арасында тұрған Қазақстан емес,

ал біздің еліміз үшін мұсылмандық және батыс христиандық өркениеттік үлгілердің арасалмағын айқындаудың маңызды екендігі жөнінде өз пікірлерін білдіреді.

Қазақстан исламдық елдер қатарына жатады ма және вестернизацияға қарсы ислам туын көтеруге болады ма? Әрине, ел халқының 70 пайызынан артығы мұсылмандар құрастырғандықтан және төлтумалық мәдени ерекшеліктерден Қазақстанды ислам өркениеті аралығына жатқызуға негіз бар. Алайда, бұл жерде бірнеше нақтылы жағдайларды ескеру керек. Исламдық түсінік бойынша, мұсылман ұлты дегеніміз «умма» болып табылады және діни ортақ сезімді ұлттық төлтумалықтан жоғары қоюға болады. Осымен бүкіл қазақстандықтар келісе қоя ма екен? Оның үстіне Қазақстан Республикасы діни емес, зайырлы мемлекет болып табылады.

Мәдениеттің қазақстандық дағдарысынан өту, жергілікті халық – қазақ халқының ұлттық болмысы мен мәдени дамуының формацияларына негізделген, жаңа замандық талаптарға сәйкес мәдениет институттарының құрылымдарымен ошақтарын дамыту мен жетілдіру функцияларын анықтайтын, жан-жақты зерделенген тұғырнаманы жасау. Ол уақыттық-кеңістік ауқымында мөлшерленер болса – стратегиялық мақсат-мүдделер мен ағымдық ұстанымдар қатарлы бағдарлардан құралмақ.

Стратегиялық міндет – тіл, дін, діл тұтастығы. Осы үш ерекшелікті басқа ұлт өкілдерінің ұйытқысы ретінде қолдану арқылы ынтымақтастықты дамыта отырып, жалпы мемлекеттік сүйіспеншілікке жетелеу.

Жуық арада ескеретін, ағымдық міндеттер: қоғамның тыныс тіршілігінде болып жатқан құбылыстарды стратегиялық міндеттер негізінде реттеп, бақылап отыру [3].

Қазақстан Республикасының мәдени даму тұжырымдамасы тәуелсіз Қазақстанның мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени дамуының

дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыру және отарсыздандыру (деколонизациялық) саясатын жүргізу маңызды болып табылады.

*Қазіргі уақытта әр ұлт өз бірегейлігін жоғалтқысы келмейді. Бұл – әр ұлттың жан қалауы және табиғи құқығы.*

Бұндай жан қалауының себебі – қазіргі кезде алдыңғы қатарлы әлем империяларының (мемлекеттердің) индустриалды өндіріс салаларының қарқындылығы әлеуметтік, технологиялық, инновациялық бөлініске ұшырауына, ұнамдылық-моральдік құндылықтардың дағдарысқа түсуіне, өркениеттік өмірдің күйзеліс күйінің қалыптасуына, идеологиялық, әскери, экологиялық «катаклизмдердің» болуына ықпал етіп отыр. Осы факторлардың барлығы берік болып табылатын адамзаттың дәстүрлі сенімдерін, адами құндылықтарын және ұнамдылық нормаларын іштей күйзеліске, барша адамзатты дағдарысқа ұшыратып отыр. Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі екі негізгі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

– ұлттық мәдениет өзіндік даму амалымен өзіндік даму қабілетін анықтауы тиіс;

– ол қазіргі кезде қоғамда болып жатқан радикалдық және инновациялық өзгерістерге кедергі жасалмай, керісінше, оған демеу беріп, сыбайласып, онымен іштесіп модернизациялануға ұмтылуы тиіс.

2014 жылдың 11 қарашасында Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол» Жолдауында Елбасы Н. Ә. Назарбаев ел тағдырын алдағы күрделі жылдарда айқындайтын терең идеяларды ұсынады. Экономикалық мәселелерді айта келе, Елбасы, бұрын өзі ұсынған, «Қазақ елі мәңгілік» ұстанымын ұлттық идея ретінде тағы да дәлелдеп береді: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын

Нұрлы жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы».

Елбасының ойына сүйенсек, ұлттық идея тек бүгін пайда болған жаңалық емес, ол миллиондаған адамдардың өздерінің міндеттерінің түсінуінің жемісі болып табылады. Біздің міндетіміз – қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру, яғни мықты ұлттық идея қалыптастырып, бүкіл халықтың арман-мүддесін жүзеге асыру. Елдер мен елдердің, ұлттар мен этностардың мақсат мұраты ескерілмеген жағдайда, бір елдің екінші елге дұрыс қарамауы, бір халықтың екінші халықты кемсіту, намысын қорлау, бір тілдің екінші тілді қыспаққа алу, бар болмысын, құндылықтарын аяқ-асты ету орын алса, ұлттық идеяға қауіп төнері анық. Сондықтан да ондай өрескелдікке жол бермеуіміз керек. Сол себепті еліміздің ұстанымы өзара тату, бейбіт өмір сүру, ауызбіршілік, ынтымақтастықта әр халықтың рухани үйлесімділігін сақтап, еліміздің абыройын асқақтата отырып, әлемдік деңгейге көтеру үшін еліміздің әрбір азаматы бойындағы бар күш жігерін салып, жаңа заманда жаңаша өмір сүруі қажет.

Ол үшін Елбасымыздың «Нұрлы жол» Жолдауындағы білім саласына да назар аударып, ел болашағы жастардың білім деңгейінің әлемдік стандартпен тең болу керек екендігіне зор көңіл бөлгендігі аса қуанышты жағдай екені баршаға аян. Ел болашағын тереңнен ойлай білу үшін ұлттық идеяның өзегі ретінде қазақтың тілін,

рухын, мәдениетін көтеру міндет. Бұл – ұлттық мүдде мен ұлттық идеологияның астасар тұсы. Ұлттық идеология туралы әңгіме, ең алдымен, қазақ мемлекеті туралы әңгіме. Бүгінгі ұлттық идеология – ұлттық мемлекет құру. Ал, кез келген мемлекетте ең алдымен мемлекеттік идеология жүреді. Бұл идеология – мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын пәрменді жүргізуге бағытталған ең басты қаруы, ең басты қондырғысы. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның негізгі идеясы – ел тәуелсіздігін баянды ету, халықтық, ұлттық бірлікті нығайту, әлеуметтік, экономикалық жағдайларды жақсарту, көрші елдермен тату-тәтті өмір сүру, республикаға сырттан инвестиция тарту сияқты аса маңызды мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыруға бағытталады. Біздің мемлекеттік идеологияның ауқымы 2030-ға дейін аралықты қамтып жатыр.

Бүгінгі заман – мәдениеттердің жаһандану кезеңі. Жаңа сапаға көшер алдындағы, яғни, өз дамуының ең биік сатысы – біртұтас адамзаттық өркениетке құйылар алдындағы қарбалас шағы. Жаһандану – өркениеттің кезекті даму сатысы. Қазіргі әлемдік мәдениет пен өркениетте ерекше ықпал тигізіп отырған жаһандану – өмірдің барлық салаларын қамтып отырған күрделі процесс. Ол дүниежүзілік адамзат қоғамының даму заңдылықтарын айқындайтын факторлардың бірі ретінде қоғамда тіл мен дінімізге, рухани кеңістігімізге әсер етеді.

*Қазақ елі еркіндікке бет түзеді. Бұл, сөз жоқ, жаһандану алып келген игілікті, табысты өзгерістер. Халықтар өзінің бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі, әр кездегі дамуын терең тануда өзіндік бағыт-бағдар алды.*

Әр халықтың өркениет әлеміндегі орнын білу мүмкіндігіне ие болып қалыпты жағдайда өмір сүруін қамтамасыз етеді. Біздің әлемдік өркениетке қол жеткізуімізге мүмкіндік туды. Бұл орайда әлемдік өркениеттің өрісіне



шыққан, дамудың сара жолына түскен елдердің тәжірибесіне баса назар аудара отырып, өз жолымызды табудың маңызы зор болмақ. Демек, біз, таяудағы жылдарда дәстүрімізге сай халықтық қалпымызға оралып, әлемдік білімді игеруге қол жеткізу арқылы біздің де өркениетті елдердің қатарына қосылуымызға, яғни адамзат өркениеті биігіне көтерілуімізге толық мүмкіндігіміз бар екендігі ақиқат. Оған көптеген шаралар жасалып, алғашқы қадамы жүзеге асып та жатыр. Қазақ халқының рухани түлеуінің тарихи жағдайларды түгендеусіз мүмкін еместігі, тарихи, ділдік, діни және тілдік сабақтастықтың ұлттық идеологияның негізі екендігі де барынша сезіле бастады.

Дұрыс идеологиялық бағдарды ұстанып, болашаққа сеніммен аяқ басайық. Көп ұлтты, көп конфессиялы республикамызда мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі салыстырмалы аз мерзімнің ішінде берілген конституциялық құқық негізінде идеологиялық ағымдардың түрлі нұсқалары қалыптасып үлгерді. Еліміздегі этно-демографиялық, саяси-әлеуметтік жағдайдың дамып, өзгеруіне байланысты осы идеялардың арасынан басталған реформалардың табысты жүргізіліп, оған қоғам мүшелерінің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін, халықтың көпшілік бөлігінің рухани сұранысын қамтамасыз ете алатын ұлттық дәстүрін, құндылықтарын мемлекеттік дәрежеге көтерудің қажеттілігі барынша сезіле бастады. Ұлттық мемлекет – еліміздің негізін құраушы, ұйыстырушы қазақ ұлты және қазақ ұлтының қалыптасқан тарихи мекені болғандықтан міндетті түрде қазақ ұлтының мемлекеттігі орын алуы шарт.

Ұлттық идея – ұлттық мүдденің туындысы. Идеология сол ұлттық мүддені мейлінше анық белгілеген идеяға қол жеткізудің нақты іс-қимылына сілтеу жасап, бағыт-бағдар беретін үгіт-насихат мазмұны.

Қазақтың ұлттық мүддесі не?

*Ұлттық мүдде – ұлттық құндылықтар. Құндылықтар ұлтқа берілетін анықтаманың әр параграфынан құралады: атамекені, ана тілі, қалыптасқан ділі, бір діні, ортақ салт-дәстүрі, төл әдет-ғұрпы, жалғыз тарихы. Ұлттық идея – ұлттық құндылықтардың жаһандастыру дәуірінде қауіпсіз өмір сүре алатын жағдайын көксеген мұраттың көрінісі. Ұлттық идея – талай ұрпақтың еңбегімен, қуаныш-қайғысымен сараланған рухани дүние.*

Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы [4].

Тәуелсіздікті нығайта түсудің басты шарттарының бірі – адамдардың бойында еліміздің тәуелсіздігін айрықша қастерлейтін қасиет – ұлттық рухты нығайту. Енді рухани мәселелерге ден қоятын уақыт та келіп жетті. Себебі, рухани тамырымыз терең болса ғана өзгелер бізбен санасады. Кім көрінгеннің таптаурын болған ескі жұртын шиырлап жүрсек, дамыған елу елмен иық тірестіру түгіл, егемендікті сақтап қалудың өзі қиынға соғады. Өйткені, материалдық байлығымен танылған ғана емес, рухани құндылықтарын дәріптеген, ұлттық ерекшелігі сақталған, тарихы таза мемлекет қана ертеңгі күні халықаралық қауымдастықтың ортасында зор беделге ие болады. Ұлтты ұлт ретінде анықтайтын тек, оның қоныстанған мекені ғана емес, оның тілі мен ділі, діні мен рухани дүниесі, салт-дәстүрлері мен философиясы, әрине ұлттың рухы. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрімізді, дінімізді, тілімізді, ділімізді айтпау мүмкін емес. Бүгінгі күндегі біздің қоғамымыздағы рухани дүниедегі, елдік пен бірлікке негізделген жоғарыдағы келтірілген қасиеттер ұлттың құндылық бағытына айналуы қажет. Әсіресе егер ұлт – ол ашық әлеуметтік жүйе екендігін ескеретін болсақ, онда

өзіндік ұлттық ерекшелігі мен өзіндік сананы сақтап қалу күрделі жағдай екенін түсіну қиын емес. Өйткені қоғамда әртүрлі жасау, сақтау, қирату сияқты процестер жүріп жатады, онда дәстүрлі құндылықтар, салт-дәстүрлер, институттардың жаңғыруы мен дамуымен қатар, жаңа институттардың енуі, басқа мәдени идеялардың орнығуы, басқа халықтардың тәжірибесін пайдалануы сияқты процестер де жүріп жатады. Сол себептен де, әсіресе, жаһандану кезеңіндегі өзіндік ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу күрделі де, қажетті болып табылады. Ол ұлттық идея, ұлттық идеология мен ұлттық рухтың негізінде, қазіргі қоғамға сай қаншалықты ыңғайланса да, өзіндік өзегін сақтайтын мызғымас құндылықтарымызды жоғарғы дәрежеде қалдыру міндет. Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгіннің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеологиямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты, ой толғаныстары күшті ел болу еш күмән тудырмайды [5].

Ұлттық «Менді» қалыптастыратын тетіктер мен жағдаяттар сан алуан. Оған көшедегі қаптаған жарнамалардан бастап, енді ғана дүние есігін ашқан сәбидің құлағына естілетін ән мен үнге дейін кіреді. Солардың бәрінің басын қосатын, бәрін өгіздей өрге сүйрейтін құдірет ұлттық идея деп білгеніміз жөн. Ойы онға, сана-сы санға бөлініп отырған қазаққа ортақ ұлттық идеяны таба қою оңай міндет емес. Ол шіркін әлі күнге дейін жоқта. Ал қажеттігін отансүйгіш рухтағы әрбір қазақстандық азамат сезініп отырғаны айдай ақиқат. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» дейді халқымыз. Ендеше ұлттық идеясыз қала берсек қанатсыз ұлтқа айналарымыз сөзсіз. Ұлттық идеяны таппайынша елде жүріп жатқан реформалар қарын тойдырудың ғана міндетін атқарып

шығатындай көрінеді. Өзін-өзі жарылқамағанды басқалар ұшпаққа шығарады деудің еш қисыны жоқ. Көлдей жайылып келе жатқан жаһанданудың табанында жаншылып қалмау үшін де ұлттық идеяның өзектігі мен қажеттігі күн санап артып келеді. Демек қарап отыруға болмайды.

Алдымен бізге қажет ұлттық идеяға қойылатын талаптарды пысықтап алу керек. Біріншіден, ол идея Ата заңымызға қайшы келмеуі тиіс. Яғни нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық кемсіту немесе дәріптеуден алыс тұрғаны абзал. Екіншіден, ұлттық идея Қазақстанның атын анықтап отырған қазақ халқының мұратын ұлықтаумен қоса, басқа диаспоралардың тарихи, дәстүрлі, этникалық ар-намысына тимейтіні былай тұрсын, қайта соған қуат беретін факторға айналуын қамтамасыз ететін болсын. Үшіншіден, ұлттық идеяның хронологиялық бастапқы сәті белгілі болғанмен, бүгін де, ертең де шексіз жүзеге аса беретінін баса көрсеткені жөн. Елдің ішіндегі, жер-жаһандағы нақты ахуалға байланысты оның көздегені өзгеріп, нақтыланып отыратыны айтпаса да түсінікті жайт.

Ұлттық идея құндылықтары мен ұстанымдарын әлеуметтік қауым арасында мейлінше дәйекті бекемдеу қажет. Бірі – бала-бақшада тәрбиеленуші бүлдіршіндерден бастап, университет аудиторияларында отырған жастарға жеткізуден ештеңені аяуға болмайды. Екіншісі – мамандар мен зиялылардың ұлттық идеяға қалтқысыз берілгендігін қалыптастыру. Осылардың санасына, өмір салтына сіңген ұлттық идея кімді болсын өз иіріміне ала жөнелетініне күмән жоқ.

Елбасының «Нұрлы жол» Жолдауында ұлттың тұрақты дамуына, мемлекеттіліктің нығаюына, халықтың бірлігіне және келешекке сеніміне үлкен назар аударылады. Идеология ұлттың бойында саналы түрде, өз еркімен, құлшыныспен, патриоттық сезіммен орын алғанда ғана тиімді қызмет етеді. Сонымен қатар,

идеологиялық қызметтің табысты болуы, ең алдымен патриоттық тәрбие беруге келіп тіреледі. Патриот емес-терге, өз елін, Отанын сүюге немқұрайлы қарайтындарға мемлекет идеологиясымен бірге, ұлттық идеяларды да сіңіру қиынға соғады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыруды, жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді. Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай тарихына, болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Ұлттық идеяны «Қазақ елі. Азаттық. Бірлік» ұғым түсініктерімен бейнелеу жалпақшешейлік, жалтаңкөздік, баяғы көнбістік емес, қайта саяси, танымдық, рухани кемелдігіміз бен оралымдылықты паш етсе керек. Қазақ елінің, азаттықтың, ынтымақ-бірліктің мүддесіне қызмет етіп, діттегеніне жеткен күні қош-есенге кете баратын кемел де кесірсіз ұлттық идеяны бекемдеу әрқашан жауапты міндет болып қала бермек.

Қаншама жылдар біз ел болып қалыптасуды арман еттік. Бізге Қазақ елі атану арман болды. Тек мемлекеті бар ел ғана өркениет жолына түсе алады, сондықтан Қазақ өркениеті деген ұғымды қоғамдық білімдер жүйесінде қолдануға мүмкіндік туды.

### **Әдебиеттер**

1. Тойнби А. Постижение истории. – М., 1999. – 654 с.
2. Бюкенен П. Дж. Батыстың ажалы // Жас қазақ. – 2014. – 4 тамыз. – № 30.
3. Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті // Мәдениет – ұлт болмысы. – Алматы, 1998. – 212 б.
4. Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. – Алматы, 1998. – 272 б.
5. Мәдениет – ұлт болмысы. Алматы, 1998. – 212 б.

## 2.2. ХАЛЫҚТЫҢ ДҰНИЕТАНЫМДЫҚ БІРТҰТАСТЫҒЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан үшін әлеуметтік-мәдени жағдайын қалыптастыру ең көкейтесті мәселенің бірі болды. Ол үшін біз халқымыздың өткен жолын, басынан кешкен тарихи-әлеуметтік жағдайларын, оның мәдени өміріндегі өзгерістерге мән беру маңызды. Тілімізге, дәстүрімізге, дінімізге, ұлттық мәдениетімізге қатысты мәселелер уақытылы өз шешімін тауып отыруы орынды. Осы жайлы академик Ә. Нысанбаев «Біз – тәуелсіздігімізді нығайту, экономикалық жүйемізді түбірінен жаңарту, демократиялық принциптерді орнықтыру, мемлекеттік, ұлттық және мәдени бірегейлену сынды күрделі-күрделі процестерді басымыздан өткізіп жатқан елміз. Мұның өзі қоғамдағы орнықты саяси ахуал жағдайында, халықтың басым көпшілігінің рухани және мәдени жаңаруы арқасында жүзеге асуы мүмкін процестер», – деп атап көрсетеді [1, 269-б.].

Уақыт заманның талабына сай құндылықтардың, мақсаттардың, өткен, қазіргі және келешектегі ұсыныстардың мазмұнына түзетулер енгізетіндіктен, ұлттық идея толассыз өзгеріп жатыр деп ескеру қажет. Сонымен қатар, қазіргі әлемде адамзат дамуындағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени процестер мен заңдылықтардың ықпалын өз басынан өткізбей, ешқандай қоғам оқшауланып өмір сүре алмайды. Қазіргі адамзаттық қоғамның дамуындағы осындай негізгі заңдылықтар мен процестердің бірі – жаһандану. Қазақстан

әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде, жаһандану әсерін өзінің әлеуметтік болмысының барлық салаларында басынан өткізіп отыр. Демек, жаһандану Қазақстанның ұлттық идеясының мазмұнына да ықпалын тигізуде, яғни ұлттық идея өзін жүйелі зерттеуді талап етеді.

Қазақ ұлттық идеясын зерттеушілердің (Ә. Нысанбаев, Ғ. Есім, Ә. Қодар, Қ. Әбішев, С. Нұрмұратов және тағы басқалар) пікірінше, ол көшпелі түркі өркениетінің ауқымында қазақ халқының бірігуі кезеңінде пайда болды. Ұлттық идея мен қазақ философиясының арасында тікелей байланыстар бар. Демек, қазақ идеясы өзінің бойына ата-бабаларының қол жеткізген ұлттық құндылықтарын сіңіріп алғандығын ұмытпауымыз керек. Сондай идеялардың бірі – болмыстың мәнін түсіну, жеке тұлғаның және халықтың өлмес мұрасын табу, мәңгілік өмір іздеу мүдделері болды.

*Қазақ халқының өкілдері үшін этникалық мәдениетті, жалпы әлеуметтік-саяси нормалар мен құндылықтарды, билік туралы ұсыныстарды мойындауда бірізділік тән. Бұл халықтың дүниетанымдық біртұтастығын білдіреді.*

Қазақстанда демократиялық өзгерулердің табысты дамуы мақсатында және адам бостандықтары мен құқықтарының басымдықтарын бекіту, өзіндік көшпелі демократиялық бай тәжірибесі бар, жеке және ұжымдық құқықтарын құрметтейтін және қорғайтын, қазақ халқының өркениетті дәстүрлері мен ділі мақсатқа лайықты деп көрсетіледі. Қазақстандық азаматтық қоғамның демократиялық институттарын құру барысында адам бостандықтары мен құқықтарын қорғаудағы әлемдік және өзіндік тәжірибені шығармашылық үйлестіру, халықтың тарихи санасын рухани жаңғырту қажет.

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуімен қатар отандық зерттеушілердің ұлттық дүниетанымның

ерекшеліктеріне деген қызығушылығы артты. Тәуелсіз даму барысында рухани мәдениетсіз, ізгі құндылықтарсыз материалдық игіліктерге жетудің жолы жемісті болуы екіталай, өйткені кейде прагматизммен қол жеткізген табыстар руханилықтан алшақ құндылықтарды таратады. Қазақстан ғана емес, көптеген басқа елдер де, қазіргі кезеңнің жаңа талаптары негізінде өз тарихына, мәдениетіне, этикалық құндылықтары мен дәстүрлеріне оралатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп берді. Еліміздің жаңғыру кезеңінде, кейбір нәрселер өзінің күшін жойып, ал кейбіреулері қайта жанданып, алға жылжуда, сондықтан барлық рухани мәдениетіміздің тарихын толыққанды зерттеудің қажеттілігін талап етеді.

Өтпелі кезең жаңа рухани ізденістерге жетелей отырып, халқымыздың құндылықтарын бағалап, жаңғыртуымыздың уақыты келгенін көрсетті. Жаңа дүниетанымның негізгі түйіні еліміздің қоғамдық өмірін көмкеріп отырған рухани жаңару мен жаңғыру жолындағы адамгершілік мұраттарды іздеу болып табылады.

Ж. М. Әбділдин қазақтар мен қазақстандықтардың өзіндік санасының қалыптасуының ерекшеліктері жайында былай дейді: «өткен заман ойшылдарының шығармашылығына арналған зерттеу жұмыстары көбейген кезде, біз оларға мүлдем басқа жағынан қараймыз, олардың ұлттық рухани мәдениетке қосқан үлесін, бұрынғы тоталитарлық жүйе әмір еткеннен басқа өлшемдермен пайымдаймыз. Егер бұл жерде жалпыадамзаттық құндылықтарға құрметпен қарайтын болсақ, қазақтар мен қазақстандықтардың өзіндік санасын жетілдіру үшін зор маңызды болып отырған тоталитарлық идеологиямен танылған үлгілер мен таптаурындардан арыламыз» [2, 27-б.].

Адамның әлеуметтік кеңістік пен уақыттағы өзінің тиісті орнын алуы, сол кезеңнің құндылықтарын мойындауымен ғана шектелмейді. Кез келген жетілу, даму жолына



түскен адам тарихта қордаланған және болашақта болуға тиіс рухани құндылықтарды игеруге ұмтылады. Сөйтіп, ол өзінің іс-әрекеті арқылы әмбебап адамдық қызметтерді атқару жолында болады, яғни тарихи процесті біріктіре, тұтастандыра түседі. Сонымен мәдени әмбебап идеялар қатарына жататын жалпыадамзаттық құндылықтар әрбір ұлттық мәдениетте өзінше ерекше формада көрініс береді. Ал, оларды тасымалдаушы, паш етуші рөлді атқарушылар жеке тұлғалар болуы мүмкін, бірақ оның ұғымдық сипат алатын кездері де болады. Сондықтан тарихты жасайтын халық деген қанатты сөз бар. Өйткені, қарапайым адал тіршілігімен қайырымды қоғамды құруға ат салысып жүрген қоғам мүшесінің жалпы халықтық, халықаралық бірлікті нығайтудағы рөлін төмендетуге болмайды. Қоғамдық ортаның үйлесімділігі сол қоғамда өмір сүретін барлық адамдардың дүниетанымымен, өмір сүру тәсілімен байланысты. Тарихи тәжірибе көп нәрсеге үйретеді, адамның тағдыры басқалардың да тағдырымен астасып жататындығын дәлелдейді. Сондықтан халқымыздың ұлттық болмысындағы құндылықтар жүйесін игеру, түсіну, зерттеу маңызды іс болып табылады.

Қазақ халқының тарихи процестегі рухани дамуға қарай белсенді қадамдары сол халықтың ішінде өмір сүрген данагөй тұлғаларының іс-әрекеттері, шығармашылығы арқылы жүзеге асып отырды десе де болады. ХХ ғасырдың басына дейін өмір сүріп халықтың рухани әлемінде терең із қалдырған тұлға – Абай Құнанбайұлы екені белгілі. Абай айтқан терең ойлар, керемет құндылықтар жүйесі өзінің жастарды тәрбиелеуші құдіреті бойынша әмбебап күшке айналғанын қазіргі ХХІ ғасырдың өзінде айта аламыз. Әлемді билеуші күш адамға байланысты, оның дүниеге деген ыстық ықыласы мен мейірімі, яғни іңкәр махаббаты екендігін өте әсем жеткізген рухани тұлға екенін ескере отырып, бұл түсініктің тарихы

сонау Қожа Ахмет Иассауи жырларынан қазақ даласында бастау алатынын атап өте аламыз [3].

Абай үшін дүниені терең танып білу үшін, оны әрбір адам жүрекпен қабылдап, ақылмен електеп, барлық білім көздерінен сусындап, үлгілі мәдениеттерден үйреніп қана жүзеге асыруға болатындығымен байланысты. Абай адамның рухани дамуына қажетті рухани құндылықтар мен жалған өмірлік бағдарлардың айырмасын көрсетеді, жақсылыққа ұмтылған адамның болашағы ашық екендігіне меңзейді. Әрбір адамның жеке басындағы ақылдың, зерденің күшін тек махаббатпен, дүниеге деген жоғары руханилықпен байланыстырады.

Өткен ХХ ғасырдың басында гуманистік ой-сананы қазақ топырағында барынша биік деңгейге көтеруші ойшылдардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның діни-философиялық тұжырымдары негізгі философиялық еңбегі «Үш анықта» келтірілгені ғылыми көпшілікке белгілі. Діни философияның шешетін негізгі мәселелерінің қатарына жан мен рухтың өзара байланысы, рухани дамудың тылсым күшін байыптауға тырысу жататыны белгілі. Шәкәрім бұл мәселені зерделей отырып мынандай қорытындыға келеді: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» [4]. Дей келіп, руханилықтың субстанциялық орталығын, оның барлығын біріктіруші шынайы өзегін таба біледі. Міне, сондықтан осындай типтегі философиялық дүниетанымды біз нағыз гуманистік құндылықтық жүйе, халық үшін болашаққа жетелер мұрат пен бағдар деп атар едік.

Кез келген қоғамды алға сүйреуде оның алдыңғы қатарлы саяси және рухани интеллектуалды элитасы орасан зор рөл атқарады. Себебі, элиталық топ қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуында жаңа

туындаған күрт өзгерістерге бірден бейімдеушілік қабілет таныта алатын күш. Әртүрлі қоғамдық топтар мен топтардың мүдделерін ортақ бір мәселе төңірегінде жұмылдыра шоғырландыра отырып, нақ осы элита қоғамдық ой сана мен пікірге күшті ықпал етеді. Сондай топтардың бірі алашордалықтар болды. Олар өз халқының ұлттық сипатын, қоғамдағы орнын, ешкімге ұқсамас асылдарын «уақыт пен кеңістік» ұғымдарының аясында зердеден өткізді. Өздерінің ұлтқа, халқына деген сана-сезімдері оянып, туған халқының қамын ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтары надандықтан арылу, ілгері елдердің қатарына қосылу, өнер-білімге ұмтылу елді тар қапастан алып шығады деген оймен, әлеуметтік мәні бар істерге араласа бастады. Осындай топқа үн қосқан А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Шоқай, Ғ. Қарашияқты ғалымдар, саяси қайраткерлер, ұлт мәдениетінің көшбасшылары еді.

Алаш азаматтарының қолға алған қазақ халқының азаттық алу, төл мәдениетті заман талабына сай өркендету, большевиктердің билік басына келіп, коммунистік тоталитаризмді орнатуы модернизациялау мүмкіндігін жоғалтты. Алайда олардың көтерген идеялары мен оны іске асырудағы әрекеттері із-түссіз кеткен жоқ. Қазіргі таңда еліміздің Орталық Азиядағы жетекші мемлекет болуға ұмтылуы барысында өткен ғасырдың басында осы ұлт зиялыларының көтерген мәселелері жаңа бір өзекті қырынан көзге түсіп отыр.

Осыған орай Г. Барлыбаева былай дейді: «Қазақтардың этикалық принциптері ізгілік пен мейірімділіктің жоғары жалпыадамзаттық идеяларына еніп, тамыры терең ежелгі заманға кетеді. Мейірімділік, адам болмысының ең терең көріністерінің бірі ретінде, өзімен-өзі төзімді (толерантты) бола алады. Дәл осы мейірім мен

адамгершілік, төзімділіктің ең жоғары көрінісі ретінде қазақ философиясының негізгі тақырыбының бірі болып табылады. Патриотизм, тәуелсіздік үшін күрес идеясы, сондай-ақ, халықтың бірлігінің қажеттігін ұғыну қазақтың философиялық ойына тән, бір таңқаларлығы осы идеялар қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруының идеялары мен ақыл-ойымен үндеседі» [5].

Тәуелсіз Қазақстан қазіргі кезде әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңғыру кезеңін басынан кешіріп отыр. Бұл даму процесіндегі басты жетістіктеріміз әлеуметтік-саяси тұрақтылық, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңғыру кезеңінде бірқатар кешенді міндеттер алға қойылды. Барлық посткеңестік кеңістіктегі елдердің ішінде Қазақстан алғашқы болып, мемлекеттік дамудың әлемдік тәжірибеде стратегиялық жоспарлау жолын таңдады. Елбасы ұзақ мерзімді даму бағдарламасын жасауға және оны экономиканың жаңғыру мақсаттарына қолдануда, қоғамдық әл-ауқаттың жақсаруына бастама болатын мүмкіншіліктерді пайдалана білді.

*Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нәтижелі құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру, сонымен қатар оның демократиялық, зайырлы болып орнығуын басты даму бағыты ретінде айқындады. Осы мақсатта Елбасының жыл сайынғы Жолдауларының еліміздің мемлекет болып тұрақты дамуындағы алатын орны ерекше.*

Бұл Жолдаулар – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар, мұндағы қойылатын міндеттер мен мақсаттар жыл сайынғы бір-бірімен жалғасып, мемлекеттің толықтай дамуына және оның жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік жасайтын, нақты көрсеткіштермен берілген стратегиялық бағыттар.

«Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасы – әлемдік қауымдастықта өзінің орнын иеленген тәуелсіз

мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатына, экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуына тікелей ықпал етіп, оның әлеуеттілігін қамтамасыз ететін, тұрақты алға басуына бағдар беретін бағдарлама. Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуы күн өткен сайын дамып алға жылжып келеді, адам құқықтары саласындағы жаңғыртулар жоғарғы халықаралық өлшемдерге сай жақындап келеді. Бұл 2050 жылға дейінгі ұлттық жоспарымыздың белгіленуі тарихи сипатқа ие болып отыр.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы – еліміздің барлық салаларындағы (экономикалық, әлеуметтік, саяси) дамудың нақты бағыттарын көрсетіп, мемлекеттің болашақтағы басты мақсат-міндеттері белгіленген тарихи құжат. Бағдарламада энергия, су тапшылығы, табиғи апаттар, қаржылық дағдарыс сияқты тек еліміз үшін ғана емес бүкіл әлемге ортақ көкейкесті, өзекті мәселелерді қарастыра отырып, оны қалай шешу жолдары жан-жақты қарастырылған. Болашақта дамудың қазақстандық үлгісін қалыптастыра отырып, қуатты мемлекет орнату – басты міндет [6].

2016 жылғы 27 сәуірде жарияланған Елбасының «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің маңызы зор. «Мәңгілік Ел» идеясы – егеменді еліміздің дамуына және барлық қазақстандықтарды біріктіретін, сонымен қатар болашақ мемлекетіміздің іргетасы бола алатын ұлттық бастама. «Мәңгілік Ел» идеясын Елбасымыз өзінің «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында негіз етіп: «Еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жариялап, басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылуын атап өтті. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр», – деген болатын [7].

Халықты жарқын болашаққа жетелеген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының бұл Жолдауында халыққа үлкен жауапкершілік жүктелген. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы. Мәңгілік ел болу үшін басты мақсатымыз егемендігімізді сақтап, бірлігімізді нығайту болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының үлгісі мен өнегесімен келген аманаты.

*«Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылықтары – Қазақстанның даму жолындағы әртүрлі қиындықтарды жеңе отырып, басынан өткізген тәжірибесі екені белгілі. Елбасы өзінің кезекті Жолдауында да «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи астарына тоқталды.*

«Мәңгілік Ел – бұл ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған асыл арман, әлемдегі дамыған елдермен терезесі тең қарым-қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Бұл тұрмыс-тіршілігі бай-қуатты, еліміздің ертеңгі күнге сеніммен қарайтын болашағы зор бақытты ел болу еді. Мәңгілік Елдің іргетасын қалай отырып, армандарды ақиқатқа айналдырдық. «Мәңгілік Ел» идеясын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», – деп атап өткен болатын [8].

Қазақ халқының бірлігі дәстүрлі ұлттық тәрбиесі мен рухани құндылықтары арқылы қалыптасып, өркендейді. Сондықтан да болашақ ұрпақтың бойына ұлттық, бай рухани құндылықтарымызды сіңіріп, тәрбиелеу – негізгі міндетіміз. «Мәңгілік Ел» идеясының маңыздылығы да ұлттық дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырта отырып, дініміз бен тіліміздің деңгейін көтеру. Бұл идеяны жүзеге асыруда және дамытуда, ең алдымен білімді, қазақи құндылықтарды қазіргі заманның игіліктерімен ұштастыра білетін, өз елінің нағыз жанашыр,

отансүйгіш азаматтары болатын жастардың қалыптасуына ықпал ету керек.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – қазақ елінің жарқын болашағын білдіретін, Қазақстанның дамыған елдермен қатарласуына мүмкіндік беретін бағыт-бағдар. Бұл – біздің қоғамдағы ұлттық бірлік пен бейбітшілік, келісім, индустриализация мен инновацияның негізінде экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуын негізге алатын Қазақстанның жаңа кезеңі. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – болашаққа сенімді қадам.

Бағдарламаның іске асуының сәтті болуы қазақстандық қоғамда қалыптасқан қазақстандықтардың толеранттылық ділі, қазақстандықтар ділінің басым ерекшелігі ретіндегі рухани ашықтық, жаңа өзгерістерге байланысты батылдық, ұлтаралық келісім мен достық, саяси тұрақтылық, өміршеңдік пен болашаққа сенімді тудыратын жұртшылықтың басым бөлігі үшін кедейліктен кепілді түрде құтылуының белгісі ретіндегі еліміздің тұрақты да процесті экономикалық өсуі сияқты өзгерістер мен қасиеттер арқылы байланыстырылады.

Бүгінгі күні Қазақстанның алдындағы басты мақсат – әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Адамзат баласы дамып-өркендеудің үлкен бір шыңына жеткен сынды көрінетін ХХІ ғасырда даму, алға жылжу қай ел болмасын, соның ішінде Қазақстанға да оңай емес екені анық.

Осыған орай, 2017 жылдың 21 сәуірінде Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [9] атты мақаласы жарық көрді. Қазақстандық қоғамның жаңғыруы – бұл Қазақстан халқының күшті де жауапты біртұтас ұлт болып қалыптасуына бағытталған идеологиялық стратегия. Қазақ халқының рухани жаңғыруы – жаңғыру реформалары мен өзгерістерін табысты іске асыру болып табылады.

Елбасының стратегиялық мақаласы шыққан күннен бастап, қоғамдық сананың жаңғыруы туралы айтылып келеді. Бұрынғы мемлекеттік реформалардың барлығы саясат, экономика сияқты халыққа түсінікті нақты салаларына арналса, бұл реформа халықтың қоғамдық санасын жаңғырту, яғни рухани жаңғыруына бағытталған.

Қоғамның рухани өмірі экономикалық және әлеуметтік-саяси өмірге байланысты осы қоғамның өзіндік ерекшелігін анықтайтын әлеуметтік өмір саласы болып табылады. Ол барлық рухани білімнен тұрады, оған рухани мәдениеттің көптүрлілігімен, қоғамдық сананың формалары мен деңгейлері және т.б. кіреді. Рухани мәдениет ғылыми, философиялық, идеологиялық, заңды, моральдық, көркем мәдениетті қоса алғанда күрделі құрылымға ие. Қоғамның рухани саласы – мәдениет, ғылым, дін, мораль, идеология, өнер сияқты қоғамның рухани-адамгершілік өмірін сипаттайтын адамдар арасындағы қарым-қатынас жүйесі. Қоғамның рухани-адамгершілік өмірін зерттеу оның құрылымдық элементтерін бөледі. Мұндай элементтерді қоғамдық сананың формалары деп атайды. Оларға моральдық, діни, саяси, ғылыми, эстетикалық сана жатады. Бұл формалар қоғамның рухани саласының мазмұнымен ғана емес танымдық тәсілдерімен, сонымен қатар қоғамның пайда болу барысында да бір-біріне ұқсамайтын ішкі жүйелерін анықтайды.

Қоғамдық сана – қоғамның рухани қызметінің жиынтығы, ол әлеуметтік шындықты рухани-практикалық меңгеру түрінде және қоршаған әлемді рухани игеру түрінде бейнелейтін қоғамдық болмыс. Қоғамдық дамудың құндылықтық негіздерін іздеу және оның салдарынан құндылықтардың белгілі бір жүйесін таңдау – бұл күрделі әрі қайшылықты, бірақ табиғи үдеріс.

Қазақстандағы рухани жаңғырудың жүзеге асу үдерісі, ұлттық кодты қалыптастыру мәселесі өте маңызды болып табылады. Ұлттық код қоғамдық сананың



өзегі бола отырып, шоғырландыру миссиясын орындайды. Оның құрамдас бөліктері: тарихи ескерткіш, дәстүрлер, салттар, тіл, мәдени мұра, мәдени өзара сұхбат қоғамдық сананы нығайтуға септігін тигізетін арнайы беріктік қорын беріп, ұлттық рухты бекітеді [10].

Қоғамның жүйелі жаңғыруында халықтың ділін, дүниетанымын және қоғамдық санасын, сонымен бірге әлеуметтік мазмұнын ескермей кету мүмкін емес. Жер бетінде өмір сүріп жатқан әрбір халық өзінің Отанына, туған жеріне бейімделіп өмір сүреді, осы жолда өз тілін, ділін, әлемдік көзқарасын, дүниетанымын, бір сөзбен айтқанда, өз руханиятын қалыптастырады.

Жаһанданудың заманауи үдерістері барлық елдердің алдында жаңа талаптар қойып отыр. Бұл, әсіресе, әлеуметтік-экономикалық және саяси өтпелі жағдайдағы мемлекеттерге қатысты. Біріншіден, жаңа әлемдік тәртіптің құрылымында өзінің орнын белгілеу, екіншіден, барлық әлеуметтік-экономикалық және саяси институттарды жаңарту, үшіншіден, ұлттық мемлекетті және оның өсімін арттыра отырып, саяси-құқықтық, мәдени ерекшеліктерін сақтау. Өйткені әрбір ел өз ерекшеліктерін сақтамаса мына жаһандану мен жаһаншылдыққа жұтылып кету қаупі бар.

Сондықтан да кез келген мемлекет жаңғыру жолын таңдай отырып, ерте ме, кеш пе өзінің даму моделін таңдай білу керек. ХХ ғасырдың қорытындысына қарасақ, мұндай модельдердің әлемдік тәжірибеде соншалықты әртүрлі болатынын көрсетті. Мұндай жаңғыру модельдерінің ең жемісті көрсеткіші – азаматтары тең дәрежеде лайықты өмір сүретін тиімді қоғам құру. Сондықтан да болар бәсекелестік идеялардың еліміздің жаңғыруының алдыңғы орындарына жылжуы, экономика саласындағы табысты өзгерістер барлық қоғамның дамуына кепіл болып отыр. Мұндағы бәсекелестіктің жоғарылауы – Қазақстан үшін қазіргі жаһандық дамуға жол ашып отырған толыққанды жағдай [11].

Қазақстанда қоғамның өзгеруі әлі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Осы уақыт аралығында бұл үдеріс қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыды. Мұндай көлемді өзгеріс елдегі қоғамдық санаға әсер етпей қоймады және оның дамуына жаңа серпіліс берді. Әрине, қоғам өзгерген сайын ондағы қоғамдық санада өзгереді. Қоғамдық өзгерістердің мәселелерінің қоғамдық сананың өсуіне қатынасын қарастыра отырып, трансформациялық әлеует (потенциал) пен өзгеріс үрдістерінің әлеуметтік-мәдени шектеулерін талдау қажет. Кез келген қоғамның өзгерісіне әлеуметтік құрылым мен мәдениеттің әсері үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік инновацияның табысты көрсеткіштеріне мәдениеттің құрылымдық реакциясы маңызды болып табылады. Сондықтан әлеуметтік құрылыстың өсуімен қоғамдық сананың өзгеруін зерттеу барысында әлеуметтік-мәдени парадигмалық тәсіл, қоғамдағы мәдениет пен әлеуметтіліктің бірлігі, адамның әлеуметтік белсенділігі арқылы деп түсіндіріледі.

Әлемдік даму немесе мемлекеттің дамуында әр ел өзінің нақты бағыттарын жоғалтып алмауы керек. Қазақстан жаңғыру кезіндегі позитивті қадамдары инновациялық және бірегейлік дамуға бағытталған. Ол туралы М. Орынбеков былай дейді: «Қазақстандық өркениетте батыстық және шығыстық дүниетанымның ең күшті тұстарын біріктіруге талпыныс жасалуда, мәселен, саясатты – этикамен, рационализмді – гуманизммен, батыстық «технология» мен шығыстық «моральды», ғылым мен техниканы – Шығыстың құндылықтарымен, индивидуалдылықты – қоғамдықпен, тұрақтылықты – дамумен және т.б. үйлестіру» [12].

Қазақ мәдениетінің тамыры терең негіздерін, Қазақстан мәдениетінің тұғырлы іргетасы – қазақ мәдениетінің салт-дәстүрлерін дамытуға үнемі көңіл бөлініп, мемлекеттің ерекше қамқорлығында болып келеді. Бізде қазақ өнері мен салт-дәстүрін

дамытудамыз, сонымен қатар барлық этностардың мәдени мұраларына да көңіл бөлініп отыр. Біз әлемдік өнерге, әдебиетке және спортқа отандастарымыздың, әртүрлі этностық ерекшеліктеріне қарамастан, қосып жатқан үлестері ұлғайып келе жатқанын бүкіл ел болып мақтан тұтамыз [13].

Елбасы рухани тәуелсіздік пен дәстүрді сабақтастыра отырып, өркениеттік мұраттарға жетуді көздеп отыр. Бізге ұлтты топтастыратын қоғамдық сана қажет, ол демократиялық, зайырлы және күшті мемлекетпен, әділ, гүлденген қоғаммен, сондай-ақ еркін, құрметті тұлғамен сипатталады. «Бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына ену», «зияткерлік ұлт қалыптастыру», «индустриалдық-инновациялық даму» тәрізді ұрандар ұлттық-мәдени бітім-болмысты сақтағанда ғана мүмкін болады. Бұл идеялар біржақты технологиялық мақсатта болмай, жаһандану мен жаңғыру жағдайында оның терең рухани мазмұны да болуы қажет. Барлық ізгі рухани белсенділіктер басылып қалатын жағдайдан шығып, шынайы еркіндікке қол жеткізу қазіргі жаһандастырудың қатаң бәсекелестігі жағдайында саяси, әлеуметтік-экономикалық дербестікпен қатар, рухани тәуелсіздікке ие болуды да қажет етеді.

Еліміздегі рухани жаңғырудың алға басуына көптеген мүмкіншіліктер жасалуда. Демек, алға қарай жылжудың жаңа тетіктерін пәрменді етуде, жаңғыру процесін шегінбестей күйге жеткізудегі әлеуметтік институттардың рөлі маңызды. Елбасымен жүргізілген жұмыс, саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда болған жағымды өзгерістер, елдің таңдаған ұзақ мерзімді басымдықтарының дұрыстығын дәлелдейді және өз азаматтарының әл-ауқатын қамтамасыз етуші гүлденген мемлекет ретінде Қазақстанның одан ары дамуына алғышарттарды жасайды. Бұл елімізге қазіргі заманның қиындықтарына қарсы тұруына мүмкіндік береді.

## Әдебиеттер

1. Нысанбаев Ә. Н. Ұлттық тәуелсіздік және қазақтың рухани мұрасы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған академик Ә. Н. Нысанбаевтың таңдаулы ғылыми еңбектерінің 10-томдық жинағы. – Алматы, 2016. – 448 б.
2. Абдильдин Ж. М. Время и культура: размышления философа. – Алматы, 2003. – 123 с.
3. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. – Алматы, – 1993. – 325 б.
4. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
5. Барлыбаева Г. Казахская философия как ценностная парадигма духовной модернизации казахстанского общества. Материалы республиканской научно-практической конференции «Подготовка педагогических кадров в контексте социальной модернизации казахстанского общества», посвященной 60-летию доктора экономических наук, профессора, ректора Актюбинского государственного педагогического института (2004–2012 гг.) Нурышева Г. Ж. 9–10 июня, 2017 г. – Актөбе, 2017. – С. 292.
6. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012. – 14 желтоқсан.
7. Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2014. – 17 қаңтар.
8. [Электронный ресурс] // Режим доступа: inform.kz [http://www.inform.kz/ru/mangilik-el-ulttyk-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev\\_a2745138](http://www.inform.kz/ru/mangilik-el-ulttyk-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev_a2745138).
9. Назарбаев Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. – 2018 – 12 сәуір.
10. Социальная модернизация Казахстана: Монография / Г. С. Нығыметов, М. М. Шибутов, Р.К. Кадыржанов и др. – Астана, 2017. – 368 с.
11. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2010 жылғы 29 қаңтар / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://www.akorda.kz>.
12. Орынбеков М. С. Идеи А. Х. Касымжанова о будущем казахстанской цивилизации // Духовное самоопределение человека и общества. Первые Касымжановские чтения: материалы Международной научной конференции. – Алматы, 2003. – С. 252.
13. Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.

## 2.3. ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ИДЕЯСЫНЫҢ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ ТІРЕК НҮКТЕСІ

Қазақ халқының «рухы күшті халық», «рухани биік халық» деген дана сөздері, әсіресе, қазіргі кездегідей ерекше бір бел-белестерден, атап айтсақ, рухани оянған шағында өзектігін арттырады. Өйткені, енді оның қырағы көзінен «жалт берген» қазақ халқы көптен күткен тәуелсіздігін алып, өзінің «Менін» саналаған соң, рух еркіндігіне қол жеткізу, құлдық психологиядан шығу және қазақ рухының өзіне қайта оралуын іске асырды. Ал рух – жауапкершіліктің нақты сезімі, кемеліне жетудің шегі, аянбай қызмет атқарудың көрсеткіші, өзін-өзі басқарудың күші, дербестіктің сыйы. Демек руханилықты болмыстың тәсілі ретінде болашақтың алдындағы жауапкершілік мәселесі деп қарастырған жөн. Ал рухани мәдениеттің қалыптасуы, ол тұлғаның қалыптасуының белгісі. Сондықтан Отанға, туған еліне қызмет етуге деген рухани дайындық тұлға үшін ең маңызды, басты іске айналу керек. Осыдан оның рухани байлығының сапасы туралы айтуға болады. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін өмір-болмыс мәнін, екпінін айқын көрсетумен қатар, адам санасының, таным мүмкіншілігінің, соның ішінде, қазақ мәдениетіндегі нағыз құнды танымның түп төркініне бойлап, қазақ халқының рухани бітім, өнеге құндылықтарын сақтау, әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеудегі біздің басты парызымыз.

Сондықтан да өз тарихын қайта табуы, өзінің қайталанбас даралығын саналау жаңа моделі – әрбір мәдениеттің орны мен рөлі өзінің жеке шындығын, объективті тарихын табатын ұлттық идеяның негізінде ғана мүмкін. Осыған орай Елбасының үндеуіне көз салсақ, онда да «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деп, «жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – «Мәңгілік Ел» деген ойын Елбасы алға тартады. Шындығы сол. «Патриотизм» термині грек тілінде «patris» «Отан» деген ұғымды білдіреді. Ал Отанға деген сүйіспеншілік туған жерде қасиетті бір нәрсе бар екенін, сол қасиеттіліктің объективтік және шүбәсіз құндылығын сезінетін жанда ғана орын алады.

Бұл мағынадан алғанда, «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру үшін ең алдымен жеке басының мәдениетін, ана сүтімен қанға сіңген қасиетті тіліміздің мәртебесін жоғары көтеру керек. Өйткені көрнекті ойшыл Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұн айтқандай «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз...». Орыс халқының ұлы ақыны А. С. Пушкиннің де «Қаһарман» өлеңінің басында «Ақиқат деген не?» деп философиялық мәселе қойып, оған былай деп жауап береді:

*...За новизной бежать смиренно,*

*Народ бессмысленный привык.*

*Но нам уж то чело священно,*

*Над коим вспыхнул сей язык.*

А. С. Пушкиннің бұл сөздерінің дәлелін біз М. Хайдеггерден табамыз. Неміс философы өзінің «Тілге жол» деген мақаласында «адамның мәні тілде және біз ең алдымен тілдмен, оның негізінде өмір сүреміз» дейді. Сондықтан адам тілдің билігіне бағынады және тілде сөйлеу үшін ол (тіл) адамды пайдаланады. «Адам сонда ғана адам болады» деп мәлімдейді М. Хайдеггер. Ал бүгінгі

таңда байырғы қазақ жерінде орыс тілін мемлекеттік тіл болуға мәжбүрлегісі келетіндерге Ф. Достоевскийдің тіл әрбір әйелдің басына тағатын шиньон еместігіне байланысты сөзін еске салуға тура келеді. Оның үстіне орыс тілін былайша қорлаудың ешқандай да жөні жоқ.

Тіл мен халықтың ажырағысыз байланысын ХХ ғасырдың басында атақты француз лингвисті Фердинанд де Соссюр қысқа да нұсқа тұжырымдады. «Ұлттың салт-дәстүрі оның тілінен көрінеді, ал келесі бір орайлардан алғанда, атап айтқанда тіл белгілі бір деңгейде ұлтты қалыптастырады» деп жазды. Тіл болса – халық бар, тіл жоқ болса – халық та жоқ. Әлемдік тарихтың бүкіл тәжірибесі өркениеттер мен мәдениеттердің қирауы, халықтар мен мемлекеттердің Жер бетінен жойылуы қашанда тілді жоғалтудан, тілдік дербестіктен бас тартудан, лингвистикалық басқыншылыққа бас июден басталатынын көрсетеді. Тілін жоғалтқан халық өзінің төлтумалығын, мәдениетін, өзінің сәйкестіктерін саналай алмайтын болады.

Көне еврей аңызына сәйкес, Құдайдың өзі әлемді топан су жайлағаннан кейін адамдардың Сеннаар жерінде (Месопотамия) қала тұрғызып, ұшар басы көкке жететін мұнара орнатпақ болған ұмтылысын уақтылы тоқтатқан. Інжілде жазылғанындай, адамдардың мұндай батылдығына ашуланған Құдай олардың тілін араластырып жібергені соншалық, олар бірін-бірі түсінуден қалды және адамдарды жер бетіне шашыратып жіберді. Ежелгі Бабыл діндарларының аспанмен тілдесетін діңгек орнатпақ болып сабылуы – ауыспалы мағынада «астан-кестен, барып тұрған тәртіпсіздік».

Демек, Құдай әу бастан-ақ бір тілде сөйлесетін адамның имансыз, рухсыз екенін білдіре отырып, ол, адам, бей-берекеттік пен тәртіпсіздік әлемінен, өз-өзінен масайраған менмендіктен бас тартып, өзінің жеке

қоғамдастығында өз тілінің, әдет-ғұрпының, дәстүрінің және салт-жораларының негізінде тәртіп пен үйлесім болуы үшін барлық жағдайды жасады. Профессор Б. Г. Нұржанов атап көрсеткендей, кейінірек мемлекет құрылғанда «заңдық институт, бұған дейін тәртіп орнату және оны ұстап тұру қызметін орындап келген салт-дәстүрлер негізінде жасалды» [1, 13-б.]. Өйткені бұл – халық қастерлеп, берік түрде сақтаған және терең тамыры бар жөн-жоралғы. Адам мұны саналы түрде ұжымдық және стихиялы түрде жасап шығарған, әдетте көп адам сезінбейтін де белгілі бір ережелерге сай орындайды. Бұл – адам рухының, әрбір мәдениеттің тиісті шарты болып табылатын бейсаналық іс-әрекетінің көрінісі.

Осылайша адам Құдайдың ызасын, оның сезімдік интонациясын ең жоғары құдіретті абсолют бөлшегі мен ақиқат орайында қабылдай отырып, дұрыс бағалап, өз тілін, өз ділін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, жалпы мәдениетін сақтай алады. Мұның көрінісін әрбір этностың тұлғасы өзінің трансценденттік «Менінде», демек өзіндік болмыс аясында, рухани бастауы бар, ақылды, ойшыл жан ретінде қалыптасқанымен айқындалады. Дәл осы жағдайда адамның өзін және әлемді танудағы өнегелік-интеллектуалдық тұрғыда күш салу қабілеті қалыптасады. Осыдан трансценденттік дегеніміз адамның сана өрісі, онда бірінші орынға шүбәсіз ойлау процесінде пайда болатын оның өзіндік жайы шығады. Демек, болу – «сана өрісінде», болмыс өрісінде болу деген сөз. Бұл субъектінің болмыс өрісі, онда ол ойлау қабілетіне ие тіршілік иесі ретінде орын алады. Осындай экзистенция күйінде басқа біреудің сана билігінің құрсауында кетпей, өзінің өмірін өткізеді. Атап айтқанда, тұлғаның мәдениетаралық сезімталдығы өзінің болмыс өрісінде пайда болады. Мұндай жағдайда ол өзін бір мәдениеттің мүшесі ретінде сезініп, басқа мәдениеттерді қоршаған



дүниеге деген қисыны бар көзқарастардың бірі ретінде қабылдайды. Ал оның санасы ары қарай жаңғырған кезде тұлғаның жаңа типі қалыптасып, ол өзінің сана өрісінде болып, саналы түрде басқа мәдениеттердің элементтерін іріктеп, таңдай алады. Бірақта қазіргі кезде, әсіресе, жастар арасында өзінің сана өрісінен алшақтап, санасынан тыс жағдайда болып, басқа біреулердің, соның ішінде түрлі дәстүрлі емес ағындардың идеясын ұстанып, өз жадынан айырылып жүрген арамызда азаматтар аз емес.

Сондықтан қазіргі жағдайларды әр халықтың материалдық және рухани мәдениетінің табыстарын қайта жаңғырту тарихи жадыны қайта орнықтырмайынша мүмкін емес. Өйткені мәдениетті түзетін тарихтар мен аңыздар болмыстың «Мен кімін?», «Қайдан келдім?» және «Қайда барамын?», «Дүниеге келуімнің мәнісі не?» және т.б. мәңгілік сауалдарына әмбебап жауаптар береді. Атап айтқанда, осындай сауалдарға жауап іздеу және оны табу жеке адамның рухани өмірін анықтайды. Мүмкін біздің бүгінгі таңда соншалықты жалғыздығымыз, өзімізді жоғалтуымыз және қарым-қатынастың үзілуі жадымен байланысымыздың жоқтығында шығар. Ал, жадысыз өнер мен ғылым, тіпті жеке бастың мәдениетінің өзі де болмас еді. Біз өз жадымызға қалай қараймыз – адамдығымыз да сол деңгейде. Жадының жоғалуы – жан кемтарлығына, адамның мәңгүртке айналуына әкеліп соғады. Ұмыту – қателіктерді қайталаудың тура жолы.

Шынтуайтында, «Мәңгілік Ел» идеяның түп негізі, бастауы өзіміздің ата-бабаларымыздың өркениеттік ортасында, олардың рухани бітімінде, өнегелік құндылықтарында деп айтуға негіз бар. Өйткені қазақтардың мәдениеті қайталанбас дүниетанымымен және дүниені философиялық игеруімен ешкімге ұқсамайды. Және бұл мәдениетке «жақсы ма, жаман ба?» деп мәсе-

ле қою тұрпайы, мысалы, «қай өнер жақсы – поэзия ма, музыка ма?» деп сұрауға бола ма? Сондықтан қазақ мәдениеті ешқашан өзінің тиісті бағасын алуға жалыншты болған емес. Анағұрлым жоғары мәдениеттердің көшірмелерімен алмастырылып, рақымшылықпен көтермелеуге де мұқтаж болған емес. Әсіресе, қазақтар өз уақытында таза ауа, таза суды, ластанбаған жерді байқамағаны сияқты өз өнері мен дүниетанымының маңызына мән бермейді. Өйткені, ол кезде дүниеге философиялық қарым-қатынас табиғи болатын. Бірнеше жүздеген жылдар бойғы көшпенді өмір салты ерекше дара сипаттағы экологиялық мәдениетті қалыптастырады, бұл мәдениет аса қатал табиғат жағдайларында қалыптасып, дамыды. Ал қазіргі таңда патриархалды мәдениетті жаңғыртудың қажеті жоқ деушілер жаз жайлау, қыс қыстауда бүгінгі мал шаруашылығының да жартылай көшпенді екенін есте тұтуы шарт.

*Көшпенділер өмір салтының өміршең де жемісті болу себебі, бұл – дүниетаным, тұрмыс-салт айналаны қоршаған тарих, табиғат, ғарышпен әбден үйлесім тапқандығында жатыр. Қазақ үшін өмір – болмыс пен тұрмыс философиясы әу бастан-ақ өзара тығыз еді. Әр нәрсенің көп мағынасы, дәлірек айтқанда, бірнеше қыры болады. Кез келген заттың міндетті түрде философиялық танымы, мән-маңызы бар.*

Қазақтардың ойлау қабілетіндегі синкретизм олардың тұрмыс-тіршілігі дүниенің жаратылуы, ғарыш пен адам, олардың өзара байланыс-қатынасы, адамның ғаламдағы орны, міндет-мұраты туралы кітабы болып табылғандығынан көрінеді. Мұның бәрі ғылыми жолмен ғана емес, миф, аңыздардағы, ертегі, эпостардағы сезімдік, көркемдік зерделеу арқылы танылады.

Қазақтардың халық шығармашылығында бүкіл аспан күмбезі – Ай, Күн, жұлдыздар, олардың орналасуы

бейнеленген. Онда олардың бірін-бірі айналуы, жыл санау циклі, жыл мезгілін, ауа-райын, желдің бағытын, жауын-шашын мөлшерін ғаламшарлардың жылжуы арқылы анықтауға болады. Қазақтар өздерін жұлдызды әлем мен айналасындағы табиғаттың (дауыл, қарлы да құмды боран, аяз бен аптап, шөл мен тасқын, т.б.) ажырамас бір бөлшегі ретінде сезінген. Айталық, мақал-мәтелдерде жан-жануарлар, құс, құрт-құмырсқа, ағаш немесе өсімдіктер өмірінің аспан әлемі және оның қалыпты жағдайлары, күйі ондағы өзгерістермен тығыз байланыстылығының көзге оңайлықпен шалына қоймайтын аса күрделі құбылыстары бейнеленеді. Аспан әлемі, оның қалыпты жағдайларының өзгерістері адам ағзасының психологиялық жағдайында, адамдардың өзара қарым-қатынасында да маңызды факторлар болып есептеледі. Сондықтан, әсіресе, тарихтың өтпелі, дағдарысты кезеңдерінде әр халық бүгінгі күні өздерін толғандырып жүрген сауалдарына жауап табу үшін өзінің өткеніне, тарихы мен мәдениетіне зер салады. «Әр халық болашағына деген сенімді өз өткенінің ұлылығынан табады» деген кеңінен таралған қағида бар. Сол себепті сан ғасырдан бері келе жатқан төл мәдениетіне оралудың маңызы зор. Өйткені, мұнда адам, өмір, бақыт, мейірім, сұлулық, шындық тәрізді мәңгі де, өзгеріссіз ұғымдар сияқты білімнің, ойлар мен сенімдердің, құндылықтар мен мұраттардың сарқылмас қуатынан нәр алуға болады.

Қазақ фольклорында адам жадысы ұмытқан және ғылымға әлі беймәлім көптеген мәліметтер де бар деп едәуір сеніммен айтуға болады. Киіз үйдің конфигурациясы және оның негізгі қызмет-міндетінің басым бөлігі қазіргі обсерваторияларға ұқсастығы туралы көп айтылып жүр. Мүмкін, керісінше, обсерваториялар еуропалық адамның көзіне тым қарапайым болып көрінетін

тұрғын үй – киіз үйдің үлгісі бойынша жобаланып салынған шығар?

Қазақ үйдің құрылымы көшпенділердің негізгі тұрғын жайлары, негізгі өмір сүретін жерлерінің географиялық жағдайымен, даламен, саздан соғылған тамның – төрт бұрышы болуы – алып ағаштар болғандығынан туғанындай. Үшбұрышты вигвамдар, құз таулардың өткір геометриясын (сакли), мұздақтарды (чумдар) қайталайды. Қазақ үйдің аумағы дала үстіндегі көк күмбездің кішкене көшірмесі боп табылады. Демек Ж. Қаракөзова және М. Хасановтың «Космос казахской культуры» деген еңбектеріндегі ой-толғамдарына жүгінсек, онда қазақтың киіз үйі – дүние даралығының символы. Көне мәдениет төрт фигурадан құралғаны белгілі: пирамида, октаэдр, икосаэдр және куб. Тұтас саны – 30.

Мәселен, киіз үй де 30 санынан тұрады: 15 қанатты кереге, 14 уық және 1 шаңырақ. Отыз саны тұтастықтың, аяқталғандықтың нышанындай болып көрінеді. Оның белгісі жұлдызды аспанның белгісімен бірдей. Жер мен Сатурн отыз жылда бір рет бір жолда түйіседі, неге десеңіз Күннің төңірегіндегі Сатурн айналысы отыз жылға тең. 30 саны ғарыштың сандық символы болып табылады.

Бірақ, киіз үйдің математикасы осымен бітпейтіндігін авторлар әрі қарай жалғастырады. Сыртқы және ішкі интерьер де сандардың семантикасын құрайды деп, оны жинақтап, 3,14 және ол «Пи саны» деп белгілейді. Үтірдің рөлі, архитектура заңы бойынша сыртқы құрылымнан ішке өткізуді атқарады. Пи саны айналманың ұзындығының оның диаметріне қатынасын білдіретіні белгілі. Пи саны – Жер, Күн және барлық ғарыштық денелер өзара қатынаста болатын заң. Ол үйлесімнің сандық иерархиясын көрсетеді. Берілген сандық символикаға күмәндануға да болады. Мұның бәрі ойдан шығарылған емес

пе? Осы математикалық тәуелділік еуропалықтардың көзқарасы бойынша бір қарапайым баспанаға байланыстырылғаны қаншалықты нанымды? Екінші жағынан барлық табиғи және әлеуметтік құбылыстарда ақылға сыймайтын жасырын сәйкестіктер бар екені мәлім. Писаны 3,16, сәл дұрыс емес, нақты 3,14 санының өлшемін реттейді, Көне Мысырда 4–3 біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтарда белгілі болған. Бұл ғылыми факт болғандықтан көне мәдениеттердің өзара байланысы қарқынды дамыған сол уақытта барлық тайпаларға да белгілі болуы әбден мүмкін еді.

Көшпелі мәдениеттің адамы шиыршықпен қатар шеңбер, шаршы, тең қабырғалы үшбұрыш, пирамида тәрізді геометриялық дұрыс фигураларды да құрмет тұтып, симметриялық фигураларды қадірлеген, сол арқылы табиғатқа, өмірге, өзі тіршілік етіп, жасампаздықпен айналысатын, сырына үңілетін және сұлулықтың мәнін ашуға ұмтылатын әлемге тән сұлулық пен үйлесімнің жан-жақты сипатын мейлінше толық пайдаланған.

Көшпенділер өздерінің өмірлік мәселелерінің эстетикалық, психофизикалық, экологиялық т.б. көпшілігін қарапайым да қисынды жолдармен шеше білген. Ең қарапайым әрі дана шешім табиғатқа қол сұқпау, оны жауламау, керісінше, табиғатпен мұрат-мүдделес, қызметтес болу, оның тәжірибелерін игеріп, қайталау, одан үйрену еді. Табиғатты қайталау, онда болып жатқан үдерістердің ізінен еріп отыру, өмір кешудің ең тиімді, адамгершілікті және талғамды түрі болып шықты. Күн, Ай, аспан күмбезі, көкжиек қазақтардың дүниетанымында шеңбер символикасының үлкен орын алуын айқындады. Еуропалық санада шеңбер ұғымы көп ретте қиын жағдайды білдіреді. Мысалы, «тұйықталған шеңбер», «кесел шеңбер», «тозақ шеңбері» сияқты бейнелі сөздер жағымсыз құбылыстарды сипаттауға қолданылады. Қазақтарда

шеңбердің мәні бұған мүлдем қарама-қарсы. Халық арасында кең айтылатын «айналайын» сөзінің мағынасы да өте терең. Мағынасына зер салсақ, бұл сөз – қолдау, мақтау, сүйю, тіпті, жақыны үшін басын беру деген ұғымды береді.

Ал, М. П. Холл «үшбұрыш – жоғары білім, шеңбердегі шаршы – көрінетін әлемнің, сұлулықтың рәмізі, мұның дәлелін гностиктердің ілімінен табуға болады, олардың ғылымының ғимараты шаршыға негізделген, оның бұрыштары Үнсіздік, Тереңдік, Парасат, Ақиқат болып табылады» деп атап өткен [2, 134-б.]. Яғни Үнсіздік (Абсолют, Айтылмайтын), Тереңдік (Құпия, Шексіздік), Парасат пен Ақиқат (Білім) тәрізді бастаулардың синтезі сұлулық ұғымымен рәмізделеді. Бұл фигуралардың арасында, әсіресе, шеңбер ежелден бері Абсолют тәрізді философиялық категорияның рәмізі болып келеді, шеңбердің ішіне жазылған рәміздердің қуаты арта түседі. Нақ осы «сұлулық формуласын» біздің аналарымыз қаншама уақыттан бері кілемге өрнектеген. Осы тұрғыда отандық философ А. Малаев қазақтардың ою-өрнектер синтаксисінде қосу (тезис) және алу (антитезис) таңбалары ылғи да орын алған, ал «алтын қиылыс» (синтез) қараңғы және жарық бастауларының бөлу жібi тұрғысында Күннің сәулесіндей көшпенділердің жүрегінен өтеді. Өмірдің шындығы ретінде дәл көшпенділердің санасы мен жүрегінде Жер мен аспан, Күн мен түн, жақсылық пен жамандық біркелкі болады және теңеледі дейді. Осыдан өмірді даналықпен біртұтас қабылдау, зұлымдықты жоюға болмайды деген ой қорытуға алып келеді, оны тек басқа түрге айналдыруға болады, жақсылық пен жамандық арасында тепе-теңдік орнатуға тырысу қажет деген түсінік қалыптастырады. Сондықтан классикалық эстетиканының ұстанымы деп жүрген «алтын қиылыс» қағидатының элементтері ата-бабаларымыздың көркемдік танымында болған.

Қазақ халқының бүкіл шаруашылығы мен тұрмыс-салты бұрыннан, баяғы замандардан бері түрлі талаптарды – экологиялық, утилитарлы тәжірибелік міндеттердің бәрін үйлесімді қолданып отырған. Осы тұрмыстық талаптардың бәрінің өзегінде сұлулыққа деген ұмтылыс тұрды. Бұны біз енді ғана талдап, эстетикалық мақсаткерлік деп айдар тағып отырмыз. Эстетикалық бастау қазақ өмірінің бұлжымас бөлшегі ретінде күнделікті іс тәжірибелерінде, тұрмысында, барлық уақытта қолданылып отырды. Бұған ұлтымыздың өзіндік ерекшелігі бар тұрғын жайлары – қазақы үй, оның безендірілуі, киім-кешектер, аяқ-киімдер, ыдыс-аяқтар, ер-тұрман – ат әбзелдері, арба-шаналар, еңбек құралдары, қару-жарақ, сауыт-сайман, т.б. Міне осылардың бәрінен де эстетикалық талғам көрінеді.

Қазақ халқы өз өнерлері, өз дүниетанымдарын бөле-жара көрсетіп, маңыздылығына көңіл аударған емес. Кезінде даланың таза ауасын, уланбаған таза топырағын байқамағаны сияқты, олардың әлемге деген философиялық көзқарастары да табиғи болатын. Бұл білімдердің олардың өмірлік философиялық ұстанымдарымен кірігіп кетуі бүгінде ешкімді де таң қалдырмайды. Әрбір адамзат мәдениеті өзін де дәл осы этномәдени қоғам жасаған әлемнің моделін сақтайды. Әлемнің бұл үлгісі тілімізде, ертегі-аңыздарда орын алған, сондай-ақ діни нанымдардан байқалады, рәсімдер мен рәміздерден көрінеді, адамдардың тұрақ-мекендерінің жобалануында, тұрғын үйлердің ішкі құрылымында материалдандырылған. Әрбір жаңа буын дүниетанымның нақты үлгісін мұраға алса, сол мұра әрбір адамның өзіне ғана тән дүниетанымын қалыптастырады, сонымен қатар адамдарды өзара біріктіретін мәдени қоғамдасуға жетелейді.

Әдетте әлемнің мұндай үлгісін бала мәдени-тұрмыстық және қоғамдық ортаны белсене игере жүріп

ересектерден қабылдаса, келе-келе сол қоғамдық ортаны басқа балалармен бірлесе жүріп өзі де қалыптастыра бастайды. Қазіргідей тоталитарлық идеологияның таптаурын болған ұстанымдарын артқа тастаған, «өткенді аңсау» мен «ұлтшылдық» айыптаулардан қорықпайтын жағдайға жеткен шақта ғана қазақтардың дүниетанымы оның қолөнерінде көрініс тапты деп ашық айта аламыз. Көшпенділердің кескіндемелеріндегі, ою-өрнектеріндегі үйлесімді өрімдер олардың әлем туралы, ғаламшар жөніндегі түсініктерімен тығыз астасып жатады. Бұларда көшпелі халықтың кең далаға, табиғаттың қайталанып келіп отыратын құбылыстарына деген асқақ сезімге толы көзқарастары терең философиялық мағынада көрініс береді. Адамның ерекше дүниетанымын қалыптастыратын элементтандің рәміздік қалпы болмыстың өзіндік жасырын кілті болып табылатын көп мағыналы таңбалармен бекітілген. Әсіресе, қос мүйіз, қошқар мүйіз, арқар мүйіз, қырық мүйіз, ырғақ оюлары бабаларымыздың дүниені ғарыштық ауқымда тануға талпынғанын көрсетеді. Ілім мен ғылым дүниенің шар тәрізділігін, ғаламның шексіздігін анықтамай тұрып-ақ, біздің бабаларымыз бұл ұғымдарды көркемдік сана-сезімдері арқылы танып білді. Осы тұрғыда олар өз қолымен жасаған кілем, алаша, текеметтердегі сүйіспеншілік сезімімен бейнеленген шеңбер тәріздес ою-өрнектерге күрделі дүниетанымының көне де қайталанбас үлгілерін жинақтаған.

Қ. Нұрланова жазғандай: «Өрнектегі дөңгелек сызықтар, әлемді кеңістік бағдарында танып білудің символдық мазмұнын бейнелейді» [3, 225-б.]. Дөңгелек, шеңбер түріндегі ою-өрнектер бояуы, бірден-бірге ауыспалы түрде өтіп, қайта айналып келіп отыратын уақыттың, маусымның қозғалыс қимылдарын білдіре отырып, кеңістіктің кеңдігі мен еркіндігін көрсетеді. Бұл жерде біз көшпенділердің көзқарасы бойынша мәңгілік және



өзгермейтін болып табылатын өмірдің, дүниенің, уақыттың қозғалысын шеңбер тәрізді ою-өрнектер беретінін білеміз. Бұл оған жүктелген интеллектуалды – сезімдік мағынаның екінші қыры. Өрнектің тек қана қолданбалы өнер ғана болып табылмайтыны, сондай-ақ оның ақыл ойға, сезімге ой салатын терең танымдық мағынасынан екені белгілі. Бағзы замандарда пайда болған ою-өрнек адамның өзін, қоршаған ортаның танып-білуінің, сан-салалы, белгілі-белгісіз, көп мағыналы, терең мазмұнды, ең алғашқы қағидалары болып табылады. Ою-өрнек бастапқыда геометриялық сызықтармен түзіледі, бірте-бірте сызықтар қоюланып, оған жекелеген бейнелеу элементтері қосылып, дүниенің алғашқы қарапайым түрде пайда болуынан бастап, бірте-бірте күрделене түсетінін көрсеткісі келетінін байқатқандай. Ою-өрнектің көркем өнердің басқа салаларына қарағанда философиялық мағынасы кең. Өйткені ол жекелеген заттарды бейнелеп қоймай, сондай-ақ олардың жеке қарым-қатынастарын ғана көрсетпей болмыстың өзіндік, әлемдік үлгілерін көрнекілікпен астарлы мағынада бере біледі. Егер барлық өнерді осылай деп танитын болсақ, жеке бір ғана әсемдікті бейнелеуге бағытталмаған, керісінше сол әсемдік – ақиқатты бейнелеудің мәні болып табылатын біртұтас мәдениетке бағытталған қазақ мәдениетінде ою-өрнек барлық уақытта қолданбалы өнер болып табылады. Егер одан әрі тереңдеп баратын болсақ, мәдениеттің органикалық тарихи негіздеріне бойласақ, ою-өрнектің өзге де қырлары – қасиетті, тазалайтын, ағартатын құрал, өміршеңдіктің, қорғаныштылықтың қайнары тәрізді сипаттарын байқаймыз. Ықылым замандағы алғашқы гомо сапиенс өкілдеріне өз тұрмыс көрінісін бейнелейтін, тасқа таңба салдырған да осы көркемдікке, сұлулыққа іңкәрлік, қоршаған табиғат таңғажайыптарын жан сүзгісінен өткізіп, адами тұшыну, рухани аңсау сезімінен туды емес пе.

Қазақтың кең байтақ даласында табиғат жағдайлары да біркелкі емес. Туған өлкемізден сақылдаған сары аязды да, жазира жазды да, жатаған жантақты құм шөлді де, шалқар көлдерді де кездестіруге болады. Табиғи географиялық шекараларымыз барлық кезде ашық болып келді. Сондықтан да табиғат апаттарымен қатар жатжұрттық басқыншылардың шабуылы жиі болып тұратын. Сансыз тарихи сынақтар, ішкі қақтығыстар... міне, халқымыз бастан кешкен осы жағдайларды, өмір көріністерін қазақтың талантты ақыны Ж. Молдағалиев өзінің атақты өлеңінде «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деп жырға қосты.

*Қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктері олардың дүниетанымдарында ерекше эстетикалық талғамдар қалыптастырды десек артық болмас. Қазақтардың еріне, әйеліне, баласы мен қызына деген сезімдерінде күш-қайрат, ақыл-ой, адалдық қасиеттерімен қатар сұлулық, нәзіктік, сымбаттылық сапалары бірге өрбіп отырады. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнесі – ерекше арналы әңгіменің өзегі.*

Сондықтан адамдар арасындағы аяулы да жүрек-жарды қарым-қатынастардың түп себебін қазақ мәдениетінің қойнау-қатпарларынан іздеген жөн. Жақыны үшін «етінен ет кесіп беруден» тайынбайтын қазақ үшін «бауыр» – ол бауыр еті. «Адам жаны жүректе де, мида да емес, бауырда жатыр» деп түсінетін қазақ үшін бауырдан қасиетті ұғым жоқ. Бауыр дегеніміз – адам бойын жиналған удан тазалайтын, гормондар айналысын қалыпқа келтіріп отыратын сүзгі. Осылай кете береді. Сөз сүйегін танитын, сөз құдіретіне сенетін аталарымыз өзара қарым-қатынастарын да осылайша сөз мағынасынан іздеп тапқан.

Ендеше, мәдениетке ұмтылыстың ар жағында адами болмысқа ғана тән ерекше қасиет – еркін ойлауға,

еркіндікке, бостандыққа құлшыныс жатыр. Мәдениет – бостандықтың түп-тамыры. Бостандық, егемендік – мәдениеттің аңсар ауасы, көктемнің жұпар лебіндей саф тұныққа шақыратын, адам рухын ұшар биіктерге қанаттандыратын ғарыш әлеміндей ғажайып кеңістік.

Еліміз егемендік алғалы бері біз рухани әлемімізде осындай кеңістіктерге жол ашқандаймыз, ғарыштық шексіздіктің өзі еркіндік сүйгіш қазақ елінің мың жылдан бері көксеген арманы емес пе еді?

Сонымен қатар ХХІ ғасырда жүріп жатқан жаһандану үрдісі нақты құбылысқа айналып, ендігі мәселе – осы алпауыт толқында әрбір ұлттық мәдениет өзіндік бірегейлігін сақтап қалуы, басқа мәдениеттер арасында сіңісіп жойылып кетпеуі үшін жаңаша қарқынды ісқимылдар жасауда тиімді әдіс-тәсілдер қалыптастыруды қажет етіп отыр. Осы тұрғыда жаңа теориялық-танымдық әдістемеге сәйкес гуманитарлық пәндерде де мәдениеттанушылық-философиялық өлшемде қарастыратын бағыттың қажеттілігі орын алуда. Және жаңа парадигмаға сай мәдениетті зерттеудің мүддесін объектіден субъектіге аудару, оның негізінде тыңдаушыларды креативті тұлға ретінде тәрбиелейтін, танитын жаңа көзқарас та қажет. Осы орайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз» деп айқын көрсеткен. Сондықтан Елбасы: «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы

гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет», – деп атап өтеді.

Қазіргі жағдайларда мәнісі жаңа парадигма қалыптастыру болып табылатын жаңа мәдени-философиялық мақсат туындап отырған кезде, әсіресе, «Мәңгілік Ел» атты ұлттық идеяны іске асырған шақта әлемге тақырыбы мен идеялары жағынан кең ауқымды да сан түрлі, батылдығымен және шешімдерінің төлтумалығымен ерекшеленетін және әсері мықты шығармашылықтарымен белгілі түркі ғұламаларының мәдениеттанушылық ойларын қарастыру – күрделі, кей-кейде дағдарыстық сипаты бар, құндылықтардың құнын түсіретін шиеленістерді шешуде әлеуметтік-мәдени күш-қуат беретін қайнар көз болып табылады. Сонымен қатар ғұлама бабаларымыздың шығармаларындағы идеялар, одан әрі де тәуелсіз Қазақстанда қазақтардың өзін-өзі танып білуі үшін туып отырған мүмкіндіктерге сай, арнаулы, тереңдетіп саналау керек.

Бұл тұрғыда болмыстың әртүрлі саласындағы белсенді модернизация дәуірінде мәдени-философиялық және әдістемелік жағынан келгенде қазақ топырағында дүниеге келген ұлы бабамыз, энциклопедиялық ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің әртүрлі саладағы уақытқа байланысты ойларын үзілген байланыстарды жалғау, өткен онжылдықтарда маңызы төмендеген адамгершілік және рухани құндылықтарға қайта оралу тұрғысынан көрсету маңызды. Осы ретте адам шындыққа тек өзінің ақылы және жан қасиеттері арқылы жете алады деген ұлы ойшылдың дана сөздеріне құлақ асқан жөн. Өйткені оның ұстанымы бойынша, адам ақылымен ғана адам бола алады. Осы ретте әл-Фараби

интеллектуалдық қабілетке ерекше мән беріп, интеллект туралы идеяларын білдіргенде, оның келесі түрлерін көрсетеді. Атап айтсақ, әлеуетті, өзекті, әрекетті және адал еңбекпен табылған интеллект.

Әл-Фараби «әлеуетті интеллект» деп адамның қандай да бір когнитивтік әрекетке деген қабілеті мен дайындығын жатқызады. Мұндай жағдайда адамның ақылы зат туралы ойды қабылдау мүмкіншілігіне ие болады. Ғұлама ойшылдың сөзімен айтқанда, бұл «жанның бар болған заттардың мәні мен формасын материядан абстракциялау қабілетінің бірі» [4, 42-б.]. Өзекті интеллектіні формаларды ұғынуға қабілеті бар таза форма дейді. Әрекетті интеллект форма туралы білімнің негізінде басқа да рухани формалар мен Құдайды ұғынады. Демек, оны Құдайдың берген сыйы деуге болады. «Адал еңбекпен табылған интеллект» деп таным субъектінің объективті түсініктердің мәні мен мазмұнын ұғып, оны өзінің біліміне айналдырғанды айтады. Мұнда әл-Фарабидің ағартушылық көзқарасы бойынша, адам білім арқылы ұдайы өзінің интеллектуалдық қабілетін дамыта отырып, шындыққа жетеді. Сонымен қатар әрбір тарихи кезеңдегі ғұламалар ойының мәнін түсіне отырып, өздерінің өнегелік қасиеттерімен қатар сезімдік жан қасиеттерін де артыра алады.

Әл-Фараби әрбір нәрсенің мәнін түсіну үшін ең алдымен ақыл, парасат болу керек десе де, сезімдік танымды жоққа шығармайды. Өйткені, ұлы шығыс данышпаны ғылым мен мораль, ақиқат пен ізгілік деген мәңгі мәселелердің арақатынасы туралы идеяларын алға тартады. Атап айтсақ, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген еңбегінде қайырымды қалада (мемлекетте) ғылым мен мораль үзіліссіз бір-бірімен байланыста екендігінің көрінісін ойшыл «теориялық ізгілік», «ойшылдық ізгілік», «практикалық ізгілік» категориялары

арқылы көрсетеді. Ұлы ойшылдың айтуынша «ойшылдық ізгілік» өз бетімен «практикалық ізгіліксіз» іске аспайды. Әсіресе, оның көрінісі қазіргі кезде ерекше орын алып тұр. Көптеген ғалымдардың идеялары түрлі себептермен іске аспай жатады немесе керісінше қандай да бір «білімпаздың» «асыл» идеяларының нәтижесінде жасалған істер қайран қазақ жеріне, оны мекендеген адамдарына зиянын тигізіп тұрады. Өкінішке орай барлығымыз сондай «данышпан идеяларға» және іс-әрекеттерге куәгер бола тұрып, тосқауыл қоя алмаймыз. Ал, шынтуайтына келгенде әрбір істің негізінде құндылық, мәндік негіз болып, ол адамның рухани детерминантының жинағы ретінде алға шығу керек. Нағыз идеяға жан жүрегіңмен сенім артқанда ол іске асады. Мысалы, әл-Фараби еңбегінде «жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» делінген [4, 42-б.]. Шығыс ойшылының бұл сөздерінен жүрекке шешуші мән беріп, таным процесі адам жанына тән тума қасиет деп санайтынын көреміз. Өйткені, адамның жаны өз тереңінде адамның жүрегі қалайтын және өзінің нағыз адами мәнінде адамның өзі толық көрінетін әлдебір асылды жасырады. Адамның құпия асыл мәні дегеніміздің өзі – онтологиялық рухани негіздің тап өзі, адамның ақиқаты.

Ал екіншіден, әл-Фараби табиғи, «махаббат пен жеккөрушілік» өзін-өзі басып-жаншуға айналуынан сақтандырады. Бұдан толықтай ғалым да ғылым да арыла алмайды, әрі мұның керегі де жоқ. Өйткені, онда ғылымның өзіне келеңсіз әсер етуі мүмкін, себебі «саналы жансыз» ғылымның дамуы тиімсіз болып табылар еді. Үшіншіден ұлы ғалым «шындық» пен «ақиқат» деген – өзара ұқсас екі ұғымды текке қолданып отырған жоқ. Біздің заманымызда зерттеушілер көркемдік шындық пен ғылыми

ақиқаттың арақатысы мәселелерін неғұрлым кең қарастыруда, бұл жалпытанымдық мәдениеттану тұрғысынан көп үміт артқызады. Әсіресе, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тану үшін, яғни ұзақ уақытқа тұсауланып келген нәрсенің бәріне тиімді болмақ.

Ал, Жүсіп Баласағұн шығармашылығында көркем-бейнелі түрде автордың өзі өмір кешкен кезеңдегі орта – кейіпкерлер, оқиғалар, түркі қоғамы мен түркі мемлекетінің бір өзіне көшпелілік те, отырықшылық та өмір салтын үйлестірген, сондықтан да мәдениеттік те, өркениеттік те сипатты біртума һәм дара феномендер жасап шығарған өмірі, мәдениеті, дүниетанымына байланысты адамгершілік және құқықтық арман-аңсарлары (идеалдары) бейнеленеді.

Жүсіп Баласағұнның бүкіл шығармашылығында дамымай қалу, жетілмеу салдарынан барлық тап, топ өкілдері мен мамандық иелері жапа шеккен сол кезеңдегі қоғамның дамуы үшін жаңа нормативтік негіздер (адамгершілік, құқықтық) жасауға деген ұмтылысы айқын көрінеді. Сондықтан да оның бағыт-бағдары, айтар ақылы барлығына қатысты. Жартылай көшпелі халықтардың барлық саладағы өмірін ережелік негіздермен реттеу, оның ойдағыдай құрылымын жасау, Жүсіптің пікірінше, қол астындағы халыққа ең бастысы – заңды беретін «өзі дана, өзі ақылды, өзі жөнге салатын» билеушінің міндеті. Ол билеуші – бектің мінез-құлық ережесінің тұтас бір өзіндік ауқымды кодексін жасап шығарды.

*Бек халықты тек білікпен сендірер,  
Барлығын да ақылына жеңдірер.  
Бек дегенің білікпенен берік тұр,  
Білік кетсе, бек қалады – желік құр.  
Елді ғана келсе ұзақ билегің,  
Заңды ұстап, бұрсын елге бүйрегің!*

Осындай құқықтық ғақлияларды Ж. Баласағұн бүкіл сөз тыңдаған адамдарға, әртүрлі атақ және түрлі мамандық иелерінің барлығына қарата айтады. Ежелгі заман ақынының әділдігі, турашылдығы өз кезеңі үшін ғана емес, бүгінгі заман үшін, бүгінгі ел билігі үшін және ел азаматтары үшін де аса өзекті екенін мойындауымыз керек. Бұл ретте ойшылдың мұндай көрегендігіне таң қалмасқа да болмайды. Қаталдық пен әділеттілік ол үшін өте маңызды, бұл жайтты бүгінгі күннің «шексіз билікті жақтаушылары» есте сақтаса болар еді. «Өз еліңнің ішінде қандай да бір езгіні жой, жапа-жәбірге тыйым сал, ал, сыртта талау мен тонаудың жолын кес. Ақымақтарды аяусыз жазалап жөнге сал: бұзақыға ем болар қатыгездік». Көріп отырғанымыздай, Ж. Баласағұнға жыр әлемінде қиялмен қалықтап ұша беру жат, ол, керісінше аяғын жерге нық басып тұрған, өмірдің шындығынан, алшақ кетпейтін ойшыл ақын. Егер әділеттіліктің шарты – заң болса, онда заң да әділеттілікті белсенді түрде қорғауы шарт, яғни қазіргі заман ұғымымен айтқанда, жақсылық, ізгілік өзін қорғай білуі керек.

Жалпы біздің ата-бабаларымыздың дүниетанымына байланысты Шоқан Уәлихановтың оларды ақыл-ой мұраларын сақтаушылары деп айтқаны өте орынды. Өйткені, бір ғана шежірелік дәстүрде ғасырлар бойы жалғасқан халықтың ерекше дүниетанымы, сол кездегі адамдардың ерен қабілеті көрініс тапқан. Олар өздерінің мәдениеттанушылық сипаттағы ойларын қара сөзбен де, өлеңмен жырлап, тәлім-тәрбиелік мәнді, дәстүрлі қоғамдық қатынастарды түсіндіруге арнаған.

Бұл ретте ел арасында тура би атанған, шебер ақын – Қылышбай Ержанұлы:

*Адам бір көшкен керуен,  
Құрармыз аз күн серуен...*



*Адал жүріп тірлікте,*

*Айырылмайық сенімнен* – деген ұлағатты сөздерін жетім қалдырмай, әсіресе, жастар жағы өздерінің аксиологиялық бағытына үнделіп, өмірі мен іс-әрекетінің әр алуандылығына деген құндылық қатынасты орнатып, елінің оңы бола алады. Немесе сөзге шешен, алғыр би Бегалы Құленұлы:

*Адасқанның айыбы жоқ,*

*Қайтып үйірін тапқан соң.*

*Ашылғанның айыбы жоқ,*

*Өзі біліп, етегін жапқан соң* – деген ойларының негізінде болашақ ұрпақ шынайы ойлауын қалыптастырып, дүниедегі ең жоғары құндылық – адам екенін түсінгендері абзал.

Бұл, әсіресе, қазіргі ақпарат заманында оңайшылықпен іске аса қоймайды. Өйткені Б. Тұраналыұлы би алдын ала болжап: «Үлкеннің айтқан сөздерін, кішісі қолдап тұрмаса, ел дегенің немене?» немесе Мөңке би:

*Азарсың, жұртым, азарсың,*

*Азарыңның белгісі...*

*Алашұбар тілің болады,*

*Дүдәмалдау дінің болады* – деген ахуалды бастан өткізіп отырмыз.

Мұның бейнесін, қарапайым адамның бір күнмен ғана тіршілік ету тенденциясы, бейсаналық ымырты, маргиналды ішкі дүниесінің үзік-жұлықтығы орын алып отырған қазіргі мәдени өмірден байқауға болады. Тап осыдан да келіп қазіргі замандағы рухсыздықтың барлық көрінісіне қарсы тұра алатын метафизикалық тірек нүктелеріне ден қойып, жастар «адамды рухтандырудың» жаңа құралдарын іздеу керек.

Ал, белгілі философ М. Мамардашвилидің метафизиканың адамның мәртебесімен байланыстылығы туралы негіздемесіне сүйеніп айтқанда, «метафизика –

жеке тұлғаның ыдырамауының кепілі мен шарты» [5, 112-б.].

Замануи сұранысқа рухани жаңғыру аясында жастарға сондай метафизикалық тірек нүкте ата-бабаларымыздың ой-тұжырымдары, кесім, шешім түріндегі мұралары болады. Олардың ішінде «Алтын ұяң – Отан қымбат, Туып өскен елің қымбат» деп ел бастаған көсем ретінде Қаз дауысты Қазыбек би, «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара», «Бүтін билікке жеткен» деп атаған Төле би, «Елінен айырылған ер бақытсыз, Жерінен айырылған ел бақытсыз» деген кіші жүздің сөзін ұстаған Әйтеке билер бар. Ұлттық сезімді оятып, қазақ халқының бірлігін нығайтуға белсене араласып, қазақ хандығы кезінде бүкіл ел санасына ортақ идеяны алға тартты. Бұл ұлы мемлекет қайраткерлері қазіргі кезде жарияланған «Мәңгілік Ел» атты ұлттық идеяның көрінісін тілдерінің күшімен де, адал істерімен де қазақ хандығы тұсында білдіріп, елінің тәуелсіздігін ойлап, үш жүзді біріктіруге атсалысқан. Үш жүзге төбе би боп сайланған Төле бидің:

*Атадан ұл туса игі,*

*Ата жолын қуса игі* – деген сөздеріне құлақ асып, тәуелсіздікке ие болған кезде елдің еңсесін көтеретін, елдің елдігін білдіретін азаматтар әлде де бар деген сенімнен үміт үзбейік. Оларға, әсіресе, біздің қазақ халқының тарихи тағдырындағы ең бір трагедиялық қиын-қыстау кезеңде:

*Жауға шаптым ту байлап,*

*Дұшпаннан көрген қорлықтан*

*Жалынды жүрек қан қайнап* – деп айтқан атақты жырау, би, батыр елі мен жерін қорғаған Ақтамберді Сарыұлы көптеген күрескерлер үлгі болар. Өйткені олар ел қамын ойлап, қазақ халқына адал еңбегін сіңірген. Біздің тарихымызда есімдері өшпейтін адал жандар қаншама. Болашақ ұрпағы үшін жанын қиғандар туралы:

*Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Шапырашты Наурызбай,  
Осы үшеу тұрған да,*

*Дұшпанның көрі қазулы* – деп Бұқар жырау жырлаған. Осындай алып тұлға батырлар халқына қамқор болып, елдің елдігін сақтап, мың өліп, мың тірілген қазақ елі мәңгі болғай деп, осы киелі жерімізді болашақ ұрпаққа аманат етіп тапсырып:

*Жеткерсін қазақ жерлерін биіктеген аспанға,  
Әрі қарай жалғасып, өмірді өмір сүріңдер* – деп айтқан сөздерін еске сақтағанда ғана «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыра аламыз.

Жалпы әлеуметтік-саяси ойдың осындай ұлы өкілдерінің көзқарастары негізінде мұсылман мемлекеттерінің қызметтері, саясаты мен құқықтары дамып отырды. Сондықтан да олардың өсиет сөздері ескірмек түгіл, әулеттік, таптық, топтық, корпоративтік мүдделерді жалпыадамзаттық, гуманистік, мәдени құндылықтар ысыра бастағандықтан уақыт өткен сайын мейлінше өміршең бола бермек. Демек, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің азаматтары да өмір, болмыс мәнін терең де айқын түсінумен қатар, адам санасының, таным мүмкіншілігінің, соның ішінде, қазақ мәдениетіндегі осындай ғұлама ойшылдарымыздың нағыз құнды танымдарының түп төркініне бойлауымыз қажет.

Қазіргі кезде қазақ халқының рухани бітім, өнеге құндылықтарын, әсіресе, жас ұрпақ терең ұғыну керек. Бұл ретте патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының негізінде қайғы-қасірет көрген қазақ халқының тағдырын, мұң-мұқтажын жырлаған, өз елінің тәуелсіздік, еркіндік тұрғыда өмір сүргенін аңсаған көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының шығармашылығын еске алған жөн. Дала өміріндегі ойдың көрінісін, өз заманының «байғыз

қарты» атанған дана тұлғаның екі арнаның тоғысуынан тұратын шығармашылығынан білуге болады. Атап айтсақ, ол өзінің ақындық мұратын – ел бүлдірушіні «ұлы тілмен улау», «қайғылы қалың елді улау» деп білген. Бұл туралы кемеңгер жырау мына ой-толғауларында білдіреді:

*Парақор баспақ биіңді,  
Ел бүлдіргіш бегіңді  
Улы тілмен улаттым.*

Ол заманындағы халықтың мәдени-әлеуметтік жағдайын «кеудеме қайғы толған соң, Тұнық жырмен жуынам» деп, қарама-қарсы ой-пікірлерін өрістетіп отырып бейнелейді. Ақын өзінің даналық өнерінде бір жағынан адамдардың көптеген бағалы қасиеттерін жырласа, екінші жағынан сол кездегі қоғамда үстемдік жасаған басшылардың жаман қасиеттерін қатал сынға салып, өткір тілмен былай деп жырлаған:

*Үлкеннің тілін кіші алмай,  
Елдегі жақсы бұзылды.*

Бірақта ақынның бұл сөздеріне құлақ асатын адамдар жоқтың қасы, өйткені өзінің өткір тілімен айтсақ:

*Ел құлағы саңырау,  
Кімге айтамын сөзімді...  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Ұғынар мұны ел қайда?..*

Осы сәтте ол жоғары адам туралы сөзін аяқтаған соң, өзін жұртшылықтың түсінбегенін атап өткен Ницше Заратуштраға ұқсап кетеді: «Менің сөзім олардың құлақтарына арналмаған екен. Әлде көздерімен көргенін ұғына білуі үшін әуелі олардың құлағын тазарту керек пе? Шынымен даңғырадай қаңғырлап, тәубаға келуді талап еткен пірәдарларша бақыру керек болғаны ма? Бәлкім олар кекештене міңгірлесең ғана сенетін шығар?» [6, 11-б.].

Осы ретте ұлы бабамыз «Сауыр жерден айрылып, Қазақ елі жұқарды» деп, еркіндік, ынтымақ-бірлігін жоғалта бастаған халқының жоқшысына айналып, қазақ елінің тәуелсіздікте, еркіндікте болғанын аңсайды. Сондықтан қазіргі кезде де егемінді ел болған жағдайда әрбір қазақ азаматы өзін азат сезіну үшін жаңа жағдайлар мен жаңа болмысты ұлы ақын айтқан теріс қасиеттерінен айырылып, өз қолымен жасау керек. Өйткені адам бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау – ұлттың өміршеңдігінің негізгі көрсеткіші. Мұны түсініп, біздің жан дүниемізге жетіп, толғандырған ХІХ ғасырдың екінші жартысының ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлы болды.

Ұлы ойшыл шығармашылығы – адамгершілік, білім, еңбек, адам мәселесі, ерік-жігер мен мінез шыңдау, эстетикалық және адамгершілік мәселелер және т.б. ұғымдары өзінің толық бейне алаңын табатын қазақтардың өмірі мен қызметіне арналған нағыз энциклопедия болып шығады. Абай адамға тән емес жағымсыз қылықтарды анықтай отырып, өз бойында нағыз адами қасиеттерді жасап шығара алатын толық адам туралы ойларын жеткізеді. Нәтижесінде Абай өзінің халқы туралы, батыстың индивидуалистік «Өмір не өлім!» деген қанатты сөзінен айырмашылығы «Қайран елім, қазағым!..» болып келетін терең мәдени-философиялық сөздерінде көрінген ойлары мен армандарын, еліне жалпы қазақ мәдениетіне деген сүйіспеншілігін ақтарады.

Ал қазақ мәдениеті қазақстандық мәдениеттің басты мазмұнын құрайды. «Қазақстандық мәдениет» ұғымы, өзіне Қазақстандағы өзге халықтардың мәдениеттерін де енгізе отырып, қазақ мәдениетінің негізінде жасалды. Қазақтар мен Қазақстандағы өзге халықтардың ұзақмерзімді тарихи өзара әрекеттестігі нәтижесінде өркениеттің, мәдениеттің өзіндік терең мазмұнда бірегей

полиэтникалық болып келетін күрделі полиэтникалық жүйесі қалыптасты.

*Қазақстандық – Қазақстанның кез келген азаматы, ал қазақ – этникалық қатыстылық. Әртүрлі саяси, әлеуметтік және басқа да себептерден қазақстандық болғандар қазақ халқының және оның мәдениетінің алтын бесігінде тату-тәтті өмір кешуде, Қазақстанды «Отаным» деп санап, бұл жерден кеткісі де келмейді.*

Өйткені қазақ халқы академик Ә. Нысанбаев атап көрсеткен қасиеттерінің негізінде оларды дұрыс қабылдай алды. Шынтуайтына келгенде «басқа адамдарға көмектесу, қайрат беру, қолдау» – қазақтың қанына ананың сүтімен сіңіп кеткен қасиеттер. Өйткені бұл – ақиқат. Осындай мәндік ашық ақиқатты батыс ойшылы М. Хайдеггер рационалдық, түнеріңкі келбеті бар Батыстан, рухпен нұрланған Шығысқа бет бұру деп түсіндірсе, неміс философының In-der-Welt-Sein ұғымына профессор Г. Соловьева да келесі анықтама береді: «In-der-Welt-Sein, демек әлемшілдік – тұтастық, қамқорлық мәндері бір-біріне ашық. Ақиқат – сол мәнді ашықтық» [7, 37-б.]. Ал жоғарыда аталған қазақ халқына тән қасиеттердің барлығын да қамқорлық деген сөзбен белгілесек, онда ол нағыз ақиқаттың дәлелі. Мұндай қамқорлықтың нәтижесінде Қазақстан жерін мекендеген этностарға өзіндік сәйкестігін сақтауға барлық жағдай жасалған. Олардың өз мәдени орталықтары, мектептері, театрлары және т.б. бар.

Мұның барлығы өзге мәдениеттермен ынтымақтаса отырып, өзара әрекеттестікке түсе алатын ғажайып қабілетін көрсетеді. Ашық жүйелер жабық жүйелерге қарағанда мейлінше өміршең екені белгілі, өйткені бұл жүйеде жер бетіне мәңгілік өмір көктен жіберілгенін және ол өмірді жоққа шығару емес, өмірдің

толыққандылығы екенін саналау бар. Қазақ мәдениетінің осындай қасиеттерінің негізінде адам және тарих туралы сөз айтуға қабілетіміз артып, мәңгі тарихта өшпес ізімізді қалдыра аламыз.

### Әдебиеттер

1. Нуржанов Б. Г. Культурология: курс лекций. – Алматы, 1994.
2. Холл М. П. Энциклопедическое изложение масонской, герметической, каббалистической и розенкрейцеровской символической философии. Пер.с англ. 3-е изд. – Новосибирск, 1997.
3. Нурланова К. Символика мира в традиционном искусстве казахов // Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы, 1993.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттары. – Алматы, 1975.
5. Мамардашвили М. Необходимость себя: Введение в философию: докл., ст., филос. заметки. – М., 1996.
6. Ницше Ф. Сочинения в 2-х томах. Т. 2. – М., 1990.
7. Соловьева Г. Мартин Хайдеггер: бытие и смысл //Адам әлемі – Мир человека. Философский и общественно-гуманитарный журнал. – Алматы, 2003. – № 3 (17).

## 2.4. «МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ» РУХЫ ДА МӘҢГІЛІК

*«Мәңгілік Ел» идеясы сонау түркі дүниетанымынан бастау алып бүгінгі таңда Елбасымыздың еліміздің тұрақтылығын, қоғамымыздың болашағын баянды ету мақсатында ұстанып отырған саясаттарының ең бастысы болмақ.*

Әрине, осындай саяси аласапыран заманда, әлемдік экономикалық бәсекенің тығырыққа тіреуі кезінде, алпауыт мемлекеттердің мәдени-ақпараттық қысымдарына қарсы тұрып еліміз мәңгі жасау үшін әрбір елімізге жанашыр азамат Елбасымыздың ұстанып отырған бұл көзқарасына өз үлестерін қосып, тікелей атсалысулары міндет. Олай болмай бұл идея тек жалған ұранның науқанына айналып, жүйелі түрде өзінің ғылыми негізін таппаса, құр сөз болып қала бермек. Сондықтанда, әрбір ғылым саласы өзінің ойлау шеңберінде жүйелі түрде ғылыми негіздермен «Мәңгілік Ел» болудың алғышарттары мен құрылымын қалыптастыру қажет. Осы мақсатта «Мәңгілік Ел» ұғымын философиялық және мәдениеттану ғылымдарының астарында талдап көрсек.

*Мәңгілік – шексіздікті білдіретін, философиялық терең ойды қажет ететін ұғымдардың бірі.*

Сонымен қатар, бұл ұғым уақыт пен қозғалысқа, өз мәнін, болмысын, тіршілігін жоғалтуға қарсы тұратын күш болмақ. Кез келген халықтың ойлау мәдениетінде осы кедергіні аттап өту мақсатында қарсы жасалған



дүниелер, көзқарастар, туындылар, өркениеттер көптеп орын алады. Бұндай дүниелерден қазақ халқыда кем емес. Бірақ «Мәңгілік Ел» идеясын қалыптастырудағы біздің мақсатымыз өткенді еске алу емес, болашақтан өз еншісін талап ету. Әрине, әлемдік жаһандану үдерісіндегі алпауыт мемлекеттер арасынан ойып тұрып өз еншіңді алу үшін ХХІ ғасырда ғылымнан басқада қайыр жоқ екені айдан анық. Сол себепті ғылымға бет бұрып, ғылымнан өзіне, еліне тиесілі еншіңді алып, мәңгілікке қадам басу үшін мына мәселелерді әрдайым естен шығармаған жөн. Ол үшін ғылымның мазмұнына философиялық тұрғыдан кеңінен тоқталсақ.

Ғылым жалпы адамзатқа тек таза пайда ғана әкеліп қоятын дүние емес, сонымен қатар кейде тығырыққада әкеліп тірейтін құбылыс екендігіне күмән туғызбау керек. Оның дәлелі – ғылымның барлық адамзатқа ортақ дүние болуы. Мәңгілік ел болудың басты өлшемі жалпыға ортақ ғылымды өз болмысына икемдей алуында жатыр. Барлық мәселенің мәні мен түйіні осында жатыр. Ал мәңгілік елдің өзіне тән ішкі мазмұны мен болмысы оның рухани және мәдени құндылықтарында жатқан болатын. Сондықтан да, еліміздің алдында тұрған басты мақсат мәдени құндылықтарымызбен ғылымның өзара байланысын және олардың ұлттың өзіне тән мәдени кеңістігіндегі нақты қиылсу шекараларын анықтап алу қажет. Осы арада рухани және мәдени құндылықтарды «білім» деп, жалпылама ұғым беріп қарастырсақ болады. Яғни, білімнің мазмұны ғылымға қарағанда әлде қайда бай болып келмек. Себебі, білім – сол халықтың ғылым қалыптасқанға дейінгі ғасырлар бойы жинаған рухани, мәдени байлығы. Ал ғылым нақты фактілер мен дәлелдерді ғана қажет ететін, барша адамзатқа ортақ өрнек (формула) болмақ. Сондықтан да, мәңгілік ел ұрпақтарының алда тұрған басты мақсаттарының бірі ол білім

мен ғылымды бір-біріне қарсы қоймай, басын біріктіре алуында жатыр. Қазіргі әлемдік экономиканың көшбасында жүрген алпауыт мемлекеттер (Жапония, Оңтүстік Корея және т.б.) осы әдісті өте ұтымды пайдаланып отыр десек болады. Ол әдіс қалай жүзеге асатын үрдіс болмақ?

Мәңгілік елді қалыптастыру үшін ең алдымен мынадай басты қағидалардың жүзеге асырылуын күн тәртібіне енгізу керек.

Біріншіден, Мәңгілік ел болу үшін ол елдің табан тірер, арқа сүйер мәдени құндылықтары болуы қажет. Әрине, Қазақстан көп ұлтты мемлекет екендігін әрдайым естен шығармаған жөн, сонымен қатар бұл мәдени құндылықтар басқа ұлттарды өзінің қажеттілігімен және жаңашыл қоғам талабына сай идеяларымен баурап алуы қажет. Ұлттық мәдени құндылықтардың қоғамдағы негізгі атқарар қызметтері жалған ұрандарға ғана бой алдырмай, өткен мен дәл қазіргі уақытты қанағаттандыра алатын және болашаққа ұмтылыс беретін күшке ие болуында. Бұл күш сырттан немесе жоғарғы билік тарапынан берілетін бұйрық күйінде емес, әрбір азаматтың ішкі рухани ізденісінен, шабытынан туындайтын тылсым қайраттың бір көрінісі болмақ.

Екіншіден, Мәңгілік ел болуды көздеген кез келген қоғам мәдени құндылықтарға тәуелді екендігі сөзсіз. Дегенмен мәдени құндылықтар орын алған жерде әртүрлі «табулар» мен «тыйымдар» күшейіп, кейде басқа халықтарға мүлдем жат мінез-құлықтардың қалыптасуына алып келеді. Мәдени құндылықтардан қалыптасқан дәстүрлер мен әдет ғұрыптар осылардың куәсі. Бірақта «Мәңгілік Елдің» басты ұстанымы ол – еркіндік болмақ. Біздің басты мақсатымыз еркіндік пен мәдени құндылықтардың жемісі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, одан туындайтын тыйымдардың шекаралары мен өлшемдерін анықтай, нақтылай алуымызда. Олай болмаған

жағдайда пайдалы деген мәдени құндылықтардың өзі қоғамымыздың өркендеуіне кері әсерін тигізеріне ешбір дау жоқ. Оған мысал ретінде мәдени құндылықтарымыздың қайнар бұлағына айналған ислам діні бүгінгі таңда мәселе жоқ жерде шытырман мәселелерді туындатып отыр. Ислам дінінің мазмұны мен пайдасын тек кейінгі қалыптасып келе жатырған жас буындар ғана емес, ақыл тоқтатып, оңы мен солын таныған, көпшілік қауымды ұлағатты істері және киелі сөздерімен өздеріне қарата алған аға буын ағаларымызда қателіктен басы айналып, адасып қана қоймай ізіне ергендерді де адастырып жүр. Сондықтанда біз еркіндіктің мәнін дұрыс түсініп, оны мәдени құндылықтарымыздың ең бастысы екендігін бірауыздан мойындап, оны барлық адамзаттың ең басты байлығы ретінде қарастыруымыз қажет.

Үшіншіден, Қытай данышпаны Конфуций айтқандай қоғамымыздағы әрбір азамат өз қызметін дұрыс анықтап және атқара алуы қажет. Олай болмаған жағдайда «ит жоқта шошқа үредінің» күйін кеше беруіміз мүмкін. Қоғамымыз жалған ұрандармен ғана шектеліп, жемқорлық түбіне жетіп, тамырын құрт жеген теректей оңбай құлауымыз ғажап емес.

Осы айтылған қағидалардың мәніне кеңірек тоқталар болсақ. Қазақ халқының мәдени құндылықтарының қалыптасуына басты себеп жерімізде өмір сүрген әртүрлі тайпалардың атаулары сан-алуан болғанымен, олардың табиғат талабына сәйкес шаруашылықтарының барлығына бірдей ортақ болуы, яғни мал шаруашылығының басым болуы. Мал шаруашылығы олардың осы шаруашылыққа деген кәсіби деңгейлерін көтеріп қана қоймай, өздеріне тән ойлау мәдениетінің қалыптастырды. Себебі көп жағдайда адамның кәсібі, өмір сүріп отырған табиғи ортасы олардың ойлау мәдениетінің қалыптасуына айтарлықтай ықпалын тигізеді.

Осы тұрғыдан келгенде қазақ топырағында өмір сүрген барлық тайпаларға ортақ шаруашылық ол көшпенді мал шаруашылығы болып келеді. Әрине, ара-тұра отырықшылықта болған, бірақ басты ықпал етуші, дүниеге деген көзқарасының, ойлау мәдениетінің қалыптасуына ықпалын тигізген ол көшпелі мал шаруашылығы. Осы шаруашылыққа байланысты мәдени құндылықтар белгілі бір жүйеге түсіп, ұлттық кодтың мазмұнын қалыптастыратын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік тәрізді т.б. рухани дүниелерді тудырды. Кейбір рухани құндылықтарымыз басты шаруашылықты, кәсіпті негізге ала отырып, дала заңына сәйкес орын алды.

Мысал ретінде солардың біріне «жеті қазына» ұғымын алуға болады. Бұл нағыз шаруашылықтың қажеттілігінен туындаған, ер азаматқа қажетті құралдар мен сенімді өмір серіктері болатын. Солардың біріне итті жатқызуға болады. Осы арадан біздің бабаларымыздың білім мен дінді қалай байланыстырғандығын анық көруге болады. Ит – ислам мәдениеті бойынша дала жануары, яғни үй ішінде адаммен бірге өмір сүруге болмайды. Себебі, ит денесі және сілекейі адамның тазалықты сақтауына өз кедергісін тигізеді. Біздің бабаларымыз бұл қайшылықты өте жақсы түсінді. Егер ислам дінінің қағидаларына көзжұма бойсұнып, итке деген немқұрайлық танытса онда өз заманында бір отбасын асырауға себепші болған «құмай тазыларымыздың» тек тарих бетінен ғана емес, ұлттық кодымызды қалыптастыруға мұрындық болып отырған «жеті қазынамыздың» толық өзгеруінеде алып келген болатын. Демек, олар осы мәселені жақсы түсінгендіктен ислам мәдениетінің қағидаларын өздерінің ұлттық болмысына сай етіп икемдей алды. Яғни, иттің тегін жіктеп, дала және үй иті деп, екіге бөліп тастады.

Дала итіне «төбет», яғни биік төбеден ауылды қорып жататын «төбенің иті» және үй итіне «тазы», яғни

исламның қағидаларына қарсы келмейтін «таза ит» деп бөлді. Ұлттық болмыстың сақталуына түбегейлі қарсы келетін ислам дініндегі біршама қағидаларды біздің бабаларымыз керемет үйлесімділікпен шеше алғандығын көруге болады.

Бабаларымыздың бұл мәселені осылайша шешуіне себепші болған басты түрткі ой, олардың өз мәдени құндылықтарын жоғары деңгейде игере алуында жатырған болатын. Ал бүгінгі біздегі ең басты қателік өз мәдени құндылықтарымызды өзгелер емес, өздеріміз жатсынуымызда жатыр. «Егер бір адам өзінің ұлттық мәдени құндылықтарын түсінбесе, оны қабылдай алмаса оны рухани таяз адам деп айтамыз, егер ұлттың көпшілігі өзінің ұлттық мәдени құндылықтарын жатсынып, оны қабылдай алмаса ол ұлтқа төнген қасірет», – дейді Шерхан Мұртаза. Ол үшін не істеу керек?

Философиялық тұрғыдан талдау жасар болсақ бір ұлттың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діл, дін және т.б. рухани құндылықтарының қалыптасуы бұл өмірдің заңдылығы. Табиғаттың бір бөлшегі ретінде өзін сезінудегі сол ұлттың қажеттіліктен туған шығармашылығы. Қажеттілік категориясының орын алуы демек, сол мәдениетте олардың толыққанды еркін сезінуі. Сол қажеттіліктің негізінде ол ұлттың ең басты байлығы – тілі қалыптасады.

Біз ұлттық кодымызды қалыптастырған және болашақ оны нық ұстап тұратын мәдени құндылықтарымызды анықтап, жүйелендіріп алуымыз қажет. Олардың құрамына: тіл, дін және дәстүрлеріміздің маңызды тұстары, яғни «жаңа қазақты» қалыптастыруға тікелей ықпалын тигізетіндері ғылыми тұрғыда дәлелденіп, іріктеліп алынуы қажет. Бұл үлкен жан-жақты зерттеуді қажет ететін ғылыми жоба, яғни біздің болашақтағы ұлттық болмысымыз.

Бірінші, тіл мәселесі. Қазақ тілін ғылыми деңгейге көтеріп, мемлекет тарапынан қажеттілік тудыру қажет. Себебі, тіл адамдар арасындағы бір-бірін түсінудегі тек жай қатынас құралы ғана емес, ол әрбір азаматтың бойына өз ұлттық болмысына сай ойлау мәдениетін қалыптастыратын, сол ойлау мәдениеті арқылы дүниені тануда, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде ерекше қасиетке ие рухани күш болып есептеледі. Қазақ фәлсафасында тілді «Ана тілі» деп айтуымызда да үлкен мән жатыр. Қыз баланы отбасының ұйытқысы ретінде қарап, сонау түрік мәдениетінен келе жатқан «Ұмай ана», яғни әйел затын құрметтеп, олардың тәрбие мәселесіндегі орнының ерекше екендігін білген.

Мәңгілік елдің мәндік негіздемесі Еңбек, Аналық және Ұлт (ұл дегеннен) сияқты дүниетанымдық универсалиялар сақталған. Бұл айтылғандар матриархаттың (аналық) тағдыршешті кезеңінен патриархаттың (ұл) тамаша кезеңіне өтіп, тәуелсіз Қазақстан Республикасы өткен кезеңдерден ірі масштабта үздіктер жинақталған жаңа баспалдаққа шығып отырғандығымен негізделеді.

Әйел статусы, кейіннен матриархаттың тарихи мәні өте зор болды. Бұл – жалпыадамзаттық өркениет қалыптасуының бастамасы. Кейіннен қисынды жалғасын тапқан матриархаттың мағыналық ерекшелігі сол кезеңде басты сауалдарға, оның ішінде болмыс пен болуы тиіс туралы дискурстарға жауаптар табылғандығында. Бұл мәнмәтінде антропогендік-әлеуметтік-мәдени генез рухани эволюцияның тағдыршешті баспалдағы ретінде айқындалады, өйткені адамзат бұдан арғы мәдени-тарихи даму үшін серпін алды.

Өкінішке орай, қазіргі кезде адам баласының мұндай жалпыға бірдей негіздемелері барған сайын ұмытылып барады. Екі ұлы бастама да жоғары дамыған Еу-

разиялық контингент қана ерекшеленеді, бұған дәлел тілдік материал мен фактологиялық деректер. Мысалы, Бартольд көшпенділердің барлығында, отырықшы мұсылмандарға қарағанда әйелдердің жағдайы жақсырақ, бұл әйел – қатаң өмірдің барлық қиыншылықтарын ер адамдармен тең бастан кешіретін сенімді көмекші болғандығымен түсіндіреді [1, 179–180-б.]. Матриархат негіздерінің сақталуы көшпелі менталитетте қыз бала – рудың, жүздің, олай болса, бүкіл халықтың, ұлттың тағдыры қолында болатын болашақ ана деп қабылданған. Бұл ой «Қыз – ұлтты ұрпақпен ұластыратын ұлы күш», «Қызды құрметте», Қыз – болашақтың анасы, арғы ұрпақтың әжесі» және т.б. мақалдарда сақталған.

Егер бұл айтылғандарды философия тіліне аударар болсақ, адамзат тарихының қайнар бастауында Ана ұлтты жасаған ұл туған. Басқа сөзбен айтқанда мұнда Аналық пен Ұлт одағы ретінде антропологиялық универсалиялардың бастау көздері сақталған. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы мұрындық болған (ядролық қарусыздану, Әлемдік және дәстүрлі діндердің съезі және тағы басқа), ауқымы мен маңыздылығы жағынан қазіргі адамзат үшін өзекті мәселелермен бара-бар футурологиялық жобаның мәні де осында [2, 116-б.].

Психология ғылымында «бастапқы негіздеме» деген ұғым бар. Осы бастапқы негіздеме қазақ ойлау мәдениетінде адамзат баласының бойына ананың сүті арқылы дариды. «Ананың ақ сүтімен берілген тәрбие, өлгенде жанмен шығады» деген көзқарас осыдан қалса керек. Осыған байланысты Ресей империясының отарлау саясаты кезеңінен бастау алған, аяғы Кеңес үкіметі тұсында қалыптасқан көптеген таптаурын ойлар мен көзқарастардың шешілуіне ана тілінде ойлану үлкен әсерін тигізері сөзсіз. Яғни, шиеленіскен мәселені басқа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Ана тілімен қатар басқа

тілдерді игерудің пайдасы болмаса ешбір зияны жоқ, бірақ ұлттық кодты қалыптастыруда ана тіліне үлкен көңіл бөлінуі қажет. Сондықтанда ұлттық кодты жүйеленген мәдени құндылықтардың формасы деп түсінсек, ал тіл сол формадағы мазмұнның өзегі іспеттес болмақ. Ана тіліміздің маңыздылығын қаншалықты ой тербеп айтқанымызбен қоғамдағы орын алу деңгейі әлі де сын көтермейді.

Екінші, жауапкершілік мәселесі. Жауапкершілік бұл адамзат мәдени құндылықтарының ең басты идеясы болуы тиіс. Жауапкершілікке негізделген құндылықтар кез келген уақытта, кез келген қоғамда өз мәнін ешқашан жоймайды. Ұлт болып, мемлекет болып, тарих бетінен жойылмай ұзақ өмір сүрудегі басты қағидалардың бірі тағыда осы жауапкершілікке келіп тіреледі.

Жалпы жауапкершілік идеясы философия тарихында кеңінен қарастрылғанымен әрбір ұлттың өз мәдени құндылықтарында басқаша орын алады. Осы идеяны өз дәстүрлерімен байланыстыра алған кейбір мемлекеттер ғана қай саладан болмасын дамыған мемлекеттер қатарынан табылуда.

Солардың бірі – Жапон мемлекеті, яғни ұлт алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түсініп қана қоймай, оны тәжірибе жүзінде дәстүрлерімен байланыстыра отырып, пайдасын көруде. Бұндай жауапкершілік идеялары қазақ қоғамында да орын алған болатын. Ресей империясының отарлау мақсатында ұстанған саясаты біздің бұл мәдени құндылықтарымызды тек жойып қана қойған жоқ, оларды жатсынып, қабылдай алмайтын деңгейге дейін жеткізді. Яғни, өз дәстүрімізді өзіміз мойындамай, жатсына қарасақ, ал кейінгі Кеңес үкіметінің идеологиясы құдайды жатсынуға тәрбиеледі.

Әрине, дәстүрді ескілік ұстаным, құдайға сенуді таяздық деп қарау әрбір жеке адамның өз еркі болуы тиіс,



бірақ құрметпен қарау, олардың қоғамға тигізер зиянынан гөрі пайдасын мойындау ол мәдениеттілік және барша адамзаттың міндеті болмақ. Осыдан келіп мемлекет тізгінің қолына алған азаматтар мен қоғамға өз ықпалын тигізетін ғылыммен айналысушы ғалымдар мен зиялы қауымның этикасын көруге болады. Мәселе жаңа идеялармен жұмыс жасауда ғана емес оған кепілдік беріп, қорытындысына жауапкершілікпен қарауда.

Қазақ мәдени құндылықтарында жауапкершілік мәселесі ең басты орынға қойылған болатын. Оны салт-дәстүр және әдет-ғұрыптарымыздың қалыптасуынан анық көруге болады. Мысалы, қазақ қоғамындағы рулық-туыстық байланыс тек экономикалық және саяси-әлеуметтік қырынан орын алатын өмір сүру моделі ғана емес, сол өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы барлық девиантты ауытқуларды қадағалап, қоғам нормаларын сақтаудағы басты құрылымның негізі болды. Яғни, қоғамдағы бір адамның саналы немесе санасыз түрде жіберген қателігі сол адамның туыстарына, сонымен қатар руластарына да сүйекке түскен таңба болып есептелді. Әрине, қазіргі демократиялық қоғамда жеке адамның еркіндігі, құқығы мен абыройы барынша сақталуға тиіс. Дегенмен, кейбір мемлекеттер туыстарын, араласып отырған тамыр-таныстарын қылмыс жасаушы субъектімен бірге жазаға тарту арқылы жемқорлық мәселесін түбегейлі шешіп, экономикадан әлемнің алдыңғы қатарлы деңгейлеріне көтеріліп отыр.

«Мемлекет бар жерде толық еркіндік жоқ, толық еркіндік бар жерде мемлекет жоқ, бірақ ол мемлекеттің ғұмыры ұзаққа бармайды, себебі мемлекетсіз қоғамды басқа мемлекет міндетті түрде жаулап алады» дейді Гегель. Өте орынды айтылған ой. Себебі, еркіндікке апарар жалаң демократиямен мемлекет мүддесін толыққанды ұстап тұру ол мүмкін емес. Ал демократия сол

мемлекеттің ішкі мазмұнына сай орын алса, яғни мәдени құндылықтарына сүйене отырып, онда өз жемісін беруде басқаларды таң қалдырмасы анық. Әлемдік экономикада көшбасшы Азия мемлекеттерін оларға мысал ретінде келтіруге болады.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет ретінде өмір сүруі бізді таң қалдырмауы тиіс. Себебі, қазақ ретінде ұлыс болып қалыптасқан кезімізде де көп тайпалардың бастары бір жерге, яғни қазақ топырағында біріккен болатын. Әрине, ол тайпалардың барлығы географиялық бір аймақта жатқандықтан, ойлау мәдениеттерінде барлығына ортақ дүниетанымдары қалыптасқанымен қазіргі қоғамдағыдай жалпы адамзатқа тән ұлттық санадан биік, әлемдік деңгейде ой толғайтын мәдени сауаттылық пен ақпарат көздері жоқтың қасында болатын. Әрбір ұлттың азаматы тек ұлттық деңгейдегі санада ғана ойлана алатын, механикалық қарым-қатынаста болатын. Қазіргі органикалық қарым-қатынастағы ақпараттық, постиндустриалдық қоғамның азаматына қойылатын талап мүлдем басқаша. Соған сай олардың ойлау мәдениеті мен білім деңгейі де мүлдем басқаша болмақ. Олар ұлттық сананың деңгейінде ғана емес, әлемдік сананың деңгейінде ойлана алуы қажет. Осы тұрғыдан келгенде әрбір азамат адам болмысын, олардың рухани қажеттілігін, ішкі дүниесінің сұранысын қоғам талабына сай мойындап және атсалысуы қажет. Яғни, барлық адамзат әлемге ортақ адамгершілік рухани құндылықтарды мойындай отырып, бір-бірін құрметтей отырып, жергілікті халықтың мәдени құндылықтарын тұтастың бір бөлшегі ретінде, сақталуы тиіс киелі феномен ретінде бағалай білуі қажет. Мәдениетті адам тілдің маңызын, ол тілдің астарында тұтас бір ұлттың жер бетінде болу немесе болмау тағдыры жатқандығын, тұтас бір мәдени құндылықтардың

жойылу тағдыры жатқандығын аяныштан немесе заң талаптарынан қорыққаннан емес мәдениетті, зиялы адам ретінде түсінуі қажет.

Жалпы еркіндік пен демократия ұғымдарының астарына философиялық, саяси тұрғыдан үңілер болсақ, олардың мәні тереңде жатырғандығын көреміз. Бұл екі ұғым «Мәңгілік Елдің» іргетасына айналуы қажет. Ол үшін еркіндік пен демократия ұғымдарын қоғамымыздағы әрбір азамат, жеке тұлға өз ой елегінен өткізе алып және оны қорыта алатын өзіңдік санасының деңгейі жоғары болуы тиіс. Еркіндік пен демократияны құр ұранға айналдыру немесе қате түсініп, болашаққа қадам басу анархияға алып келуі мүмкін. Бұл ұғымдар қазақ қоғамының қалыптасуына әуел басынан мұрындық бола алған, халыққа жат емес қоғамды басқарудың механизмдері болатын. Бірақ қазіргі батыстық демократиядан ерекшелігі бұл ұғымдар салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен тығыз байланысып жатқан болатын. Мысалы, халық тарапынан шыққан билердің бірауыздан келісімінсіз хан жауапты шешімдерге қадам баспайды. Кейін Ресей империясының отарлау саясаты саяси басқарудың бұл жүйесін толығымен жойып, саяси басқарудың өзіне қолайлы жүйесін қалыптастырған болатын. Билік пен халық арасындағы байланыс осы кезден бастап үзілді. Бұл аз болғандай Кеңес үкіметінің орнауы қазақ қоғамының болашағын толықтай тығырыққа апарып тіреген болатын. Халық тек тіршілік етудің, күнделікті күйбең тірліктің қамын кешуге көшті. Ұлттық кодымыздың іргетасының шайқалуы да осы кезден бастау алады. Бұл қателіктердің арты жақсылыққа апармайтынын түсінген зиялы қауым өкілдері бас қосып қоғамдық мәселені, ұлттық мәселені шешуге енді қадам басқанда оларды қырып-жойып, аман қалғандарын идеологияның құрсауында бас көтертпей ұстауға бел байлады.

«Демократия» ұғымын жан жақты қарастыруға болады. Себебі, әрбір халықтың өздерінің дәстүрлік, діни, саяси және табиғи болмысы ерекшеліктеріне байланысты ойлау мәдениеттері де өзгешерек болып келеді. Мысалы, шығыс халықтары қоғамдағы саяси жүйені өзгертуде немесе басқа арнаға бұруда тікелей төңкерістен гөрі билікпен мәмілеге келу арқылы шешуді жанына жақынырақ көреді. Әрине, кейде қақтығыстарда орын алуы мүмкін, бірақ көп жағдайда арты өзара келісіммен шешіліп, мәмілеге келіп жатады. Ал батыста саяси қақтығыстар міндетті түрде шеруге ұласып, көп жағдайда билікті өз дегендеріне көндіріп жатады. Осыдан-ақ шығыс пен батыстың демократия құндылықтарына деген өзіндік қарым-қатынастарын әртүрлі екенін байқауға болады. Бұл арадан батыстың демократияға деген құндылықтары шығысқа қарағанда жоғары дамыған деп кесіп айтудан гөрі сол халықтың табиғи болмысына сай дамуда деген мәдениеттірек болады.

Мысалы, Азияның экономикадан алдыңғы қатарлы елдері Жапония, Оңтүстік Кореяның демократияға деген қарым-қатынастары мүлдем басқа. Осы тұрғыдан келгенде қоғамдағы демократиялық құндылықтарды дамытуда Қазақстанда өзіне сай сара жолды, яғни мәдени құндылықтарына сай келетін көзқарастарды ұстанғаны өте дұрыс болар еді. Кезінде Алаш арыстары ислам дінін мемлекеттік деңгейге көтеру мақсатында және демократиялық құндылықтарды құрметтеу мақсатында «жәдитшілік» бағытын дамытқан болатын. Әрине, қараңғы халықтың көзін ашуда бұл ұстанымдар басты қағидаларға айналып, оң жемісін бере бастаған болатын. Кеңестік идеология мұны да көп көрді.

Осы тұрғыдан келгенде сөз бостандығы, халық таңдаған бидің биліктен беделінің жоғары болуы тәрізді дала демократиясының өзіне тән қағидалары

Қазақстан жерінде қалыптасқан болатын. Қоғамдық ережелердің тең орын алуы қоғам арасында қылмыс пен бұзақылықтың орын алмауына басты себеп болды. Қазіргі дамыған қоғамның басты мәселесіне айналып отырған қылмыскерлерді арнайы түрме және т.б. қылмыстық орында тоғытудан гөрі оны орта болып тәрбиелеу өз шешімін тапқан әлеуметтік мәселелердің бірі болып саналады. Біз мәдени құндылықтарға бай осындай тарихымызбен өзге елдерді таңқалдыра алсақ, болашақ шынайы өміріміздегі орын алып отырған әрекеттерімізбенде мойындатуымыз керек. Расында, қазіргі таңда түрмеге тоғытудан қазақ елі әлемдік деңгейдегі алдыңғы көрсеткіштерден орын алуда. Оны қамтамасыз етудегі қаржылық қаражаттардың саны ол өз алдына. Егер «Мәңгілік Ел» деген атқа сай жұмыс жасар болса, онда бұл мәселе, яғни қылмыскерлер қатарының өсуі мүлдем төменгі деңгейде, қолдан келсе болдырмаудың шараларын қарастырған жөн. Ол қылмыскерлерді күтуге жіберілген қаржылық қаражаттар жас буын ұрпақтарды тәрбиелеуге, олардың әлеуметтік жағдайларын шешуге жіберілсе, үлкен игі іс болмақ.

Идеология шығармашылықтың кез келген саласын өз бақылауына алып, кез келген идея идеологияның негізінде туындады. Бұқара халық өз құндылықтарынан қол үзе бастады. Кеңес үкіметінің идеологиялық саяси жүргізілген науқандарының екпіні көршілес жатқан қазақ еліне үлкен соққы болды. Әрине, бұл кезеңдегі тарихи оқиғаларды тәуелсіз еліміздің азаматтары тарих беттерінен жақсы біледі. Кеңес үкіметінің ең бір жіберген саяси идеологиядағы қателігі қазақ халқын қалаға шоғырландыруды теріс көріп, ауылдық жерлерге тұруды көздегендігінде болатын. Осы мәселені екінші қырынан қарар болсақ, ол қазақ халқы үшін өте тиімді шешім болып есептелді, яғни біздің азда болса

ұлттық болмысымызды сақтап тұратын құндылықтарымыздың жойылмауы, осы ауылдық жерлерде мекендегеннен болатын. Себебі, урбанизация халықты тек жай шоғырландырып қана қоймайды, сонымен бірге барлығына ортақ әлеуметтік-экономикалық жүйені қалыптастырып, соған жұмылған жұдырықтай атсалысуға итермелейді. Көптеген салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қала талабына сай өзінің сакралдық күйінен айырылып, формальды дүниеге айнала бастайды. Құндылықтардың формальды дүниеге айналып, тек мұражайлар мен көрмелерден ғана орын алуы көптеген жағдайларда ұлттық рухани дағдарысқа алып келуі сөзсіз. Ол үшін сол қоғамда өмір сүруші әрбір азамат өзінің рухани болмысын қалыптастырушы мәдени құндылықтарды ойлау мәдениеті арқылы өз бойынан өткізіп отыруы қажет. Әрине, рухани болмысымызды қанағаттандырып отыратын бұл мәдени құндылықтарды күнделікті күйбең тіршіліктен бас көтере алмайтын, ойлау мәдениетінің деңгейі қарапайым қажеттіліктермен ғана шектелген, ұлттық сананың шеңберінде ғана ойлана алатын азаматтардан талап ету өте қиын. Бірақ болашақта ол азаматтардың әрбірінің рухани ішкі кеңістігін мәдени құндылықтармен толтыру міндеті тұр. Халықтың ортақ идеяға ұйысуын, олардың ойлау мәдениеті мен дүниетанымының қалыптасуына, мәдени құндылықтарды тек бағалап қана қоймай өмір сүру дағдысына айналдыру міндеті мен жауапкершілігін кімдер және қандай белсенді топтар мойнына алуы қажет болатын?

Көп жағдайда мәдени құндылықтарды қайта қарастырып, оларды ой елегінен өткізіп, қоғам талабына сай етіп икемдеп халыққа ұсынып отыру зиялы қауымның еншісіндегі дүние болып көрінуі мүмкін. Бірақ зиялы қауымдардың өзі мәдени құндылықтарды қолдауға

келгенде екі лагерьге, яғни консерваторлар мен либералдар болып бөлінетіндігі заңды құбылыс. Ал зиялы қауым қатарындағылар нағыз, шынайы және ғылымды барлық адамзатқа ортақ басты құндылық деп қарастыра отырып, ғылымның дамуына ешбір көзқарас кедергі болмау керектігін алға тартып, либералистік бағытты ұстануы айдан анық. Көп жағдайда осы екі көзқарастан туындайтын шиеленісті шешіп және мүмкіндігінше олардың басын біріктіруге тікелей себепші болатын ықпалды топ, бұл – саяси элита.

Саяси элитаның басты мақсаты тек билікке қол жеткізіп, табиғи ресурстарды өз қолына алу ғана емес, сонымен қатар қоғамда орын алатын барлық салалардың дұрыс жұмыс істеуіне барынша жауапкершілікпен қарап, кепілдік беру. Мәңгілік ел болудың ең басты талабы осы жауапкершіліктің қалай жүзеге асуында жатыр, яғни жауапкершілік формальды немесе шынайы түрде жүзеге асады. Саяси элитаның жауапкершілікке немқұрайлы қарауынан орын алуға тиісті көптеген бағдарламалар мен экономикалық стратегиялардың өз шешімін таппай, тығырыққа тірелуін көреміз. Шешімі қарапайым кез келген ұсақ мәселелердің өзі қоғамдық деңгейге ұласқан, бір ұшы жемқорлыққа келіп тірелген өзекті мәселеге айналары сөзсіз.

Мәңгілік елді қалыптастыру үшін біз ұсақ мәселелерді көпке созбай шешіп, әлемдік ойлау мәдениетінің деңгейіне көшіміз керек болатын. Әлемдік деңгейде ойлану дегеніміз жаһандану үрдісіне ықпалы бар өз ойыңды қосу немесе өз орнынды анықтау. Мәдени құндылықтардың негізінде анықталған ұлттық код бұл жерде, яғни әлемдік жаһандану үдерісінде табан тірер, арқа сүйер ірге тас қызметін атқармақ. Ғалымдарды жаһандану үрдісінің алғашқы көшбасшылары десек те болады. Ал қарапайым бұқара халық олардың ізіне

ерушілер ғана. Ал саяси элита – осы көштің бар жауапкершілігін өз мойнына алушы топ. Дегенмен саяси элитаның қазіргі күйі бұл жауапкершіліктен гөрі, көпшілігі шала істерінің нәтижесінде өздерінің жеке бастарына жауап бере алмауда.

Осы ойымызды қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады. Мәңгілік ел өзінің өміршендігін арттыру мақсатында жоғары, орта және төменгі таптардың әлеуметтік ара қатынасын қатаң бақылауға алуы тиіс. Қазіргі таңда қоғамда саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп тұратын, яғни 60–80 пайызды құрауы тиіс орта тап жағдайы сын көтермейді. Орта тап өкілдерінің осылай дисфункцияға түсуі қоғамның бүкіл саласына, оның ішінде экономика саласына айтарлықтай ықпалын тигізуде. Осыдан келіп туындайтын жауапкершілік мәселесі де қоғамымыздың дамуына шынайы әсерін тигізе алмайды.

Орта тап өкілдерінің қоғамдағы белсенділігі тек экономикада ғана емес, бүкіл саланың тұрақты алға жылжуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар жоғарыда көтеріліп отырған мәдени құндылықтар мен ұлттық код идеяларына ой қосып, оның дамуына, рухани жаңғыруына да тікелей атсалысып, белсенділік танытатын осы орта тап болмақ. Біздің қоғамымызда орта тап пен жоғары тапты анықтау өте қиынға түсуде. Себебі олардың табыс көзі және өмір сүру деңгейі туралы әлі күнге дейін ашық ақпараттарды алу өте қиынға түсуде. «Мәңгілік Елдің» басты ұстанымы осы ашықтықта, яғни «мемлекеттік құпия» деп танылған салалардың басқаларының барлығына ақпарат көздерімен қызығушылық білдіріп танысуға, білісуге қоғам мүшелерінің барлық азаматтарында мүмкіндік болуында. Кез келген үлкен немесе шағын құрылысты сәтті жүргізбес бұрын оған қажетті шаралар мен жағдайлар жасалатыны сөзсіз.



Егер бұл шаралар мен жағдайлар алдын ала дұрыс жүргізілмеген болса ол құрылыстың бой көтеруі екі талай. Мәңгілік елді қалыптастыру үшін таптар арасындағы қатынас күні бұрын шешілуі қажет.

Бұл таптардың ұлттық кодты және оған қажетті идеяларды қалыптастырудағы басты міндеті олардың бір-біріне сеніммен қызмет атқаруында. Ашық ақпарат көздерінің болмауы, заңның толыққанды жұмыс атқармауы қоғамдағы азаматтар арасында бір-біріне деген сенімділіктің мәнін жоғалта бастайды. Сенімсіздіктің алғашқы идеяларының орын алуы осы Ресей империясының отарлау саясаты кезінен орын алған болатын. хәкім Абайдың:

*Сенбе жұртқа тұрсада қанша мақтап,*

*Әуре қылар ішіне айла сақтап.*

*Өзіңе сен өзіңді алып шығар,*

*Ақылың мен қайратың екі жақтап* – деген көзқарасы өзі өмір сүріп отырған қоғамда рухани болмысымыз шынайы бейнесін жоғалтып, мәдени-құндылықтарымыздың астан-кестені шығып, жемқорлықтың, ашықтықтың мүлдем жоқ кезінде орын алған болатын. Ал шындығына келгенде хәкім Абай атамыз рухани осы дағдарыстан шығудың жалғыз жолы «ақылың мен қайратыңа сену» екендігін түсініп, амалы жоқтан әділеттікті іздеген ақылдылар мен ар-ожданды жоғары қойған адал жандарға айтқан көзқарасы болатын. Хәкім Абайдың осы көзқарасын дұрыс түсіне отырып, біз мәңгілік елді қалыптастыру үшін жұмылған жұдырықтай қызмет атқаруымыз қажет. Бірлік болу үшін міндетті түрде адамдардың, яғни билік пен халықтың арасында бір-біріне сенім болу керек. Адамдардың бір-біріне сенуі, ол – идеялардың дамудағы өрісінің кеңеюін көрсетеді.

Сенім жалпы философия және діннің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Философия тұрғысынан қарар болсақ, адамдардың бір-біріне сенуі алға қойған мақсаттың жүзеге асуына, олардың болашаққа нық қадам басуына үлкен

күш беретін рухани дүние болмақ. Ал дін мәселесінде сенімнің құдіреті арқылы ақиқатқа қол жеткізуге болады, яғни барлық дүниені жаратушы құдіретті күш бар екендігі және әрбір затпен Жер бетіндегі тіршілік етуші мақұлықтардың тағдыры сол құдіретті күштің құзырында болуы шарт. Тәуелсіз, зайырлы мемлекет ретінде сенімді біз мәңгілік елді жасаудағы рухани байлықтарымыздың, мәдени құндылықтарымыздың бірі деп алуымыз қажет. Адамдардың бір-біріне сенімі бар ортада ғана мәдени құндылықтар орын алады. Ұлттық кодты қалыптастыруда бұл ұғымның алар орны зор.

Бұл сенім ұғымы қазақ ойлау мәдениетінде ерекше мазмұнға ие болатын. Рулық қарым-қатынас сенімнің шеңбері мен мазмұнын басқаша формада қалыптастырған болатын, яғни өзі өмір сүріп отырған рудың абыройы арқылы қоғамдағы өз орның анықтау және басқалар алдында сенімге ие болу. Тәуелсіздікке қол жеткізерге дейінгі арада орын алған әртүрлі Ресей империясының отарлау саясаты, Кеңес үкіметіндегі тоталитарлық жүйелер бұл ұғымға деген көзқарасты сапырып, түбегейлі өзгертіп жіберді. Әрине, бұл тақырып философиялық тұрғыдан талдау жасап, ерекше тоқталуды қажет ететін ұғым. Бұл арадағы қорыта айтылатын ой – қазіргі «жаңа қазақ» хәкім Абайдан асып түскен тәрізді.

Жоғарыда айтылған жауапкершілік, сенім тәрізді құндылықтардың беделін арттыру нәтижесінде алға қойған мақсаттарға қиындықсыз жетуге болады. Сонымен қатар «Мәңгілік Ел» атына заты сай болу үшін ол әлемге үлгі боларлықтай дүниелер, құндылықтар тудыра алуы қажет, яғни осы өзгеде қайталанбас туындыларымыз арқылы әлемнің ойынан шығу. Осы тұрғыдан ойланғанда біздің жас еліміздің қолынан келетін қандай

мүмкіндіктер бар деген сауалдың тууы өте орынды. Оның ішінде философия және мәдениеттану ғылымдарының үлесі қандай болмақ?

Жалпы философия «даналықты сүюден» басталып, ақыры данылықты сүюге басты себеп болған адамзаттың арқа сүйер құндылықтарын астан-кестен етті. ХХ ғасырдағы батыс философтары ақиқаттан гөрі күмәні көп нигилизм, психо-аналитика, позитивизм, утопиялық ойлар, яғни коммунизм, модернизм және т.б. көптеген ағымдардың дамуына жол беріп, мәселені шешудің орнына тығырыққа әкеліп тіреп қойды. Философия «даналықты сүю» арқылы адамзаттың ойлау мәдениетінің деңгейі мен мүмкіндіктерін көрсетудің орнына әлемге ортақ ақиқатты табуға ұмтылып оған дейін өмір сүріп келген қарапайым көзқарастар мен дүниетанымдарды тұрпайы ойлау мәдениетіне жатқызды. Философия ғылымын барынша жүйелендіруге тырысты. Әрине, ақылға қонымды идеялар мен ойлардың болғандығын теріске шығаруға болмайды, сонымен қатар әрбір ұлттың өзіне тән ойлау мәдениеттерінде теріске шығаруға болмайды. Сондықтан да философия жаңа ой, жаңа көзқарастарды ұсынуы орынды, бірақ барлығына ортақ дүние ретінде мойындату ол – мәдениетсіздік болмақ.

Осы тұрғыдан келгенде философия болашақта әмбебап құралдардың жиынтығы ретінде қызметті атқаруы тиіс. Әрбір ұлт жалпы адамзатқа ортақ мәдениетті сақтай отырып, жалпы адамзатқа ортақ мәдениеттің шекарасынан шығып кетпей осы құралды қажетінше пайдаланып және өзінің құралын, яғни ойлау мәдениетін қосып отыруы қажет. Философияға деген осындай деңгейдегі ұлағатты көзқарас философияның да беделін және айналысып отырған жеке индивидтің немесе ұлттың мүддесінің артуына үлкен септігін тигізері сөзсіз. Ғылымда

сынаржақтылық, бедел деген ұғымдар орын алмауы қажет. Бұл шынайы ғылымның ақиқатты іздеген ғалымға қояр басты талабы болмақ.

Осы мәселені ескере отырып қазақ философиясы әлемдік философияға жаңа, яғни қазақы ойлау мәдениетіне тән ойларды ұсынып, қаншалықты ол ойлардың маңызды екендігін дәлелдей алуы қажет. Біріншіден, қазақ философиясы қазақтың мәдени құндылықтарын бастан аяқ қайта қарастыру қажет. Себебі, Елбасының болашақ ұрпаққа қойып отырған, яғни «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» ұлағатты ауқымды ойлары өзіне сай іргетас бола алатын мәдени құндылықтарды қажет етеді. «Елу жылда ел жаңа» дейді біздің халық. Ресей империясының отарлау саясатынан өзінің жүйелік құрылымынан айрылған, Кеңес үкіметінің идеологиясы тұсында жүйелік құрылымынан айрылған бүкіл мәдени құндылықтардың ұйытқысы болып тұрған қазақ тілінің жойылуына жиырма бес жылдық тәуелсіздік шайқалған кемеізге зәкір боларлықтай мүмкіндікке ие бола алды ма? Әрине, жоқ. Сондықтан да, құндылықтарды қайта қарастырып, қоғам талабына сай саннан сапаға көшу бұл басты заңдылық.

Екіншіден, қазақ философиясының алдында тұрған басты мақсат дәстүр мен діннің басын біріктіріп қана қоймай, олардың болашақтағы мазмұнын анықтап беру қажет. Себебі, Қожа Ахмет Ясауи бабамыз өз заманында «діннен безсеңде дәстүрден безбе» деген болатын. Бұл ойдың астарында үлкен жауапкершілік жатыр. Мәдениетті халықтың дәстүрінде кез келген озық мәдениетке сай келіп, оны жатсынбай өзінің өміршендігін дәлелдей алуы керек. Осы тұрғыдан ислам мәдениеті мен қазақ халқының мәдениетінің арасында аса қатты, түбегейлі айырмашылықты көре алмайсыз.

Үшіншіден, қазақ философиясының ең басты міндеті жоғарыда айтылған мәдени құндылықтарымызды, дәстүр мен дінімізді ғылыммен біріктіре алуымыз қажет. Сонда ғана жаңа технологиялар біздің әлеуметтік мәселелерімізді шешіп қана қоймайды, сонымен қатар ұлт мүддесіне жұмыс жасайды. Батыс Еуропаның жіберген қателігі де сонда жатыр, яғни ғылымды дамытамыз деп мәдени құндылықтар және дәстүр мен діндерінен жұрдай болды. Логика шындыққа жеткізгенмен, ақиқаттан адастыруы да мүмкін. Логикаға сыймайтын, бірақ ойлауға тұратын құнды дүниелер толып жатыр. Солардың бірі қазақ ойлау мәдениетіне тән «обал» және «сауап» ұғымдары. Обалдың ауқымы аяныш ұғымынан әлде қайда тереңірек жатыр. Біреуді аяп жасау, оны мүсіркеу болса, ал обалдықты мойындау ішкі арұятыңнан, Құдайдан қорқудан орын алмақ. Сонымен қатар, бұл ұғымның экономика ғылымындағы тиімділікке де тигізер ықпалы зор. Бұндай ойлар қазақ философиясында толып жатыр. Осындай ұғымдарды қарастыра отырып, қоғамдағы орын алған әртүрлі әлеуметтік жағдайларды ақылдың елегінен өткізе алатын, жаһандық үрдістің бәсекелеріне қарсы тұратын иммунитетті қалыптастыруға болады.

Жалпы әлемді жаңа технологиямен таңқалдыру өте қиын болмақ, себебі жаңа технологияға қол жеткізу зертханалар мен өнеркәсіптер сынды ұйымдастыру сапасы өте жоғары деңгейде орын алатын жүйені қажет етеді. Сонымен қатар ондай зертханалар мен өнеркәсіптерді ұйымдастырған күннің өзінде де әлемдік бәсекеге қарсы тұрып, әлемдік нарыққа өз тауарын тарата алу біз сияқты табиғи ресурсқа арқа сүйеп отырған жас елдерге айтарлықтай қиын болмақ. Сондықтан да қолымыздан келетін, адами әлеуетіміз жететін дүниелерден бастағанымыз дұрыс болмақ.

Осы тұрғыдан мәдениеттану саласы қоғамымызда өмір сүріп отырған әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттеріне көңіл бөле отырып, ұлтық мәдениеттің бай қырларын оларға таныта алу міндеті тұр. Ол үшін тарихты саралай отырып, әлемге үлгі болатын өзге елдердің қол жеткізген құндылықтарына қалай жеткеніміз туралы жүйелі білім беретін тағылымы зор сабақтар мен дәрістер енгізу қажет. Мысалы, демократиялық, толеранттылық тәрізді құндылық ұлтымыздың бойынан ертеден-ақ табылатындығын және қалай пайда болғандығы туралы әртүрлі кино, көркем шығармашылық өнерлер арқылы қазіргі қоғаммен байланыстыра отырып ұсынуымыз қажет.

Ауыз әдебиетінің дамуы тіл мәдениетінің дамуына тікелей ықпалын тигізіп, сөз құдіретін, сөзге тоқтау мәдениеті тәрізді қоғамдық келісімдерде теңдесі жоқ мәдени құндылықтарды қалыптастырғандығы белгілі. Бұл құндылықтар әлемде орын алып отырған саяси қақтығыстарды бейбітшілік жолмен шешуде теңдесі жоқ саяси құрал болып табылмақ. Ол үшін біз бұл мәдени құндылықтарымызды жан-жақты зерттеп, жүйелі түрде қоғам өміріне аралыстыра білуіміз қажет. Сөз құдіретін бағалау мәдениетін қалыптастыру үшін ең алдымен қазақ тіліне бет бұрыс жасап, дамытып қана қоймай философиялық тұрғыдан ұғымдарды талдап олардың киелілік қасиетін заңдар арқылы қолдап отыруымыз қажет. Ауызы дуалы ақсақалдар мен қара қылды қақ жарған билер институттарын қайта жаңғыртып, олардың қоғамдағы беделін арттыруымыз қажет. Сонымен қатар оларда қоғамның жаһандану үдерісінен кенжелеп қалмай соған сай шешімдер мен жаңа идеялар тудыруы тиіс. Елбасының соңғы жолдауларындағы сот жүйесінің қоғамдық мәселелерді шешудегі талаптарын қанағаттандыруға олар айтарлықтай өз үлесін қосқан болар еді.

Дәстүр мәселесіне, атап айтқанда, мәдениет пен білім контексіндегі қазақтың ауызша мұрасына нақтырақ тоқтала кетейік. Ол ашық дүниетаным ретіндегі тәңіріліктен (Н. Аюпов) [3] және Тәңіріден монотеистік сенімнен (Е. Шаймерденулы) [4, 243-б.]. бастау алады. Қазақтың ауызша мұраның ішкі негіздемесі әртүрлі тарихи кезеңдерде ақындар мен жыраулардың, билер мен күйшілердің, шешендер мен сал-серілердің қоғамдық және зияткерлік-шығармашылық қызметтерінде әртүрлі бейнелеген рухани-адамгершілік құндылықтарға бай.

Жалпыадамзаттық «Мәңгі Көк аспан» универсалиясының баламасы ретінде «Мәңгілік Ел» идеясы мемлекеттік бағдарлама бойынша шығарылған компакт-дискілерде қисынды жалғасын «Мәдени мұра» (2013) бағдарламасында тапты. Бұлар – қазақтың дәстүрлі музыкасының антологиясы «Мәңгілік сарын: 1000 күй, 1000 ән», «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі», «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» және басқалары.

«Еліміздің алуан аймақтарында қалыптасқан Шығыс, Батыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Маңғыстау күй мектептері ғана емес, елімізден тысқары Моңғолия, Қытай қазақтарының күй дәстүрлерінің бір жобада тоғысуын терең тамырлы халқымыздың мәдени бірлігінің айқын айғағы деп бағалаған жөн. Қай замандағы болмасын күй өнеріндегі ортақ сарын – азаттыққа, бостандыққа ұмтылу, ел тәуелсіздігін аңсау. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ күйлері – халқымыздың ғасырлар бойы армандап, бүгінгі ұрпақ жүзеге асырған, тәуелсіздікті жақындатқан ең қастерлі құндылық», – деп жазды Н. Ә. Назарбаев «Ұлтымыздың ұлық өнері» мақаласында [5, 3-б.].

«Күй» терминінің этимологиясы фонетикалық өзгеріске түскен «көк» сөзінен шыққан және зерттеушілер

Тәңірі түбірі – «Тәңірінің тек «ішінен және өзіне ғана» айтылған», бірақ сыртқа естілген аспан сазы ретінде түсіндіріледі [6, 100-б.].

Ауыз мәдениетінің жанры ретінде «көк» константасы «әртүрлі аймақтық нұсқаларға ие және көп мәнді мағынасы бар. Қазақтарда, қырғыздар мен түркмендерде бұл күй, халық аспаптары үшін «куу», алтайлықтар мен хакастарда «кай» – эпикалық аңыз әңгіме, татарлар мен башқұрттарда күй ән де, аспапта орындалатын пьеса да. Күй әртүрлі орындаушылық нұсқаларда (аспаптық шығарма, ән, эпикалық аңыз ретінде) қазіргі кезде де Ұлы даланың көптеген елдерінің классикалық мұрасы болып табылады» [7, 44-б.]. Күйдің тарихи өмірі мәңгілік болып шықты, себебі өзінің ауызша табиғатының арқасында бастапқы қалпында қолданылып келеді. Күй әлемді моделдеуші рухани константа ретінде ең күрделі сынақтан – уақытпен кеңістіктің, яғни мәңгіліктің сынағынан өтті [7, 103-б.].

Сонымен қатар, күй – икемді құбылыс, оның тіршілік қарекеті ауыспалы әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен өзгеру механизмдеріне бейімделе білу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Айтылғанның айқын мысалы – Ұлы Түркі қағанаты кезеңінде Көк Мәңгі Тәңірілік «мемлекеттілік символының рөлін орындаған күйлердің цикліне ауысуы» [8, 21-б.]. «Күн сайын ханның алдында бір күй орындалады. Олардың жалпы саны жыл ішіндегі күн саны бойынша – 366 болды. Ең маңызды 9 күй Ұлыстың ұлы күні – Наурызда орындалды» [9, 7-б.].

Қазақ музыка әлеміне деген терең сүйіспеншілік пен оны танып-білуге деген ұмтылыс үкіметтің легитимді нұсқауларымен шектелмейді. Тәуелсіздік кезеңінде оған деген шынайы қызығушылық жаппай халықтық сипатқа ие болды және қоғамның барлық қабаттарын



қамтыды. Оның мысалы ретінде Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің ректоры Г. Тоғызбаев дайындаған CD-дегі Қазақтың таңдамалы күйлер жинағын келтіре кетейік.

Кіріспе сөзінде құрастырушы былай деп жазады: «шет елдерге жиі сапарда боламын және шетелдік әріптестерімді елімізге жиі қонаққа шақырамын, өйткені біздің медициналық қызметіміз үздіксіз тәжірибе алмасуды және оқытуды талап етеді. Біздің халқымыздың дәстүрі бойынша кез келген басқа елдегі сияқты ұлттың өзіндік бар ерекшелігін, мәдениетін, дәстүрлері мен тарихын бейнелейтін кәдесый ұсыну дәстүрі бар. Әрбір халық ұлттық бренд ретінде танылатын өркениеттің жалпы дамуына қосқан үлесімен ерекшеленеді. Күй шетелдік қонақтардың назарын өзінің мағынасымен және қасиетті үнімен баурап алатындығын байқадым. Сондықтан ұлттық аспаптарда – домбыра, қобыз және сыбызғыда орындалған қазақ күйлерінің жинағын шығардық. «Мәңгілік Ел» күйлер жинағы 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналады». Қазақ жанының айнасы – жүректеріңізді бейжай қалдырмайтын тамаша күйлерді ұсынуға рұқсат етіңіздер» [10].

Күй мәдениетінің материалында қысқаша айтылып өткеніндей зияткерлік күш-жігердің нәтижесінде қазақтың ауызша мұрасы туралы өткеннің тарихи ескерткіші ретінде ғана емес, толыққанды және дамып келетін феномен ретіндегі көзқарас қалыптасты. Ғалымдардың көптеген ұрпақтарының жанкешті жұмысының арқасында күй, айтыс, ән мен жыр жоғары мәдениет ғылыми мәртебесіне ие болды. Бұл заңды да. Өнер – адам қабылдауының сезімдік-ассоциативтік және эмоционалдық қатарына қаратылған, қоғамдық сананың ерекше нысаны. Ондағы нақты мәдени тип түрінде болатын дүниеге

көзқарас, дараландыру мен типтендірудің ұлттық және этникалық түрі маңызды.

Тілмен тығыз байланысты музыкалық өнер үшін санамаланып берілген қасиеттер аса маңызды. Бізге «Музыкасыз күн көретін немесе күнін көрген бір де бір адамзат қоғамы белгісіз. Оның әмбебаптығы, адам жанын бейнелейтін жалпы нысан болып табылатындығы соншалық, музыканы адамзаттың қалыптасу үдерісімен тұтастай өзара байланыста терең зерттемей тұрып, оның мәні мен функциясын түсінуге тырыспауымызға да болады» деп жазады неміс ғалымы Г. Кнеплер [11, 9-б.]. Музыканы қандай да бір халықтың тілімен өзара байланыста терең зерттемегенше деп өз жанымыздан қосар едік.

Музыка өнерінің жалпыадамзаттық мәдениетке тән жалпылық қана емес, әртүрлі елдер мен халықтар үшін ерекше, қайталанбас, төл ерекшелігі болатындығымен сипатталатын мәдени және білімдендіруші феноменнің ерекшелігі де осында. Физика, математика, химия, биология және т.б. сияқты жалпы білім беруші мектептің пәндерімен салыстырғанда айырмашылықтары көп музыка өнерінің өзіндік ерекшелігі мен қиындығы да осында. Бұл тұрғыдан музыка өнерінің мағыналық түйіні ең алдымен, ұлттық рухани мұра құрастыратын (құрастыруы тиіс) тарих, қазақ тілі мен әдебиетімен ұқсас тұстарының бар екендігінде.

Қазақстан алдағы уақытта философиялық жаңаша ойлар мен әдістер арқылы мәдениеттің басқа қырларын, яғни қазіргі таңда әлемнің сұраныстарын толық қанағаттандыруға болады. Осы арқылы әлемдік деңгейдегі бренд өнімдерді тудыруға болады. Ғылым мен жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып сапалы халал тағамдарды өндіруді қолға алу қажет. Сапалы халал өнімдермен ішкі нарықты

қамтамасыз етудің өзі үлкен экономикалық жетістік болып саналмақ. Мал шаруашылығын жүйелі түрде дамытып, тері өнімдерін сыртқы және ішкі нарыққа шығаруға толық қанды мүмкіндіктеріміз бар. Тері өңдеу – қазақ өнерінің басты кәсібі болмақ. Бауырлас Түркия еліндегі қандастарымыз осы өнермен әлемге сол елді танытқан болатын. «Мәңгілік Елдің» дәрежесіне сай қазақ брендтерінің орын алуы – заман талабы болмақ.

Сонымен қатар, білімнен басқа еліміздің тарихи құпиялары мен сұлулығын әлемге танытатын туризм саласын дамытқанымыз жөн. Бұл туралы Елбасы өз Жолдауларында нақтылап айтқан болатын. Осы ойды дамыта отырып, тек құпияға толы қасиетті жерлердің жол картасын жасап қана қоймай, сонымен қатар көрікті жерлерге демалыс орындарын ашып, халық саны көп шоғырланған елді мекендерге қазақтың ұлттық құндылықтарының ішіндегі ең қадірлісі – жылқы малына аса көңіл бөлініп, шағын елді мекендер арасына мініп жүретін маршруттық жолдар мен жағдайлар жасалса дұрыс болар еді.

Экологиялық сананы дамытуға және сол арқылы басқаларға үлгі боларлықтай әрекеттер жасауға байланысты ауыл шаруашылықтары мен қазақ ұлтының ұлттық тағамдарына мемлекет тарапынан жеңілдіктер жасалып, арзан бағамен халық қажеттілігін қанағаттандырса, ұлттық сананың оянуына үлкен себебін тигізген болар еді. Экологиялық сананың өсуі өз туған жеріне деген отансүйгіштік қасиетті дамытып қана қоймай, әлемнің сұранысына айналып отырған экологиялық таза өнімдерді жасауға, өндіруге үлкен шабыт берер еді. Оған біздің табиғи байлықтарымыз бен жер көлеміміз үлкен мүмкіндіктер береді. Осы мақсатта экологиялық таза ауыл өнімдерін өндіру экономикалық сұраныс

бассейіні көршілес Қытай, Ресей және т.б. Азия елдеріне таптырмас дүние болмақ.

Жоғарыда айтылған ойлардың орын алуы арман емес шынайы дүниеге айналуы үшін жүйелі түрде әрекеттер жүзеге асуы қажет. Алдымен білім саласына үлкен көңіл бөлініп, жас буын бүлдіршендерді Отанды сүйуге, ана тілін құрметтеуге деген тәрбиеден бастау тиіс. Оларға үлгі болу мақсатында ұстаздың беделін арттыру қажет. Білім беру саласы ұстаздың ойымен санаса отырып, жаңа реформаларды жүзеге асыру керек. Жаңа реформалардың соңғы нәтижесін билік өз жауапкершілігіне толық алғанда ғана білім өз жемісін бермек. Отан үшін өз өмірін қию, оған бар ғұмырын сарп ету – «Мәңгілік Елдің» басты қағидасына айналуы қажет. Осы арада көзбояшылық пен формализм, немқұрайдылық азайған болар еді.

*«Мәңгілік Ел» – ол арман емес орын алатын нақты дүние. Қазақстан халқы оған табиғи және адами ресурстардың қатар орын алуы жағынан да дайын. Ең бастысы осы байлықты еліміздің тәуелсіздігін бағалай отырып дұрыс ұқсата алуымыз қажет.*

Салыстырмалы түрде біздің халықтың ой өріс деңгейі (IQ) көп мемлекеттердің алдыңғы қатарында тұр. Осы ой өрісіміз рухани жаңғыру нәтижесінде ұлттық құндылықтармен, ең басты рухани байлығымыз тілмен толықтырылатын болса, онда болашаққа сеніммен қадам басуға болады. «Мен жастарға сенемін» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай қазіргі қазақ жастары осы көзқарасты өздерінің басты ұрандарына айналдыруы қажет. Біз диалектиканың мына заңдылығын ешқашан ұмытпауымыз қажет, яғни ғылым мен жаңа технологиялар арқылы экономикалық жоғары деңгейлерге жетіп отырған елдерге өз еліңді көрсету үшін, сонымен

қатар өз мәдени құндылықтарының мазмұнға бай екендігін дәлелдеу үшін олардан асып түсу керек. Бұл – өмір заңдылығы және ұлт тағдыры. Сондықтан да бұл үрдісте әрдайым өзіңнің бар екендігіңді мойындату үшін, ұлт ретінде өзіңнің құндылықтарыңды әрдайым ұсынып отыру үшін сарқылмас шығармашылық керек. Осы шығармашылықтың қайнар көзі, әрине, бұл – ұлттық код. Қоғамның ақылмен болашаққа қадам басуы, заманауи жаңа технологияларды рухани құндылықтармен байланыстыра білуі – шығармашылықтың ең басты мәні. Ұлттық кодтың шайқалмауы, негізгі мәнін жоғалтпауы – «Мәңгілік Елдің» кепілі болмақ.

«Мәңгілік Ел» мәңгі жасау үшін ол елдің ұлттық коды болашаққа нық қадам басудағы табан тірер рухани тірегіне айналуы қажет. Рухани тірек – ұлттық кодты қалыптастыратын мәдени құндылықтардың ісжүзінде қолданысқа түсуі. Ол жоғарыда айтылған ойлардың жүзеге асуымен орын алады. «Мәңгілік Елдің» ең басты құндылығы еркіндік болса, оған деген жауапкершілік және сеніммен қарау – құндылықты нақтылай түседі. Ал мәдени құндылықтардың орын алуы саяси элитаның сұранысынан бастау алады. Референтті топ ретінде өз бойына мәдени құндылықтарды сіңіріп, рухани болмысын көрсете алған саяси элита өкілдері өзіне ілестірген бұқара халыққа «идеалды тип» ретінде үлгі болары сөзсіз. Егер керісінше, саяси элита өкілдері мәдени құндылықтарға деген көзқарасы таяз және шала болса, басқаларға оны ұсынудың өзі шарасыздықтың күйін тудырады. Сондықтан да, «Мәңгілік Елде» елдің бетке ұстары, оның ғұмырын нақтылаушы саяси элита болса, ізіне ерген халық әрдайым оларды қолдайды. «Мәңгілік Елдің» рухы да мәңгілік болмақ. «Мәңгілік Ел» қазақ халқының басты идеологиясына айналуы үшін философия

мен мәдениеттану ғылымдарының алдында үлкен жауапкершіліктер тұр.

### Әдебиеттер

1. Бартольд В. В. Сочинения. Т. 7. – М., 1971.
2. Кокумбаева Б., Ахметова Г., Кожамжарова М., Смирнова Н. Мәңгілік Ел как новая ступень духовной эволюции (Проект) // Адам әлемі – 2017. – №1. – С. 114–122.
3. Нурланова К. Ш. Синее небо – тайно-явленная явленность // Тенгрианство и эпическое наследие народов Евразии: истоки и современность. Материалы III Международной научно-практической конференции. – Абакан: Хакасское книжное издательство, 2011. – 142 с.
4. Шаймерденұлы Е. Воин Тенгри: (Сборник рассказов) // Еди-хан Шаймерденұлы. – Алматы, 2018. – 280 с.
5. Назарбаев Н. «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі». Компакт-дискілер (қаз., ор., ағ.). – Астана, 2011.
6. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам / Н. Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.
7. Кокумбаева Б. Д. Культурология тенгрианского искусства (учебное пособие). – Павлодар, 2012. – 156 с.
8. Кокумбаева Б. Д. Статус кюя в великотюркском каганате // Хабаршы. Вестник КазНПУ им Абая. Серия «Философские науки» Философский альманах Современность: Мир мнений // 2017. – № 1–2. – С. 18–21.
9. Есенұлы Айтжан. Кюй – послание Всевышнего. пер. Т. Асемкулова. – Алматы, 1997. – 196 с.
10. Мәңгілік Ел. Қазақ күйлері. Компакт-дискілер (қаз., ор., ағ.) – «Өмір».
11. Алексеев Э. Раннефольклорное интонирование. – М., 1986. – 240 с.
12. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2010. – 232 б.
13. Абай. Энциклопедия. – Алматы, 2004.

## III ТАРАУ

# «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ

### 3.1. ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН БЕЙБІТШІЛІКТІҢ КЕПІЛІ

Мемлекет және діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынастар қоғамдағы дәстүрлі діндердің алатын рөлдері мен ішкі тарихи-мәдени, этноконфессиялы ерекшеліктерге байланысты құрылады. Батыс Еуропа елдерінде қалыптасқан және АҚШ, Канада мемлекеттерінің діни саясат үлгілері жаңадан демократиялық жолмен дамып келе жатқан, азаматтық қоғам құруға ұмтылған елдердің барлығына сәйкес келе бермейтіні белгілі. Сонымен қатар, зайырлы мемлекет болып жарияланған, дегенмен мұсылман қауымдастығы басым елдердегі ислам діні және мемлекет арасындағы қатынастардың даму мүмкіндіктері де жеткілікті дәрежеде есепке алынып отырған жоқ.

Қазақстан Республикасы көпконфессиялы болғандықтан мемлекет өзінің діни саясатында зайырлылық пен діндарлықты қарсы қоймай, оларды үйлестіру принципін жүзеге асыруға және ресми түрде клерикализмді идеология ретінде қолдануға жол бермеуге тиіс. Жан-жақты қоғамдық-саяси, мәдени факторларды есепке ала отырып құрылған діни саясат діни толеранттылықты және азаматтық құқықтардың сақталуына, қоғамның тұрақтылығының күшеюіне қолайлы жағдай жасайды.

Зайырлы мемлекеттердегі діни саясат азаматтардың халықаралық ар-ождан және сенім бостандығына деген іргелі және халықаралық мойындалған құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған. Алайда, діни саясат, сонымен қатар, қоғамдық тыныштық пен тұрақтылықты сақтауда деструктивті болып табылатын діни ұйымдар мен секталардан да сақтауға мүдделі.

Қазақстан Республикасы өзге ТМД елдері тәрізді шетелден келген жаңа діни ұйымдардың іс-әрекеттерін ерекше бақылауға алып, олардың деструктивті әрекеттері мен қоғамдық бірлікті бұзуына жол бермеуі тиіс. Осы тұста, жаңа діни ұйымдарды құқықтық, азаматтық салада шектеу мәселесі жөнінде сөз болып отырған жоқ. Діни саясат Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін жүзеге асыру, азаматтары мен қоғам игілігі үшін және ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатердің алдын алу мақсатына да бағытталу қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының діни саясаты жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасып, дамуы әлемдік, ғаламдық үрдістер және заманауи талаптардың шеңберінде болып жатқан шарттарды да ескере отырып құрылуы шарт.

Көпконфессиялы мемлекеттің тиімді қызмет етуі және ішкі қоғамдық тұрақтылығы оның жүргізіп отырған діни саясатының бағыттары мен мазмұнына тікелей байланысты. Діни саясаттың мазмұны ұлттық мәдениеттің негізін құрап келген, қоғамның рухани дамуына ғасырлар бойы үлесін қосып келген дәстүрлі діндерді сақтау және дамытумен анықталу қажет. Себебі, қазіргі жаһандық мультикультуризм шарттарында мемлекеттің мәдени-өркениеттік аспектісіне көп назар аударылды, дін болса ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі бола отырып, ұлттық болмыс пен мұраны сақтап, дамытуға үлесін қосады.



Қазіргі Қазақстан – полиэтникалық мемлекет, жүзден аса ұлт өкілдері тұрады. Ал дінге көзқарасына байланысты айтатын болсақ, ресми тіркелген 18 конфессия атынан өкілдік ететін 3,5 мыңнан аса діни бірлестік жұмыс істейді. Олардың ішінде саны жағынан ең көбі – ханафи мазхабындағы ислам мен православиелік христиандық, сондай-ақ католиктік, протестанттық, т.б. да конфессиялар бар. Жалпы қазақстандықтардың шамамен 15%-ы діни рәсімдерді тұрақты орындаушылар, 75 %-ы Құдайға сенеді, бірақ діни жоралғыларды тұрақты орындамайды, ал 10 %-ы өздерін атеист немесе агностик санаушылар. Осындай көпұлтты, поликонфессиялы мемлекетте барлық ұлттар мен діндер өкілдерінің құқықтары теңдей дәрежеде қорғалып, барлығына бірдей наным-сенім бостандығын қамтамасыз ету үшін елімізде зайырлы мемлекет орнығуы заңдылық деп айтсақ та болады. Ел Конституциясына сәйкес тілі мен дінге көзқарасына қарамастан барлық азаматтардың заң алдында теңдік қағидаттарына және әрбір азаматтың жеке наным-сеніміне құрметпен қарауға негізделген мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың зайырлы моделі қалыптасты.

Көрші Ресей елінің діни саясатын қарастыратын болсақ, Ресей Федерациясының Үкіметі, көптеген саясаттанушылар мен ғалымдар орыс мәдениетін православие сенімінен бөліп қарастырмайды. Тарихи тұрғыдан қарай келіп, орыс мемлекеттілігінің қалыптасуындағы православие сенімінің ролін бағалай келе, бүгінгі күні де осы діннен мемлекеттің, ұлттық сана сезім мен руханилықтың қайта жандануын көреді. Конституциясында мемлекет пен шіркеудің бөлінгендігін, мемлекеттің зайырлы сипатын жариялай отырып, дегенмен де қоғамдық-саяси шараларда православие сеніміне басымдық көрсетіп отыр. Осыған орай, білім беру саласы, әскери қызмет және тағы басқа бірқатар мемлекеттік

органдарға православие ілімін ендіріп, қоғамдық-саяси өмірге тартуда.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының діни саясаты өзге де демократиялы мемлекеттердің діни саясатының тәжірибесін қарастыра келе, Қазақстан халқының рухани-моральдік және мәдени мұрасына, тарихи діни дәстүрлерге маңызды назар аударуы қажет. Алайда, бұл саясат шетелден келген жаңа діни ұйымдардың немесе діни жамағаттардың қоғамдық құқықтарына ешқандайда шектеу көрсетпеуі тиіс. Әр тарихи кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдай діни саясат алдына жаңа мәселелерді қойып, оның шешілуін талап етеді. Діни саясат мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеу, діни сенімді қамтамасыз етумен қатар өз азаматтарының рухани қауіпсіздігін де қамтамасыз етуі қажет.

Қазіргі таңдағы әлемдегі болып жатқан саяси төңкерістердің, 1960 жылдардағы «қырғи-қабақ соғыстың» көлеңкесін көрсетердей алпауыт мемлекеттердің геосаяси деңгейдегі текетіресін, дін атын жамылып, мемлекеттің тұтастығына іріткі салуды көздейтін әртүрлі экстремисті адасқан топтардың әрекеттерін, бүтіндей мемлекеттердің қазынасын «жылан жалағандай» тоқырататын экономикалық дағдарыстардың, ғылым мен діннің, мораль мен этиканың, ар мен ұяттың құндылықтарын аяққа таптап күннен күнге үдеп келе жатқан адамзаттың рухани азғындалуын байқаған мынандай бір уақыттың шеңберінде әр халық, әр мемлекет өзінің сақталуы мен тұтастығын, болашағының жарқындығын көксеп, сол жолда келелі істер жасауға талпынары анық.

*Қазақ халқының, ғасырлар бойына аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізген кезде, ол тәуелсіздіктің баянды, ұзақ ғұмырлы болуы тікелей ел мен мемлекеттің кемелді стратегиялық қадамдарының шынайылығы мен бекемдігіне байланысты.*

Осы тұрғыда, еліміздегі этникалық тұтастық мәселесі, мәдениеттің ерекше бітім болмысын анықтайтын рухани құндылықтарымыздың маңызды порблемаларының шешімі табылуы аса маңызды саналады. Осы жағдайда қазіргі кезеңде еліміздің ұлттық идеясы мен идеологиясына айналып отырған «Мәңгілік Ел» түсінігінің рөлі мен орны ерекше.

Қазақстан халқы әлемдегі әртүрлі ұлттар мен этностардың басын қосып, бүтіндей мемлекет құрып, кемелденген мемлекетке айналуының сара жолына түскен санаулы мемлекеттердің қатарында. Мемлекетті құрап отырған қазақ халқы, өз кезегінде өзінің мәдениеті, тарихы және дүниетанымдық құндылықтарының негізінде мемлекетті құраушы ғана емес, сонымен қатар ортақ құндылықтар жүйесін, ұлттық идеялық бағдарды түзетін елге айналып отыр. Осы тәуелсіздік алған жылдардың ішінде халықтар достастығын, этникалық ұлттар арасындағы қарым-қатынас құндылықтарын қалыптастырып, дәріптеу мемлекеттің іргесін бекітіп, мығым тұрақтылық орнатуда басты анықтаушы факторлардың бірі болды.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы осы тұрақты байланыспен ынтымақты жалғастыруға көптеген мүмкіндіктер берері анық. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың өзінің Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Нұрлы жол – болашаққа жол» атты Жолдауларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қалыптастыру жайында келелі ой тастады, ол өз кезегінде мемлекетіміздің саясаткерлері мен философтары, қоғамдық қайраткерлерінің арасында жедел қолдау тауып, идеяның кеңінен қолданысқа енгізуге мүмкіндік берді [1, 5–6-б.].

Осы орайдағы этносаралық бірегейлікті дәріптеудегі Қазақстандық модельдің бірегей үлгісі саналатын

Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан халқына үндеуінде «Қазақ халқының мыңжылдық тарихи тәжірибесінен, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан жолынан туындаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жария етілді. Ортақ мақсатымыз – «Мәңгілік Елді» нығайту, Отанымыздың – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Ортақ мүддеміз – біздің баршамызға ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеуші елде өмір сүруге деген құштарлығымыз! Ортақ болашағымыз – «Мәңгілік Елдің» – біздің ортақ үйіміздің – Қазақстан Республикасының гүлденуі» деген ой айтылады. Жалпылама, топтастырып айтқанда «Мәңгілік Ел» – Қазақ халқының жанындағы этникалық қауымдастықтардың басын қосып, ынтымақты, бірлікті қоғам құра отырып, қазіргі әлемдегі дамыған, алдыңғы қатарлы 30 елінің қатарына кіруге арналған стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған қуатты жұмылдырушы бастама.

Елбасының мәдениетаралық және дінаралық үнқатысуды дамыту мақсатында іске асырған бастамаларының алғашқыларының бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы болды. Еліміздегі барлық ұлт өкілдеріне өз тілін, дінін, мәдениетін өркендетуге мүмкіндік беру саясаты қоғамдық келісім мен бейбітшілікті қалыптастыруға арқау болғаны даусыз. Шет елдерде теңдесі жоқ мұндай институт қызметінде, тіпті әлемдік өркениетаралық және конфессияаралық үнқатысу мәселелерін шешуде қолдануға болатын мол тәжірибе жатыр.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани мәдени ортақтығы негізінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясымен біріктірілген қазақстандық азаматтық біртектілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында

этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады. Ассамблея бүгінде елдегі тұрақтылық пен өзара татулықты қалыптастырып қана қоймай, өз міндетіне сай ұлттық мәселелерді әділетті шеше алатын, қазақ халқы мәдениетінің өзекті топтастырушысы, азаматтардың өркениетті демократиялық нормаларға сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыра алатын жобаға айналды. Өйткені этносаралық, конфессияаралық келісім республикамыздың саяси, экономикалық және әлеуметтік саладағы жетістіктерінің негізі болып отыр.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өздерінің жиындарында атап өткендей:

1) Қазақстан халқы алдында тұрған стратегиялық міндеттердің орындалуы Қазақстанда жасақталған бірегей модель – қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік моделі негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін;

2) тұрақты түрде өркендеуші Қазақстанды құру, қасиетті жерімізде берекелі қоғам құру сынды озық міндеттерді орындау үшін ұйымдасып, бірігу қажет [2, 25-б.].

Ғасырлар бойндағы мәдениеті мен дәстүрі өз кезегінде тек бейбітшілікке құрылған қазақ халқының рухани құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізін құрай отырып, еліміздегі саяси, экономикалық, рухани тұрақтылықпен қатар ұлтаралық теңдік пен бірліктің жаршысы бола алатынына мүмкіндік жоғары. Ғасырлар бойында қалыптасқан ата-бабаларымыздың дүниетанымдық құндылықтарын негізге ала отырып, тарихқа көз жүгіртсек, ары мен намысын малы мен жанынан жоғары қойған, елі мен жерін ең жоғары байлығы ретінде бағалаған көне түркілердің тікелей жалғасы болып табылатын қазақ халқының ел болудағы мақсаты ең алдымен Тәңірі, екіншіден Елі мен жері, сосын ары мен ұяты маңызды саналған құндылықтары осы «Мәңгілік Ел» идеясында айқын көрініс табады. Бұдан

ұлттық және мәдени проблемаларды шешудің кілтін аңғаруға болады.

Қазіргі замандағы әлемдік мәдени шекаралардың жойылып, жаһандық бірегейлену дәуірінде, «Мәңгілік Ел» идеясы біздің көне түркілік дүниетанымымызды – болмысымызды, көшпенділер өркениетінің негіздерін заманға лайық қайта жаңғыртудың, еліміздің алдыңғы қатарлы қуатты мемлекет ретінде өркендеуінің кепілі болып табылады. Тәуелсіздіктің келуімен еліміз тарихи тұрғыда осы идеяны жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. Яғни, тәуелсіздік халқымызға ғасырлар қойнауындағы құндылықтар арқылы заманауи мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік берді.

Қазақ халқы әлемдегі толеранттылықтың түрлі салаларын игере білген, бейбіт өмір мен татулықты қанына сіңіре білген халық екенін тарихтағы кез келген зерттеулерден, ауыз әдебиетіндегі бай мұрадан аңғара аламыз. Бұл татулық көршілестікке, бейбітшілікке ұмтылған мемлекет ретінде әлем қауымдастығына танымал тәуелсіз Қазақстанның әзірге ешкім бағаламаған және игерілмеген аса зор әлеуетке ие екендігін білдіреді. Ал бұл «Мәңгілік Ел» идеясы – біздің ұлттық кодымыздың кілті», – деген ойды білдіреді [3, 14-б.].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қазақ елінің жарқын болашағын білдіре отырып, Қазақстанның дамыған елдермен қатарласуына мүмкіндік беретіндігін білдіруде. Бұл – ұлттық бірлік пен бейбітшілік, экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы негізге алынатын Қазақстан жолының жаңа кезеңі.

Ел дамуының бүгінгі жағдайында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – болашаққа сенімді қадам. Ол барша қазақстандықтардың ынта-жігерін қоғам алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуге жұмылдыруы тиіс.

Саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Г. Сұлтанбаева осы идеялық құндылықтар турасында: «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақстанды ел ретінде ғана емес, біртұтас ұлт ретінде танытады. Біз экономикалық тұрғыда ғана емес, рухани да дамуымыз керек. Қазақстан өзінің көпұлттығына қарамастан, біртұтас, ортақ идеяны дүниеге әкелді. Бұл – біздің өмір бойы аңсаған, іздеген арманымыз. «Мәңгілік Ел» – Қазақстанның қазіргі даму жағдайындағы мемлекеттік идеологиясының түпкі мәні», – деп жазады [4, 8–9-б.].

Кеңес Одағының құлауы және кеңестік өткен кезеңнің келмеске кетуі тұтастай алғанда жеке деңгейде де, қоғам деңгейінде де жаппай бағытсыздану, сәйкестікті жоғалту арқылы жүрді. Бір жағынан, өз өмір сүруін тоқтатқан КСРО азаматтары ретіндегі жеке тұлғалардың сәйкестігінің дағдарысы байқалды. Басқа жағынан қарағанда Қазақстанның тәуелсіздік алуымен, нарықтық экономикаға көшудің басталуымен байланысты жаңа сәйкестік бағдарлары пайда болды.

Сондықтан тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстан басшылығы рухани дағдарыстың алдын алуға, қоғамды ұйыстырудың маңызды бөлігі болуға тиіс жаңа жалпы мемлекеттік идеяның негізгі қағидаларын қалыптастыруға әрекеттер жасады [5, 4-б.].

Этникалық мәселелер мен мәдени проблемаларды шешіп, олардың өзекті саналатын салаларға жұмылдыру, Ұлттық бірліктің басты қағидасы ретінде ұлт рухын нығайтып дамыту біріктіруші және нығайтушы негіздер ретінде белгіленеді. Рухани негіз – ұлтты біртұтас етіп біріктіретін күш. Халық рухы күшті болған сайын оның мемлекеттілігінің болашағы да жоғары. Бұл тарих пен біздің тағдырымыздың басты қозғаушы тетігі. Ұлт рухы кез келген ел келбетінің қайталанбас қасиетін айқындайды, бағытын анықтап, дамуына екпін береді. Біздің

ұлттық рухымызды көтеру үшін дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңару, жарысу және жеңіске жету рухы; дәстүрлі құндылықтарға сүйену (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік) қоғамның рухани негізі ретінде негізгі басымдықтар болуы тиіс [6, 14–15-б.].

Қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес қазақстандық қоғамды ұйыстырушы басты күшке айналған құрал болып табылады. Ұлттық бірлікті қамтамасыз ету демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты болып табылады. Елдің экономикалық өсуі, әлеуметтік жағынан алға жылжуы және демократиялық дамуы қоғам бірлігін ұйыстырып сақтағанда ғана мүмкін. Тәуелсіздікті сақтау мен мемлекеттілікті нығайту, мүмкіндіктер теңдігі және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, зияткерлік ұлт қалыптастыру, ұлттық рухты дамыту біздің ұлттық бірлігіміздің басты негізі мен әрқайсымыздың өмірлік қағидаларымыз болуы қажет. Осының барлығы еліміздің алдағы жылдары үдемелі дамуының негізін жасайды» деп Қазақстанның Ұлттық бірлігі доктринасында маңызды құжат ретінде көрсетіліп беріледі.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында біздің қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтауда қазақ халқына үлкен жауапкершілік арта отырып, Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп өркен жаятын болады. Қазақ жеріне тағдырдың жазуымен алуан түрлі ұлт өкілдері қоныс аударды. Біз оларға құшағымызды ашып, қазақи қонақжайлықпен қарсы алдық. Олар біздің елімізде өсіп-өніп, бауырларымызға айналды. Қазір біз – көп ұлтты сипаты бар,



біртұтас елміз. Жаһандану дәуірі – көпұлтты мемлекеттер дәуірі. Бұл – әлемдік үрдіс. Еліміздің дамуына барша ұлт пен ұлыс өкілдері бірге үлес қосты. Ендеше, тәуелсіз қазақ елінің азаматтарын алалауға, бауырластығын бұзуға ешкімнің хақысы жоқ. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт», – деп атап өтеді. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек. Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек. Мемлекеттік тілмен қатар Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз» [7, 25-б.].

Тәжірибе көрсеткендей, ұлттық модельдің белсенділігін арттыру үшін ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы өте маңызды. Полиэтникалық қоғамда ұлттық модельді бағалау және мемлекеттің тұрақты дамуына жағдай жасау үшін көпұлттылық факторын жою бірінші кезекте тұрады. Кез келген полиэтникалық мемлекет тәжірибеде өзінің ұлттық моделін насихаттайды. Бұл қоғамда өмір сүріп отырған адамдар үшін шығу тегіне байланысты өз жағдайын бағалау және ұлтаралық

қатынастар мәдениетін қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Кез келген нақты мемлекет алдыңғы үлгілердің кейбір тұстарын қайталайды және өзінің ерекшелігін енгізеді. Бұл жерде екі жол болуы мүмкін «айналық бейне» яғни, басқалардың қолданған тәжірибесіне өзінің түзетулерін енгізу арқылы немесе өзіндік, басқа, шынайы үлгі құру сонда ғана ол осы елдің атына ие болу құқығын иемденеді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы кезеңде мемлекет ретінде қалыптасу үшін ең алдымен жаһандық қатынастырдың моделін орнату тиіс еді, дегенмен, сан мыңдаған тарихы, мәдениеті және көпұлтты халқымен дараланып, әйгілі солтүстік-америкалық, оңтүстік-америкалық, еуропалық, қытайлық және т.б. үлгілерге мүлдем ұқсамайтын модель құру қажеттілігі туындады.

Қазақстандық ұлтаралық қатынастар моделі өзінің қалыптасу кезеңінен өзіндік ұлттық нақыштарды қоса келесі ерекшеліктерді ескеруі қажет:

- қоғам тек қазақ жерінде өмір сүреді және дамиды;
- мемлекет құрушы және мемлекетке өз атауын берген – қазақтар;
- унитарлы мемлекет, біріктіруші ұлт – қазақтар;
- көпұлтты мемлекет, онда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады;
- көбіне әртүрлі ұлт өкілдері қазақ жеріне өз еркімен қоныс аудармаған, жиі күштеп, зорлық-зомбылықпен көшірілген;
- қоғамда көпшілікті құраған – қазақ және орыс ұлттары;
- мемлекеттік тіл – қазақ тілі;
- тұрғындардың көбі орыс тілінде сөйлегендіктен, орыс тілі – ресми тіл саналады;
- Қазақстанда тұратын әр ұлттың өз тілін дамыту қажеттілігі;

– қоғам көпконфессиялы – қырықтан астам конфессия бар;

– Қазақстан Республикасы – өзінің қонақжайлығы, сыпайылығы және дәстүр, мәдениеттерімен қоса, әрбір ұлт – ел мақтанышы;

– қоғамның дамуына ықпал етуші топтар: азаматтық қоғам, демократия, саудасаттық байланыстары, идеологиялық плюрализм.

Тәуелсіз көпұлтты Қазақстан Республикасының негізгі бағыты – елдің бейбітшілігі мен бірлігінде, осыған мысал ретінде 20 жыл бұрын Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы шешімді қабылдау, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары (АӨСШК) ұйымына кіру және ЕврАзЭО, ШЫҰ, ең басты елеулі оқиға 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, әлемдік аренаға өз атын мәлім етті. Қазақстандық модельдің басқа модельдерден айырмашылығы – басты мәселелері ортақ және келісіммен шешуінде [8, 8-б.].

Сондықтан бастамасынан бері елді басқару жүйесінің екі негізгі бағыттары: бірінші, ұлттық жаңғыру және қазақ халқының, ұлттық еркіндік пен тәуелсіздіктің, қазақ мемлекеттілігі, тарихы, тілі, дәстүрінің қазақ қоғамының негізі түрінде дамуы. Екіншісі, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы заңында көрсетілгендей, әрбір ұлт өкілі тең құқылы және тарихи кезеңдермен байланысты болғандықтан, бірлесіп Қазақстан халқын құрауы керек. Қазақстан тұрғындары үшін ең басты міндет, қазақ халқы мен басқа халық өкілдерінің арасындағы ұлттық татулық пен бірегейлік болып табылады. Бұл – тұтастай екі бағыт тәуелсіз Қазақстанның ұлттық саясатына бастаудың негізгі бір жолы. Ұлтаралық қарым-қатынастың тағдыр шешті жағдайларының негізгі көрсеткіштері мынадай жолмен дами түсті: 1991 жыл желтоқсанда – мемлекетіміздің

тәуелсіздігі туралы заңы, 1992 жыл қыркүйек айында – Қазақ халқының бірінші Дүниежүзілік құрылтайы, 1992 жыл желтоқсан айында Қазақстан халқының бірінші форумы өтті, сондай-ақ 1995 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылды.

Қазақстанда ұлтаралық қарым-қатынас үшін ең маңыздысы Қазақтардың бірінші Дүниежүзілік құрылтайы болды, өйткені ол бүкіл әлемге өзін жас тәуелсіз мемлекет болса да диаспорасына қамқорлық көрсетіп, олардың дамуында өзіндік маңызы бар екенін көрсетті. Бірінші Дүниежүзілік құрылтай Алматы қаласында 1992 жылы 29–30 қыркүйек айында өтті. Оған әлемнің 33 мемлекетінен келген 800 делегат қатысты. Қазақтардың бірінші Дүниежүзілік құрылтайында үш мәселе қарастырылды:

– бірінші, жас тәуелсіз мемлекеттің шетелде тұратын қазақ тұрғындарына деген қарым-қатынас талаптарын анықтау.

– екінші, қазақ диаспорасы – бұл біріңғай қазақ ұлтының өкілеті.

– үшіншіден, Қазақстан шетелдік отандастардың жан-жақты мүддесін шешуде үстемдігі туралы шешім қабылданды. 1992 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан халқының бірінші форумынан кейін Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы шешім қабылданды. Бір жағынан алып қарайтын болсақ, қазақ халқының дамып жатқандығын, ал екіншіден Қазақстанда ұлтаралық қарым-қатынас пен мәдениеттің негізгі моделі қалыптасқандығын ерекше атап айтқанымыз жөн. Тәуелсіздігіміз бен егемендігіміздің арқасында, Қазақстанның ішкі және сыртқы дамуындағы қателіктер мен кемшіліктерді жойды. Ұлттық саясат мынадай мәселелерді шешуді жалғастырды, келісім орнатудың негізгі принциптерін, қарым-қатынастың тұрақтылығын, жоғарғы

заңның және шоғырланудың белсенділік мәселелерін ойдағыдай орындауын және т.б.

Н. Ә. Назарбаев 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының I сессиясында ұлттық мәселелердің шешімін табудың үш жолы бар екендігін айтқан болатын. Бірінші, бұл – жол тайталасу, көп адамдар өздерін құрбан етуі арқылы төңкеріспен келетін жол. Екінші, ұлттық мәселелерді шешуде мәселелер өздігінен жойылады деп үміттеніп жүру, ол қате пікір, бұл мәселенің тығырықтан шығар жолы емес. Үшінші, бұл – нақты шешім қабылдайтын дұрыс жол, еңбек пен бейнетті талап ететін, біздің ұстанып келе жатқан жолымыз [9, 260–261-б.].

Этносаралық қатынастың әрбір моделінде өзінің қағида жүйелері болады. Ол өзара байланысты қағидалардан тұрады. Дәл осы қағидалар адамдардың олармен бағдарланатын тәртібін анықтайды. Қазақстанның ұлттық моделі келесі қағидаларда құрылады:

1. Этникалық, конфессиялық, мәдени, тілдік алуан түрлілік біздің баға жетпес байлығымыз болып табылады.

2. Біздің мемлекетіміз бір мақсатқа бағыттала отырып, мәдениетіміздің және Қазақстандағы этностардың тілдерінің дамуы үшін барлық жағдайды жасайды.

3. Біздің ұлтымыздың маңызды құндылығы болып толеранттылық пен жауапкершілік саналады.

4. Қазақ этносының шоғырландырушы рөлі.

5. Қазақ халқының бірлігі. Олар Қазақстандағы ұлттық саясаттың практикасынан шығып мақұлданған және осындай тұжырымдамамен және белгілі бір ретпен баяндалған.

Жастардың ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыруға білім және тәрбие компоненттері кіреді. Мұндағы бастапқы пункт «толеранттылық» ұғымы мен құбылысы болып табылады. Толеранттылыққа

этносаралық келісім мен қоғамның тыныштығы жатады. Қазақстанның тұрақты даму бейнесі мынадай көріністе болуы мүмкін: толеранттылық – ашықтық – динамизм. Өйткені, толеранттылық қоғам – ашық қоғам, ал ашық қоғам – динамикалық қоғам.

Этносаралық толеранттылықты кешенді түрде ұғындыру қажет. Ол ұлтаралық қатынас мәдениетінің негізі ретінде ұлттық мінез-құлықтың, діл элементінің, басқа этностардың өмір сүру салтына, салт-дәстүріне, наным-сеніміне, көзқарастарына, идеяларына, сезімін сыйлауды білдіреді. Сонымен бірге адамдар қоғамда өздерінен басқа да этностардың бар екенін, олардың ерекшелігін сыйлау қажет екендігін түсінеді. Толеранттылық ұлтаралық қатынас мәдениетінің деңгейін басқа ұлт өкілдерінің бірлесіп қызмет етуге дайындығын көрсетеді. Толеранттылық – бұл ұлтаралық қатынастар арасындағы қақтығыстарды болдырмау үшін қызмет құралы, бұл – ұлтаралық қатынас мәдениетін дамытатын маңызды элемент. Оның ауқымын одан әрі тарататын болсақ, онда толеранттылық – бұл ұлттық мемлекеттік саясаттың принципі оның демократиялығын көрсететін көрсеткіш, мақсаты – ұлттардың өзара теңдігі, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасы, бірігіп қызмет етуі, өзара келісімі мен бірлігі.

*Қазақстан тәуелсіздігі ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманы орындалған күн болды. Ғасырлар бойы қазақ жерінде түрлі мәдениет, дәстүр мен дін өкілдерінің тағдыры араласты. Нәтижесінде қазақтармен бірге 130-дан астам этнос пен 40 конфессия өкілдері бейбіт өмір сүруде.*

Сонымен бірге түрлі этностардың бірге өмір сүруі қоғамда тұрақты толеранттылық дәстүрін қалыптастырды. 1990 жылдары алғашқы этникалық диаспоралардың ұлттық-мәдени орталықтары пайда болды. Тек

тәуелсіз Қазақстанда ғана түрлі ұлттық топ өкілдері ана тілін, тарихын, дәстүрі мен мәдениетін толық оқуға, ұлттық дәстүрі мен мәдениетін қайта жаңғыртуға мүмкіндігі болды. Бұл кезеңде ең алдымен халқтың мәдениетін, тілі, дінін сақтап қалу керек. Қазақстандағы көп этностық қоғамдағы адамзат дамуының қазіргі деңгейінде, ұлттық өзіндік бірегейлену маңызды рөл атқарып тұрғанда елдің дамуы үшін ең маңыздысы этносаралық келісім болып табылады.

Қазақстанда қалыпты, төзімді конфессияаралық ахуал бар екенін айтамыз. Негізгі конфессиялар өзара келісімді қатынаста өмір сүруде. А. Г. Косиченко: «Дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік-қоғамдық дамуының әлеуметтік-саяси контексіне енгізілген күрделі дінаралық конфигурация болып табылады», – деп жазды [10, 181-б.].

Конституцияда Қазақстанды зайырлы мемлекет деп жариялау республикада ресми мемлекеттік дін жоқ және бірде-бір діни ілімнің міндетті немесе басым күші болмайтындығын білдіреді. Мемлекеттік құрылыстың зайырлы негіздері елдегі ар-ождан бостандығы қағидасына қайшы келмейді.

Зайырлы Қазақстанның конституциялық-құқықтық нормаларын талдау мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды келесідей жіктеуге мүмкіндік береді:

- діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі;
- республиканың діни-құқықтық кеңістігінде заңды түрде әрекет ететін барлық діни бірлестіктердің теңдігі;
- мемлекеттік қызмет пен жергілікті өзін-өзі басқарудың зайырлылығы;
- білім беру жүйесінің зайырлылығы;
- мемлекеттің діни бірлестіктерді тікелей қаржыландыруына жол бермеу;

– діни ұйымдарға саяси күреске қатысуына тыйым салу;

– діни құндылықтар және қасиетті орындар болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштеріне ерекше режим орнату.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл ережелердің бекітілуі діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлек болуымен және білім берудің зайырлылық сипатымен, мектептер діни бірлестіктерден бөлінуімен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында бір де бір діни конфессия міндетті не артықшылықты деп танылмайды, сондай-ақ республикада ресми, мемлекеттік дін жоқ. Конституцияға сәйкес Республикада діни негіздегі партиялардың қызметіне жол берілмейді. Әр адам ар-ождан бостандығына ие, яғни кез келген дінге сенуге, бір діннен екінші дінге өтуге немесе ешқандай дінге сенбеуге құқылы.

Үнемі кез келген діннен фундаментализм мен экстремизмнің өрті шығып жатады. Алайда ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, бұл жағдайда ислам туын көтерген лаңкестік майданға шықты. Ислам – бейбітшілік пен сүйіспеншілікті уағыздайтын дін екені көпшілікке мәлім, дегенмен бірталай адамдар (әсіресе, жастар), Жер жүзінің әртүрлі аймақтарынан Талибан, Джихад-ан-Нусра, ИГИЛ (ДАИШ) ұйымдарына жасақталып жатыр. Қазақстан бұл ұйымдардың жауынгерлерінен ада. Бірақ кей уақыттарда оның аумағына басқа экстремистік ұйымдардың, соның ішінде Хизб ут-Тахрир аль-Исламидің эмиссарлары кіріп кетеді. Олар экстремистік діни әдебиеттерді таратып, тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын және т.б. жүргізеді.

Бағына орай, Қазақстанда жоғарыда сипатталған бірінші үрдіс басымдық танытуда. Мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасы мемлекеттің



зайырлылығын белгілейтін, ар-ождан бостандығына [11, 22-б.], діни, идеологиялық және саяси әр-алуандылыққа кепілдік беретін [11, 5-б.], дінге көзқарасына немесе нанымына байланысты кемсітуге тыйым салатын [11, 14-б.] конституциялық нормалармен анықталған.

Зайырлы мемлекеттегі ең басты қағидат мемлекеттің діни бірлестіктерден бөлінуі жайында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда толығырақ ашылған. Бұл заңда арнайы бапта аталған қағиданың негізгі ережелері анықталған, сонымен бірге, зайырлы елде мемлекеттің діни бірлестіктердің алдындағы міндеттері және діни бірлестіктердің мемлекет алдындағы міндеттері жеке-жеке қарастырылып, нақтыланған. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда мемлекет пен діннің арақатынасының маңызды тұстары белгіленген, мемлекеттің діннен, діни бірлестіктерден бөлінуі, діни сенім бостандығы, білім беру жүйесінің зайырлылығы сияқты басты қағидаттарын атап қана қоймай, олардың негізгі белгілерін, зайырлы қоғамда мемлекеттің және діни бірлестіктердің алатын орнын көрсеткен [12, 3-б.].

Қазақстандағы нақты конфессия өкілдерінің саны туралы ресми деректер жоқ. Әдетте олар социологиялық зерттеулер мен сараптамалық қорытындылар бойынша ғана анықталады. Дегенмен, санау әдістеріндегі барлық кемшіліктерге қарамастан, халықтың басым көпшілігі белгілі бір конфессияға жатады, яғни атеистпін деп есептейтін адамдар елде әлдеқайда аз. Тарихи эволюция кезеңдеріне байланысты, ұлттық сипаттағы генетикалық бейімділік ерекшеліктеріне сай белгілі бір этнос өкілдерінің діни құндылықтарға бағдарын байқауға болады.

Құндылық ретіндегі толеранттылықсыз, төзімділіксіз әртүрлі діни және этникалық топ өкілдерін біріктіру мүмкін емес. Мәдениеттер сұхбатындағы

толеранттылықтың маңызы бүгінгі күні кеміген жоқ. Толеранттылық – өзімізге және әлемге деген көзқарастың кеңдігі, ашық көзқарас, оның адамгершілік негіздерін, адамдардың арасындағы нақты айырмашылықтарды, идеология, саясат, дін мен моральдықты, нанымды түсіну болып табылады. Әлемдік қоғамдас-тықта толеранттылықтың өркендеуі саяси, құқықтық, психологиялық және экологиялық мәдениеттің жетілуі-нің, халықтардың моральдық биіктігінің және олардың қоғамдық сана-сезімінің көрсеткіші болып табылады.

Әлеуметтік нормалар мен тәртіптерге деген дүние-танымдық бейімділік этникалық топтардың белгілі бір дінді қабылдау мүмкіндігін анықтайтыны белгілі. Полиэтникалық қазақ халқының тұтастығы тіл мен мәде-ниетті унификациялауға негізделмеген, жалпы ортақ құндылықтар жүйесін құруды мақсат етпеген. Этностар мәдениеттер мен құндылықтардың әртүрлілігі арқылы дамыды және бір-бірін толықтырып отырды. Демек, әртүрлі рухани дәстүрлердің синтезі уақыт талабымен, адамдардың дүниеге көзқарасының өзгеруімен, құн-дылықтық бағдарларының өзгеруімен жүзеге асқан. Жалпыға ортақ құндылықтарға сыртқы қысыммен емес, басқа біреудің құндылықтарын сезіну арқылы, ішкі жан дүниемен қабылдау арқылы қол жеткізілді.

Қазақстанда ислам діні мен христиандықтың өкілдерін тарихи тағдырдың ортақтығы, мәдениеттер сұхбатына негізделген дәстүрлер байланыстырады. Бұл ғасырлар-дан келе жатқан екі конфессияның құндылықтары мен қарым-қатынасы, тарихи қайшылықтарға қарамастан, елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Тепе-теңдік моральдық жағынан қолайлы әрекеттердің негізінде жатыр.

Мемлекеттің дінге қатысты ұстанымын ең алдымен оның заңдарынан көруге болады. Елімізде діни ахуалды реттейтін Қазақстан Республикасының «Діни қызмет

және діни бірлестіктер туралы» Заңының преамбуласында «Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» деп көрсете отырып, зайырлы мемлекетте діни сенім бостандығына, діни нанымдарына қарамастан барлық адамдардың теңдігіне кепілдік етілетіндігі, ханафи бағытындағы ислам мен православиелік христиандықтың басымдығын тани отырып, барлық конфессиялардың теңдігіне құқық берілетіні айтылған. Аталған діндер мемлекетте дәстүрлі діндер болып табылатындығы осы заңда алғаш рет енгізіліп отыр, мұндай тәжірибе, яғни елдегі дәстүрлі діндерді көрсету басқа мемлекеттің заңнамаларында да бар.

Әрбір мәдениет өз тамырлары мен салт-дәстүрлерін құрметтеуі керек, бірақ сонымен қатар, оның мүшелері басқа мәдениеттермен және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге мүмкіндік беретін басқа мәдениеттердегі құндылықтар мен көзқарастарға құрметпен қарауы тиіс. Бұл жерде «теңдік» «сәйкестік» ретінде түсіндірілмеуі керек, ал басқаға деген сыйластық толеранттылықпен алмастырылмауы тиіс. Сонда ғана дәстүрлі құндылықтар өздерінің біріктіруші мағынасын жоғалтпайды. Жалпыадамзаттық құндылықтар практикалық және теориялық мағынасын әртүрлі мәдениеттерді біріктіретін, жалпыға ортақ құндылықтар ретінде ғана сақтайды.

Қазақстандық конфессиялардың арасындағы шыннайы құндылықтық қатынастар өзара қарым-қатынас субъектілері тарапынан қалыптасады. Қазақстанның әртүрлі конфессияларының өкілдері арасындағы құндылықтың өзара әрекеттесуінің негізі – рухани құндылықтар. Рухани әлемнің жоғары құндылықтары әлемнің қалған бөлігіне қатысы жоқ сияқты болғандықтан тұрақты және тірі емес, олардың адалдығы субъектілерді болашаққа қанаттанған, шығармашылық қарым-қатынасқа мәжбүр етеді. Біріктіретін құндылықтар мен идеяларды іздестіру Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға, жалпы өрлеуге, еліміздің өркендеуіне ықпал етеді.

Әрбір діннің бірегейлігі әртүрлі теистік көзқарастармен анықталады. Түрлі концепциялардың болуы антропо-географиялық және әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты. Діни қағидалардың әртүрлі түрлеріне қарамастан, әлемдік діндердің негізі – жалпыадамзаттық құндылықтардың жүйесі. Бұл құндылықтар діни және философиялық күрделі жүйелерге айналды және диалектикалық түрде оның өмір сүру кезеңінде әлеуметтік-мәдени орталардың өзгермелігін қабылдайды және бас тартады. Діни философиялық дүниетанымның теистік сипаты қандай болса да, олардың бәрінде адамзаттың барлық өкілдерінің жер бетінде бейбіт қатар өмір сүруіне бағытталған ортақ векторы бар. Сонымен қатар, дәстүрлі діндердің құндылықтық жүйесі – Жердегі бейбітшілікті сақтауға болатын барлық моральдық жалпыадамзаттық құндылықтардың квинтэссенциясы.

Конфессияаралық сұхбаттың мәні дәстүрлі діндер мен мәдениеттердің өзара байланысы арқылы анықталады. Сұхбатқа діндерге негізделген мәдениеттер түседі. Сондықтан діндер мәдениеттер мен өркениеттер

сұхбатында маңызды рөл атқарады. Конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі мемлекеттік дамудың әлеуметтік-саяси контексіндегі дінаралық конфигурация болып табылады. Қазақстанда халықтың көпшілігі ислам мен православиелік христиан дінін ұстанғандықтан, олар осы саладағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе балалардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды;

2) діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді;

3) егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;

4) дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзушілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі.

Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес діни бірлестіктер:

1) мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды және олардың қызметіне араласпайды;

2) саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті [12, 3-б.].

Конфессияаралық келісім діни ұйымдар тарапынан да ұдайы көңіл аударып отыруды талап етеді. Осыған орай, әртүрлі діни бірлестіктердің өкілдері мен мемлекеттің мақсаттары біртекті болып отыр. Бұл мәселелер бойынша тепе-теңдікті сақтау үшін көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Мемлекетіміз Әлемдік дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін, Батыс және мұсылман елдерінің Сыртқы істер министрлерінің халықаралық форумдарын, толеранттық, төзімділік және мәдениетаралық өзара іс-шаралары талқыланатын халықаралық конференцияларды өткізеді.

Зайырлы мемлекеттің қағидаларының бірі – білім беру жүйесінің дін мен діни бірлестіктерден бөлінуі екендігі белгілі. Бірақ бұл мектептерде ешқандай діни сауат ашуға болмайды дегенді білдірмейді. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді халық даналығы. Жастарымыз салт-дәстүрлерімізге жат діни ағымдардың жетегінде кетпеу үшін мектеп табылдырығынан бастап олардың діни сауатын ашып, дұрыс бағытқа салу өте маңызды және ол тәрбие ісіндегі басты назарға алынатын мәселелердің бірі болып отыр. 2009 жылдан бастап орта мектептерде «Дінтану негіздері» пәні оқытыла бастады. Қазір курстың мемлекеттің зайырлылығы қағидасын және қазақстандық қоғамның дәстүрлі құндылықтарын түсіндіруге қатысты бөлігінде жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіліп, курстың атауы «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп өзгертілді, соған сәйкес оқу бағдарламасы және оқулық дайындалды. Курстың мазмұнына өзекті қосымшалар, соның ішінде антиэкстремистік және

антитеррористік тақырыптар қамтылатын тараулар енгізілді [13, 2-б.]. Мектептегі мұндай сағаттары аз пәндерге бөлек мұғалім қабылданбай, көбіне, тарих немесе өзге пәндердің мұғалімдері қосымша сабақ ретінде беретіні белгілі. Сондықтан осындай мұғалімдерге арнап толық курс бойынша біліктілікті көтеру курстары ашылған және оны пән мұғалімдері екі жыл сайын өтіп, сертификат алып отырады. Осылай, жеткіншектер мектеп қабырғасынан бастап зайырлылықтың түсінігі мен дінтану негіздерін толық меңгеруге мүмкіндіктері бар.

Сонымен қатар, 2017 жылдың 1 тамызынан бастап «Киберқадағалау» жобасын іске асырып жатыр. Бұл жоба барысында интернет-ресурстардың мониторингімен бірге, кітап және баспа өнімдерінің діни сараптамасы жүргізіледі. Ал Ішкі істер министрлігімен бірігіп, экстремистік және террористік қылмыстары үшін сотталғандарды оңалтуға арналған арнайы қызмет ұйымдастырылды. Бұл бағыттағы жұмыстарға да үкіметтік емес ұйымдар тартылған.

Дін саласындағы саясатты іске асыру кезінде шаралар барынша халықтың барлық нысаналы топтарын атаулы және жаппай қамту үшін қазір елімізде арнайы ақпараттық-түсіндіру топтары әрекет етеді. Бүгінгі күнге дейін олар 2 млн 500 мың адамды қамтитын 35 мыңнан астам шаралар өткізген. Әлбетте, барлық жүргізіліп жатқан шаралар қажетті нәтижені бере алмайды. Сондықтан ақпараттық-түсіндіру топтарының құрамы теологтар, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-тың сарапшы мамандарымен толықтырылып, оларға тиісті әдістемелік көмектер көрсетілуде. Топтағы дәріскерлер кез келген аудиториямен және әртүрлі ағымдардың өкілдерімен жұмыс істей алатындай етіп іріктелген.

Қиын ахуалды аймақтарда толыққанды психологиялық оңалту қызметтері жұмыс істейтіні де маңызды

жәйт. Олардың қызметкерлері деструктивті ағымдардың жетекшілері және белсенділерімен жеке кездесулер өткізеді. Сонымен қатар, олар құқық қорғау органдары мен әкімдіктерге арналған дәрістер мен семинарлар ұйымдастырады. Әр облыста мұндай шараларды ұйымдастыруға атсалысып жүрген ұйымдар бар.

Сонымен бірге азаматтарға консультациялар беріп, құқық бұзушылықтарға жедел әрекет ету үшін құрылған «Жедел желі 114» ақпараттық-консультативтік орталық жұмыс істейді [14, 65–66-б.]. Жоғарыда айтып кеткен барлық ұйымдар мен орталықтардың қызметтері осы тұжырымдамада көзделген іс-шаралармен барынша көпшіліктің қамтылуына бағытталған.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесіне төнген қатер көріністерінің сипаты мен деңгейін ескере отырып жүзеге асыру қағидаты ең маңызды қағидат деп айтуға болады. Себебі, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ұлттық мүдделерді қауіп-қатерлерден сақтау – мемлекет алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Бұл қағидат ұлттық қауіпсіздік туралы заңнамадағы: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, елде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау, қазақстандық қоғамның материалдық және рухани-имандылық құндылықтарын сақтау мен еселей түсу [15, 5-б.] сияқты қағидаттармен толықтай үндестікте.

Жалпы қазақстандықтардың басым бөлігіне діни қызметтегі ұстамдылық пен зайырлылық қағидаттарын ұғыну тән. Дегенмен, қоғамда мәселелер де жоқ емес. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасында зайырлылық қағидаттарын нығайтуға көңіл бөлумен қатар қазіргі кезде мемлекет зайырлылығына қандай қауіп-қатерлер бар екендігі де көрсетілген. Солардың кейбіреулеріне тоқталып кетейік.



Дінге бет бұрған, алайда діни ілімдерден бейхабар және сол себептен деструктивті әсерге оңай ұшырайтын жастардың радикалдану қатері сақталуда. Жекелеген азаматтардың қоғам алдындағы конституциялық және азаматтық борыштарын атқарудан бас тартуы орын алу-да. Заңдарға, елдің мемлекеттік рәміздеріне, халықтың ұлттық-мәдени салт-дәстүріне, сондай-ақ жалпыға бір-дей әдеп пен мінез-құлық нормаларына құрмет танытпау жағдайлары жиілеп барады [16]. Сонымен бірге, ҚМДБ-да үкіметте бұл іске өз үлесін қосып, жастардың тек дәстүр-лі дінге бет бұруы үшін үгіт-насихаттарын жүргізіп жүр. Сондай-ақ, мұндай жағдайлар, көбіне, жастардың ара-сында кездесетіндіктен ақпараттар беру, үгіт-насихат-тар жүргізу үшін ғаламтор мен әлеуметтік желілерді де пайдаланған жөн. Осындай әдістерді пайдалану арқылы көпшілікті қамтуға болады.

Қазақ қоғамындағы тұрақтылықты сақтаудың маңызды элементі – Қазақстан халықтары мәдениетінің дәстүрлі құндылықтарын өзектендіру. Өркениеттік даму тәжірибесі көрсеткендей, барлық өзгерістердің негізінде мотивациялық табиғаты мәдениеттің құндылықтары болып табылатын қажеттіліктердің әртүр-лілігін арттыру заңы жатыр. Ұлттың сипаты мен дәстүр-лерін көрсететін құндылықтар ұлттық мәдениеттің бірегей инфрақұрылымдық негізін құрайды. Әлеумет-тік-саяси және экономикалық жобаларды мойындау-дың маңызды сәті ғасырлық тарих бойынша әзірленген құндылық қағидалары мен нормалары болып табылады.

Жаңарудың сәтті және тиімді іске асуы белгілі бір әлеуметтік-мәдени құндылықтарға және нормаларға не-гізделген. Жаңғырту және мәдени даму процестері өзара байланысты және өзара шарттанған. Рухани дамусыз, мә-дениетсіз, тәрбиесіз, білім беру мен ғылымның дамуын-сыз мемлекет сапалы жаңғыртуды толықтай жүзеге

асыруы мүмкін емес. Бұл үдерістер қоғамның үміттерімен үйлесімді болуын қамтамасыз ету үшін олар дәстүр мен мәдениетке негізделуі керек.

Еліміздің Конституциясына сай азаматтардың заң алдындағы теңдігі және тілі мен дінге қатынасынан тәуелсіз әркімнің жеке сеніміне құрметпен қарау қағидаттарына сәйкес мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың зайырлы моделі құқықтық түрде көрініс тапқан. Қазіргі кезде әртүрлі елдердегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды саралай келіп, Қазақстанның онда алатын орнын анықтайтын болсақ, біздің елімізде мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасы барынша жетілдірілген және мұндай қатынастың әлемде қолданылып, өзінің өміршеңдігін дәлелдеп жүрген озық моделі заңнама бойынша бекітілген деп айтуға болады. Қазақстанда «жұмсақ» режимдегі зайырлы мемлекет моделі қалыптасқан. Мұндай модельде ұлттық-мәдени ерекшеліктер ескеріледі, мемлекет пен дәстүрлі діни бірлестіктердің арасында ынтымақтастық орнап, соның арқасында қоғам күшейіп, адамдардың мемлекетке сенімі арта түседі.

Біз еліміздің көпұлттылығы мен көпконфессиялығын ескеруіміз керек. Бұл ретте мемлекеттің дамуы үшін оның зайырлы құрылысы жалғыз дұрыс жол болып табылады. Зайырлы мемлекетте дінге қатынасына қарамастан, барлық адамдар үшін теңдей жағдай жасалады. Көпэтносты және көпконфессиялы елде тұрақтылықты сақтау үшін зайырлылықты мәңгілік ту етуіміз керек.

*Қазақстан демократиялық, зайырлы құндылықтарды ұстанатын ел және еліміздегі этностар өзінің мәдениетін, салт-дәстүрін сақтау мен дамытуына барлық жағдай жасалған. Зайырлылық тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі, сондықтан да қазақстандықтардың оң таңдау жасағандығын нық айта аламыз.*

Қорыта келе айтарымыз, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының Қазақстан Республикасында ара тұра кездесіп қалатын, ұлтаралық мәселелерді шешуге, мәдениеттің ұлттық сипатта жанданып, ертеңгі болашақтың ұлттық-патриоттық негізде тәлім-тәрбие алуына негізгі септігін тигізетінін атап өткеніміз жөн. Ата-бабаларымыздан келе жатқан, мәңгі ел болуды көкसेген арман тілектерін алға сүйреген қазіргі мемлекеттік келелі саясаттың негізінде, қазақ халқы өз діліндегі құндылықтармен қайта қауышып, ынтымақ пен бірлікті ту еткен кемелді қоғам құруға қадам басуда. Қазақтың дәстүрлі құндылықтарын мемлекеттік құндылық ретінде дәріптеу, тіл мен тарихты, әдебиет пен өнерді қазақ өркениетінен бастап, рухани қазық қылу өз кезегінде бірегей мемлекеттік идеяның жемісі деп бағалаған жөн. Яғни, қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылатын этникалық тұтастық пен мәдени-рухани тамырымызды нығайту дәл осы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізінде жүзеге асатынына сенеміз.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. – Астана, 2013.
2. Кан Г.В. Модель межнационального согласия первого Президента Казахстана. – Астана, 2016. – С. 178.
3. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Ақиқат. – 2013. – №1. – 14-б.
4. Хайрулдаева А. Қазақстан халқы Ассамблеясы ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету құрылымдарының бірі ретінде // Қоғам және Дәуір: ғылыми сараптамалық журнал. – 2012. – № 3. – 8-б.
5. «Стратегия «Казахстан-2050»: один народ – одна страна – одна судьба». Выступление Президента Республики Казахстан

Н. А. Назарбаева на XX сессии Ассамблеи народа Казахстана. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://assembly.kz>.

6. Елбасы және Қазақ мемлекеттігі / Қ. Сұлтанов. – Алматы, 2015. – 488 с.

7. Наше главное достояние – дружба народов // Назарбаев Н. А. Пять лет независимости. Из докладов, выступлений и статей Президента Республики Казахстан. – Алматы, 1996. – 624 с.

8. Қайдарова Ә. С., Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау). Саяси ғылымдарының докторы ғылыми 112 дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010, – 40 б.

9. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы. Тәуелсіздік күніне орай салтанатты шарада сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2014. – 16 желтоқсан.

10. Косиченко А. Г. Возможности религии в снижении уровня вызовов и угроз современности: философско-политологический анализ. – Алматы, 2014. – 193 с.

11. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж. қабылданған, 7 қазан 1998 ж.; 21 мамыр 2007 ж.; 2 ақпан 2011 ж.; 10 наурыз 2017 ж. өзгерістер және толықтырулар енгізілген ресми мәтін. / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_).

12. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы, 11 қазан 2011 ж. / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>.

13. Шойкин Г. Реализуя принципы светскости / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://pravo.zakon.kz/4648983-realizujaprincipyu-svetskosti-g..html>.

14. Исабаева С. Государство и религия: что день грядущий нам готовит? // Мемлекет және дін. – 2017. – № 3 (42). – 99-б.

15. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңы, 6 қаңтар 2012 ж. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>.

16. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Президентінің Жарлығы, 20 маусым 2017 ж. / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000500>.

### 3.2. ЕЛОРДА - «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖҮРЕГІ

Бүгінгі заман – мәдениеттердің жаһандану кезеңі. Жаңа сапаға көшер алдындағы, яғни, өз дамуының ең биік сатысы – біртұтас адамзаттық өркениетке құйылар алдындағы қарбалас шағы. Жаһандану – өркениеттің кезекті даму сатысы. Қазіргі әлемдік мәдениет пен өркениетте ерекше ықпал тигізіп отырған жаһандану – өмірдің барлық салаларын қамтып отырған күрделі процесс. Ол дүниежүзілік адамзат қоғамының даму заңдылықтарын айқындайтын факторлардың бірі ретінде қоғамда тіл мен дінімізге, рухани кеңістігімізге әсер етеді. Жаһанданудың бір жағынан дәуір үрдісі екенін мойындай отырып, екінші жағынан, мәдениет пен өркениет тоғысуына алып келер күрделі тұстары барын айтуға тиіспіз. Бұл, әсіресе, бір қоғамнан екінші бір қоғамға өтудің күрделі қиындықтарын басынан өткеріп жатқан, жаңаға ойы, бойы толық үйреніп кете алмай отырған тәуелсіз елдер өмірінен анық аңғарылады. Жаһандану мен қатар өркениетте өріс ашар жаңалықтар да келіп жетті. Технология дамыды, модернизация құлаш жайды, ақпараттық кеңістік кеңейді, өмір сүру салтымыз бен мінез-құлқымызда да өзгеріс нышандары байқалды. Дүниенің төрт қырымен байланыс күшейіп, орныға түсті. Қазақ елі еркіндікке бет түзеді. Бұл, сөз жоқ, жаһандану алып келген игілікті, табысты өзгерістер. Халықтар өзінің бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі, әр кездегі дамуын

терең тануда өзіндік бағыт-бағдар алды. Әр халықтың өркениет әлеміндегі орнын білу мүмкіндігіне ие болып қалыпты жағдайда өмір сүруін қамтамасыз етеді. Біздің әлемдік өркениетке қол жеткізуімізге мүмкіндік туды. Бұл орайда әлемдік өркениеттің өрісіне шыққан, дамудың сара жолына түскен елдердің тәжірибесіне баса назар аударып отырып, өз жолымызды табудың маңызы зор болмақ. Демек, біз, таяудағы жылдарда дәстүрімізге сай халықтық қалпымызға оралып, әлемдік білімді игеруге қол жеткізу арқылы біздің де өркениетті елдердің қатарына қосылуымызға, яғни адамзат өркениеті биігіне көтерілуімізге толық мүмкіндігіміз бар екендігі ақиқат.

Осы күрделі мәдени-өркениеттік біртұтастану үдеріс белең алып тұрған заманда мемлекет ретінде сақталып қалуда қазақ еліне ортақ идея мен ұлттық құндылық ауадай қажет. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен 2016 жылдың сәуір айында Астана қаласында (қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы) Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясы өтті. Бұл сессияда Қазақстанның тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай жалпы ұлттық құндылықты қалыптастыратын патриоттық акт құжаты қабылданды.

*«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – қазақстандықтардың патриоттық санасын қалыптастыру мен қазақстандық бірегейлікті қамтамасыз етудегі жаңа жол. Сондықтан бүгінгі таңдағы алға қойылған басты міндет – жоғары дәрежеде қалыптасқан ұлттық сана сезімі бар, қоғамның белсенді тобын қалыптастыру.*

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы осы мәселені жүзеге асырып отыр. Әр қазақ төл тарихын, мәдениетін, тілін қайта жаңғырту арқылы ұлттық рух пен ұлттық сананы оятады. Сол қалыптасқан тұлға жаңашылдыққа толы

қазақстандық қоғам талаптарына сай болуы керек. Жаһандану кезеңінде дәстүрлілік пен инновацияны қатар алып жүру арқылы ұтымды жетістіктерге жетеміз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде жеті құндылықты айқындап берді. Енді қазақстандықтардың, оның ішінде жастардың алдына қойылған мақсат – сол құндылықтарды сақтау, дамыту. Себебі еліміздің кейінгі тағдыры, болашағы жастардың қолында. Американдық ғалым Ричард Флориданың «Creative class and the city» атты еңбегінде мемлекеттің дамуында жастардың белсенді болуының маңызды екенін айтып өтеді. Жаһандық дәуірде жастардың бойында қалыптастыруға қажеттілік туындатып отырған қасиет үнемі өзі өзі дамытып отыру және сананың ашықтығы. Бүгінгі таңның өзінде әлемдік жүйедегі геомәдени факторлардың өсуі, халықаралық қатынастардағы мәдени-өркениеттік ренессанс халықаралық қатынастардың жаңа үлгісін орнатты. Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы бірегейлікті іздеудің өсуіне әкеліп отыр. Осыған байланысты ұлттық және діни бірегейлік маңызды факторларға айналып отыр.

Қазақстанның ерекше ұстанған саясаты арқасында Ұлы жібек жолының қайтадан бой көтеріп келе жатқанын аңғарамыз. Еуразиялық кеңістіктің экономикалық, технологиялық және ақпараттық ағынының біздің елордамыз арқылы өтуі еліміз үшін маңызды.

*Елорда тарихын зерттеу қарастыруды талап ететін, көптеген теориялық мәселелер қатарының туындауы негізінде де халықтардың тарихи тағдырындағы астананың маңыздылығы, астананы мемлекет тарихының өзгерісті кезеңінде ауыстырудың әлемдік тәжірибесі, орналасатын жерін таңдау және елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-өркениеттік,*

*рухани дамуындағы астананың мәні маңызды ғылыми тақырыпқа айналып отыр.*

Қала тарихына деген қызығушылық мемлекеттің әлеуметтік-саяси және экономикалық өміріндегі өзгерістермен байланысты қазіргі кездегі үдеріс негізінде туындауда. Қазақстан елордасын Алматыдан Астанаға, бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласына ауыстырудың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы артып келеді. Қазақстанның тәжірибесін әлем мойындады, ол тарихшылармен, саясаттанушылармен, әлеуметтанушылармен, философтармен зерттеліп жатыр.

Қазақстан елордасын көшіру қала тарихының жаңа беттерін ашты, үшінші мыңжылдық қарсаңында тәуелсіз Қазақстанның қайта жаңғыруы мен жаңаруының рәмізі болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Еуразия жүрегінде» атты кітабында былай деп жазды: «Астананың туындысы – бұл ұлттық тарихтың жаңа мәтінінің туындысы» [1, 9-б]. Бұдан шығатын қорытынды қала тарихын зерттеудің тек ғылыми емес, сонымен қатар, қоғамдық-саяси маңыздылығы да артты.

Н. Ә. Назарбаев жаңа астананың республиканың экономикалық, мәдени және рухани жаңаруындағы объективті рөліне ерекше көңіл бөліп, астананың бастамасы жақын жатқан қалаларға ғана емес, шалғай жерлердегі мекендерге де әсер етуіне назар аударады. Және де бұл әсер тек қана экономикалық және әлеуметтік сипатта емес, сонымен қатар айтарлықтай мәдениетіне де әсер етуде.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың қаланың жас мемлекеттің астанасы ретінде дамуы мен қалыптасуы жолындағы еңбегі зор. Елбасымыздың әрбір сөзінде қаланың архитектуралық көрінісіне деген ерекше көңілі байқалып



тұрады, өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында қаланың дамуы мен құрылысы мәселелеріне айрықша мән береді.

Қаланың дамуымен қатар елорданың халықаралық және аймақаралық өзара серіктестіктерінің, алыс және таяу шет мемлекеттердің астанасымен сыртқы экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстарды одан әрі кеңейту орталығы ретіндегі рөлінің қалыптасуы да артып келеді. Және бұл міндет бүгінгі күні сәтті шешімін тапқан. Егер Петр I, былайша айтқанда, әскери күш басымдығымен, Ресей үшін Еуропаға жол тапса, онда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев Еуропамен, Үлкен Еуразиямен және барлық Үлкен әлеммен серіктестікке бастайтын тиімді жол ашты.

Қарқынды даму, инвестиция тарту, архитектуралық-құрылыстық ландшафт құру астананың Достастықтағы қолайлы қалалардың бірі болып танылуына мүмкіндік берді. Халықаралық астаналар Ассамблеясы мен ірі қалалардың ұйымдастыруымен өткізілген конкурс нәтижесі бойынша, ол ТМД елдерінің 81 ірі елді мекендердің ішіндегі ең үздігі болып танылды.

Әйгілі «National Geographic» журналы елордамызды болашағы зор қала деп атады. Неғұрлым беделді шетелдік агенттіктердің бірі – британдық «Экономист» журналының рейтингілік қызметі әлемнің 140 елінің арасынан Нұр-Сұлтанға «өмір сүру деңгейі қолайлы қала» деген мәртебе берді.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласы достық қарым-қатынас туралы меморандумдар, 36 шет мемлекеттердің астаналарымен және ірі қалаларымен ынтымақтастық жөніндегі ұзақ мерзімді келісімге ие болды. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі – Халықаралық астаналар мен ірі қалалардың Ассамблеясы, Мэрлер бейбітшілік

үшін және Түркі әлемінің муниципалитеті деген халық-аралық ұйымдарға мүше.

Қала мен аймақтарға қатысты кей кездерде «genius loci» термині қолданылады. Латын тілінен аударғандағы нақты емес мағынасында бұл термин «гений локусы» дегенді білдіріп, «жергілікті немесе аймақтық ерекшелік» деп түсіндіріледі. Бұл ұғым мамандардың айтуы бойынша қоғамдық жергілікті мінез-құлықты сипаттайтын, мәдениет, тұрмыс, саяси немесе саяси емес жүріс-тұрыс дағдыларының жергілікті ерекшеліктерінің бірегей қоспасы, осы жердің немесе қаланың ерекшелігін қамтиды. Бүгінгі күнгі елорданың «genius loci» жайлы сөз қозғауға болады. Барлық Қазақстанның масштабтық өлшемі бойынша да алып қарастыруға мүмкіндік бар. Жаңа астана тәуелсіз Қазақстанның ең маңызды рәмізіне айналды [2, 81-б.]

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Қазақстандық мәдениет танымал, жаһандық мәдени мұраның ажырамас бір бөлшегі болуы қажет. Оны әлемнің бәрі білетіндей, мәдени құндылықтарды қабылдау жүйесінде нақты ажыратылатын болуы керек. Бұл қазіргі өнер түрлерінің барлығына да қатысты – музыка, театр, кино, әдебиет, сурет өнері.

Тарихшылар әлі күнге дейін Жер бетінде алғашқы қала қайда, қашан пайда болды деп таласады. Сірә, бұл маңызды емес шығар. Ең бастысы, қалалар адам, халық және өркениет тарихының ең шиеленісті, шаттықты және опықты оқиғалары өткен жерлерде пайда болды және бола береді. Алайда өткеннің, бүгіннің және болашақтың «түйін» түйген жерлерінде айрықша оқшаланып, астаналар тұр. Оларға әр халықтың кеңістің пен уақыт арқылы өзінің даму жолында жасаған ең басты жетістіктерін әйгілеп көрсету абыройы бұйырды.

Дәуірдің табы мен мәнері екі-үш айшықты сызбамен бейнелене береді. Эйфель мұнарасы, Вестминстер, Кремль... Бұл астаналық нышандар – әлем картасының ең үздік жолбасшылары. Олар бұл күнде солай жаратылған сияқты қабылданады. Алайда олар белгілі бір адамдардың дарынымен және еңбегімен жасалған. Астананы құру – ұлттық тарихтың мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық...» [1].

Егер Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстанның жаңа астанасы ретіндегі қалыптасуын алатын болсақ, онда жаңа шынайылықты сипаттап қараймыз. Ол – ең озық архитектура ұсынатын ең жас астана. Міне, дәл осы архитектура оның барлық әлемге алдыңғы қатарлы, ашықтық, жаңашыл сипатын көрсетеді. Сол себепті біз бас қаламыздың қалыптасу үдерісін мәдени мәтін ретінде архитектуралық жобалармен байланыстыруға тырысамыз. Әрбір архитектуралық стиль техникалық мүмкіндіктің ерекше деңгейін көрсетіп қана қоймай, негізгі идея мен өз кезеңінің тұжырымдарын көрсетеді.

«Біз қалаларда ғылыми және техникалық мүмкіндіктерді дамытуымыз керек. Біз әлемге Астана тек қана әдемі ғимараттар мен жақсы қызмет көрсету қаласы емес, бұл жаңа технологиялық инновациялар қаласы деген пікір туындатуымыз қажет...», – дейді Аманжол Чиканаев.

Елордада мәдени үрдістің дамуы жайындағы келешегін қарастырған кезде «Астана мәдениеті» терминіне ерекше көңіл бөлінеді, ол елорда мәдениетінің сыртқы параметрлерін емес, астаналық бірегейлік, өмір сүрудің жоғары сапасымен ұштасқан, әлемдік тәжірибеге ұмтылыс сынды ішкі, сапалық сипаттамаларын бейнелеуге бағытталған.

Жаңа астана өзіне өткеннің бай мұрасы мен қазіргінің озық жетістіктерін үйлесімді біріктіреді. Ол барлық елдің рухын бейнелейді және бұл оның әрбір көшесі, бұрышында сезіліп тұрады. Елорданың осындай рәміздік рөлі қаланың сыртқы келбетінде көрініс тапқан. Бас қаланың орталығында салынып жатқан әрбір ғимарат, әрбір архитектуралық нысан тікелей белгіленген міндетті атқарып қана қоймай, терең тарихи, философиялық мағына, сол немесе өзге рәміздік идеяны көрсетеді. Елорда еуразия идеясын жүзеге асырып, өркениет пен мәдениет сұхбаттастығының орны болды. Қаланың діни сипаттағы архитектурасынан Тұңғыш Президентіміздің Астананы әлемнің рухани астанасының біріне айналдыру жөніндегі негізгі ойы көрініс береді.

Отанымыздың жаңа тарихында қаланың маңызы XIX ғасырдың басында Ақмола бекінісінің негізі қаланған уақыттан бастап, қаланың XX ғасырдың соңында Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесін алғанға дейінгі уақыт аралығында атқаратын міндетінің маңыздылығы мен даму динамикасы негізінде анықталды.

Елорданың қалыптасып келе жатқан өркениеті ұлттық мәдениеттің нақышымен, ұлттық менталитетпен тікелей байланысты.

«Астана» сөзі туралы Президенттің келтірген дәлелдері өте салмақты: сөз нақты мағынаға ие, ол – астана дегенді білдіреді; екіншіден, ол қандай да бір жағымсыз тарихи немесе саяси түсіндірулерге ие емес; үшіншіден, ол қаланың міндетін айқын көрсетеді, мемлекеттік және өзге де тілдерде жақсы естіледі, сондай-ақ, мемлекеттердің бас қалаларының әлемдік тізіміне жаңа есіммен кіретін, астананың таныстырылымында қаланың рәмізі болуы мүмкін.

1998 жылы астананың Бас жобасының ең үздік эскиз-идеясына халықаралық конкурс жарияланған

болатын. Беделді сәулетшілерден құралған арнайы комитет құрылды, олар ұйымдастырушылық жұмыспен айналысып, одан кейін келіп жатқан конкурстық жұмыстарды қарастырды.

Конкурс шарты бойынша, әділ қазы мүшелері үш үздік жобаны іріктеп алды. Олар – Ресей архитектурасы академиясы жанындағы Орталық қала құрылысы институтының авторлық ұжымы, әйгілі жапон сәулетшісі Кисё Курокава мен қазақстандық «Ақ Орда» жобалық-құрылыстық компаниясы. Үш жоба Президентке ұсынылып, жеңімпаз ретінде Кисе Курокава танылды. Оның идеясы астананың Бас жобасының негізіне алынды, ол сол жағалауда жаңа қаланы құруды қарастырады.

*Біздің астанамыз халықаралық көпшілікке ең алдымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бітімгерлік бастамасымен, оның Еуразия одағы жобасымен, толықтай Еуразия идеясымен байланысты.*

Сол себепті елорданы осы аралық әсермен қарау да дұрыс болады. Қазіргі танымда еуразияшылық – бұл қоғамның ашықтығы мен шыдамдылығы, өзгені қабылдауға дайын болу мен өзінікі мен қабылданғанды синтездеу, осы негізде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың үйлесімді біріктірілуі тән болатын өзінің ерекше өркениетін қалыптастыра білу.

Бас қаланың тәуелсіз Қазақстанның астанасы ретінде туындау тарихы, қалыптасуы мен дамуы астанадағы Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайының экспозиция залында көрсетілген. Ол маңызды нормативтік-құқықтық актілер, фотоқұжатты материалдар, экспонаттардың жүйелі жинағын бейнелейді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен 2014 жылдың 3 шілдесінде ғылыми, рухани және мәдени орталық – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

ашылды. Ұлттық музейдің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Елбасы осы ғимаратта өткеннің, қазіргінің және болашақ халықтың терең рәмізшілдігі бейнеленгендігін атап көрсетті. «Музейдің ашылуымен алып архитектуралық «Қазақ елі» кешенін құру аяқталды. Тәуелсіздік сарайы мен көкке қарай шарықтаған «Қазақ елі» стелласы, Бейбітшілік пен келісім сарайы, Әзірет Сұлтан мешіті мен Ұлттық өнер университетінің ғимараты, Ұлттық музей – бұлар біздің халқымыздың мәңгілік құндылықтарының архитектуралық түрде іске асуы», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Бұдан былай бұл жерде мәңгілікке, үлкен елдің орталығында, халық тағдыры үшін маңызды шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде енді біздің Отанымыздың жүрегі соғып тұр. Бұл жерде бүгін Қазақстан өзінің тарихи тағдырын анықтайды», – 1997 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқан бұл сөздер елорданың республика өміріндегі рөлін толықтай бейнелеп тұр. Міне дәл осы қалада тағдыр шешуші шешімдер қабылданады, дәл осы жерде Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы да айтылады, ал олардың әрқайсысы ел өмірінің маңызды кезеңі болып табылады.

Бүгіннің өзінде Қазақстан «Oxford Economics» институтының көмегімен «Ernst&Young» (E&Y) «Жылдам дамушы нарықтардың даму болжамы» (ЖДН) версиясы бойынша әлемнің жылдам дамушы экономикаларының үштігіне кірді. Ал мұнда Қазақстанның астанасы жетекші рөлге ие. Дәл осы себепті сұралған сарапшылардың жартысынан көбі елорданы жоғары әлеуметтік-мәдени және экономикалық әлеуеті бар қалыптасқан бренд санайды [2, 78-б.].

Қала дамуының мықты импульсі болып 2001 жылы көктемде Қазақстан Республикасының Тұңғыш

Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекіткен «Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» Мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуы болды.

Әлемдік «Астана ЕХРО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі – бұл қалаға таза экология мен өмір сапасының жоғары стандарттарына ие, жаңа инновациялы «ақылды (smart)» қала идеясын жүзеге асыру үшін берілген зор мүмкіндік. Қаланың «Жасыл экономикасы» адамдардың табиғатты, қоршаған ортаны және өзіміздегі бар ресурстарды қорғап, сақтауы үшін үлгі болады.

Жаһандық әлемдік кеңістікте қалалар мәдениеті ірі көлемді өзгерістерге ұшырап отыр. Дүниежүзілік тарихта қала тұрғындарының саны қарқынды өсуде. Осындай жағдайлар ғылымдағы әртүрлі сала өкілдерінің мүдделілігінің артуына әкеліп отыр. Қала аймағындағы ғылыми зерттеулердің көптүрлілігіне қарамастан, біздің көзқарасымызша, сонымен қатар қазіргі заманғы қаланың келешегі туралы мағлұматтар көп емес.

Бас қала феномен ретінде гуманитарлық ғылымдарда білім пәні ретінде қалыптасады, қоғамдық санада елорда рөлін түсіндіру, патриотизм мен азаматтық борышты қалыптастыру, астананың социомәдени ерекшеліктері, мәдениаралық коммуникацияны ұйымдастыру факторлары мен тетіктері отандық ғалымдар тарапынан ерекше маңызға ие болып, зерттеледі.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларының, оның ішінде «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» Стратегияларының ХХІ ғасырдағы өркениеттер және астаналар рөлін зерттеуде тарихи маңызы жоғары. Тұңғыш Президентіміз: «Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Қазақ елі – мәңгілік» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», – деген болатын [3]. Соның ішінде Елбасы басты құндылықтардың бірін атап өтті. Бұл –

Қазақстанның тәуелсіздігі және астанасы. Біздің елорда, қазақ елінің жаңаша ойлау рәмізіне айнала отырып, ұлттық дүниетанымда құнды бағыттарды өмірге әкелді. Сонымен қатар бұл астананың мәдени құндылықтарына талдау жасауды қажет етіп отыр.

Елорда тарихын зерттеу маңызды ғылыми мәнге ие, себебі ол халықтардың тарихи тағдырларындағы астаналардың маңызы, астананың елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани дамуындағы маңызы секілді зерттеуге қажетті бірсыпыра теоретикалық мәселелердің өзектілігін арттырады.

Қоғамдық санада елордамыздың тарихы мен мәдени-өркениеттік дамуы туралы қағидалар жеткілікті қалыптаспаған. Сондықтан бұл тақырып мәдениеттану саласы бойынша отандық ғылым үшін ерекше зерттеу қызығушылығын көрсетеді, ұлттық өзіндік сананың өзекті болуымен бірге, Қазақстанда өзіндік мәдени, саяси бірегейлікте урбанистік үрдістің белсенді дамуы жүзеге асып келеді.

Еліміздің Тұңғыш Президенті елорданың қазақ мемлекеттілігің қайта жаңғыруында айқындаушы рөлге ие екендігін, қазақстандық жол, еліміздің тәуелсіздік символы ретінде, біздің тарихымыздың жетістігіне айналып отырғандығын атап айтады.

*Елорданың даму тарихы мазмұнды әрі бай, осы арқылы жас ұрпақтың бойында азаматтық мәдениетті қалыптастыруға, отандық тарихқа деген мақтаныш, патриоттық сезімін оятуға болады.*

Оны зерттеудің маңызды ғылыми мәні бар, себебі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы елорданың мәні, қала феномені және оның мәдени-өркениеттік дамуы, қалалық мәдениеттің өзгеруі, урбанизация және жастар, руханилықтың қалыптасуы тетіктері,



қазақстандықтардың саяси бірегейлігі; астананың әлеуметтік-мәдени феноменін түсіндіру, білім беру арқылы ұлттық мәдениеттің сақталу мен дамуының тетіктері, жолдары және т.б. сынды бірсыпыра теориялық және практикалық мәселелерді өзектендіреді.

Қаланың жаңа тарихын зерттеген З. Е. Кабулдинов «...Елорданың өскелең ұрпаққа қаланың бай тарихымен таныстырып, туған өлке мен Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге мүмкіндік беретіндігін» көрсетті [4]. Өмір жолында Ақмола үлкен рөлге ие болған С. Сейфуллиннің саяси қызметі М. Әбсеметов еңбектерінде толық көрсетілген [5]. Елорданың құрылысының қалай басталып, қалай қалыптасқаны жөнінде тәуелсіз Қазақстан астанасының бірінші әкімі Ә. Жақсыбековтің кітабында баяндалады [6].

Қазақстан қазіргі әлемде беделді орны бар мемлекетке айналуға. Біздің басымдықтарымыз да артып келе жатыр. Бұл – ХХІ ғасырдың ығына қарсы тұруға қабілетті, әрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған белсенді, жан-жақты және үйлесімді сыртқы саясат, тәуелсіздікке негізделген бас қала. Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропалық одақпен ынтымақтастықты дамыту басым бағыттар болып қала береді. Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылдың маңызы зор. Бас қала идеясы жоғары деңгейде Ұлттың дүниетанымынан, дүниеге көзқарасынан, тарихи санасынан, мемлекет туралы, әділ қоғам туралы, тәуелсіздік туралы асыл мұраттарынан туындайды. Елорда идеясының мемлекеттік басқару барысында көрініс табуы, ұлттық таным-түсініктің мемлекеттік механизммен кірігудің көрінісі болып табылады.

Нұр-Сұлтан қаласы мәртебесін алумен қатар астанаға ішкі миграция негізінде қалада демографиялық өсімнің жаңа кезеңі басталды. Елорданың халқы

1998–2003 жылдары екі есеге өссе, астана көшірілген 10 жылдың ішінде бес есеге артқан [7]. Халықтар достастығы, рухани төзімділік және өзара түсінушілік елорда мен жаңа Қазақстанның негізі болып қаланды.

Қазіргі заманғы мәдени-өркениеттік үрдістегі астана феноменін зерттеуге арналған зерттеу жұмысымыздың аясында біз елорданың қазіргі заманғы келбетін және оның мәдениетті құрастыру рөлін студенттердің қалай қабылдауы жайында арнайы зерттеу қажеттігі туралы шешімге келдік.

Әлеуметтік зерттеудің бағдарламасы «Елорда астананың мәдени феноменін» түсінуді қамтиды. Әлеуметтік зерттеудің объектісі – жоғарғы оқу орын студенттері.

Мәдени-өркениеттік үрдістегі елорда рөлін эмпирикалық зерттеуде біз қатысушылармен өзара әсерлесу процесі негізінде, бұл мәселеде сапалы ақпарат алуға мүмкіндік беретін, фокус-группа әдісін қолдандық. Талқылау мақсаты – жастардың Астанаға әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі қарым-қатынастарын анықтау. Фокус группа концепциясы қаланы мәдениеттің барлық элементтерінің байланысы мен өзара әсері нәтижесі ретінде қарастыратын жүйелі тәсілге негізделді [8].

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті тақырыпты құрастырды. Мәлімделген тақырып бойынша фокус-группа үйлестірушілері ретінде урбанизация, қала мәдениеті саласын зерттеуде тәжірибесі мол, ұйымдастыру және көшбасшылық қабілеттері бар С. К. Кенжебаева, М. М. Манасова бекітілді. Үйлестірушілер сұхбаттасуды ұйымдастыруда машықталған, фокус-группаға қатысушылармен өзара қарым-қатынас жасай алады, талқыланған мәселе бойынша білімдері терең, сыпайы, топқа көңіл бөлуге қабілетті және барлық қатысушыларға өзінің ұстанымын айта алады.

Елорданы ауыстыру өркениеттік әлемдегі ұлттық мәдениеттің белгілі бір қабатын белсендендіреді. Еуразиялық «өркениеттік делдал» идеясының базалық контексті болып қызмет етеді, ол Қазақстанның ұлттық «миссиясының» негізіне алынды. Жаңа тәуелсіз мемлекет Еуропа мен Азия кездесетін территория ретінде ұсынылады. Нұр-Сұлтан қаласы Еуразияның символдық орталығы рөліне логикалық үміткер болып табылады.

Зерттеудің болжамды нәтижесі Нұр-Сұлтан феноменін, оның ел мәдени-өркениеттік үрдісіндегі орнын түсіну деңгейін анықтау болып табылады.

Міндеттері:

- астананың қала кеңістігі спецификасын анықтау;
- қазақстандықтар өміріндегі астана рөлінің маңыздылығын анықтау;
- астананың әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін және Қазақстанның басқа қалаларынан өзгешелігін анықтау;
- Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Еуразиялық одақ құрудағы рөлін айқындау;
- астананың геосаяси жағдайының маңыздылығын анықтау;
- астанада болып жатқан жаһандық жағдайлардың студент жастар үшін маңыздылығын зерттеу.

Сценарий елорданы мәдениеттанушылық, әлеуметтанушылық, семиотикалық аспектілерде түсініп, рөлін анықтауға бағытталған сұрақтарды қарастырады. Фокус-группа респонденттері – қарағандылық үш жоғары оқу орындарының студент жастары.

Зерттеудің бірінші блогы Нұр-Сұлтанды Қазақстанның астанасы ретіндегі студент жастардың жалпы түсінігін бағалауға бағытталған сұрақтарды қамтиды.

Аталған тақырыпты талдау «Сіз астана туралы не білесіз?» деген сұрақтан басталды. Талдау барысында респонденттер астана тарихы жөніндегі білім-

дерін көрсетті, оның болашағын Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаевпен байланыстырады, астана дамуындағы айтарлықтай өзгерістерді атап көрсетті. Қатысушылардың көпшілігі астананы іскери белсенділік пен ғылым ордасы, студенттік қала ретінде қарастырып, дамыған инфрақұрылымы мен орналасуы тұрғысынан экономикалық және мәдени тиімділігін атап өтті. Бұл жөнінде респонденттер келесі үлгіде өз ойларын білдірді: «Елорда – жас, әрі тез дамып келе жатқан астана», «Елорда – заманауи мегаполис», «қандай да бір өзге астананың дәл бұлай қарыштап дамып жатуы екіталай», «елдің әкімшілік орталығы», «астананы Алматыдан көшіру – Президенттің дұрыс шешімі», «әдемі ғимараттары бар, өте әдемі қала», «Елордаға келгенде ертегі әлеміне тап болғандай боласың», «астанамыз ретінде Нұр-Сұлтан біздің елдің әлемдегі имиджін күшейтуде», «Бас қала – бизнес үшін тиімді қала».

Респонденттердің көбі астанада тұруды қалайды, өздерінің болашақ кәсібі қызметтерін онымен байланыстырады: «астанада тұрудың беделі жоғары», «отбасыммен бірге Нұр-Сұлтанда тұрғым келеді», «барлық дерлік атақты ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері астанада тұрады», «менің болашақ мамандығым астанада сұранысқа ие».

Сонымен қатар, респонденттердің бір бөлігі келесі жағдайларды атады: «астанада өмір стандарты жоғары», «ең басты мәселе – баспананың жоқтығы», «өзіңнің материалдық жағдайыңды тиісті деңгейде қамтамасыз ету үшін өте көп еңбектену керек, барлық астаналарда өмір сүру өте қымбат», «мен өз қаламды жақсы көремін, ал астанаға турист ретінде демалуға, ойын-сауыққа барамын».

«Елорданың тартымдылығы неде? Керісінше, несімен тартымсыз?» деген сұрақтарының талдау қорытындысын жинақтайық. Респонденттердің көпшілігі астананың тартымдылығы ретінде ғимараттық

архитектураларды белгілегені атап кетерлік дерек: Президент резиденциясы, Президенттік мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі, Бейбітшілік пен келісім сарайы, «Астана Опера» опера және балет театры, «Хан шатыр» сауда ойын-сауық кешені, «Астана-Бәйтерек» монументі және тағы басқалары.

«Елорда несімен тартымсыз?» сұрағы бойынша қатысушылардың басым көпшілігінің пікірін келтірейік: «нашар климат», «экологиялық мәселелері бар», сол жағалау мен қаланың оң жағының арасындағы түбегейлі айырмашылық», «тар көшелер», «үнемі асығушылық, және адамдардың бір-біріне деген зейінсіздігі», «өз қалаңдағыдай үйреншікті өмірден бас тарту керек», «жаңа дос таппау қорқынышы». Қатысушылар тезисі мен оларды бақылау респонденттердің астанадағы адамдардың қарым-қатынасына, үлкен қаладағы жалғыздық мәселесі, өмірдің жаңа қарқыны мен үлгісіне үйренісу қиындығына ерекше мән бергендігін көрсетеді.

Фокус-группаның қатысушылары астана халқы көпұлтты құрамымен ерекшеленетінін бірнеше рет атап көрсетіп, осы байланыс бойынша Астананың толеранттылықты қамтамасыз ету мен мәдениеттер сұхбаттасындағы рөлі қандай деген сұраққа респонденттер бірауыздан былай жауап берді: «Елорда – поликонфессиялы Қазақстанның бейнесі», «Нұр-Сұлтан – келісім мен бейбітшілік астанасы», «біздің астанамыз ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» марапатына ие болды», «қандай ұлт екеніне қарамастан, астаналықтар өздерін қазақстандықтар ретінде санайды». Нұр-Сұлтан қаласында сессиялары өтетін, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі және астанада өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі, астаналық тұрғындарда мәдени құндылықтарға, нормалар мен идеалдарға жақын, қоғамдық сезімнің бар екені ерекше атап өтілді.

Респонденттер елорда тарихы қазіргі кезде астанада тұрып жатқан, көптеген халықтардың тарихи тағдырының тұтастығын көрсетеді деп санайды. Жазық даланың үстіне салынған бұл қала Қазақстандықтардың ортақ еңбегінің жемісі екендігіне топ қатысушылары сенімді.

Бірінші блок сұрақтарын талқылауда фокус-группа қатысушылары «қоғамдық қатынастар», «құндылықтар жүйесі», «діни толеранттылық», «конфессияаралық келісім», «ұлттық және территориялық бірегейлік», «қызығушылықтардың бірлігі», «социумның көпмәдениеттілігі» ұғымдарына түсініктеме берді.

Сұрақтардың екінші блогы астананы мәдени феномен ретіндегі пікірлерін және астанамен байланысты жастардың болашақ жоспарларын анықтауға бағытталған.

«Елорда – еліміздің мәдени бренді» тезисі топ қатысушылары арасында пікірталас тудырды.

Кейбір қатысушылар астананы мәдени орталық ретінде санамайды. Олар тұрғындардың астаналық мәдениеті деңгейінің жеткіліксіз деңгейі мен тарихи ескерткіштердің жоқтығын негізге алып, осындай пікір ұстанады.

Сонымен қатар, астанада ұлттық дәстүрді сақтап, батыстық қала құрылысы тенденцияларын үйлестірген мәдениет объектілерінің жеткілікті екендігі жөнінде де пікірлер айтылды. Елорданы мәдени орталық ретінде санайтын респонденттер көпұлтты тұрғындардың мәдениетінің өзіндік болмысын, үштұғырлы тіл дамуын, астаналықтардың мінез-құлқы мен стилін, сән үлгісі мен өмірдің ерекше динамикасын атап өтті. Елорда қайталанбас бірегей мәдениеттанушылық бейнеге, көп жылдық тарихқа, архитектураға ие екендігі жөніндегі пікірге көптеген дәлелдер келтірілді. Неғұрлым маңызды мәдени іс-шаралардың дәл осы астанада өткізілуі астана халқы мен қонақтарын өнерге икемдейді. Топ қатысушыларының бірі Нұр-Сұлтан жаһандық масштабтағы

мәдениет және өнер орталығының негізі болуы мүмкін деген өз үмітін де жеткізді.

Респонденттер «мәдени бренд» құбылысына «қазақ дәстүрінің бірегейлігі», «көпұлтты қала тұрғындарының құндылықтар мен нормалар жүйесі», «қалада өзін-өзі дамытуға мүмкіндік бар», «басқа қалалар мен елдерде жоқ қайталанбас ғимараттар мен кварталдардың жиынтығы» деген түсінік берді.

Елорданың қазіргі архитектуралық бейнесін қатысушылар үйлесімді деп санайтынын ерекше атап өткен жөн. Астананың Бас құрылыс жобасы мен дамуына, жалпы алғанда, респонденттер қолдау көрсетті. Пікірлер мынадай: «Нұр-Сұлтан – бұл шығыс қаласы», «Елорда архитектурасында шығыс және батыс мәдениет үйлестірілген», «астана әлі де болса архитекторлар үшін эксперименталды база», «тұрғызылған ғимараттарда заманауи дизайн мен ұлттық бояу жақсы келістірілген», «Елорданың архитектуралық стилі Қазақстанда болып жатқан өзгерістерді бейнелейді».

Жауаптар анализі респонденттердің жоғары сыншылдық танытқандығын көрсетеді. Респонденттердің бір бөлігі «астана біртіндеп ұлттық бояуын жоғалтып, батыстық үлгілерге еліктейді», «астанаға жоғары миграция басқа қалалардың экономикалық және мәдени жағынан құлдырауына, ауылды мекендерде адам санының төмендеуіне әкеледі» деп санайды.

Жастардың ұғымында елорда – кәсіби және жеке жоспарлардың жүзеге асу үшін жоғары мүмкіндігі бар қала. Бұл қатысушылардың «Елордада қандай білім жобалары бар?» және «Қала кеңістігі жастардың әлеуметтік белсенділігіне әсер етеді ме? Қалайша?» деген сұрақтарға айтылған пікірлерімен расталады.

Респонденттер елорда университеттерінің көп мөлшерін атады, соның ішінде Назарбаев университетінің

ерекше статусы мен рөліне, елорданың жоғарғы интеллектуалдылық қуатына ерекше көңіл бөлінді. Қатысушылардың есептеуінше, «астананың жоғарғы оқу орындарында мемлекеттік білім гранты бойынша оқытындардың саны көбірек», «Елорда жоғары оқу орындарының түлектері, шетаймақтық ЖОО түлектеріне қарағанда айтарлықтай бәсекеге қабілетті» және оларда «елордадан жақсы жұмыс табуға деген мүмкіндігі жоғары», «Елорда университеттерінде білім ортасы интерактивті». Респонденттердің көбісінің ойынша, астананың студенттері мен жастары театрларда, музей, концерттерде, спорттық шараларда көп болады, көпшіл, олардың өмірі мәдени және қоғамдық өмір оқиғаларына толы, әлеуметтік жағынан белсенді әрі ілгері.

Елордадағы жастардың әлеуметтік белсенділігіне әсер етуші маңызды факторларға қатысушылар мобильділікті, мәдениетаралық коммуникацияны, білім, технология, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы жаңашылдықты жатқызады.

Қатысушыларға астана әлеуметтік-мәдени ортасының дамуы мен жағдайында ескерілетін интеграция, миграция, сегрегация, ассимиляция құбылыстарын талқылау ұсынылды. Сондықтан қатысушылардың көбісі үшін берілген құбылыстар белгісіз немесе үстірт түсінінді. Фокус-группаға қатысушылардың тек екеуі ғана берілген түсініктерді ұғындыра алды, қала кеңістігіндегі тұлғаның даму факторлары ретінде олардың екі жақты табиғатын көрсетті.

Респонденттер маргинализация, жұмыссыздық, жастардың дәстүрлі емес діни ұйымдарға қатысуы мәселелеріне тоқталып өтті. Оларды психологиялық ықпал етудің жағымсыз факторлары ретінде санады. Жас адамдар танылмаған затты қабылдауға, белсенді түрде насихатталу арқылы тиым салынғанға,



элеуметтік желі арқылы коммуникацияға қабілеттірек келеді. Келесі тезистер естілді: «елордалық өмір жастарды аздыруы да мүмкін», «әлсіз психика, психологиялық тұрақсыздық және эмоционалдылық жаңа сезімдерді іздеу үшін негіз бола алады», «үлкен қалада элеуметтік бақылаудың болмауы түйсінуді бәсеңдетеді», «шала таныс адамдардың ортасында барлығы болады деген қате пікір туындайды», «мегаполис – еркін іс-әрекет пен ойлар үшін керемет орта». Респонденттер бірнеше рет елордаға көптеген студенттердің Қазақстанның түрлі қалалары мен ауылдарынан келгендігін атап өтеді, осылайша еркіндік сезініп, ата-ананың қамқорлығының болмағандығынан бағынышсыз тұрмысты бастап кетеді және бұл кейде тұлғаның дамуына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қалалық өмірдің жастарға психологиялық әсері туралы пікірді барлық респонденттердің айтпағанын ерекше атап өткен жөн. Қалалық ортаны зерттеуші Г. Зиммель өзінің еңбегінде қаланың ерекше жетістіктерінің қатарына интенсификацияны «nervous stimulis» (адамға психологиялық жағына әсер ету) жатқызады. Оның пікірінше, қала индивидті әртүрлі белгілер, дыбыстар мен иістермен бастырмалайды және осылардың бәрі индивидті зеректікке үйретеді, бірауақытта түйсінудің бәсеңдеуіне алып келеді.

Группаға қатысушылардың бірі осы уақытқа дейін неліктен елордада тұрмайтындығы жөнінде тұжырымдай алмағандығы туралы мойындады. Берілген сұрақты талқылаудың соңына қарай, қатысушы астанада өмір сүру үшін кедергінің шынай себебі, үлкен қала кеңістігінің жағымсыз әсерінен қорқу сезімінің болғандығын айтты.

Талқылауға қатысушылардың барлығы жоғарғы оқу орындарында қала кеңістігінің адамның санасына,

оның менталитетіне және рухани дүниесіне әсер етудің психологиялық және мәдениеттанулық аспектілерін оқыту қажеттігін мойындады.

Респонденттер астананың мәдени дамуына әсер етуші маңызды оқиғаларды атады: Астана экономикалық форумы, «Астана ЕХРО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі және т.б. Екінші блок сұрақтарын талқылау біткен кезде респонденттер елорданың әлеуметтік-мәдени феноменін «еліміздің тәуелсіздік символы», «Қазақстан Республикасының тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізі», «Еуразия жүрегі», «бәсекеге қабілетті экономикасы бар, еліміздің азаматтары, туристтер және кәсіпкерлер үшін тартымды қала» деген пікірлермен тұжырымдады.

Бүгінгі таңда қала саяси, әкімшілік, экономикалық орта ретінде қарастырылады. Жаһандық әлеуметтік және мәдени өзгерістер қалаларда болып отыр. Қала кеңістігі адамдардың түрлі қауымдастығын және түрлі субмәдениеттерді біріктіреді. Мәдениетті іске асырушы, көп функцияларды таратушы, өмір сүру ортасы, әлеуметтік-мәдени өзгерістердің шоғырлану ортасы ретінде қала қоғамдық санаға әсер ету объектісіне айналып отыр. Берілген сипаттамалар астананы әлеуметтік-мәдени феномен ретінде зерттеуде және анықтауда қажет. Елорда ретінде Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттің тәуелсіздігін білдіреді және қазақстандықтар оның гүлденуімен ел болашағын байланыстырады.

Елорданың қалалық кеңістігі жастардың әлеуметтік белсенділігінің қайнар көзі болып саналады. Жастар келешектегі кәсіби және тұлғалық қалыптасуын елордамен байланыстырады. Жастардың көзқарасынша, елорда шығармашылық даму үшін интеллектуалды мүмкіндігі жеткілікті және де өндірістік және рухани жағынан қарқынды дамуды қамтамасыз етуге қабілетті орта.

Мәдениетаралық коммуникация, поликонфессиялық, ұлтаралық қатынастар мен ынтымақтастықтың динамизмі – Қазақстан астанасына тән сипаттамалар. Олар адамның өмір сүру қызметіне тұрақтылықты береді, мәдени-өркениеттік процеске жағымды әсер етеді.

Фокус-группа жұмысының маңызды нәтижесі болып тұрғын-үй, психологиялық, көлік қатынасы, қаланың архитектуралық-көркемдік ортасын ұйымдастыру, қала тұрғызу, қазақстандықтардың саяси және мәдени бірегейлігі секілді мәселелердің өзектендірілуі саналады.

Қазіргі жастар астана тарихы жөнінде жеткілікті білімге ие, қаланың инфрақұрылымының модернизациясы, астананың маңызды коммерциялық, мәдени-ойын-сауық және тұрғын-үй объектілерінің рөлі, астананың мәдени феномендігі туралы түсініктері бар.

Фокус-группаға қатысушылардың талқылау нәтижесі ретінде, жаңа мемлекеттілік, жаңа елорда, ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы үрдісіне сәйкес фактілерді мойындау саналады.

Біздің зерттеу жұмысымызда когнитивті, мотивация және құндылықтық компоненттерді анықтау, құжаттарды талдау және зерттеу, қызмет ету нәтижесін анализдеу әдістері қолданылады.

Елорданың әлеуметтік-мәдени феноменін түсіну компоненттерін қалыптастыру үшін айтарлықтай мүмкіндік, ең алдымен, когнитивті, біздің көзқарасымызша, Тақырыптық жоспарды және «Мәдениеттану», «Философия», «Саясаттану», «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» оқу курстарының мазмұнын талдау, зерттеп отырған мәселенің міндеттері толық көлемде шешілмейді деуге болады. Елорданың феномендігі, жаңа астананың өзекті әлеуметтік-экономикалық жағынан өзгеріске ұшырауы үстірт көрсетілген, біздің астанаға қатысты, сұрақтарды зерттеуге берілген сағаттар саны

жеткіліксіз, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда елорданың маңыздылығына екіпін жасалмаған.

Өткізілген эмпирикалық зерттеу негізінде студенттерде астананың қазақ елінің мәдени және рухани ортасы ретіндегі рөлі туралы түсінікті қалыптастыруға бағытталған ЖОО-на тәжірибелік нұсқаулар ұсынылып отыр:

1. «Мәдениеттану», «Философия», «Саясаттану», «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» оқу пәндерінің мазмұнын, қазақ елі мәдени-өркениеттік дамуындағы елорда феномені, Қазақстан астанасының тарихи-мәдени динамикасы, Қазақ елінің мәдени-өркениеттік ортасы ретінде астана семиотикасы сияқты, бұл реттегі өзекті сұрақтарды зерттеумен толықтыру.

2. ЖОО-ғы тәрбиелік үрдісінде Қазақстан астанасының тарихы мен келешегін оқыту арқылы студенттердің бойында патриотизм және азаматтық мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар өткізу: дөңгелек үстелдер, Астана туралы видеофильмдер көрсету, фотокөрмелер мен фотогалереялар, конкурстар мен викториналар, экскурсиялар ұйымдастыру.

3. Әлеуметтік зерттеу нәтижесінде жасалған сауалнамаларды, фокус-группа сценарийін ЖОО-да пайдалану, студент жастардың азаматтық мәдениетін қалыптастыру деңгейімен айналысу.

Елорданы басқа қалалармен салыстырып қарасақ, айырмашылықтарын көруге болады:

- көп жылдық тарихы бар қала;
- жеке урбанологиялық кеңістігі қалыптасқан қала;
- «таңғаларлық», дәстүрлі дала көрінісінің қазіргі заманғы елордалық қалаға айналуы;
- полимәденилік, ашықтық;
- мемлекетті репрезентациялау қызметі;
- таңғаларлық архитектуралық құрылыстар.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласы мәдени мұрамызды жаңғырту рөлін атқарып отыр. Елдік тұтастық пен бірлікті сақтаудың негізіне де айналып отыр. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев негізгі саясатын бірегейлену жобасының жүзеге асыра отырып, халықтар арасындағы достастықтың дамуын алға тартып отыр. Елорданың суреттік бейнесі бүгінгі таңда республика мен әлемге тарап кетті. Бас қаланың «монументті» жобасы – Қазақстанның ұлттық құрылыс жобасындағы маңызды элемент.

Еліміздің нышанына айналған жалпы елорда архитектураларының метафорлығы, ежелгі мифология және қазақ тарихымен байланысты. Қазақ мәдени мұрасының әмбебап архаикалық идеяларын алға тарту арқылы жас астана тағы бір өзіндік ерекшелікке ие болып отыр. Бізді қоршаған қазіргі заманғы әлемнің әртүрлілігі, рухани байлығы және экономикалық мүмкіндігі, жаңа шығармашылық идеялар астананың архитектуралық бейнесінде көрініс тауып отыр.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында тәуелсіздік уақытында жасалған «қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету үлгісі, ұлтаралық келісім, қазақстандық бірегейлік және жалпықазақстандық патриотизмнің қалыптасуы» керек дейді. Осы үлгінің қалыптасуын Қазақстан жағдайының «ретро-анализі» сендіреді, оның жүзеге асуы және кейінгі нәтижелері екі негізгі әлеуметтік-саяси факторлардың арқасында мүмкін болып отыр. Егер бірінші факторы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болса, екінші фактор – елордамыздың Орталық Қазақстанға ауыстырылуы.

«Ел болу» биік әрі мағыналы сөз, оның іргетасы – мемлекет.

*Ата-бабаларымыздың «егеменді ел болу» арманы орындалды. Әсіресе, «Қазақ елі» атану арман еді. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз ел, мемлекеттік астанасы бар. Астанасы бар ел ғана өркениет жолына түсе алады. Сондықтан «Қазақстан астанасы» деген ұғымды қоғамдық білімдер жүйесінде қолдануға мүмкіндік туып отыр.*

Бүгінде өркениетті елдер қатарына ену барысында ұлттық идеология – тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа таралып келе жатқан бүкіл елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, халықтың санасында жетілдіру арқылы өз үлесін қосып отыр. Әсіресе, ұлттық астананың қалыптасуы жас ұрпақтың, қазақ ұлтының да, қазақ мемлекеттігінің де болашақ тағдыры үшін әсері зор. «Қазақ елі – мәңгілік» идеясы ұлттық идеяға айналып отыр. Азаматтарына дұрыс идеологиялық бағыт-бағдар ұсынған мемлекеттің ғана өмірі тұрақты, болашағы баянды болмақ.

### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. А. В сердце Евразии. – Астана, 2005. – 192 с.
2. Astana: A 21st century capital. State Book of Kazakhstan. – London: Caspian World Communication LTD. 2013.
3. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 1998. – 96 б.
4. Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – № 828–831. – 1–8-б.
5. Кабульдинов З. Е. История Астаны. Учебное пособие для учащихся общеобразовательных школ. – Астана, 2007. – 200 с.
6. Абсеметов М. От «Белой могилы» до столицы // Литер. – 2007. – С. 10.
7. Джаксыбеков А. Р. Так начиналась Астана: записки первого акима столицы. – Астана, 2008. – 304 с.
8. Астана. Статистический ежегодник. – Астана, 2003. – 273 с.
9. Бурдые П. Практический смысл. – М., 2001. – 562 с.

### 3.3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ТИІМДІ КӨШУ ФАКТОРЛАРЫ

«Мәңгілік Ел» және «Қазақстан-2030» идеологиясы тұрғысынан жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда инновациялық экономиканың негізгі ғылыми кезеңдерін қазақстандық қоғамның даму ерекшелігімен байланыста қарау айтарлықтай өзекті болып табылады. Осындай ең маңызды ерекшеліктердің бірі «серпінді» (серпінді технология, серпінді жоба) сценарийі, ол ескірген әрі тиімсіз «қуып жету және басып озу» стратегиясына қарағанда жаңа инновациялық экономиканың сапасына негізделеді.

Қазіргі кезде нақты әлемдік экономикалық кеңістік виртуалды-сандық екені айқын. Ұлттық шаруашылықтың күн тәртібінде келесі үрдістер мен үдерістердің өзара қатынасы секілді өткір мәселелер тұр. Олар – жаһандану, ақпарат пен экономика. Оның үстіне, жаңа инновациялық экономика жағдайында ақпараттық-экономикалық өнер деп аталатын, бір өндірістік факторды екіншісіне және керісінше біріктіру және түрлендіру жаңа өнері пайда болды.

«Еңбекті» немесе қазіргі кезде нақтырақ айтқанда ақпараттық-интеллектуалдық қызметті қоғамдық бөрудің және біріктірудің жаңа формасы ретінде аутсорсинг пайда болды. Сондықтан көбінесе жаңа жағдайларда жол-жөнекей ең айқынын бірінші көруге тура келеді. Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз, қазіргі ресурстар шектеулі

ғана емес, шексіз де болып барады. Табиғи интеллекті өзінің жасанды «бауырлары» арасында мәжбүрлі түрде тез күрделенетін жиі өзгеретін мәселелерді бірге шешуге және өзінің әрі қарай сәтті дамуы үшін бірегей мүмкіндіктер іздеуіне тура келеді.

Жаңа инновациялық экономиканың әдіснамасында ақпарат материалды, ал материя өз кезегінде идеалды әрі интеллектуалды дегенге сүйенеміз. Осыған байланысты заманауи жаңа экономикалық үдерістерге және қатынастарға жаңа ұялы құрылымдық-жүйелі тәсілді де қолданады. Осындай тәсіл арқылы ұлттық инновациялық экономикада әртүрлі ресурстардың өзара бір-біріне айналу әлеуеті анықталады және түрлі шаруашылық үдерістерде объективті мен субъективтінің пәнаралық талдауы мен жинақтауы жүзеге асырылады.

Әлемдік қоғамдастықтың заманауи дамуы мемлекеттердің экономикасының жүйелі біріктірілуімен, капиталдың халықаралық шоғырлануымен, әлемдік нарықтың біріктірілуімен және компаниялардың шаруашылық қызметінің жаһандануымен сипатталады. Оның негізгі факторлары ғылыми-техникалық үдеріс және өндірістің негізгі факторларын интеллектуалдандыру болып табылады.

АҚШ, Жапония және Еуропалық одақ елдерінің экономикалық және технологиялық басымдылығы өнеркәсіптің ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық салаларына негізделген және бұл елдерге әлемде саяси үстемдікті қамтамасыз етеді. Қызметтің инновациялық саласының маңыздылығы мен ерекше мәнін жете түсінген осы мемлекеттердің үкіметі мемлекеттік қолдау мен арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы агрессиялық инновациялық саясатқа көшті. Бұл осы мемлекеттерде орналасқан компанияларға күшті технологиялық жұлқыныс жасауға мүмкіндік береді



және осы елдерде басқалармен салыстырғанда барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша үлкен алшақтықты қамтамасыз етеді. Осыған байланысты мемлекеттік саясаттың стратегиялық мәні тұрақты даму мен инновациялық бағытына ие болады, ал мазмұны басқару, нарықта жаңа тауарларды дайындау және шығару, жаңа технологияларды дайындау және ендіру, жаңа білімді құру және қолдану болып табылады.

*Қазақстанның тұрақты дамуы әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа негізделген, бұл дегеніміз экономиканың инновациялық дамуын жалғастыру және оның экономикалық әлеуетін сапалы түрде көтерудің бірден-бір факторы болып табылады. «Мәңгілік Ел» және «Қазақстан-2030» стратегия тұрғысынан алғанда біздің мемлекетіміз ел экономикасын ойдағыдай модернизациялауға болады деп сенуге және оның инновациялық дамуының негізгі міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.*

Қазақстан минералды және энергетикалық ресурстар кен орнына бай. Менделеев кестесіндегі 110 элементтің Қазақстан Республикасының жер қойнауына 99-ы анықталғаны белгілі, 70-не барлау жүргізіліп, 60-ы қолданылуда. Қазақстан мырыш, вольфрам және бариттің барланған қоры бойынша бірінші орында, күміс, қорғасын және хромит қоры бойынша – екінші орын, мыс, марганец және флюорит – үшінші орында, төртінші – молибден, ал алтын қоры бойынша алдыңғы ондыққа кіреді. Ел үлесіне темір рудасының әлемдік қорының шамамен 8%-ы және әлемдік уран қорының шамамен 25%-ы тиеді.

Соңғы жылдары Қазақстан инвестициялық ресурстарды тартуда инвесторларға анағұрлым жоғары талаптар қоюда. Шетелдік капиталдарың қатысуымен кәсіпорындар саны өсуде. Қазақстанда маңызды ғылыми-техникалық әлеуеті, білікті ғылыми кадрлары және

жоғары білімнің тұрақты жүйесі бар. Сонымен бірге, Қазақстан өнеркәсіптің өңдеу саласында инвестиция салу үшін тартымдылығы аз. Бұл шикізат ресурсы нарығында жағдаяттардың өзгеруіне экономиканы қорғансыз және сезімтал етеді.

Қазақстан экономикасының инновациялық құрылымының дамуында бірқатар мәселелері бар. Бірінші кезекте, бұл экономиканың шикізатқа бағытталуы және өңдеу өнеркәсібінің төмен өнімділігі. Осыған байланысты ел ішінде әлемдік экономикаға біріктірілу де, салааралық және аймақаралық біріктірілу әлсіз. Елімізде ішкі нарықта тауарлар мен қызметтерге тұтынушылық сұраныс төмен, мұнай-газ және тау-кен металлургиялық кешендерден өзге экономика саласындағы негізгі қордың тозуы өсуде.

Ғылым мен өндірістің онша тиімді емес байланысын, ұлттық ғылымның нарықтық экономика жағдайына нашар бейімділігін, ғылыми-технологиялық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізуге ұтымды механизмнің жетілмегендігін мемлекет жеңуі керек. Елімізде мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін заманауи жүйе, сонымен қатар экономиканың өңдеу секторына инвестиция салу үшін ұлттық қаржы институттарының ынтасы жеткіліксіз. Қазақстандағы менеджмент экономиканың жаһандану үдерісіне бейімделуі мен сервистік-технологиялық экономикаға толықтай көшу талаптарына толық сәйкес келмейді.

«Мәңгілік Ел» және «Қазақстан-2030» стратегия тұрғысынан осы мәселелерді шешу үшін ХХІ ғасыр басында Қазақстанда инновациялық саланы мемлекеттік реттеу жүйесін құру жолында бірқатар қадамдар жасалды. Мысалы, қазіргі кезде Қазақстан Республикасы 2015–2019 жылдарға арналған Үдемелі индустриалды-инновациялық даму стратегиясының екінші толқынын іске асыруда. Бұл құжаттарда ел экономикасын екпінді дамудан инновациялық даму үлгісіне көшіруді жалғастыру

міндет қойылған. Индустриялы-инновациялық саясаттың артықшылықтары әлеуетті бәсекеге қабілетті, соның ішінде экспортқа бағдарланған шикізаттық емес саладағы өндірісті дамыту және құру, ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық өндіріске жағдай жасау.

Тұтастай алғанда, 2019 жылға дейін ел экономикасы толықтай сервистік-технологиялық дамуға көшуге дайын болуы керек. Стратегияның тапсырмаларын жүзеге асыру кезінде және оларды тәжірибелік кеңістікке ауыстыруда жергілікті атқарушы органдар негізгі рөл атқаруы керек. Жоғары технологиялық өндірісті құруда, соның ішінде шетелдік және салааралық технология трансфертінің тиімді жүйесін құруға атсалысу, ғылыми-техникалық және өнеркәсіп ұйымдары мен жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар кәсіпорындар желісі бар қалаларда ғылыми және инновациялық инфрақұрылымның (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және т.с.с.) заманауи элементтерінің қызметін құру және қолдау, постиндустриалды экономика тұрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қолданыстағы ғылыми-техникалық әлеуетті пайдалану негізгі бағыттар болып белгіленді.

Қазіргі таңда Қазақстанда бірқатар бағыттар бойынша отандық өндіру негізінде ғылымды қажет ететін өндірісті дамытуға мүмкіндік беретін ғылыми база бар. Олар – биотехнология (ауылшаруашылық мәдениеті мен жануарлардың жаңа сұрыптары мен генотиптері, бактерия штаммы және т.б.), ядролық технология, ғарыштық технология; жаңа материалдарды, химиялық өнімдерді және басқаларды жасау, жаңа материалдар мен химиялық технологиялар, ақпараттық технологиялар секілді заманауи ғылыми-техникалық бағыттар саласында зерттеу жүргізу үшін қажетті жағдай тудыру, ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен

кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға бағытталған заңнамалық базаны жетілдіру, ғылым мен инновация саласына инвестиция тарту, инновацияны өнеркәсіп пен қызмет саласына тезірек енгізу.

Білім саласында инновациялық қызметтерге арналған кадрлары даярлауға назар аудару күшейтілуде, мемлекет пен жеке секторларды қатыстыра отырып жұмысшылар мен техникалық мамандықтағы мамандарды кәсіби даярлау, аттестациядан өткізу және қайта даярлау сұрақтарымен айналысатын институттар құру, білімнің барлық түрлерінде материалды-техникалық және әдіснамалық базаларды нығайту, халықаралық талаптарға сай келетін білім беру стандарттарын әзірлеу және енгізу, Қазақстанда жұмыс істеу үшін жоғары білікті мамандарды даярлау және тарту саласында халықаралық ынтымақтастық және т.с.с. қарастырылуда.

Өнімді экспорттауға бағдарланған, ғылымды қажет ететін және ресурс үнемдегіш, экологиялық таза өнімді дайындауға бағытталған зерттеулерді дамыту, ғылыми жетістікті тәжірибелі түрде жүзеге асыратын механизм мен ынталандыру жүйесін құру, экономиканың жаңашылдықты қабылдауға қабілеттілігін мүмкін болғанша ынталандыру және отандық ғылыми-техникалық әлеуеттің атқарған жұмыс көлемі үшін жағдай туғызу, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін материалдық базаны нығайту, кадрлық әлеуетті сақтау және дамыту, ғылымның мемлекеттік емес секторын және оны қолдайтын мемлекеттік механизмді құру және дамыту, жас талантты ғалымдарды қолдау, қазақстандық ғылымды халықаралық ғылыми-технологиялық қоғамдастықта біріктірілуін қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың ғылым саласындағы негізгі бағыттары.

Экономиканың инновациялық құрылымын дамыудың келесі бір мәселесі аз дамыған инфрақұрылым. Оның

жақсаруы шикізаттық емес өнеркәсіптің дамуына ынталандырушы шара болып табылады. Мәселе Қазақстанның географиялық тұрғыдан тұйықталған ел екендігінде және инфрақұрылымды дамыту ұлттық өндірушілерді өтімнің негізгі нарығына барынша жақындатуы керек. Бизнестегі шығынға және тауар мен қызметті тасымалдауға байланысты мәселелерді шешу үшін мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін дамытуға жағдай жасау керек.

Инновациялық инфрақұрылымды құру, әсіресе, технологиялық парктер мен инновациялық қорды дамыту бойынша нақты қадамдар анықталды. Инновацияны қаржыландыру грант негізінде шешілді. Қазақстан Республикасы ҒЗТҚЖ үшін бес ұлттық басымдықты орнатты: көмірсутегін өндіруде жаңа технологиялар, биотехнология, ақпараттық және ғарыштық технология, нанотехнология және жаңа материалдар, ядролық технология және жаңғырмалы энергетика технологиялары.

Арнайы механизмдердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін тәуекелді инновациялық жобаларды қаржыландыру отандық және шетелдік инвесторлармен бірге еншілес қорлар құратын желі арқылы қаржылық инфрақұрылым дамиды. Шетелдік озық технологиялардың трансферт жүйесі, соның ішінде Қазақстанның жаңа технологияларды дайындайтын және дамытатын халықаралық компаниялардың құрылтайшысы және акционері ретінде қатысуы арқылы құрылады.

Нәтижесінде экономиканың жаңа жоғары технологиялық бағыты дамиды, мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың тиімділігі артады. Қазақстан көбіне табиғи шикізаттық ресурстарды экспорттауға бағдарланған экономикадан көбіне «білімді» пайдалануға негізделген экономикаға көшуді жүзеге асыра алады.

Инновациялық экономиканың сәтті дамуына негізгі рөл атқаратын энергетиканы мысалға алайық. Осыған

байланысты, бүгінде және болашақта инновациялық экономиканың дамуында баламалы қуат көздерін пайдалану айтарлықтай орын алады. Бұдан өзге, инновациялық экономика мен энергетиканың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік энергетикалық саясатты дамытудың негізгі мақсаты қоршаған ортаға ластағыш заттарды, сонымен бірге парникті газдар эмиссияларын тастауды азайту, өндірістен және тұтынудан қалған қалдықтардың пайда болуын қысқарту арқылы қоршаған ортаға және климатқа энергетикалық кешеннің жүктемесін жүйелі түрде шектеу болып табылады. 2020 жылға дейін жер қойнауын пайдалану саласында, экологиялық талаптарды қатайту, ілеспе мұнай газды тиімді пайдалану жөнінде шаралар кешені әзірленуі, энергетикадағы инвестициялық жобалардың мемлекеттік экологиялық сараптама жүйесі әзірленуі керек. Сондай-ақ, энергоресурстарды оңтайлы пайдалану мен энергетикалық секторлар қызметінен шығатын қалдықтарды тиімді пайдалану үшін компанияларды ынталандыру мәселелерін шешу жолында әлі де кедергілер бар.

Жаңғыртылатын көздер қоршаған ортаға айтарлықтай кері әсерін тигізбейді. Баламалы қуат көздерін дамыту инновациялық экономиканы ғана емес, сондай-ақ электроэнергетика реформасын дамыту, осы салада бәсекелі орта құру мақсатымен сай келеді. Мысалы, жел энергетикасының қоршаған ортаға айрықша ықпалы, құлақпен естілмейтін, бірақ 16 Гц төмен жиіліктегі инфрадыбыстық тербеліс кезінде адамдарға зиянды әсерін тигізетін, құстардың қалыпты қозғалысын бұзатын айтарлықтай шуды және тербелісті, генерацияны тудыру болып табылады. Сондай-ақ, алып жел қондырғылары қымбат құрылғы мен оларды пайдалануды биологиялық зияны салдарынан өз-өзін ақтамай тұр. Бір жүйеге біріктіретін шағын желдік турбиналар неғұрлым тиімді.

Күн энергиясы, сондай-ақ дәстүрлі органикалық және ядролық энергиясы артықшылықтарға ие. Бұл қоршаған ортаға зиян тигізбейтін тек қана таза энергия түрі болып келеді, ал оны пайдалану бірде-бір биологиялық қауіптілігімен байланысты емес. Үлкен ауқымда күн энергиясын пайдалану біздің планетамызда қалыптасқан эволюцияның энергетикалық балансын бұзбайды. Шағын су электр стансаларына (СЭС) қатысты, онда өзендері де шағын бөгеттерді бұзады және өзендер мен іргелес аумақтарда гидрологиялық режимін оңтайландырады. Оларды экологиялық келісілген табиғатты пайдалану мысалы ретінде қарастыруға болады, табиғи процестер жұмсақ араласады. Дегенмен осындай қондырғыларда алынатын энергияның құны ірі ГЭС, ЖЭС (Жылу электр стансасы) немесе АЭС (Атом электр стансасы) гөрі айтарлықтай артық, бірақ оны алуға жоғары экологиялығы мақсатқа сай келеді.

Инновациялық экономика жүйесінде энергетикалық секторын экологиялық жаңғыртуда қол жеткізу үшін энергетикалық ресурстарды өндіру, тасымалдау, сақтау және пайдалану кезінде экологиялық жағынан таза энергияны үнемдейтін және ресурстарды үнемдейтін технологиялар жүйесін енгізуді ынталандыру, энергетика және ағымдағы энергетикалық объектілерді пайдалану инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде экологиялық талаптардың сақталуында бақылауды күшейтуді көздейтін перспективалы регламенттер, стандарттар мен нормалар жүйесін қалыптастыру, қазақстандық және халықаралық экологиялық заңнаманың нормаларын үйлестіру, отын-энергетикалық кешендегі шаруашылық қызметті жүзеге асыратын барлық нысанындағы меншіктің ұйымдарда қолданылатын экологиялық аудит жүйесін дамыту секілді мемлекеттік энергетикалық саясат шаралары ұсынылады.

Инновациялық экономиканы табысты дамыту экологиялық таза инновациялық экономиканы және еліміздің электр энергетикасы саласын орнықты дамытуда кедергі келтіретін проблемалардың бірі, ол технологиялық жағынан артта қалуы және энергетикалық жабдықтардың тозу дәрежесі, электр желілеріндегі шығынның өсуі, энергетикада өз өндірісінің жоғары технологиялық жабдықтарының болмауы, энергетикалық инфрақұрылымның дамымауы, қоршаған ортаға электр стансаларының теріс әсері, экологиялық ахуалдың нашарлауы сынды жағдайларға назар аудару қажет.

Өткен «Астана EXPO-2017» халықаралық мамандандырылған көрменің мақсаттарына сәйкес, электр энергетика секторынның экологиялық жаңғырту жағдайында жаңартылатын энергия ресурстарын бәсекелестік нарықта қалыптастыру басымдықтарына – бірыңғай энергия жүйесі қалыптастыру, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экономика мен халықтың қажеттіліктері, экологиялық жүктемені төмендету, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу принциптерін барынша қолдану, сондай-ақ энергетикалық секторында басқа да өнеркәсіп салаларын дамыту және индустрияландыруды катализатор ретінде барынша пайдалану жатады.

Қазіргі уақытта инновациялық экономиканы дамытудың Қазақстанда оңтайлы және әртүрлі, оның ішінде жаңартылатын баламалы түрлері және энергия көздерін пайдалану жағдайы қалыптастыру қажеттілігі туындады. Мұндай басты критерийлері ретінде қауіпсіздік, экологиялық және экономикалық тиімділігі болуға тиіс. Қазақстан алдында өңірлер мен елдің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсаты тұр, тұтастай алғанда салыстырмалы төмен шығындарға ие әртүрлі энергия түрлері үшін қажетті ағымдағы және перспективалық



әлеуметтік-экономикалық дамуы тиіс. Мұндай мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Индустриялық үдемелі даму мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру, әртүрлі инвестицияларды кеңінен тарту, энергетика саласында негізгі өндірістік қорлардың амортизациясын кеңейту және баламалы энергия көздерін есебінен жүзеге асыру қажет.

Мұнда проблемалардың жиынтығы, оның 80%-ы Қазақстанның экономикасының энергетика саласының дәстүрлі секторларындағы негізгі өндірістік қорлардың моральдық және физикалық тозуын білдіреді. Сонымен қатар, халықаралық стандарттарға қатысты Қазақстанның энергетикалық саласында энергия беру және пайдалы әсер коэффициентінің салыстырмалы төмен деңгейі, энергетика таратудың және жаңа үнемді технологияларды еңгізудің төмен деңгейі және менеджменттің ескірген схемалары орын алады.

Мұндай проблемалардың шешімі, оны ғылыми қамтамасыз ету және негізгі өндірістік қорларды жеделдетілген амортизация нормаларын негіздеу, қорлардың нақты істен шығуын есептеу, жабдықты пайдаланудың нормативтік мерзімдерін анықтау және амортизациялық қорды қалыптастырудан тұрады. Сондай-ақ мемлекет, бизнес және ғылым тараптардың күшті жағын іздеу, табу және оңтайлы үйлесімін жүргізу керек.

Қазақстанның энергетикалық саласында дәстүрлі менеджмент және басқарудың ескірген схемаларынның орнына қазіргі заманғы реинжиниринг енгізу мүмкіндіктерін зерттеу қажет. Энергетикалық салада инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау үшін бағдарламалық өнімдерді негіздеу және таңдауды орындау, жедел есептеу қажет. Сонымен қатар, ұсынылған мәселелерді шешу үшін біріншіден, көп арналы қаржыландыру жүйесін құру, соның ішінде баламалы энергия

көздерін, екіншіден, елдің түрлі өңірлеріндегі инвестициялық стратегиясын өңдеу, үшіншіден, әртүрлі акционерлік қорлар анықтау және негіздеу, төртіншіден, халықаралық ұйымдардың орны мен рөлін анықтау, бесіншіден, инвестициялық жобаларды әзірлеудің тиімді әдістерін қолдану арқылы қаржы ресурстарын тарту жолында негіздеу ұсыныстарын жүзеге асыру қажет.

Мұндай негіздеу елдің аймақтық ақпараттық мониторингін әзірлеу, құру және енгізу арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ инвестициялық жобаларды басқару және талдау рәсімдерді модельдеу. Бұл тұрғыда инновациялық экономиканы дамытуда Қазақстанда шаруашылық жүйесінде инновациялық үлгідегі өсуді қалыптастыруды үздіксіз іздеу жолдарын жүзеге асыру қажет.

Жаңа инновациялық экономиканы дамыту үшін баға белгілеу, яғни өндіріс құралдар бағасын бақылау, бюджеттік қаржыландыру, яғни мақсатты бағдарламалар қаржыландыру, субсидиялар жүйесі, өтемақылар және дотациялар жүйесі, сақтандыру жүйесін дамыту, бюджеттік несие, баламалы энергетика және машина жасау өндірісінің инновациялық жобаларын инвестициялау, оларды ынталандыру, лизингін дамыту, лизингтік қорын толықтыру, жеңілдікті кредит беру және ұзақ мерзімді кредиттер бөлу сынды мемлекеттік реттеу тетіктерін қамтуы тиіс.

Сонымен, тұжырымдама жасай отырып, мынаған көңіл аударамыз, яғни Қазақстанда жаңа инновациялық экономиканы одан әрі дамыту перспективасы ұйымдастырушылық бағыты мен қазіргі заманғы салалардың барлық құрылымдық буындарының өзара келісімділігі тиесілі. Нәтижесінде, біріншіден, жаңа техниканың ғылымды секторларының қажетілігі мен оны тиімді

пайдалану деңгейін арттыру, екіншіден, жаңартылатын энергия түрлерін пайдалана отырып, қазіргі заманғы өндіріс технологиясын енгізу және игеруді жүзеге асырылуы тиіс, үшіншіден, экологиялық жаңғырту аясында бұның барлығы энергетикалық тиімділікке, энергия үнемдеу және одан әрі жаңа инновациялық экономика қалыптастыруға әкеледі.

Жаңа инновациялық экономиканы дамыту, соның ішінде ақпараттық экономиканы, әдетте, әлемде барлығын байланыстыратын және әлемдік ақпараттық ресурстарға қол жетімділігін қамтамасыз ететін ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымын бекітуді көздейді. Жаңа ресурсты қайта өңдеу үшін инновациялық-ақпараттық өндіріске жаңа өндіру түрі қажет.

Сонымен, «Мәңгілік Ел» және «Қазақстан-2030» стратегиясының тұрғысынан, «ескі индустриялық тәртібі» орнына ақпараттық технологияларды жандандыратын жаңа инновациялық экономика келеді. Жаңа инновациялық экономика ырғақты, ғылым және өзгерістерге қолайлы. Осылайша, серпінді және ғылымды техникалық-экономикалық процестерді дамыту Қазақстанның жаңа инновациялық экономикаға тиімді көшу факторлары болып табылады.

### **Әдебиеттер**

1. «Информациялық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2013.
2. «Цифрлық Қазақстан-2025» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.
3. Садықов Т. Ү. Ақпараттық инфрақұрылым инновациялық қызметті демеуші маңызды құрамдас бөлігінің ретінде // «Экономиканың тұрақты дамуы: инновация және бәсекеге қабілеттілік» халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Астана, 2013.
4. Садықов Т. Ү. Ақпараттық экономика. Монография. – Алматы, 2018. – 184 б.

### 3.4. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Көне түркі кезеңінен бастау алатын «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасы бүгінгі таңда біздің мемлекеттің саяси тұғырнамаларының бірі деп айтуымызға болады. Өз кезеңінде тұрақты, берекелі ел болу үшін мемлекеттілікті дамытудың осындай саяси-құқықтық векторы қажет еді. Мемлекетті болашақта озық елге айналдыру ұстанымы билік, басқару ұғымдарымен тығыз байланысты болды. Түркі қағанатының «төре» атты құқықтық ескерткішінен бастау алатын көшпелі елдің құқықтық жүйесінің дамуы да нақты бір ауқымды бағыттарды қамтып отырды.

Дала заңдарының өміршең болуы көшпелі өркениеттің бірнеше қырларымен тығыз байланысты еді. Кез келген мемлекеттің құқықтық жүйесінің бағыттары ұлттың генетикалық кодымен анықталып отырады. Сол елдің азаматы сол код арқылы қоғамның даму қарқынын байқап мінез-құлқын реттеп отырады. Рухани жаңғыру аясында құқықтық жүйенің қалыпты дамуы үшін азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің ұлттық идеологияға сәйкес дамуы да өте қажет деп ойлаймыз.

*Осы орайда «Мәңгілік Ел» ауқымындағы құқықтық жүйенің дамуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені Елбасы үнемі көтеріп отыратын түрік бірлігі идеясына*

*сәйкес, мемлекетіміздің ұлттық идеологиясының негізгі қырларын көшпелі түркі кезеңінен келе жатқан тұғырлы ұстанымдар құрайды.*

Бүгінгі таңдағы қазақ елі Еуразияның аумақты территориясында орналасқан халықтардың, әртүрлі өркениет мұраларының ең жетілдірілген симбиозының көрінісі деп айтуымызға болады.

Тарихи-құқықтық деректерге сүйенетін болсақ, әлемнің саяси-аумақтық ұйымдарында ғасырлар бойы бір мемлекеттер пайда болып, олар белгілі қиындықтардан өтіп, өздерінің егемендіктерін бекітіп отырды. Олардың кейбіреулері өте озық демократиялық мемлекетке айналды. Ал басқалары жаулап алу, қосылу, бөліну, этникалық құлдырау, мәдени және басқа да келіспеушіліктердің нәтижесінде жоғалып кетті. Сарапшылардың айтуы бойынша ХХІ ғасырдың ортасына қарай да кейбір мемлекеттер жойылуы мүмкін. Оған табиғи апаттар, экономикалық дағдарыстар, тоқтамай отырған қайшылықтар мен азаматтық соғыстар, халықтардың өзін-өзі анықтауы себеп болуы мүмкін.

Қазақ елі басқа да ұлттық мемлекеттері тәрізді өз тәуелсіздігін жаңғыртуда өте ерекше тарихи жолды басынан кешірді. Халықаралық қатынастардың тең дәрежелі субъектісіне айналуы жолында жүздеген жылдар өтті. Ұлы далада протомемлекеттік бірлестіктердің өмір сүруі қазақ ұлтының этногенезінде ең маңызды рөл атқарды. Ол туралы Елбасы былай деп атап өтті: «Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр. Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең байтақ өлкеде

пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды. Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді» [1, 2-б.].

Тәуелсіздігін қайта жаңғырту жолында 1990-жылдары қазақ елі әкімшілік-әміршілдік экономиканың, «жабайы капитализмнің» қыспағында қалды. Елбасының жетекшілігімен қысқа уақытта жүйелі түрдегі реформалар жүргізіліп, тәуелсіздіктің әрбір құрамдас бөлігін нақты мазмұнмен толықтырды. Мемлекеттің белгілері – азаматтық, қолданыстағы құқық, мемлекеттік органдар жүйесі, мемлекеттік рәміздер, халықаралық деңгейде бекітілген мемлекеттік шекара, нарық экономикасы, ұлттық валюта, әскери күштер тағы басқалар жасанды емес, нақты мағынаға ие болды.

Бүгінгі Қазақстан – бұл гүлденген, дамыған және халықаралық қауымдастықта беделді елдердің біріне айналған ел. Өткен жылы біздің еліміз үдемелі даму жолының жаңа деңгейіне түсті. Елбасының ұсынысымен мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін көтеруге бағытталған өте көлемді конституциялық реформа жүргізілді. Сонымен қатар Елбасының Қазақстан халқына Жолдауымен Қазақстанның үшінші жаңғыруы жарияланды.

Осы реформалар өзінің өзегін «Мәңгілік Ел» идеясынан алады. Мемлекеттің, қоғамның азаматтардың қоғамдық санасын оятуға арналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы рухани жаңғырудың барлық реформалардың негізгі болатынына назар аударған болатын.

Мемлекетіміздің құқықтық дамуына сәйкес қойылған міндеттерді шешу үшін елімізде көптеген

жұмыстар атқарылып, олар өзінің жемісін беруде. Конституциялық реформа заңдармен бекітіліп, тәжірибеде жүзеге асырылып жатыр. Қазақ тілін латын графикасына көшіру кезең-кезеңмен жүргізілуде. Рухани жаңғыру аясында «Туған жер», «Қазақ тіліне аударылатын 100 оқулық», «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы», «Қазақстанның 100 жаңа есімі» және басқа да іс-шаралар атқарылып жатыр. Осы қарекеттердің барлығы «Мәңгілік Ел» идеясында айтылған қазақстандық елжандылық, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік және оның әрбір жетістігіне үлес қосуға бастайды.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы еліміздің «Мәңгілік Ел» идеясы ауқымында біртұтас мықты және жауапты азаматтарға жаңа рухани серпіліс берді. Бұл еңбекте сонау сақ, ғұн мемлекеттілігі, «Мәңгілік Ел» идеясының қайнар көзі – Түркі қағанатының ұлылығы көрсетілді. Олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесін тағы да сезінуге талпыныс жасады. Қазақ елінің өткен тарихына деген мақтаныш болашаққа сенімді көзқарастың алғышарты болып, қазақстандықтарды жаңа ізденістер мен ерліктерге бастайды.

Елбасы цифрлы өркениет жағдайында бабаларымыздың көптеген ғасырлық мұрасының өте өзектілігі жайлы мәселені күн тәртібіне қойды. Осы әлемдік өркениеттен біздің қазақ халқының құқықтық дәстүрлері де ең маңызды орын алады. Олар ежелгі сақтар, ғұндар, түрік, моңғолдардың құқықтық дәстүрлерінің ең жақсы сапасын алған. Бұл дәстүрлердің барлығы осы күнге ғылыми-тәжірибелік қызығушылық тудырады.

Бұл құқықтық дәстүрлердің қазақ қоғамындағы дауларды шешудегі маңыздылығы туралы Абай Құнанбайұлы үшінші қара сөзінде «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» немесе данышпан әз-Тәуке қалдырған «Жеті жарғының» ескі жолдарын әрбір би

біле бермейді» деп өкінішпен жазады. «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының аясында заңгер-ғалымдар қазақ елінің құқықтық даму тарихын зерттеуге мән беруі қажет. Өйткені қазақ елінің құқықтық дамуының негізі болған «Мәңгілік Ел» идеясын дамыту үшін де бұл қажет шаралардың бірі.

Бүгінгі таңда қазақ елінің құқықтық дамуы, құқықтық мұрасы қоғамдағы кейбір мәселелердің шешуіне көп ықпал ете алады. Өйткені қазақтың әдет-ғұрып құқығының басты мақсаттарының бірі қоғамдағы үлкен және кіші дауларды шешу болатын. «Аз ғана асым, даусыз басым» деген ұстаныммен өмір сүрген ата-бабамыздың құқықтық мұрасы әлемдік өркениет деңгейінде үлгі тұтатындай дәрежеде. Өйткені ол халқымыздың болмысымен біте қайнасып өмір сүрді. Сол кезеңде реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік қызмет атқарған қазақ әдет-ғұрып құқығының мәні өте зор. Оның өміршеңдігін академик С. Зиманов былай деп түсіндірді: «Ұлан-байтақ қазақ даласында болған өзгерістер мен төңкерістерге қарамастан, сақталап, өзінің бастапқы «мәйегін» жоғалтпаған қазақ құқығының өміршеңдігін, оның негізі, құрылымының өзегі табиғи еркіндік, әділдік, өнегелік идеялар мен үндестікте болуымен түсіндіруге болады» [2, 39-б.].

Біздің еліміздің тәуелсіздікті жаңғырту кезіндегі құқықтық дамуы мен қазақ әдет-ғұрып құқығының прогрессивті институттарының эволюциясын салыстыра талдау жасағанда бірнеше құнды нәрселерді байқауымызға болады. Қазақтың әдет-ғұрып құқығы ескерткіштеріндегі кейбір құрамдас бөліктерді мемлекетіміздің Конституциясы және егеменді Қазақстанның заңдарынан кездестіруге болады. Атап айтсақ, қазақ қауымының өкілдері және атақты сұлтандардан құралған мәслихаттар заң, шешімдер шығару қызметімен



айналысты. Ал қазіргі заманда мәслихаттар аймақтардағы өкілді органдар ретінде осы қызметтерге ұқсас міндеттерді атқарады.

Дала заңы деген атқа ие болған «Жеті Жарғы» жеті бөлімнен құралып, ұлттық қауіпсіздік, бала тәрбиесі, неке қатынастары, қылмыстық әрекетке жауапкершілік, жер және басқа үлкен дауларды шешіп отырды. Онда «Батыр қажет кезде елін қорғау үшін заңды жорыққа аттанып, соғыста жеңіске жетуі тиіс» деп айтылса, Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» [3, 275-б.].

«Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамыған орта ғасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық дамуында негізгі функцияны «Дала заңы» атқарды. Ал сол заңды қорғаушы, сақтаушы, реформатор – қазақ билері болды. Қазақ билерінің дауларды шешудегі ұстанымдарын бүгінгі таңдағы сот жүйесіне үлгі ретінде ұсынудың болады. Мұндай идеяларды барлық заңгер-ғалымдар зерттеп, зерделеп бізге жеткізіп отырды. Қазақ билер институтының әлемдік құндылығын айтуымызға болады. Оны айқындайтын құндылықтар туралы ғалымдар былай дейді: «Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде бидің мәні мен мәртебесін анықтайтын бірқатар қағидалары мен нормалары бар. Олар халық санасынан берік орын алып, оның көбінесе дәстүрлі менталитетінің мазмұнын құрады. Олар «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ» сынды қысқа да мәнді нақыл сөздерден көрінді [2, 35-б.].

Қазіргі күндегі сот-құқықтық саладағы реформаларды жүргізуде қазақ билер сотының адами прициптерін жаңғыртып, лайықты сот мамандарын дайындауда

пайдалануымыз қажет. Қазіргі заманда қазақ билерінің ең басты мақсаты болған татуластыру институтын жетілдіріп қолдану ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Күнделікті тәжірибеде сот билігін жүргізушілерге қазақ билер сотындағы мына ерекшеліктер жетіспей жатады: «дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құрады» [2, 3-б.].

Мәңгілік ел даласында қылмыстың алдын алудың құқықтық негізі кең түрде дамыды. Қоғамда жат әрекет істеуді мойынсынбаудың жалпыға ортақ атмосферасын қалыптастырудың тетіктері тиімді қызмет атқарды. Құқық бұзушының әрекетін халықтың жаппай қолдамауы жаман әрекеттердің түпкі негізін жойып, оған жол бермей отырды.

Бүгінгі күні Елбасы құқықбұзушылыққа төзбеушілік туралы үнемі еске салып отырады. Бұл құқық қорғау органдарына ғана емес, азаматтарға, қылмыспен күресуде маңызды рөлге ие болатын ұйымдарға да қатысты.

Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер мен зындандар, бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру түрлері, қылмыстық жазалар болған жоқ. Барлық даулар және ең күрделі қақтығыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүліктік, мүліктік емес, ұялтатын, масқаралайтын, бітімгершілік және өзге де жазалау нысандары қолданылды.

Ал өлім жазасы туралы бүгінгі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Конституциясында былай

жазылған: «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар» [3, 133-б.].

2003 жылы Елбасмы Н. Ә. Назарбаев мемлекетте өлім жазасын қолдануға мораторий жариялады. Қазақстан өлім жазасын қолданбайтын елдер аумағында деп айтуымызға болады.

Сонымен қатар Қазақстан 2000 жылдардағы АҚШ, Ресей елдерінен кейін түрмедегі адамдар саны бойынша тізімде емес. Мемлекетімізде қазір түрмеде отырғызу бойынша адам санының азаюына қатысты іс-шаралар жалғасып келеді.

2014 жылы Елбасының ұсынысымен қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі қылмыстық құқықбұзушылықтардың жаңа жіктелуін енгізді, жазаның балама түрін (айып салу, еркіндігін шектеу) қолдану саласы кеңейтілді, жазаның жоғарғы және төменгі деңгейі анықталып, жеңілдететін жағдайларға (кінәсін мойындау, тараптардың татуласуы т.б.) сәйкес қылмыстық жауапкершіліктен босатудың ауқымы ұлғайды. Міне осы ережелерді дайындауда шет мемлекеттердің тәжірибесі мен қазақ әдет-ғұрып құқығының прогрессивті идеялары ескерілді.

Төртінші өнеркәсіп төңкеріс ауқымында біздің мемлекетіміздің алдында әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу жолында нақты міндеттер тұр. Сол міндеттерді заң жүзінде және нақты шешімдерге айналдыру үшін барлық азаматтардың белсенділігі қажет. Ондай белсенділікке біз құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті көтеру арқылы қол жеткізе аламыз.

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуға тиіс. Құқықтық сана дегеніміз – тұлғаның қолданыстағы немесе қабылданып отырған құқық нормаларына деген көзқарастары мен сезімдерінен, оларға тиісінше баға беру мүмкіндіктерінің жиынтығы [4, 10-б.]. Бұдан құқықтық сананың негізінен құқықтық психология және идея жиынтығының құралатынын көреміз. Өйткені құқықтық психология қолданыстағы құқық нормаларын жетілдіруге, жаңа құқықтық нормаларды қабылдау қажеттілігінің деңгейін, сезімін білдірсе, құқықтық идея құқықтық сананың өз дәрежесіне көтерілуінің нәтижесінде адам, қоғам, мемлекет мүддесі үшін қажетті құқық нормаларының қабылдану қажеттілігін білдіреді.

Құқықтық сана-сезімнің басты мақсаты – адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында. Құқықтық мәдениет болса, құқық нормаларын білу, толық түсіну, оларды басшылыққа ала отырып, адамзаттың ортақ мүддесіне қызмет етуді білдіреді.

Құқықтық мәдениет құқықтық сана-сезіммен тығыз байланысты және содан негіз алып дамиды, жетіледі. Субъектінің өзінің іс-әрекетінде құқық нормаларын басшылыққа алуы, оның құқықтық мәдениетінің ерекшелігін, дәрежесін білдіреді.

Қазіргі заман адамдарға жаңа талаптар қоюмен ерекшеленеді, себебі Қазақстанның даму деңгейі қоғам өмірінің барлық саласына терең өзгерістер енгізуде. Елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық, құқықтық мемлекет құру. Сол себептен қазіргі заман адамы сана-сезімі жоғары, өз іс-әрекетіне жауапты, әлеуметтік

өзгерістерге тез бейімделе алатын, өз шешімін қабылдай алатын азамат болуы тиіс.

Мемлекеттің саясатының негізгі құрамдас бөлігі – адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру. Себебі, құқықтық мемлекетке азаматтардың жоғары саяси және құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі, мемлекеттің заңымен өмір сүру дағдысы қалыптасуы тиіс.

*Қазақстан Республикасының әрбір азаматы бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырумен бағаланады. Қоғам үшін ең қымбат қазына – ол адам, адамның бостандығы мен өмірі.*

Бүгінгі азаматтар осы қымбат қазынаны бағалай білуі тиіс. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастыру – тәрбиенің негізгі мақсаты. Жас кезеңінен мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу – құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты. Осы сапалар болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды.

2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н. Ә. Назарбаев қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аударды: «Әлемнің 30 дамыған елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет» [5, 3-б.].

Жалпы, қазіргі заманда құқықтық сананың және құқықтық мәдениеттің төменділігі қоғамдағы келеңсіз оқиғаларға әкеліп соқтырып жатыр. Оның негізі құқықтық тәрбиенің өз деңгейінде дамымауында. Құқықтық тәрбие – қоғам мүшелерінің құқықтық са-

насы мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Мемлекет неғұрлым құқықтық тәрбиеге ерекше мән берсе, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық білім биік дәрежеден көрініс табады. Өйткені, құқықтық сана, мәдениет, құқықтық ғылым – тәртіптің қайнар көзі, бастауы. Тәртіп барлық жетістіктердің қайнар көзі, негізі.

Осы негізде Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Назарбаев университетіндегі» «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісінде «Айтылған идеяларды жүзеге асыру үшін не істеуіміз керек?» деген сұрақ туындайды. Ол үшін отбасында, балабақшада, орта мектепте, жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие, білім беруді заман талабына сай жетілдіру қажет деп ойлаймыз. Әрбір отбасы бала тәрбиесінде дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының тиімді жақтарын ұрпақтар санасына сіңіріп, оларды заңды құрметтеуге, әділеттілікке, турашылдық жолына түсетіндей етіп тәрбиелеуі қажет.

Жалпы, барлық тәрбие сананың қалыптасуы – отбасында дейміз. Алайда, қоғамдағы құқық қорғау органдарының, соттың шешімдері, жүргізген шаралары адал әрі әділ болып жатса, тыныштықтың сақталуына бірден-бір қадам жасар едік. Тіпті ежелгі Шығыс философиясына назар салсақ, Конфуций өзінің «өзін-өзі тану» атты ілімінде: «мемлекетті әдептілікке негізделген заңдар арқылы билеуді жүргізу қажет, яғни адамгершілік ең бірінші сананың негізі» дейді. Сонда ғана қоғамда тәртіпсіздіктің оты өшеді деген пікірде. Ал бұл пікірге легистер мектебінің өкілі Шань Ян былай деген болатын: «адамгершілік негізінде билеу қылмыстың көп болуына мүмкіндік береді. Ал елде тәртіпсіздік болмас үшін билеуші мақтаудан гөрі, жазалуды көбірек қолдануы керек. Қандай да болмасын жазалау арқылы халық арасында үрей және сенімсіздік тудыру қажет. Мемлекетті билеу

және оның дамуы ізгі тілектің негізінде емес, жерді өңдеу, әскерді нығайту жолдарымен дамиды. Сонымен бірге, халықты ақымақ ету арқылы іске асады» [6, 49-б.].

Бұдан шығатын қорытынды, егер қоғамда заңды қатаң түрде орнатып, қылмыс жасаған, қоғамдық тәртіпті бұзған адамның әрқайсысын жазалай берсек, онда олардың қорыққаннан қылмысты уақытша тиюы мүмкін, алайда, құқықтық санасының төмендігінен осы іс-әрекетті қайтадан өріс алуына жол береді. Біздің ойымызша, әрбір құқық қорғау органдары әрбір азаматтың ойына тәртіптілікті сақтау жайлы, оның алдын-алу жайлы кешенді жұмыс жүргізсе, азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениеттілігі жоғары деңгейге жетіп, бәлкім, тәртіпті мемлекеттердің алғашқы өкілі боларымызға кім кепіл. Яғни, басты өзекті мәселелер ретінде үш тұрғыдан қарастырғанды жөн көрдік:

– мемлекет құқықтық сананың және мәдениеттің орнығуын үнемі назарынан шығармауы;

– құқық қорғау органдарының қылмыстық іс орын алып болғаннан кейін емес, ешқандай артық жұмыстың артықшылығы жоқ демекші, біздерге, яки, жастарға қоғамдық тәртіп жайлы хабардар ету, олардың алдын алу жұмыстарын жүргізуі;

– мемлекеттік биліктің бірден-бір тармағы – сот. Осы қазіргі таңдағы барлық қылмыстық істердің әділ жолымен шешілуін қамтамасыз етуі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» жалпыға ортақ Стратегиясында: «Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзды, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы –

қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек» [7, 5-б.]. Мемлекет міндеті болып табылатын қадір-қасиетті қорғау адам құқығында нақтыланады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [8, 4-б.].

Қазіргі таңда, егерде мемлекет әрбір азаматты қызметке алуда оның түйіндемесінде ресми көрсетілген ескертулерді көріп сақтанса, бәлкім, қызмет орындарында да құқықбұзушылық орын алмас па еді. Соған сәйкес, Елбасы Жолдауында: «Біз әлеуметтік бүлдіргі пиғылды жұмысқа орналасу мәселесімен байланыста қарауымыз керек. Біз қоғамдық орындардағы бұзақылық әрекет үшін жеке іс қағазында және резюмеде міндетті түрде көрсетілетін және жұмысқа қабылдау, қызмет сатысы бойынша өсіру кезінде ескерілетін жаза қолдануды енгізуіміз керек. Мұның бәрі қоғамдық өмірдің нормасы болуға тиіс» [7, 6-б.] деп халықты және барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтегі азаматтарға осылай өз Жолдауында, ескерту ретінде атап көрсеткен болатын. Бұл да бір біздің мемлекетіміздегі құқықтық сананың төмендігін аңғартады.

«Қазіргі таңда прокуратура органдарының негізгі міндеті – заң талаптарының орындалуын қадағалау, заңды бұрмалаушылыққа жол бермеу екендігі белгілі. Мемлекетімізде прокурорлар құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайтуда қадағалау жұмыстарын күшейтті. Мәселен, әлеуметтік бағытқа жүргізілген тексерулер арқылы көпшілігі еңбек және мемлекеттік сатып алуды жүргізудегі заңсыздықтар болып табылатын 8 мыңның



үстінде заңбұзушылық анықталды. Бұл кемшіліктердің көпшілігі мемлекеттік коммуналдық және білім саласы мекемелеріне қатысты. Прокурорлардың пәрменді жұмыстарының нәтижесінде өткен жылы 5168 адамның конституциялық құқығы қорғалды, прокурорлық қадағалау актілерімен заңбұзушылыққа жол берген 1278 тұлға әртүрлі жауапкершілікке тартылды, олардың 67-сі мемлекеттік органдар мен кәсіпорын басшылары. Оларға салынған айыппұлдан мемлекет пайдасына 1 млрд-қа жуық қаржы өндірілді», – деген мәліметтер деректерде көрсетіледі [9, 31-б.].

Міне, осылайша заңдылықты қадағалауда прокуратураның әрбір іс-қимылы әділдікті, нақтылықты талап етіп, қарапайым халықтың мүддесін қорғап келеді. Сондықтан болар халықтың прокуратураға деген сенімі артып, соған орай арыз-шағымдардың саны 2051-ден 2483-ке дейін көбейіп отыруында. Оларды қарау барысында азаматтардың заңды құқықтарының және мүдделерінің жан-жақты қорғалуы басты назарда болды. Әрине, бұл тұрғыдан күмән келтірмейміз. Алайда полиция қызметкерлерінің кейбір іс-әрекеттері – жан ашытарлық оқиға.

Президент қатысуымен құқық қорғау органдары басшыларымен кеңес жұмысты жүйелі түрде жүргізуге аса назар аударылды. Кеңестің басты мақсаты – қоғамдағы қылмысқа қарсы күресті қарқынды жүргізіп, сыбайлас жемқорлықтан жирендіру, әділ сот қалыптастырып, шетел тәжірибесін үйрену деуімізге болады. Осындай кеңесте Қазақстан Республикасының Бас прокуроры құқық қорғау саласындағы жетістіктер мен кемшілік тұстарды ашық мәлімдеп, болашақта көптеген іс-шаралар жүргізілетіні айтылды.

Жалпы, құқық қорғау органдарындағы кемшіліктерді болдырмас үшін Елбасы өзінің халыққа арнаған

Жолдауларында бұл мәселені жүйелі түрде айтып келеді. Соған сәйкес, осы жөнінде елдегі ғалым, сарапшылар өз ұсыныстарын білдіруде: «Алқалы жиында да Президент әуелі құқық қорғаушылар халықтың «жан алушысы» емес, жанашырлары болуы қажеттігін қадап айтты. Екіншіден, сала мамандары ескіден жиреніп, жаңаны үйрене білуі тиіс. Дегенмен, полиция қызметкерлері қылмыспен күресте ең алдыңғы қатарда тұрады. Адам өміріне қауіп төнгенде де олар өз кеуделерін оққа тосатыны анық. Елбасының айтуынша, құқық қорғау органдарының жұмысына жаңа реформа керек. Өйткені, бұрынғы кеңестік қасаң көзқарас қалыптасып қалған. Озық елдің тәжірибесінен үлгі алып, қолдана білуіміз керек. Үлкен қылмыс әуелі ұсақ бұзақылықтан басталады. «Сынған терезе» қағидасы бұған дейін де көтерілді. Алайда істің әлі де жеткіліксіз тұстары көпшілікке белгілі. Сонымен қатар, қылмыскердің бәрін кінәлі деп тауып, темір торға тоғыта беру де тиімсіз. Мұның да тың тәсілдерін ойластыратын уақыт жетті. Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру жұмысын әлі де жалғастыру керек деп ойлаймын. Еуропа елдерінде соттау ісі қымбатқа түскендіктен әрі жылға созылатындықтан, ортақ келісімге келуге тырысады. Осы ретте айта кетейін, 2012 жылы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» заңға сәйкес, медиаторлардың қызметін кеңінен пайдаланғанымыз абзал. Яғни, дауларды сотқа жеткізбей, өзара бітімге келіп шешу керек. Ата-бабамыздан келе жатқан құқықтық дәстүрді жалғастыру екі тарап үшін де тиімді екені даусыз. Қоғамдық тәртіп мәселесінде жергілікті әкімдердің де жауапкершілігін арттыру жүктеліп, қоғамдық орындардың бәрін бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру қажеттігі айтылды. Бұл – әрбір тұрғын үй кешені мен ондағы кіреберістерге қатысты шаруа [9, 31-б.].

Жалпы, құқық қорғау органдарының жұмысын жаңғырту, оны жетілдіру басымдықтары «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында» да айқын көрсетілген. Осы құжаттағы басымдықтарды еске ала отырып, Елбасы құқық қорғау органдарының алдына тың талаптар мен маңызды мақсат-міндеттер жүктеді. Түйінін айтқанда, қоғамда тәртіп болмай, мемлекеттің қалыпты дамуы жоқ. Міне, осындай маңызды тапсырмаларды жүйелі түрде орындауда құқық қорғау өкілдері де халық сенімінен шыға біледі деп ойлаймыз» [10, 5-б.].

Әрине, құқықтық сананы қалыптастыруда құқық қорғау органдарының үлесі зор. Егер осы қызмет бабын атқарып жүрген азаматтар үнемі қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын-алу жайлы үнемі үгіт-насихат жариялап жатса, бала психологиясына әсерін тигізіп, тәртіпсіздікке бой алдырмас пе едік.

Қылмыстың үлкен-кішісі жоқ демекші, күнделікті үлкен немесе кішінің қолымен іске асып жатқан қылмыстардың азаймай, көбеюі сол қылмыстарды жүзеге асырғандардың болашақ өмірінің жарқын жақтарымен емес, керісінше, бұлыңғыр шақтарға толы екенін көрсетсе керек. Қалай болғанда да қылмыстылықпен күресті жүргізе беру – мемлекетіміздің сындарлы саясаты ретінде қала беретініне күмән жоқ. Жалпы қылмыстылықпен, соның ішінде кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізудің тиімді жақтарын қарастыра отырып, алдын алу, ескерту шараларымен әсер ету басты талап ретінде қала бермек.

Шын мәнінде де жасы кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күрес шараларының тиімділігі – қылмыстылықты ескерту, одан кейін оның алдын алуда сияқты. Қылмыстылықтың азайып немесе көбеюі ешкімді

таңғалдырмаса керек. Оған себеп, қоғамға қауіпті осындай әрекеттерді адамдардың үйреншікті құбылыс ретінде қабылдауынан болса керек.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев жалпы қылмыстылықтың, соның ішінде жасы кәмелетке толмағандар қылмысының одан әрі көбейіп, белең алмас үшін тек қана құқық қорғау органдарының қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ олардың ата-анасының атсалысуымен жасы кәмелетке толмағандардың қатысуымен жүргізілетін тәрбиелік шаралардың нәтижелі болуына баса назар аудару керек екендігін көрсеткенін айтсақ та жеткілікті. Және де осы қылмыстардың алдын алуда соттың шешімі ерекше рөл атқарады. Бұл қозғалып жатқан мәселелердің бәрі де құқықтық сананы қалыптастыруда жастардың санасының және мәдениетінің қоғамдағы рөлін арттыру болып табылады.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Ұлттық сот жүйесінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясындағы міндеттері» атты VI съезінде сөйлеген сөзінде: «XXI ғасырдағы ұлттың дамуының маңызды өлшемі – мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Онсыз әлемнің бірде-бір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың әл-ауқатының жоғары деңгейінің де, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес» [11, 12-б.].

Бүгінгі таңда, ең алдымен, сот төрелігі жүйесінің даму әлеуетін көру, ондағы проблемаларға сын көзбен қарап, дер кезінде шешу маңызды. Президент өзінің Жолдауында да сот төрелігін әділ болуына басты талап етіп қояды. Яғни, сот құрылымын жетілдіру керек.

Қазақстан Республикасындағы сот төрелігінің сапасын арттыру бағытында атқарылып жатқан сот

жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды ой елегінен өткізе келе, сот процесін оңайлату, соттың жүктемесін азайту төңірегінде айтылып жатқан мәселелерді саралай отырып, сотта қаралатын істердің сапалы қаралуы іс бойынша тараптардың сауаттылығы мен белсенділігіне де тікелей байланысты деген ой тұжырымдаймыз.

Өйткені, іс бойынша шығарылған шешімнің заңдылығы мен негізділігінің бір кепілі іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберін дұрыс айқындау мен анықтау, яғни іс бойынша мән-жайлардың жан-жақты зерттелуі болса, іс бойынша жан-жақтылықты қамтамасыз ету іс бойынша тараптардың белсенділігі мен сауаттылығына байланысты. Бүгінгі таңда сотта қаралатын көптеген іс бойынша сотта дауласушы екі жақтың сотта өз мүдделерін қорғау мәдениеті өз деңгейінде емес.

Бұл мәселенің тамырын арыдан іздеу қажет. Бүгінгі таңда неше салаға жіктелген азаматтық құқықтық қатынастардың күннен-күнге көбеюі, күрделенуі, қоғамдағы жеке, заңды тұлғалардың арасындағы өзара келіспеушілік, түсініспеушіліктер туғызып, нәтижесінде сотқа жүгінушілердің қатарын көбейтуде.

Міне, осы азаматтық істер бойынша сот процесіне қатысушылардың ішінде, көп жағдайда жеке тұлғалар, яғни азаматтар «өзім білемінге» салып, сот процесіне өздері қатысып, даулы мәселені шиеленістіріп немесе өз құқықтарын жеткілікті түрде қолдана алмай, іс сотта қаралып, сот шешімі шығып кеткен соң «қолын кеш сермейтіндер» аз емес.

Осы тұрғыда, қарапайым халықтың соттағы азаматтық даулап бойынша заңгерлердің көмегіне жүгіну мәдениетінің толық қалыптаспағанын толық айта кету қажет-ақ.

Рас, кейбір азаматтарға заңгерлердің ақылы көмегі материалдық жағынан қиындық тудыратынын да

білеміз, алайда жоғарыда көрсетілгендей, сол адам өзінің соттағы мүмкіндігін барынша сауатты пайдалана алмай, соңынан опық жеп жатса, бұл одан да қымбатқа түспей ме?

Осы тұста сотқа жүгінуші азамат, жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған заңгерлік қызметін ұсынушы тұлғалардың ішінен сәтті таңдау жасап, сол саланың қас маманынан жолықса жақсы, әйтпесе сырты ғана «жылтыраған» заңгерлер клиентті жылы сөзбен өзіне қаратып, өз қызметін жарнамалай келіп, сот шешімі бойынша іс өздерінің пайдасына шешілмей жатса, істің байыбына бармай, кінәні соттың жеке басына артып «сот істі бір жаққа бұра тартты» деп қорғауындағы адамдарды жаңылыстыратындар да табылады. Яғни, сот өз қызметінде әділ шешім шығарса, елімізде әрбір азаматтың санасында құқықтық мәдениеттілік, құқықтық мәдениет жаңғыратыны анық.

Соған сәйкес Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Ұлттық сот жүйесінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясындағы міндеттері» атты VI съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақта «билік айту оңай, біліп айту қиын» деген сөз бар. Әділ қазылық ету – кез келген судьяның қасиетті парызы. Ол үшін заңды бес саусақтай білу жеткіліксіз. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Қазы – халықтың ожданы. Ол қара қылды қақ жарған әділ болса, даугерлер төреліктің дұрыстығын күмән келтірмейді. Айыпкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді». Сонымен қатар, біз мәңгілік ел боламыз деп, кемел мемлекет құруды көздеген халықпыз. Сот төрелігінің әділдігі мен жедел, әрі толық орындалуы – кез келген елдің кемел болмысының көрінісі. Сот жүйесінің дамуы тоқтап қалатын құбылыс емес, оны үздіксіз жетілдіріп отыру керек. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз. Ал, судьялар, сіздерден әрқашан

жоғары біліктілік пен әділдік, адалдық талап ете отырып, үміт күтеміз.

Біздің Ата заңымыз «Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі» деп басталады. Ендеше, сол қымбат қазынаны көзіміздің қарашығындай етіп қорғау – әрбір азаматтың және қоғамның алдында тұрған өзекті мәселе.

*Тоқсан ауыздың тобықтай түйіні, әр отбасындағы ата-ананың басты парызы – ел болашағының тұтқасын ұстайтын жастарымызды адал, иманды ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Ал, мемлекеттің алдында тұрған міндеті – әрбір жас жеткіншек немесе орта буын, тіпті аға буын болсын барлығының жүрегіне, ойына құқықтық сананы және мәдениеттілікті орнату.*

Осы тұста әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» [12, 13-б.] деген сөзі еріксіз ойға оралады. Демек, кез келген тұлғаға білімнен бұрын тәрбие берілу керек. Адамға тәрбиені ата-ана, оқу орындары, қоғам береді. Ия, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ана жас жеткіншектерге жастайынан мәдениеттілік пен құқықтық сана ұғымын түсіндіріп жеткізсе, қоғамдағы құқықбұзушылықтар саны азаятыны анық. Сондықтан төртінші өнеркәсіп төңкерісі ауқымында құқықтық мәдениеттің даму тенденциялары мен болашағы отбасының және мемлекеттің еншісінде екенін естен шығарып алмайық. Біздің ойымызша, халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз – дәл сондай қоғам құру болып табылады. Сол қоғамды бірігіп құруға барлығы ат салысуы қажет.

27 жылда тәуелсіз Қазақстан өте күрделі, қиын жолдан өтті. «Мәңгілік Ел» идеясы негіз болған құқықтық жолда мемлекетіміздің нақты жоспарлары мен оны жүзеге асырудың тетіктері бар. Қарқынды құқықтық дамуды негізге алып, отыз озық елдің қатарына кіру үшін әр мемлекеттік қызметші, азамат үлес қосады деп ойлаймыз. Өйткені олардың кәсіби құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасына елдің болашағы мен дамуы байланысты.

### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қаңтар. – 8-б.
2. Зиманов С. З. Қазақтың Ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың Ата заңдары. – Алматы, 2004. – 632 б.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Астана, 2018. – 664 б.
4. Ағыбаев А. Құқықтық сауаттылық – құқықтық мемлекетті орнықтырудың алғышарты // «Әділ сот» ғылыми-құқықтық журнал. – 2013. – № 3. – 30-б.
5. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар. – 8-б.
6. Мырзалы С. Философия. – Алматы, 2010. – 644 б.
7. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан. – 8-б.
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2012. – 40 б.
9. Махамбетов А. Заңдылықты сақтау мен адам құқығын қорғауда бақылау мықты // Заң. – 2012. – № 1. – 31–40-б.
10. Ибрагимов Ж.И. Полиция «жан алушы» ма, жанашыр ма? // Астана ақшамы. – 2013. – № 22, 21 ақпан. – 20-б.
11. Назарбаев Н. Ә. Ұлттық сот жүйесінің «Қазақстан-2050» стратегиясы аясындағы міндеттері атты VI съезі // Заң. – 2013. – 20 қараша.
- Түсіпбекова А. Қылмыс әлемін ауыздықтау бала тәрбиесінен басталмақ // «Әділ сот» ғылыми-құқықтық журнал. – 2013. – № 5. – 30-б.



### 3.5. МЕМЛЕКЕТТІК МӘДЕНИ САЯСАТТЫҢ МӘЙЕГІ

Кез келген елдің өзіндік құндылықтары мен идеялары, дүниежүзінде орын алып жатқан үрдістерге деген көзқарасы мен ұстанымы бар. Әр халық өзінің тарихи дамуы барысында өзі жүзеге асыруға ұмтылатын бір ұлы идеяның ұстанушысы болады. Сол идея қоғам өмірінің бағытын, мәнін, мақсатын айқындайды.

Әр мемлекеттің кемел келешекке ұмтылу жолындағы ізденістері мен бағыттары әрқилы. Дүниежүзі мойындаған, тарихи тамыры мықты, жасампаз ұлтқа айналу әрібір мемлекеттің арман-тілегі болып табылады. Осындай үлкен жауапкершілік, ұлы мұраттар жолында жаңа идеялар туындайды, ізденістер мен жаңаша мақсат-мүдделер тоғысады.

Ширек ғасырдан астам мерзім ішінде Қазақстан Республикасы өнер мен білімде, мәдениет пен әдебиетте, ғылым мен жаңа технологияларда, медицина мен спортта, саясат пен экономикада үлкен ізденістер мен өзгерістерді басынан өткерді. Болашағы айқындала бастаған ел экономикалық жолын нақтылап, саясат пен руханият көкжиегін кеңейтіп, өнер-білімін өркендетті, медицинасын жаңартып, білім-білігін арттырды.

Барлық салада жаңарған мемлекеттің алдына ұлы мұраттар түзілетіні белгілі. Танымалдығы ұлғайып, халықаралық аренада беделі артқан Қазақстан үшін халықтың мүддесіне, қоғамдағы тыныштық пен

ынтымақтастыққа қызмет ететін «Мәңгілік Ел» идеясын жаңғыртуы – заңдылық.

Осы орайда, жасампаз ел болу үшін ұлтты ұйытатын ұлы идея қажеттілігін болмысымен сезінетін, мақсатсыз елдің тарих көшіне ілесуі неғайбыл екенін тереңнен түсінетін Елбасы Н. Ә. Назарбаев 2014 жылы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем карта-сынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет ата-ну еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел», – деп қазақстандықтарды елең еткізген «Мәңгілік Ел» идеясын жариялады.

Ұлттық идея туралы мәселе ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында көтерілді, бірақ ХХІ ғасырдың басында ерекше өзекті бола бастады. Ұлттық идеяны қалыптастыру қажеттігі туралы пікірталастарда ғалымдар, зиялы қауым өкілдері мен мемлекеттік қайраткерлері өз ойларын ортаға салды. Ұсынылған ұсыныстар бір-бірінен айрықша, жалпыұлттық нұсқадан бастап радикалды нұсқаға дейін құбылып, ерекше сипатталды. Ең ірісі Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың ұсыныстары болды. 2001 жылдың қаңтарында Президент ұлттық идеяның бес қағидатын ұсынды. Олар – көпұлтты Қазақстан халқының теңдігі, қазақ халқы ұлтты құраушы этнос, халықтардың діни біртектілігі, заңға бағынатын азаматтарды тәрбиелеу, орта және шағын бизнесті дамыту. Ал 2005 жылы Елбасы ұлттық идея ретінде тәуелсіздік және азаматтардың игілігін қалыптастыру сынды негізгі ұғымдарды ұсынды [1].

2010 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыста Елбасы «Мәңгілік Ел» идеясын негіздеді. Бір жылдан кейін жас тәуелсіз мемлекеттің жетістіктерінің нышаны ретінде «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы ашылды.

2014 жылы «Қазақстан жолы-2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына тағдыршешті Жолдауында Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясын толық нысанда жариялады.

Осы жолдауда «Мәңгілік Ел» идеясының негізін айшықтайтын құндылықтар айқындалды. Олар – Қазақстанның тәуелсіздігі, қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам және жоғары руханият, индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы [2].

Аталған құндылықтар Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында қабылданған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде бекітілді.

*«Мәңгілік Ел» идеясы халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманына ғана емес, Қазақстанның тәуелсіз жылдарындағы дамуының нақты нәтижелеріне арқа сүйейді. Бұл идея басқадан алған жасанды ұсыныс емес. Ең әуелі – қазақстандықтардың өз қолымен жасаған еңбегінің жемісі, әрі ата-бабадан бері жалғасып сабақтасқан тарихи құндылығымыз.*

Сол құндылықты Елбасы бүгінгі күні қайта тірілтіп, бабалар арманын жалпы ұлт мүддесіне айналдырды [3, 49-б.].

*Мәдениет осы жалпыұлттық идеяның қайнар көзі болып табылады. Әрқашан да мәдениет тұлғаның рухани-эстетикалық*

*дамуының, ұлттық бірлікті қалыптастырудың және елді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырудың мықты құралы ретінде бағаланған. Себебі ол – халықтың ең үлкен рухани қазынасы, рухани болмысы, ақыл-парасаты және әдет-ғұрпының, салт-дәстүрлерінің сан ғасырлық жиынтығы.*

Мәдени қарым-қатынастың жоғары деңгейі ұлттық дамудың өзіндік моделін жасауға оң ықпал ететіні анық.

Қазақстан тарихи тұрғыда өркениеттерді өзара дамытушы және біріктіруші орынға айналды. Қазақ халқы басқа мәдениетті қабылдауға және түсінуге әрдайым дайын болды. Өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін, дінін, тілін және салт-дәстүрін құрметтеу оның өзіндік ділі болып табылады.

Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани қазынасы, рухани болмысы, ақыл-парасаты және әдет-ғұрпының, салт-дәстүрлерінің сан ғасырлық жиынтығы. Мәдени қарым-қатынастың жоғары деңгейі ұлттық дамудың өзіндік моделін жасауға оң ықпал ететіні анық.

Мемлекеттің даму деңгейі мен әлеуетін мәдениетінің даму деңгейіне қарап бағалайды. Адамды әлеуметтендіру, оны азаматтық міндеттерге бейімдеу, моральды-өнегелілік құндылықтар жүйесінде мәдениет саласы негізгі элементті құрайды.

Мәдени қарым-қатынастың деңгейі ұлттық дамудың моделін жасауға немесе анықтауға оң ықпал ететіні даусыз. Мәдениет, біріншіден, тарихи дамудың нәтижесі әрі өлшемі, екіншіден, адамдардың қоршаған табиғи орта мен экономикалық мәселелерге ерекше бейімделуі, үшіншіден, адамдардың бойына биологиялық мұра ретінде берілмей, олардың үйреніп меңгерген мінез-құлығы мен әдебі. Оған адамдар жасайтын, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтар – құралдар, белгілер, ұйымдар, жалпы іс-әрекеттер, көзқарастар, нанымдардың бәрі де кіреді.

Бүгінде қоғамдағы сенімнің, биліктегі жауапкершіліктің, адамдар арасындағы сыйластықтың, ұлттар арасындағы бітімгерліктің деңгейі мәдениетке, мәдени ықпалдастыққа байланысты. Мәдениеттің маңызы адамның еркіндігі мен тәуелсіздігін, халықтың жарастығын арттырудан, білім беруді өндіріс пен өнер үлгісімен үйлестіруден, ел патриоттарын тәрбиелеуден білінеді. Мәдени қарым-қатынасқа орай адамның рухани-адамгершілік ниеттері қалыптасады, қоғамда ағартушылық жұмысы мен білім беру жүйесі жетіледі.

Мәдениет қоғамды жандандыруға, оның тәртібін ықпалдастыруға жол салады, сол арқылы рухани және әлеуметтік ықпалды арттырады. Ол адамның азаматтық және патриоттық сезімін сергітеді. Оның күш-қуатын қажетті деңгейге шоғырландырады. Нағыз патриот өз көзқарасына үйлеспейтін ой пікірлер мен тұжырымдарды біржолата жоққа шығармайды, қайта ел бірлігін сақтайтын, халық мүддесіне қайшы келмейтін ұстанымдарды төзімділікпен қабылдайды.

Тарихтың алуан бетбұрысында ұрпақтар арасындағы сабақтастық, халықтың бірлік-бітімі мәдениет мәйегі аясында жаңғырып, жалғасын тапты. Халықтық болмыстың өзіндік өрісі мен өлшемі мәдениетке, мәдени өніммен алмасуға орай анықталына бастады. Тарихтан нәр алатын түп-тамырымыз мәдениетте сақталынатынын ұлттық деңгейде ұғынушылық артып келеді.

Өркениеттік тұрғыдан алғанда, адамдар мен халықтар арасындағы келісімде мәдениет түрлері қоғамдық шеңберде тоғысады, мәдени бірегейлік нығаяды, мәдени серіктестік өрбиді. Мәдениет тұлғалықтың тәсілі, адам болудың құралы, сондай-ақ әлемдік тәжірибеге енудің пәрменді әрекеті екендігі күмән тудырмайды [4].

Осы тұжырымды Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың: «Адамзат тарихының күретамыры – мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры – адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Бұл – бәрімізге белгілі ақиқат. Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады», – деген пікірі айқындай түседі [5].

Сарапшылардың пайымдауынша мәдениет өз алдына күрделі сала, себебі, мұнда қандай да бір есеп жасау, дамудың нақты болжамын анықтау немесе белгілі бір формуланы жасау мүмкін емес. Олар әлемнің қай мемлекетінде болсын, мәдениеттің нақты стандарттары мен нормативтері жоқ деп сенімді түрде айтады. Өйткені қазіргі таңда мәдениетті адамды оқитын кітабы, көретін фильмдері, тыңдайтын әндері, өмір сүріп жатқан айналасы тәрбиелеуде. Сондықтан, мәдениеттің сапалы өнімін әзірлеу, дұрыс құндылықтарды қалыптастыру өте маңызды [6].

Осы тұрғыда Қазақстан тархындағы теңдессіз гуманитарлық акцияға айналған «Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстан халқының бай ұлттық рухани мұрасын қайта жандандыруға берік негіз болды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аса ауқымды жоба ретінде ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, археологиялық зерттеулерді, қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы

ғылыми жұмыстарды, сондай-ақ ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыруды, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құруды көздеді.

Бағдарламаның негізгі мақсатының бірі – жинақталған мәліметтерді жүйелеп, орта және жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізу арқылы, ел тарихын тереңінен білетін, мәдениеті мен дәстүрін қастерлейтін жас ұрпақты тәрбиелеу болып белгіленді.

Ұлттық жобаға айналған бағдарлама теңдессіз тарихи-мәдени құндылықтарымызды сақтауға әрі қайта жаңғыртуға, ел мәдениетінің қайталанбас үлгілерін дүниежүзіне танытты. Бағдарлама жобаларының жүзеге асуының нәтижесінде бүгінгі таңда еліміз бойынша мемлекеттік мәдениет және өнер мекемелері 64 театр, 44 концерттік ұйым, 4168 кітапхана, 234 музей, 124 ойынсауық және демалыс саябақтары, 5 хайуанаттар паркі, 114 кинотеатр, 3180 клуб үлгісіндегі мекеме бар [7, 375–376-б.]. Бұл Қазақстанның мәдени-рухани өміріне қалтқысыз қызмет еткен, бейбітшілік пен ұлттық келісімді насихаттаған, әлемдік мәдениеттің озық өнегелерін танымдық тіршілігімізге кіріктірген, жаңа Қазақстанның жаңа адамының бүтін болмысына тәрбиелік қуат берген тұтас жүйе болып табылады.

Жобаны жүзеге асыруға республикалық ғылыми-зерттеу институттары, музейлер мен кітапханалар атсалысты. Олар ұлттық мәдениетіміз үшін ерекше маңызды қайталанбас тарихи-мәдени, сәулет және археология ескерткіштеріне ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізді. Тұңғыш Президент ұсынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы елімізде ғылым мен мәдениеттің дамуы үшін серпінді күш болды.

Белгілі отандық ғалымдар аталмыш бағдарламаның жүзеге асуын – тәуелсіз Қазақстанның жұлдызды сәті,

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар мақтанышы дей келе, оның жеті кереметін атап өтеді.

Бірінші керемет – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – тәуелсіздігіміздің салтанатты шеруі. Қазақтың тілін, тарихын, ән-күйін, өнерін, ділі мен дінін отарлық ойраннан, социалистік эксперименттерден туындаған апат қаупінен құтқаруды өз міндетіне алатынын еліміз тәуелсіздіктің арқасында ғана барша әлемге паш ете алды.

Екінші керемет – Президент Жарлығы, ол ұлттың рухын, ұжданын көтеріп, өзіне өзінің кім екенін танытты. Болашаққа сенімін нығайтты. Бұл саяси шешім ұлттық мұрамызға, тарихымызға, рухани болашағымызға шындап бет бұруымыздың бастамасы болды. Президентіміз Н. Назарбаев ұлы істі бастап қана қойған жоқ, ұдайы басы-қасында жүрді. Мүмкін-мүмкін еместігіне қарамастан, қаржылық, материалдық-техникалық, дипломатиялық, зияткерлік, заңнамалық әлеует атаулының бәрін игі мақсатқа табандылықпен жұмылдырды.

Үшінші керемет – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қорытындылары, олар Қазақстан зиялылары мен мамандарының әлемдік талаптар деңгейінде жұмыс істей алатынын айғақтады. Американдар, француздар, қытайлар, тағы басқалар қазақстандық әріптестерінің табысын мойындады. Олар бұдан былай да бірлесе, ынтымақтаса зерттеулер жүргізуге даяр екенін білдіруде, алынған нәтижелерге қызығушылық танытуда. Әйтпесе, қазақ хандарының шежіресі француз тілінде Францияда жарық көрер ме еді. Ұлт зиялылары мен оқығандарының осы жолғы әлеуметтік-кәсіби кемелдігінен екі пайым туындап отыр. Бірі – ел алдындағы парызын олардың абыроймен атқарып шыққаны, екіншісі – Қазақстанның әлемдегі бөсекеге барынша



қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясы интеллектуалдық тұрғыдан шынайы екені.

Төртінші керемет – әлемдік өркениеттер жүйесіндегі Қазақстанның тарихи орны мен мәртебесінің тиянақталғаны. Отарлау мен тоталитарлық жылдарда арғы қазақтар мен қазақтардың надандығы, тағылығы, мәдени артта қалғаны талай «зерттеулерге», Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы құжаттарына арқау болып, санамызға сіндірілген еді. Енді сол тұжырымдардың іргесі сөгіліп, «жаназасы» шығарылды. Біздің дәуірімізге дейін-ақ Қазақстанның сапалы металы Еуропада қолданыс тауыпты, арғы бабаларымыз Сарыарқаның төрінде мемлекетін құрыпты. Қысқасы, осы бағдарлама арқылы Қазақстан әлемді, әлем Қазақстанды таныды.

Бесінші керемет – «Мәдени мұра» қазақстандық патриотизмді, отаншылдық сезімді қалыптастыруға, барша қазақты, қазақстандықтарды ұлттық идея төңірегіне топтастыруға тамаша мүмкіндік ашқан іргетас қалады.

Алтыншы керемет – кеңестік жылдардан бері желісі үзілмей, жалғасып келе жатқан тозық дәстүрдің – мәдениетке сарқынды ұстаным бойынша қаржы бөлудің өмір сүруін тоқтатқаны. Әлемдік билікті қолына алуды армандаған, жанталаса қаруланған КСРО-да әлеуметтік-мәдени салаға мардымсыз қаражат бөлу – Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде айықпас дертке айналған еді. Бұл дерттен Қазақстан мәдениетінің, әлеуметтік инфрақұрылымының шеккен азабын дос емес, дұшпанның да басына бермесін. Ел тәуелсіздігі мен экономикасының өрлеуі мәдениетті сарқынды қаржыландыруды тоқтатуға қол жеткізді.

Жетінші керемет – әлемге көлдей жайылып келе жатқан жаһанданудан ұлттық болмыс-бітімімізге төнген қатерге қарсы қояр қорғанның қатарға қосылғаны. Жаһанданудың технологиялық, интеграциялық,

қаржылық, экологиялық берерін кәдеге жарата алсақ, ұтарымыз хақ. Ал, оның тілге, ақпараттық қауіпсіздікке, төлтума мәдениетімізге, салт-дәстүрімізге төндіретін қысымы алдын ала қамданбасақ, қапы қалдырары сөзсіз. Осыған төтеп беретін әлеуеттің көзі ашылды. Ол «Мәдени мұра» бағдарламасы [8, 51–53-б.].

Расында бағдарлама аясында кең байтақ еліміздің аймақтарында зерттелмеген, ұмыт қалған теңдессіз археология және этнология жәдігерлерін анықтауға, халқымыздың бай материалдық емес құндылықтары мен туындыларын саралаудың, тарихи-мәдени мұраны зерделеудің жаңа әдіс-тәсілдері жүйесін қалыптастырудың, табиғи-мәдени және тарихи-сәулеттік ескерткіштерді қайта қалпына келтірудің, дүниежүзілік ғылым, мәдениет, әдебиет жетістігіне негізделген гуманитарлық ғылымның толыққанды қоры құрылды.

Қазақстанды жаһандық әрі маңызды мәселелерді шешуге бағыттай отырып, халықты жұмылдыратын «Мәңгілік Ел» идеясы еліміздің стратегиялық құжаттарының өзегіне айналып отыр. Соның бірі Қазақстан Республикасының мәдени саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасы болып табылады.

«Мәдени мұра» бағдарламасының елеулі нәтижесі мен мәдени саясатты жаңғыртудың қажеттілігі 2014 жылы Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын әзірлеуге негіз болды. Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған, Қазақстан халқын өзінің бай мәдени мұрасымен және шығармашылық әлеуетімен әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсатына ойдағыдай қол жеткізуге жұмылдыруға үндейтін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мәдени саясат тұжырымдамасының өзегі болып табылады.

Мұндай ұзақ мерзімді стратегиялық құжат еліміздің мәдениет саласының тарихында алғаш рет қабылданып

отыр. Осы ретте оның маңыздылығы мен өзектілігін аңғаруға болады.

Мамандар мәдени саясат тұжырымдамасын жаһандық әлемде отандық мәдениеттің өзіндік болмысын және ұлттық сәйкестігін айқындайтын ұлттық мәдени мұраның басымдығы, мәдениетті өсу факторы және әлеуметтік дамудың қуатты ресурсы ретінде бағалайды. Құжаттың елдің мәдени сан алуандығын құрметтеу, полиэтностық Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлерін қолдау және дамыту, шығармашыл тұлға мен мәдени өзін-өзі көрсету нысандарының еркіндігі, жаңа институттық бірлестіктер, қазіргі заманғы мәдени кластерлер мен озық технологиялар базасында мәдени орта бірлігі қағидаттарымен негізделгенін атап өтеді. Аталған қағидалардың қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті жаңа мәдени ментальдігін қалыптастырудың өзегі болатын құндылықтар жүйесін құруға мүмкіндік беретініне сенім білдіреді [6].

Елдің біртұтас мәдени кеңістігін дамыту, қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ділі мен рухани биіктігін қалыптастыру, экономиканың сәтті дамуына және елдің халықаралық жағымды имиджін қалыптастыруға әсер ететін қазіргі заманғы мәдени кластерлер құру мәдени саясат тұжырымдамасының басты мақсаты болып белгіленді [9].

Осы тұжырымдаманы әзірлеу барысында мәдениет саласының ағымдағы жағдайы сараланып, өзекті мәселелері айқындалған. Кластерлік жүйе негізінде анықталған мәселелерді шешу, демеушілік пен меценаттықты дамыту, мемлекеттік және жеке меншік ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру жолдары ұсынылған.

Жалпыұлттық идеяның алтын діңгегі – тіл, тарих, салт-дәстүр. Осы мәселелер тұжырымдаманы әзірлеу

барысында ескерілген. Мәселен, қазақтың дәстүрлі дүниетанымында «Жеті қазына» деген түсінік бар. Осы тұрғыда тұжырымдамада ұлттың мәдени кодының жеті бөлігі: мұра, дәстүр, салт, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер, мерекелер анықталған. Сарапшылардың пайымдауынша бұл туылғаннан қалыптасатын, өмір бойы адамды сүйемелдейтін және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтар болып табылады.

Бүгінде Қазақстан қалыптасқан мемлекет ретінде дамудың жаңа кезеңіне өтуде. Сондықтан тағылымды дәстүрлер әрбір қазақстандықтың тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлігі тұрғысында қарастырылған.

Ұлттық-мәдени кодты нығайтудағы отбасының рөлі айрықша маңызды. Себебі – отбасы бізге ата-бабадан қалған игі мұралардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, 2014 жылдан бастап өткізіле бастаған «Мерейлі отбасы» байқауы елдің өркенін өсірер өнегелі шаңырақтарды үлкен-кішіге үлгі етіп, Отанымызда отбасын ұлықтаудың мемлекеттік тұрғыдағы жаңа қадамы ретінде қалыптасуда. Байқау мазмұны жағынан да, тәрбиелік-өнегелілік тұрғыдан жас буынды әке салған жолды жай ғана жалғастырып қоймай, тың идеялармен байытып, жаңаша қарқынмен жетілдіруге жетелейтін, қоғамды ізгілендіріп, рухани байытатын өзгеше іс-шара.

Қазақстан тарихи тұрғыда өркениеттерді өзара дамытушы және біріктіруші орынға айналды. Қазақ халқы басқа мәдениетті қабылдауға және түсінуге әрдайым дайын болды. Өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін, дінін, тілін және салт-дәстүрін құрметтеу оның өзіндік ділі болып табылады.

Қазақ халқының және Қазақстанды мекендейтін барлық этностардың мәдениеті бай әрі теңдессіз. Осы тұрғыда қазақ мәдениетінің айналасына барлық ұлттардың мәдениеті жинақталып, этнос мәдениеті қалыптасады.

Ел тәуелсіздігі халықтардың ортақ мәдени және рухани құндылықтарына негізделеді. Олардың жетістіктері, жаңару мен ынтымақтастыққа ашықтығы барлық қазақстандықтардың ортақ мақтанышына айналды.

Этнос мәдениеті – әр халықтың даралығын бейнелеумен қатар халық бірлігіне қызмет ететін қуат. Бірге өмір сүре білу мәдениеті – этнос мәдениетінің өзегі болып табылады [10, 74 б.].

Қазақстанда ұлттық мәдени бірлестіктер арқылы мемлекет пен этностар арасында берік байланыс орнаған. Мемлекеттің сындарлы саясаты республика халықтары мәдениетінің жандануы мен дамуына үнемі қолдау көрсетіп келеді.

Қазақстандықтардың мәдени танымын қалыптастыруда этномәдени бірлестіктердің алатын орны ерекше екені сөзсіз. Елімізде этномәдени бірлестіктердің толыққанды қызмет жасауы үшін қажетті жағдай жасалған.

XX ғасырдың 80-ші жылдарында республикада ұлттық мәдени орталықтар өмірге келді. Олардың нығаюына объективті мүмкіндік туындады. КСРО-ның құлауы және көпұлтты Қазақстанның тәуелсіздік алып, демократиялық құқықтық қоғам жолына түсуі, әртүрлі шағын этностардың ұлттық бірлестіктерінің іс-әрекетінің мүмкіншіліктерін, өзара іс-қимылдарын жоғары деңгейде дамуына мүмкіндік жасады.

Өткен ғасырдың 80 жылдарының аяғы мен 90 жылдардың басында еліміздегі 34 ұлттық-мәдени орталықтар белгіленген құқықтық нормаларға сәйкес өз қызметтерін жүргізді.

«Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамыту, ұлттық білім жүйесін жетілдіру, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсарту, ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тұтқаларын нығайту» деп, Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының I сессиясында

этномәдени бірлестіктердің негізгі мақсаттарын айқындап берді.

Осының негізінде этномәдени бірлестіктер қызметінің бағыттары былайша түзіледі:

– этностық әр алуандылықты, тарихи, тілдік ерекшеліктерді, салт-дәстүрлерді, мәдениетті сақтау және дамыту;

– Қазақстан халқының бірлігін нығайту, қазақ мәдениетін тану, мемлекеттік тілді меңгеру;

– Қазақстанның көркеюіне үлес қосуға ұмтылу;

– өзінің этностық тарихи Отанымен байланыс жасау арқылы мемлекеттер арасында достықтың «алтын көпірін» орнатып, ынтымақтастықты дамытуға атсалысу болып белгілеген [11, 4 б.].

Аталған бағыттардың негізінде Қазақстанның әр облысы мен республикалық маңызы бар қалаларында этномәдени бірлестіктер мен Достық үйлері қызмет етеді.

Еліміздегі Достық үйлері этносаралық қатынастар саласындағы азаматтық қоғамды ұйыстырушы функциясын атқара отырып, этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтауда үлкен рөл атқарады.

Алғашқы Достық үйі өз жұмысын 1992 жылы Шығыс Қазақстан облысында бастады. Бүгінгі таңда, республикада 17 Достық үйі бар, оның ішінде 15 – өңірлік, 2 – республикалық болып табылады. 2014 жылдың 30 мамырында «Қазақстан халқы Ассамблеясының Достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы» бекітілді. Тұжырымдамада белгіленген мақсат-міндеттерді 2020 жылға дейін жүзеге асыру көзделіп отыр. Достық үйлерді бейбітшілік пен келісім орталығы, тұрақты және қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды ресурсына айналдыру нәтижесі күтілуде [12].

Сондықтан да еліміздің мәдени саясатының тұжырымдамасына арқау болған мереке ұғымын ұлтаралық

татулықты нығайтушы фактор ретінде қарастыруға болады. Мереке кез келген мәдениеттің әмбебап және маңызды феномені, өйткені қазіргі кездегі ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелер қоғамның құндылықтар жүйесін біріктіреді, сонымен қатар мемлекеттің және оны мекендейтін халықтардың өркениеттер арасындағы орнын анықтайды

Мемлекеттік күнтізбедегі айтулы күндер – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекелері. Бірлігі бекем Қазақстан халқының мерекелері ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.

*«Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарының бірі болып табылатын тіл – ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді.*

Ғасырлар бойы қазақ халқы «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанды. Себебі тіл – ұлттың жаны.

Тіл – қарым қатынас құралы ғана емес, ол халықтарды біріктіруші, адамдар арасындағы өзара түсіністікке жеткізуші әрі аса маңызды тәрбие құралы. Қазақстан тіл саясатының өзекті мәселелерін дау-жанжалсыз шешіп отырған бірден-бір мемлекет. Республикадағы барлық этностардың тілдерін дамытуға қажетті барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалған.

Тілдік сан алуандылық Қазақстанның ұлттық мақтанышы болып саналады. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап-ақ елімізде тіл саясаты Елбасы

Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Қарым-қатынас жасауда, тәрбиелеуде, білім беруде және шығармашылықта тілге еркіндік берілу арқылы елдегі барлық этностардың құқықтары сақталып отыр. Бүгінгі таңда мемлекеттік мектептерде қазақ және орыс тілдерімен қатар, өзге ұлт өкілдері ана тілінде білім алуда. Республика бойынша тіл үйрететін арнайы лингвистикалық орталықтар, өзге тілдерде ақпарат таратушы газет, журнал, теле- және радиобағдарламалар толыққанды жұмыс жасап отыр. Бұл өз кезегінде барлық қазақстандықтарға өз ана тілінде білім алу арқылы төл мәдениеті мен тарихынан тыс қалмауына мүмкіндік береді.

Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін сақтау және дамыту үшін өз ана тілінде оқытатын мектептер жұмыс жасайды. Сондай-ақ, этномәдени орталықтардың жанынан ашылған 190 жексенбілік мектептерде ана тілін оқытуға жағдай жасалған.

Мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясаты Қазақстанда тұратын ұлттардың ана тілінің дамуына жағдай жасап отыр. Қазіргі уақытта бұл саладағы жұмыстар «Тілдерді дамыту мен қолданудың» 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілуде [13].

Мәдени саясат тұжырымдамасында тіл мәдениеттің негізгі элементі және ұлт пен оның бірлігін қалыптастырудың мүлтіксіз шарты ретінде айқындалады. Қазақстан мәдениетінің әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің үш тұғырлығын көздейтін мемлекеттік тіл саясаты арқылы жүзеге асыру көзделген.

Мәдени саясат тұжырымдамасына енгізілген қағидалар – ұлттық мәдени мұраны сақтау, мәдениетті тану, әлеуметтік даму мен өсім факторын мойындау, мәдени жан-жақтылықты сыйлау, тәуелсіз шығармашылық пен



мәдениетті түрдегі өз ойын білдіру – барлығы дамудың біркелкі саласы болып табылады.

Қазақстанның мәдени мұрасы – біздің қоғам мен мемлекетіміздің табысты дамуының сарқылмас әлеуеті. Осы орайда еліміздің мемлекеттік мәдени саясаты қазақстандықтардың рухани-адамгершілік бағдарларын, отансүйгіштік пен орнықты құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, ұлттық сан алуандылықты сақтауға және Қазақстан халқы мәдениетін үйлесімді дамыту негізінде бүкілқазақстандық мәдени кеңістікті дамыту арқылы отандық мәдениетті әлемдік мәдени кеңістікпен ықпалдастыруға бағдарланған. Сондай-ақ, «Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтау және таныту, бәсекеге қабілетті мәдени ортаны және қазіргі заманғы мәдени кластерлерді қарқынды дамыту [14, 38-б.].

Тұжырымдамада қарастырылып отырған әлемдік деңгейдегі экологиялық этносаябақтар, мәдени қорықтар – елдің мәдени ландшафтын қалыптастыратын бірден-бір орындар. Әр аймақ өзінің ғажайып тарихи-мәдени мұрасын ұсына алады. Заманауи әлеуметтік-мәдени технологиялар көмегімен туризм, ақпараттық технологиялар, білім беру кешендері аймақтардың тарихи-мәдени мұрасын дамытуға мүмкіндік беріліп отыр. Осы негізде жергілікті жобалар – өзіндік фестивальдар, мерекелер, фольклор мен қолөнер орталықтары қалыптасуда [15].

Мәдени саясаттың тұжырымдамасы отандық музейлер мен қорық-музейлердің қызметтерін айтарлықтай кеңейтуді көздейді. Олардың жұмысының шеңбері тарихи ғылыммен, археологиямен, қайта жаңғыртумен, өнертанумен, этнографиямен тығыз байланыстыруға бағыттауды көздейді. Бүгінде отандық кітапханалардың қызметі – барынша пайдаланылатын және заманауи,

сондай-ақ, ыңғайлы форматта баршаға қолжетімді болатын елдің ауқымды ақпараттық ресурсы. Сондықтан еліміздің кітапханаларының қызметін жаңа форматқа көшіру көзделген. Жалпы айтқанда, елдің кітапханалары қазақстандықтардың мәдени демалысының көпфункционалы, білім беретін және ақпараттық орнына айналдыруды мақсат етеді.

Мәдениет саласы әрқашанда елдің ішкі саясатының құрылымдық бөлігі ретінде қарастырылады.

Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – терең ойлы ән-жыраулары мен күйлері, сарқылмас қазынаға айналған халық ауыз әдебиеті, қазіргі дәуірдің технологияларымен пара-пар түсетін қолөнер мәдениеті. Бұлар біздің рухани мәдениетіміздің алтын діңгегіне айналған. Бүгінде Қазақстан осынау асыл қазыналарды ұрпақ санасына тереңінен бойлай ұлықтайтын шешуші кезеңіне жетіп отыр. Біз өзіміздің мәдени мұраларымыз бен өнерімізді зерделеп, ұлттық кодымызды нақтылауымыз керек. Оның негізі халқымыздың тектілігінде, қаймағы бұзылмаған санасы мен дінінде екендігі белгілі.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ең алдымен, ұлт санасын жаңғыртуға, қазақстандық мәдениетті ілгерілетуде және дәстүрлеріміз бен мәдениетіміздің нарықтық қағидалар мен жаһандық экономикадағы озық технологияларды қалыптастыруда мәдениет, өнер саласының қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктеді.

Елбасы атап өткендей, «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс».

Елбасының бастамасы бойынша әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық бірегейлікті сақтау,

сананың ашықтығы мен білімге деген құштарлықты, бәсекеге қабілеттіліктің артуына, қоғамның ой-өрісінің кеңеюіне жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Сол мүмкіндіктерге қысқаша тоқталатын болсақ.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың жаңа мүмкіндіктердің бірі ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды. Аталған жоба аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша дүниежүзінің ең үздік деген жоғары оқу орындарының оқулықтарын қазақ тіліне аударып, біздің ізденушілердің білімі мен ой-өрісін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік жасау көзделген.

Жобаның жұмысы үкіметтік емес және коммерциялық емес «Ұлттық аударма бюросы» деп аталатын қоғамдық қордың негізінде ұйымдастырылуда. Аударылатын кітаптар тізімі бірнеше рет басылған, соңғы басылымы кейінгі үш жылда шыққан, мазмұндық тұрғыдан бейтарапты деген талаптарға негізделген отандық оқу орындарының ұсынысына сүйене отырып жасақталған

2018 жылдың 12 сәуірі күні – Қазақстан Республикасы ғылым саласы қызметкерлерінің күнінде Елбасына осы жоба аясында аударылып, басып шығарылған 18 оқулық таныстырылды. Бұл оқулықтар көпшілік үшін кітап түрінде, электрондық онлайн нұсқасында және үздік лекторлардың ашық дәрістерінің видеотекасы сияқты үш форматта қол жетімді болмақ. Кітаптар латын қарпінде басып шығарылғаннан кейін, оларды шетелдегі қазақ жастары да оқи алатын болады.

Сарапшылардың пайымдауынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру бірқатар аса маңызды жүйелі мәселені шешуге жол ашады.

Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылады. Сол арқылы тілдің жетілуіне аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды.

Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасалады. Отандық оқу орындарындағы мазмұн және академиялық талқы деңгейі әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейіне шығады.

Үшіншіден, аса ауқымды аударма жобасы қазақстандық аударма мектебінің күшейіп, жетілуіне мүмкіндік береді. Аудармашы мамандар, ғалымдар мен оқытушылардың жаңа бағытта жұмыс істеуіне алғышарт болады [16, 1–2-б.].

Біздің елімізде және көршілес мемлекеттерде әртүрлі аудармашылық жобалар жүзеге асырылған. Мұндай жобаларды белгілі бір мемлекеттің қаржыландыруымен халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік институттар мен жеке ғалымдар жүзеге асырды. Осыған орай оқулық пен ғылыми әдебиетті аудару ісі Қазақстан үшін жаңалық емес. 2011 жылы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Қазақстанның жоғары оқу орындары қауымдастығы базалық оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасын жүзеге асырды. Жобаға 36 аудармашы маман қатысты. Осы жоба аясында АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Италия, Ресей және т.б. елдердің үздік оқулықтары мемлекеттік тілге аударылды. Дегенмен аударлығын кітаптардың басым көпшілігі жаратылыстану және техникалық ғылымдар бағытында болды [17].

Осылайша аударма жұмыстарын ұйымдастырудағы Қазақстанның өзіндік тәжірбесі, нақты айтқанда зияткерлік меншік құқықтарын сақтау жөніндегі заң мәселелерін шешудегі орныққан әдіс-тәсілдер, кітаптарды

іріктеу және оларды аудару үдерістері аталған жобаны сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ұлан байтақ қазақ елі киелі жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз. Тәуелсіздік жылдарында осы игі дәстүрді жалғастыру мақсатында ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Соның ішінде, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар қайта қалпына келтірілді.

Отанға деген сүйіспеншілік сияқты әлеуметтік сезім адамның тіршілік әрекетінің барлық салаларында жаңа жетістіктерге жетуге итермелейтіні белгілі. Халықаралық тәжірибеде осы бағыттағы жұмыстарға ерекше ден қойылған. Мысалы, туған өлкені зерделеу мен өлке тану жөніндегі жұмыстарды әртүрлі ұлттық институттар жүйелі түрде жүргізеді. Олар осы тақырып аясындағы зерттеулерді баяндайтын журналдарды әзірлейді, өлке тарихы туралы кітаптар мен кітапшаларды басып шығарады, негізгі архив қоймаларына, кітапханалар мен музейлерге жүйелі түрде экскурсиялар мен экспедициялар ұйымдастырады [18, 23-б.].

Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі жанынан «Қасиетті Қазақстан» орталығы құрылды, алғаш рет «Туған жер» республикалық өлкетанушылар бірлестігі жасақталды. Барлық өңірлерде этномәдени экспедициялар және далалық зерттеулер жүргізіліп, оның нәтижесінде, 185 жалпыұлттық және 456 жергілікті деңгейдегі киелі жерлердің тізімі қалыптастырылды.

Сонымен қатар, 2017 жылғы 17 қазанда Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның Штаб пәтерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ауқымды презентациясы өтті. Елбасының бастамалары беделді халықаралық

сарапшылардың ортасында қолдау тауып, олардың жалпы алғанда ЮНЕСКО және БҰҰ-ның негізгі миссияларына толықтай сәйкес келетінін атап өтті. Бұл сапар «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасына ресми бастау берді. Жобаның міндеті – бүгінгі әлемге тәуелсіздік жылдарындағы кино мен театр, хореография, өнер, бейнелеу және музыка өнері мен әдебиет жетістіктерін таныстыру болып табылады [19, 3-б.].

Жобаның жұмыс тобы дүниежүзіне танылуға лайықты отандық мәдениеттің үздік үлгілерінің тізбесін жасауға қажет нақты критерийлерді айқындады. Біріншіден, туынды Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде дүниеге келген болуы шарт. Екіншіден, қоғамда халық мойындаған, танылған авторлар болуы керек. Үшіншіден, жарық көрген туынды (кітап, фильмография, театр қойылымы, көрмелерге қатысу, т.б.) қоғамда танымал болуы тиіс. Төртіншіден, жаңашылдығымен, бірегейлігімен, зияткерлігімен, образдылығымен, ұлттық болмысымен ерекшеленуі шарт. Бесіншіден, жоғары кәсіби деңгейге, мәдени, әдеби талғамға, сахналық мәдениетке сай болуы қажет. Алтыншыдан, зорлық-зомбылықты, діни араздықты, нашақорлықты насихаттамауы тиіс. Жетіншіден, іріктеу кезінде Қазақстан аумағында тұратын барлық мәдениет өкілдері, ұлттық палитра ескерілуі қажет.

Аталған жобанының ауқымды бастамасы ретінде қазіргі заманғы қазақстандық әдебиеттің екі антологиясын ағылшын, испан, француз, орыс, қытай және араб тілдерінде басып шығаруға дайындық және аударма жұмыстары жүргізілуде. Мақсат – мәдениет саласындағы халықаралық қарым-қатынастарды нығайту, оның ауқымын кеңейту, әдебиетімізді әлемдік нарыққа шығарып дүниежүзіне паш ету. Антология проза мен поэзия жанрларына арналады. Оның құрылымы мен мазмұны

Қазақстан Жазушылар одағының арнайы отырысында бекітілген.

Жоба шеңберінде отандық музейлер өздерінің ең үздік қорын Қазақстан мен шетелдердегі көрмелерге әзірлеуде. Мәселен, жоба басталғаннан бері «Алтын адамның әлем музейлеріне сапары», «Еуразия көшпенділері», «Азия мен Еуропаның тоғысында» атты көшпелі көрмелер АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Беларусь, Әзербайжан және т.б. мемлекеттерде болып өтті. Сондай-ақ, музей экспонаттарын цифрландыру бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Музыка, театр және кино салалары да Қазақстанның стратегиялық мақсаты – жаһандық мәдени кеңістікке интеграциялануды сәтті іске асыруға сүбелі үлес қосуда [20, 1, 4-б.].

Қорыта айтатын болсақ, біздің қоғамның шынайы мақсаты мен армандарын бейнелейтін «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары мәдени саясаттың бұлжымас тетігін құрап отыр.

## Әдебиеттер

1. Умбеталиева Т.Б. Национальная идея: ее основные принципы и составляющие элементы / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://bibliotekar.kz/suverennyi-kazahstan-na-rubezhe-tysjache/nacionalnaja-ideja-ee-osnovnye-principyu-.html>.

2. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: [http://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/astana\\_other\\_events/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy2](http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/astana_other_events/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy2).

3. Ұлт мұраты / Құраст.: Д. Мыңбай, Ж. Бейсенбайұлы. – Астана, 2014. – 208 б.

4. Молдабеков Ж. Мәдениеттілікті мәйектеу – ұстаным ба, саясат па? / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <https://akikat.kazgazeta.kz/?p=2424>.

5. «Мәдени мұра»: өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды... / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: [http://old.aikyn.kz/ru/articles/show/29804-\\_m\\_deni\\_m\\_ra\\_lgen\\_m\\_z\\_t\\_r\\_l\\_p\\_shken\\_m\\_z\\_zhandy\\_](http://old.aikyn.kz/ru/articles/show/29804-_m_deni_m_ra_lgen_m_z_t_r_l_p_shken_m_z_zhandy_).

6. Мұхамедиұлы А. Мәдени саясат – мемлекеттің басты идеологиялық тұғырнаамасы / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <https://abai.kz/post/39948>.

7. Атабаева Г.М. Мәдени мұра – кейінгі ұрпаққа жүктелген аманат // Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдығы ұлттық Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу жолындағы маңызды кезең» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның тезистер жинағы. – Астана, 2015. – 418 б.

8. Әбжанов Х. Мәдени мұраның жеті кереметі // Мирас. – № 3. – 2007. – 51–53 бб.

9. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000998>.

10. Есім Ғ. Этнос мәдениеті // Мирас. – № 2 (14). – 2010.

11. Менің Қазақстаным. – Справочник о деятельности этнокультурных объединений Казахстана. – Астана, 2015. – 80 с.

12. Қазақстан халқы Ассамблеясының достық үйлерін дамыту тұжырымдамасы / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000580>.

13. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs).

14. Хазбулатов А., Султанова М. Культурный код нации в концептуальном понимании современной культурной политики Казахстана // Адам әлемі. – № 4. – 2015.

15. Қуанышбаев Ж. ҚР мәдени саясат Тұжырымдамасы – жаңа белестер мен даму салалары / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://cultural.kz/kz/news/view?id=979>.

16. Бітік Д. Рухани жаңғыру: кемел білімнің көкжиегін ашқан кезең // Егемен Қазақстан. – № 70. – 2018.

17. Черных И. Новое гуманитарное знание как основа для модернизации общественного сознания / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://kisi.kz/ru/categories/experts/posts/novoe-gumanitarnoe-znanie-kak-osnova-dlya-modernizacii-obsh>.

18. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы (ақпараттық-түсіндірмелі материал). – Астана, 2017. – 56 б.

19. Балаева А. Мәдениетіміз бен өнеріміз әлемге кеңінен танылып жатыр // Егемен Қазақстан. – № 163. – 2018.

20. Асан М., Жұмабай Н. Рухани жаңғыру – жаһандық мәнге ие жоба // Егемен Қазақстан. – № 71. – 2018.



### 3.6. АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҮРДІСТЕР

Қазіргі өркениет өзінің сыртқы келбетін өзгертіп, жаңа дәуірге, ақпараттық, цифрлық өркениет дәуіріне айналуда. Қазіргі заманғы бұқаралық коммуникация жаһандану дәуірінде қарқынды ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді және ақпараттық өркениет саяси-экономикалық, қаржы-тауарлық, нарық, әлеуметтік-мәдени жаһандану үрдісімен қоса, адам өмір сүруіндегі барлық салаларына енеді. Интернет, кабельдік-спутниктік теледидар, ұялы телефон – жаһандану үдерісінің негізгі компоненттерінің бірі. Олар қоғамда ғаламдық маңызға ие болып табылады. Жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының эволюциясының ғаламдық салдары да жаһандық болып табылады, оларды енгізу және дамыту қазіргі уақытта ақпараттық тұтыну нысандарын өзгертіп отыр. Интернеттің, желілік технологиялар мен жаңа БАҚ-ты дамыту ақпараттық ағымды арттырады, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестердің сапасын жақсартады.

Ақпарат мақсатқа жетуге көмектескен сайын, соғұрлым ол құнды болып келеді. Ортақ құндылықтар әлеуметтік қоғамдастықты нығайтады. Олар мәдениет, дін, тарих, салт-дәстүрге негізделген, бірақ адамзат қоғамы дамыған сайын, оларды толықтырып немесе жаңартып отырады, соған орай қазіргі таңда болашақта дамуға қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Заманауи тарихи өзгерістер процесінде уақыттың трансформациясы ғана

емес, сондай-ақ ақпараттық технологиялар процесстерінің бірлескен ықпалымен өзгерістер жүруде.

Барлық әлеуметтік процесстерді жеделдетудің қазіргі жағдайында, адам барған сайын әлеуметтік жүйенің даму бағытына жаңа таңдау жасауы керек. Қоғам күн өткен сайын күрделене түсетіндіктен, ақпараттық және мәдени әртүрлілік дамудың маңызды факторы болып табылады, жеке адамдар мен қоғамды бағалау критерийі де өте маңызды болып келеді.

Тұңғыш Президенттің әлеуметтік бастамалары адами капиталдың деңгейін көтеруге, мемлекеттік саясатты ілгерілетуге, азаматтық қоғамның маңызды әлеуметтік ресурстарын тартуға бағытталған. Қазақстанның ақпараттық саясатының қалыптасуы ұлттық мүдделердің басымдылығын талап етіп, дамып келе жатқан ақпараттық және мәдени кеңістікті жақын және алыс шетелдерге белсенді түрде кірігуді талап етеді. Сонымен қатар, елдің жаңғыртылуы табысты болуы мүмкін, алайда қоғам сыртқы және ішкі мән-жайлар арасындағы нақты тепе-теңдік, қоғамының ішкі әлеуетін жақсарту, ұлттық телекоммуникациялық инфрақұрылымды әлемдік ресурстарға қолжетімділікте дамыту жолымен қол жеткізілетін жаһандану жағдайында өз сәйкестігін сақтап, жергілікті ақпараттың ұсынылуын жаһандық нарыққа айналдыра алатын техникалық ақпарат болып табылады. Мұндай түрдегі жүйе ұлттық дамудың табысты факторына айналады.

1990-жылдардың көптеген зерттеушілері өмірдің әртүрлі салаларында ғана емес, сонымен бірге білім берудің рөліне де назар аударды. Ол өз кезегінде жоғары өнеркәсіптік қоғамның дамуына барларын салып, соның ішінде, «knowledgeablesociety» – білімді қоғам деген сөздерге сай келетіндей қоғам қалыптастыруға тырысты.

Халықтың әл-ауқатының негізгі шарты ақпаратқа еркін қол жеткізу және онымен жұмыс істеу қабілеті

арқылы алынған білім болып табылатын қоғамды қалыптастыру өте маңызды. Білім қоғамы интеллектуалды қоғамға, «даналық қоғамына» айналады. Жаһандық ақпараттық желілер әрбір адам үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, адамзат өркениетіне қатысты ақпарат пен білімге қолжетімділік бар ғылымды, мәдениетті, технологияларды пайдалану шекараларын кеңейте түсуде.

Интеграция және халықаралық ынтымақтастық кең көлемде жаңа байланыс құралдарын дамыту, ақпараттық технологияларды жетілдіру арқылы қамтамасыз етіледі. Ақпараттық революция дамыған және жаңа индустриялы бірқатар елдерде әлеуметтік дамудың өзгеруін дайындады, бұл өте ауқымды дәрежеге жеткені соншалық, бұны жиырма жыл бұрын осындай ауқымда болады деп елестету мүмкін емес еді.

Зерттеуші Ю. Б. Кашлев айтып өткендей: «Әлемде болып жатқан ең басты жақсы жаңалық – адамдардың білімінде өсу қарқыны бар. 1970 жылдары адам білімінің саны 10 жылда бір рет екі есеге артты. 1980 жылдары 5 жылда бір рет. 90-жылдардың аяғында адамзат білімінің көлемі жыл сайын екі есеге көбейді [1]. Адамзат қоғамында ақпараттық процестердің өсуі байқалады. 50 жыл бойы ақпарат тасымалының жылдамдығы 300 мың есеге артып, шамамен үш секундқа жуықтады.

Шығынның төмендеуі кезінде жылдамдықтың ұлғаюуы, мультимедиа ақпаратының нақты уақыт режимінде берілуі, ақпаратты іздеу және өңдеу жүйелерінің жылдамдығын миллион есе жоғарылату мүмкіндігі қоғамның барлық салаларының болашақ дамуының негізі болып табылады.

Ақпараттық процестерді қарқындатудың негізгі компоненттері:

- хабарларды беру жылдамдығының тұрақты өсуі;
- берілген ақпараттың көлемін көбеюі;

- ақпаратты өңдеуді жеделдету;
- кері байланысты толығымен пайдалану;
- өндірілген ақпараттардың көлемін көбейту және оны жүзеге асыруды жеделдету;
- адамның басқару үдерісіндегі ақпараттың көрнекі көрсетілуі;
- басқарушылық еңбек техникасының жылдам өсуі [2, 135-б.].

Байланыс саласында қазіргі уақытта ақпараттық нарықта үш негізгі қатысушы бар: мемлекет, жеке меншік сектор және халық.

Бұқаралық ақпарат құралдарына үш негізгі фактор әсер етеді:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) (сандық, интерактивті, ұялы, талшықты-оптикалық, кабельдік-спутниктік, желілік);
- мемлекет, бұқаралық коммуникацияның дамуында оның рөлі арта түсуде, мемлекет үйлестіру саясатын жүргізеді, дәстүрлі реттеуден (техникалық; жиілік, лицензия) этикалық, әлеуметтік-мәдени салаға аударылады;
- пайдаланушылар, халық, БАҚ тұтынушылары.

Адамның жеке қарым-қатынастарының жаңа құрылымдары пайда болды (ұялы телефония, сұраныс бойынша бейне, желі және т.б.). Зерттеушілер, коммунологтардың пікірінше, жаңа коммуникациялық құрал теледидарға ұқсас, бірақ интернетте жұмыс істейді, аудитория виртуалды ақпаратты көбіне жөн тұтады. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі заманғы дамуы зор әлеуметтік өзгерістерге, азаматтық қоғамды нығайтуға, елдегі демократиялық өзгерістерді тездетуге алып келеді.

Қазіргі уақытта коммуникациялық салада: БАҚ-та меншік түрінде, көрініс нысандарында, жаңа функцияларда, жаңа үрдістерде, жаңа медиа-форматтарда, жаңа мамандықтарда үлкен өзгерістер болды. XXI ғасырда

жаңа коммуникация мамандықтары пайда бола бастады, олардың ішінде ньюсмейкерлер, имиджмейкерлер, копирайтерлер, модераторлар, стрингерлер, пиар мамандары, спичрайтерлер, спидокторлар, блогерлер, әлеуметтік медиа басқару (SMM) және тағы да басқалары. Заманауи әлем коммуникация мамандықтарын алдыңғы қатарға шығарды.

Жаһандық ақпараттық үдеріс қазақстандық БАҚ-тың, жаңа БАҚ-тардың дамуына айтарлықтай әсер етті. Прогресс туралы хабар ретінде (М. McLuhan) хабарлау әдісінің өте кең түсінуінен теориялықтар ұлттық басымдықтар, мәдени дәстүрлер және тіпті қабылдаудың ақыл-ойы туралы нақты сұрақтарды талқылауға жиі ауысады. Ақпараттық процестер ғаламдық сипатқа ие болғанмен, олар өздері туындаған елдің ұлттық ерекшелігін қамтиды.

Адамзат мәдениеті саласындағы революция негізінен ақпараттың берілуі мен таралуы жолындағы өзгерістердің нәтижесі болды. Олар қоғамдық ұйымдарды түбегейлі өзгертті, қоғамда өндіріс жасап, әлеуметтік, экономикалық және мәдени трансформацияларға айналды.

Канадалық теоретик М. Маклюэн дамуының негіздерін жаңа түрде түсіндіретін доктрина құрған медиа-философ болып саналады. Оның айтуынша, біздің өркениетіміздегі сапалы өзгерістер жаңа байланыс құралдарын енгізуге тікелей байланысты. Әлеуметтік-мәдени көзқарас жаңа ақпараттық қоғамның өмірі мен мәдениеті зерттелетін философиялық көзқараспен тығыз байланысты және коммуникациялық технологиялардың ақпарат қабылдауды, адамдардың өмірін, мәдениетін және тұтастай өркениетті қалай өзгерткенін біледі.

М. Маклюэнның негізгі ережелері келесідей:

1. Адамзат тарихындағы сапалы өзгерістер жаңа медианың (байланыс құралдарының) пайда болуымен байланысты.

2. Медиа – адамның физикалық және психологиялық жалғасы.

3. Медиа мазмұнына қарамастан, тұтастай алғанда адамның және қоғамның психикасына әсер етеді.

4. Медиа кеңістікті және уақытты қабылдауды анықтайды және өзгертеді (тез арада ақпарат бүкіл әлемді бір ғаламдық ауылға айналдырады).

5. Әрбір жаңа байланыс құралы бұрынғымен өзара әрекеттеседі, көбінесе «бас тартады» және оны дамытады.

6. Байланыс құралдарының өзі – хабарлама [3, 16-б.].

АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) әлеуеті қазірдің өзінде мемлекеттік басымдықтардың бірі болып табылады. Елде ақпараттық өнімдер мен қызметтерді өндіру өсіп келеді. ХХІ ғасырда бизнес пен ақпараттық технологиялар ең гүлденген дүниелердің біріне айналды. АКТ-ның таралуынан туындаған Қазақстан қоғамының өміріндегі өзгерістер экономикалық және әлеуметтік-мәдени сипатта болады.

АКТ-ның қоғамға әсер етуінің әлеуметтік-мәдени сипаты қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін кеңейтуде, олардың проблемалары мен мәселелерін шешу үшін әртүрлі ақпарат пен білімді пайдалануда көрініс табады. Теледидар, бейне, компьютерлік ойындар, компакт-дискілер, ноутбуктер, банкоматтар, ұялы телефондар, сандық фотоаппараттар, кинокамералар, пластикалық карталар, факс машиналары, электрондық қорғаныс және қауіпсіздік құралдары, қашықтан басқару құралдары, бейнебақылау, әртүрлі мультимедиялық өнімдер – бұл біздің бәріміздің бүгінгі өміріміз. АКТ әлеміндегі «қосу» әлеуметтік мобильділік, әлеуметтік қамсыздандыру және қауіпсіздік факторы болды.

Қазіргі уақытта жаһандық байланыс және байланыс жүйесі планетаны жоғары жылдамдықты

магистральдармен қамтиды. Интернет жаңа БАҚ және бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы үшін серпін ХХІ ғасырдың ландшафтын өзгертуді ұсынды. Интернеттегі тірі бейнені нақты уақытта жіберу идеясы іске асырылды. Бұл технология тек теледидар хабарларын тарату, бейнероликтерді тарату, жаңалықтар, сонымен қатар қарапайым пайдаланушылардың келіссөздері үшін де қолданылады. Интернет арқылы бейне жиналыстарды ұйымдастыру, көптеген қатысушылары бар телекөпір, телемедицина, телекоммуникация, қашықтан оқытулар дамыған. Интернет тезірек әлемнің түрлі бөліктеріндегі үй иелерінің атрибуты болды. Зерттеушілер осы желінің пайдаланушыларының саны дербес компьютерлер иелерімен, телекоммуникацияны дамытумен, сондай-ақ мемлекеттік саясатпен белгілі бір қатынаста екендігі туралы қорытындыға келеді.

Қазіргі заманғы қоғамның дамуы жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар мен медиа ландшафты өзгертетін жаңа БАҚ-тардың ықпалына түседі. Жаңа БАҚ ерекшелігі қарым-қатынастың өзгертін сипаты болды. Бұқаралық және жеке байланыс түрін, бұқаралық және бұқаралық ақпарат құралдарын ажырату қиын. Жаңа медианы тұтыну жеке болып табылады. Жаңа медиа байланыс мүмкіндіктерін арттырады. Электрондық жаңа медиа пайдаланушы мен өндіруші арасында, сондай-ақ мазмұнды таратушы арасында әртүрлі интерактивті өзара әрекеттесуді ұсынады.

Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары коммуникацияны жетілдіруге, білім алуға, кітапхана қорларына, университеттерге, мұражайларға, жылдамдатылған пошта айналымына және басқа да ұлттық және трансұлттық ақпараттық-мәдени қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз етті. Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан айырмашылығы, интернет пайдаланушылары

пассивті ақпарат алушылардан белсенді трансформаторларға, жасаушыларға және таратушыларға айналды, бұл блогты дамытуға ықпал етеді.

Интернет біртіндеп экономиканың, мәдениеттің, білімнің, ғылымның, қоғамдық өмірдің және кәсіпкерліктің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Бүкіләлемдік тор кең аудитория құруға мүмкіндік береді, дегенмен, адамдар арасындағы қарым-қатынастар жоғалып кетеді. Интернетті дамытудың екі үрдісі бар: бір жағынан, интернационалдандыру – ғаламдық желіні құру, ал екінші жағынан, аймақтандыру ішкі желілерді қалыптастыру болып табылады. Интернет жұртшылықты мүдделердің көптеген шағын топтарына бөледі. Бұл жағдайда ұлттық мемлекеттер шекарасы кесіп өтеді.

АКТ-ның қоғамға әсер етуі кезінде келесі өзгерістер болды:

- қашықтықтан білім беруді дамыту;
- ғылыми, білім беру, мәдени байланыстардың жаһандануы;
- виртуалды кітапханалардың рөлін күшейту;
- коммерциялық байланыстардың жаһандануы;
- кәсіби және үйде қолдану деңгейін арттыру;
- электрондық коммерцияны дамыту, банктік төлемдер;
- білім беруді компьютерлендіру, кәсіби қамтамасыз ету.

Бүкіл әлем ғаламторды, желілерді енгізу арқылы қоғамның даму моделін зерттейді, ол адамдардың, әсіресе, жас ұрпақтың шығармашылық қуатын оятады. Интернеттегі инновациялар барлық елдер мен аймақтардың тәуекелдіктерден арылуы және ақпараттардың бай және ақпараттық кедей елдерінің арасындағы теңгерімсіздікті жою үшін бірнеше оң нәтиже береді.

Қазіргі уақытта әлемдегі интернет пайдаланушылары әлем халқының 40%-ын құрайды, сарапшылар



болжамдауынша 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш әлем тұрғындарының жартысына жетеді.

Интернетке шығу жаңа дамудың жаңа артықшылықтарын табуға көмектесетін жаңа елдердің инфрақұрылымы болып табылады. Бірқатар елдердің үкіметтері телекоммуникация желісіне негізделген ұлттық, өңірлік және жаһандық ақпараттық инфрақұрылымды дамыту саясатын жүргізеді. Олар жаһандық ауқымда экономикалық бәсекеге қатысу үшін коммуникацияның маңыздылығын түсінді. АКТ әлеуеті, жаңа медиа мемлекеттік басымдықтардың бірі болып табылады.

Қазақстанда 2008–2015 жылдарға арналған цифрлық телерадио хабарларын таратуды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Қазіргі уақытта еліміздің маңызды басымдығы еліміздің 2020 жылға қарай цифрлық хабар таратуына көшуі болып табылады, бұл жаһандық үрдістерге байланысты – Женевадағы 2006 жылғы келісімге сәйкес Халықаралық электробайланыс одағы, технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және ең бастысы, мәдени ақпараттық процестер туралы мәселерді қарастыруда.

Егер коммуникацияның техникалық проблемалары халықаралық ұқсастыққа ие болса, онда оның әлеуметтік мазмұнының мәселелері елден елге, қоғамның әлеуметтік-саяси жүйесінен ерекшеленеді. Сандық телевидениеге көшу 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарының бірі ретінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті қалыптастыру қажеттілігіне байланысты. Қазақстанда цифрлық хабар таратуды енгізу үлкен қоғамдық маңызға ие.

2018 жылы Қазақстан Республикасының Ақпарат және байланыс министрлігі ел өңірлерін цифрлық жер үсті теледидар және радиохабар тарату (СЕТІ) кезеңді

түрде қосыла бастады. Ағымдағы жылдың аяғына дейін Жамбыл, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстары цифрлық теледидарға ауысады, басқа өңірлерде оны 2020 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Сандық телевидение мен хабар тарату мемлекеттік және мемлекеттік емес, коммерциялық теле- және радиоарналарға жаңа цифрлық стандарттарға негізделген аудиовизуалды ақпаратты жазудың, көбейтудің, өңдеудің және таратудың озық әдістерін енгізудің жаңа перспективаларын ашады.

Қазіргі уақытта «Электронды үкімет», «Ақпараттық Қазақстан-2020», «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылуда. Қазақстан цифрлық нәсілге белсенді қатысады және ТМД елдерінің сандық трансформациясындағы көшбасшылардың бірі болып табылады. Республиканың елеулі жетістігі, атап айтқанда, БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші орынға ие болған электрондық үкімет бағытында қол жеткізілді.

«Ақпараттық Қазақстан-2020» бағдарламасында 2020 жылға қарай қазақстандық өндірістің телевизиялық өнімін көлемін жалпы эфир уақытының 60%-на дейін арттыру жоспарлануда. «Ақпараттық Қазақстан-2020» бағдарламасы медиа-хабар тарату кеңістігін дамытуға, қазақстандық мазмұнды өндіруге, отандық ақпаратпен және мәдени өніммен қанағаттану деңгейін арттыруға ерекше назар аударады.

Елде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, оның басты мақсаты тұрақты экономикалық өсудің проблемаларын шешу және халықаралық аренада елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін цифрлық экожүйенің дамуының прогрессивті дамуы. Осы бағдарламаны іске асыру барысында Цифрлық Қазақстан келесідей өзгерістерді күтеді: 2021 жылы

интернет пайдаланушылардың үлесі 81%, 2021 жылы халықтың сауаттылық деңгейі 81,5%, АКТ-дегі еңбек өнімділігінің 2021 жылы 5,9%; 2021 жылы АКТ саласы бойынша жұмыспен қамтылғандардың саны 110 мың адамды құрайды. Мемлекеттік қызметтердің жалпы көлемінен электронды түрде үлесі 80% құрайды [6].

Бұл бағдарлама елдегі цифрлық инфрақұрылым мен АТ экожүйелерінің дамуын қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды пайдалана отырып, бес жыл ішінде өңдеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігін 1,5 есе арттыру жоспарлануда. Бағдарламада 120 бірлескен іс-шара қарастырылған, олардың 20-сы 2018 жылы іске асырылатын болады. Цифрлық технологияларды енгізу – бұл маңызды міндеттердің бірі, оның шешілуіне Қазақстанда жалпы құны 140 млрд доллар болатын 14 жоба жүзеге асырылуда.

Бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі – республикадағы интернет-инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрі атап өткендей, «қазір елде 13 миллионнан астам адам жылдам интернетпен, сонымен қоса 10 000 адамнан тұратын елді мекендер 3G стандартымен, ал 50 000 мың адамнан тұратын елді мекендер 4G стандартымен қамтылған. 2017 жылы төртінші буынды интернет қызметтері еліміздің барлық облыс орталықтарына таралды. Ал, қазіргі таңда Министрліктің міндеттерінің бірі – ауылдық жерлерде кең жолақты интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. 2021 жылға дейін 1 мың 249 елді мекенді осы қызметтермен қамту жоспарлануда, онда 2 миллион тұрғын тұрады» [7, 3-б].

KAZNIC сарапшылары Қазнеттің жай-күйін қорытындылады: 2014 жылы ұлттық домен әлеуеті 20%-ға артты. Егер 2004 жылы Қазнеттегі аймақта 2 500 домендік атаулар болған болса, 2015 жылдың басын-

да ұлттық домендер (домендерді сыйымдылығы KZ және KAZ) 122 408 бірлікпен бағаланады. Он жыл бойы Қазнет 50 есеге ұлғайды. Тұтастай алғанда, домендіктегі тіркелген атаулардың үлесі KZ доменіне айтарлықтай ауысып, қазіргі таңда 98,8% құрайды. Сарапшылардың пікірінше, еліміздегі электронды коммерцияның өсуі және Қазақстандағы ғаламтордың ену қарқынының жоғары өсу үрдісі аясында ұлттық домендердің әлеуеті белсенді түрде кеңейетін болады. Талдаушы Т. Такабаевтың айтуынша «мазмұнды ынталандыру және дамыту үшін шаралар қажет. Себебі, біздің ақпараттық ресурстарымыз өте аз, олар – 60 мыңға жуық (Рунетте 6 миллионнан астам), ал қазақ тіліндегі веб-сайттар тіпті жеткіліксіз.

Адами капиталға инвестициялар жасау ғасырында, адами ресурстарға инвестиция жасаған материалдық салаға жасаған инвестицияның маңызынан әлдеқайда жоғары болып келеді. Уақыт пен кеңістіктің шекараларын жойып тастайтын жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар интеграция және жаһандану үдерісінің басты «көмекшілері» болып табылады. Және ол, өз кезегінде, дәстүрлі экономиканы, әлеуметтік белсенділікті, менталитетті, өмір салтын, адамдардың әдеттерін өзгертеді. Байланыс пен ақпараттың түрлі салаларының конвергенциясының (қосылу, бірігу) процесі дамудың жаңа деңгейіне өтудің күйін күшейтеді.

Интернет – мәдени әсердің дирижері, өз мүдделері бойынша адамдарды біріктірудің катализаторы. Ол сапалы, жаңа виртуалды, жасанды ақпараттық ортаны қалыптастырып, қоғамның ағымдағы жағдайын барабар түрде көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар өзін-өзі реттеумен айналысады. 2017 жылдың аяғында әлемде 4,1 млрд интернет пайдаланушылар болды (Жер бетінде өмір сүретін адамдар саны 7,5 млрд адам).

«Интернет өзінің миллиондаған аудиториясымен, технологияның күшін миллиардтаған долларлық нарыққа дереу әкелетін мүмкіндік беріп қана қоймай, кез келген сатуға болатын затты инновацияға айналдырады. Осының себептерінің бірі – адамдардың осы білімге қол жеткізуінің кеңейіп, жеңілдетілгендігінен, бұл шын мәнінде 100% ықтималдықпен жүзеге асыруға мүмкіндік береді» [8, 6-б.].

Өткен онжылдықта Қазақстан халқының бұқаралық ақпарат құралдарының тұтыну ықтималдығы да өзгерді. Бір жағынан, ақпараттық кеңістіктің жаһандануы және жаңа медиа-платформалардың қарқынды дамуы, елдегі БАҚ нарығын едәуір кеңейтті.

Екінші жағынан, көпвекторлы әлеуметтік-мәдени ландшафт өзгерістері БАҚ аудиториясында байқалды. Мәселен, аға ұрпақ дәстүрлі теледидарды таңдайды. ТД қарау – қазіргі адамның күнделікті өмірінің мәдениетінің маңызды сипаттамаларының бірі, әсіресе, кешкі уақытта көптеген адамдар теледидар қарауды таңдайды. Радионы негізінен адамдар автомобильді жүргізіп келе жатқанда тыңдайды. Жас ұрпақ (оқушылар, студенттер) компьютерлерге, интернетке, әлеуметтік желілерге көп қызығады.

Сандық дәуірдегі коммуникативті кеңістіктің өзгеруі адамдардың жеке қасиеттеріне әсері бар. Сандық сәйкестік – суретпен өзін-өзі тану – қазіргі адамның жаңа психологиялық нормасы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен виртуалды технологиялардың маңызы бар заманауи ақпараттық қоғамда әлеуметтік даму мен мәдени өзгерістердің трансформациясы жүріп жатыр. Олардың аудармашысы, таратушысы және жіберушісі болып табылатын БАҚ, және олар өздері адамдардың санасына түрлі өзгерістер мен ақпараттарды таратумен

айналысады. «Санадағы ұғым – идеологиялық тұтастықтың орнына сананың көрінісі келіп, жеке адамгершілік дүниетанымын емес, барша адами тұрғыдағы идеологияны қажет етеді» [9, 341-б.].

Бұқаралық коммуникация, бұқаралық санаға белгілі бір мәдени стереотиптерді енгізу және белгілі бір тұлғаны қалыптастыру, әлеуметтік қатынастардың қолданыстағы жүйесін нығайтуға ықпал етеді. Бұрын бұл қызметтер мифология, дін, фольклор, ауызша халық шығармашылығы арқылы орындалатын. Қазіргі уақытта бұл функцияларды теледидар жасайды, ол жаппай аудиторияны әдеттегі мәдениет әлеміне өмірлік құндылықтар туралы идеяларымен таныстырып, теледидар үшін осы процесс бүгін виртуалды, желілік әлемге көрермендерді енгізумен айналысады, сонымен қоса интернет және әлеуметтік желілерді қосып қамтиды.

Зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдарының тұтастай қамтитын әсеріне ойлауды, өмір салтын, әлем тұтынушыларының көзқарасын стандарттауға ықпал етуге тырысады. Олар аудиторияны ойын-сауыққа, тұтыну стандарттарына, интеллектуалдық күш-жігерді талап етіп қана қоймай, оларды жеке тұлғаның деңгейіне қатысты шығармашылық қызметтерді дамытуға бағытталған.

Қазіргі кезде заманауи аудитория, бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен жас ұрпақ, сары баспасөз және кинематография саласы ойын-сауықты, рекреациялық функцияларды, бұқаралық мәдениет пен бұқаралық ақпарат құралдарының тән ерекшеліктерін ескеруде артықшылық береді. Байланыс құралдары жаңа медиа арқылы танымал мәдениеттің стандарттарын репликациялаудың тиімді катализаторы болып табылады.

Сондай-ақ, жаңа коммуникациялық ортаға әсер ететін ақпараттық басымдықтар, қажеттіліктер, қызметтер және аудиторияны қабылдау тәсілдері өзгерді. Жаңа медианы жиі және белсенді пайдаланушылары – ХХІ ғасырдың жастары болып табылады. Қазіргі таңда осы жастар өмірлерін осы атрибуттарсыз елестете алмайды.

Бүгінгі күні жас ұрпақты «цифрлық жастар» деп аталып кеткен, себебі жастар бұқаралық ақпарат құралдарының өте жиі тұтынушыларына алғанымен қоймай, олар, ғаламтор өмір салты болып табылатын жаңа медиалық шындықсыз өзін елестете алмайды. Кең таралған сандық медиа технологиялар кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдары жастардың мінез-құлқына тікелей әсер етеді.

Ақпараттық жаһандану үрдісінің әсерінен ұлттық мәдениеттерді насихаттау, өмір салтын стандарттау, ойлау, ұлттық ерекшеліктерді жою сияқты жүйелі сәйкестік орын алады. Тексерілмеген, зиянды, «жалған» ақпараттарды, ақшаға табыну, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, қылмыстық көріністің еркін таратылуы – бұл барлық желіге зиян етіп, ақпараттың объективті таралуына нұқсан келтіреді. Заманауи әлеуметтік кеңістіктегі өзгерістер табиғатқа, мазмұнға, үрдістерге және байланыс процестерінің бағытына айтарлықтай әсер етеді.

Әлеуметтік желілерде оң және теріс әсерлері бар. А. Ефимов өзінің «Медиа революциясы» мақаласында «Мысыр режимін құлатуда бұқаралық ақпарат құралдарының және интернеттің рөлі» дей келе, «Жер бетінде жиі кездесетін әр жаңа революцияда БАҚ-тың рөлі артып келеді. Ең алдымен, бұл, әрине, бұқаралық ақпарат құралдарының әрекеттерін үйлестірудің тамаша құралы болып табылатын әлеуметтік желілерге

қатысты. Дегенмен, ақпараттық агенттіктер, телеарналар, тіпті газеттер сияқты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары жеңілдетілген. 2011 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы оқиғалар Мысыр елінде тағы да дәлелденді» [10].

Twitter, Facebook және басқа да әлеуметтік желілер 2009 жылы араб әлемінде, 2013–2014 жылдары Украинада халықтық тәртіпсіздіктерде шешуші рөл атқарды. Олар қоғамдық пікірді құпия түрде айла-шарғы жасау үшін жаңа ақпараттық алаңға айналды. Көптеген дамушы елдер кейбір қарсылықтарды ұйымдастыра алмайды, өйткені деректердің көбісі реттелетін елден тыс сақталады және басқарылады. Кофи Аннан Қорының қамқорлығымен осы жаңа мәселелерді шешуге көмектесу үшін әлеуметтік желілер мен ақпараттық технологиялар жетекшілерінің, сондай-ақ саяси көшбасшылардың қатысуымен жаңа комиссия құрылады.

Осындай үрдіс барысында жеке модернизация эволюциясы орын алады. Басқаша айтқанда, адами қасиеттер біртіндеп әлеуметтік-тарихи жағдайдан туындайтын қиындықтарға жауап ретінде қалыптасуы керек.

Байланыстың жаһандану дәуірінде ойлау мен өмір салтын стандарттау кезеңінде өзіндік ерекшеліктерін, ұлттық ерекшеліктерін, мәдени ерекшелігін, дәстүрлерін және өз халқының рухын жоғалтпау үшін уақытты, ұтқырлықты және ыңғайлы жағдайларды іздестіру өте маңызды.

Кеңейтілетін медиа кеңістігі қоғамдағы әлеуметтік ахуалды жаңарқан болатын. Осылайша, «Еуразиялық мониторинг» жобасы шеңберінде «Стратегия» қоғамдық қорының Қазақстандағы БАҚ тұтыну сипаттамаларына салыстырмалы талдау көрсеткендей, ең танымал бұқаралық ақпарат құралдары теледидар болып табылады, әр үйде, 91%-ы Қазақстанда теледидар



бағдарламаларын көруді ұнатады, 22% – күн сайын немесе күнделікті газет оқып шығуда.

Ұялы телефонға деген жоғары сұраныс – елдегі респонденттердің 86%, компьютерлерге (ноутбуктерді қоса алғанда) – 52%, бірақ компьютерге ие респонденттердің интернетке кіру мүмкіндігі бар, спутниктік телевизия байланысы – 29%, кабельдік теледидарға қосылған респонденттердің үштен бірі.

Бұл кезеңде қазақстандық қоғамның рухани құрамына ерекше назар аудару өте маңызды. Еліміздің «Қазақстанды үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында Н. Ә. Назарбаев жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығын атап өтті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасында жаңа түрдегі қоғамдық сананы жаңғырту бойынша ауқымды жобаны ұсынды. Қазақстандық ерекшеліктермен сананы жаңғыртудың мәні қазақстандық қоғамды дамыту, жоғары деңгейге көшу, республикадағы әлеуметтік және мәдени дамудың жаңа траекториясына өзіндік үлгісін құру болып табылады.

Н. Ә. Назарбаевтың «Тарих толқыны» кітабында «Міндет – тарихи кенепте кезекті тік бұрышта ұлттық мәдениеттің үлкен денесін «қолдауға» қабілетті болу. Сонымен қатар, осы үлкен және динамикалық «қазіргі заманғы жол» қозғалысы архаикалық әдістерді қолдануға мүмкіндік бермейді. Әйтпесе, өткенді іздеуде болашақты жоғалтуға болады. Бұл дилемма қарапайым емес, себебі ол бірінші көзқараста көрінеді», – деп жазылған [12, 4-б.].

Саясаттанушы Е. Сайыров атап өткендей, «Үлкен секіріс үшін сізге адами капитал жеткілікті, қоғамның дамуы терең білім мен дағдыға ие адамдарға байланысты. Біз жоғары технологиялық және ақпараттың

қатарына қосыламыз, сондықтан жылдамдықты емес, алға қарай жылжуымыз керек. Инновациялық және ноу-хаудың, баламалы энергияны пайдаланудың қазіргі заманғы үрдісі әлеуметтік даму мен әлеуметтік модернизацияның маңызды буыны болып табылады. Бүгінгі күні ел идеологиялық қаріпке, сананың секірісіне, құнды пернетақтада «орналасудағы өзгерістерге» мұқтаж. Бұл бірінші кезекте мәдениет, өнер, әдебиет, кино, музыка, шынайы шығармашылық туралы. Мұнда басты драматургия, «Рухани жаңғыруды» енгізудің диалектикасы [9, 4-б.].

*Қоғамның ақпараттық ресурстары оның дамуындағы ғылыми-техникалық, әлеуметтік және рухани дамудың шешуші факторы болып табылады. Электронды БАҚ әлеуметтік коммуникацияның әмбебап құралдарына: білім беру, дін, бос уақыт, ойын-сауық және т.б. әсер етеді.*

Бұл құрылымдар, өз кезегінде, мәдени құндылықтардың қалыптасуына тікелей немесе жанама әсер етеді. Әсер ету күшіне сәйкес, көзқарастарға, сенімдеріне, адамдардың мінез-құлқына әсер ету дәрежесіне қарай бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық өмірде тең емес. Қазіргі кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік күші жаңа коммуникациялық технологияларға байланысты зерттелуде.

XXI ғасырдағы өркениеттің электрондық, ақпараттылық үлгісі Азияда, Еуропа мен Америкада сыналып, бірқатар елдердің әлеуметтік-саяси артықшылығы үшін жағдайға айналған және Қазақстандағы экономикалық, рухани және мәдени күштерін анықтаған болатын. Бәсекеге қабілетті елдер өздерінің күштерін нығайтады, бір-бірін толықтырып, жаңа ақпараттық технологияларды дамытудың негізі, коммуникациялық орталықтар

құрудың мәдени маңызы ретінде таңдаудың тиімділігін дәлелдейді.

Ақпараттық үдерістер, электронды индустрия – ел өмірінің барлық салаларына, яғни қызметкерлердің біліктілігі мен зияткерлік деңгейіне, ғалымдар, инженерлер, банкирлер, заңгерлер, менеджерлер, зияткерлік меншік құрушы кеңесшілерге әсер етеді. Нәтижесінде БАҚ катализаторға айналып, елдердің әлеуметтік-мәдени даму, тұжырымы болып ХХІ ғасыр өркениетіне айналды.

### Әдебиеттер

1. Кашлев Ю. Б. Информация. Дипломатия. Психология. – М., 2002.
2. Панарин И. Н. Информационная война, ПР и мировая политика. – М., 2006.
3. Архангельская И.Б. Наследие Маршалла Маклюэна и современная американская коммуникативистика // Материалы XXXV1 международной конференции «Природа и культура: американский опыт сосуществования», 3–10 декабря 2010. – М., 2014.
4. Sassmen L. Power, the press and the technology of freedom. The coming age of ISDN. Freedom House, 1989.
5. Казинформ, 27 ноября 2012 г.
6. Государственная программа «Цифровой Казахстан-2020» / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://zerde.gov.kz/activity/managementprograms/digitalazakhstan/#hcq=CVIYxFq>
7. Нурберген А. На цифровой волне // Казахстанская правда. – 2018. – 17 мая.
8. Абенов М. А. Вступительное слово // Интеллектуальный прорыв в будущее: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2011.
9. Ильин А. Н. Субъект в массовой культуре современного общества потребления (на материале китч-культуры): Монография. – Омск, 2010.
10. [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.internews.kz/newsitem/16-02-2011/14225>. (6.07.2016г.).
11. [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www/eurasiamonitor.org/rus/>
12. Саиров Е. Приоритет – духовному возрождению // Казахстанская правда. – 2018. – 3 мая.

### 3.7. ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Қандай кезеңде болмасын ұлттық идея керек және бұл бұлтартпас шындық. Егер де мұндай идея болмаған болса, онда оған балама табылар еді. Былайша айтқанда, бос орында руханилық болмайды. Идеясыз қоғамда мемлекет негізгі идеологияның қалыптасуын бақылауды қолдан шығарып алады. Бұл өз кезегінде түрлі рухани жұтаңдық пен түрлі қарама-қайшылықтарға алып келеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Ұлттық идеяларды іздестіру барған сайын көкейкесті сипатқа ие болып отыр», – деп атап көрсеткендей, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасын, тарихи тұлғалардың, ғұлама ойшылдардың баға жетпес асыл мұраларын қайта жаңғырту мен жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру аса өзекті болмақ [1].

«Қазақстан-2050» Стратегиясының саяси бағдары – жаңа ғасырдағы біздің ұлттық идеямыз. Оның жас буын үшін ерекше тарихи міндеті – жоғары сапалы өмір мен адам капиталының үдемелі дамуын қамтамасыз етуге баса назар аудара отырып, әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру», – деп, атап өтті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында [2].

Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап, Қазақстанда мемлекеттің табысты дамуын қамтамасыз

ететін және халықтарды біріктіретін ұлттық идеяны жасау мәселесі бойынша қызу пікірталастар жүріп жатыр. Бұл қазіргі уақыттың маңызды әдіснамалық, саяси мәселесіне айналды. Бұл заңды да. Заңды болатын себебі, ұзақ уақыт отарлық құрсауында қамалып, егемендігін енді орнықтырған, жаһанданудың табалдырығында тұрған халықтың есті ұрпағы ұлтын ұйыстырар идея іздемек.

Осы мақсатта, біз батыс және шығыстың бірқатар елдеріндегі ұлттық идея мәселелері бойынша тәжірибелерін ұсынамыз.

Дамыған елдерде ұлттық идеяның қалай қалыптасқанын қарастырамыз, ол эволюциялық жолмен құрылды ма, лидердің еркімен шешім қабылданды ма немесе элитаның келісімінің нәтижесі болды ма? Ұлттық идея – жаңа мәселе емес. Оны талқылауда бүгінгі күнге дейін бұл тақырыпқа ешкім және ешнәрсе айтпағандай, ашық есікке ұрынудың қажеттілігі жоқ.

Қазақстанның ұлттық идеясының тағдырын қарастыру үшін шетелдердің тәжірибесін қарастыру маңызды.

### *Ұлттық идеяның бастапқы нышандары әлеуметтік және саяси идеялар болды.*

Ежелгі Шығыс пен ежелгі Римдегі мінсіз билеуші туралы, ежелгі Грециядағы мінсіз мемлекет туралы саяси ойлардың пайда болуы осыған мысал бола алады.

Ұлттық идеялар мен идеологиялардың қалыптасу сатыларын зерттеушілер жаңа дәуірмен байланыстырады. Себебі ұлттық идея ұлттардың қалыптасу дәуірінде пайда болды. Төңкерістер дәуірінде әртүрлі этностық топтардан құралған қоғамдардың өзінде экономикалық біртұтастықпен бірге, енді саяси біртұтастық қалыптасды және төңкерістің барысында, әсіресе, сыртқы факторларға байланысты ортақ идея – ұлттық идеялар қалыптаса бастайды.

Біздің көзқарасымызша, бұл зерттеудің контекстінде АҚШ-тың идеясы қызығушылық тудырады.

АҚШ-тың құрылуымен бір мезгілде пайда болған, осы елдің Конституциясында ортақ береке және қоғам оның ұрпағын азаттық игіліктермен қамтамасыз ету ретінде тұжырымдалып, американдық арман деп аталатын идея, АҚШ-тың әлемдегі ең күшті державалардың біріне айналуына көмектесті.

АҚШ-тың қай саладағы болмасын ұстанған саясаты туралы, американдықтардың өздерінің – жоғары жақтағыларының және «қарапайым адамдарының» пікірлері олардың «ұлттық идеясын» барынша толық көрсете алады. Бұл американдық үстемдік идеясы. Танымал геосаясаткер, қырғи қабақ соғыстың стратегі мен АҚШ президенті Джими Картердің кеңесшісі З. Бжезинскийдің сөзін келтіреміз: «Кеңес Одағының жеңілісі мен ыдырауы Батыс жартышарында – Құрама Штаттардың – шынында жалғыз бірінші жаһандық держава ретінде көрінуін тездетіп соңғы аккорд болды. Американдық әлемдік үстемдік өзінің жаһандық ауқымдылығымен және іске асырылу тәсілдерімен, өзінің ұтылысымен еркешеленеді» [3, 134-б.].

З. Бжезинскийдің бұл идеясы доктриналарды құруда да өз көрінісін тапты. «Құрама Штаттардың ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы» ресми атауымен белгілі «Буштың доктринасында» жалғыз әлемдік сверхдержава ретінде үздік американдық әскери үстемдік концепциясына негізделген.

Мұның үстіне «американдық әлемдік үстемдік» идеясынан АҚШ-тың сыртқы саяси мақсаттары (бұрын қарастырылған ұлттық идеяның белгісі ретіндегі ұлтты дамыту мақсатына балама) айқын көрінеді. Мұның нәтижесін біз күнделікті ішкісаяси, социоэлеуметтік, ғылыми-техникалық және басқа мақсаттардан да көріп отырамыз.

Сонымен қатар бұл мақсаттар үгіт насихатты қосқанда «қарапайым американдықтың» сана сезіміне белсенді ықпал жасайды, осылайша ұлттық идеяның екінші белгісіне және «азаматтардың тәртібінің кодексінің» көзі болады.

Оған қоса бұл қарапайым және қысқа ұран – «американдық әлемдік үстемдік» – американдық азаматтардың Американың ұлттық саясатының ең түрлі деңгейлерінде сол және басқа дәлелді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жалпы айқын қозғаушысы бола алады. Оның үстіне ұран уақытша өзекті болатындығы анық, себебі ол бірыңғай ұлттық идеяға қарағанда біздің ойымызша, тек жекелеген тарихи кезеңмен шектелмеген, тек американдық ұлттың жаһандық гегемон ретінде өмір сүру уақытында ғана мүмкіндігі бар.

Осылайша, «американдық әлемдік үстемдік» – «американдық арман», «адамзатты демократияның бақыты үшін қуайық» немесе «көп ақша табу үшін көп еңбектену керек» сияқты пікірлерге қарағанда АҚШ-тың шынайы ұлттық идеясы бола алады.

Қазіргі әлемде әлемдік және жалғыз жаһандық жоғары держава рөліне сөзсіз АҚШ үміттенеді. Сонымен қатар әлемдік биліктің ескі көзі Еуразия континенті өзінің мәнін қазір де жоғалтпады. Сондықтан жаһандық гегемон рөліне үміттеніп отырып АҚШ материктегі процестерге белсенді ықпал жасауға және басқаруға тырысады. Бұл қатынаста Еуропаға, жекелей Азия мен Шығысқа, тіпті Ресейге де қатысты сәтті жүріп жатыр. Әскери науқандар арқылы әрекет ете отырып (Ауғаныстан, Ирак, Иран), сондай-ақ метамемлекеттік құрылымдарды (НАТО, БҰҰ, Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастық форумы, Еуроодақ, Дүниежзілік сауда ұйымы, Дүниежзілік валюта қоры, Дүниежзілік банк) бақылауы немесе қатысуы Еуразияны коали-

ция мен әскери базалар, одақтар арқылы матап қойды. З. Бжезинскийдің пікірінше, АҚШ-тың басты геосаяси мақсаты ынтымақтастыққа дайын әлемдік қауымдастықты құру болып табылады, «бірақта сол уақытта саяси аренада Еуразияда үстемдік ете алатын және Америкаға қауіп төндіретін қарсыластың пайда болмауы өмірлік маңызды» [3, 203-б].

АҚШ-тың ұлттық идеясы әлемнің алдыңғы қатарлы демократиялық елдерінің бірі ретінде американдық ұлттың негізін құрайтын тұлғаның еркіндік концепциясына негізделеді.

Ұлттық идея барша халықтың әлеуеті мен күшқуатын, іс-әрекетін уақыт алға қойып отырған жауапкершілігі зор тарихи міндетті шешуге жұмылдыратын шоғырландырушы күш болуы тиіс. Өткен күндерден айғақ-дәлел келтірер болсақ, XIX ғасыр аяғындағы Ресейде ұлттық идея міндетін «Самодержавие, православие, народность» деген атау-терминдер атқарса, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында большевиктер ұлттық идеяның негізгі ұстанымын «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранға сыйғызды.

Америка ұлттарының құрамын 37 пайызы ағылшындардан, қалғандары басқа ұлт өкілдерінен негізінен құлдыққа әкелген қара нәсілдер және 200 мыңдай үндістер құрайды. Ағылшын тілін референдумсыз ресми етіп заңдастырудан шыққан термин ондағылар осыдан үш ғасырдай бұрын ресми екі тілмен ұлттық идеяны іске асырып, елді өркениетті қыла алмайтынын түсінгендіктен, тек ағылшын тілін мемлекеттік тіл етіп қабылдаған [4, 69-б.]. Осындай идеяның баянды болатынын түсінген сол елдегі неміс диаспорасы да, саны артық бола тұрып, осыған келіскен.

Жалпы АҚШ азаматы деген бар да, американдық ұлт деген жоқ. Әлемнің барлық құрлығында АҚШ



мемлекетінің мүддесі бар, ол мемлекет өз азаматтарын қорғайды. Міне осылай бастау алған АҚШ мемлекеті КСРО ыдырағаннан кейін әлемдік саясат сахнасында бірден-бір үстем мемлекет болды. АҚШ-тың бірігіп, іргелі ел болуы үшін, «американдық арман» деген идея ұсын-лылған еді. Бүгінде АҚШ аталмыш идеяның ықпалымен әлемдегі ең қуатты державаға айналды. Сол елді ел еткен – идея. АҚШ-тың «американдық арман» идеясы қазіргі уақытта жетер шегіне жетіп, құлдырап бара жатыр. Бірақ 270–280 жыл бойы АҚШ-тың дамуына ықпал ете алды.

Ұлттық идея кез келген мемлекет үшін қажеттілік, ал оның ұғым-түсінігі, атау-термині әр кезеңде әрқилы болып келуі объективті заңдылық. Сондықтан да бүгінгі ұлттық идея міндетті түрде ұзақ немесе қысқа мерзімді қамтуы тиіс деген міндетті шарт қою негізсіз.

Көп ұлтты мемлекетте өзара түсіністік басым болса, онда ұлттық идея адамдардың үмітін ақтайтын, өзара сенімін қалыптастыратын әлеуметтік тетікті құрайды. Ол үшін қарым-қатынасқа араласқандар өз міндеттері мен жауапкершілігін жақсы білуі, оларды дұрыс орындауы керек, мемлекеттік мүддені дұрыс ұғып, өзінің азаматтық борышы мен қоғамдық сұраныстың өтеуінен шыға білуі абзал. Мұндай жағдайда азамат мемлекеттің көмекшісі де, сараптаушысы да бола бермек. Ұлттық мемлекеттегі адам еркіндігі мен құқығын қорғау – рухани сенімге негіз, ал қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау – тұрақты ұстаным. Ұстанымды жүзеге асыру үшін қандай идеялық бағдарды қалаймыз немесе таңдаймыз? Әрине, қазақтың мәртебесі мен белсенділігін көтеретін ұлттық дәстүр мен қозғалысты қалаймыз. Идеялық бастамалар мен ағымдардың қайсысы қоғамдық қажеттілікпен үйлесе алады? Түйінді мәселе, осында. Азаматтықтың еркіндігі мен құқығын қорғап, есті іс-әрекетін қолдайтын мемлекеттік жүйе ұлттың

беделін еселеп күшейтетіні хақ. Сабақтастыққа қандай сұраныс керек? Стратегиялық бағытты ұстаған елден, ұлттық мүддені тұстаған қайраткерден интеграциялық бастаманы күтуге болады. Интеграцияға ұмтылыс іштей тоқыраудан сақтандырады, мәдени тұтастықтың ықпалын арттырады, басты бағдардан ауытқи бермейді. Мұндай бағыттан күтеріміз – өзара түсіністік пен жасампаз әріптестікке қызмет ету, азаматтың бәсекедегі белсенділігін арттыра түсу. Рухани қазынаның қуаты – ұлттық құндылықты қастерлеуде және пайдалануда.

Өз елін өркендететін халықтық қауымдастықтың жоғарғы түрін, қоғамдық қатынастың қозғаушы күшін ұлт дейміз. Ұлт – мемлекеттің мәртебесін көтеретін, қуатын арттыратын әлеуметтің әділдігі. Сондықтан ұлттық идея ең алдымен ұлттық мәртебеден туындауы керек.

XX ғасырда соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі Германияның мысалы да өте көрнекті болып табылады. Дер кезінде ұсынылып, бүкіл неміс ұлтын топтастырған ұлттық идеяның арқасында бұл екі жаһандық соғыстан кейін екі мәрте қалпына келтіріліп, алға қарыштап шықты.

У. Черчилль «Бізде мәңгілік дос та, мәңгілік жау да жоқ. Тек Британия халқының ғана мүддесі тұрақты» деген. Ағылшын саясатында ұлт мүддесі – бүкіл саясат өлшемі.

Мысалы, бүгінде АҚШ, Германия, Жапония әлемнің ең дамыған мемлекеттеріне жатады. Оған олар қалай қол жеткізді? Бұл елдердің қазіргі заман тарихын жаттап алу керек. Бұл бізге өзіміздің ұлттық идеямызды құрастыруға көмектеседі деп ойлаймыз. Германия экономикалық ғажайыбының авторы соғыстан кейінгі Германияның бірінші Премьер-министрі Эрхард болды. Ол небәрі он жылдың ішінде құлаған елді көтере алды. Бірақ та Эрхард реформаларының басты жетістігінің құпиясы экономикалық бастамалармен қатар рухани кеңістікте

жатыр. Ол екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілістен кейінгі ұлттық қорлықты бастан өткерген немістерге елдің болашағына және ендігі ұстанған бағыттарының дұрыстығына деген сенім рухын ұялата білді.

Егерде біз одан әрі әлем елдерінің ұлттық идеясын тізбектей берсек, ұлттық идеяның маңына мемлекеттер немесе этностар топтасқан кезде біз әрқашанда басында күшті және харизматикалық лидер ол Гитлер немесе Сталин, немесе Де Голь болсын заңдылықпен кездесеміз. Тарихтағы тұлғаның рөлі ешқашанда дау туғызған емес. Барлық қазіргі заманғы тарих фантаст жазушы А. Азимов атап көрсеткендей, «өз ұлттарын көтерген немесе олардың жоғалуына алып келген лидерлердің тарихы» болып табылады. Оның үстіне лидерлер белгілі бір қоғамдық пікірмен жүрмегенмен, керісінше өзін көпшіліктің пікіріне қарсы қоятын. Бұл М. Ганди, және Р. Рейган, және М. Горбачев және тағы басқалары. Осылайша күшті және табысты лидер автоматты түрде ұлттық идеяның бөлігі болып табылады. Елді өркендеуге алып келетін ақылды лидер ұлттық идеяның үлгісіне кіреді.

АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция сияқты елдердің саяси мәдениеті осы тарихи шақыруларға «ерекше» жауаптан құралған. Мемлекет пен қоғамның даму бағытын қалыптастыратын өзінің мәдени-тарихи идеясын іздеу ретіндегі ұлттық идея жетекші әлемдік державалардың формальды немесе іс жүзіндегі тәуелділігінен босаған елдерге де тән.

Бұл құбылыс жалғыз қазаққа ғана тән емес, кез келген постколониалдық заманға аяқ басқан елге тән екен, сол елдің зиялылары бастан кешкен, кешуге тиіс қиын-қыстау құбылыс екен. Өйткені, отаршыл озбырлықты бастан кешкен бодан ұлт өз тәуелсіздігін жариялап, көз ашып, ұлттық құндылықтарын түгендей бастағанда қираған үйінді үстінде қалғандай күй кешеді

екен. Өткен ғасырдағы Қара Африка ұлт-азаттық күрес-терінің тарихы осыны көрсетті. Саяси тәуелсіздікке қол жеткізу мен жалпыұлттық сана тәуелсіздігіне қол жеткізудің арасы, аражігі жер мен көктей екенін көрсетті.

Қорытындылай келгенде, дамыған алдыңғы қатарлы елдердің барлығында ұлттық идея өз қызметін мүлтіксіз атқарып жатыр. Олар өз ұлтының мүддесі мен идеалын мемлекеттің саясаты мен заңдарының өн бойына сіңіре алған.

Ежелгі Шығыста, Египетте, Вавилонда, Парсы мен Қытай елдерінде адамның қоғам мен табиғаттағы орны туралы мәселе осы халықтардың мифтік аңыздарында көрініс тапқан.

Мифтік көзқарастардың сипаты, негізінен болған оқиғаларға адамдардың бағыныштылығы турасында болып келеді. Жердегі өмір мен адамдардың іс-әрекеті – Құдай ісі деп көрсетіледі. Мифтік аңыздарда адамдарды алғашқыда Құдайлардың басқарғандығы, кейіннен Құдайлар адамдарды ел билеудің қырысына қанықтырып, басқару әдістерін үйретіп, мемлекетті билеу құқығын олардың өз қолдарына бергендігі туралы айтылады. Мысалы, Геродот өзінің шығармасында алғашқы Египет патшасынан б.з.д. V ғасырға дейін Египетте 341 патша мен абыздар ұрпағының өткендігін және оның 11340 жылға созылғандығын жазады. Египет абыздарының айтуынша, «елді құдайлар билеген, олар адамдармен бірге өмір сүрген» [4, 65-б.].

Адамзат баласы өзінің армандары мен мақсат-мүдделерін пирамидалық жүйе арқылы көрсетуге ұмтылған. Египеттегі алып Хеопс пирамидасы – соның куәсі.

Ежелгі Вавилон билеушілері де өздерінің билігі мен заңдарының Құдайлық сипатта екендігін дәлелдеуге тырысты. Б.з.д. XVIII Хаммурапи заңдарының кіріспесінде «Аннуактардың мәртебелі патшасы Анум мен

ел тағдырын шешуші көк пен жердің әміршісі ... бүкіл адамзатты билеуді маған беріп, елге әділеттілікті орнату үшін, қылмыс пен жауыздықты құртып, әлді, әлсізге қысым жасалмау үшін және елге жарық беруге Анул мен Энниль игілігіне халық мені шақырды, жерде әділдік пен тәртіп орнату үшін мені Шаман құдай жіберді, менің бұйрықтарым мен заңдарымды ешкімнің де өзгертуге құқы жоқ» деп айтылады.

Ежелгі Қытай қоғамдық саяси ой-пікіріндегі ықпалды ағымдардың бірі даосизм ілімінің негізін салушы Қытай оқымыстысы Лао-Цзы болып саналады. Даосизм ілімінде адамдардың қанағатшылдығы мен белсенді әрекеттерден тартыну принципі көбірек орын алған. Лао-Цзы сонымен бірге соғыстың барлық түрі мен асыра сілтеуді қатты сынға алды. Оның айтуынша, әскер жүріп өткен жерде арамшөптер мен тікенектер ғана өседі, үлкен соғыстардан ашаршылық жылдары басталады.

Қазақстанның шығысындағы 3,5 мың шақырымдық ортақ шекарасы бар ұлы көршісінің мемлекеттік дініне айналған конфуциандықтың пайда болуы Кун Фу Цзының есімімен байланысты. Конфуций деп аталып кеткен қытай ойшылы б.з.д. VI ғасырдың өзінде «табиғат заңдарына үндес, ақылға сиымды өмір тәртіптерінің негізі болатын бес қарапайым болса да ұлы жақсылықты көрсетеді. Олар: 1) ақыл, 2) ізгілік, 3) сенім, 4) үлкендерді сыйлау, 5) ержүректік. Бұл құндылықтар белгілі дәрежеде және белгілі шеңберде танылуы тиісті. Бұл дегеніміз өзіңді және басқаларды терең ұғыну және сыйлау. Олай ету таңдаулы толық адамдардың ғана қолынан келеді. Сонымен қатар заңдарды қарапайым жинақтай беруден пайда жоқ» [5] деп санайды.

Конфуций саяси топтардың және қозғалыстардың әділ болуын алға тартты. «Басшы – көшбасшы халық алдында қулыққа бармайды. Ол әділеттілікті сүйеді, өзіне

қатысты өзгелердің пікіріне құлақ асады. Ол өзін басқалардан жоғары қоймайды. Ондай адам елге де, жанұясына да абыройлы. Ал кейбіреулер мақтанып, өтірік мадақталып абырой жинайды. Ол күдікті білмей, өзінің нағыз орнын білмей өмір кешеді», – деп көрсетеді Конфуций.

«Саяси партиялардың лидерлері қаншама өзін халық алдында беделді, абыройлы етіп көрсетуге тырысқанымен олар ел қамын, адам қамын нақты ойламаса, жалған сөйлесе беделді болмайды» деп біледі қытай ойшылы. Саяси лидерлер басқаларды өз «істерімен, үлгісімен тартады. Олар демалысты білмеуі керек. Өзінің жақтастарыңды сәл кемшілік үшін кінәлама. Өзің білетін лайықтылары мен біліктілерін көтермеле. Абыройлы қайраткер достық қатынастарды күшейтуде білімін салады. Ал достық оның адамгершіліктерін бекітуге көмектеседі», – деп білген Конфуций [5, 79-б.].

Саясатта да біліктілік пен білім керек. Дайындықсыз адамдарды соғысқа салу оларды тастап қашып кетумен бірдей.

Конфуцийшілдық саяси партиялар мен мүдделі топтарды өз саясатын асықпай жүргізуді, мемлекеттік және халықтық мұраттарға негіздеуді үйретеді. Басқалар елдерді басып алуға, өзгелерге зорлық көрсету арқылы жетістікке жетуді ойлаған партиялар мен күштер жаманшылыққа әкеледі. Олардың барлық қимыл-әрекеттері – бақытсыздықтың қайнар көзі. Мемлекеттің әділеттің адал жолын таңдамауы, халықпен санаспауы, даму жолы мен әдістерін сарапқа салып таңдауға тырыспауы оны қауіпті жолға бастайды. Саяси басшы өзінікі ғана дұрыс деп ойламауы тиіс. Ол жақсы жоспар құрып соның орындалуына әрбір адамның қатысуын қадағалайды. Ашу, ыза, асығыстық, халықты өз ісіне зорлықпен ерту сияқты әрекеттердің барлығы мемлекет қозғалысына зиянды.

Мақтаншақтық, тек қана жетістіктерді айта беру, достардың бірін-бірі мақтауы түбінде жарға құлатады. Шындық сөзді айтуға келгенде жалтақтық таныту да жақсылық әкелмейді. Расында да білімді, іскер әрі әділетті адамдарды билік көре алмайды, олардың жақсы істерін бағалағысы келмейді. Оларға берілетін шен-шекпен, атақтарды нашарлар иеленеді. Осыны көрген халық әрине наразы болды. Әділетсіз істер біртіндеп халықтың адал ниетін уландыра береді. Кейбір басшылар әділет сөзімен жақсы ақылды өзіне қарсы атылған оқ сияқты қабылдайды. Елді құтқаратын істер тек ашу мен наразылық туғызады. Халықты осылайша адамдар тонайды. Олар тонап жатқан біздер емеспіз деп айтумен болды. Осындай өтірік пен жалғандық мемлекетті күйреуге бастайды.

Қытай саяси-ілім тарихында конфуцизм ілімі маңызды рөл атқарды. Оның негізін салушы ұлы Қытай ойшылы Конфуций болды. Дәстүрлі көзқарастарға сүйенген Конфуций мемлекеттің патриархалды концепциясын дамытты. Оның айтуынша, мемлекет – үлкен жанұя. Патшаның қол астындағыларға билігі отбасындағы жасы кішілердің ересектерге бағыныштылығымен теңестіріледі. Конфуций суреттеген әлеуметтік-саяси жүйедегі адамдар теңсіздігі, қараңғы адамдар, төменгі адамдар, жоғары шенді адамдар, құрметті адамдар, лауазымды адамдар ретінде көрсетіледі.

Б.з.д. IV ғасырда легизм идеялары жарық көрген. Шан Цзюнь Шу трактатында баяндалған. Легистер қайырымдылық пен адамгершілік қылмысқа апаратын тура жол, ал нағыз қайырымдылық пен сүйіспеншілік өзінің бастауын жазалаудан алады деп дәріптеді. Яғни олар мейірімділіктен бұрын қорқынышты алдыңғы орынға қояды. Олардың пікірінше, елде жаппай тәртіпсіздік болмас үшін мейірімділіктен гөрі жазалау басым болу керек. Аямай жазалау арқылы халық арасында үрей мен

қорқыныш тудыру керек. Олардың бұл қағидасы үрей мен қорқыныш қана елде тәртіп пен заңдылық орната алады дегенді білдіреді [6].

Бізді көршіміз Қытай қызықтырады. Мысалы, әлем Қытай феноменіне әлі таңданып отыр. Коммунистік Қытай үздіксіз дамып, әлемнің ең қуатты елдерінің біріне айналды. Неліктен? Ғалымдар мұны «қытайлардың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық психологиясы мен өмір сүру философиясынан» дейді. Бірнеше мысал, қытайлар иероглифтерді сақтап қалды. Екі мың иероглифті компьютерге енгізді. Таңданарлық жайт – біз қазақ әріптері компьютерге сыймайды деп жүрміз. Неге? Қытайлар бейнені елестету арқылы ойлайды, ойлау жүйесі солай. Сол себепті оларда абстрактілі ойлау, дәлірек айтсақ, қияли ой жоқ. Оларда «жоқ» пен «иә»-ден тұратын жүйе жоқ. Олар үш жақты ойлайды: әрбір «жоқ»-та сәл-пәл «иә», ал әрбір «иә»-да сәл-пәл «жоқ» бар. Олар үшін бірнәрсе тұтастай жаман немесе түгелдей жақсы болуы мүмкін емес. Сондай – философия. Дэн Сяопиннің коммунистік идеологияны пайдалана жүріп, ерекше экономика жасауының сыры осында. Қытайда мемлекеттік қызмет киелі болып есептеледі. Бюрократияның (жақсы мағынасында) Отаны да – Қытай. Мемлекеттік қызметкер Қытайда қай заманда да ең құрметті адам саналды – ол бүгінге және болашаққа қызмет етеді. Себебі, қытайлар үшін отбасы мен ел мүддесіне қызмет етуден жоғары ештеңе жоқ. Олар бірінші кезекке – парызды, екінші кезекке – әділдікті қояды [7].

Иранда ұлттық идея ұлттың тарихи ролінде ислам дәстүрлері мен ежелгі ұлы парсы мәдениетін қолдауға сүйенеді. Бейбіт ядролық бағдарламасы бұл елдің басшыларының пікірінше, осы ұлттық идеяның шеңберінде жүреді. Сондықтан елдің көпшілігінің қолдауына ие болған. Израильдің ұлттық идеясы тарихи Отанында



ұлттық ошақ құру туралы сионизмнің негізін салушылардың арманына айналды. Палестина территориясында Тәуелсіз Палестин мемлекетін құру өз ұлттық идеясының төңірегіне тек араб қана емес бүкіл әлемді біріктіре білген Палестинаны азат ету ұйымының лидері Ясер Арафаттың ұлттық идеясына айналды. Нельсон Манделла 27 жыл түрмеде отырып Оңтүстік Африканың ақ немесе қара апартеидсіз ұлттық идеясын бейнеледі. Бұл идея бүкіл қалған әлемнен қолдау таба білді және әскери және экономикалық жоспарда қуатты ОАР мемлекеттік машинасын бұза алды.

Санғасырлық тарихы бар Иран – көп ұлт, халық, тайпа, дін мекені. Дегенмен, бұл біртұтас Иран. Этникалық бояулары парсы кілемінің өрнегі тектес, бұл халықтар бір ұлттық көріністі береді. Бірнеше онжылдықтар барысында көшпелі тайпаларға отырықшы өмір саясаты ұсынылғандықтан, елдің бай аудандары мен қалаларында миграциялық көбею байқалды. Уақыт өтісімен әдеттегі өмір салты өзгергенімен олардың ұлттық киімдері, тұрмыс құралдары, музыкасы, биі, қолөнер туындалары ерекшелігі сақталып қалды [8].

Иранда Түркістан шекарасынан Парсы шығанағының жылы суларына дейінгі үлкен аймақта шамамен миллионға жуық көшпенділер өмір сүруде. Бұл тайпалардың басым көпшілігін – күрт, лур, бахтияр, гилак, белудж тайпалары құрайды. Олар біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығында басқыншылық саясатымен Орталық Азиядан Иранға еніп, Иран таулы аймақтарында қалып қойған тайпалар. Орталық Иранның көп тайпалары арийлік тектен тарайды. Ал, Хузистан мен Хорасандағы арабтар, Кучан түрік тайпалары, кашкай, Азербайжандағы шахсеван, афшар тайпалары мен түркімендер тарихтың әрқилы кезеңдерінде Иран жері арқылы өткен халықтар қалдығы болып табылады.

Әр үлкен тайпаның ондаған кіші тайпаларға бөлінетін бірнеше көптеген тарамдары бар. Білім беру құрылымының кеңеюімен ирандық тайпалардың жас өкілдері инженерлер, дәрігерлер, мемлекет қайраткерлері, ғалымдар санын көбейтіп, алдыңғы қатарлы зиялылар қатарын толтыруда.

Бүгінгі күні Иранда өз диалекті, ұлттық киімі, белгілі бір мекені мен көсемі бар жүзден артық тайпа өмір сүруде. Жоғарыда аталған халықтардан басқа, Иранда этникалық мұрасы мүлде ерекше үндіеуропалық тіл бірлігін қолдайтын армяндар да өмір сүруде. Олар Тегеран, Исфахан және Әзербайжан аймағында тұрақтанып, көбіне кәсіпкерлік, өндірістік техникалық қызметпен айналысады. Еврей, ассирия және арабтардан тұратын семит этникалық топтары, тұрғындардың аз пайызын құрайды. Еврейлер де армяндар сияқты өз этникалық, тілдік, діни негізін сақтап, қауымдарымен ірі-ірі қалаларда өмір сүруде. Ассириялықтар елдің солтүстік-батыс бөлігіне қоныстанған.

Иран этникалық топтары арасында ең көп санды халықтар болып, ирандық түріктер немесе азарилер саналады. Аз ұлттар мәселесі ХХ ғ. соңғы онжылдығында өздерін өркениетті санайтын бірқатар елдерде қайшылықтар, қанды қақтығыстар салдары болып жататындығы жалған емес. Дегенмен, Иран Ислам Республикасының Конституциясына жүгінсек, аз ұлттар құқығын қорғайтын баптардың бар екеніне куә боламыз. Елдің Ата заңында олар төменде көрсетілгендей сипат алады:

1. Адамның түсі, тілі және нәсілдік ерекшелігіне байланысты ұлтшылдық, рушылдық пен сараптаудың барлық түрін толық теріске шығару. Иран Ислам Республикасы Конституциясының 19 бабы бұл жайлы былай дейді: «Кез келген этносқа не тайпаға жататын

ирандықтар тең құқықты болып табылады: түсі, нәсілі, тілі және т.б. ешкімге айырықша дәреже бермейді».

2. Иран тұрғындарының көп бөлігінің ресми діні 12-имамды қабылдайтын шииттік ағымдағы джафаридтік ислам діні болғанымен, Конституция ислам дінінің басқа ағымдарына да дін ұстану еркіндігі мен оларға ашық саяси кеңістік береді. «Иранның ресми діні болып 12-имамды қабылдайтын джафариттік ислам ағымы саналады және бұл қағида ешуақытта өзгермейді. Исламдық басқа нанымдар, атап айтсақ, ханафи, шафиhi, малики, ханбали және зейдит құрметті деп саналады ...».

Дегенмен, ИИР Конституциясында айтылғанмен шектеліп қоймай, бұл баптың жалғасы ретінде былай деп қосады: «... бұл нанымды ұстанушылар өзі діни талаптарына сәйкес діни дәстүрлерін жүзеге асыруда толық ерікті болып табылады: олар ресми түрде діни тәрбие мен білім беру жұмыстарымен айналыса алады, азаматтық және жеке бастың істерін (неке, ажырасу, мұрагерлік, өсиет) шешіп, сол негізде сотқа жүгіне алады; осы исламдық ағымдардың біреуін ұстаушылар саны жергілікті халықтың көп бөлігін құрайтын кез келген жерде, мұсылмандық басқа ағымды ұстанушылар құқын сақтай отырып, осы діни ағым талабы негізінде жергілікті нұсқаулар мен ережелер орнатылады» (12 бап) [9]. Тек исламдық секталар ғана емес, зороастрийлер, иудейлер мен христиандар осындай құқықтарға ие.

«Тек ирандық зороастрийлер, иудейлер мен христиандар заң шеңберінде өз діни дәстүрлерін еркін жүзеге асырып, өз ілімдеріне сай азаматтық істері мен діни тәрбие жұмыстарымен айналыса алатын діни азшылық болып табылады», – деп елдің Ата заңында көрсетіледі.

Көп бөлікті құрайтын мұсылмандар, аз бөлікті құрайтын дін өкілдерімен бейбіт өмір сүріп, оларды құрметтеу керектігі жайлы ИИР Конституциясының 14-бабында

айтылады: «Құранның аятына сәйкес, ИИР үкіметі мен мұсылмандар мұсылман еместерге исламдық әділеттілік және мейірімділікпен қарап, олардың адамдық құқықтарын сақтауға міндетті. Бұл қағида исламға, Иран Ислам Республикасына қарсы шықпайтын, астыртын әрекетке қатыспайтын адамдарға қатысты болып табылады».

ИИР Конституциясының 64-бабы оларға берілетін мүмкіншіліктің бар екенін дәлелдейді: «...зороастрийлер мен иудейлер бір депутат, халдей-ассириялықтар бір депутат, елдің солтүстігі мен оңтүстік бөлігіндегі христиан-армяндар бір-бір депутаттан сайлай алады» [9, 29-б.].

Иран этникалық әркелкілігімен қатар, діни әртүрлілігімен де ерекшеленеді. Бұл ел халқының шамамен 90 %-ы шииттер болса да, ислам елі басқа халықтар дінін ерекше құрметтейді. Расымен-ақ, Иранға сапар шеккен адам, сөзсіз мұсылман мешіттерінен өзге шіркеулер, синагога мен басқа да ғибадатханалардың еркін бой көтеруін байқайды.

Діни азшылықты құрайтын топтар ресми қабылданған қаулы негізінде өз әдет-ғұрыптарын еркін жүзеге асыра алады.

Ресей ғылым академиясының ғалымы Г. И. Мирский «Жаһандану әлеміндегі әлемдік өркениеттер» конференциясындағы өзінің баяндамасында «Марксистік теорияға қайшы, таптық қарама-қайшылықтан, халық үшін этникалық және діни мәселелер әлдеқайда маңыздырақ екендігі байқалады» деген [10].

Осы орайда Иранның бүгіні үшін дін және этникалық мәселелері басқа мәселелерден жоғары тұр деп пайымдауға болады. Бірқатар батыс ғалымдарының пікірінше, шиизм кеңес үкіметі кезеңіндегі марксизм, ленинизм идеологиясы сияқты, Иран қоғамын біріктіретін дәнекер болып табылады. Шииттік идеология болмаса

Иран күрттер, әзербайжандар, лур, белудж халықтары тартыстарының сахнасына айналған болар еді. Сондықтан да бүгінгі күні де мемлекет тұтастығы үшін исламның, шиизмнің рөлі маңызды деп тұжырымдауға болады.

Бізге қандай ұлттық идея керек? Біз неден бас тартуымыз керек? Мұнда кейбір диалектика бар, бірақта біреумен бірігу үшін, біреуден алшақтау керек. Өзінің жекелеген ерекшелігін сезіну керек. Міне сондықтан, басқа мемлекеттердің ұлттық идеяларының барлығында, уақыт өте келе ұлтшылдық немесе шовинизмге айналатын осы ұлттық сана сезім жатыр. Бірақ, біз үшін бұл жол мүмкін емес, бұл – ең бірінші тұйыққа тірейтін жол. Ұлттық идея кез келген қарапайым адамның жүрегіне жетуімен, ол сезімдік қабылдауға, оның үстіне түсінуге қол жетімді болуымен ерекшеленуі тиіс.

Мысал үшін Жапонияны алайық. Екінші дүниежүзілік соғыста күйреген жеңілістен кейін бұл кішкентай арал мемлекет аяғынан тез тұрып кетті. Бүгінде Күн шығыстағы ел – пайдалы қазбалары болмаса да әлемдік экономиканың мойындаған лидері. Оған олар қалай қол жеткізді? Соғыстан кейінгі Жапонияда қоғамның барлық күштері білімді жан жақты дамыту мен жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталды. Ұлт үшін идефикс тек сапалы тауарларды, көбіне жоғары технологиялы азық түлікті өндіру болды. Нәтижесі – бүгінде бүкіл әлем жапон компьютерлерін, автомобилдерін, тұрмыстық техниканы сапа мен сенімділік үшін қуана қуана сатып алады. Бізде шикізатта, білікті мамандар да және техникалық мүмкіндіктер де жеткілікті. Бұл – экономикалық күшті, гүлденген мемлекетті көтере алатын берік іргетасы. Барлығы құрушыларына байланысты.

Ол адамның, ортақ іске, қандай да бір ұлылыққа қатыстылығын, мақтаныш сезімін туғызуы керек. Ол күнделікті өмірде керекті болу керек, адам оны басшылыққа

ала отырып, шешім қабылдай алуы үшін және басқалары да басшылыққа алатынын сезінуі керек. Бұл жоспарда барынша көрнекті жапондықтардың ұлттық идеясы – «Жапондықтар – бұл бір отбасы». Бұл оқиғаны көрсететін қарапайым ғана сөз емес екендігін айта кету керек. Жапония – бұл өте қатаң иерархиялы бөлшектенген қоғам, күнделікті өмірде адамдар тең құқылы емес және бәсекелес рулар көп. Бірақ бұл ұлттық идея оларда өзінің нәтижесін берді.

Жапонияның ұлттық идеясы мен реформасының бағдарламасы жапон тілі мен жапон менталитетіне негізделген. Өткен ғасырдың елуінші жылдарынан басталып, әлемді таңғалдырған «жапон ғажайыбы» осы халықтың өзіне ғана тән қайталанбас құбылысы болды. Батыс елдері қанша талпынғанымен, оның тәжірибесін өз жүйесіне енгізе алмады. Себебі, ол үшін алдымен жапон тілін меңгеру керек. Оның үстіне батыс ұғымындағы қоғам дамуындағы жеке тұлғаның ерекше орны, шығыс кәсіпорын ұжымдық еңбекке сүйеніп дамыту ұстанымына, яғни жапонның теориясына қайшы келеді. Ана тілі мен ұлттық менталитетіне сүйеніп, ғылым мен техниканы дамытқан жапондықтар екінші дүниежүзілік соғыстан күйреп, жеңілгеніне қарамастан, қысқа уақыт ішінде жалпы өнімнің мөлшері жөнінен АҚШ-тан кейінгі – екінші, адамға шаққандағы еңбек өнімі жөнімен әлемде бірінші орынға шықты. Жапон экономикасының тірегі – автомобиль өнеркәсібі мен электроника. Бұл салаларда дүниежүзі бойынша өндіретін өнімнің үштен бірі осы елде шығарылады. Қазіргі Жапонияда ЖІӨ-нің халқының санынан он еседей көп, Қытаймен бірдей [11].

Жапонияға ұлттық идея екінші дүниежүзілік соғыстан кейін экономикасын көтеруге мүмкіндік берді. Жапония Пёрл Харборды атқылаудан басталған соғыстағы жеңіліс Жапон империясының кеңеюі арманына нүкте

қойды. Тұрғындар өздері үшін ең маңызды жеке және ұжымдық құрметті жоғалтты. Тез арада идея пайда болды: «Біз соғыста жеңілдік, бірақ та біз бейбіт өмірде жеңуіміз керек». Біз әскери фронтта жеңілдік, бірақ біз экономикада жеңуіміз керек».

Экономикалық дамудың доктринасын жеке тұлғалық деңгейде, бүкіл мемлекет деңгейінде саналы қолдану мысалдарын Еуропаның барлық елдерінен, Шығыстың жаңа индустриалды елдерінен бақылай аламыз. А. С. Панарин атап көрсеткендей: «... біздің реформаларымыздың басты жеткіліксіздіктерінің бірі экономикалық мақсаттарға өз кезегінде Жапонияда, экономикалық дамуды барлық мүшелері соғыста жеңілудің реваншы, ұлттық ауқымды қайта құрудың құралы ретінде қаруы болғандай ұлттық идея дәрежесін бере алмауымызда болып отыр» [12].

Одан кейінгі өмірге постиндустриалдық қоғамның өсуі идеясын экономикалық көтерілу жолымен жүргізуі басты экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелерді шешеді. Бұл түсінікті және әркімнің қолы жететін парадигма негізінде елдің ішкі және сыртқы өмірінің, мемлекет субъектілерінің қызметін бағалау шарты жасалуы мүмкін.

Түркия жұртындағы идеологияның түйіні Кемал Ататүріктің XX ғасырдың 20-жылдарында айтқан «Түріктің түріктен басқа досы жоқ» деген сөзінде жатыр.

*Түркі бірлігі идеясы – сонау VI–IX ғасырлардағы «Мәңгілік Ел» идеясы арқылы бекіген, аңсарға айналған ұлы идея.*

Бұл кешегі жыраулар, одан кейінгі жеке хандықтар және XIX ғасырдағы жәдиттік ағым, XX ғасырдың басындағы түрікшілдік бағыт арқылы өз көрінісін тапты. Алайда тіл, діл, дін, күрес бірлігі деген идея түркі халқының алдында мәңгілік тұрады. Егер де бұл

идеяға бірікпесе, ғасырлар өткеннен кейінгі түркі мемлекеттерінің өмір сүру мүмкіндігі бар ма, жоқ па, ол сағымға айналып кететін күмән сияқты. Біз тәуелсіздікке ұмтылғанда, ісі түркі елдері жеке мемлекет болып құрылғанда, бір өзгеше сенім болған еді.

Түркі жұрттары өзара ынтымақтасып, Еуразия кеңістігіндегі үлкен бір күшке, рухани бірлестікке айналамыз деп ойлаған. Оған тікелей Еуропамен септесіп, араласып жатқан Түркия елі мүмкіндік жасайды деп сенді. Әсіресе, руханият саласындағы бөгеттер мен тосқауылдар, шекаралар және әр түркі мемлекеттерінің жүргізіп отырған ұлттық мақсаттары мен идеялары бірінің мүддесін бірі көздемейтіндей көрінді. Тіпті, бәрімізге ортақ, бір Алланың иманы мұсылманшылдыққа баратын жолдарымыздың өзі тарау-тарауға бөлініп бара жатқандай. Себебі түркі тектес мемлекеттердің ортақ экономикалық кеңістігі жоқ. Біз қанша жерден түрікшіл болып кетсек те, ортақ экономикалық кеңістік және өзара мүдделестік пен араласқан өнеркәсіпсіз осының барлығы бос сөз күйінде қала береді. Алдымен мүдде бірлігі керек. Сол ырыс барлығымызды үлкен геосаясатта тең ұстап, әр мемлекеттің өзінің ерекшеліктері мен осал жерлеріне қарай жұмсалып отыруы керек. Бірақ осыдан он ғасыр, әуелі бері айтқанда, бір ғасыр бұрынғыдай түркі мемлекеттері өзара ынтымақтастықта болмады. Мұнай мәселесінде Әзербайжан мен Қазақстан, Түркия үшеуінің мүддесі бірікпей отыр. Ал біз сенген лидерлікке толық сипаттары бар, батыспен жақындасып кеткен Түркияның өзінде дәл қазір өз ішінде 4–5 қарама-қарсы саяси бағыттар бар. Олар – түрікшілдер, яғни бозғылттар. Ақ партия – діншілдер. Коммунистік партия, сосын жасырын дүлмәлік саясат бар. Олардың жүргізіп отырған жұмыстары мен идеясы Түркияның өзіне



де және қалған түркі тектес республикаларға да жақсылық емес. Яғни бұл – үлкен массондық тек. Осы қайшылық Түркияны таяу жылдарда тағы да саяси қайшылыққа алып келетін болса біз таңданбаймыз [13].

Малайзия, Корея Республикасы, Сингапур және басқа Оңтүстік-шығыс Азия «жолбарыстарының» халықтары 1990 жылдың соңындағы экономикалық дағдарыс кезеңінде өздерін қалай ұстағанын ескере түсірейік. Бірақ егерде халық, ұлттық идея мен өзінің лидерлеріне сенбесе немесе оларға ұлттық идеяны жүзеге асыру барысында сенімін жоғалтса, онда жарқын болашақта ұлттық идея мен оны жариялаған, оны енгізуді қолға алған адамдар түпкілікті беделі түсірілетінін ұмытуға болады. Сол кезде билеушіге жағдайды өзгерткісі, қоғамды, мемлекеттің экономикасы мен тұрмыс қалпын жаңаша реформалағысы келетін, олардың жаңа идеяларға берілгендігі мен игілігіне қарамастан, халықты жаңа жеңістерге көтеру мен артынан ерту, сендіру қиынға соғады.

Сингапурда ұлттық идея елдің экономикасының бәсекеге қабілеттілігімен байланысты дамыды. Малайзияның басшылары малай тілінде сөйлейтін, малай мәдениетін сақтайтын жаңа малайзиялық азаматты қалыптастыру мақсатын қояды.

Соңғы он жылдықтың барынша жаңа мысалдары – сапалы дамып, басып озып келе жатқан, кеше ғана артта қалған елдердің Малайзия, Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур және басқалары сияқты дамуы ұлттық идеясыз қол жеткізе алмайтыны белгілі.

Ұлттық идея мәселесі ұлттың өзінің даму жолын, тарихтың талқысына өзінше жауап ретінде әлемдегі орны мен рөлін, таңдау мен жүзеге асырумен тікелей байланысты. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция сияқты елдердің саяси мәдениеті осы тарихи шақы-

руларға «ерекше» жауаптан құралған. Мемлекет пен қоғамның даму бағытын қалыптастыратын өзінің мәдени-тарихи идеалын іздеу ретіндегі ұлттық идея жетекші шығыс елдеріне (Қытай, Түркия, Иран, Жапония және Оңтүстік-шығыс Азия елдері) тән. Бүгінде ұлттық идея бұрынғы социалистік жүйенің елдері үшін саяси-мәдени шақыруларға өзінше жауап ретінде көрінеді. Бұл ең алдымен Қазақстанға қатысты. Себебі ол – қазіргі әлемнің шақыруларына өзінше жауап беруге тырысатын бұрынғы социалистік ел. Бүгінде қоғам өмірінің барлық салаларындағы, оның ішінде қоғамдық санадағы дағдарыстық жағдайды жеңу үшін бізді біріктіретін жаңа идеялық концепцияларды іздеу керек.

### Әдибиеттер

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның болашағы оның идеологиялық бірлігінде. – Алматы, 1992. – 47 б.
2. Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б. – 497 б.
3. Бжезинский З. Великая шахматная доска (господство Америки и ее геостратегические императивы). – М., 1998. – 367 с.
4. Қайдарова А. С. Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау). Саяси ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010.
5. Конфуций. Уроки мудрости: Сочинения. – М., 1999. – 958 с.
6. Рахметов Қ. Ж. Саяси идеялар мен ілімдердің дамуы // Саясаттану. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 26–50-б.
7. Сағындықов Е. Ұлтты рухани дегдарлық құтқарады / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: [www.aktobegazeti.kz](http://www.aktobegazeti.kz).
8. Санаи Мехди. Предисловие // Персия. – 1998. – № 1. – С. 1.
9. Ғанун-е асаси-е Джамхуриэ Эсламе Иран. – Ғом, – 1995. – 96 с.
10. Кривец Е. А. Ислам в Центральной Азии. – М., 1999. – 159 с.
11. Қалмырзаев Ә. Тағы да ұлттық идея туралы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 9 шілде.
12. Солженицын А. И. Национальная идея – сбережение народа // [Электронный ресурс] // Режим доступа: [www.nacidea.ru](http://www.nacidea.ru).
13. Жұртбай Т. Түркі бірлігі идеясы сөз жүзінде ғана түр // Алаш айнасы. – 2009. – 30 қазан.

## IV ТАРАУ

### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

#### 4.1. ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына байланысты соңғы кездері бірнеше ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектер жарияланды. Әрине, ұлттық идея мәселесі – бұрыннан да айтылып та, талқыланып жүрген мәселелердің бірі. Десек те, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея деңгейіне дейін көтеру, оның болмысын онтологиялық деңгейде талдау отандық философиядағы тың мәселелердің бірі десек артық айтпаған болармыз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», – деген еді [1].

Шындығында да, ұлттық идеяға қойылар талаптар өте көп. Себебі ол жай ғана жеке бастың немесе белгілі бір этникалық топтың идеясы ғана емес, ол – бүкіл халыққа ортақ идея. «Мәңгілік Ел» идеясы – Қазақстанды мекендеген барлық ұлт өкілдеріне ортақ дүние.

Сондықтан да «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына қойылатын талап пен міндет те, оған деген көзқарас пен ұстанымда өзгеше болуы тиіс. Бұл өзгешелік Қазақстан қоғамының әлеуметтік-рухани, мәдени және көпэтникалық, көпконфессиялық даму үрдісінен, елдің тыныштығы мен азаматтық келісімді қамтамасыз етуден, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігінен туындайтыны сөзсіз. Олардың қатарына біздіңше мыналарды жатқызуға болады:

1) Қазақстан жағдайында ұлттық идея тек этникалық, әлеуметтік, саяси және діни топтардың басын қосатын, біріктіргіш әлеуеті мол идея болуы керек. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы алауыздық пен әлеуметтік жіктелулерге жол бермеуі тиіс;

2) «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы локальді емес, әмбебап болуы тиіс. Ол бір ғана этникалық топтың мүддесінен туындамауы керек;

3) Ұлттық идеяны ешқашан да сырттан әкеліп, зорлап енгізуге болмайды. Себебі, ол ұлттың өзіндік ішкі даму тенденциясынан туындайды, құндылықтарды сұрыптай отырып, оларды басты онтологиялық негізге айналдырады;

4) Ұлттық идеяның ішкі және сыртқы өлшемдері бар. Ішкі өлшемдер елдің даму бағыты, деңгейі, әлеуметтік ахуалы, құндылықтар жүйесімен байланысты болса, сыртқы өлшемдер сыртқы жағдайларға бағытталғандығын көрсетеді. Сыртқы өлшемдер, оның басқа елдермен ынтымақтастық негізде қарым-қатынас орната алу мүмкіндіктерін көрсетуге бағытталады;

5) Қандай да болмасын ұлттық идеяның жүзеге асуы немесе аспауы көп жағдайда сыртқы факторларға тікелей байланысты. Кейбір сыртқы факторлар ұлттық идеяның жүзеге асуына кедергісін тигізуі де мүмкін;

6) Ұлттық идея болашаққа бағытталуы және қашан да өзекті болуы тиіс;

7) Ұлттық идея ұзағынан, яғни, ондаған және мыңдаған жылдар бойы өмір сүру үшін ол қашанда өміршең болуы керек;

8) Ұлттық идеяда жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделері бір арнаға тоғысып, ұзақ мерзімді позитивтік сипатқа ие ұлттық жобаға айналуы тиіс;

9) Ұлттық идея жүзеге асу үшін қоғам мүшелеріне, билік жүйесіне түсінікті және жалпыламалық қолдауға ие болуы керек;

10) Ұлттық идея тілдік, этникалық діни, мәдени, әлеуметтік, саяси, білімдік ерекшеліктеріне қарамастан, барлығына да түсінікті және ортақ құндылықтар негізінде дамуы керек;

11) Ұлттық идеяның шеңбері мен аумағы өркениетті болуы тиіс. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты ұстанымы – өркениеттік ұстаным. Оның болашағы мен бүгінгі ерекшелігі де осы өркениеттік ұстанымдарға байланысты болмақшы. Өркениеттік құндылықтар – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге ел дамуының жаңа белестері.

Міне, көріп отырғанымыздай, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жоғарыда аталған талаптарға сай келетінін көруге болады. Олай болса, «Мәңгілік Ел» – ойдан шығарылған, утопиялық сипаттағы идея емес, керісінше, халықтың сан ғасырлар бойы арманынан шыққан, ғасырлар бойы қазақ халқының ішкі қозғаушы күшіне айналып, бүгінде қазақстандықтарға ортақ қозғаушы күш болып отырған ұлттық идея. Оның қайнар бұлақтары өте тереңде жатыр.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы өз тәуелсіздігін құрып жатқан Қазақстан үшін өте маңызды. Оның ең биік саяси көрінісі ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясындағы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін қабылдауы, оның бес институционалдық

реформаны жүзеге асырудағы Ұлт жоспарына енуі, «Қазақстан-2050» Стратегиясының өзегі ретінде жариялануы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қазіргі геосаясат және ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан өте маңызды екенін көрсетеді.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру міндеті бүгінгі билік пен барша Қазақстан халқын толғандырып отырғаны да осыдан. Олай болса, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жариялау бар да, оны жүзеге асыру бар. Біздіңше, жүзеге асырудағы кедергілер жүйелі түрде талдануы қажет. Кеткен кемшіліктер сараланып, оған қоғамның даму деңгейіне сай объективтілік тұрғысынан баға берілуі тиіс. Біз үшін ең басты мақсат – «Не істеу керек?», «Әрі қарай Қазақстанды қалай дамытамыз?», «Оның жарқын болашағын өркениеттілік тұрғысынан қалай қамтамасыз етеміз?» деген сұрақтарға жауап іздеу. Осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде жатқан құндылықтарды саралаудың да маңызы зор. Өз кезегінде бұл сұрақтарға жауап іздеу үш негізгі мәселеге тиесілі. Олар «Қазақстан қазіргі жаһандану заманында өз бетінше тәуелсіз ел, мемлекет және адамдар қауымдастығы ретінде өмір сүре ала ма?» деген сұрақтарға жауап іздеуге итермелейді. Ол үшін билік және қоғам не істеу керек, қандай құндылықтарды қоғам дамуының негізі ретінде қарастыру ыңғайлы деген ойлар да туындайды.

*«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының ішкі мәні, философиясы – үнемі даму, өзгеру, жаңғыру. Бұларсыз жоғарыда аталған үш негізгі (ел, мемлекет, қоғам) дамуы мүмкін емес.*

Үнемі даму, өзгеру, жаңғыру олардың иманенттік қасиеті, өміршеңдік пен жасампаздықтың қайнар көзі. Өткен тарих пен бүгінгі даму сабақтастығының тоғысар сәті де осында. Бұл – сәт ұрпақ сабақтастығының ментальдік

негізі. Бұл жолдағы ұлттың ізденістері мен әлеуметтік жасампаздығы, рухани серпілістері мен даналығы, мәдениеті, тілі, діні, ділі, білімі, саясаты мен экономикасы, рухани және материалдық байлықтары, т.б. ресурстары «Мәңгілік Ел» идеясының өміршеңдігін паш етеді.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру еліміздің өміршеңдік қабілетіне тікелей байланысты. Бұл ұғымның шынайы күш ретінде жүзеге асуы территориялық тұтастық, демографиялық ахуал, мемлекеттік басқару сапасы тәрізді жүйелер мен қатынастарға тікелей қатысты. Біз, көп жағдайда, бәсекеге қабілеттілік туралы көп айтамыз. Әрине елдің, саяси-экономикалық, әлеуметтік салаларының бәсекеге қабілеттілігі өте маңызды. Елдің бәсекеге қабілеттілігі – жаһандық дәуірде оның имиджін анықтайтын бірден-бір құрал. Десек те, бәсекеге қабілеттілік туралы айтпастан бұрын қандай да болмасын саяси-экономикалық, рухани жүйенің өміршеңдікке қабілеттілігі туралы да айтқанымыз дұрыс сияқты. Өміршеңдікке қабілетті жүйе ғана бәсекеге қабілетті. Қандай да болмасын жүйенің бәсекеге қабілеттілік өлшемі оның өміршеңдікке қабілеттілігі мен тиімділігі арқылы өлшенуі тиіс. Өміршеңдікке қабілетті жүйе ғана бәсекеге қабілетті. Осы тұрғыдан келгенде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын алдағы жылдарда жүзеге асырудың бірнеше жолдары бар деп есептейміз және ол жолдар бір-бірімен тығыз байланысты.

Бірінші жол – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынып отырған бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспары. Олар – кәсіби және автономиялық мемлекет аппаратын қалыптастыру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, индустриаландыру және экономикалық өсім, транспарентті және есепберушілік мемлекет, болашағы бір ұлт.

Жоғарыда аталған ұлт жоспарында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыратын тетіктер мына қадамдарда нақты өз көріністерін тапқан. Мәселен, мемлекеттік қызметте меритократия қағидасын нығайту (10-қадам), мемлекеттік қызметте жаңа этикалық кодексті дайындау (12-қадам), сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту (13-қадам), т.б. Аталған қадамдар түптеп келгенде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы мемлекетті басқару сапасына ерекше назар аударылып отырғанын байқатады.

Мемлекеттік басқару тиімділігі, оның қоғамның әр саласында жүргізіп отырған саясатының ұлт мүддесінен шығып отырғаны арқылы өлшенетіні белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, аталған қадамдар заман талабына сай мемлекет басқарудың жаңа үлгісіне жол ашып, басқару тетіктерін демократиялық сипатта дамытып, жүргізіліп отырған саясаттың басыңқы бағыттарын заман талабына сай айқындауға көмектеседі. Қандай да болмасын реформаның мақсаты позитивті өзгерту мен жаңғырту екенін ескерсек, мемлекет басқарудағы құрылымдық өзгерістер, тиімсіз, қажет емес құрылымдардан бас тартудан басталары сөзсіз.

Тарихи тұрғыдан келсек, мемлекеттік басқару жүйесінде билік Конституциялық тұрғыдан өкілдікті, сот және атқарушы билік болып үш тармаққа бөлінетіні белгілі. Бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесін модернизациялау да осы негізден туындайтыны сөзсіз.

Ұлттық идея – мемлекеттік басқарудың басты компоненттерінің бірі. Ұлттық идея негізінде мемлекеттік басқару үлгісі де қалыптасады. Осындай ұлттық идеяның бір көрінісі «Үлкен ел – үлкен отбасы» (87-қадам), «Менің елім» (88-қадам), «Нұрлы жол» (88-қадам), «Нұрлы болашақ», «Мәңгілік Ел» (89-қадам) құндылықтарын енгізу болып табылады. Аталған қадамдар «Мәңгілік Ел»



ұлттық идеясының рухани, моральдық-этикалық сипатын арттыра түсері сөзсіз. Сонда ғана аталған қадамдар мемлекет, ел, халық, жекелеген адамдар тағдырымен тығыз байланыста болады, әрқайсының субъективтік мәнін арттырып, олардың өзара жауапкершілігін еселей түседі [2].

Егер де адамдар бойында моральдық-рухани құлдырау, ыдырау орын алса, елдің өміршеңдік қабілеті әлсірейді, елдің бәсекелестікке деген қабілеті төмендеп, басқа, бөтен рухани құндылықтарды талдаусыз, талғамсыз қабылдауға мәжбүр болады. Ұлтқа жат, бөгде құндылықтар болашақта орын алатын әлеуметтік қайшылықтар мен кикілжіңдердің көзі болады. Мемлекеттік басқару жүйесі мен билік арасындағы өзара байланыс механизмдері бұзылып, олардың қоғам мәселесін шешуге келгенде тиімділігі әлсірейді. Нәтижесінде халық пен билік арасында түсініспеушілік орнап, бір-біріне деген сенім азаяды. Сондықтан «Мәңгілік Ел» құндылықтарын бүгінгі қоғам дамуының жаңа бағыттарының негізі ретінде қабылдаудың саяси маңызы өте зор.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәнді және онтологиялық сипатқа ие үш құндылығы бар екенін баса айтқымыз келеді. Олар – ел, халық, мемлекет. Егер де осы аталған іргесі қаланған құндылықтар болмаса, ұлттық идея туралы айтып жатудың өзі артық. Тек жоғарыда аталған құндылықтар ғана «Мәңгілік Ел» туралы айтуға жол ашады, әмбебаптық дүниетанымдық қағидалар туралы сөз етуге итермелейді.

Осы жоғарыда аталған құндылықтардың тағы бір басты ерекшелігі – олардың өзара байланыстылығы. Мәселен, территориясы болмаса, ел туралы айтуға бола ма? Әрине айтуға болар, бірақ ол ел тұтас бола ала ма? Белгілі бір мемлекеттік аумағы жоқ, тұрақтайтын атамекені жоқ, тоз-тоз болып жүрген қаншама этностар бар. Олар-

дың барлығын «Ел» деп айтуға болмас. Олай болса, «Ел» деген ұғым тұтастық пен тұрақтылықты білдіреді. Елдің территориясы, халықаралық деңгейде заңдастырылған шекарасы, дербес мемлекеттік органдары мен басқару жүйесі, саясаты мен экономикасы, құндылықтары, тілі, менталитеті болатыны белгілі. Бұларсыз елдің тұтастығы туралы айтудың өзі қиын.

«Мәңгілік Ел» туралы айтуға негіз болатын тағы бір онтологиялық көрсеткіш – ол халық. Бұл территорияда халық болмаса, ел туралы айтуға бола ма? Әрине, болмайды. Халық та біз үшін тұтастықты білдіреді. Халық әлеуметтік, экономикалық және саяси, рухани, мәдени қауымдастықты білдіреді. Оған бәрі бірдей қабылдайтын, мойындайтын, күнделікті тіршілікте көрініс тауып жататын ортақ құндылықтар жүйесі тән.

Үшінші онтологиялық көрсеткіш – ол мемлекеттік басқару, мемлекет жүйесі. Міне, осы жоғарда аталған үш ұлы құндылықтар «Мәңгілік Ел» идеясының онтологиялық негіздері болып табылады.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты құндылығы тәуелсіздік екені сөзсіз. Тәуелсіздік ұғымы халық үшін қашан да киелі, ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалғаны. Ол – ғасырлар бойы тынымсыз жүрген жанкештілік пен күрестің, жасампаз еңбектің жемісі. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы тәуелсіздік құндылығымен тікелей байланысты. Тәуелсіздік жоқ жерде «Мәңгілік Ел» туралы айту, оның тұжырымдамасын қабылдау, саяси патриоттық акті ретінде идеологияға айналдыру мүмкін емес. Сондықтан да тәуелсіздік «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты құндылығы және басты алғышарты болып табылады.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында өз орнын тауып, қоғамдық

ойдың басты қозғаушы күшіне айналды. Ортақ мақсатымыз – «Мәңгілік Ел» идеясын қоғамдық санада нығайту, оны тәуелсіздіктің манифесіне айналдыру. Сондықтан да тәуелсіздік құндылығына ерекше тоқталудың маңызы зор.

Тәуелсіздік талабы – үнемі даму, алға жылжу, биік белестер мен асуларды бағындыру, ұрпақтан-ұрпаққа оны көздің қарашығындай сақтай отырып, оның өмірін мәңгілік баянды ету. Демек, тәуелсіздік – мәңгілік күрес формуласы. Ұлттың үнемі алға жылжуын, дамуын, қабілеттілігі мен қарымдылығына негіз болып отыратын ұлттың өзіндік өмір сүру философиясы.

Тәуелсіздік – ұлттың рухани бірлігі мен тұтастығының қорғаны, ел тұтастығы мен кемел келешектің, білім мен ғылымның, дербес экономика мен саяси бастамалардың, халықаралық үйлесімдіктің, еліміздің демократиялық, құқықтық негізде дамуының басты кепілі.

Тәуелсіздік өзінен-өзі келмейді. Тәуелсіз болу – еркін, азат болу, басқаға жалтақтамай, өз тағдырыңа өзің ие болу. Өз болмысыңды өзіңше жасау. Ол ішкі еркіндікті, ой мен сананың қашан да сындарлы болуын қажет етеді. Тәуелсіздік халықтың менталитетінде, рухында орнаған кезде баянды болады.

Тәуелсіздік пен тоталитарлық жүйе қарама-қайшы ұғымдар. Әкімшіл-әміршіл жүйенің мызғымас қамалдай сана мен іс-әрекетте сақталуы – тәуелсіздікке салған қылбұрау. Ол кешегі күннің рудиментіне сүйене отырып, оқшау ой мен пікірлерге жатсына қарайды, өз қалпына салып, тон пішеді, шамасы келсе, еркін ой иесіне кедергі жасап бағады. Демек, құлдық санамен күресудің өзі тәуелсіздік үшін күрес болып табылады. Тәуелсіздік үшін күрестің ең қиыны мен маңыздысы да – осы.

Құлдық сана шеңберінде өмір сүру жеке тұлғадан жауапкершілікті, еркіндік пен жасампаздықты талап

етпейді. Құлдық сана бәсекеге де қабілетсіз. Ондай сана негізінде болашақты болжау да, қоғамның ертеңіне үміт арту да мүмкін емес. Құлдық санада еліне, жеріне, салт-дәстүріне, тілі мен дініне иелік сезімі болмайды. Құлдық сана елдің татулығы мен бірлігіне де қызмет етпейді. Татулық пен бірлік – ол үшін ел мүддесінің биік талаптарынан туындаған түсінік емес, бағыну мен жағынудан шыққан іс-әрекет, дүниетаным мен ұстаным. Құлдық санамен жаңғыру, жаңа жағдайда жаңаша еңбек ету, өз тағдырына өзі жауап беру де мүмкін емес. Сондықтан да жаңа дүниетаным мен жаңаша өмір сүру философиясының стратегиялық бағытын қалыптастыру – тәуелсіздік талаптары екені сөзсіз.

Міне, тәуелсіздік тағылымдары осыны сездіреді. Елбасының көрегендігі де осында. Еліне тәуелсіздіктің философиясын түсіндіре отырып, бұрынғыша өмір сүруге болмайтынын, кешегі дәуір қағидаларының тарих сахнасынан мәңгілікке кеткенін, оның санадағы фантомдарынан тез арада арылу қажеттігін іс жүзінде дәлелдеп отырды. Соның бір айғағы – елорданы Сарыарқаға көшіру. Тәуелсіз мемлекеттің жаңа астанасының іргетасын қалау болды.

Елорда – тек зәулім үйлер салу ғана емес, ол жүзеге асқан ұлттық идея. Бұрынғы Астана қазіргі Нұр-Сұлтан – жаңаша ойлаудың, жаңаша өмір сүрудің символы. Елорда – ХХІ ғасырдың антропоурбанистикалық жобасы ғана емес, ол халықтың сан ғасырлық арманына қойылған мәңгілік ескерткіш, «Мәңгілік Ел» идеясының жасампаздық белгісі.

Елорда ел мен ердің тағдырын тоғыстырған алтын көпір. Сонымен бірге, астана – төрінен әлемдік деңгейде жаңаша идеялар мен бастамалардың бас көтеруі де еркін ойлаудың нәтижесі, тәуелсіздіктің берген ұлы мүмкіндіктері. Осы бір тарих үшін маңызы бар ойды өтпелі

кезеңде ел мүддесі үшін ұтымды да тиімді пайдалану Елбасының үлкен көрегендігінің белгісі.

Кешегі Кеңестер Одағынан қалған ажал отын сеуіп, елдің генефонды мен денсаулығына елеулі зиян келтірген Семей ядролық сынақ полигонын жабуы да Тұңғыш Президентіміздің жаңаша ойлауының нәтижесі. Қазақ халқының бейбітсүйгіш ел екендігін әлемге паш ету. Оның үнемі бейбітшілік пен татулыққа ұмтылуы ұлт менталитетінің өзегі екенін нақты іспен дәлелдеуі адамзат баласына үлгі боларлықтай іс екені сөзсіз. Солардың айғағы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың БҰҰ трибунасынан дүниежүзі мемлекеттерінің басшыларына арнаған «Әлем. XXI ғасыр» манифесі болып табылады [3]. Бұл да тәуелсіздік тағылымы, елін сүйген ердің, ұлт болашағын тереңнен ойлаған Елбасының өмірлік ұстанымынан туындаған бейбітсүйгіштік іс-әрекеті.

Бүгінде тәуелсіздік құрдастары 25 жастан асты. Олар – бүгінде ат жалын тартып мінген еліміздің айбынды да білімді, білікті жастары. Олардың бойында жастық жігер, асқақтаған арман бар. Олар – санасы үрейден ада, еркін ойдың иелері, тәуелсіздік құрдастары, тәуелсіздік қырандары. Олар 2020 жылы отызға толса, 2030 жылы қырық жаста болады. Отызында орда бұзатын, қырқында қамал алатын жас ұрпақ дүниеге араласуда.

«Не ексең, соны орасың» дейді халық даналығы. Тәуелсіздіктің халқына берген сыйы осы еркін ойлы, елін сүйетін жас ұрпақ. Келешек солардың қолында. Ертең ел тағдырын, тәуелсіздікті баянды ететін де солар. Сондықтан да бүгінгі жастардың бойында, олардың менталдық ұстанымында қандай құндылықтарды қалыптастырамыз, қандай рухани құндылықтар негізінде тәрбиелейміз – бұл «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы маңызды фактордың бірі болып қала бермекші.

Тәуелсіздікті нығайтудағы Елбасының жаңашылдық бастамасының айқын көрінісі, өмірлік философиясының қайнар бұлағы – елінің даналығында жатқан ұлы құндылықтары екені белгілі. Қазақ «Бірлік болса, тірлік болады», «Береке басы – бірлікте», «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді», «Ырыс алды – ынтымақ» деген дей ынтымағы жарасқан ел ғана тәуелсіздікті баянды етеді. Әр ұлттың өзіндік болмысын, тілі мен дінін, салты мен дәстүрін сақтай отырып, тәуелсіздікті нығайту, әртектілік пен әртүрлілікті рухани бірлік пен өзара татулықтың көзі ретінде қарау, полиэтникалық, поликонфессиялық қатынасты жаңару мен бейбіт дамудың, тәуелсіздікті нығайтудың фундаменті ретінде қарау – Елбасының көрегендігі. Қазақстан халқы Ассамблеясының дүниеге келуі де осы шығармашылық ой мен өркениеттік іс-әрекет нәтижесі деп қарауымыз керек.

Қазіргі кезде қазақстандық патриотизм туралы, оның мазмұны, мақсаты, міндеттері туралы көп айтылуда. Сондықтан да патриотизмді, оның ішінде қазақстандық патриотизмді «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы талаптары тұрғысынан қарастырып көрелік.

«Патриотизм» ұғымы туған Атамекеніңді, кіндік қаның тамған жеріңді сүюден, сол елге, жерге, оның тілі мен дініне, салты мен дәстүріне, өнері мен мәдениетіне, тарихына деген сый-құрмет ұстанымын таныстырады. Ол адамдардың дүниетанымының нақты ұстанымына айналып, күнделікті өмірде, адамдар қарым-қатынастарында өз көрінісін тауып жатады.

Әрине, патриоттық сезім белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшырап отыратыны белгілі. Кешегі кеңестік дәуірдегі патриотизмді қалыптастыру негізінде коммунистік идеологияның жатқаны белгілі. Коммунистік идеология таптық көзқарасты негізге ала отырып, саяси бір партиялық жүйені құрды,

адамдардың жеке басы мен дүниетанымын саясаттандыруға бар күшін салды.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мүлдем басқа, жаңа тарихи кезеңде өтіп жатқанын атап өтуіміз керек. Оның негізінде тәуелсіздік тудырған құндылықтар, ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған моральдық, этикалық және рухани құндылықтары мен дүниетанымдық қағидалары жатқаны сөзсіз. Сонымен бірге, тәуелсіздік таңымен бірге келген ұлтаралық және дінаралық татулық, өзара сыйластық пен түсіністік, толеранттылық, барлық азаматтардың тең құқықтығы мен жалпы жауапкершілігі бүгінгі қазақстандық патриотизмнің негізі болары сөзсіз. Қазақстандық патриотизмді ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін қоғамның бірден бір қозғаушы күші ретінде қабылдауымыз керек. Олай болса, қазақстандық патриотизм – жасампаздықтың көзі.

Тәуелсіздік жылдары дүниеге мүлде басқа санадағы, сападағы ұрпақ келді. Сондықтан да жастар санасында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, тәрбиелеу жалпы мемлекеттік іс болып отыр. Себебі, бүгінгі жастарды қандай құндылықтар негізінде тәрбиелейміз, олардың дүниетанымы мен рухани ұстанымдарын қандай құндылықтар негізінде қалыптастырамыз деген сұрақ саяси мәнге ие болуда.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру отбасынан басталары сөзсіз. Отбасылық тәрбие дұрыс, позитивті болған жағдайда, ұлттың асыл құндылықтары отбасылық қарым-қатынастың шынайы көзіне айналды және қазақстандық патриотизмді жастар санасының өзегі ретінде қалыптастыруға кең жол ашылады, оның мазмұны тереңдей түседі, рухани, этикалық және эстетикалық сипаттары арта түседі.

Бұл жолда жас ұрпақты өзін елінің азаматы, ұлтының өкілі, Отанының тірегі ретінде тәрбиелеудің маңызы зор.

Сонымен бірге, отбасында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден, ата-анаңды, ағайын туғандарыңды, көршілеріңді құрметтеуден бастау алады. Басқаша айтқанда, қазақстандық патриотизмнің рухани негіздеріне ерекше мән беру бүгінгі жаһандану заманында ерекше мәнге ие болып отыр.

Қазақстандық патриотизмді «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құндылығы ретінде қарау еліңе, туған жеріңе, халқыңа қызмет істеуден басталары сөзсіз. Мемлекеттік тілді меңгеру, мемлекеттің символдары – елтаңба мен туын құрметтеу, конституциясын, елі мен жерінің тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау қазақстандық патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі болып табылады.

Қазақстандық патриотизм негізінде жатқан құндылықтың бірі – адал еңбек [4]. Тек адал еңбек қана ел болашағын қамтамасыз етеді, оның іргетасын нығайтып, мемлекеттілікті күшейтеді. Адал еңбек ел экономикасының қуатын арттырып, мемлекетті бәсекеге қабілетті 30 дамыған елдердің қатарына қосуға мүмкіндік жасайды. Олай болса, бүгінгі жастарды адал еңбекке тәрбиелеу қазақстандық патриотизмді дамытудың алғышарттарының бірі болып табылады. Өз кезегінде, мұндай дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру тұтынушылық психологиядан жасампаздық психология мен іс-әрекеттерге жол ашып, қазақстандық өнімдер сапасын арттырып, әлемдік нарықта олардың бәсекеге қаблеттілігін арттыруға негіз болады.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру халық алдындағы белгілі бір жауапкершілік пен міндеттерді, болашақ асуларды игеруде қажырлық пен азаматтық ұстанымды дамытуды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде, «Қазақстан-2050» Стратегиясында біздің қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтауда қазақ халқына үлкен жауапкершілік арта отырып, Елбасы былай



дейді: «Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп, өркен жаятын болады. Қазақ жеріне тағдырдың жазуымен алуан түрлі ұлт өкілдері қоныс аударды. Біз оларға құшағымызды ашып, қазақи қонақжайлылықпен қарсы алдық. Олар біздің елімізде өсіп-өніп, бауырларымызға айналды. Қазір біз көп ұлтты сипаты бар, біртұтас елміз. Жаһандану дәуірі – көп ұлтты мемлекеттер дәуірі. Бұл – әлемдік үрдіс. Еліміздің дамуына барша ұлт пен ұлыс өкілдері бірге үлес қосты. Ендеше, тәуелсіз қазақ елінің азаматтарын алалауға, бауырластығын бұзуға ешкімнің хақысы жоқ. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт.

Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген жан өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз. Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс.

Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек. Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң, оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек. Мемлекеттік тілмен қатар Қазақстанда

тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз».

Тіл – патриоттық сана сезімді қалыптастырудың басты құралдарының бірі болып отырғаны ешкімге жасырын емес. Тіл – халықтың ең басты құндылығы, халық болмысының басты көрсеткіші. Тіл – халықтың болмысын, дүниетанымы мен рухани жан дүниесін бейнелейтін құрал. Тіл мен ойлау арасында тығыз байланыс бар. Тіл бұзылған жағдайда ұлттық ойлау жүйесі де бұзылатыны сөзсіз. Сондықтан ұлттық тілді дамытуда ғылым, философия, тарих, өнердің рөлі зор. Ұлттық тіл ғылым тілінде сөйлесе ғана қазақстандық патриотизмді шынайы қоғамның қозғаушы күшіне айналдырады. Бір сөзбен айтқанда, Елбасы қазақстандық патриотизмнің этникалық астарымен қатар азаматтық, өркениеттік сипатына да ерекше назар аудару қажеттігін алға тартады.

Күнделікті өмірде қазақстандық патриотизмнің көріністері орын алып жататыны сөзсіз. Әсіресе, олар мемлекеттік қызметте, ғылым мен өнерде, медицинада, спорт пен мәдениетте, отан қорғау, экономика, кәсіпкерлік салаларында жиі кездеседі. Мәселен, қазақстандықтардың жаңа білімдерді дүниеге әкелуі, қандай да болмасын мәселелерді креативтік тұрғыдан шешуі, өндірісте жаңа технологияларды енгізудегі олардың табандылығы мен ұстанымдары жаңа заманға сай қалыптасып отырған қазақстандық патриотизмнің көріністері бола алары сөзсіз. Жалпы, жаңалық атауға құштарлықты қазақстандық патриотизмнің өзегіне айналдыру оның өркениеттік астарын арттыра түсері сөзсіз. Сол тәрізді үш тілді қатар игеру, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдау, ұлттың жеңіс рухын үнемі шыңдау да бүгінгі жаһандану дәуіріндегі қазақстандық патриотизмді дамытудың басты бағыттарының бірі болып саналады.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында жастар санасында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру олардан зияткерлік ұмтылысты, білім мен ғылымға инновациялық көзқарасты дамытуды, жаңаша ойлау жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Қазақстандық патриотизм жасампаз көзқарасы бар азаматтарды тәрбиелеуді, олардың саяси мәдениеті мен сауаттылығын үнемі жетілдіріп, шыңдап отыруды талап етеді.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру аясында шынайы қазақстандық патриотизм өнерді, білім мен ғылымды, этносаралық татулықты, әлеуметтік бірлікті дамыту бағытындағы міндеттерді қамтамасыз ететіні сөзсіз. Қазақстандық патриотизмді «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты құндылықтарының бірі ретінде дамыту ұлттың жаңаша ойлау жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан да қазақстандық патриотизмнің өзегі болып табылатын ұлттық жаңаша ойлау жүйесіне тереңірек тоқтала кетелік.

Тәуелсіздік идеясы ұлттық ойлаудың басты бағыты деп қарастырар болсақ, онда оны қорғау, сол үшін күресу, сол үшін жан аямай еңбек ету әрбір ұлт өкілінің басты парызы болуы керек. Кезінде Америка президенті Джон Кеннеди өз халқына: «Сіздер еліміз бізге не береді деп сұрамаңыздар, керісінше, біз елімізге не бере аламыз деп сұраңыздар», – деген екен. Сол тәрізді тәуелсіздікті жариялау оңай болғанымен, оны нығайту, оған қызмет ету әрбір қоғам мүшесінен ерен еңбек пен қайрат жігерді талап ететіні сөзсіз.

Бұл үрдісте «намыс» ұғымының алатын орны ерекше. Намыс, жігер тәрбие арқылы келетіні белгілі. Отбасылық тәрбиеден мемлекеттік тәрбиеге дейін ұлттық намысты қалыптастыруға ерекше назар аударатын уақыт жеткен тәрізді. Намысты ұл мен қызды қазақстандық патриотизмнің өзегі ретінде қарастыру арқылы

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыра аламыз. Жаһандану заманында әрбір қазақстандықтардың санасында ұлттық намысты ояту, жаңаша ойлау мен іс-қимылды, заман талабына сай дүниетанымды қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы талабы деп қабылдауымыз керек.

Заман өзгеріп, қоғамдық қатынастар өзгерген сайын ойлау жүйесі де өзгередіні белгілі. Ғылым мен ақпараттық ағым, жаңа технологиялық қатынастардың пайда болуы ұлттық ойлауға жаңаша бағыт пен сипат беріп, оның қолданбалы, коммуникативтік жақтарын күшейтеді. Ғылыми-техникалық прогресс, жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық қатынастар ұлттық ойлауға жаңаша ұғымдар мен түсініктер әкеліп, оған деген сұранысты күшейтеді. Олай болса, «Мәңгілік Ел» идеясының рухани темір қазығы болып табылатын мемлекеттік тілді жаңа заман талаптарына сай дамыту әрбір қазақстандық азаматтың патриоттық борышы болмақ.

Бір сөзбен айтқанда, жаңа қазақстандық патриотизмді осы бағытта қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының талаптарының бірі болып табылады.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүде, бір болашақ», 2014. / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://www.akorda.kz>.
2. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы Ұлт жоспары – 100 нақты қадам. // Егемен Қазақстан. – 2015. – мамыр.
3. Н. Ә. Назарбаев «Әлем. XXI ғасыр» манифесі. // Егемен Қазақстан. – 2016. – 4 тамыз.
4. Н. Ә. Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.

## 4.2. ПАТРИОТИЗМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАРУ ЖОЛЫ

Қоғамдық сананың жаңғыруы мен білім мазмұнының жаңаруы білім беру ұйымдарында тәрбиенің жаңа талаптарын айқындайды. Білім алушылардың өз мүмкіндіктерін табысты жүзеге асырудың өзектілігін, олардың қоғамда әлеуметтенуін және еңбек нарығында белсенді бейімделуін нығайтады. Өз Отанына – Қазақстан Республикасына, ана тіліне, дәстүрлері мен мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілікті балалардың және жастардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыра тәрбиелеу – мектептің маңызды міндеті.

Жалпы патриоттық тәрбиенің түйінді идеяларын, «Қазақстандық патриотизм» ұғымын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынды. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында мына жолдарға ерекше назар аударды: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» [1].

«Патриотизм» деген терминнің өзі (грек тілінен аударғанда «patris» – «Отан, атамекен») адамдардың өмірі

мен қызметіндегі адамгершілік және саяси қағидалары тұрғысында әлеуметтік сезімдер түрінде көрініс табатын Отанға, атамекенге, өзінің халқына деген сүйіспеншілікпен байланысты қоғамдық сананың күрделі құбылысын білдіреді [2].

Мәселені зерделеу мақсатында біз шетелдік тәжірибені талдап өтпекшіміз.

АҚШ-та ұлттық-патриоттық тәрбиенің бірыңғай мемлекеттік бағдарламасы жоқ (және ешқашан болмаған). Дегенмен, американдық қоғамда патриоттық тәрбие жөніндегі мемлекеттік саяси элементтер арагідік кездесіп қалады. Оның негізінде кейбір инварианттық қағидалар жатыр, яғни онда американдықтарға өздерінің тең екендіктерін ұғындырып қана қоймай, оны агрессивті жеткілікті деңгейде қорғауға мүмкіндік берілген. Мәселен, ардақталып ұстанатын мынадай дәстүр бар, колледждерде, университеттерде сабақ басталмас бұрын АҚШ әнұраны орындалады.

Американдық әлеуметтанушы және саясаттанушы Сэмюэл Хантингтон американдық патриотизмнің феноменін зерттей келе, оны былайша айқындады: «өз аумағына немесе тарихына деген сүйіспеншілік қана емес, Америка мемлекеті насихаттайтын идеялар мен идеалдардың жолын ұстанушылық». Олардың біртұтастығын ол: «американдықтардың өмірлік ұстанымы» деп атады. Кез келген американдық сенетін – бостандық, билік, заң, дербестілік, алға басушылық және мәдени әр алуандықтарымен қатар мойымайтын табандылықтары, идеологиялық және мәдени қағидалары да осыған жатқызылады.

Қоғамдық пікір сауалнамасы көрсеткендей, шамамен американдықтардың төрттен үш бөлігі өз елдерін мақтан тұтады. Американдық отбасылардың жартысына жуығы өз үйлерін ұлттық тумен безендіреді,

жүргізушілердің 15–20 % өз көліктеріне американдық жалаушалар орнатқан. Он американдықтың тоғызы елдің әнұраны орындалғанда елінің абыройына деген мақтанышты сезінеді екен. Мемлекетін мақтан тұту, патриоттық сезімдер АҚШ-та барлық ата-аналар, мектептер, жоғары оқу орындары, қоғамның барлық бастауыш ұйымдары бала бойына ерте жастан дарытады. Американдықтар ерте жастан Құрама Штаттары – әлемдегі ең керемет ел деген сеніммен тәрбиеленеді [3].

Түркияда балаларға патриоттық тәрбие беру алғашқы күннен-ақ басталады, елдің әнұранын жатқа айтқызу білім беру ұйымдарының ең бірінші міндеті, әрі алғашқы үй тапсырмасы болып табылады, өйткені күнделікті таңертең мектепке кіре берісте немесе сынып ішіндегі бірінші сабақта әнұранды жатқа айтады. Білім беру бағдарламасы идеологиялық тұрғыда көшбасшы – Кемал Ататүрктің даңқын айқындайды. Барлық оқулықтар оның балалық шағындағы немесе өміріндегі тарихи естеліктермен қамтылған, сонымен қатар барлық сыныптарда қайраткердің портреті ілінген. Сондай-ақ, балаларға Ататүрктің суретін қалай салуға болады, оның шыққан тегін құрастыру, атын ең әдемі әріптермен безендіріп жазу немесе оның өмірінен қызықты оқиға оқып келу секілді тапсырмалар беріледі. Емтихан сұрақтарында оның есімі жиі кездеседі, ал тест тапсырмаларында оның өмірімен байланысты түрлі күнделікті сәттер сұралады [4].

Германия патриоттық тәрбие беруде ығыр қылмайтын әдісті қолданады. Осылайша, мектептерде өскелең ұрпаққа қоғамның әлеуметтік мәселелеріне ойдағыдай араласып кетуіне және өзінің бойында азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыруға ықпал ететін «Ерікті әлеуметтік жыл» және «Ерікті экологиялық жыл» бағдарламалары енгізілген [5].

Жапонияда патриоттық тәрбие мәселесінде жапондардың ұлттық мінезі үлкен рөл атқарады. 1962 жылы Жапонияда «Адамды қалыптастыру бағдарламасы» (Хитодзукури) қабылданды, оның мазмұны тұлғаның үйлесімді: зияткерлік және физикалық тұрғыда дамуын, адамгершілік тәрбиесін, мәдени-көркем жетілуін қалыптастыру қажеттілігін бекітуден тұрады. Бұл ретте, басты мақсатта «жастардың бойында ізгілік пен қайырымдылықты, адал ниеттілік пен қорғаныстық сананы қалыптастыру», «өзінің бақыты мен басқа адамдардың бақыты үшін еңбек өнімділігін арттыру» қарастырылды. Бағдарламада жалпы міндеттермен қатар, баланың әр жасында нақты қол жеткізілуі тиіс айқынды мақсаттар да қамтылған [6].

Қазіргі уақытта елдің тарихында алғаш рет патриоттық тәрбие мәселесі ХХ ғасырдың ортасында Жапон елінде идеологиялық күйреуге әкеліп соқтырған шектен тыс ұлтшылдық идеяларына қарсы қойылып отыр.

Жапония – отбасында, қоғамда және ең бастысы мектепте жүргізіп отыратын моралдық-патриоттық тәрбиесінің тарихымен ежелден бай ел. Бұл елдің Үкіметі жастардың бойында өз еліне және мәдениетіне деген патриоттық тәрбиені қалыптастыруда моральдық тәрбиенің дәстүрлерін белсенді қолданады. Жапон үкіметі мұндай шараны ұлтшылдық пен патриоттықтың арасындағы нақ шегін айқындай отырып жүргізеді, яғни нағыз патриот өз елінің тарихы мен мәдениетін ғана емес, басқа елдер мен халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтей білуі керек екендігін көрсетеді [7]. Ұлттық мақтанышты, абыройы мен дәстүрлерін құрмет тұту сезімдерін күшейту мақсатында 2000 жылдардың басында мектептерге патриоттық дәрістері енгізілді [6].



Өзбекстанда 2018 жылғы 23 ақпанда Министрлер кабинетінің № 140 Қаулысымен жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу тұжырымдамасы бекітілді. Құжаттың негізгі мазмұны Отанды қорғау және даңқын шығару, Отанға деген адалдық және қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғауда өзінің азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға дайын болу қажеттігін жастардың санасына ерте жастан қалыптастыруға бағытталған.

Тұжырымдамада сондай-ақ, жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеуді тиімді бағалау тәртібінің жүйесі, қағидалары, әдістері мен формалары, кезеңдері мен бағыттары айқындалған [8].

Қазіргі кезде патриоттық тәрбиенің дәстүрлі тұжырымдамасы көптеген елдерде, әсіресе, Батыс Еуропада басқа тұжырымдық ыңғайда ықпал етеді. «Патриот» ұғымы «радикалды ұлтшыл» ұғымымен ауысу қауіптілігінен қайта пайымдалған болатын, осылайша азаматтылықтың қалыптасуы – заманауи әлемнің жағдайында жастардың әлеуметтенуіне ықпал ететін, тұлғаның біріктірілген жаңа сапасы патриоттық тәрбиенің орнын басты. Бұл туралы А. Н. Джуринский, С. Поддубняк және басқа да ғалымдар жазды. Білім берудің осы бағыттағы мақсаттарының арасында азаматтардың бойында патриоттық сезімнің, толеранттылықтың, ізгіліктің, өзіндік абыройын сезінуі мен ішкі бостандығын, тәртіптілік пен мемлекеттік билікке құрмет көрсету тәртібінің үйлесімді көрініс табуын ерекше бөліп көрсетуге болады [9, 5-б.].

Ұлыбританияда мектептерде патриоттық тәрбиені енгізу жөніндегі жаңа реформа қоғамның наразылығын тудырды. «YouGov» зерттеулерінің мәліметтері бойынша ата-аналардың 80 % балаларға патриоттық бағыттағы сабақтардың берілуін қаламаған, ал Білім беру

институтының ғалымдары білім алушыларға Британияға деген сүйіспеншілікті күштеп оқытудың қажеттілігі жоқ деп мәлімдеді, өйткені бұл «моральдық әрі мәнді» тарихқа ие, ал патриоттық тәрбие «екі ұшты мәселе» ретінде оқытылуы тиіс [5].

Шетелдерде балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беруде скаутизмнің өзіндік үлкен рөлі бар – оның негізін қалаушының мақсаттарына, қағидалары мен әдістеріне сәйкес, шыққан тегіне, нәсіліне, сеніміне қарамастан, барлығына есігі ашық, жастарды тәрбиелеу мақсатындағы ерікті саяси емес қозғалыс. Бұл жерде қозғалыс дегенді ұйымдастырылған акциялардың сериясы деп түсінгеніміз абзал.

Скаутизм әлеуметтену мәселесінде өз мемлекетінің сенімді және белсенді қорғаушыларын дайындауға байланысты аспектісін ғана алады. Скауттардың заңдарында мінез-құлықтың жалпы ізгілік нормалары көрініс тапқан, олар мүдделерді ортақтастыруға тәрбиелейді.

Скаутизмнің әдістері педагогикалық жүйе ретінде ант беру мен заң бойынша іске үйрету, кіші топтарда жұмыс істеу, ілгері даму мен ынталандырушы бағдарламалар арқылы өзін-өзі тәрбиелеу жүйесінің жалпы көрінісін береді [10].

Скаутинг – білім берудің өмір бойы жалғасатын түрі. Скауттар білім берудің бейресми бағытын дамытуға қатысу үшін ұлттық деңгейдегі ресми ұйымдарға тартылады.

Малайзияда скаутинг білім беру бағдарламасына енгізілген. Мектеп оқушылары академиялық білім нәтижелері бойынша ғана емес, қоғамдық жұмыстарды атқарудағы белсенділігі үшін де бағаланады. Малайзияда скауттық қозғалыстың құрамында 60 мыңға жуық мүше бар. Олар балаларға өмірлік маңызы бар дағдылар мен

ұлттық құндылықтарды үйретеді. Олардың ішіндегі ең таңдаулылары ел королінің жоғары марапатына ие болады. Бұл шара өзін-өзі дамытуда скауттық қозғалыстың қатысушыларын ынталандырады, яғни олар өздерінің дағдылары мен қабілеттерін дәлелдеп, жоғары деңгейге көтеріледі.

Польшада скауттық қозғалыстың тамыры терең. Алғашқы топтар 1910 жылы құрылғандықтан, жергілікті тұрғындар скаутингтің дәстүрлері мен қағидаларына қанық. Скауттық қозғалысқа сенім бар, олардың қатарында шамамен 150 мыңға жуық поляк жастары бар.

Скауттық қозғалыс белсенді қатысушы, ерікті, көшбасшы деген үш элементтен тұрады. Бүгінгі таңда әлемнің скауттары 154 жобаны жүзеге асырған, оған 5 миллион адам қатысқан. Өзекті бастамаларды көтерген аса белсенді скауттар қоршаған ортаға және адамдарға барынша назар аударып, ондағы мәселелерді шешуге атсалысып жатқандарын да атап өтуге болады [11].

Осылайша, балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беруде әр елдің дәстүрлері мен маңызды міндеттері есепке алына отырып, әзірленген өзіндік тұжырымдамалық әдістері бар.

Патриоттық сезімдерді қалыптастырудың көптеген модельдері бар.

Түпнұсқа нысанның моделін құрастырып және оны зерттеу жолымен зерделеуді ғылымның әдіснамасындағы модельдеу әдісі немесе модельдеу деп аталады, яғни зерттеудің ерекше әдісі ретінде қабылданбаса да, танымның ежелден пайдаланылып келе жатқан әмбебап тәсілін көруге болады. Ғылымда модельдеуді пайдалану тікелей зерттеу жолымен қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда немесе қандай да бір шектеулердің әсерінен оны зерттеудің тиімсіздігі айқын көрініс тапқанда, ны-

сандардың осындай тараптарын ашу қажеттілігінен үстемдік шарттары орын алады [12].

Патриоттық тәрбие беру процесін модельдеу теориялық қорытындылардан тұрады, ол өз кезегінде мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруде қажетті және жеткілікті құрамдас бөліктерді және олардың байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған процес тұтастай педагогикалық процестің жалпы құрылымына сай келетін және мақсат, міндет, мазмұны, формалары, әдістері, қаражаты, нәтижелердің талдауы секілді құрамдас бөліктерден тұратын өзіндік құрылымға ие.

Мақсатты блок моделі жүйені қалыптастырушы болып табылады және «мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру» жүйесінің басқа да барлық құрамдас бөліктерінің жүзеге асырылуын айқындайды. Мектеп оқушысының патриоттық тәрбиелілігі негізгі тәрбиенің нәтижесі болып табылады.

Нысаналы субъект блогі моделі патриоттық тәрбиенің қағидаларымен және функцияларымен айқындалады. Маңызды блок мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мағыналы моделі болып табылады. Патриоттық тәрбие беруге қатысты мақсаттарды, міндеттер мен мазмұнын мемлекет және оның нормативтік-құқықтық актілері анықтайды, яғни мемлекетпен қоғамның білім беруге жасаған әлеуметтік тапсырысы екендігін ескере кеткен жөн.

Ұйымдастырушылық-әрекеттік блок моделінде мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру процесінің құрылымы аса маңызды орын алады. Кез келген қызмет адам баласының өзіне тән формасы ретінде қоршаған әлемдегі белсенді қарым-қатынасы мақсаттан, қаражаттан, нәтижеден және әрекеттің аталған процесінен тұрады.

Субъектілік, пәнділік, белсенділік, мақсаттылық, дәлелділік, ұғынықтылық педагогикалық қызметтің негізгі сипаттамалары болып табылады.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру мақсаттарын жүзеге асыру – стратегиядан белсенділікке дейін – және олардың тәрбие мазмұнын меңгеруі көп жағдайда, мектеп оқушыларының нақты топтарының алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу процесін тікелей ұйымдастыратын педагог-тәлімгердің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Сыни тұрғыда бағалау – мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру процесі моделінің келесі блогі болып табылады. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің өлшемдері ретінде патриот тұлғаның және азаматтың қоғамда ресми жарияланған ықыласты сипаттамасы мен әрекет етуші субъект ретіндегі дербес адамның шын өмірдегі мінез-құлқы арасындағы сәйкестіктер анықталады [13, 78–100-б.].

Жас буынды Отан сүйгіштік рухта және Отанына адал қызмет ететін заңға бағынысты нағыз азамат етіп тәрбиелеу мәселесі адамзат дамуының барлық тарихындағы ғұламалардың ортақ мәселесі болған.

Ғалымдар қазақстандық патриотизмнің құрылуы мен дамуын үш кезеңге бөліп отыр. Бірінші кезеңде (XIX ғасырдың аяғы – 1917 жыл) педагогиканың ғылым ретінде орнығуына ықпал ететін, тарихи-педагогикалық білімнің бай қорының жинақталуымен, отандық педагогиканың тарихы бойынша бірқатар іргелі жұмыстардың пайда болуымен, қоғамдық-педагогикалық қозғалыстың туындауымен көрініс тапты. Екінші кезеңде (XX ғасырдың 1917 жылдар – 90-жылдардың басы) қазақстандық патриотизмнің кеңестік кезеңдегі құрылуы мен қарқынды дамуы. Ал үшінші кезең (XX ғасырдың 90-жылдардың басынан қазіргі кезеңге дейін)

қазақстандық патриотизмнің қоғамдық құбылыс ретінде дамуының заманауи кезеңі.

Аталған кезеңдер дәлелді келтірілген деп ойлаймыз, өйткені келтірілген кезеңдердің қайсысында болмасын өзіндік қоғамдық-саяси үрдісі, әлеуметтік бағдарламасы, қоғамдық өмірдің қалыптасқан тәртібі болды.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы қазақстандық патриотизм жүйесінің жаңару жолындағы маңызды кезең болды.

Қазақстан халқына Жолдауы жастардың өмір деңгейін арттыруға, гранттар және студенттік несиелеудің икемді жүйесі негізінде жоғары білім алу мүмкіндігіне, жастардың кәсіби деңгейін арттыруға, алыс және жақын жетекші шетелдерде тағылымдамадан өтуге, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы ғылыми бағдарламаларға қатысуға кепілдік береді.

Жолдауда атап көрсетілгендей «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі және Қазақстан патриотизмінің іргетасы еліміздің барлық азаматтарының тең құқылы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі болуы тиіс» [15].

*Қазақсандық патриотизм – халықтың ұлттық сана-сезімінің базалық бастамасының бірі, сүйіспеншілік сезімі, Отанын мақтан тұтып, адал қызмет етіп, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүрлері мен тұрмысына, адамгершілік тұрғыда Отанын қорғау, сондай-ақ, басқа да қауымдастықтардың бір-бірімен еш қарсылықсыз өзіндік ерекшелігінің болуына және тіршілік етуіне құқықтарының бар екендігін ұғыну ерекшеліктері мен өз құндылықтарына құрметпен қарау сезімінде көрініс табады.*

Көпұлтты мемлекетте ұлттық және азаматтық-патриоттық тәрбие ұлттарды бөліп-жармайды, керісінше оларды біріктіреді. Ұлан байтақ елімізде өмір сүретін барлық халықтардың түсінігіндегі дамыған патриоттық санасы әр мүшесі өзінше ерекше бір отбасы ретінде, қазақстандық патриотизмде азаматтық санасы мен туған республикасына кіші атамекенге деген сүйспеншілігімен үйлеседі.

Көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстанның дамуы тәрбиенің келесі міндеттерін шешуді қамтып отыр:

- Отанға деген сүйіспеншілік және Қазақстанның барлық халықтарына, олардың тарихына, дәстүрлеріне, тіліне, мәдениетіне ұлттық намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау;

- өз халқының ана тіліне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік;

- қазақ халқына құрметпен қарау және қазақ мемлекеттігінің құрылуы мен дамуындағы оның рөлін түсіну;

- орыс тілін Қазақстан халқының өзара жақын араласудың маңызды құралы екендігін түсіну;

- құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті;

- жалпы адамзаттық құндылықтарды барынша құрметтеу;

- адамның ұлттық және діни сеніміне, олардың этномәдени және діни мәселелеріне құрметпен қарап, ықыласты қарым-қатынас орнату;

- ұлтшылдықтың, шовинизмнің, нәсілшілдіктің, геноцидке, езгілікке, фашизмнің немесе басқа да нәсілдіктің, ұлтшылдықтың немесе біржақты діннің уағыздалуына ымырасыздық таныту.

Тұлғаның ұлттық-мәдени бірегейлігі, өзінің қандай да бір мәдениетке жатқызылатындығын және оның құндылықтарын сақтау түсінігі қазақстандық патриотизмнің негізі болып табылады.

Патриотизмнің қалыптасуы мен нығайтылуы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Білім туралы заңына, Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті дамыту және нығайту тұжырымдамасына, барлық білім беру ұйымдарында Білім беру процесінің тәрбиелік компонентін күшейту жөніндегі типтік кешенді жоспарға негізделеді. Оның мақсаты – азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз еліне деген мақтанш сезімін қалыптастыру, қазақстандық патриотизм жүйесінің мақсатты дамуы арқылы Отанымыздың мүдделерін қорғау бойынша азаматтық парыз бен конституциялық міндеттерін орындауға дайын етіп тәрбиелеу.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың әдіснамалық негізін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н. Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен өткен Ассамблеяның XXIV сессиясында қабылданған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі құрайды.

Аталған патриоттық актіде буыннан буынға сақталып және жеткізілетін қажеттілік ерекше мән беріліп көрсетілген. «Мәңгілік Елдің» ажырамас жеті негізі бар, атап айтар болсақ:

- тәуелсіздік және Астана;
- жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім;
- зайырлы мемлекет және жоғары руханият;
- инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім;
- Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы;
- тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы;
- ұлттық қауіпсіздік пен жалпы әлемдік және өңірлік мәселелерді шешуде Қазақстанның жаһандық қатысуы [16].

Патриоттық тәрбиені дамыту – бұл көп қырлы процесс, оның ауқымы мен нәтижелері өте маңызды болмақ. «Мәңгілік Ел» – жалпыұлттық идеясының мәнін,



«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі» деп аталатын құжатта бекітілген оның базалық құндылықтарын тереңінен ұғыну үшін заманауи мектеп барлық жағдайды жасауы тиіс. Бұл ретте, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеялардың құндылықтары негізінде білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие беру кеңістігін дамыту және жетілдіру қажеттілігі ұсынылады. «Мәңгілік Ел» бағдарламасын жүзеге асыруда мұғалім жетекші рөл атқаруы тиіс [17, 139-б.].

«Мәңгілік Ел» құндылықтар контекстінде әзірленген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірде бекітілген № 227 бұйрығына сәйкес, қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу мақсаты, құқықтық тәрбиелеу мақсаты жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге бейімді патриот пен азаматты, тұлғаның саяси, құқықтық және жемқорлыққа қарсы мәдениетін, балалар мен жастардың ортасында мейірімсіздік пен зорлыққа қарсы тұру дайындығын, балалар мен жастардың құқықтық саналылығын қалыптастыру ретінде анықталған.

Бағалау өлшемдері – төмендегі тармақтарға қатысты мақтаныш және жауапкершілік сезімдерінің, құрметтеудің көрініс табуы:

- Отанға, мемлекеттік құрылымға, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
- Конституцияға және Қазақстан Республикасының заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңбаға, туға, әнұранға), құқықтық тәртіпке;
- еліміздегі ұлтаралық және дінаралық келісімге, халықтар достығына;
- экономикалық және әлеуметтік мәдени даму салаларындағы еліміздің жетістіктеріне;

- құндылықтарға, басқа адамның құқықтары мен бостандығына;
  - өз өлкесінің (ауылы, қаласы, шағын ауданы) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
  - құқықтық біліміне және жемқорлыққа қарсы әрекетіне;
  - заңдардың, құқықтардың және міндеттердің талаптарына;
  - әлеуметтік құндылықтарға.
- Жүзеге асыру тетіктері:
- дәрістер, оқу пәндері, сабақтан тыс әрекет, қосымша білім;
  - «Өзін-өзі тану» бағдарламасы аясында – ерлік, ар-намыс, Отан алдында қалтқысыз қызмет ету сабақтарын өткізуді, пікірталас, пікірсайыс клубын, патриоттық форумдарды, акцияларды ұйымдастыру;
  - мектеп оқушыларының мемлекеттіліктің атрибуттарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуіне арналған байқаулар мен олимпиадалар;
  - қазақ халқының және Қазақстанда өмір сүретін басқа да этностардың мәдени мұраларын, салттары мен дәстүрлерін зерделеу бойынша өлкетану экспедициялары;
  - мемлекет және қоғам қайраткерлерімен, жазушылармен, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, құқық қорғау органдарының, әділет органдарының, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес органдарының қызметкерлерімен кездесу, балалар мен жастардың бастамалық жобаларының жүйесін дамыту;
  - балалар мен жастар қозғалыстарының әрекеттерін белсендендіру және т.б. [18].
- Республиканың жалпы білім беретін мектептеріне Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін

таратып, орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында «Мәңгілік Ел» маңызын білім беру салаларының және типтік оқу жоспарының оқу пәндерін біріктіру есебінен сабақ барысында немесе сабақтан тыс қарекеттерде ашып көрсету мақсатты болып саналады.

«Мәңгілі Ел» патриоттық актісінің жеті тармағы оқу бағдарламасында және сабақтан тыс уақытта жүзеге қалайша асырылады? Әрқайсысын жеке қарастырайық.

Қазақстанның тәуелсіздігінің құрылу тарихы туралы «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі» және «Өнер» оқу пәндерінің аясында айтылады, сондай-ақ Ата заң күнінде, Тәуелсіздік күнінде, Тұңғыш Президент күнінде, Қазақстан халықтарының бірлігі күні және т.б. сынып сағаттарында және сыныптан тыс іс-шараларда аталған тақырып айшықталып айтылады. Елордаға келетін болсақ, аталған тармақ «Өлкетану» біріктірілген курсы оқу бағдарламасына енгізген соң 2018 жылы ғана барынша жүзеге асырыла бастады. «Өлкетану» біріктірілген курсының материалы 5–7 сыныптарда «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (оқу бағдарламасы қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» оқу пәндерінің аясында оқытылады.

Бағдарлама Қазақстан тарихы, география, әдебиет пен музыка пәндері бойынша пәндік бағдарламалар мазмұнын қайталамайды. Тақырыптары әдеттегідей деуге келмейді. Мәселен, «Туған өлкенің аңыздары мен әфсаналары», «Топонимдер – өткен күннің куәсі» (өлке атауларының тарихы), «Бір ел – бір тағдыр» (менің өлкемдегі этностар), «Жәдігерлер сыр шертеді», онда түрлі мұражайларға барып көру ұсынылады, «Туған өлкенің әуендері», «Туған өлке тарихының бүгінгі куәгерлері», «Менің туған өлкем өлең жолдары мен прозада».

Мектеп оқушыларының әрекеттері де дәстүрлі дәрістерден ерекшеленетін болады. Мәселен, өз Өл-

кесінің мақтан тұтатын сапар хатын құру, саяхатқа шығу маршруттарын әзірлеу. Олар ұжымды түрде «Өлкемнің 30 әні мен сазы» аудиокаталогін, «Менің туған өлкем» электронды энциклопедиясын және т.б. жасайтын болады [19].

Алайда, «Өлкеману» курсы елорданың тарихи-мәдени және географиялық ерекшеліктерін тікелей тек бұрынғы Астана қазіргі Нұр-Сұлтанның өзінде ғана қамтитын болады. Курсты оқыту тәсілі ыңғайластырылған, еліміздің әр өңірінде өз өлкесінің ғана ерекшелігі оқытылады. Басқа өңірлердің оқушылары елорданың тарихымен, мәдениетімен, экономикасымен танысу үшін «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі», «Өзін-өзі тану», «География» (қаланың экологиялық және климаттық ерекшеліктері және оның астаналықтардың өміріне әсер етуін оқыту мақсатында), «Биология» (елордадағы өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесін зерттеу), «Математика» және «Геометрия» (мәселен, елорданың көрікті жерлерінің формасы немесе олардың арақашықтығы негізінде математикалық, геометриялық теңдеулерді құру) және т.б. жекелеген тақырыптарды пәндерге қосуға болады. Бұл ретте, елорда мен өңірлер арасындағы параллельдерді іздеу мақсатқа сай болады. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласы Қарағанды облысы секілді бетпақ дала табиғи зонасында орналасқан, қазақтың Сарыарқасында, сондай-ақ Қостанай секілді 19 ғасырда негізі қаланған және т.б.

Сыныптан тыс шаралар Қазақстанның өңірлерінде «Нұр-Сұлтан» тақырыбын дамыту үшін аса үлкен алаң болып табылады. Сыныптан тыс шара формасының бір түрі елордаға саяхат болып табылады, әдетте ол шын мәніндегі саяхат болуы да мүмкін (мүмкіндікке қарай) және сырттай саяхат, яғни оқушылар елорда туралы ақпаратты кітаптардан, фильмдерден тамашалап, интернет арқылы да тани алады. Елордаға шын

мәнінде саяхаттау (шамамен бір апта) – қаламен танысудың ең тиімді тәсілінің бірі. Қаланың тыныс-тіршілігін кең ауқымды қамти отырып, тануға болады немесе тақырыптан ауытқымай, тарихты, климатты, биологиялылық көптүрлілігін, сәулетінің ерекшелігін және т.б. зерделеу де болуы мүмкін.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісіндегі нақты тармақты алдыңғысының қисынды жалғасы ретінде қабылдауға болады. Біздің мемлекетте тұратын барлық халықтардың еркін дамуы түрлі ұлт өкілдерін жақындатып, қазақстандық мемлекеттік өркендеуі, тыныштығы мен нығаюы үшін негізді қалады. Қазақстанда еуразиялық ой өрісінің және еуразиялық рухани-эстетикалық белгілері мен жүріс-тұрыс паттерндерінің тасымалдаушысы болып табылатын өзінің ұлттық идеясы, патриоттық сезімі, адамгершілік-этикалық кодексіне ие бірыңғай, біріккен халық өмірін жалғастыруы тиіс.

Аталған тармақтың элементтері сонымен қатар «Қазақстан тарихы», «География» пәндерінде қарастырылады. Бұл тізімге өзара түсінушілік, толеранттылық, өзара көмек пен т.б. насихатталатын «Өзін-өзі тану» және «Адам. Қоғам. Құқық» пәндері қосылады. Сыныптан тыс жұмыста ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімнің қағидалары Ұлттық бірлік күнін, Алғыс айту күнін, Наурызды, Жаңа жылды және т.с.с. атап өтуге арналған іс-шараларды өткізу уақытында іске асырылады.

Әлеуметтануда, мәдениеттануда және публицистикада руханилық ретінде көп жағдайда рухани құндылықтар мен дәстүрлер түрінде көрініс табатын қоғамды біріктіретін бастамаларды атайды. Руханилық өзінің тар мүдделері және өтпелі құндылықтардың шектерінен тыс шығатын жеке тұлғаның кемелділігінің белгісі болып табылады [20, 217-б.].

Рухани құндылықтар мен дәстүрлерге, әдеттегідей, баланы ерте жасынан әлеуметтенудің бастапқы институты ретіндегі отбасында баулиды. Мектеп әлеуметтенудің екінші институты ретінде осы үдерісті жалғастыра түседі.

Мектепте жанама моральдық нормалардың негізі білім беру үдерісінің өзінде қаланады. Әрбір оқушыға өз сыныптастарымен, мұғалімдерімен, басқа сынып оқушыларымен қарым-қатынасқа түсу керек, оған қоса оны барлығына қатысты әдепті жасау қажет. Осылайша, оқушы тек мектеп бағдарламасындағы пәндерді меңгеріп қоймай, өзінің және басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін ескерумен дұрыс жүріс-тұрыс үлгілеріне де үйренеді.

Мысалы, сынып атынан Жаңа жылға арнап концерттік нөмірді дайындау қажет. Бұл – мектептің жыл сайынғы дәстүрі. Біреу өздігінен қатысқысы келсе, біреулерін мұғалім тағайындайды. Осы біреулерінің бұл тапсырмамен айналысуға қалауы да болмауы мүмкін, ол осы мәселеге арналған жиналыстарға қатыспауға шешім қабылдайды. Оны осы қадамы әдепті болады ма? Ия, егер ол мұғалімге барып, шындығын айтса әдепті. Ал егер ойынан шығарғанын айтып, алдаса немесе мүлдем ескертпей жиналысқа қатыспаса ше? Осыдан кейін ол жасағанына ұялады ма, әлде оған байсалдылықпен қарайды ма? Онысын сыныптастары қалай қабылдайды? Онымен осы туралы жай сөйлесіп қояды ма әлде буллинг пайдасына шешім қабылдайды ма? – бұл енді оның сыныптастарының рухани нормалары мен әдепті жүріс-тұрысының мәселесі қатарында қалады.

Мектеп бағдарламасында руханилықты дамытудың негізі «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» (өткен уақыттағы билеушілер, ғалымдар, ойшылдар сынды ұлы тұлғалардың үлгісіне бағдар алу), «Қазақ тілі мен

әдебиеті» және «Орыс тілі мен әдебиеті» (дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеу, әдебиеттегі кейіпкерлердің үлгісіне бағдар алу), «Адам, Қоғам, Құқық» («құқық», «еркіндік», «міндеттер» және т.с.с. ұғымдарға дағдыландыру), «Дінтану» (түрлі діндердегі ережелерді және нормаларды бейтараптылықпен, баға берусіз шолу), «Өзін-өзі тану» (өзін және өзгелерді, өз қажеттіліктерінің, армандарының, сенімдерінің түсінушілігін дамыту) пәндерінде және т.б.қалануы мүмкін.

Өткен ғасырлардағы ұлы адамдардың нақыл сөздеріне көңіл аударсақ, Теодор Рузвельт секілді саясаткер «Адамды рухани жағынан тәрбиелемей зияткерлікпен тәрбиелеу – қоғам үшін қатерді өсірумен тең» деп, өте дәл айтқан [21].

Бүкіл дүниежүзі, соның ішінде Қазақстан да, төртінші өнеркәсіптік революция табалдырығында тұр, ол дәстүрлі технологиялық шекараларды жойып, қалыптасқан технологиялық және өндірістік тізбектердің реформасын жасайды. Жаңа өнеркәсіптік төңкеріс технологиялардың бірігуімен, цифрлық, өндірістік және биологиялық салалардың арасындағы шекаралардың жойылуымен сипатталатын болады. Өмір тіршілігіндегі әртүрлі салаларды цифрландыру ісі үлкен қарқынын алады, бұл өз кезегінде «ақылды» қалалардың пайда болуында, экономикадағы делдалдар рөлдерінің төмендеуінде көрініс табады [22].

Осыған орай жуық арада бәсекеге қабілетті болып, өз экономикасын дамыту үшін, Қазақстанға қазірдің өзінде техникалық және IT салаларына арналған мамандарды дайындау қажет. Балалардың техника мен технологияға қызығушылығын мектепке дейінгі жастың өзінен-ақ дамытқан жөн. Бұл кішкентай балаларға смартфондар мен планшеттердегі ойындармен ойнауға рұқсат беруде емес, мастер-кластарды өткізуде және дамытушы ойындар мен мультфильмдерді көрсетуде көрініс табуы тиіс.

Осылайша, таяуда күшейтілген өнеркәсіптік дамуға бағыт алған Ресейде түрлі жастарға арналған техникалық бейінді дамытушы мультсериалдардың тізбегі қолданыста жүр. Мектепке дейінгілерге техниканың ішінде өмір сүріп, оны жөндейтін сонымен қатар оның құрылысы туралы бөлісетін кішкентай адамдар туралы «Фиксика», бастауыш сыныптағыларға арналған «Смешарики: Пин-Код» түрлі қиыншылықтарға жолығып, оларды ғылыми тұрғысынан түсіндіруге, оларды технологиялардың көмегімен шешуге тырысатын антропоморфты шар тәрізді жануарлар туралы, орта буын мектеп оқушыларына арналған өзінің білімдері мен икемдерін түрлі пайдалы және жоғары технологиялық құрылыстарға ұқсатып жаңалықтарды ашып, құрастыру үшін қолданатын төрт жолдас (біреуі басқа планеталық, ал екіншісі – алақоржын). Осындай мультфильмдердің көмегімен балалар бара-бара технологиялық маңыздылығын, олардың өзектілігі мен қызықты болатынын түсінеді. Нәтижесінде жоғары технологиялар мен өндірістің саласында тиімді де, сүйсінушілікпен жұмыс жасауға қабілетті ұрпақ өсетініне сенім артуға болады. Біздің елде де осыған ұқсас жағдайлар орын алуда, атап айтқанда, елордада «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге ЭКСПО, экология, балама энергияның қолданысы мен т.б. туралы бірнеше мультфильмдер шығарылды.

Мектепте «экономиканың индустрияландыру мен инновациялар негізіндегі өсуі» деген құндылықтарды физика, биология, химия, информатика және т.б. сабақтарында баулуға болады. Жақын уақыттың ішінде мектептің жалпы білім беру бағдарламасына STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematic) білім беру бағдарламасы 5–11 сыныптар аралығында енгізілуде. Ол білім беру салаларындағы «Жаратылыстану»,



«Математика және информатика» оқу пәндерін, робототехника, графикалық жобалау және т.б. бойынша вариативтік элективтік курстарының терең зерделенуін көздейді. Бұл бағдарлама оқушыларға ХХІ ғасырда табысты және бәсекеге қабілетті болу үшін қажетті түйінді дағдыларды дамытуға бағдарланған [23, 160-б.].

Осылайша, бір уақытта технологиялық және инженерлік дағдыларды меңгерумен қатар жаратылыстану пәндері мен математиканы зерделеу заманауи мәселелердің инновациялық шешімі үшін мүмкіншіліктерді ашады [23, 160-б.].

Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын енгізуді ұсынған. Онда Елбасы тұтынушылық қоғам иллюзиялық тұжырымдамасы анық, тек еңбек қана әрбір қазақстандыққа әл-ауқатты қамтамасыз ете алады, ол үшін мейлінше синхронды жүруі тиіс әлеуметтік және экономикалық жаңғыртуды өткізу керектігіне назар аударды. Бұл үдеріс азаматтардың үдеген белсенділігімен, олардың шығармашылық әлеуетін ашумен ілеседі. Оның атап көрсеткеніндей, қоғамда мемлекеттің донор емес, азаматтар өмірінің сапалы деңгейін өсіру үшін жағдай жасайтын серіктес ретіндегі түсінігін тарату керек.

Елбасының пікірінше, әлеуметтік жаңғыртудың мақсаты мен мәні – қоғамды жаңа индустриалды-инновациялық экономиканың жағдайына дайындауда, Қазақстанның үдемелі экономикалық дамуы мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету, құқық пен әділеттілік қағидаларына негізделген әлеуметтік қатынастарды бекіту.

Мектепте еңбексүйгіштікті, өзара көмек сезімін, командалық рухты дамытуға ерекше назар аудару керек. Білім беру үдерісінде нақты қағиданы іске

асырушылары ретінде кураторлар, педагогтер, өндірістік оқытудың шеберлері шығуы тиіс, оларға бағдарламаға өндірістік тәжірибе түріндегі өндірістік оқытуды енгізу арқылы дуальді оқытуды (теориялық білімдерімен қатар тәжірибелік білімдерді алу) ұйымдастыру керек. Бұл тәжірибе «Назарбаев зияткерлік мектептерінде» (НЗМ) бар және жалпы білім беретін мектептерге оған сүйенген тиімді.

Ұлы Абай Құнанбайұлының өзі кезінде «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – арылмас азап» деп атап көрсеткен [24, 360-б.]. Оның ойын жалғастырып, Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Адамның жақсы өмірі үшін негіз ретінде адал еңбек, арлы сана, шын жүрек керек. Олар болмаса, дүниеде бейбітшілік пен келісімге келуге болмайды» [25].

Қазақстан өзінің тарихы бойында көпті басынан өткерді. Онда қуанышты сәттер де, өкінішті жағдайлар да болды, бірақ барлық сынақтан еліміз халықтың ауызбіршілігі арқасында өтті. 1937–1937 жылдардағы ұжымдастыру мен Үлкен террор, Ұлы Отан соғысы мен тыңды көтеру – барлық оқиғалардың ауыртпалығы қазақстандықтардың иығына ұлты мен дініне қарамас-тан бірдей түсті. Қазір қазақстандықтардың барлығы Наурыз бен Масленицаны тойлайды, мұсылмандар христиандарды Рождествомен құттықтаса, христиандар мұсылмандарды Құрбан айтпен құттықтайды. Дәстүрлер мен мәдениеттердің осындай ынтымақтастығы Қазақстан аумағында тұратын көптеген халықтардың достық өзара әрекеттесуі арқасында ғана орын алды. Бізге елімізде осындай бірегей өмір жағдайын сақтап қалған маңызды.

Мектепте «тарихтың, мәдениет пен тілдің тұтастығы» құндылықтары «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Өзін-өзі тану», «География», «Өнер», «Музыка» пәндері бойынша

сабақтарында, дамытылып, сонымен қатар Жеңіс күніне, Қазақстан халықтары бірлігінің күніне, Алғыс айту күніне, Наурызға және т.б. арналған сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шараларда ашыла алады.

Ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәселелері адамзат алдында әрдайым тұрған.

Қауіпсіздіктің мәселелері қазіргі алуан жүзді және серпінді дүниеде түбегейлі жаңа қасиеттерін алуға. Қазіргі өмір адамзаттың тұтасымен дүниежүзілік үдерістерге тартылуымен сипатталады, оның барысы болса бұрын-соңды болмаған ғылыми-техникалық үдерістермен, жаһандық сипатына ие әлеуметтік, экономикалық, шикізаттық және басқа да мәселелердің шиеленісуімен қарқын алып отыр. Түрлі мемлекеттердің және дүниежүзі халықтарының өзара байланысы мен олардың экономикасының интернационалдандырылуы артуда.

Тәуелсіз Қазақстан үшін қоршаған халықаралық жүйелердің шақыруларын дер кезінде аңғарып, елдің ұлттық мүдделерін басым бағыт етіп, оларға лайықты жауап беруге жарайтын салиқалы сыртқы саясатты жүргізген өте маңызды.

Өткен жылдар ішінде республикамыз халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі болды, оның бастамалары басым көпшілігінде әрқашан да халықаралық қолдауды тауып, тәжірибеде іске асырылды. Сонымен қатар Қазақстан өзін салиқалы және сенімді серіктес ретінде таныта отырып, барлық көршілерімен тұрақты қарым-қатынас орнатты.

Сыртқы саясат саласында Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Америка Құрама Штаттарымен, Еуропалық Одақпен, Орталық Азия елдерімен және дүниежүзі бойынша басқа да аймақтармен тығыз байланыстар дамуда.

«Қазақстан тарихы» «Мәңгілік Ел» құндылықтарының барлығын іске асыруда әмбебап пәні болып табылады. Сонымен қатар жетінші құндылық «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық», «Алғашқы әскери дайындық» пәндерінде іске асырылуы мүмкін.

Жалпы, нақты құндылықты Үндістанның философы Робиндранат Тагордың: «Менің өзімнің үйімді дуалмен қоршап, тереземді шегелегім келмейді. Түрлі елдердің мәдениет рухының әр жерде мейлінше еркін желпілдегенін қалаймын: тек ол мені аяғымнан шалмаса болғаны» сөздерімен түсіндіруге болады [26].

Осылайша, «Мәңгілік Ел» негізінде – әркімге түсінікті, қарапайым және ең құнды ақиқаттар жатыр, олар – біздің отбасылардың әл-ауқаты, қонақжайлық пен еңбексүйгіштік, тұрақтылық, қауіпсіздік пен бірлік, ертеңгі күнге деген сенім. Жеті құндылықтың және мектеп бағдарламасының талдамасы көрсетіп отырғанындай, «Мәңгілік Ел» құндылықтары барлық оқу пәндерін қамтиды, яғни пәндердің зерделенуі рухани-адамгершілік қасиеттердің және патриоттық сезімдердің, оқушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, ұлттық өзін-өзі тануы мен толеранттылықты дамытуға, зайырлы құндылықтарды нығайтуға және өскелең ұрпақтың терроризм мен экстремизмнің идеяларын саналы түрде қабылдамауын қалыптастыруға, полиэтникалық Қазақстан жағдайында қарым-қатынас құру икемдерін дамытуға бағытталуы керек.

Патриоттық тәрбиенің ұлттық моделінің маңызды құрамдасы ретінде, сонымен қатар қоғамдық қозғалыстарға өскелең ұрпақты мейлінше тарту да шығады. Мектептердің, қосымша білім беру мекемелері мен балаларға арналған қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің серіктестік, еркіндік пен өзара байыту негізіндегі өзара әрекеттесуі – тәрбие кеңістігін құрудағы маңызды шарт.

2011 жылғы 11 ақпанда «Нұр Отан» партиясының XIII съезінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев елдегі жастарды «Жас Ұлан» бірыңғай қозғалысын және балалар ұйымының жаңа жүйесі – «Жас Қыранды» құру арқылы біріктірудің қажеттілігін атап өтті.

2011 жылғы 6 маусымда Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жастар ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды.

Ұйымның мақсаты – жас ұрпақтан қазақстандық халыққа, мәдениетіне, толеранттылық пен бітімгерлік дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігі мен адалдығы, білімге және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы негізінде Отан патриоттарын тәрбиелеу. «Жас Ұланның» аға буынының мүшелері ретінде 5–10 сынып оқушылары шықса, «Жас Қыранның» кіші буынының мүшелері ретінде 1–4 сыныптағы мектеп оқушылары шығады.

1989 жылғы қарашада Қазақстанда скауттардың алғашқы жасақтары құрылды. 2017 жылғы наурызда ҚСҚҰ Кеңесінде «Қазақстан скауттары» Қазақстан скауттар қозғалысының ұйымы атауын «Ұлы дала скауттары» (ҰДС) деп өзгертуге шешім қабылданды. 2017 жылы Ұлы дала скауттары жастар бағдарламасын қабылдады.

Басты мақсат – жастар бойында патриоттық қасиетті қалыптастыру, тәрбие Ұлы дала құндылықтарына негізделуі тиіс. Бағдарламада 3 білімділік деңгейі анықталған, сонымен қатар ынталандырудың скауттарға арналған сатысы қолданылады. Нәтижесінде бұл бағдарлама өз бетінше әрекетке қабілетті, мақсатқа бет алған, өмір қиыншылықтарын мен дағдарыстарға бетпе-бет тұра алатын жас адамдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді [11, 27-б.].

2016 жылғы 22 ақпанда «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында «Жас патриот – қазақстандықтардың академиясы» балалар мен жастардың жаңа

ұйымы құрылды, ол мектеп оқушыларының тиімді патриоттық тәрбиесі үшін жағдай жасау бойынша мақсатты ұйымдастырылған қызметті жүргізуге, әрбір оқушыда Отанға адалдықты, қоғамға және Қазақстанға пайда әкелуге дайындықты дамыту үшін ұтымды жағдайларды қамтамасыз ететін патриоттық тәрбиенің тиімді жүйесін қалыптастыруға арналған [28].

1991 жылы «Жұлдыз» бағдарламасы әзірленді. Ол Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен енгізілуге ұсынылды. 2004 жылғы тамызда «Жұлдыз» республикалық одағы құрылған болатын, оның өзінің өкілдіктері Қазақстанның он аймағында бар. Бүгінгі күні Одақ – қоғамдық үкіметтік емес ұйым, оның қатарында өз еркімен Одақтың жарғысы мен бағдарламалық құжаттарын мойындаған алуан түрлі балалар мен жастар біріккен. Одақтың туы, эмблемасы, ұраны, галстуктері, жалаулары, ленталары, белгілері, айырмашылық белгілері бар [29].

Қазақстандағы балалар және жастар қозғалысының ғасырлық тарихы бар. Қоғамдық тәжірибеге қосылуға, оның түрленуіне қатысуға, өзінің осындай құқықтарын және түрлі балалар топтарының мүдделерін қорғауға деген жастардың ұмтылысы қазақстандық қоғамдық өмірдің факторы болды. Заманауи қазақстандық қоғам үшін әрбір адамның тек өз тарихын ғана есте сақтап қоймай, елдің табысына әрбір адам бақыты тәуелді болатынын түсінуден өзге, мемлекетте өтіп жатқан оқиғаларға қатысусыз, енжарлы қалмағаны да маңызды.

Біздің елде өзін табысты және келешегі бар егеменді ел – халықаралық қауымдастықтың барлығы мойындаған және құрметті мүшесі ретінде ұғынуы үшін негіз болатындай барлық қажетті жарқын да, жалпымен қабылданған жетістіктердің жиынтығы бар екенін атап өткен жөн.

Қазақстандық патриотизмнің басты құрамдас бөлігі ретінде дүниеге ашық болғанымыз, шығыс және еуропалық мәдениеттің бірегей синтезі, диалогтың ерекше мәдениеті шығады. Қазақстан – бұл дала және отырықшы өмірдің, қайталанбас өркениеттер шоғырын құрайтын түркі және славян дүниелерінің кеңістігі, бұл көптеген заманауи қайшылықтар жағдайында ерекше өзектілікке ие [30].

Сонымен қатар, қазақстандық жастардың патриоттық санасын қалыптастыру үшін Қазақстанның экономикалық табыстары да, үдемелі экономикалық және әлеуметтік прогресс, оған қоса ұлттық даму міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін, басқа мемлекеттер үшін тартымды көрінетін экономикалық реформалардың моделінің өзі де маңызды болып табылады. Шикізаттық емес экономиканың құрылуы мен инновациялық-индустриалдық секторды дамыту – Қазақстанның беделі үшін келешегі бар бағыт, ол «Қазақстан-2030» стратегиясында жарияланып, бірқатар басқа да бағдарламалық құжаттарда шешімін тапқан. Өз кезегінде, бүгінгі күні елде іске асырылып отырған білім беру және кәсіби дайындық жүйелерін жаңғырту ісі, еліміздің Болон үдерісіне белсенді кірігуі Қазақстанның табысты болашағын қалыптастыруда тиімді жұмыс жасап отыр.

Қазақстандық патриотизмнің маңызды құрамдасы ретінде осы уақытта еліміздің геосаяси бейнесі де шығады. Оның мәнін беделді еуразиялық держава ретінде Орталық Азия өңірінде және алдыңғы Азияда елеулі ынтымақтастыратын және тұрақтандыратын функцияларды орындайтын ел ретіндегі орнын атап көрсетеді. Бұл өз кезегінде ҰҚКҰ мен СШҰ секілді беделді ұйымдардағы мүшелігімен де расталып отыр.

Қазақстандағы өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесі мектептегі жаңартылған білім мазмұны

жағдайында өз Отаны – Қазақстан Республикасының паторитын, полиэтникалық мемлекеттік толерантты, дүниежүзілік қауымдастықтың азаматын және мәдениеттің адамын тәрбиелеуге қабілетті инновациялық тәрбиелік үдерістің моделіне, білім алушылардың жеке тұлғасының функционалдық сауаттылығы бойынша дағдыларын дамытуға, оқушылар арасында көп тілділік деңгейін көтеруге, рухани-адамгершілік құндылықтар дүниесінде бағдар алу қабілетін дамытуға, шешім қабылдау қабілеттері мен оған жауапкершілік алу қасиеттерін дамытуға бағдарланған.

Сонымен, бір уақытта Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мен жаһанданудың терең үдерістері тәрбие жүйесіндегі анағұрлым жүйелі және ауқымды түрлендірулердің детерминациясын тудырып, алдыңғы шепке білімдегі инновациялық дамуды, жаңа педагогикалық ойларды іздестіруді, жеке тұлғаның күрделі патриоттық тәрбиесі бойынша міндеттерінің шешімдерін талап етеді, өйткені, іс жүзінде білім алушылардың патриоттық сезімдерінің жете қалыптаспағаны, олардың енжарлығы, азаматтылығы мен құқықтық мәдениетінің төмен деңгейімен аталып отыр.

## Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://www.akorda.kz/ru>.
2. Крысько В. Г. Этнопсихологический словарь. – М., 1999 / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://how-to-all.com> (Дата обращения 01.09.18)
3. Новашина М. С. Концепция воспитания чувства патриотизма у студентов США / Электронный научный журнал / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://theoryofculture.ru/issues/77/977/3>.
4. Зорина Н. А. Образование в Турции. Взгляд бывшего российского учителя на турецкие школы / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://pedsovet.su>.



5. Поддубняк С. Патриотическое воспитание: зарубежный опыт / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://blog.liga.net/user/spoddubnyak/article/14719>.

6. Японское общество / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.oxoz.ru/fenovs-1011-2.html>.

7. Пляукшта Ю.Н. Концепция морально-патриотического воспитания в современной Японии: автореф. дисс. канд. исторических наук. – М., 2009 / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.dissercat.com>.

8. Правительство утвердило концепцию военно-патриотического воспитания молодежи / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [https://www.norma.uz/novoe\\_v\\_zakonodatelstve/pravitelstvo\\_utverdilo\\_konceptsiyu\\_voenno-patrioticheskogo\\_vospitaniya\\_molodeji](https://www.norma.uz/novoe_v_zakonodatelstve/pravitelstvo_utverdilo_konceptsiyu_voenno-patrioticheskogo_vospitaniya_molodeji).

9. Джурицкий А. Н. Практики гражданского воспитания в общеобразовательной школе за рубежом / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/praktiki-grazhdanskogo-vospitaniya-v-obscheobrazovatelnoy-shkole-zarubezhom>.

10. Скауты Великой Степи / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://scouts.kz>.

11. Никитина Е. 1 евразийский скаутский образовательный форум / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://belscout.by/news.html?id=196>.

12. Стёпин В. С., Ивин А. А., Голдберг Ф. И. Модель. Гуманитарная энциклопедия. Центр гуманитарных технологий, 2002–2018 / [Электронный ресурс] // Режим доступа URL: <http://gtmarket.ru/concepts/7024>.

13. Мусина В.Е. Патриотическое воспитание школьников: учебно-методическое пособие. – Белгород, 2013. – 156 с.

14. Бижанов А., Касенов У. и др. О характере казахстанского патриотизма // Панорама. – 1996. – № 33. – С. 28–34.

15. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Президентінің Жолдауы. – Астана, 2014.

16. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі // Егемен Қазақстан. – 2016. – 27 сәуір.

17. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана, 2016. – 143 б.

18. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. – Астана, 2015

19. «Өлкетану» курсы мектеп оқушылары үшін қалай пайдалы болмақ? / [Электрондық ресурс] // Ену тәртібі: <http://okulyk-edu.kz/>

show/item/1534917787-chem-kurs-%C2%ABkraevedenie%C2%BB-budet-polezen-dlya-shkolnikov.

20. Д. А. Леонтьев. Духовность / Энциклопедия эпистемологии и философии науки / Составление и общая редакция. И. Т. Касавин. – Москва, 2009. – 1248 с.

21. Высказывания, афоризмы и цитаты Теодора Рузвельта / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://www.wisdoms.ru/aforizmi\\_teodor\\_ruzvelt.html](http://www.wisdoms.ru/aforizmi_teodor_ruzvelt.html).

22. Кобяков А. Вызовы XXI века: как меняет мир четвертая промышленная революция / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://www.rbc.ru/opinions/economics/12/02/2016/56bd9a4a9a79474ca8d33733>.

23. Методические рекомендации по внедрению STEM образования. – Астана, 2017. – 322 с.

24. В поисках смысла. Мудрость тысячелетий. / Составитель А.Е.Мачехин. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М., 2002. – 912 с.

25. Баймурзина Г. Вечное слово Шакарима / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://pricom.kz/vechnoe-slovo-shakarima>.

26. Высказывания, афоризмы и цитаты о культуре / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://www.wisdoms.ru/tsitati\\_pro\\_kulturu.html](http://www.wisdoms.ru/tsitati_pro_kulturu.html).

27. 28–29 апреля 2017 года в Астане состоится I Евразийский Скаутский Образовательный Форум на тему: «Неформальное образование молодого поколения» / [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://edurk.kz/ru/news/5881-28\\_29\\_aprela\\_2017](http://edurk.kz/ru/news/5881-28_29_aprela_2017).

28. Республиканский лечебно-оздоровительный центр «Балдаурен» / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://baldauren.kz/akademiya-yunyh-patriotov>.

29. ОО СДОО «Жұлдыз» / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://zhuldyz.kz>.

30. Едильбаева С.Ж. Культурная идентичность казахов в контексте глобализации. Материалы научно-теоретической конференции «Казахская цивилизация: прошлое, настоящее, будущее». – Алматы, 2015.

### 4.3. «Z» ҰРПАҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕСІ

Тарих беттеріне көз жүгіртсек, қазақ халқы тек Тәуке хан тұсында ғана «алтын ғасырда» өмір сүрген екен, қазір сол «алтын ғасыр» басқа, жаңғырған кейіпте қайта оралып отыр. Бүгінде Қазақстан – армандарды шындыққа, мүмкіндіктерді жүзеге асыруға қолайлы орта. Дұрыс бағыт, анық мақсат қойып, бал арасы секілді еңбек еткен адам ғана жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады. Жастардың қоғам адамы болып қалыптасып, өз саласында көшбасшы, жан-жағын дамыту үшін белсенді және өз ой пікірін ашық та, тыңғылықты түсіндіре алатын тұлға болып қалыптасқандары мемлекет болашағы үшін аса маңызды.

Қазақстан әлемнің бір бөлшегі ретінде және дүниежүзілік технологиялық ғасырда өмір сүріп жатқандықтан мультимәдениет, жаһандық мәдениет трендінен алшақ кете алмайды. Ғалымдардың негіздеуінше 2017 жылдан бастап өте бір ерекше кезең басталады. Бұл кезеңде 1963–1983 жылдар аралығындағы «X», 1983–2003 жылдар аралығындағы «Y», 2003 жылдан бері қарай «Z» кезеңінің ұрпақтары, яғни үш ұрпақтың адамдары бірге жұмыс істейді. Аталмыш ұрпақтардың өмір сүру уақытындағы кезеңдік ерекшеліктер мен өзгерістерге байланысты олардың ойлау жүйелері де әрқилы. Мұндай кезеңдік ерекшелік жұмыс берушілердің алдына жаңа міндеттер қойды. Осыған орай, карьера,

бизнес, жұмыс мәселелері бойынша жұмыс берушілерге ыңғайлы кадрлық саясат құруға көмектесу мақсатында INSEAD Emerging Markets Institute, Universum, MIT Leadership Centre және HEAD Foundation атты 4 бірдей зерттеу институты 19 елден 18 000 мамандар мен студенттердің қатысуымен ауқымды жұмыс жасады. Жұмыстың нәтижесі бойынша үш ұрпақтың көшбасшылық қасиеттері, жауапкершіліктері мен бизнестегі қабілеттері екшеленген.

«X» ұрпақтары тек өздеріне ғана сенеді, альтернативті ойлайды, таңдау мен өзгеруге қабілетті, әлемде болып жатқан жаңалықтардан үнемі хабардар. Сонымен бірге, олар көбіне жалғыз, ерен еңбек пен жеке басының жетістігіне үйренген.

«Y» ұрпақтарының табысқа жету туралы түсініктері «X» ұрпақтарына қарағанда өзгешелеу. Олардың басым көпшілігі бірнеше жылдар өткен соң жоғарылауым мүмкін деген оймен кәсіби өсу жолын ең төменгі сатыдан бастауды ұнатпайды. Олар карьераның бірден шыңына шыққанды ұнатады, олардың бұл қасиеті бір қарағанда кемшілік болып көрінгенімен, кейде кемшіліктен гөрі жетістікке ұласып кететін кездері болады. «Y» ұрпақтары заманауи бизнестің үміті десе де болады, себебі олардың білімге деген құлшыныстары мен техникалық сауаттылықтары өте жоғары деңгейде.

«Z» ұрпақтарына кәсіби тұрғыдан әзірге баға беруге ертерек, себебі олардың жас мөлшерлері өз қабілеттерін толықтай көрсетуге жете қойған жоқ. Дегенмен, бұл үмітті ұрпақтың сана сезімі де тәуелсіз мемлекетіміз сынды бұғаудан азат. Олар өздерінің мүмкіндіктерін толық сезіне алады және үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыру қажеттігін жақсы түсінеді.

Осы формулаға Қазақстандық ұрпақтар толқынын салып көрсек.

70–50 жас аралығы – басшылыққа, адамның көңіліне қатты қарайды, өзінен өзгені жоғары қояды. Үнемі біреуге ұнағысы келеді және біреудің мақтағанын қалайды. Адалдық пен мейрімділікке, бауырмалдылық пен қонақжайлыққа баса назар аударады. Еңбекқор. Бұл жастағылар Кеңес Одағында туылған және тәрбиеленгендіктен жақсы орындаушылар, жаңашылдыққа жатырқап қарайды, бірқалыптылық пен тұрақтылықты құптайды. Таршылықты көп көргендіктен бе екен, азық-түліктің артығымен болғанын қалайды.

50–35 жас аралығы – еңбекке ынталы, бірақ жалқаулық пен кері тартпалыққа жиі бой алдырады. Өзгеге деген сенімсіздік пен секемшілдік басымырақ, әдетте ойынан тез айнады, бірақ көбіне сол ойына қайта келеді. Тәуекелге бел буғыш және еліктегіш. Бұл буын – Кеңес Одағында дүниеге келіп тәуелсіз елде ер жеткен жандар. Бұл буынның жүгі ауыр, себебі олар Кеңес Одағында тек бүгінгі күнмен өмір сүрген ата-анасына жәрдем береді, өзі аяққа тұруға тырысады және балаларына мұрагерлікке бір нәрсе қалдыруды мақсат етеді.

35–18 жас аралығы – ойлары еркін, пікірлері ашық. Сыйластық пен құрметті шектей біледі. Үлкен мақсаттар қоюдан қорықпайды. Тез шаршайды, тез жалығады, есесіне жаңалықты тез қабылдайды. Байлықты тым жақсы көреді, ертегіге сенбейді. Тез табылатын табыс пен біреудің қателігін тауып, соны бетіне басқанды жақсы көреді. Тазалық пен әсемдікті жақсы көреді.

Әлемдік кеңістікте таралып, заманауи ой талқыға салынып жүрген ұрпақтар байланысы академик Ғ. Есімнің философиялық еңбектерінде «ұрпақтар сабақтасығы» ұғымы арқылы былай тұжырымдалған. Ғалымның ойы түсінікті болу үшін, толық келтіріп кетейік.

1. XIX ғасырда отаршылық заманында дүниеге келген ұрпақтар – Дулат ақын, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан

Уәлиханов, Абай, Шәкәрім т.б. бұларды бағалау үшін арнайы жүйе қажет. Олар – Ресей отаршылдығының күшіне енген кезінде ғұмыр кешкен тұлғалар. Ол жөнінде тарихи-әдеби туралы көркем шығарма Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы.

2. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында дүниеге келген ұрпақтар. Бұл – кеңестік отаршыл заманы. Осы кезде өмір сүрген жақсы қазақтар дені «Халық жауы» атанып, азапталды, атылды.

Бұл екі ұрпақ та тарихи тұлғалар, дүниеден өткен адамдар. Бізге қалғаны, жеткені, олардың өмірбаяны және мұралары.

3. Қазіргі замандағы 60 жастан асқан көзі тірілер, 85–90 жасқа келгендер. Бұлар – коммунистік заманның ұрпақтары, өздері де коммунистер. Бұлардың дүниетанымы негізінен, коммунизм ілімімен уланған, бұлар негізінен, коммунистер, социалистер.

4. Қазіргі 45–60 жастағылар, негізінен, комсомолдар. Кезінде өздерін комсомолмыз деп мойындағандар. Бұлардың санасы негізінен, социалистік бағытта.

5. 35–45 жас аралығындағылар – пионер қатарында болғандар. Бұлардың саяси көзқарасы әртекті, негізінен советтік құндылықтар жүйесіне жақын болуына таң қалуға болмайды. Бұл – пионер ұрпақтар.

6. 25–35 жас аралығындағылар. Бұлар – тәуелсіздік жылымен шамалас дүниеге келгендер. Сондықтан мен бұларды «күміс» ұрпақтар деймін.

7. 18–25 жас аралығындағыларды «алтын» ұрпақ деймін.

8. 18 жасқа дейінгілерді «бриллиант» ұрпақтар деймін.

*Біздің болашағымыз, қазақ елінің бағы, көркі, келешегі, осы «күміс» ұрпаққа, «алтын» ұрпаққа және «бриллиант»*

*ұрпақтарға тікелей қатысты. Бұл ұрпақтар арасында жақсы қазақтар үлесі мол болмақ деп тілейміз.*

Аталмыш футурологиялық пікірлерге көбіне тарихи оқиғалар жиі ықпал етіп отырады. Қай кезеңде, қай елде болмасын жастарға деген ересектердің көңілі ешқашан толық болған емес. Халықтың артқа қалдырған аталы сөздерінің барлығы жастарға берген ақыл кеңес, бағыт бағдармен қатар, көңіл толмаушылықтың орнын толтыруға арналғандай. Халқымыз бала тәрбиесіне, оның ішінде қыз бен ұлды табиғи ерекшеліктеріне байланысты екі бөлек тәрбиелеуге аса мән берген. Алғашқы білім алу процесі кезінде де ұлдар мен қыздарды бөлек оқытқан. Кейбір мұсылман елдері бұл оқыту жүйесін әлі күнге дейін ұстанады және оның тиімділігін көріп келеді. Өскелең шақта ұлдар мен қыздар бойындағы гормонды өзгерістер олардың алаңсыз білім алуына өз кедергісін тигізеді.

Халық тәжірибесіндегі тыйымдар – мықты тәрбие құралдарының бірі. Көптеген адамды тәрбиелеуге бағытталған кітаптарда не істеу керек екендігі айтылады, бірақ оны қалай істеу керек және нені істемеу керек екендігі айтыла бермейді. Әрбір істеуге болмайтын болмашы шарт, болашақтағы үлкен мәселенің алдын алуға қауһарлы. Қоғамымызда бүгінгі күні орын алып жатқан келеңсіз оқиғаларға кінәлі деп табылған адамдарды жазалаумен іс бітпейді. Мәселе тамыры тереңде, яғни ұлттық тәрбиенің босаңсуы, халық даналықтары мен өсиеттерінің орындалмауы және жат тәрбиені этножадыға сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарамастан бойға сіңіруіміз.

Халық тәжірибесіндегі «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз», «Ұлыңды бөтен үйден тойдырма, қызыңды

бөтен үйге қонғызба», «Атадан тағылым көрмеген ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман», «Қызға қырық үйден тыйым, қала берді есік алдындағы құлдан тыйым, ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын» деген даналық сөздер біраз қауіптің алдын алатын алғышарт іспетті. Концепцияда қыздарға қырық, ұлдарға отыз ықшамдалған және екшеленген тетіктер берілген. Тетіктерді түсіндіру, талқылау және санаға сіңдіру арқылы жастар бойында ұлттық тәрбие жүйесі қалыптасады.

Алайда қазіргі таңда ақпарат пен білім туралы ұғым-түсінік мейілінше өзгерген. Кітаптағы ақпаратты сүзіп алып жаттау, артынша емтихан тапсыру – мәнін жоғалтқан ескілік әдет. Корпоративтік әлемде білім деген категория жаңара түрленген, қолға ұстатпайтын, үнемі өзгеріп тұратын дүниеге айналған. Бүгінгі ұрпақ ертеңгі карьерасына кәдесі тиетін ақпаратты бүгін жинап, миына тоғытамын деп әуреленбейді. Олардың түсінігінде миды құрғақ фактілермен толтыру – тығырыққа жетелейтін татымсыз әдіс. Ең тиімдісі – құнды ақпаратқа қажеттілік туғанда орайын тауып, сәтімен іске асыру. Ал, қажетті дүниені көбіне нетворкыңыздағы адамдардан табасыз. Басқаның басындағы қажетті ақпаратпен сусындау қабілеті – нетворк интеллектісі (network intelligence) деп аталады. Қандай да бір мағлұматқа дер кезінде қол жеткізу үшін өз нетворкыңызды жыға тануыңыз керек. Қандай адамдар бар, нендей дүниеге қанық, біліп жүруді әдетке айналдыру қажет деп санайды.

Нетворкинг (ағылшын тілінен тікелей сөзбе-сөз аудармасы «networking» – ғаламтордың шым-шытырығы немесе ғаламторда тоқу, яғни «net» – байланыс, «work» – «жұмыс») деген мағынаға саяды. Бұл дегеніміз өмірлік маңызды деп саналатын күрделі мәселелердің тиімді, әрі тез арада шешілу жолдарын айналаңдағы



достарыңмен және жақын таныстарыңның көмегі арқылы табуға бағыттайтын әлеуметтік және кәсіби әрекет болып табылады. Тіпті қазіргі қоғам адамының үйде отырып ақша табу, ғаламтор арқылы жеке бизнесін бастау, ара қашықтықта білім алу, онлайн сабақтар арқылы өзін-өзі дамыту, кәсіби қызметін, мүмкіндіктерін арттыруда жаңа адамдармен танысу, т.б көптеген жұмыстардың барлығы уақытты тиімді пайдалану мақсатында осы айтылып отырған нетворкинг шеңберінде жүзеге асырылып отырғаны айқын. Әрине, аталмыш тәсілді өз пайдасы үшін асыра сілтеушілікке салып, зиянды жағынан жүзеге асырып жатқан адамдар да жоқ емес.

Бүгінгі психология ғылымындағы жаңа үлгі адам психикасындағы эмоционалдылық пен интеллектуалдылықтың өзара ықпалды байланысына баса назар салуда (В. В. Бойко, О. К. Тихомиров, В. К. Вилюнас, Д. В. Люсин, К. Изард, Д. Гоуаман, П. Салоеуй, Дж. Майерс және т.б.). Соның негізінде әлемдік ғылым кеңістігінде «эмоционалды интеллект» жаңа ұғымы пайда болды [1, 60-б.]. Американдық психологтар Питер Сэловей мен Джон Мэйер 1990 жылдары алғашқы болып эмоциялық интеллектінің бірінші үлгісін ұсына отырып, ғылымға «эмоциялық интеллект» терминін енгізді. Аталған авторлар эмоциялық интеллект деп «өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетте қолдану» деп түсіндірді [1, 62-б.].

Бір ғана АҚШ-тың өзінде бес миллион данасы сатылымға шығып үлгерген Д. Гоуаманның «Эмоционалды интеллект» кітабында «...Тасы өрге домалап, көптеген жетістікке қол жеткізген көшбасшыларды біріктіріп тұрған маңызды ерекшелік ол – эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейлік көрсеткішінде» екендігін айрықша аталып өтеді. Яғни, адам қаншалықты білімді

игергенімен эмоционалдық интеллектісін дамытпаса, жетекшілік ете алмайды деп көрсетеді.

Эмоционалды интеллект идеясы Эдуард Торндайк, Джой Гилфорд, Ганс Айзенк сынды авторлардың зерттеуге алған «әлеуметтік интеллект» ұғымынан шыққан. Дж. Гилфорд зерттеуінде, әлеуметтік интеллект – өлшемді конструкция негізінде психологиялық тәжірибе арсеналына енеді деп тұжырымдалса, Г. Оллпорт бойынша «әлеуметтік интеллект» – адамдар қарым-қатынасының тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік ерекшелік [2, 85-б.]. Міне, осы айтылып отырған интеллект ұғымының сан-салалық мәні мақалаға негіз болып, заманауи «Z» ұрпақтарының сана болмысында орнығып, қалыптасып үлгерді. Түйіп айтқанда, бүгінгі ұрпақ өз интеллектісін барынша нығайтуға, өз әуелетін толығымен пайдалануға, машықтарын шыңдап, саналы қадамдарға баруға, бұзып-жарар мүмкіндіктер іздеп, толағай карьера жасауға дайын тұрады. Олар өздерін старт-ап – бұл менің өзім деп есептейді.

Қазіргі ұрпақ, өз қызығушылығына аса мән береді. Өйткені ол оның қоғамдағы орнын анықтап береді. Ал, қоғамнан өз орнын тапқан адам – білікті маман, сыйлы азамат болары сөзсіз. Ондағы біздің міндетіміз – жастарға бағыт-бағдар беріп, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндіктер жасау. Отансүйгіштікке тәрбиелеп, намысты етіп өсіру. Дұрыс орта таңдауға көмектесу. Алдымен өзінің кім екенін, икемін, қарым-қабілетін, бағытын айқындап алуға дағдыландыру, ой мен жүрек тазалығына тәрбиелеу.

Ақылдың өлшемі тек қана білім емес, тектілік яғни, өзгені түсіне білу қабілеті, оның көрінісі мыңдаған көзге көрінбейтін ұсақ-ұсақ әрекеттерден, күнделікті атқарып жүрген іс-әрекеттерімізден байқалады. Мәселен, байыптылықпен сұрай білу, дастарқанның басында

өзіңді қарапайым ұстай білу, қайтарымын күтпей басқаға көмек қолын созу, тіпті табиғатты күту, сыйлай білу, айналаңды қоқысқа толтырмау (қоқыс – айналаңдағы адамдарды жаман сөздермен балағаттамау, жаман сөздермен, жаман идеялармен қоқыстамау т.б.). Тіпті, аузыңнан шыққан әрбір сөзің мен жасаған ісіңе мұқият, таза болу.

*Білімділік – қоршаған ортаға, әлемге деген төзімділік қатынасын орнтау, оны түсіне білу қабілеттілігі. Білімді меңгеру – бұл да қабілеттілік. Білімділік – ескі мазмұнмен өмір сүріп келе жатыр, интеллигенттілік – жаңаны жасау, ескіні жаңа ретінде мойындау.*

Көп адамдардың ойынша «біртіндеп игерілген білім өмірлік азық», алайда бұл қате түсінік. Оқу және таңдау бойынша оқу. Оқу – маңызды, бірақ интеллигенттілікке тәрбиелеудің бір ғана көзі емес, ең маңыздысы оның «өзегінде».

Әрбір адам өзінің жеке интеллектуалдық қасиетін дамытуға жауапты, міндетті. Бұл – адамның өз қоғамының, тіпті өзінің алдындағы міндеті.

## Әдебиеттер

1. Кузовкин В.В., Баранникова С.А. Концептуализация понятия «эмоциональный интеллект» в психологической науке // Психология и школа. – 2014. – № 2.
2. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М., 2008. – 478 с.

#### 4.4. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ БАҒДАРЛАРЫ (СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ)

Тұрғындардың құндылықты бағдарлары әлеуметтанушылар үшін қызықты зерттеу тақырыбы болып табылады. World Values Survey зерттеу жобасы (Құндылықтарды дүниежүзілік шолу) жайында бәріне белгілі. Бұл жоба құндылықтарды, олардың әлеуметтік және мәдени өмірге әсерін зерттейтін бүкіл әлем бойынша әлеуметтанушыларды біріктіреді. Сол сияқты ауқымды жобалардан басқа қазақстандық әлеуметтанушылар біздің елдегі тұрғындардың құндылықты бағдарларын зерделеу бойынша басқа да зерттеулерді өткізеді. Бұл мақалада сондай социологиялық зерттеулердің бірінің нәтижелері ұсынылған.

Отбасының амандығы туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Г. Әбдіқалықова да өзінің «Ұлы құндылықты сақтау» мақаласында жазады: «Отбасы – көптеген әлеуметтік функцияларды орындайтын қоғамның түп негізі, соның ішінде сөзсіз маңызды болып табылатыны бала туу мен тәрбиелеу. Өйткені дәл осы отбасы қоғамды тудырады және ең әуелі отбасында мәңгілік рухани-өнегелік құндылықтар, адамгершілік нормалары, отбасылық дәстүрлер, абырой, жақсылық, әділеттілік секілді жалпы қабылданған түсініктер баланың бойына сіңдіріледі».

2014 жылдың қыркүйек айында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында жеңімпаздарды марапаттау

рәсімінде Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев айтып өткендей «...Отбасы – өте ұлы құндылық. Талай ғасырдан бері әрбір отбасы – қоғамдағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адами қасиеттердің, ұлттық салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасы – өз халқыңа, оның мәдениеті мен тұрмысына деген сүйіспеншіліктің сарқылмас қайнар көзі. Бұл ата-аналар, балалар мен немерелердің бақытының негізінде патриоттық пен Отанның өркендеуіне мәңгілік қамқор болудың бұлағы» [1].

*Қазақстандықтар үшін отбасының бағалы болуы, жақындарының амандығы және жоғарыда аталған басқа да құндылықтар қазақстандықтардың (балалар мен ата-аналар) құндылықты бағдарларын зерттеуге бағытталған зерттеу нәтижелерінде өзінің дәлелін тапты.*

Бұл социологиялық зерттеу бойынша сұралған респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары зерттеуге қазақстандық тұрғындардың әртүрлі топтарындағы балалар мен ата-аналар қатысқанын айқындайды. Сұралған балалар әртүрлі мектептерде оқиды, әртүрлі отбасыларда тұрады және қала мен ауылдық елді мекендердің халқын көрсетеді. Ата-аналардың іріктемесі елдің ересек халқын гендер, жас топтары, білім деңгейлері, отбасылық жағдайы, жұмысбастылығы, үй шаруашылығының материалдық жағдайы, елді-мекен типі бойынша көрнектейді. Респонденттердің этникалық белгілері Қазақстан Республикасының ресми статистикалық мәліметтеріне жақындастырылған. Осылайша, осы есепте келтірілген мәліметтер жағдайды және Қазақстан халқының әртүрлі топтарының пікірін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында белгіледі:

«Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әр қазақстандық терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Зерттеу көрсеткендей, білім құндылығы қазақстандық балалардың құндылықты бағдарларының бестігіне кіріп отыр: олар үшін ең алдымен отбасы құндылықтары, оның әл-ауқаты, денсаулық және білім өте маңызды, осылайша балалардың санасында жеке сипаттағы құндылықтар басым болып келеді. Мәліметтер ата-аналардан алынған сұрау бойынша жасалған, ата-ана мен балалар арасында да отбасы құндылықтары, оның ахуалы және денсаулық құндылығы, маңызды құндылықтардың бестігіне келесілер кірді: денсаулық (82%), балалар (79%), қауіпсіздік (64%), отбасы және дәстүрлер (43%) және әл-ауқат, молшылық (37%). Сондай-ақ, балалардың (47%) және ересектердің (64%) басым бөлігі үшін қауіпсіздік маңызды екені көңіл аудартады, бұл криминалды оқиғалар туралы ақпараттанудың жоғары болу әсерінен қалыптасқан белгілі бір шамадағы үрей және қорғалмағандық сезімін көрсетеді.

Балалар арасында қоғамдық бірлік пен келісім, заңның үстемдігі, қоғамдық мойындау, дін секілді қоғамдық сипаттағы құндылықтар ең аз таралған. Бұл, сондай-ақ, ересектердің құндылықты бағдарларында да көрініс табады, мәселен, сұрау барысында ата-аналар Отанға қызмет, заңның үстемдігі, бос уақыт, қоғамдық мойындау сынды құндылықтарды назардан тыс қалдырды.

Балалар ең алдымен отбасында тәрбиеленетіні түсінікті. Отбасында олардың әртүрлі жағдайларға қатынасы, өмірлік құндылықтары қалыптасады. Қазіргі заманда олардың өмірге қатынасына тағы не әсер етеді? Оны түсіну үшін сауалнамада «Сенің өмірге деген

көзқарасыңды, құндылықтарыңды ең алдымен не қалыптастырды?» деген сұрақ қойылды. Алынған нәтижелер көрсеткендей, қоғам өмірінде шексіз және жан-жақты ақпарат беретін интернет рөлінің өскеніне қарамастан, балалардың дүниетанымы негізінен отбасында, мектепте, достары арасында қалыптасады. Мәселен, балалардың 63%-ы «отбасында алынған тәрбие», 39%-ы «ата-ана үлгісі», 59%-ы мектеп, 40%-ы достар, 7%-ы отбасындағы аман-саулық/берекет, ата-ана арасындағы қарым-қатынас, олардың қолдауы деп жауап берді.

13–17 жас аралығындағы балаларға (n=1000) «Мәдениет, ғылым, саясат қайраткерлерінің қайсысы (бұрынғы және қазіргі) сенің өмірге деген көзқарасыңа әсер етуде?» сұрағы қойылды. Нәтижесінде балалар бұрынғы және қазіргі кездің көп әйгілі адамдарын атады. Негізінен отандық және шетелдік спортшылар мен әншілерді атады. Ел балаларының көпшілігінің дүниетанымына біздің Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаев әсер етеді. Жалпы айтатын болсақ, жиі аталатын үштіктің ішінде ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев, боксшы Г. Головкин және ата-аналары бар. Классиктердің ішінде Абай, Ш. Уәлиханов, А. Пушкин, С. Есенин есімдері аталды. Қазақстандық танымал жандардың ішінде Д. Назарбаева, Р. Рымбаева, Қ. Нұртас, Б. Есентаева, С. Сәпиев, И. Ильин, Д. Құдайбергенов және басқалар бар. Бұл сұраққа жауап нәтижелері 1-суретте көрсетілген.

Тереңірек талдау жасау үшін айнамамылардың (бұл жерде өмірлік құндылықтар туралы пікірлер) көп санын факторлардың аз санына ақпаратты жоғалтпай бірыңғайлауға мүмкіндік беретін факторлық талдау әдісі қолданылды.

Факторлық талдау – өлшемділікті азайту әдістерінің бірі, яғни, барлық белгілер жиынтығынан тәуелді айнымалының өзгеруіне шынымен әсер ететін белгілерін



1-сурет. «Мәдениет, ғылым, саясат қайраткерлерінің қайсысы (бұрынғы және қазіргі) сенің өмірге деген көзқарасыңа әсер етуде?» сұрағына 13-17 жастағы балалардың жауаптарының бөлінуі,  $n=1000$

бөліп шығару. Факторлық талдау үлгілерінің негізінде бақылаудағы айнымалылар саны аз жасырын (латентті) факторлардың жанама көрінісі деген гипотеза жатыр. Факторлық талдау үлгісі ретінде бастапқы айнымалыларды факторлардың сызықтық комбинациясы түрінде көрсету деп түсінеді [2, 191-б.].

Факторлық талдауды жасау нәтижесінде статистикалық өңдеу бағдарламасымен автоматты түрде таңдалынған құндылықтар туралы бес пікір факторлар бөлініп шықты. Құндылықты түсініктердің әрбіреуі үшін факторлық жүктеменің мәні 1-кестеде келтірілген. Теорияға сәйкес егер факторлық жүктеменің мәні 0,5-тен көп болса, берілген айнымалы белгілі бір факторда күштірек қатынасады. Әр индивид үшін әр фактор бойынша өз мәні



есептеледі. Әрі қарай алынған факторларды әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар қимасында талдауға болады.

*1-кесте. Балалардың құндылықты бағдарларының факторлары және факторлық жүктемелері*

		1	2	3	4	5
1.	Жақсы оқу	0,569				
2.	Компьютерлік ойындар ойнау			0,788		
3.	Әлеуметтік желілерде сөйлесу			0,743		
4.	Жақсы маман болу					0,693
5.	Бай болу				0,523	
6.	Білімді және мәдениетті адамдар арасында өмір сүру және жұмыс істеу					0,622
7.	Жақсы материалдық жағдайға қол жеткізу				0,526	
8.	Қоғамға және өз еліне пайдалы болу					
9.	«Жеңіл» және табысты жұмысқа ие болу				0,642	
10.	Отбасылық бақыт					
11.	Өзінің және жақындарының денсаулығы	0,749				
12.	Сапалы білім алу	0,682				
13.	Сәтті мансапқа ие болу				0,601	
14.	Тыныш өмір (бейбіт өмір)	0,521				
15.	Жеткен жетістікке қанағаттану		0,606			
16.	Ойын-сауық			0,535		
17.	Еркіндік және тәуелсіздік		0,571			
18.	Бәріне адал еңбекпен жету		0,644			
19.	Қоғамдық сый-құрмет, мойындауға ие болу		0,604			

Факторлардың мазмұнын, яғни, әр факторға кірген айнымалыларды, зерттей келе, факторлардың мағыналық байланысын келесі амалмен анықтауға және суреттеуге болады:

Бірінші фактор, «индивидуалды құндылықтарды» (шартты түрде атасақ) суреттейтін құндылықты түсініктерді қосты. Бұл фактор өзінің және жақындарының денсаулығы, сапалы білім алу, жақсы оқу және тыныш, бейбіт өмір құндылықтарын суреттейді.

Екінші фактор «қоғамдық мойындауды» (шартты түрде атасақ) суреттейтін құндылықты түсініктерді қосты. Бұл фактор балалардың қоғамдық мойындауға, адал еңбек арқылы сый-құрметке, еркіндік және тәуелсіздікке, жеткен жетістікке қанағаттануға ұмтылысын көрсетеді. Үшінші фактор, шартты түрде атасақ, «ойын-сауық» ойын-сауықтарды, компьютерлік ойындар ойнау және әлеуметтік желілерде сөйлесу құндылықтарын жинап алды.

Төртінші фактордың ішіне «материалдық құндылықтарға» (шартты түрде атасақ) ұмтылысын суреттейтін айнымалылар кірді. Бұл фактор жеңіл және табысты жұмысқа ие болуға, сәтті мансапқа ие болуға, жақсы материалдық жағдайға қол жеткізу және бай болуға ұмтылысты суреттейді. Бесінші фактор «білімді қоғамды» (шартты түрде атасақ) суреттейтін құндылықты түсініктерді қосты. Бұл фактор жақсы маман болу, білімді және мәдениетті адамдар арасында өмір сүру және жұмыс істеу ұмтылысын суреттейді. «Отбасылық бақыт» және «Қоғамға және өз еліне пайдалы болу» айнымалалары факторлардың біреуіне де кірмеді.

Алынған факторлар барлық әлеуметтік-демографиялық белгілер қимасында талданды. Статистикалық маңызы бар ерекшеліктер бірақатар сипаттамалар бойынша байқалады.

Бірінші фактор 8–12 жастағы балалар арасында күштірек байқалады, яғни, үлкен балаларға қарағанда жасы кішілеу балаларға «индивидуалды құндылықтар»

маңыздырақ. Мәселен, олар өзінің және жақындарының денсаулығы, сапалы білім алу, жақсы оқу және тыныш, бейбіт өмір құндылықтарын жиі белгіледі.

Екінші фактор ауылдық жерде тұратын балалар арасында жақсы байқалады, яғни, бұл әлеуметтік топ арасында қоғамдық мойындауға, адал еңбекпен арқылы сый-құрметке, еркіндік және тәуелсіздікке, жеткен жетістікке қанағаттануға ұмтылыс кең таралған.

Үшінші фактор ер балалар, қаланың балалары және 13–17 жастағы балалар арасында жақсы байқалады – бұл әлеуметтік топтар арасында ойын-сауықтарды, компьютерлік ойындар ойнау және әлеуметтік желілерде сөйлесу құндылықтары кеңінен тараған.

Төртінші фактор ер балалар, қаланың балалары және 8–12 жастағы балалар арасында жақсы байқалады – бұл әлеуметтік топтар арасында материалдық құндылықтарға ұмтылыс құндылықтары кең тараған.


Бесінші фактор 13–17 жастағы балалар арасында жақсы байқалады – олар арасында жақсы маман болу, білімді және мәдениетті адамдар арасында өмір сүру және жұмыс істеу ұмытылысы кең тараған.

Факторлық талдау балалардың құндылықты бағдарлары негізінен жас санатына, гендер және елді мекен типіне байланысты ерекшелінеді. Олар ұлт, бала оқитын мектеп типі немесе отбасы типіне (екі ата-ана, бір ата-ана немесе ата-анасыз тұрады) байланысты емес.

Ата-аналардың құндылықты түсініктерін бағалау мақсатында сұрау қатысушыларына келесідей ұсыныс жасалды: «Төменде адам өмірінде белгілі бір рөл ойнайтын құндылықтар тізімін ұсынамыз. Өтінеміз, осы тізімнен жеке Сіз үшін аса маңызды болып табылатын бес құндылықты таңда». Респонденттерге 21 құндылықтардан тұратын тізім ұсынылды, басқа да өзінің құндылықтарын қосуға мүмкіндік берілді. Нәтижелері

2-суретте таңдалған бес маңызды құндылықтың пайыздарының азаюы тәртібімен көрсетілген.

Ата-аналар белгілеген маңызды құндылықтардың бестігіне келесілер кірді: денсаулық (82%), балалар (79%), қауіпсіздік (64%), отбасы мен дәстүрлер (43%) және әл-ауқат, молшылық (37%). Алынған нәтижелер ата-аналардың көбісінде, балалар арасында сияқты, отбасы, оның әл-ауқаты және денсаулығы құндылықтары таралғанын көрсетеді. Сондай-ақ, балалар сұрауының нәтижелері бойынша секілді қазақстандықтардың көпшілігі үшін де қауіпсіздік маңызды екені көңіл аударарлық жағдай (2-сурет).



2-сурет. Қазақстандықтар үшін маңызды бес құндылықтар бойынша жауаптардың бөлінуі,  $n=1012$

Отбасы типі (бір ата-анасы бар отбасы және екі ата-анасы бар отбасы) қимасында талдау құндылықты бағдарларда маңызды айырмашылықтарды анықтамады, яғни, белгіленген құндылықтар екі ата-анасы бар отбасылар үшін де, жалғыз басты ата-аналар үшін де маңызды.

Балалардың дүниетанымы негізінен отбасында, мектепте, достары арасында қалыптасатынын балалардың сұрауы көрсетті. Мәселен, «Сіздің дүниетанымыңызды, өмірге деген көзқарасыңызды ең алдымен не қалыптастырды?» сұрағына балалардың 63%-ы «отбасында алынған тәрбие», 39%-ы «ата-ана үлгісі», 59%-ы мектеп, 40%-ы достар, 7%-ы отбасындағы аман-саулық/берекет, ата-ана арасындағы қарым-қатынас, олардың қолдауы деп жауап берді. Сондай сұрақ ата-аналарға да қойыл-



3-сурет. «Сіздің дүниетанымыңызды, өмірге деген көзқарасыңызды ең алдымен не қалыптастырды?» сұрағына ата-аналар жауаптарының бөлінуі, n=1012

ды. Олардың көбісі дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы отбасында қалыптасты деп жауап берді. Алайда, сонымен қатар, едәуір бөлігі (32%) оларға көркем әдебиет әсер еткенін айтты (3-сурет).


Бұл зерттеу шеңберінде біз ата-аналардың қанағаттану деңгейін зерделедік. Ол үшін оларға «Жалпы өз өміріңізге қаншалықты қанағаттанасыз?» және «Сіз бүгінде өз үй шаруашылығыңыздың материалдық жағдайына қаншалықты қанағаттанасыз?» сұрақтары қойылды. Он балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, бұл жерде 10 толық қанағаттанамын дегенді, ал, 1 – мүлдем қанағаттанбаймын дегенді білдіреді. 4-суретте екі шкала бойынша да жауаптардың бөлінуі көрсетілген. Нәтижелер материалдық жағдайға қанағаттану деңгейі өмірге қанағаттану деңгейінен төмен екенін көрсетті. Мұны бағалаудың орташа мәндері де көрсетіп тұр:

1. Ата-аналардың өмірге қанағаттану деңгейінің орташа мәні – 8,4 (стандартты ауытқу – 1,7).

2. Ата-аналардың материалдық жағдайға қанағаттану деңгейінің орташа мәні – 7,6 (стандартты ауытқу – 2,1).

Аталған екі көрсеткіште өзара едәуір арақатынас бар, яғни материалдық жағдаймен қанағаттану деңгейі жоғары болған сайын өмірге қанағаттану деңгейі жоғарылайды. Өмірге және материалдық жағдайға қанағаттану деңгейінің айнымалылары әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар қимасында талданды. Статистикалық маңызды айырмашылықтар отбасылық жағдай, ұлт, елді мекен типі, үй шаруашылығының материалдық жағдайы қимасында байқалады. Қанағаттану деңгейі некеде тұрған азаматтарда, ұлты қазақ азаматтар, ауыл тұрғындары және отбасының материалдық жағдайы орташа немесе жоғары азаматтар арасында жоғары. Сонымен бірге өмірге қанағаттану деңгейі бала санымен біркелкі қатынаста: бала көп болған сайын өмірге қанағаттану деңгейі

жоғарылайды. Материалдық жағдайға қанағаттану деңгейі айнымалысы бала санымен қатынаспайды.



4-сурет. Халықтың өміріне және материалдық жағдайына қанағаттану деңгейі,  $n=1012$

Қорытындылай келе, сұрау қатысушыларына балалар және ересектер үшін қоғамдағы әртүрлі құндылықтардың қаншалықты маңызды екенін анықтауға бағытталған сұрақтар қойылғанын атап айту керек. Бұл сұрақтар басқа да социологиялық зерттеулерде қолданылған. Соның біреуінде мынадай қорытынды жасалды: «Осылайша, қазіргі жас ұрпақ үшін бүгінде «Отбасы, балалар, үй», «Оқу және білім», «Жұмыс және кәсіп» секілді құндылықтар ең маңызды. Бұл ұстанымдар, бір жағынан, қазақстандық жастар үшін дәстүрлі түрде маңызды болып қалуда. Бірақ екінші жағынан – бүгінде оларды қоғамның постсоциалистік капиталдануы жағдайында әлеуметтік сананың күшейіп келе жатқан индивидуализациясының нәтижесі ретінде де қарастыруға болады [3]. Белгіленген қорытынды осы зерттеуде де бейнесін тапты. олар үшін «өзінің және жақындарының денсаулығы», «отбасылық бақыт», «тыныш/бейбіт өмір», «сапалы білім алу» және «жақсы оқу» бірінші кезектегі ең маңызды деген пікірге балалардың

көпшілігі қосылды. Сонымен бірге зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қоғам өмірінде шексіз және жан-жақты ақпарат беретін интернет рөлінің өскеніне қарамастан, балалардың дүниетанымы негізінен отбасында, мектепте, достары арасында қалыптасады. Сондай-ақ, балалардың көпшілігінің дүниетанымына бұрынғы және қазіргі кездің көп әйгілі адамдары әсерін тигізеді, негізінен олар отандық және шетелдік спортшылар мен әншілер. Балалардың өмірге деген қатынасына әсер ететін, жиі аталатын үштіктің ішіне ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев, боксшы Г. Головкин және ата-ана кірді.

Ата-аналардың сұрауы көрсеткендей, олар арасында денсаулық, балалар, отбасы, оның әл-ауқаты мен берекесі секілді индивидуалды сипаттағы құндылықтар басым. Ересектердің едәуір бөлігі үшін қауіпсіздік маңызды екені көңіл аударарлық жағдай, бұл, сондай-ақ, балаларға да әсер етеді. Сонымен бірге, нәтижелер ересектердің көпшілігінің дүниетанымы отбасында және көркем әдебиет оқу арқылы қалыптасқанын көрсетеді.

Осылайша, зерттеу көрсеткендей, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің негізі болып саналатын құндылықтар қазақстандықтар үшін маңызды болып табылады, бұл құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа, біздің балаларға беріліп, сақталады.

## Әдебиеттер

1. Г. Абдыкаликова. Беречь величайшую ценность // Казахстанская правда. – 2015. – 4 марта.
2. Анализ социологических данных с помощью пакета SPSS, А. О. Крыштановский. – Москва, 2006.
3. Ценностные ориентации казахстанской молодежи / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/tsennostnie-orientatsii-kazahstanskoi-molodezhi/>



## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**АРАЛБАЙ Сәкен Меңдуллаұлы** – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, [saken\\_aralbai@mail.ru](mailto:saken_aralbai@mail.ru)

**АТАБАЕВА Гүлмира Маратқызы** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасының ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, [g\\_080391@bk.ru](mailto:g_080391@bk.ru)

**АТАШ Берік Мұратұлы** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, [Atash\\_berik@mail.ru](mailto:Atash_berik@mail.ru)

**ӘБДІЛДИНА Раушан Жабайханқызы** – М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Қазақстан филиалы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, [rabdildina@gmail.com](mailto:rabdildina@gmail.com)

**ӘЛІМБЕКОВА Гүлжан Тоқтамысқызы** – Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының директоры, әлеуметтік ғылымдар кандидаты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, [welcome@ciom.kz](mailto:welcome@ciom.kz)

**ӘЛІМЖАНОВА Алия Шарабекқызы** – Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА профессоры, философия ғылымдары-

ның кандидаты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, asha.001@mail.ru

**БАРЛЫБАЕВА Сауле Хатиятқызы** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, tv.headmaster@gmail.com

**БҰРБАЕВ Толеуғали Қайыржанұлы** – философия ғылымдарының докторы, профессор, byrbaev@mail.ru

**ҒАБИТОВ Тұрсын Хафизұлы** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, tursungabitov@mail.ru

**ЖАҚЫПБЕКОВА Дана Амангелдіқызы** – ҚарМУ философия және мәдениет ілімі кафедрасының аға оқытушысы, философия магистрі, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, dana.tamen@mail.ru

**ЖАҢАБАЕВА Рабиға Алпамысқызы** – ҚР ҰҚК Академиясының оқытушысы, құқық магистрі, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

**ЖИЛБАЕВ Жанбол Октябрұлы** – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, zh.64@mail.ru

**ИБРАГИМОВ Жамаладен Ибраһимұлы** – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, zhamaladen@mail.ru

**ИВАТОВА Ләйла Мырзалиқызы** – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері, саяси ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, livatova54@mail.ru

**КЕНЖЕБАЕВА Сәния Кузаирқызы** – Қарағанды экономикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, saniyakuzair@mail.ru

**ҚАЙДАРОВА Әсем Серікқазықызы** – «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы

**ҚОҚЫМБАЕВА Бағлан Джиеншақызы** – ПМПУ профессоры, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, baglan54@mail.ru

**ҚҰРМАНҒАЛИЕВА Ғалия** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, galiya2206@gmail.com

**МАНАСОВА Мира Манасқызы** – Қарағанды экономикалық университетінің PhD докторы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, sayabek-mira@mail.ru

**МОЛТОБАРОВА Күмісбала Ищанқызы** – ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясының профессоры, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, moltobarova@mail.ru

**НАУРЫЗБАЙ Жұмағали Жөкейұлы** – БҒҚ, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, nauрыз\_7@mail.ru

**НҮСІПОВА Гүлнар Игенбайқызы** – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, PhD доктор, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, gulnussipova@gmail.com

**НҰРАДИН Гүлхан Болатқызы** – ТарМПУ профессоры, философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы

**ОРАЗБАЕВА Алтайы Иранбекқызы** – М. В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, altaiy\_orazbayeva@mail.ru

**ПАЕВСКАЯ Екатерина Владимировна** – АҒҚ, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, әлеуметтік ғылымдар магистрі, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, rev3694@mail.ru

**САДЫҚОВ Тұртубек Үмітқанұлы** – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, sadykov-turtubek@mail.ru

**САДЫҚОВА Раиса Қамалқанқызы** – Еуразия гуманитарлық институты колледжінің жоғары санатты оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, raisasadikova46@mail.ru

**САПАРҒАЛИЕВА Сайраш Жұмағажықызы** – Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, s.sairash@mail.ru

**СӘРСЕНБАЕВА Жанар Ғаниқызы** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, zhakentiy@mail.ru

**СЫЗДЫҚОВ Сатай Мақсұтұлы** – Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Этносаралық қатынастар және Қазақстан халқы Ассамблеясының толеранттығы» орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, satay14@mail.ru

**ТЕЛЕБАЕВ Ғазиз Тұрысбекұлы** – ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, telebaev@gmail.com

**ШАБДЕНОВА Айжан Базарқанқызы** – әл-Фараби атындағы КазҰУ әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, a.shabdenova@ciom.kz

**ШУБАЕВА Ұлтай Құдайбергенқызы** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің қауымдастырылған профессоры, философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, ultai.sh@mail.ru

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
<b>I ТАРАУ.</b> «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи негіздері	13
1.1. Ұлттық бірегейлігіміздің мызғымас тірегі	13
1.2. «Ел» ұғымы және номадизм	47
1.3. Ұлтымыз бен ұлттық мемлекеттігіміздің ұлағаты	72
1.4. Ұлттық идеяның концептуалды негіздері мен саяси-философиялық астарлары	89
<b>II ТАРАУ.</b> «Мәңгілік Ел» идеясы рухани-мәдени құндылықтар контексінде	103
2.1. Қазақстан руханиятының құндылығы	103
2.2. Халықтың дүниетанымдық біртұтастығы	125
2.3. Қазақ мәдениеті – ұлттық идеяның метафизикалық тірек нүктесі	140
2.4. «Мәңгілік Елдің» рухы да мәңгілік	167
<b>III ТАРАУ.</b> «Мәңгілік Ел» идеясы және тәуелсіз Қазақстан жолы	198
3.1. Ұлттық идея – тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі	198
3.2. Елорда – «Мәңгілік Ел» жүрегі	228
3.3. Қазақстанның жаңа инновациялық экономикаға тиімді көшу факторлары	254
3.4. Құқықтық мәдениет пен сананың қалыптасуы	267
3.5. Мемлекеттік мәдени саясаттың мәйегі	288
3.6. Адами капиталды дамытудағы ақпараттық үрдістер	312
3.7. Ұлттық идеяны қалыптастырудағы шетелдік тәжірибе	331
<b>IV ТАРАУ.</b> «Мәңгілік Ел» идеясы және ұрпақ тәрбиесі	354
4.1. Жалпыұлттық идеяның тәрбиелік мәні	354
4.2. Патриотизм жүйесінің жаңару жолы	372
4.3. «Z» ұрпағының ұлттық тәрбиесі	402
4.4. Қазақстандықтардың құндылықты бағдарлары (социологиялық талдау)	411
Авторлар туралы мәлімет	424

**«Мәңгілік Ел» идеясы: кеше, бүгін, ертең  
ұжымдық монография**

Ғылыми редакциясын басқарған  
Ә. М. Рақымжанов

Редакторлық алқа:  
Б. М. Қайыпова, Ғ. Т. Телебаев, Г. М. Атабаева

Жауапты редактор  
Л. Бөкешова

Көркемдеуші және беттеуші  
Н. Абдрахманова

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасының кітапханасы» ММ  
010000, Нұр-Сұлтан қ., Ә. Бөкейхан к-сі, 1  
Тел./факс 75-12-20, 75-12-15